

**“Мәдени мұра”
Мемлекеттік бағдарламасын
іске асыру жөніндегі
қоғамдық кеңестің құрамы**

Әшімбаев М.С., *кеңес төрағасы*
Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*
Абдрахманов С.А.
Аяған Б.Ғ.
Әбусейітова М.Қ.
Әжіғали С.Е.
Әлімбаев Н.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Биекенов К.Ү.
Бұрханов К.Н.
Досжан А.Д.
Есім Ғ.
Қасқабасов С.А.
Қошанов А.
Құл-Мұхаммед М.А.
Нысанбаев Ә.Н.
Салғара Қ.
Самашев З.
Сариева Р.Х.
Сейдімбек А.С.
Сұлтанов Қ.С.
Тұяқбаев Қ.Қ.
Түймебаев Ж.Қ.
Хұсайынов К.Ш.
Шаймерденов Е.

ӘДЕБИ
ЖӘДІГЕРЛЕР

20 томдық

РЕДАКЦИЯЛЫҚ БАС АЛҚА:

Қасқабасов С., *төраға*

Қорабай С., *төрағаның орынбасары*

Жолдасбеков М.

Жүсіпов Қ.

Келімбетов Н.

Қирабаев С.

Мағауин М.

Мұқанов М.

ТОМНЫҢ РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әлібекұлы А.

Дәуітов С.

Қорабай С., *жауапты редактор*

Қыдыр Т.

Томды баспаға дайындаған: Т. Қыдыр

Сарапшы: С. Негимов, *филология ғылымдарының докторы,*
профессор

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛЕР

8-том

Насируддин Бурхануддин Рабмұзи

ПАЙҒАМБАРЛАР ҚИССАСЫ

Әдеби жәдігерлер сериясының 8-томына орта ғасырлардағы түркі жазушысы Насируддин Бурхануддин Рабғұзидың "Пайғамбарлар тарихы" шығармасы енгізіліп отыр.

Бүкіл түркі халықтарына ортақ бұл шығармада пайғамбарлар тарихы, діни аңыз-қиссалар, сондай-ақ адамгершілік пен имандылық мәселелері кеңінен сөз болады.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ БАС АЛҚАДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көретін «Әдеби жәдігерлер» атты жиырма томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты – халықтың ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлерін сол күйінде өзіне қайтару, түркі халықтарына ортақ ежелгі және орта ғасыр әдеби ескерткіштері мен XV–XIX ғасырлардағы ақындар шығармаларын неғұрлым толық жариялау.

Оқырманға ұсынылып отырған «Әдеби жәдігерлер» сериясының сегізінші томы XIV ғасырда өмір сүрген Насируддин Бұрхануддин Рабғұзидың «Қиссас ул-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы») деген шығармасына арналып отыр.

Алтын Орда тұсында дүниеге келген шығармалардың бірі – Насируддин Бұрхануддин Рабғұзидың «Қиссас ул-әнбия» атты шығармасы. Халық арасына бұл еңбек «Қиссас ул-әнбие», «Қиссас ул-әнбие Рабғұзи», «Қиссас ул-әнбие 'әләйһи әс-сәләм» және «Қиссаи Рабғұзи» деген атпен кең тараған. Себебі XIX–XX ғасырларда Қазан және Ташкент баспаханаларында осындай аттармен басылған бұл жәдігер жалпы көлемі он шақты рет жарық көрген.

Әлемнің жаратылысынан бастап Хазірет Хусейннің соңғы өміріне дейін тұтастай қамтитын бұл шығарма һижри күн санағы бойынша 709 жылы (1309–1310 жж.) жазылған. Бас-аяғы бір жылда жазылған бұл шығарма, негізінен, пайғамбарлар тарихына арналғанымен де, орта ғасырлық түркі сөз өнері мен фольклорына қатысты мәліметтерді де кеңінен қамтиды.

Шығарманы әр жылдары П.М. Мелиоранский, А.В. Ерофеев, С.Е. Малов, Н.П. Остроумов, Н.Ф. Катанов, В.В. Радлов, Н.И. Ильминский, В.Р. Розен, М.М. Габдерахимов, Ғ.Х. Арифған, Ә.Н. Нәжіп, Ә.Р. Тенишев, Г.Г. Фитрат, Н. Маллаев, Э. Фазылов секілді секілді түркітанушылармен бірге, I. Jalil, S. Cagatay, K. Gronbech, J. Schinkewitsch, J. Thuri, F. Korçulu, H.E. Boeschoten, M.V. Damme сияқты Батыс ориенталистері мен түрік ғалымдары зерттеді. Сондай-ақ Рабғұзи мұрасын зерттеуде Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, А. Қыраубаева, Н. Келімбетов, Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, Н. Сағындықов секілді қазақ ғалымдары да Рабғұзи мұрасын әдеби һәм тілдік тұрғыдан зерттеуде өз үлестерін қосты. Әсіресе А. Қыраубаеваның осы әдеби жәдігерді зерттеп, ғылыми диссертация жазғанын ерекше атап өткен жөн.

Рабғұзи шығармасының ең көне қолжазбасы Лондондағы Британия музейінің кітапханасында сақтаулы тұр. Осы нұсқа XV ғасырда жазылған, бүгінгі ғылымға белгілі ең толық әрі көне нұсқа болып саналады. XVI ғасырда көшірілген нұсқасы Санкт-Петербургтағы М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында сақталған. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, осы кітапханада Рабғұзидың шығармасына қатысты 6 қолжазба, Швецияда 2 қолжазба, Париж бен Бакуде бір қолжазбадан сақталған. Бұлардан басқа бұл еңбек XX ғасырдың басында Қазандағы Шәмсуддин Хусаинов пен Ташкенттегі Хасан Арифджанов баспаханаларында да бірнеше рет жарық көрді. Десек те бұл аталмыш литографиялық

нұсқаларда баспахана тарапынан жасалған аздаған өзгертулер мен түзетулерді жоққа шығаруға болмайды.

Соңғы жылдары «Рабғұзи қиссасынан» Н. Сағындықов аударған жекелеген үзінділер «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты христоматияға енгізілсе, жазушы Р.Мұқанованың жасаған тәржімасы «Қисса-сул-Әнбия-и Адам-атадан Мұхаммед ғалайһи уәссәләмға дейін» деген атпен жарыққа шықты (Алматы, 2001).

Шығыстанушы К. Гренбектің Лондон нұсқасының көшірмесін (факсимилесін) жариялауы (1948 ж.) бұл салаға үлкен қозғау салды. Осы нұсқаның негізінде УзССР ФА Х. Сулайманов атындағы Қолжазбалар институты 1991 жылы мәтінді жарияласа, 1997 жылы Түркиядағы Ататүрік атындағы Тіл құрымы Рабғұзи шығармасының көшірме мәтінімен бірге транскрипциясын жарыққа шығарды. «Әдеби жәдігерлер» сериясымен жарық көріп отырған бұл кітап осы аталған нұсқа негізінде дайындалды.

Кітапты дайындау барысында сол дәуірдің әдеби тынысы мен стильдік ерекшелігін толық сақтау мақсатында барынша түпнұсқаға жақындатылып аударылды. Сондықтан да кітапта кейбір стильдік ерекшеліктер мен сөйлем құрылымдары сол қалпында берілді.

Шығармада кездесетін қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистерін, сондай-ақ жекелеген арабша өлең жолдарын қазақшаға тәржімалауда бізге дейін жарық көрген (Ташкент, 1991; Анкара, 1997) кітаптардың көп септігі тигенін ерекше атап өткеніміз жөн. Әрі оқырманға қиындық туғызбау үшін арабша мәтіннің аудармасын бірден жақша ішіне бергенді жөн деп таптық.

Томды түпнұсқа негізінде баспаға дайындап, түсініктемелерін жазған, мәтіннің аудармасын жасаған – филология ғылымдарының кандидаты Төрәлі Қыдыр.

Томның көлемі – 480 б.

БИСМИЛЛӘҺИР РАХМӘНИР РАХИМ

Сансыз хәмді сәналар, барша мақтауларға ие ол мейірімді Алла Тағала құдіретімен бізді адам (етіп) жаратты, мал (етіп) жаратпады. «Уә ләқад кәррәмнә бәни Әдәмә» («Расында біз Адам балаларын ардақты еттік»).

Жаратқаннан кейін ерекше мейірімімен ер жаратты, әйел жаратпады. «'Әләйһиннә дәрәжәтун» («Әйелдерге қарағанда олардың дәрежелері артық») және тағы бізді тура жолға салды. Тура жолмен сүйіншілеп, жаман жолдан қайтарды. «Уә иннә һәзә сирати мустақимән фәттәби'уһу» («Әрине, бұл менің жолым, тура етіп қойылған, бұл жолға кіріңдер»). Содан соң әуелгі жақсылығымен біз әлсіздерге Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) ны пайғамбар етті. «Ләқад жәәкум расулун мин әнфусикум» («Расында сендерге өздеріңнен болған елші келді»), яғни мұндыларды Мұхаммед Мұстафаға үммет қылды. Өзге үмметтерден бізді артық қылды. «Кунтум хәйра умматин ухрижәт линнәс» («Сендер адамдар үшін жаратылған ең жақсы үмметсіңдер»). Сондай кереметпен бізді барша жаратылыстан көрікті (етіп) жаратты. «Уә суәракум фә әхсәнә суәракум уә әл-хәмду лилләһи 'әлә мә әулә фә ни'мә әр-раббу уә ни'мә әл-мәулә» («Алла Тағала айтады: Ол сендерді көрікті етті және көріктеріңді көркем етті. Берген нәрсесі үшін Аллаға шүкір. Ол сондай жақсы жаратушы, сондай жақсы дос»).

Мадақ пен тахият, салауат пен ғибадат әділ сөзді, сұлу жүзді, «Ләәмрукә» («Сенің өміріңмен ант етемін») тәжді (тәжін кигенге), «Ләу ләкә ләмә халақту әл-әфләк» («Егер сен болмағаныңда, әлемді жаратпаған болар едім») сыйлы, «Субхәнә әлләзи әсра» («(Оны) түнде алып жүрген сол Алла пәк») миғражды (болған Мұхаммед (ғ.с.) ға болсын).

Ол (Мұхаммед пайғамбар) – өзі мойынсұнғыш, зікірі мәртебелі, үмметіне шапағатшы «Уаллаһу йә'симуқә мин ән-нәс» («Және Алла сені адамдардан сақтайды») хош иісті, «Уә иннәкә лә' әлә хулуқин 'әзимин» («Әрине, сен ұлы мінезді адамсың») мінез-құлықты, «Лә тәмшии фил әрзи мәрахан» («Сен жерде керіліп жүрме») жүруші, «Уә изә сәләкә 'ибәди әнни фә инни қариб» («Және егер пенделерім сенен мені сұраса, мен өте жақынмын») деуші, «Уә әммәс-сәилә фә лә тәнхәр» («Және алайда қайыршыға жекіме») қаһарлы, «Мә зәғәл бәсру уә мә тәғә» («Көз тоймады және шектен аспады») жігерлі, «Уә кәнә қабә қаусәйни әу 'әднә» («Екі жебе аралығындай жақындады немесе одан да жақынырақ») көтерілуші, «Уә ләсәуфә йу'тиқә раббуқә фәтәрза» («Және тез уақытта жаратушың берер саған және сен одан разы боларсың») шапағатшы, «Әт-тәибунә уә әл-әбидунә уә әл-хәмидунә» («Олар тәубе етушілер, құлшылық қылушылар және шүкір етушілер») үмметті, «Уә мин әл-ләйли фәтәхәжжәд биһи нәфиләтән» («Түннің бір жартысында Құранмен (оқумен) ояу отыр, (бұл) саған нәпіл») намазды, «Фә әухә илә 'әбдиһи мә әухә» («Алла пендесіне айтқан сырын айтты немесе берген уахиын берді») сырлы, «Лә ухси сәнәнә 'әләйкә» («Саған деген мадақты айтып тауыса алмаймын») жалынышты, «Қум әл-ләйлә иллә қалилән» («Түнімен тұрып тұр (намаз оқы.), тек аз бөлімінде») тұрушы, «Лииләфи құрайшин» («Жақындастырмақ үшін Құрайыш (тайпасын)») туысты, «Әс-сабиринә әс-садиқин» («Сабырлылар мен шынайы берілгендер...») қолдаулы, «Уә жи'нә бикә әлә хәуләи шәһидән» («Біз сені оларға куә етіп жібердік») айғақты, «'Әсә ән йәб'әсәкә раббуқә» («Мүмкін, саған жаратушың жіберер (ұлы мақамды)») бақытты, «Әләйсә Аллаһу бикәфин 'әбдуһу» («Алла пендесіне кепілдік етуші емес пе?!») ілтипат етуші, «Уә иннәкә ләтәһди илә сиратин мустақимин» («Әрине, Сен тура жолға бастайсың») тура жолға жетелеуші, «Шәһру рамазән әлләзи унзилә фиһи әл-Қурәнү» («Рамазан айы сондай бір ай, ол айда Құран түсірілген») аятты, «Иқтәрабәту әс-сә'әту уә ән-ниәққә әл-қәмәру» («Қиямет жақындады және ай екіге бөлінді») ишаратты, «Иннә әрсәлнәкә шәһидән уә мубәшиширән» («Әрине, біз сені куәлік беруші және сүйіншілеуші үшін жібердік») сүйіншілеуші, пайғамбарлар туысы, сопылар жетекшісі МҰХАММЕД МҰСТАФА (с.ғ.с.).

Дін шарият амалын биік қылған Мұстафа,

Күпір, зұлмат тауларын жерге көмген Мұстафа.
Ол ата-анасын арттырып үммет үшін,
Жалынып Хақтан шапағат сұрап алған Мұстафа.
Қауымы назын көтере алмай көкке ұшқан Иса ол,
Үмметіне болысып жерде қалған Мұстафа.
Ол жиырма үш жыл еңбектеніп, көрмеді күні-күн ұйқысын,
Күнәһар үммет күнәсін Хақтан сұраған Мұстафа.
Ол қиямет күнінде, шапағат қаруын бойға асып,
Жалбарына тұрып, жалына күнәлі болған Мұстафа.
Елшілер миғраж түнінде Бәйт Мақдисқа келіп,
Әр шапағат өтерде басшы болған Мұстафа.
Түсер екен Мұстафаны қолынан тұтып Жебірейіл,
Жоқтағанда Жебірейілді жолда салған Мұстафа.

Төрт досыңа, тоғыз әйеліңе, екі немере ағаңа, бақыт иесі һәм жәннәт тұрғыны болған ұлдарыңа жалынды сәлем болсын. «*Уә сәллиму тәслимән кәсиран*».

Әммә бә'д (сонымен), бұл кітапты жазған, құлшылық жолында төзген, күнәһарлық даласын кезген, азығы жоқ, күнәсі көп Рабат оғызының қазысы Бұрхан ұлы Насируддин ұрпағы, (*Сатараллаһу 'әләйһи әссаләмәтә уә раһимә шиябәһу*) былай дейді. (*Әжәлл ут-таж ул-'умара уә муһиббул-'улама*) бектер ұрпағы, жігіттер сардары, ұлы атты, құтты затты, ізгі мінезді, ислам сауытты, моғол текті, мұсылман дінді, адамзат сүйеніші, мүміндер қуанышы, беделі ұлы, ақылы теңіз бегіміз Насируддин Токбұға *саббатуллаһу 'әлә динил-исләм уә сәләмуһу*.

Насируддин Токбұғабектің мадағы:

Дұрыс арман, тура қылық,
Пәк, таза шектен аса
Көктен ұлырақ беделі.

Мұрасы бектік дінінде,
Сұрар оны ұстап жаға,
Қуанышы ақырет мүлкі.

Әсілі моғол екен текті,
Ислам үшін тұтты жаға,
Болды Расулдың үмметі.

Құлшылық етер түн-күндізі,
Алар сабақ мұсхафқа қарап,
Құран оқу әдеті.

Тәспі тартарда қуанып,
Инжу болар жасы ағып,
Есітілсе Құран аяты.

Еретін шексіз барша,
Тура сөйлер сөзді ұға,
Артық қажетті жолы.

Раббыдан сый болып оған,
Хақ береді құтты баға,
Көрікті сұлу бейнесі.

Ізгі амалмен жүріп,
Дос қызығар, дұшпан қарап,
Артар баршадан құрметі.

Күндіз оқыр, түнде тұрар,
Құлшылық етер кірер мешітке,
Арыстан жүзді сәулеті.

Жасы кіші, жолы ұлы,
Заты анық бек Тоқбұға
Ол Насируддин көниясы.

Ел билесін, жүз жасасын,
Болып бағынышты Жаратушысына,
Бұдан артар жақындығы.

Тарих жүз елуге кірген алғашқы жылдары хат-хабар тасушы жетіп: «Пайғамбарлар киссаларына шексіз ықыласым бар. Әр жерде кейбірі тура, кейбірі қате, біразы анық, біразы шала, бірінің сөзі аз, енді бірінің мақсаты қысқа екені баршаға белгілі. Енді сенің қолыңнан шыққан, қаламыңнан дүниеге келген, сенің кітабың, сенің туындың болған бізге «Қисас ул-әнбия» болса, оқуға керек, үйренбекке ыңғайлы болар еді» деген ұсыныс-тілек болды. Өзімді қаншалықты бұл іске әлсіз, мұндай амалға лайық еместігімді жақсы білсем де, өзімді зорлап, уақыт болсын деп бұл ауыр іске қол ұрдым. Алла Тағаладан соңына дейін медет сұрап, кітапты бастадық. Мұндағы мақсат пайғамбарлар киссасы еді, алайда Адам (ата) нан бұрынырақ жаратылған (заттар) бар болғандықтан, содан бастауымыздың пайдасы артығырақ болсын деп, тәртіп бойынша жаратылғаннан бастадық. Іздегенге оңай, тілекшіге сүйеніш болсын деп «Қисаси әр-Рабғузи» (деп) ат қойдық. *«Уаллаһу әл-муәффақу әл-итмәмә уә һуә уәлийу әл-ин'әм уә әл-икрам»*. *«Қалә Расулуллаһи саллаллаһу 'әләйһи уә сәлләм: кунту кәнзән хафийән фә хәләқту хәлқа»* («Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Алла: Мен бір жасырынған қазына едім, мені танысын деп халықты жараттым» деген», – деді»). Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с) айтты: Хақ Сұбхану уә Тағала былай деп жарлық етті: Мен бір жасырын қазына едім, менің Тәңірлігімді білуші ешкім жоқ еді, менен пайда алсын деп болмысты жараттым. Мен олардан пайда алайын деп жаратпадым.

Көк пен Жердің жаратылуы жайлы

Хабарда былай келеді: Алла Тағала баршадан бұрын бір гауһар жаратты. Ол гауһарды жаратқан соң, сол гауһарға айбатпен қарап еді, гауһар еріді. Су болған соң, содан кейін желді жаратты. Судың үстіне түскен соң көбіктенді. Ол көбіктен түтін шықты, ол түтіннен аспанды жаратты. *«Йәумә тәти әс-сәмәу бидуханин мубинин»* («Аспан анық бір түтін келтірген күні...»). Ол су Алла Тағаланың айбатынан қайнап қоюланды. Ол көбіктен Қағба орнындай жер жаратты. Содан кейін көкті жаратқалы кірісті. *«Суммә истәуә илә әс-сәмәи фә сәуәхуннә сәб'ә сәмәуәтин»* («Сосын аспан жаққа қарады және оларды жеті қабат аспан етіп жаратты»). Көкті жаратып болғаннан кейін, ол жаратылған жерді батыстан шығысқа дейін созып, кең етті. *«Уә әл-әрза бә'дә зәликә дәхәһә»* («Және жерді содан соң төседі»). Бұл жерлер мен көктер бір қабат еді, құдіреті бірлә көкті жерден айырды, әрқайсысы жеті қабат болды. *«Аллаһу әлләзи хәләқа сәб'ә сәмәуәтин уә мин әл-әрзи мисләһуннә»* («Алла сондай, Ол жеті аспанды жаратты және жерді де сонша (етіп жаратты)»). Бұл жеті жер су үстіне жаратылғанда көркеймеді, теңселе бастады. Оны көркейту үшін тауларды оның үстіне қазық қылып жаратты. *«Әләм нәж'әл әл-әрза миһәдән»* («Әлде біз жерді төсек қылып бермедік пе?!»). Және Алла Тағала

барша әлемді алты күнде жаратты. *«Уә ләқад халәқнә әс-самәуәти уә әл-әрза уә мә бәйнәһумә фи ситтәти әйиәмин» («Расында біз аспандарды, жерді және ортасындағы барлық нәрселерді алты күнде жараттық»).*

Хабарда былай келеді: Жексенбі күні көктерді жаратты. Дүйсенбі күні аспанда айды, күнді, жұлдыздарды жаратты. Сейсенбі күні әлем ішінде құс-құрттарды, періштелерді жаратты. Сәрсенбі күні суды жаратты, желді, бұлттарды шығарды, ағаштарды, жем-шөптерді жаратты, өсірді. Несібелерді үлестірді. Бейсенбі күні жұмақ пен тамұқты, мейірім мен азаб періштелерін жаратты, хорларды (хор қыздарын) жаратты. Жұма күні Адамды жаратты. Сенбі күні еш нәрсе жаратпады. Бұл барша нәрселерді, тағы мыңдаған заттарды көзді ашып-жұмғанша жаратуға құдіреті бар еді.

Алты күнде жарату себебі – Мен құдіретіммен үй, шаруа қылмаймын, сендер әлсіздіктеріңнен асықпастан, бірте-бірте жасаңдар деп құлдарына тәлім берді. *«Қалә Расулуллаһи (с.ғ.с.): Әл-әжәләту мин әш-шәйтән уә әттәни мин әр-Рахмән» («Алланың елшісі деді: Асығыс шайтанның ісі, асықпау Рахманның (Алланың) ісі»).*

Аспандардың сипаты

Алғашқы қабат көк (аспан) жасыл зүмірредтен жасалған. Аты – Рафиқ. Періштелер өз бейнесінде, үлкендерінің аты – Исмайыл. Екінші қабат көк күмістен жасалған. Аты – Рукға. Періштелер бүркіт бейнесінде, үлкендерінің аты – Рақабил. Үшінші қабат көк жақұттан жасалған. Аты – Қайдам. Періштелері сиыр бейнесінде, үлкендерінің аты – Кукәбил. Төртінші қабат ақ інжуден жасалған. Аты – Мағун. Үлкендерінің аты – Нубяйыл. Бесінші қабат көк алтыннан жасалған. Аты – Ратқа. Періштелері хор бейнесінде, үлкендерінің аты – Сифтбайыл. Алтыншы қабат көк, сары жақұттан жасалған. Аты – Заха. Періштелері қызметкер бейнесінде, үлкендерінің аты – Рағбайыл. Жетінші қабат көк нұрдан жасалған. Аты – Ариба. Періштелері адам бейнесінде, үлкендерінің аты – Нурбайыл.

Жерлердің сипаты

Алғашқы қабат жердің аты Рамка. Ақым атты жел үстінде жетпіс мың мұрындықпен. Әрбір мұрындығы жетпіс мың періштенің қолында. Екінші қабат жер аты Жулза. Оның ішінде тамұқ шаяндары бар, кара түйе секілді, құйрықтары найза сияқты. Әрбірінде алты жүз алпыс арқа, әрбір арқасында алты жүз алпыс бас, әрбір баста алты жүз алпыс улы алма. Соның біреуін бұ дүниеге берсе, барша әлем халқы өлетін еді. Үшінші қабат жер Арқа. Оның ішінде тамұқ өрмекшілері (бар), әрбіреуі Қаф тауынан да үлкен. Төртінші қабат жердің аты Харна. Оның ішінде тамұқ жыландары бар. Әрбір жыланның мың тісі бар. Әрбір тісі құрма ағашы секілді, әрбір тістің түбінде у тола он сегіз алма бар. Бесінші қабат жердің аты Малса. Іші толған тамұқ тастары. Алтыншы қабат жердің аты Сижжин. Оның ішінде тамұқтағылардың жаны бар. Жетінші қабат жердің аты Ажиба. Ібіліс сонда тұрады. Әр жылы бір шығып, қайта кіреді. Әрбір күннің қалыңдығы (ұзақтығы) бес жүз жылдық жер, арасы да сонша. Және қалыңдығы да сондай, арасы да сонша.

(Ей, адам баласы), *«Әл-қаулу фи халқи әл-мәләикәти уә әл-жинни уә әл-инси» («періштелер, жындар және адамдардың жаратылуы туралы сөз»)* Алла Тағала періштелерді оттың нұрынан, перілерді оттың жалынынан жаратқанын біл. Тегі бір болғанымен де, үш жағдаймен айырмашылығы бар. Біріншісі, періштелер нұрдан, перілер оттан жаралды. Екінші, періштелер мәләк (періште) атанды, перілер жын атанды. Үшінші, періштелер орны жоғарғы көкте, перілер жерде болды.

Хабарда былай келеді: Алла Тағала тамұқ ішінде екі халық жаратты, бірі – еркек арыстан бейнелі, аты Жаблит, және бірі – сырты бөріге ұқсайды, аты Таблит. Жаблиттің құйрығы жылан секілді, Таблиттің құйрығы шаян сияқты. Жаратушы Алланың жарлығымен ол екеуінің құйрығы тамұққа түсті. Тамұқ ішіндегі жыланның бәрі Жаблиттің құйрығынан болса, шаянның бәрі Таблиттің құйрығынан (жаратылған).

Таблитті некелеп Жаблитке бер деген жарлық Жебірейілге болды. Барша мақұлықтардың ішінде алғаш болып некелескен солар еді, олардан бұрын некелесу болған жоқ. Жаблит пен Таблит екеуі қосылған соң, екі-екіден балалары туылды. Бірі ұл, бірі қыз. Жаблит ол қызды бірге туған ұлға бертің. Жетінші қабат балалары туылғанда, ол ұлға Харис деген ат қойды. Бұл Харис өте аяр еді. Жаблит ол қызды Хариска берейін дегенде, Алла Тағаладан: «Бұдан кейін бірге туған ұлға бермегін. Оңынан және солынан туғанға бергін» деген жарлық болды. Ол үкімді орындады. Жаблит Хариспен бірге туған қызды басқа ұлға берді, Харис өкпелеп, басқа қызды алмады. Тамұқтың бір бұрышында отырып, құлшылыққа бел байлады. Неше жылдар құлшылық қылған соң, Алла Тағала (оны) бесінші қабаттағы жерге шығарды. Онда да көп құлшылық қылған соң, алтыншы қабаттағы жерге шығарды. Осылайша әрбір жерде құлшылық қыла берген соң, бұ дүниеге шығарды. Бұ дүниеде (де) соншалықты құлшылық қылды, тіпті Шығыстан Батысқа дейін ол Харис сәжде қылмаған бір қарыс жер қалмады. Одан кейін Алла Тағала Харисты көкке шығарды. Осылайша жетінші қабат көкке (де) жетті. Және жұмаққа кірген соң, жұмақта өз еркі өзінде болып, періштелерге ұстаз болды. Харис атын өзгертіп, Өзәзіл деп ат қойды. Қаласа жұмаққа кіретін, қаласа көкке шығатын еді. Анадан туылғалы бері үш мың жыл жасады. Басқа ғалымдар айтады: «Өзәзіл періште еді. *«Уә из қалә раббука лилмәләикәти усжудули Әдәмә фә сәжәду иллә Иблис» («Сол уақытта жаратушың періштелерге: Адамға сәжде қылыңдар, – деді. Бәрі сәжде қылды, алайда Ібіліс сәжде жасамады»*). Бұл жарлықта Өзәзіл бар еді. Тағы басқа ғалымдар: «Өзәзіл Жанн ұрпағы еді», – дейді. *«Әл-Иблису кәнә мин әл-жисни» («Ібіліс жындардан еді»*).

Содан кейін жер бетінде оттан Жанн атты топ жаратты. *«Уә әл-жәәнә хәләқнәһу мин қаблу мин нәри әс-сәмуми» («Және одан ілгері біз жалындап тұрған оттан жындарды жараттық»*).

Қалбидің риуаят етуінше, дүниені жетпіс мың жыл солар ұстаған. Абдолла ибн Аббастың риуаятынша, он сегіз мың жыл ұстаған.

Жаратқанға қарсы шыққанда, оларды қуатын. Жан ибн әл-Жан атты халыққа берді. Он сегіз мың жыл өмір сүрді. Және күнәһарлық жасағанда оларды қуып, періштелерге берді. Жетпіс мың жыл періште түсті. Өзәзіл солармен бірге еді. Жеті мың жыл билікті ұстады. Дүниеге көңіл берген соң, Жаратушы оларды қаламады. «Менен басқаға көңіл қойдыңдар, сендерді жіберемін, басқа халық жаратамын, бұл патшалықты соларға беремін», деді. *«Инни жә'илун фи әл-әрзи хәлифәтән» («Әрине, мен жер бетінде халифа (орынбасар) жаратпақшымын»*) деген (Алладан) жарлық келді.

Тағы (бір) хабарда былай келеді: Жаратушы Алла дүниені жаратқан уақытта жер патшалығын құстарға берді. (Жерді) жеті мың жыл құстар тұрды. Одан кейін Жин ибн әл-Жанға берді, жеті мың жыл тағы олар тұрды. Қылмыс, күнә көп қылды. Қан төккен соң, олардан алып періштелерге берді. Жеті мың жыл өткен соң, олардың да уақыты бітіп, «Мен жер бетіне халифа (орынбасар) жаратамын» деген жарлық келді. *«Инни жә'илун фи әл-әрзи хәлифәтән» («Әрине, мен жер бетінде халифа (орынбасар) жаратпақшымын»*).

Періштелер бұл жарлықты естіген соң қатты қайғыға батып: «Тәңірім, жер бетінде бұзық, қан төгушілерді жаратасың, біз тәспі, тәһлил және құлшылық қылғандардан алып, жер патшалығын оларға бересің бе?» – деді. *«Инни ә'ләму мә лә тә'ләмун» («Менің білгенімді, сендер білмейсіңдер»*) деген жарлық келді.

САУАЛ: Періштелер Адам мен оның ұлдарын көрмеген еді, (бірақ) бұзықтық қылатынын, қан төгетінін қайдан білді?

ЖАУАП: Адамды көрмеген еді, алайда Жин ибн әл-Жанды көрген еді, күнәларын білетін. Солармен салыстыра отырып айтты.

САУАЛ: Жаратушы Тағаланың «*Инни ә'ләму мә лә тә'ләмун*» («*Менің білгенімді сендер білмейсіңдер*») деп айтуында қандай мағына бар еді?

ЖАУАП: Мен Мұхаммед Мұстафаның Адам ұлдарының бірі болатындығын, бұ әлем мен о дүниені, айды, күнді, барша нәрселерді соны сүйгенім үшін жаратқанымды білемін. Достың кім екенін мен білемін, сендер білмейсіңдер.

Басқа ЖАУАБЫ мынау, Алла Тағала айтар: «*Инни ә'ләму әннә 'ибәдәтәкум мәшубун биәл-'ужби из құлтум нәхну уә фәсәдуһум мәшубун бил-'узри уә әл-фәсәду бил-'узри әхәббу иләйиә мин әл-'ибәдәти мә'ә әл-'ужби*» («*Мен сендердің құлшылықтарыңның өзімшілдікпен араласқанын білемін. Себебі сендер «біз» дедіңдер. Және олардың күнәлары кешіріммен араласқан. Кешірімді күнә менің алдымда өзімшілдік құлшылықтан артық*»).

Мағынасы мынау: Сендердің құлшылықтарың өзімшілдікпен байланысты. «Нәхну» деп өздерің айттыңдар. Алайда Адам ұлдарының бұзықтығы кешірімге негізделген. Кешірімге негізделген бұзықтық менің құзыретімде өзімшілдікке негізделген құлшылықтан артық тұрады.

АДАМ САФИ (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Ол – топырақтан жаратқан, құдіретпен жан берген, биік көкке көтерген, жұмақ ішіне кірген, Хауадай жұп берілген, Ібілістің арбауына ілінген, жарық жұмақтан қуылған, қараңғы дүниеге енген, «*Раббәнә заләмнә әнфусәнә*» («*Ей, Жаратушымыз, біз өзімізге өзіміз зұлымдық жасадық*») деп үш жүз жыл жылаған, «*Уә лә тәқрабә һәзиһи әш-шәжәратә*» («*Және мына ағашқа жолама*») жарлығын естіген, «*Суммә ижтәбәху раббуһу*» («*Кейін Жаратушысы оны таңдап алды*») тәжін басына қойған, «*Инна-ллаһә истәфә Әдәмә*» («*Расында Алла Адамды таңдап алды*») шапанын киген, «*Усжуду ли Әдәмә*» («*Адамға сәжде қылыңдар*») құрметімен мейірімге бөленген, «*Уә 'әлләмә Әдәмә әл-әсмә-ә кулләһә*» («*Және үйретті Алла Адамға барша заттардың аттарын*») шарапатына ие болған – АДАМ САФИ, ОЛ – ХАЛИФӘИ УӘФИЙ (КӘМІЛ ХАЛИФА).

Хақ жаратты таңсық Адамды өзгеше жер көркінен,
Өзге бейне берді солай әлем ішінде қолынан.
Тағын көтеріп періште жұмақ ішіне кіргізіп,
Айналғанда шықпады әсте оның еркінен.
Шықты Хауамен бірге болып, хош нығметке бөленді,
Ішті олар жұмақ шарабын, жеді ет еркімен.
Білді есімдер ілімін, етіп берді белгілі,
Барша тілде сөйлер арабша, парсыша, түркіден.
Өткізді бес жүз жыл онда жұбымен қуанып,
Ішті шәрбәт сусынын, жеді нығмет тәркіден.
Мінді жұмақ пырағын, кезді оның төңірегін,
Киім киді бойына һәм басқа ұрды бөркінен.
Азды Ібіліс айласымен берер еді жалғызын,
Екі бидай жеді, шықты сегіз жұмақ мүлкінен.

«*Қалә Расулуллаһи саллаллаһу 'әләйһи уә сәлләм: Мән әрадә ән йәнзура 'әжәибә әд-дуния фәл-йәнзур илә қиссәти Әдәмә 'әләйһи әс-сәлләм*» («*Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Кімде-кім дүние гажайыптарын көрмекші болса, Адам (ғ.с.) қиссасына қарасын», – деді*»).

Алла Тағала Адамды жаратпақшы болған уақытта Жебірейілге: «Барып, жер бетінен бір уыс топырақ алып кел», – деп бұйрық берді. Жебірейіл келіп алғалы тұрған уақытта жер

(Жебірейілге): «Менен топырақ алма», – деп өтінді. Жебірейіл өтінішін алып (қабылдап), топырақ алмады. Исрафилді жіберді, одан да өтінді, ол да топырақ алмады. Кейін Микәилді жіберді, одан да өтінді, ол да топырақ алмады. Кейін Әзірейілді жіберді, одан да өтінді. Әзірейіл: «Сенің өтінішіңнен маған Алла Тағаланың бұйрығы артық» деді. Кең жер бетінен бір уыс топырақ алды. Шығыстан Батысқа дейінгі қырық қари (қол ұшынан шынтаққа дейінгі өлшеу бірлігі) жер құрғақ еді. Құзыреттен (Жаратушыдан): «Ей, Әзірейіл, көңілің қатты екен. Тағдырды солай еттім, барша жаны бардың жанын саған алдыртамын» деген жарлық келді.

Ол топырақта суы тынық, ақ, қара, тәтті, ащы, сары, жасыл, қызыл, көк, қатты, жұмсақ және таза, топан – бәрі бар еді. Сол себепті де Адам ұлдары бір-біріне ұқсамайды, бірі таза, бірі лас, бірі ауру, бірі сау, бірі ақ, бірі қара, бірі сары, бірі қызыл, бірі жақсы, бірі ессіз, бірі шырын сөзді, бірі ащы сөзді, бірі қатты көңілді, бірі жұмсақ көңілді (болып жаратылды). Әзірейіл жаңағы топырақты Мекке мен Тайф арасындағы Дахна деген жерге қойды. Қырық жыл сол топыраққа жаңбыр жауды, отыз тоғыз жыл қайғы жаңбыры жауды да, бір жыл қуаныш жаңбыры жауды. Сондықтан Адамға қуаныштан қайғы артық болды. Қырық жылдан кейін (Алла) күдіретімен топырақтан басы Тайфқа ұқсайтын, аяғы Мекке секілді бейне жасады.

САУАЛ: Мекке Тайфтан артық. Адамның басы Тайф секілді, аяғы Мекке сияқты болуында не хикмет бар?

ЖАУАП: Алла Тағала Адам (ғ.с.) сүйсе, беті Меккеге қарай болсын деп қалады.

МӘСЕЛЕ: Шарифатта осы сияқты бір мәселе бар. Ол мәселе мынау: Біздің мәшәптә жатып намаз оқитын болса, аяғын Мекке жаққа созып жатады. Себебі, егер намаз ішінде жазылып кететін болса, отырып намаз қылады, (сонда) сүйсе жүзі құбыла жақта болады.

САУАЛ: Адамды топырақтан жаратпақта қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Алла Тағала Адамды жаратамын деп үндеу салғанында, барлық заттар бас көтеріп: «Адамды менен жарат», – деп таласты. Тау: «Мен үлкенмін», – деді, теңіз: «Мен айбаттымын», – деді, алтын: «Мен құрметтімін», – деді, аспан: «Мен биікпін», – деді. Барша нәрселер бас көтеріп өздерін мақтады. Сол кезде жер өзін кішіпейіл ұстап: «Мен баршадан әлсізбін, аяқ астындамын, менде мақтанатын нәрсе жоқ» дегенінде, «Мен Адамды топырақтан жаратамын» деген жарлық келді. Адамды топырақтан жаратты.

Хабарда былай келеді: Бір күні Ібіліс жетпіс мың періштемен көктен Адам топырағына келді, қолымен Адамның ішін қағып, ішінің бос екенін көрді. Періштелерге: «Мұны жолдан азғыру оңай болады», – деді. Және: «Егер Алла Тағала сендерге ерік берсе, не істейсіңдер?» – деді. Баршасы: «Мойынсұнамыз», – деді. Ібіліс: «*Уаллаһи ләин салләһу ләсәйтуһу уә ин салләтәни 'әләйһи ләхләктуһу*» («Алла атымен ант етемін, егер Алла оны менің үстімнен басшы етіп қойса, мен оған мойынсұнбаймын, егер мені оның үстінен басшы етіп қойса, оны өлтіремін»), – деді.

Оның мағынасы мынау: Жаратушы Алла оны маған басшы етсе, мойынсұнбаймын, мені оның үстінен басшы етсе, (оны) өлтіремін. (Осы сөзді айтысымен-ақ) сол мезетте кәпір болды. «*Уә кәнә ми әл-кәфирин*» («Кәпірлерден болды») делінеді. Тағы қырық жылдан кейін жанға Адамның тәніне кіргін деген жарлық болды. Жан Адам басының үстінде тұрып, кіруді қаламады. «Мен биікпін, төменге қалай кірейін?!» – деді. Жебірейіл (ғ.с.) келіп: «Ей, әзіз жан, Алла Тағаланың атымен кіргін», – деді. Жан Жаратушының атын есітісімен кірді.

Тағы бір риуаятта былайша келеді: Жан Адамның басына кіріп, екі жүз жыл айналды. Содан кейін көзіне кіргенінде, көздеріне жан бітіп, өзінің қара топырақтан жаратылғанын көрді. Жаратушы күдіретін көрмек үшін көз жаратты. Мұрнына келгенінде бір түшкірді. Жебірейілге: «Адамның мұрнынан шыққан мақтанышын аманат сақта», деген жарлық болды. Содан тоқтамастан аузына келді. Илхәм болып: «*Әл-хәмду лилләһи рабби әл-әләминә*» («Екі әлемнің Раббысы Аллаға шүкір»), – деді. Алла Тағала: «*Йәрхәмүкә раббүкә уә лизәликә халәктукә*» («Жаратушың саған мейірім етсін, мен сені сол үшін жараттым»), – деп жарылқады.

Оның мағынасы мынау: Жаратушы саған мейірім қылсын, мен сені сол үшін жараттым. Содан кейін жан көкейіне келді. Ғашықты сүйемке тырысты, сүйе алмады. Сол жолдан Алла Тағала: *«Уә хуликә әл-инсәну әжулән» («Адам асызушы етіп жаратылды»)*, – деді. Содан кейін қарнына келгенінде, қарны тамақ сұрады. Жан ішіне жайылды. Сүйек, ет, тері, тамыр, сіңірлер пайда болды. Қозғала бастады. Адамның терісі сондай әдемі еді. Күн санап көркейе берді.

Қорлықты білдіргісі келгенде, терісі солды және тері білдірді. Ол терінің белгісі саусақтар ұшында қалды. Бұл тырнақтар содан болды.

САУАЛ: Жан кірерде бір сағатта кірді, шығарда қиыншылықпен шығар, оның хикметі неде?

ЖАУАП: Кірерде Алла Тағаладан *«Ярхәмкә рабби» («Раббым мейірім етсін»)* жарлығын есіткендіктен оңай болды. Шығарда тағы мейірім қуанышын есітпейінше шықпаймын дейді. Көрмейсің бе, кімде-кімнің бағы бар болса, *«Уә әбширу биәл-жәннәти әл-ләти кунтум ту'әдун» («Сендерге уәде етілген жәннәт сүйіншіленсін»)*, қуанышын есітіп оңай шығады, (егер) кімде-кімнің соры бес елі болса, жаны қиналып шығады. *«Нә'узу билләһи мин зәликә» («Мұндайдан Аллаға сыйынамын»)*.

Адам Сафи онда жеті күн отырды. Содан кейін Алла Тағала қызыл алтыннан жаратылған, гауһармен безелген бір тақ берді. Сондай киімдермен киіндірді. Басына алтын тәж берді. Ол таққа отырды. Жеті жүз мың періштелер Алла Тағаланың жарлығымен Адамның төңірегіне келіп қызметінде болды. Ол тақ «Мәсжид ул-Харам» секілді еді. Тақтың үстінде Қағба сияқты бір күрсі бар еді. Он иғаштай (шамамен 9 км келетін қашықтық бірлігі) жер «Харам» деп аталды. Алла Тағала Адамды барша әдеміліктермен безендірді. Тістерінен көздің нұры секілді нұр шашырайтын. Мұхаммед әл-Мұстафаның нұры Адамның алдында толған айдай толысатын еді. Адам ол нұрдың жарқырағанын көріп, бұл нұрды мен бір көрсем деп армандағанында, Алла Тағаланың әмірімен ол нұр Адамның алдынан оң жағына өтті. Және желкесіне қонды, кейін Адам қолына. Қолын ол нұрға соза берді. Нұр одан көтеріліп, шаһадат саусағының ұшына қонды. Адам саусағын жоғары көтеріп, оған тамсана қарап: *«Лә иләһә иллаллаһу Мухәммәдун Расулуллаһи» («Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі»)*, – деді. Алғаш рет саусақты көтеріп шаһадат кәлимасын (куәлік сөзін) айту Адам ұлдарына сүннет болды. Одан кейін әмір болды. Періштелер Адамды көкке көтерді. Жебірейіл Мәймун атты бір ат әкелді. Жұпардан жаратылған еді. Адам мінді. Жебірейіл тізгінін, Микәйіл оңынан, Исрафил солынан ұстап көктерді аралатты. Періштелер жолыққанда Адам: *«Әссәләму 'әләйкә йә, мәләикәтуллаһи» («Ассалаумағалайкүм, ей, Алланың періштелері»)* деп сәлемдесетін еді. Періштелер: *«'Әләйкумс-сәләму уә рахматуллаһи уә бәрақәтуһу» («Сізге де Алланың сәлемі, мейірім және берекесі жаусын»)* деп жауап беретін. Алла Тағала: «Бұл сенің тәхиятың болады және қияметке дейін сенің мұсылман ұлдарыңның тәхияты болады», – деп әмір берді. Адамды жұмаққа кіргізген уақытта (ол) нығметін, хорларын, сарайларын көрді. Алайда, өзі секілді ешкім болмағандықтан, көңілі толмаған киіктей болып жұмақта жүретін. Жаратушы Алла Адамға ұйқы берді. Ұйқылы-ояу жатқан Адамның қабырғасының оң жағынан Хауаны жаратты.

САУАЛ: Хауаны Адамның ұйқылы-ояу жатқанында жаратқанында қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Адам ояу болса, қабырғасы ауыратын еді. Сол себептен Хауаны дұшпан білетін. Егер ұйқыда болса, өзінен жаратылғанын білмесе, оны жақсы көремейтін еді. Осылай ол сүйікті болар. Алла Тағала Хауаны қисық сүйектен жаратты. Сол үшін «Әйелдер түзелмес қисық сүйек» деген сөз халық арасында мақалға айналды. Адам Хауаның өзінен жаратылғанын көрген соң, Адамның махаббаты оянды. Хауа өте сұлу еді.

Хабарда былай келеді: Алла Тағала сұлулықты жүзге бөлді. Тоқсан тоғызын Хауаға берді. Бір үлесін барша адамзатқа берді. Ол бір үлесті және онға бөлді. Тоғызын Жүсіпке, бір үлесін адамзатқа берді. Адам Хауаны өзі секілді бейнеде көргенінде қызығушылығы оянып: «Маған жақын кел», – деп шақырды. Хауа: «Мені қаласаң, сен (өзің) келгін», – деді. Адам шыдай алмай Хауаға келді. Егер бір сағат сабыр қылғанында, Хауа келетін еді. Сол себепті ердің әйелге баруы сүннет болды. Алайда жұмаққа кірген уақытта әйелдер күйеулеріне келеді. Адам Хауаға

келгенінде, Жебірейіл (ғ.с.): «Ей, Адам, Хауа сенікі, некелеспейінше дұрыс болмас», – деді. Мәулә Тағала өз пәк затымен Адам мен Хауаның некесіне құтпа оқыды. Сол құтпа мынау:

«Әл-хәмду сәнәий Аллаһу исмий әр-рахмәну мифтәху хәзәиний әр-рахим мифтәху тәжәуузий 'әни әл-'усәти уә әл-музнибин әл-'әзамәту изарий уәл-кибрйәу ридәий әл-'иззу уә әл-жуду мәхәий уә әл-жәмәлу уә әл-жәләлу сәнәий уә әл-халқу куллиһум 'әбиди уә мәий уә әл-әнбийәу уә әр-расулу әнбийәи уә әсфийәи уә Мухәммәдун хәбиби уә нәби уә уммәтуһу хайру әл-умәми уә әхиббәий инни қад зәууәжсту әл-әшйә лийәстәдиллу биһә 'әлә уәхдәнийәти әшһиду мәләикәти уә хәмәлту 'арши уә суккәнәу сәмәуәти инни зәууәжсту Хәууә әмәти Әдәмә бәди'ә фтирәти уә сун'ә қудрати би садақи тәсбиһи уә тәһлили уә билә саллә бәни (Әдәмә) йә Әдәму удхул жәннәти уә кул мин сәмәрәти уә лә тәқрабә һәзиһиш-шәжәрәтә. Әссәләму 'әләйкумә уә рахмәти уә әл-хәмду лилләһи раббил 'әләмин» («Хәмді менің мақтауым, менің есімім Алла, Рахман – менің қазыналарымның кілті, Рахым – күнәһарларымның күнәсін кешу кілті. Ұлылық менің қажетім, ұлықтық менің киімім, әзіздік және жомарттық менің сұлулығым, сұлулық және ұлылық менің мәртебем. Адамдардың бәрі менің құлдарым, пайғамбарлар менің елшілерім және таңдаған пенделерім. Мұхаммед менің сүйіктім және пайғамбарым және оның үмметі үмметтердің жақсысы және менің сүйген достарым. Мен, расында, менің бірлігіме дәлел болсын деп (салыстыра отырып) барлық заттарды жұбымен жараттым. Менің періштелерім, менің арсымды көтеріп тұрушылар және менің аспанымдағы жасаушылар, куә болыңдар, Мен, шынымен, құлым Хауаны құдіретімнің өрнегі және жаратқандарымның гәжайыбы болған Адамға қостым. Маған тәспі айту («Сұбханаллаһ» деп) және тәһлил айту («Лә иләһә илаллаһ» деп) тағы адам балаларының намаз оқуы мәһір болды. Ей, Адам, жаннатыма кір, жемістерімді же. Мына ағашқа жақындамаңдар. Екеуіңе менің сәлемім және кеңшілігім болсын. Адамдардың жаратушысы болған Аллаға шүкір»).

Хабарда былай келеді: Адамнан сұрады: «Не үшін Адам аталдың?». Жауап берді: «*Лиәнни хулиқту мин әдими әл-әрзи*» («Себебі мен жер жынысынан жаратылдым»). Араб тілінде оны «адим» деп атайды. Хауадан: «Не үшін Хауа аталдың?» – деп сұрады. «*Лиәннәһә хулиқат мин әл-хәйин*» («Себебі мен тіриден жаратылдым»), – деп жауап берді. Араб тілінде тірі жанды «хәй» деп атайды.

Кейбіреулер: «Адам топырақтан жаратылды. Топырақ тұрған сайын әдемі болады. Және Хауа еттен жаратылды. Ет ұзақ тұрса сасиды. Сол себепті әйел қартайса сұрықсыз болады», – дейді.

Адам мен Хауа некелескенде: «*Йә Әдәмә усқун әнтә уә зәужукә әл-жәннәтә уә кулә минһә рағадән хайсу шитумә уә лә тәқрабә һәзиһи әш-шәжәрәтә фә тәқунә мин әз-залимин*» («Ей, Адам, сен және әйелің екеуің осы жаннатта тұрыңдар және ондағы жемістерден қалағандарыңша жеңдер және мына ағашқа жақындамаңдар. (Егер жақындасаңдар) залымдардан боласыңдар»), деген жарлық келді.

Мағынасы мынау: Ей, Адам, жұбыңмен жұмаққа кіріңдер, нығметтерін жеңдер. Мына ағашқа жоламаңдар, залым боласыңдар.

Сенімді деректерде ол ағаштың бидай ағашы екендігі айтылады. Алайда Хауаның жер бетінде не жұмақта жаратылғандығы туралы ғұламалар арасында тартыс бар.

Ол кезде Әзәзіл жұмақта еркін (жүретін) еді. Барша періштелерге ілім үйрететін. Бір күні «Ләухул махфузда» періштелердің бірі малғұн болатындығын көрді. Оны білген періштелердің бәрі қорықты. Әзәзілге келіп: «Сен ұстазымызсың, біз қатты қорқып жатырмыз, дұға қыл, Алла Тағала бізді қарғысынан сақтасын», – деп айтты. Әзәзіл дұға жасады, періштелер «әмин» деді. Алла Тағала оның дұғасымен барша періштелерді лағынеттен құтқарды, өзі лағынетке кірді. «Періштелер иығында Адамды нұрдан жасалған тақ үстіне отырғызып алып, жұмақтың ішін аралатады» деген жарлық келді. Себебі Адам жаратылғанға дейін, «Адам ұлдары бұзықтық қылады, қан төгеді», – деп ғайбаттады. «Біз тәспі және құлшылық қыламыз» деп өздерін ақтады. Алла олардан мұндай сөзді күтпеді. «Сендер Адамды ғайбаттадыңдар, сауаптарың

ауысты», – деп үкім берді. Ол сауаптар Адам ұлдарына берілді. Ол ғайбаттың жазасы сол болар. Бір күні барша періштелерге: «Адам тағын көтеріп, қызметтеріне кірісіндер», – деген жарлық болды. Содан кейін Алла Тағала «Әсмә ілімін» («Есімдер ілімін») Адамға үйретті. Барлық нәрсені періштелерге көрсетіп: «Егер рас сөйлесеңдер, мыналардың аты не екенін айтып беріңдер», – деді. «*Уә 'әлләмә Әдәмә әл-әсмәә кулләһә суммә аразәһум 'әлә әл-мәләикәти фә қалә әнбиуни биәсмәи һәәуләәи ин кунтум садиқинә*» («Және Адамға барлық заттың атын үйретті, кейін оларды періштелерге көрсетті және «Егер сендер рас сөйлесеңдер, мына заттардың атын маған айтып беріңдер», – деді»).

Періштелер әлсіздік танытып: «*Қалу субхәнәкә лә 'илмә ләнә иллә мә 'әлләмтәнә*» («Сен үйреткеннен артық білмейміз»), – деді.

Және Адамға: «*Йә, Әдәму әнбиуһум би әсмәиһум*» («Ей, Адам, мыналарға мына заттардың атын айтып бер») деген жарлық болды.

Адам: «Мынау ағаш, мынау тас, мынау су», – деп аттарын айтып берді. Барша заттың атын барлық тілде баяндады. «*Әләм әқул ләқум инни ә'ләму мә лә тә'ләмунә*» («Ей, періштелер, мен білгенді сендер білмейсіңдер демедім бе?!») деген жарлық келді.

Адам – ғалым, сендер – құл (құлшылық қылушы) екендіктерің енді сендерге белгілі болды. Менің құзырымда мың құлдан (құлшылық қылушыдан) бір ғалым артық. Құл қайда болса да, ғалымға қызмет қылуы керек. Ол махдум (қызмет қылуға лайық жан), сендер қызметші болыңдар. Ол мешіт, сендер сәжде етуші болыңдар. Адамға сәжде қылыңдар. «*Усжуду ли Әдәмә*» («Адамға сәжде етіңдер»). Барлық періштелер сәжде қылды. «*Фә сәжәдә әл-мәләикәту куллуһум әжмә'унә*» («Періштелердің бәрі бірдей сәжде жасады»).

САУАЛ: «*Фә сәжәдә әл-мәләикәту*» («Періштелер сәжде жасады...»), – деді. Тағы «*куллуһум*» және «*әжмә'ин*» деді. Бұлардан қандай пайда бар?

ЖАУАП: Пайдасы сол, «*мәләикә*» деп «*куллуһум*»ді қоса айтпағанда, «періштелердің біразы сәжде қылды, біразы сәжде жасамады» деген мағына шығатын. «*Фә сәжәдә әл-мәләикәту куллуһум*», яғни періштелердің бәрі сәжде жасады. Пайдасы сол, «*әжмә'ин*» демегенде, періштелердің онды-солды сәжде қылу мүмкіндігі болар еді. Періштелердің бәрі бір рет – бірден сәжде қылды, (тек) жалғыз Әзәзіл сәжде жасамады. «*Иллә Иблисә әбә уә истәкбәра уә кәнә мин әл-кәфирин*» («Тек Ібіліс тәкаппарланып сәжде жасамастан, кәпірлерден болды»).

Мойынсұнбады, (өзін) жоғары ұстады, кәпірлер санатынан болды. Періштелер сәжде қылғанында, Ібілістің сәжде жасамастан тік тұрғанын көріп, шүкіршілік етіп қуанғанынан және бір сәжде қылды. Бүгін намаздағы екі рет сәжде жасау содан қалды.

Хабарда былай келеді: Жұмақ ішінде жарты күн қалды. Ол жаһанның бір күні мен бұ әлемнің жылымен бес жүз жыл (айырмашылық) бар. Топырақтан жаратылғаннан жұмаққа дейін барғанша мың екі жүз қырық жыл бар. Әзәзіл сәжде жасамағанда, «Не үшін сәжде жасамадың?» – деген дауыс келді. «*Мә мәна'әкә*» («Неңдей нәрсе бөгет болды?»). Ібіліс: «Мен одан артықпын», – деді. «*Хәләқтәни мин нәрин уә хәләқтәһу мин тин*» («Мені оттан жараттың, оны қара топырақтан жараттың»). Әзәзіл бұл сөзді айтқанында, оның «Әзәзіл» аты өшіп, «Ібіліс» деген ат берілді. Мағынасы «үмітсіз» деген. Қарғысқа ұшыраған Ібіліс отты топырақтан артық санады. Топырақтың оттан артық екенін білмеді. Оның дәлелі от ұры, не нәрсені отқа берсе, (күйдіріп) жоқ қылады, қайтармайды.

Алайда топыраққа бір уыс салсаң, онды жүз есе қылып қайтарады.

ПАЙДА: Ібіліс (оған Алланың лағынеті болсын) отпен мақтанды. Алланың сөзі: «*Хәләқтәни мин нәрин*» («Мені оттан жараттың») деп. Сондықтан отта жанатын болды. Адам Жаратушыға арқа сүйеді, сол себепті барар жағы Алла болды. «*Мән ифтәхәра бишәйин 'уқибә биһи*» («Кімде-кім бірер нәрсемен мақтанса, сол нәрсемен азапталады»). «Кім не нәрсемен қуанса, сонымен қуанады», – деді. Ібіліс айтты: «Тәңірім, жүз мың жыл құлшылық қылдым, соның қайтарымын маған бергін». «Не қалайсың?» деген дауыс келді. Ібіліс қияметке

дейін ұзақ өмір сұрады. *«Рабби фәнзирни илә йәуми йуб'әсунә» («Ей, Жаратушым, олар тірілетін күнге дейін маған уақыт бер»).*

Мүфәсһирлер айтады: Ол сормандай, Алла құзыретінде қулық қылды, қияметке дейін өмір сұрады. Өлілер тірілгенге дейін өмір сүрсем, маған кейін өлім келмейді деген оның мақсаты еді. Алла Тағала оның сырын біліп қойып: *«Фәиннәкә мин әл-мунзәринә илә уәйми әл-уәқти әл-мә'луми» («Әрине, сен белгілі мерзімге дейін уақыт берілгендерденсің»).* «Біз саған белгілі күнге дейін өмір бердік, (алайда) сен қалаған уақытқа дейін бермедім», – деді.

Тағы бір қасиетті тәпсірде былайша баяндалады: *«Илә йәуми йуб'әсунә» («Белгілі күндерге дейін...»)* деудегі мақсаты мынау еді: Бүгін Тәңірі періштелері мықты. Олармен күресуге шамам жоқ. Өлілер тірілгенге дейін өмірім болса, оған дейін Жебірейіл, Исрафил, Әзірейіл тағы басқа періштелердің бәрі өлетін болса, Тәңірі жалғыз қалған уақытта онымен соғысатын едім деген ниеті бар еді.

САУАЛ: Ібіліс қарғысқа ұшыраған соң, жұмаққа кіруіне не себеп болды?

ЖАУАП: Алла Тағала: «Саған Адам ұлдарының үстінен жеңіс бердім», – деді. Расул (ғ.с.) ның: *«Иннәш-шәйтәнә тәжри фи бәни Әдәмә кәмә тәжри әд-дәму»* (яғни) «Қан адамның тәнінде қалай жүрсе, шайтан да солай жүреді» дегенін көрмейсің бе?!

САУАЛ: Адам мен Хауаның бидай ағашынан жегенінде қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Алла Тағала Адамды жаратқанға дейін жер бетінде халифа (орынбасар) жаратамын *«Инни жә'илун фи әл-әрзи хәлифәтән»* деді. Бидайдан жеудегі мақсат (жұмақтан) шығуға себеп еді.

Тағы бір ЖАУАП: Алла Тағала тағдырды жазды. Дүниеде адамның азығы бидай болуын қалады. Барлық нығметтерді жеңдер, бидай жемендер (деді). Үлкендердің алдында бермегенін жеу күнә болады.

САУАЛ: Адамды жұмаққа кіргізуде қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Жұмаққа кіргізгенде Адам ұлдары Адам (ата) ның белінде еді.

САУАЛ: Егер мүміндер өз орындарын көру үшін жұмаққа кірсе, кәпірлер де Адамның белінде болатын. Олардың кірмегінде қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Мүміндер орындарын (барар жерін) көрсін, дүниеге келгенінде құлшылықтары одан әрі көбейтсін, ал кәпірлер тозаққа барғанында жұмақта көрген нығметтер үшін іші күйсін деген (хикмет жатыр).

Тағы бір ХИКМЕТ: Жұмаққа кірмектегі хикмет мынау еді: Тәңір Тағала мұсылмандардың тәнін, малын саудаға салып жұмақ беретінін ежелде үкім етті. (Алайда) шарифатта көрмеген нәрсені саудаға салу дұрыс болмағандықтан, жұмаққа кіргізді. Және делдалын көрсетті. Сауда мен келісім дұрыс болуы үшін жұмаққа кіргізді. *«Инналәһа иштәра мин әл-мумининә әнфусәһум уә әмуәләһум биәннә ләһум әл-жәннәтә» («Әрине, Алла Тағала мүміндерден жандары мен малдарын оларға жаннан беріп сатып алды»).*

Кәмә қалә әш-шә'иру:

Нәфсут туқа әл-муштәра
Уә әл-муштәри Раббу әл-'уәра
Уә жинәнүһу әсмануһу
Уәл Мустафа диләлуһу
Ләкин сәккәһу Тәурату
Инжилу, Забуру, Фурқануһу.

Шайыр айтқанындай:

Сатылатын нәрсе – діндардың жаны,
Оның сатып алушысы – адамзаттың Жаратушысы.
Оның бағасы – Алланың жаннаты,

Оның дәлелі – Алланың сенімді елшісі.
Айғақтаған оны Тәурат,
Инжіл, Забур және Құран.

Сатқан Алла Тағала, алған Алла Тағала, сатылған мүмін (мұсылман). Оның тәні мен малының бағасы, делдалы – Мұхаммед әл-Мұстафа.

Ғұламалардың арасында Адам ұрпағы белінен шығарғанында қайда еді деген мәселеде тартыс бар. Кейбірі: «Жұмаққа кіргенге дейін еді», – дейді. Біразы: «Жұмақта» десе, енді бірі: «Жұмақтан шыққанда», – дейді. Алла Тағала Адам ұлдарын адам бейнесінде шымал секілді майда етіп белінен шығарды. Бәрі ақылды да емес, мұсылман да емес, кәпір де емес еді. Жаратушыдан: «*Мен сендердің Жаратушыларың емесін бе?*» (яғни) «*Әләсту бираббикум?*» деген сауал келді. Бәрі: «Ия», – деді. «*Қалу бәлә*». Адам оларды көргенінде: «Тәңірім, бұлар кімдер?» – деді. «Бұлар сенің қияметке дейінгі ұлдарың, ұрпақтарың» деген жауап келді. Адам олардың бәрін көргенінде: «Тәңірім, бұлар жер бетіне қалай сияды?» – деді. «Ей, Адам, оларды төрт ұлыс қыламын. Бір ұлысы аталардың белінде, бір ұлысы аналардың ішінде, бір ұлысы жер бетінде, бір ұлысы жер қойнында» деген жауап келді. Адам оларға қарағанында бірін соқыр, бірін ақсақ, бірін ауру, бірін сал көрді. «Тәңірім, бұларды неге бірдей жаратпадың?» – деді. «Ей, Адам, маған шүкір қылсын деп, жұмақты оған кірушілер үшін жараттым, тозақты оған кірушілер үшін жараттым. Соқыр жаратпасам, көзі саулар шүкір қылмайтын еді» деген жауап келді. Біразын жұмақтың оң жағына, біразын тозақтың сол жағына тұрғызды. «*Һәуләйи фи әл-жәннәти уә лә убәли уә һәуләйи фи ән-нәри уә лә убәли*» («*Әне олар жаннатта және мен назар аудармаймын, әне олар тозақта және мен назар аудармаймын*») деген дауыс келді.

Тағы бір риуаятта былай айтылады: Дүниені көріп келіндер деп, бәрін дүниеге жіберді. Келді, дүниені көрді. Біразы сонда қалып, қалғаны қайтып келді. «Басқалар қайда?» деген дауыс келді. Олар: «Дүниені көрді, көңілдері дүниені қалады, сонда қалды», – деді. «Жұмаққа барып, жұмақтың не нәрсе екенін көріңдер» деген жарлық келді. Барды, жұмақты көрді, олардың көпшілігі сонда қалды. «Басқалар қайда?» деген жарлық келді. «Тәңірім, олар жұмақты қалады, сонда қалды», – деді.

«Дүниеде қалғандар кәпірлер еді, жұмақтар қалғандар мүміндердің сауатсызы еді», – дейді. Жұмақта қалмастан құзыретке келгендері хас құлдар еді. «Дүниеге көңіл қоймадыңдар, жұмақты қаламадыңдар, енді не тілейсіндер?» деген жарлық келді. «Тәңірім, бізге дүние қажет емес, ақырет керек емес, бізге Сен керексің», – деді. «Кімде-кім мені қаласа, менің қазынамда қандай ауыр қиыншылық болса, сол ауыртпалықты соған беремін» деген жарлық келді. «Ол қиыншылық бергенінде Сен бізбен бірге боласың ба?» – деп сұрады. «Боламын», – деді. «Тәңірім, қиыншылық келгенінде Сен бізбен бірге болсаң, қандай ауыртпашылық жіберсең де, қабылдаймыз», – деді. (Пайғамбар) (ғ.с.) айтады: «*Иннә әшәддә әл-бәләйи 'әлә әл-әнбийәи суммә 'әлә әл-әулийәи суммә 'әлә әл-әмсәл...*» («*Расында, қиыншылықтың ең үлкені пайғамбарларға, одан кейін әулиелерге келеді және одан кейін тәртібімен...*»).

Хабарда былай келеді: Шайқы Шибли дүниеден өткенінде, түсінде «хәлің қалай?» деп сұрады. (Ол төмендегіше) жауап берді: «Мені көмгеннен кейін Мүңкір-Нәңкір (ғ.с.) келіп: «Тәңірің кім?» – деп сұрады. «Менің Тәңірім сол – атамыз Адамды нұрлы таққа отырғызып, көк періштелерін атамыздың қарсысында сәжде қылдырды, Жебірейіл, Микәйіл, Исафил, Әзірейіл бірге еді. Сендер сәжде қылғандарыңда мен барша бауырларыммен бірге сендерге қарап тұрған едім». Олар бір-біріне қарап: «Бұл баршаның сөзін айтып тұр, жалғыз өзінің сөзін сөйлемеді, жүріңдер кетейік», – деді. «*Ләу райтәһумә кәйфә йәхрабәни минни*» («*Егер ол екеуінің менен қандай қашқанын көргенінде еді*»). Егер сәл кідіріп тұрғандарыңда оларды ұстап: «Сендердің Тәңірлерің кім?» – деп сұрар едім. Қандай жауап берсе де, оларды дәлелмен ұстар едім».

Және мақсатқа (өз сөзімізге) қайтайық. Ібіліс қарғысқа ұшырағанында, жаннаттан қуылып, қайта кірмес болды. Адам мен Хауаның дұшпандығы көңілінде қайнады. Қулық-сұмдықпен жұмақтан шығармаққа бел байлады. Ол кезде жылан көрікті әдемі түйеге ұқсайтын еді. Қызыл, жасыл және түрлі түсті қанаттары бар еді. Хауа (Алла одан разы болсын) жыланның көрікті бейнесіне қызығып, онымен сөйлесетін еді. Ібіліс оны біліп, жыланнан: «Мені жұмаққа кіргізгін, Хауамен сөйлесейін», – деп өтінді. Жылан қорқып, көнбеді. Ібіліс: «Аузыңды аш, мен кірейін», – деді. Жылан аузын ашты. Ібіліс жылан тілінің астына жасырынды. Жұмаққа кірді. Жылан Адам мен Хауаның тағының алдына қарсы тұрып, тілінің астынан Ібіліс сөйледі. Адам жылан сөзін тыңдамаған соң, Хауаға бұрылды. «Әйел көңілі жұмсақ болар» деп Хауаға: «Бұл бидай ағашынан Тәңір сендерді не үшін тыйғанын білесің бе?» – деді.

Хауа: «Білмеймін», – деді.

Ібіліс: «Бұл ағаштан жесе жұмақта мәңгі қалады, өлмейді және жұмақ мүлкінен айрылмайды деп тыйым салды», – деді. «*Һәл 'әдуллукә 'әлә шәжәрати әл-хулди уә мулкин лә йәблә*» («*Ей, Адам), саған жемісін жесе мәңгі бақи қалатын ағашты және таусылмайтын патшалықты көрсетейін бе?*»).

Хауаның ол сөзге көңілі ауып, (орнынан) тұрды. Он қадам ағашқа жақындады. Бір бұтақ сындырып, Адамға әкелді де : «Мына бұтақ тәтті екен, мен жедім – зиян болмады, сен де же», – деді. Адам сол сәтте келісімді ұмытты. «*Фә нәсийә уә ләм нәжид ләһу 'әзмән*» («*Сонымен ол (Адам) ұмытты және одан ұқыптылық таппадық*»). Ол дәнді аузына салды, шайнады, жұтқыншаққа келгенінде баяғы уәдені есіне алды. Ішіне қарай жұтпады, сыртқа шығара алмады. (Ішке) кірмесін деп қолымен тамағын ұстады. Ол дән тамағында домалақ болып қалды. Сол себепті ерлердің тамағында сол домалақ бар, әйелдерде жоқ. Бұл қорлық белгілі болғанында бастарынан тәж құлады.

ХИКМЕТ: Яхия ибн Мааз әл-Рази айтады: Қажылыққа жол алдым. Жалғыз өзім аңғар ішінде қараңғы түнде шаршап-шалдығып келе жатқанымда (бір) дауыс естідім. Дауыс шыққан жаққа карадым, тікен арасында бір қарияның қатты жылап отырғанын көрдім. «Не болды, неге жылайсың?» – деп сұрадым. «Қалай жыламайын, періштелерге мұғалім болдым, жұмақта ерікті едім. Жер мен көкте көп құлшылық қылдым. Ақыры қарғысқа лайық болдым», – деді. Ібіліс екенін білдім. «Бір сәжде неге жасамадың?» – дедім.

(Ібіліс): «Маған сәжде қыл деді, қылмадым. Адамға бидай жеме деді, жеді. Ақырет болса екеуімізге керек, кешірсе, екеуімізді де кешіруі керек еді. Адамды кешірді, кешірімін қабыл алды. «*Фә нәсийә уә ләм нәжид ләһу 'әзмән*» («*Сонымен ол (Адам) ұмытты және одан ұқыптылық таппадық*»). Мені кешірмеді, қарабет қылды. «*Уәстәкбәра уә кәнә мин әл-кәфирин*» («*Ол тәкәппарланды және кәпірлерден болды*»), – деді.

«Адамды кешіріп, сені кешірмеуінде қандай хикмет бар», – деп сұрадым. «Ежелде Адам туралы ілтипат бар еді, оны кешірді. Мен туралы ілтипаты жоқ еді, мені қуды», – деп жауап берді. Сондықтан да «*Инәйәту әл-әзәли кифәйәту әл-әбәди*» («*Ежелде болған ілтипат мәңгілікке жарайды*») деп, босқа айтпаса керек.

ХИКМЕТ: Хауа бидай ағашын жеген уақытта, сол ағаш жылады. Қан секілді нәрсе ақты. Сондай жағдай Хауада пайда болды. Қияметке дейін әйелдерге хайыз мирас болды.

САУАЛ: Хайыздың мерзімі он күн болуында қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Бидай алуға барып келгенше он қадам болды. Сол үшін он күн болды.

САУАЛ: Ұзағы он күн, кемі үш күн болуында қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Ол бидай үш нәрсемен іске асты. Аяқпен барды, қолымен алды, аузымен жеді. Сол үшін кемі үш күн болды.

САУАЛ: Истихаза деген не?

ЖАУАП: Адам Хауаның тәубелері қабыл болғанынша асығып жылағаны хайыз болды. Тәубеден соң жылады, жылағаны истихаза болды, тазалық берді.

САУАЛ: Нифас деген не?

ЖАУАП: Хауа бидай ағашын алып келгенше қырық дем алды. Әрбір дем сайын бір күн лас болды.

Және мақсатқа (өз сөзімізге) қайтайық. Адам мен Хауаға қорлық болғанында тәжден, киімнен (айрылып) жалаңаш қалды. Қолдарымен әуреттерін жауып, ағаштан-ағашқа жапырақ іздеп жүгіре бастады. Қай ағашқа барса да, жапырақ бермеді. *«Уә тәфиқа йәхсифәһи 'әләйһә мин уәрақи әл-жәннәти»* («Және олар жаннат ағаштарының жапырақтарынан оның (әуреттерінің) үстін жаба бастады»).

Адам жүгіріп бара жатқанда жиде ағашы сынып, Адамның шашын ұстап: «Қайда барасың?» – деді. «Жібермеймін», – деді. «Жіберсем, Аллаға күнәһар боламын», – деді. Сол себептен Адам ұлдары ағаштарды екенде, сусыз қалсын деп, жиде ағашын судан алысқа екті.

ХИКМЕТ: Барлық ағашта от бар. *«Фи кәлли шәжәратин нәрун. Уәис тәжмәраһу... уә әл-ғаффар»* («Әрбір ағашта от бар. Ғаффар (Алла) оны жалынды қылған»). Ағаш су ішпесе, от оны өлтіреді. Алла Тағала өлмесін деп, жиденің отын өшірді. Сол үшін де тоқушылар киім жанбасын деп, киім тоқуды содан жасайды.

«Ей, Адам, менен қашып жүрсің бе?» деген жарлық келді.

(Адам ата): «Тәңірім, ұялғанымнан Сенен Саған қашып жүрмін», – деді. Жебірейіл Адамның қолынан ұстап құзыретке алып келді. «Ей, Адам, сені топырақтан жаратпадым ба, мағрифатпен құрметтемедім бе, көрікті бейнеде жасамадым ба, періштелерге көтертпедім бе, жұмаққа кіргізбедім бе, нығметтерді бермедім бе, Хауаны саған жұп қылмадым ба, бидай ағашын жемендер демедім бе, шайтанды сендерге дұшпан деп айтпадым ба?!» деген жарлық болды. *«Иннәш-шәйтәнә ләкумә 'әдәуун мубинун»* («Расында шайтан сен екеуіңе ашық дұшпан»). «Не үшін бидай жедің?»

(Адам ата): «Тәңірім, ол үкімді кім шығарды, ол тағдырды кім белгіледі?» – деді.

«Мен белгіледім, мен тағдыр еттім. Алайда менің тағдырым, үкімім, қазам ғайып болар, бұйрығым, жарлығым ашық болар. Ашықты қойып ғайыпқа не үшін араластың?» деген жарлық келді.

(Адам ата): «Тәңірім, солай үкім шығардың, тағдырды белгіледің, мені кешіргін, мені жарылқағын», – деді.

«Сені кешірдім, сенен кейін ұрпақтарың осылай кешірім сұраса, оларды да жарылқаймын. Енді жұмақтан шық» деген жарлық келді.

Хабарда былай келеді: Әнжір ағашы Адам мен Хауаға бес жапырақ берді, денелерін жасырды. Таң атқан соң сол бес жапырақтың бірін киік жеді, жұпар болды, бірін сиыр жеді, әнбар болды, бірін ара жеді, бал болды, бірін құрт жеді, жібек болды, бірін Адам жерге екті, жүн болды. Қияметке дейін ұрпақтарына кебін болды.

НҮКТЕ: Алла Тағала Адамға жапырақ беру үшін әнжір ағашын дайындады. Барлық жеміс (көкөніс, жемі-жидек) үш түрлі болады: алма, алмұрт секілді бірінің сырты (ғана) желінеді; бірінің іші желініп, сырты желінбейді жаңғақ, бадам секілді; бірінің іші де желінбес (мұнда ішіндегі дәнін айтып отырған болар. – Т.Қ.), қабығы да желінбес қауын, қарбыз секілді. Алайда әнжірдің сырты да, іші де желінер.

Адамға, Хауаға, Ібіліске, тауысқа және жыланға жұмақтан шығуға жарлық келді. *«Кулнәһи биту минзә жәми'ән. Раббәнә заләмнә әнфусәнә уә ин ләм тәғфир ләнә уә тәрхәмнә ләнәкунәннә мин әл-хасиринә»* («Бұл жерден бәрің де түсіңдер дедік. Ей, Жаратушымыз, біз өзімізге зұлымдық қылдық, егер сен біздің күнәмізді кешірмесең және бізге мейірімің келмесе, онда зиян шегушілерден болып қаламыз»). Адам мен Хауа зорлықпен жалына-жалбарына (жұмақтан) шықты.

Адам Үндістанда Анжалус атты жердегі Сарандиб тауына, Хауа Жиддә тауына түсті. Ібіліс Басраға түсті, сондықтан онда жөйттер көп болды. Жылан Исфахан жеріне түсті, сондықтан да исфаһандық сараң болады. Тауыс Мишанға түсті. Бәрінің жағдайлары қиындады. Адам, Хауа жалғыз қалды. Ібіліс малғұн болды, жыланның әдемі бейнесі өзгерді, осылайша жорғалап

жүретін, ащы топырақ жейтін болды. Адам түскен жерінде көп жылады. Жүз иғаштық жерде көз жасынан ағаштар өсті, жолдар, бұлақтар пайда болды. Адамның көз жасы тамған жерден жем-шөп, ащы-тәтті дәрілер шықты. Хауаның көз жасы тамған жерден алоэ, қалампырмоншақ, сүмбіл, қына, оспа өсті. Адам ұрпағына қияметке дейін мирас болып қалды. Сонда Ібіліс жер бетіндегі аң-құстарды жиып: «Жер бетіне кім келсе де, сендерге ұқсамайды. Сендерді тұқымдарыңмен бірге құртады, бәрің жиылып оны өлтіріңдер. Өлтірмесеңдер тыныштық жоқ», – деді. Бәрі жиылып келді. Бірінші болып сича (құс аты) Адамның басына қонып, шашын жұла бастады. Сол үшін де Адам ұрпағы сичаны ұстап, жүнін жұлып, пісіреді. Адам аң-құстарды көріп қорықты. «Ей, Адам, олардың біреуін шақырып, қолыңмен басын сипа» деген жарлық келді. Адам итті шақырды. Ит Адамға үйреніп, аң-құстардың бәрін қуды. Сол күннен бастап ит Адам ұрпағымен бірге қалды. Басқа мықтылармен қас болды. «Ей, Адам, саған кешірім керек болса, Меккеге бар. Мен үшін бір үй тұрғыз» деген тағы жарлық болды.

(Адам): «Тәңірім, ол жерді мен білмеймін, қайда?» – деді. Алла Тағала бір құсты жолбасшы етіп берді. Аты араб тілінде Ахьял еді, түркі тілінде көкқарға. Ол ұшып, Адам артынан жүріп отырды.

Хабарда былай келеді: Расул (ғ.с.): «Алты құсты өлтірмеңдер: біріншісі – Адамға жолбасшы болғаны үшін көкқарғаны, екіншісі – Сүлейменге кеңес бергені үшін қарынжаны, үшіншісі – «Хашыр» сүресінің соңын оқығаны үшін қарлығашты, (кейбіреулер «Бәйт әл-Муқаддас» шабуылға ұшырағанда жылағаны үшін. Сондықтан да мойны ақ болды дейді), төртіншісі – Сүлейменге елші болғаны үшін хұдхұдты, бесіншісі – Намруд отына су әкелгені үшін су бақасын, алтыншысы – бал арасы. Онда адамзатқа шипа көп», – деді.

Адам Мекке жеріне келіп, бір үй тұрғызды. Биіктігі... Сурах деген, белгілісі «Бәйт әл-Мә'мур» атты (яғни осы атпен белгілі болды). Ол үйдің айналасында тауаф қылды. Алла Адамнан (дұғасын) қабыл қылып, күнәсін кешірді. Нұх топаны басқан кезде Алла Тағаланың жарлығымен Жебірейіл ол үйді көтеріп, төртінші қабат көкке алып шықты. Адам Үндістанға нығметтерінің көптігі үшін қайтып барды. Хауаның қолын ұстап, екеуі барды. Алла Тағала сегіз қой берді. Оның жетеуі саулық, біреуі қошқар (еді). Хауа ол қойлардың жүнін иірді. Адам тоқыды. Екеуі киім тігіп киді. Жер бетінде қойдан берекелі басқа жануар жоқ дейді.

Расул (ғ.с.): «*Әш-шәту бәрақәтун уә әш-шәтани бәрақәтәни уә сәләсу шийахин кәнзун*», яғни «*Бір қой – береке, екі қой – екі береке, үш қой – қазына*», – деді.

Адамның қатты қарны ашты. Жебірейіл, Алланың жарлығымен жаннаттан бірі қызыл, бірі қара екі сиыр әкелді. Жебірейіл жұмақтан үш уыс бидай алып келді, үшке бөлді. «Екеуі саған, біреуі Хауаға», – деді. Әр уыс жүз мың сыр еді. Ол сиырлар жұмақтан шыққанында (қатты) жылады, көздері жастан істі. Ілгері салғаны ноқат шықты, кейінгі салғаны ясмиқ (дуқкақты өсімдік) өсті. Жебірейіл үш уыс бидайды алып келгенінде, Адам мен Хауа бәрін екті. Адамның еккені бидай болды да, Хауаның еккенінен арпа шықты. Сол сәтте бірдей өсті. Адам: «Жейін бе?» – деді. Жебірейіл: «Жоқ, ексін», – деді. Екті. «Жейін бе?» – деді. «Ұр», – деді. Ұрды. «Жейін бе?» – деді. «Ез», – деді. Езді. «Жейін бе?» – деді. «Суыр», – деді. Суырды. «Жейін бе?» – деді. «Үгіт», – деді. Үгітті. «Жейін бе?» – деді. «Иле», – деді. Иледі. «Жейін бе?» – деді. «Пісір», – деді. «Жейін бе?» – деді. «Ей, Адам, күннің екі үлесі бар еді, бір үлесі қалды. Сабыр қыл, күн батсын. Бір күн ораза ұста. Ол күн Ашура күні еді. Мен сенімен үш іс қылайын, сенен разы болайын, күнәнді жарылқайын, жұмаққа кіргізейін» деген жарлық келді. Адам ол жеуге пісірілген нанды жемекші болғанында, Жебірейіл келді. Екі үлесін Адамға, бір үлесін Хауаға берді. Сол үшін де ер кісіге екі үлес, әйелге бір үлес тиетін болды. Адам өз үлесінің бәрін жеді, Хауа жартысын жеп, қалғанын алып қойды. Жебірейіл келіп: «Ей, Адам, сенің жегеніңдей Хауа да жегенінде ұрпағың қияметке дейін құрғақшылық көрмейтін», – еді деді. Адам ол жерде пісірілген нанды жегенінде іші ауырды. Жебірейіл Адам қолын ұстап, тысқа алып шықты. Адам босады. Жаман (сасық) иіс шықты. «Ей, Жебірейіл, бұл не?» – деп сұрады. Жебірейіл: «Ол сенің қорлығыңның (күнәнің) салдары», – деді. Содан кейін Жебірейіл Адамның басынан

ұрды. Адамның басы жетпіс қари қысқарды, оған дейін басы көкке жететін еді. Хауа Жиддә тауында қарны ашқанында, теңіз жағасына келіп, балық аулап, от үстінде пісіріп жейтін. Адам екі жүз жыл жылады. Екі жүз жылдан кейін екеуі Арафат тауында кездесті. Адамнан жүкті болды, жүгі жеңіл (болды) «*Хәмәләт хәмлән хәфифән*» («*Оған (ол әйелге) жеңіл бір жүк пайда болды*»). Ауыр болғанында «*Фә ләммә әсқаләт дә'әуә-ллаһа*» («*Сол жүктілік ауырлағанда екеуі де Аллаға жалынды...*»).

Ібіліс Хауаға келіп: «Ішінде не бар?» – деді.

(Хауа): «Білмеймін», – деді.

Ібіліс: «Ішіндегі сиыр, жылқы (мал) болады ма?» – деді. Хауа бұ сөзге ашуланды. Ібіліс: «Мен пәк, сенімді адаммын, Алла Тағаланың алдында құрметім бар, ішіндегі нәресте сен секілді пәк азамат болып туса, менің атымды қоясың ба, дұға қылайын?» – деді.

Хауа: «Сенің атың кім?» – деп сұрады.

(Ібіліс): «Менің атым Харис», – деді. Ол нәресте туылғанында атын Харис деп қойды. Хауа сол сәтте-ақ қайтыс болды.

Ша'бий (Алла одан разы болсын) риуаят етеді: Ібілістің көзі шала, шала аяғында кебісі бар. Пайғамбар (ғ.с.) дүниеден өткенінде, Әли (кәррамаллаһу уәжһәһу) тақтай үстіне қойып жумақшы болғанында, көктен: «*Йә 'Әли лә тәғсилу Муххәмәдән фә иннәһу тахирун мутаххарун*» («*Ей, Әли, Мұхаммедті жумаңдар, себебі ол пәк әрі тазаланған*»), яғни «Мұхаммедті жумаңдар, Мұхаммед пәк» деген дауыс келді. Әли: «Осылай болу керек екен деп, менің басым қатты. «Мұхаммедті жууға тыйым салатын сен кімсің? Жуу сүннетін Мұхаммедтің өзі тағайындаған», – деп сұрадым. «Йә, Әли, оны айтқан Ібіліс еді. Мұхаммедті көре алмайды, сен жу» деген ғайыптан тағы дауыс келді. Әли оған жақсы дұға қылды. «*Жәзәкә-ллаһу хәйран кәсиран*», яғни «Ібілістен маған хабар бергенің үшін Алла Тағала саған көп жақсылық берсін» (деді). «Сен кімсің», – деп сұрады. «Мен Мұхаммедтің жаназасына келген Қызырмын», – деді.

Хабарда келеді: Хауа бір ұл, бір қыздан егіз жетпіс құрсақ бала көтерді. Алайда Қабыл ұрпағы жеті мың ер-әйел, Әбіл ұрпағы қырық жеті мың болды. Адам жыл сайын құрбандық шалатын еді. Қайсы құрбан қабыл болса, көктен от келіп, соны өртейтін. Қабыл болмаса от келмейтін еді. Адам нан жейтін еді, нан азайды. «Барып, құс аула» деген жарлық келді. Аулап, бір қырғауыл және бір бүркіт ұстады. Оларды бауыздап, отқа пісірді. Қырғауыл пісті, бүркіт піспеді. Адамның ашуы келді. Бүркітті отқа көмді, бәрі жанып кетті. Адам қырғауыл маған тура келмес деп қайғырды. Қырғауыл Хауа атына, ал бүркіт Адам атына еді. Қырғауылдан Хауаға бергенінде ол қайғырды. Жебірейіл келіп: «Ей, Адам, қайғырма, бұл құстың орнына басқа құс берейін. Бұл құс саған және сенің ұрпағыңа қияметке дейін харам болды», – деді. Адам осылайша құрбандық шалатын еді, от келіп күйдіретін еді. Барша пайғамбарлар шарифатында құрбаны отқа жағу еді. Біздің пайғамбар Мұхаммед әл-Мұстафаға келгенінде, бұл шарифатта құрбандықты өртеу харам болды, жеу халал болды.

САУАЛ: Құрбанды жағу неге харам болды?

ЖАУАП: Бұрынғы үмметтердің құрбаны қабыл болса, күйетін еді, қабыл болмаса, күймейтін еді. Халық арасында алауыздық пайда болатын. Ей, Мұхаммед, үмметтеріңнің арасында алауыздық тумасын деп, сенің шарифатыңда құрбандықты өртеуді харам қылдым.

ПАЙДА: Бүгін бұ дүниеде Мұхаммед үмметінің алауыздықта болуын қаламадым, ертеңгі күні қияметте ғарасат алаңында алдыңғы және кейінгі халық арасында мүмінді арандатпаса, ғажап болар еді!

Тағы бір ПАЙДА: Бүгін бұ дүниеде мұсылманның құрбандығын өртеуді харам қылды. Йә, Раббы, ақыретте мүміннің тәнін тамұқ отына харам қылса, таңданатын еш нәрсесі де жоқ.

Адам ерте тұрып, бидай теріп жүргенінде сиырды бір ұрды. Сиыр жүзін Адамға бұрып: «Ей, Адам, мені неге ұрасың? Кім күнә қылса, соны ұрғын», – деді. Адам оның қайдан сөйлеп

тұрғанын білді. «Е, ғажап, таңданыспен періштелеріне сәжде қылатын еді. Кетейік, мына сиыр менімен сөз жарыстырып отыр», – деп Адам ұзақ жылады.

ҚАБЫЛ МЕН ӘБІЛ ҚИССАСЫ

«Уәтлу 'алайһим нәбәә ибнәй Әдәмә из қаррабә құрбәнән фә ту қуббилә мин әхәдиһимә» («Сен оларға Адамның екі ұлының оқиғасын ақиқат етіп оқып бер. Ол екеуі құрбандық шалғанында, олардың тек біреуінің құрбандығы қабылданды...»), яғни Алла: «Ей, Мұхаммед, оларға Адамның екі ұлының сөзін сол кездегі құрбандығы туралы айтып бер. Біреуінің құрбандығы қабыл болды, екіншісінікі қабыл болмады. Енді мен сені өлтіремін», – деді. Ол қисса мынау: Адамның кейін туған ұлдарының бірін Әбдулмуғис, қызын Әмәт ул-Муғиса деп атады. Бұл екеуі туылғанда Адамның ұрпағы қырық мың бәнд болған еді *«Уә әл-бәнду фи әл-луғати ... 'әшәрату әлфә ражулин» («Бәнд сөзі он мың ер (адам) деген мағына береді»)*. Қабыл туылғанда онымен бірге өте сұлу бір қыз туылды. Аты Иқлима еді. Екі жылдан кейін Әбіл туылды. Онымен бірге туылған Әбуда атты қыз өте сұрықсыз еді. Адам өз шарифаты бойынша Қабылмен туылған қызды Әбілге беретін болды. Әбілмен бірге туылған қызды Қабылға бермекші болғанда, Қабыл көнбеді. «Менімен бірге туылған қызды аламын», – деді.

Адам: «Шарифатта олай болмайды», – деді.

Қабыл: «Бұл маған қарындас болса, ол да маған қарындас болады», – деп дауласқанда, Адам: «Олай болса екеуің құрбандық шалыңдар, қайсыңның құрбандығың қабыл болса, Иқлиманы сол алсын», – деді.

Әбіл қой бағатын еді, (ол) семіз қой әкеліп, аяқтарын байлап, құрбандық шалатын жерге қойды. Көктен от келіп, Әбілдің құрбандығын өртеді. Қабылдың төңірегіне жоламады. Ібіліс Қабылға келіп: «Әбілдің құрбандығының қабыл болуының себебі Алла Тағаланың құзыретінде оның ізет-құрметі бар. Әкең Адам да оны жақсы көреді әрі Адамның бұл жер халифалығын Әбілге берсе деген арманы бар», – деді.

Қабыл ашуланып: «Мен Әбілді өлтірейін. Қыз да, халифалық та маған қалсын», – деді. Қабыл Әбілді өлтірмекке бел байлады. Қалай өлтірерін білмейтін еді. Бір күні далада Ібілісті көрді. Адам бейнесінде бір құсты алып барады екен. Бір тас қойды. Құсты тастың үстіне қойып, екінші бір таспен ұрды. Қабыл соны көріп өлтіруді үйренді. Қабыл Әбілге: «Мен сені өлтіремін», – деді. Әбіл: «Мен саған қарсы шықпаймын, Алла Тағаладан қорқамын», – деді.

«Ләин бәсәттә иләйиә йәдәкә литәқтуләни мән әнә бибәситин йәдийә иләйкә лиәқтуләкә инни ахафуллаһа раббу әл-әләминә» («Егер сен мені өлтіру үшін қол созсаң, мен сені өлтіруге талпынбаймын. Әрине, мен адамдардың жаратушысы Алладан қорқамын»). Әбіл құм үстінде ұйықтап жатқанында бір таспен ұрып өлтірді. Қияметке дейін адам өлтіру, қан төгу Қабылдан қалды.

Хабарда былай келеді: Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (ғ.с.): *«Мән сәннә суннәтән хәсәнәтән фә ләһу әжруһә уә әжру мән 'әмилә биһә илә йәуми әл-қиямәти уә мән сәннә суннәтән сәйийәтән фәләһу уизруһә уә уизру мән 'әмилә биһә илә йәуми әл-қиямәти» («Кімде-кім жақсы әдет шығарса, соған сол әдеттің сауабы қияметке дейін болады әрі сол жақсы әдетке амал еткендердің де сауабы соған болады. Және кімде-кім бір жаман әдетті шығарса, соған сол әдеттің күнәсі қияметке дейін болады әрі сол жаман әдетке амал еткендердің де күнәсі сол адамға болады»)* деген.

Қабыл Әбілді өлтіргенде жиырма жаста еді. Аң-құстар Әбілге жол алды. Қабыл Әбілді қапқа салып көтеріп жүретін еді. Сол кезде Тәңір жарлығымен екі қарға келіп, бір-бірімен шұқысып, біреуі өлді. Тірі қалған қарға тұмсығымен жерді қазып, өлген қарғаны көмді. Қабыл оны көріп: «Менің қарғадай да ақылым жоқ екен», – деп өкінді. Алла Тағала үш жағдай туралы Мұхаммед Мұстафа (ғ.с.)ға хабар берді. *«Фә бә'әсаллаһу гурабән йәбхәсу фи әл-әрзи лийурийәһу кәйфә йуәри сәу'әтә әхиһи қалә йә уәйләтә ә'әжәзту ән әкүнә мислә нәзәл гураби фә уәрийә сәу'әтә әхи фә әсбәхә мин ән-нәдиминә» («Кейін Алла Тағала бір қарғаны жіберді. Ол (қарға) туысының*

денесін қалай жерлеу керектігін көрсету үшін жерді қазды. Ол «Аһ, мен бауырымның денесін көмуде осы қарға секілді де бола алмадым» деді де, өкінушілерден болды»).

Ғұламалар айтады: «Қабыл Әбілді өлтіргеніне өкінген жоқ. Өлтіргеніне өкінсе, тәубеге келіп, кәпір болмайтын еді. Ол өлікті жерге көметінін білмейтіндігіне өкінді. Арқалап жүргені үшін өкінді. Адам қажылыққа баратын кезде «мен келгенше сақта» деп Әбілді көкке тапсырып еді, қабылдамады. Жерге өтініп еді, қабылдамады, таулар (да) қабылдамады. Қабыл қабылдап, аманатқа қиянат қылды, өлтірді. «Қиләә зәликә иннә аразнә әл-әмәнәтә әллә әс-сәмәуәти уә әл-әрзи уә әл-жибәли...» («Расында біз (алыңдар деп) аманатты аспанға, жерге және тауларға көрсеттік»).

Қабыл Әбілді өлтірген күні барша жер-көк қайғырды. Әбілдің қаны жерге судай сіңді. Және (Адам) қажылықтың қайтып келгенінде ұлдарының бәрі күтіп алды. Әбілді көрмеді, Қабылдан: «Әбіл қайда?» – деп сұрады. Қабыл: «Әбілдің қойлары менің егіміме кіріп еді, содан өкініп келмейтін болар», – деді.

Адам: «Сен бұлай дейсің, алайда Әбілдің қаны жерде еңіреп тұр-ғой», – деді.

Қабыл: «Әнә қатәлтүһу» («Мен оны өлтірдім»), – деді.

Адам: «Әбілдің қаны төгілген жер бүгін сыртқа шығармаса Тәңірдің лағынеті болсын», – деді. Әбілдің қаны жер бетіне қайнап шықты. Сол күннен бастап қан жерге сіңбейтін болды. Сол жерден ақ тікен мен бұта өсті, ажырау болды. Ағайын-туыста мейірім қалмады деп, даланың аң-құстары қашып, тауларға шықты. Адам мен Хауа көп жылады. Адам аза тұтып, мына өлеңді шығарды. Жер бетінде алғаш өлең айтқан Адам еді, сол өлең мынау:

*Тағаййәрат ул биләду уә мән 'әләйһә,
Уә уәжһу әл-әрзи му'әйирун Мәсиху
Фә әжәбәһу Иблис лә'нәтуллаһи 'әләйһә
Тағаййәра кулли зи-ләунин уә тә'мин
Уә қад бәшәшти әл-уәжһи әл-мәлиһу
Би қатли Қабиллин Ғабиллин әхәһу
Фә йә әсәфә 'әлә әл-уәжһи әс-сәбиһи
Уә бәдәләти әл-әрзу әслән уә хәммтән
Уә фи әл-Фирдәуси әнхәрун сәбиһун
Фә хәл әнә мин хәйәти мустәрихун
Уә йә әсәфә 'әлә Ғабиллин иннәни
Қатилән қад тәзәмәннәһу әз-зариху
Тәнхә 'әлә әл-биләди уә сәкиниһә
Фә фи әл-Фирдәуси зақа бикә әл-фәсиху
Уә қалбукә мин әзәд-дунийә мурихун
Уә әжәбәку Хәууәу разияллаһу 'әнһә
Туннәжи фә иннәкә шәйтәнун ләинун
Йәфизу әл-уәжһу мәл'унун қабихун
Тәуәлли дахри кунтә ләнә 'әдууән
Ләинән лә йәмуту фә тәсмәриху.*

Риуаятта былай келеді: Қабыл Әбілді өлтіргенінде, Ібіліс келіп Қабылға: «Алла Тағала не үшін сенің құрбандығыңды қабыл қылмады? Себебі сен отқа табынбайсың, бұтқа сыйынбайсың, арақ ішпейсің, ән айтпайсың», – деді. Қабыл бұл істердің бәрін істеді. Содан кейін Қабыл арақ ішті, бұтқа сыйынды, отқа табынды, ән айта бастады. Адам (одан хабар) білген соң Қабылды істерінен тоқтату үшін қырық мың адам жіберді. Келіп Қабылды көрді, ол дауысты есітіп, баршасы діннен шықты. Қабылмен солай қалды. Бүгіннен қияметке дейінгі барша күнәлі істер Қабылдан қалды. Қиямет күні болған кезде Алла тозақтықтарды тозаққа

кіргізсе, өз жағдайларын көрген соң, Алла Тағалаға жалынып: «*Хәбаран 'әнһум) Раббәнә әринә әлләзәйни әзәлләнә мин әл-жсинни уә әл-инси нәж'әлһумә тәхтә әқдиминә лийәкунә мин әл-әсфәлин*» («*Олардың тілімен) ей, Раббымыз, жындардан және адамдардан, біздерді тура жолдан тайдырғандарды біздерге көрсет, біз оларды аяғымыздың астына алайық, олар ең жаман қорланғандардан болсын*»). Ол екеуі Ібіліс пен Қабыл. Сол кезде: «Ей, Ібіліс, тамұқтағы(лар) сені қалап жатыр» деген дауыс келер. Ібіліс: «Мен де оларды қалаймын» дер. Алла Тағала тамұқ ішінде бір мінбе тұрғызады. Ібіліс сол мінбеге шығып: «*Инни кәфәрту бимә әшрактумуни мин қабул...*» («*Әрине, мен бұдан алдын маған серік қосқан нәрселеріңізден бездім...*») дер айқайлап. Тамұқтықтар оған қалай жауап беретінін білмейді, баршасы үмітсіз болады.

(Кейбіреулер) Қабіл Әбілді өлтіргеннен кейін Иқлиманың қолынан ұстап Иемен жаққа барып, отқа табына бастады дейді. Адам ұрпағынан кімде-кім өтер болса, (оларға) бір тас лақтыратын. Бір баласы соқыр болды. Оның да бір ұлы бар еді. Қабылдың қасына келді. Ол бала соқыр әкесіне: «Сенің бауырыңды осы өлтірді», – деді. Соқыр бір тас алып, Қабылды ұрып өлтірді. Бала: «Әкеңді қалай өлтірдің» дегенінде, оны да бір соқты. Ол бала да өлді. Оны көріп жылай бастады.

Қабыл ұлдарының көбі нәпсі жолында қайтыс болды. Бәрі бұзықтық жасағандар, арак ішкендер, ән айтқандар, отқа табынғандар.

Тағы бір хабарда былай айтылады: Адам Алладан «Жер менің еркімде болсын» деп сұрады. «Адам не десе, соны істе» деген жерге жарлық болды. Адам: «*Йә, әрзу, хузиһи*» (яғни) «*Ей, жер, жұт*», – деді. Қабылды тобығына дейін жұтты.

Қабыл қорқып: «Ей, әке, мейірім жаса», – деді.

(Әкесі): «Сен бауырыңа мейірім жасамадың, мен саған қалай мейірім жасайын?» – деді. Және: «*Йә, әрзу, хузиһи*», – деді. Жер Қабылды тізесіне дейін жұтты.

(Қабыл): «Ей, әке, сен жұмақта күнә жасағаныңда жалындың, Алла сені кешірді. Мені де кешіруін сұрашы», – деді жалынып.

Адам: «Мен бидай жедім, сен қан төктің, қалай кешіреді?» – деді де, «*Йә, әрзу, хузиһи*», – деді және. Жер Қабылды беліне дейін жұтты.

(Қабыл): «Ей, әке, сен Алланың жүз мың мейірімі бар деп айтар едің, тоқсан тоғызы барша әлемдегі мұсылмандарға тиесілі, біреуі барша тірі жандыларға деген едің. Сұрашы, маған сол бір үлестен берсін», – деді.

Адам: «Сен бауырыңа мейірім жасамадың, ол мейірімнен саған үлес берілмейді», – деп айтты да және: «*Йә, әрзу, хузиһи*», – деді. Жер Қабылды тамағына дейін жұтты. Қабыл Адамнан үмітін үзді. Қабыл: «Тәңірім, әкемнен сенің Рахман, Рахым деген екі атың бар екенін естідім. Ол рахмандығыңмен (мейіріміңмен) мені бұл азаптан құтқар. Құтқармасаң, Рахман атыңды өзіңнен өшір», – деді. «Ей, Қабыл, мен баршаны азаптан құтқарамын. Рахман атымды өшірмеймін» деген дауыс келді. Жерге «Қабылды жібер» деген жарлық келді. Жаратушының жарлығымен жіберді. Бір періште келіп, Тәңірдің жарлығымен Қабылдың аяғын ұстап, жеті жол шығыстан батысқа дейін сүйреді, есінен танды, қайтыс болды.

ШИС (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Қабылдан кейін жүз отыз жыл өтті. Шис туды. Шис сарбани тілінде «Хибатуллаһ», яғни «Тәңір әкесі» деген мағына береді. «Әбілді алғаныммен, орнына Шисты бердім», – деді. Мұстафаның нұры Адам белінен Хауа мейіріміне барды. Шис туылғанда ол нұр Шис беліне барды. Адам Шисты қатты жақсы көретін. «Ей, Шис, бұл нұр – сүйіктім Мұхаммед Мұстафаның нұры. Ұлдарыңа өсиет қыл, жұптарымен некелессін», – деді. Алла Тағала Адамға мың өнер үйретіп еді. Шиска барлық өнерлердің ішіндегі оңайы деп тоқымашылықты «Үй

ішінде көлгеде отырып істегін» деді. Өзге бауырлары: «Шис үйде отырып жұмыс істейді, біз далада қыс, жаз демей еңбектенеміз. Біз де тоқымашылық үйренейік», – деді. Адам оны есітіп: «Тәңірім, тоқымашылықты бұлардың көңіліне жау етіп бергін», – деп дұға жасады. Алла Тағала бәрінің көңіліне жау етті. Тағы: «Тоқымашылықтың берекесі жоқ. Сол үшін тоқымашылар Зәмзәм суына дәрет сындырды», – деді. Және: «Амалдары жаман болғаны үшін берекесіз», – деді.

Былай хикая етеді: Біреу Расул (ғ.с.) ға келіп: «Ей, Расулулла, менің малым көбейді. Азайсын деп тырысып, жаман еңбектенудемін. Біреуге беруді көңілім қаламайды, не істейін?» – деді. Расул (ғ.с.): «Барып ағаштың көзінен таяқ ұста», – деді. Солай істеп еді, малы таусылды.

Тағы (бір деректе), Мәриям ана (Алла одан разы болсын) жөйттерден қашқанында тоқымашылардан жол сұрады делінеді. (Олар) теріс жолға бағыттады. Тікенді жерге түсті. Оларды қарғады.

Тағы (бір деректе) кешіп өткенінде денесін көрейік деп, терең суға жіберді дейді. Мәриям: «Тәңірім, өнерлерінен берекесін ал», – деп дұға жасады.

Тағы (бір деректе) Салих пайғамбардың інгенін тоқымашылар өлтірді дейді.

«Уә кәнә фи әл-мәдинәти тис'әту рахтин» («Ол қалада тоғыз ер адам бар еді, олар...»).

Тағы (біреулер) тоқымашылық ізгі өнер (дейді). Барша өлі мен тіріге жарайды дейді.

Хабарда келеді: Расул (ғ.с.): *«Ни'мә әл-'әмәлу әл-ғәзлу линисәи уммәти уә ни'мә әл-'әмәлу әл-хийәтәту лирижәли уммәти ләй лә әл-кизбу фиһим» («Әйел үмметтеріме тоқыма қандай жақсы өнер, ер үмметтеріме тігіншілік қандай жақсы өнер, егер де оларда өтірік болмаса»).*

Тағы (біреулер) тоқымашыда алты ерекшелік бар: бірінші – бәрі де өнерпаз, екінші – жомарт, үшінші – шынайы дос, төртінші – кішіпейіл, бесінші – өлі-тірі (бәрі) оларға мұқтаж, алтыншы – бәрінің жолы болғыш дейді.

Тағы (біреулер) Балх патшалығында бір шынайы діндар ғалым бар еді дейді. Шайқы Шақиқ (Алла одан разы болсын) оны тоқымашы екенін есітіп, көргелі барды. Шайқының алдынан шықты. Ғалым: «Ей, шайқы, келуіңмен бізге қуаныш сыйладың», – деді.

Шайқы: «Қалай?» – деді.

Тоқымашы ғалым: «Сенің келуің Алла тағдыры еді. Алла тағдыры сүйікті болар», – деді.

Шайқы Шақиқ тоқымашының үйіне кіргенінде қазық көрді. «Бұл не?» – деп сұрады.

Тоқымашы: *«Уәтәд ул-истиқамат («Төзімділік қазығы») дейді», – деді. «Иннә әл-ләзинә қалу раббуналлаһу суммә истақаму» («Ол адамдар айтады: «Алла біздің жаратушымыз», кейін (істері) жақсы болды»).*

(Шайқы Шақиқ) және: «Мынау ненің ізі?» – деп сұрады.

(Тоқымашы): «Бұл *«Хәблүллаһи» («Алланың жібі»)*, – деді. *«Уә и'тәсиму би хәблүллаһи жәми'ән» («Бәріңіз бірдей Алла Тағаланың туралық жібін берік ұстаңдар»).*

(Шайқы Шақиқ): «Мына жерге жайып қойған бөзің қандай бөз?» – деп тағы сұрады.

(Тоқымашы): «Бұл тіршілігім», – деді.

(Шайқы Шақиқ): «Мынау не қылған қамыс?» – деп сұрады.

(Тоқымашы): «Бұл сенім, онымен өзімді дүниеден алыстатамын», – деді.

(Шайқы Шақиқ): «Мынау қандай құс?» – деп сұрады.

(Тоқымашы): «Бұл менің құлшылығым мен қайратым», – деді.

(Шайқы Шақиқ): «Мынау қандай ілгіш?» – деп сұрады.

(Тоқымашы): «Бұнымен ықылас, амалымды бекітемін», – деді.

(Шайқы Шақиқ): «Мына бесік тұсында ілінген не?» – деп сұрады.

(Тоқымашы): «Бұл түн-күн», – деді.

(Шайқы Шақиқ): «Мына аяғыңдағы аяққап қандай ағаш», – деп сұрады.

(Тоқымашы): «Бұл қауіп пен ержүректік, біраз қауіптенемін, біраз ержүректікке сүйенемін», – деді.

(Шайқы Шақиқ): «Бұл істі қылғаныңа неше жыл болды?» – деп сұрады.

(Тоқымашы): «Отыз жыл болды», – деді.

Шайқы Шақиқ (Алла одан разы болсын): «Берік бол, бұ істі қойма, сені жұмаққа жетелейді», – деді.

ХИКАЯ: Омар Хаттаб (Алла одан разы болсын) бір мешітке кірді. Бір қауға сақал молдас құрып отырғанын көрді. Омар (Алла одан разы болсын): «Қайдан келдің?» – деді.

(Ол): «Ирак елінен, яғни Ирактан келдім», – деді.

(Омар Хаттаб): «Қандай өнерің бар?» – деп сұрады.

(Ол): «Хабикпін», – деді. Араб тілінде тоқымашы деген мағына береді.

(Омар Хаттаб): «Не үшін келдің?» – деп сұрады.

(Ол): «Үйренгелі келдім, яғни ілім үйренгелі келдім», – деді.

Омар (Алла одан разы болсын) жодастарына бұрылып: «Расул (ғ.с.) ның қашан тоқымашы көрсендер, қашындар дегенін естімедіңдер ме?» – деді. Бәрі қауға сақалдан қашты.

ХИКАЯ: Имам Шайқы Жуйбари (Алла одан разы болсын) бір күні шәкірттерімен отыр еді. Біреу айбаттана есікті қақты. Бұл кім болса да мына төртеудің бірі: не қауға сақал, не тоқымашы, не мұғалім, не жағымсыз хабар әкелген біреу. Көрді, расында солай екен.

Хабарда былай келеді: Адам Сафидің өмірі мың жыл уәделі еді. Мисақ күнінде бастарында нұр шашырайтын бір қауымды көрді. «Ей, Раббым, бұлар кімдер?» – деді.

«Бұлар сенің ұрпағыңның ішіндегі пайғамбарлар», – деді Ол (Алла). Олардың арасында біреуді көрді, бәрінен оның нұры артық еді.

(Адам ата): «Тәңірім, бұл кім?» – деді.

«Дәуіт пайғамбар (ғ.с.)», – деді Ол.

(Адам ата): «Тәңірім, мұның жасы қанша болады?» – деді.

«Алпыс жыл» деген жарлық келді.

(Адам ата): «Жаратушым, мұның жасын ұзарт» деп дұға қылды.

«Тағдыры солай, қалам сонша жазды» деген жарлық келді.

Адам: «Тәңірім, менің өмірім мың жыл. Қырық жылын Дәуітке бердім», – деді. Жарлық болды, бұл сөз куәмен хатқа түсті. Әзірейіл жанын алғалы келгенінде Адам: «Асықпа, тағы қырық жыл өмірім бар», – деді.

Әзірейіл: «Ол қырық жылды Дәуітке бердің», – деді. Адам оны ұмытып еді, есіне түсті. Алла Тағала ол келісімді періштелер куәлігінде жарылқады. Дәуіттің жүз жылы аяқталды. Адам дүниеден өтті. Жеті жылдан кейін Хауаның да өмірі бітті. Осы секілді келісімдер қияметке дейін мирас (болып) қалды. Жебірейіл жұмақтан Адамға кебін кигізді. «Әкеңді жу», – деді Шисқа. Шис жуды.

Кебінге орады, Жебірейілге: «Намаз оқы», – деді. Жебірейіл: «Сен намаз оқы, халифа сенсің», – деді. Үш тәкпірмен сауап артық болсын деп, төрт тәкпірмен намаз оқыды. Содан кейін бұл сүннет: кебіндеу, намаз оқу, жерге көму қияметке дейін сүннет болып қалды. Адамнан кейін қырық бес жылдан соң Шисқа пайғамбарлық келді. Екі жүз жетпіс жыл халықты үгіттеді. Содан соң дүниеден өтті. Одан кейін жұрттың бәрі бұтқа табынушы болды.

Хабарда былай келеді: Шис дүниеден өткен соң, ешкім шарифат сөзін айтушы болмады. Барша шарифатты қойды. Бәрі надан болды. Жаратушыға қалай құлшылық етуді білмеді. Бір күні бір мешітке Адам суретін салып, соған табына бастады. Әркім қалағанынша пұт жасады. Біреу ағаштан, біреу тастан, біреу алтыннан, біреу күмістен. Үш жүз жыл осылайша жасады. Содан кейін Алла Тағала оларға Ыдырыс пайғамбар (ғ.с.) ды жіберді. Бұл қисса мынау.

МЫНАУ ЫДЫРЫС (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Ыдырыс пайғамбар (ғ.с.) – өмірі ұзақ, дидары қайратты, Әзірейілмен тартысқан, Ризуанмен бетпе-бет келген, дүниеден құстай ұшқан, тамұққа кіріп шыққан, Сираттан жылдам өткен,

жұмақ есігін ашқан, өзі әзіз, «*Иннаһу кәнә сиддиқан нәбийән уә рафә'нәһу мәканән 'әлийән*» («Расында ол шыншыл пайғамбар еді және біз оларды биік мәртебеге көтердік»), орны ұлық, пәк затты Ахнух есімді – ЫДЫРЫС ПАЙҒАМБАР (ғ.с.).

Айтайын Ыдырыс пайғамбар сөздерін,
Ақылды ер жан-тәнімен оны тыңдайды.
Ілімі артық ғалым еді құшлылықта екінші,
Даналықпен ұлы ғалым ілімді тез алады.
Ілім, даналық, діндарлық, пәктік пен амал сабағы,
Құлшылығына барша әлем біл мұны әркез таңдайды.
Өзі білген ілімін өзге ешкім білмеді,
Көп қылшылық қылғанын тек халық тыңдайды.
Өліп-тірілді, тамұққа кірді, шықты ол және,
Жұмаққа кірді, қалды бір күн онда, мұңаяр.

Аты Ахнух еді, көп сабақ оқығаны үшін аталды. Өзі тірі еді, ең алғаш киім киген сол еді. Әрбір ине қадағанда тәспі айтатын. Бәрінің құлшылығы қандай болса, оның құлшылығы да соншалықты еді. Барлық періштелер оның құлшылығын таңдайтын. Періштелерің бірі Ыдырысты көруге құштар еді. Кейбір ғалымдардың айтуынша, (ол періште) Әзірейіл еді. Кейбірі басқа періште екенін айтады. Алла Тағаладан Ыдырысты көруге рұқсат сұрады. Ыдырысты келіп көрді. Ыдырыс ораза ұстап жүр еді. Ауыз ашатын уақытта жұмақтан несібе келді.

Ыдырыс: «Кел, тамақ же», – деді.

(Періште): «Жемеймін», – деді. Періште екенін білмеді. Төрт күн Ыдырыспен тұрды, еш нәрсе жемеді. Ыдырыс: «Далаға шығайық, көңілің ашылсын», – деп, далаға шығып, егін екті. Періште: «Мына егіннен егейік», – деді. «Субханаллаһи, халалға кел дедім келмедің, неге мені харамға үгіттейсің». Одан өтті. Бір жүзім көрді. Періште: «Үзіп алып жесем бола ма?» – деді. Ыдырыс жаңағы жауапты айтты. Содан кейін бір семіз қойды көрді. Періште жаңағы сөзді айтты. Ыдырыс (тағы) солай жауап берді. Ыдырыс оның адамзат баласы емес екенін біліп: «Адамсың ба әлде періштемісің?» – деп сұрады.

«Періштемін, сені қалап едім, Алла Тағаладан сені көруге рұқсат сұрадым», – деді.

Ыдырыс: «Бұл кереметің құрметі үшін мені өзіңмен бірге көкке алып шық, сондағы ғажайыптарды көрейін, тағы да құлшылығым көбейсін», – деді.

Періште: «Бұған шамам жоқ, Жаратушыдан рұқсат сұрайын», – деді. Жарлық (рұқсат) келді. Төртінші қабат көкке келді. Әзірейілді сонда көріп: «Ей, Әзірейіл, жан беру ащылығын есітіп едім, менің жанымды ал, жан берудің ащылығының қандай болатынын біліп, соған лайықты құлшылық етейін», – деді.

Әзірейіл: «Бұл менің құзырымдағы іс емес. Жаратушыдан сұрап көрейін», – деді. Жарлық келді (рұқсат болды). Ыдырыстың жанын алды. Кейін Алла Тағалаға: «Менің махаббатым үшін Ыдырысты тірілт», – деп қатты жалынды. Алла Тағала Ыдырысты тірілтті. Және Әзірейілге: «Мені тамұққа кіргіз, ондағы қорқынышты азаптарды көрейін», – деді. Әзірейіл: «Бұл менің қолымда емес», – деді. Жаратушыдан жарлық болды, тамұққа кірді. Тамұқтың азаптарын көрді. Тағы: «Мені жұмаққа кіргіз, нығметтерін көрейін», – деді. Әзірейіл: «Ол менің құзырымдағы іс емес», – деді. Жаратушыдан жарлық келді, жұмақ есігінің алдына келгенде Әзірейіл: «Кір, бірақ қайта шығатын бол», – деді. Ыдырыс (шартын) қабылдады, нығметтерін көргенінде шығуды қаламады. Шарттың бұзылуын лайық деп таппастан, қулыққа көшті. Аяғындағы кебісін бір ағаштың түбіне қалдырды. Содан кейін шықты. Кейін «Кебісімді қалдырыппын» деп өкінді. Айламен қайта кірді. Әзірейіл бір сағат, екі сағат күтті. Қайтып шықпады.

Әзірейіл: «Неге шықпайсың?» – деді.

Ыдырыс: «Сөзімде тұрып шықтым, енді шықпаймын», – деді. Бір ағашты ұстап, Әзірейілмен сөз жарыстырды. Тағы бір періште келіп: «Ей, Ыдырыс, кіруге әлі уақыт болған жоқ», – деді.

Ыдырыс: «Маған уақыт келді, себебі *«Кулли нәфсин зәйқату әл-мәути»* («Барлық жаны бар нәрсе өлім татиды (өледі»)). Мен өлдім *«Уә ин минкум иллә уәридуһә»* («Сендердің әрқайсысың, әрине, оның (тозақтың) алдына келесіңдер») мен де кірдім». Тағы айтты. Және басқа жерде: *«Уә мәһум минһә бимухражин»* («Олар ол жерден шығарылмайды»), – деген. «Кірдім, шықпаймын», – деді. Жұмақ ішінен: *«Садақа 'әбди хәллу бәйни йә бәйнәһу фи әл-жәннәти»* («Менің пендем дұрыс айтады, оны тыныш қойыңдар, менің мейіріміммен жаннатқа кірсін»), яғни «Менің құлым рас сөйледі. Қойыңдар, жұмақта қалсын. Менің жарлығыммен кірді» деген дауыс естілді. Ыдырыс бүгін де жұмақта (тұрады). Кейбір ғалымдардың айтуынша, ол төртінші қабат көкте екен.

Хабарда былай келеді: Төрт пайғамбар тірі. Екеуі көкте – Иса мен Ыдырыс, екеуі жерде – Қызыр мен Илияс (ғ.с.). Алайда бұл төртеуінің үшеуі қайтыс болады, (тек) Ыдырыс өлмейді. Себебі ол бір рет өліп, жұмақта қалды. *«Лимән әл-мулку әл-йәуми лилләһи әл-уәхиди әл-қահһари»* («Бүгін үкім кімнің қолында. Жалғыз Алланың қолында») күніне дейін.

Тағы айтады: Жұмақ халқына өлім жоқ, сондай-ақ тамұқ халқына да өлім жоқ. Өсу мен үрейдің бәрі бар. Алайда сол үшін жұмақ халқына сауап жоқ. Тамұқ халқына азап жоқ. Хорлар (қыздары) мен Ыдырысқа өсу мен үрей жоқ. *«Уаллаһу ә'ләму»* («Алла біледі»).

Қабылдың соқыр баласы бар еді. Сол баласының бір жас ұлы бар еді. Ол да соқыр еді. Әкесі қолын ұстап жүргенде Қабылмен кездесіп қалды. Жас бала әкесіне: «Мына кісі менің немере ағамды өлтірген», – деді. Соқыр таспен Қабылды ұрды. Қабыл өлді. Жас бала: «Әкеңді не үшін өлтірдің» дегенде, тағы бір тас алып, жас баланы (өз баласын) да таспен ұрып өлтірді. Сол кезде періштелер: «Тәңірім, біз Адамды жаратудан бұрын Адам ұрпағы Жин ибн әл-Жан(н) секілді қан төгетінін айтпадық па?» – деді.

«Адам ұлдарын айыптамаңдар. Сендер жер бетінде болсаңдар, солар секілді жаратылғандарында сендер солай істер едіңдер» деген жарлық келді.

(Періштелер): «Алла сақтасын, біз олай істемейміз», – деді.

«Ей, періштелер, сендердің ішінде кім ғалым әрі діндар болса, (бері) әкеліңдер» деген жарлық келді. Үш періштені таңдады. Бірінің аты – Уза, екіншісі – Узая, үшінші Өзасыл еді. Олардың нәпсісін алған Алла Тағала нәпсісін қайтарғанда, олар бұрынғы хәліне қайта келді. Ол екеуі жерде қалды. «Дүниеге барып, маған құлшылық етіңдер, күнәдан қашыңдар, халық арасында туралықты жайыңдар» деген жарлық берді.

«Күш жұмсамаңдар, зина жасамаңдар, қан төкпеңдер, арақ ішпеңдер, қиянат жасамаңдар. Күндіз осы істермен болыңдар (өздеріңді тиыңдар), түнде қиянат жасамаңдар. Күндіз осы істермен болып, түнде көкке көтеріліңдер. Таң атқанша маған құлшылық етіңдер», – деп айтты.

Қолдарында жүзік бар еді. Бір күні бір әйел күйеуімен ұрысып, Узаға келді. Уза ол әйелдің сұлу екенін аңғарды. Ол әйелге жылы шыраймен: «Ей, әйел, сен адасып жүрсің, менімен бірге бол. Мен сенің көңіліңдегідей жасайын», – деді. Әйел де: «Жарайды», – деді. Күйеуі солай істерін білген соң, Узаяға барды. Узая солай деді. Әйел тағы да уәде берді. Келіскен жерге келгенінде уәделескендер жасырмастан, бір-біріне айта бастады. Әйелге кезек келгенінде әйел: «Үш істің бірін жасамасаңдар, сендерге мойынсұнбаймын. Не күйеуімді өлтіресіңдер, не арақ ішесіңдер, не боламаса пұтқа табынасыңдар, немесе қолдарыңдағы жүзікті бересіңдер», – деді. Олар кеңесе келе, егер жүзік берсек, көкке шыға алмай қаламыз, ең оңайы арақ ішу деп шешті. Мас болды. Күйеуін өлтірді, зина да жасады, әйел жүзікті алып, көкке ұшты. Періштелерге пәрмен болды, ол әйелді өлтірді, өзге бейнеге ауысты. Араб тілінде атын Зухра дейтін, парсы тілінде Нахид, ибрит тілінде Бидхут, түркі тілінде Сакит. Жарлық болып, періштелерге аспан есігін ашылып: «Ғалым мен діндарларға қараңдар», – деді. Бәрі тәубеге келді. «Тәңірім, сен бізден артық білесің», – деді. Уза мен Узая мастығы тараған соң қолдарындағы қанды көрді, зина жасағандарын, арақ ішкендерін, жүзіктен айрылғандарын

білді. «Күзыретте қаражүзді болдық» деп қайғырып жылады. Алла Тағала бізді бес нәрседен қайтарды: қан төгуден, өсім жеуден, зина жасаудан, күш көрсетуден (зорлық жасаудан), арак ішуден. Бұл істерді жасадық деп, Адам ұрпағы үшін кешірім сұрады: *«Әлләзинә йәхмилунә әл-’әршә уә мән хәуләһу йусәббихунә бихәмди раббиним уә йуминунә биһи уә йәстәғфирунә лилләзинә әмәнү»* («Арсыны көтеріп тұрғандар және оның айналасындағылар Жаратушының мадағы мен тәспісін айтып тұрады және Оған (Аллаға) иман келтіреді және мүміндердің күнәларының кешірілуін сұрайды»). Оған дейін кешірім сұрамайтын еді. «Біз көкте кезімізде жер бетіндегі бір құлдың құлшылығын көкке шығаратын еді. Барша жер халқының құлшылығымен бірдей болатын. Ол кім еді?» – деп сұрады. Ол – Ыдырыс пайғамбар (ғ.с.) еді. Оған барып: «Бізді шапағат ет, бізді Алла Тағала жарылқасын», – деді. Ыдырыс дұға жасады. «Ей, Ыдырыс, оларға айт: дүние азабын қалай ма әлде ақырет азабын (қалай ма)?» деген жарлық келді. Ыдырыс осы сөзді айтқанында: «Ей, Ыдырыс, барша азабын қабылдайық, айтып бер», – деді. Ыдырыс: «Ақырет азабы мәңгілік, дүние азабын қалаңдар», – деді. Жебірейіл келіп оларды Бабыл құдығына алып барды. Қылмен асып қойды. Екінті намазынан кейін күн шапағы батқанша қинайды. Кейбіреулер: «Таң атқанша арпалысар дейді. Ол жерден оларды көрдім. Құдық ішінде әлі күнге асылып тұр. Жер бетіндегі барлық жаман, сасық иістілер түтін болып мұрындарына кіреді», – дейді.

Тағы бір риуаятта Ибрахим ән-Нәфәфи екінті намазын кештеу өтейтін. Сұрағанда, «Оларға азап жеңілдеу болу үшін», – деді.

Тағы (біреулер) бір жылда олардың зина жасайтын уақыты болса, жадыгөйлікті үйренуді қалаған адам бір қараңғы түнде сонда тұрады дейді. Олардың тілдерінде сөйлеседі екен. Олар: «Мұны үйрену күнә, қолдану күпір», – дейді. Қабылдамаса: «Барып күнәһарға көргенінді айтып бер», – дейді. Күнәһарға барып жырлайды. Бір ақ көгершін ауыздарынан шығар. Келіп оларға айтып береді екен.

«Ақ көгершін сенің иманың еді, сенен айырылды, енді үйренесің», – дейді. Жадыгөйлікті үйренсе және онымен амал етсе, Алла Тағалаға кәпір болатындығы (діннен шығатындығы) белгілі болды. Содан кейін періште атын алып, оларды Харут пен Мәрут деп атады.

НҰХ ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Ол – *«Инни ләкум нәзирун мубинун»* («Әрине, мен сендер үшін анық қорқытушымын (ескертушімін)») деп қауымын үгіттеген, *«Фә қулту истәғфиру раббикум иннәһу кәнә гаффәран»* («Раббыларыңнан кешірім сұраңдар, сөз жоқ, Ол күнәларды кешіруші») деп мінажат қылған, кәпірлер қолында пәк құлдар себебінен *«Рабби лә тәзәр ’әлә әл-әрзи мин әл-кәфиринә дәййәран»* («Ей, Раббым, жер бетінде бірде-бір кәпірді қалдырма») деп дұға қылған, *«Фә әнжәйнәһу уә мән мә’әһу фи әл-фулки»* («Кейін Біз оны және онымен бірге болғандарды құтқарып қалдық») шарапаты болған, *«Йә, Нуху ихбит бисәләмин миннә»* («Ей, Нұх, Біздің тарапымыздан амандықпен түскен») шапанын киген, *«Сәләмун ’әлә Нухин фи әл-әләминә»* («Нұх қауымы әлемде аман болсын») жарлығын есіткен – НҰХ ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.).

Өлең:

Күнбатыстан күншығысқа Нұх пайғамбар насихаты,
Елу мыңнан аз жыл еді ол пайғамбарлық кезеңі.
Күндіз-түні өзі жалғыз қайғы-қасырет тартып,
Құлақ аспас кәпірлер ішінде күнде асты бейнеті.
Хаққа *«Рабби ләтәзәр»* («Раббым, қалдырма») деп жалынып
қылды дұға,
Бұ дұға қабыл болудан қырық жыл еді уақыты.
Дін үшін көп қиналып, таратты Хақ жарлығын,

Бізге өкініш еңбек ішінде қалмады еш төзімі.
«Уәснә' ал-фулкә» («Кеме жаса») әмірімен жасады үш
қабатты бір кеме,
Оны мінді халыққа жеткенде топан судың айбаты.
Жауды жанбыр, соқты жел, астан-кестен алты ай,
Көрсө осылай бұдан артық Жаратушымыздың күдіреті.
Өзі қалды, үш ұл һәм үш келін жетегі,
Барша өлді, сап тиылды күпір, жамандық, зұлматы.

Ыдырыс ұлы Мәнусалық Мәлік ұлы Нұх (ғ.с.). Анасының аты Шамха бинт Анурш еді. Адам (ата) ға дейін он ата еді, бәрі мұсылман болатын. (Шын) есімі Яшқир, қайғырып жылай берген соң Нұх аталды. Қайғыруына мынандай жағдай себеп болғандығы айтылады: Бір күні Ібіліс: «Ей, Нұх, мен туралы іс қылдың. Егер істерім, жолдастарым, серігім жиылып келсе де, бұл жерде білмес еді», – деді. Нұх: «Қалай ол...?» – деді. Ібіліс: «Сен дұға жасадың, қауымың опат болды. Бәрі тозақта менімен жолдас болды. Сабыр қылғаныңда біреуі иман келтіріп, саған еретін еді», – деді. Нұх (ғ.с.) күні-түн қайғырды. «Е..., сабыр қылғанымда, біреуі иман келтіретін еді, маған мұншалықты ауыр тимейтін еді», – деп өкінді.

Нұх батыстан шығысқа дейін барша халыққа пайғамбар еді. (Жер бетінде) халықтан бос бір қарыс та орын жоқ еді. Бір кесек жерден үш жүз жүк бидай шығатын еді, жүз батпан бидай бір жылға азық болатын.

Хикая қылады: Шығыстан батысқа дейін үздіксіз үй еді, шатырдан-шатырға (жүріп) шығыстан батысқа дейін барса болатын. Жер бетінде астық, диқаншылықтан (бос) жер қалмады. Қара малға топырақ артып, биік таулардың басына төгіп, егін егетін.

Хикаяда былай келеді: Шығыстан батысқа дейін қай жерге таяқ тастаса да, адамның басына түсетін. (Егер) мысық шатырдан-шатырға секіріп жүрсе жүз иғаш (шамамен 6 км келетін өлшем бірлігі) жүретіндігі тағы бір деректе айтылады. Гүлденгені соншалық, жалғыз Алланың бірлігін мойындамады. Нұх уақытындағы гүлдену қияметке дейін болмайды.

(Тағы бір деректе) айтылады: Жебірейіл (Нұхқа) пайғамбарлық әкелді. Нұх: «Дүние өте кең, кәпірлер көп. Мен қайда барып Сенің бірлігіңді айтайын», – деді. «Ей, Нұх, сенен айту, Менен естірту» деген жарлық келді. Нұх иманға шақырды. Нұхтың күнде шығып: «Иман етіндер, Жаратушының бірлігін мойындаңдар, менің пайғамбарлығым сеніңдер» деген сөзін жел шығыстан батысқа дейін жеткізетін. Кәпірлер Нұхты ұра бастады. Қатты ұрғаны соншалық, сүйектері сынды. Қанар ішінде бөздей қақсағанындай, сүйектері тері ішінде солай қақсайтын. Жамбастаса түнде Алла Тағала шипа беретін. Күнде Жебірейіл келіп: «Ей, Нұх, кәпірлерге барып *«Лә иләһә иллаллаһу Нухун расулуллаһты» («Алладан басқа тәңірі жоқ, Нұх Алланың елиісі»)* айт» дейтін. Барып айтатын, олар ұратын. Нұх: «Тәңірім, күндіз-түні сенің жарлығыңды айттым, тыңдамады, ашық айттым, есітпеді. Сыр ішінде кеңес бердім (астарлап айттым), қабылдамады. *«Рабби инни дәәуту қауми ләйлән уә нәһәран фә ләм йәзидһум ду'әий иллә фираран» («Ей, Жаратушым, мен қауымымды күндіз-түні (дінге) шақырдым, алайда менің үгіт-насихатым олардың ашуын одан әрі арттырды»)*.

Елу мыңнан аз жыл үгіттеді, сексен адам мұсылман болып, иман келтірді. Жартысы ер адам, жартысы әйел кісіден басқа ешкім мұсылман болмады. Күн сайын еңбегі ауырлай берді. Нұхтың әйелі кәпір еді. Бір күні бір қария бір баласын жетектеп Нұхқа келді. Нұхтың жүзіне түкіріп, білімен балағаттады. Ол баласына қарап: «Мына Нұх жыңды. Аталарымыз мұның сөзін тыңдамады. Бүгін мен қалай істесем, сен де менен кейін солай істе», – деп өсиет қылды. Нұх оны көрді, сөзін есітті, үмітін бүтіндей үзді. Намысқа тиді, дұға қылып: «Тәңірім, бірде-бір кәпірді жер бетінде тірі қалдырма», – деді. *«Рабби лә тәзәр 'әлә әл-әрзи мин әл-кәфиринә дәийәран» («Ей, Раббым, жер бетінде бірде-бір кәпірді қалдырма»)*. Алла Тағала қырық жыл

жаңбыр бермеді, жерден өнім шығармады, әйелге ұл-қыз туғызбады. Қара малдың бәрі өлді, мүмкіндіктері жойылды.

Хабарда былай келеді: Ауж ибн Үнұқ топанда опат болмады. Себебі «дәийәр» тобында болмады. Дәийәр – тұрғын, ғимарат деген мағына береді. Ауждың үйі – баспанасы жоқ еді, теңіз жағасында тұратын. Топан су тізеден аспады. Сонда Нұхқа: «Дұғанды қабыл алдым, барып шынар ағашын ек» деген дауыс келді. Терек ағашын да деді. Нұх ағаш отырғызды. Қырық жылда үш ағаш өсті. Ағашты кесті, ешкім әкеле алмады. Аужды жұмсады. Ол ағашты сүйреп алып келді. Жебірейіл Нұхқа үйретті. Ағашты балтамен жарды. Суда жүзіп жүрген үйректі көрсетті. Соған ұқсаған кеме жасай бастады. Кәпірлер оны көріп күлетін еді. *«Сиртә нәжжәран бә'дә мән кунтә нәбийән» («Сен пайғамбар едің, енді ұста болып қалдың»).* (Олар): «Осы күнге дейін пайғамбар едің, енді ұста болдың ба? Мұны не істейсің?» – деп сұраса: «Кеме жасаймын, үстіне мініп суда жүземін» (деп жауап беретін). Кәпірлер: «Ер жасап жатсың ба? Әуелі есек ал», – деп күлетін еді. Алла Тағала: *«Уә кулләмә мәрра 'әләйһи мәләун мин қаумиһи сәхиру минһу» («Оның қасынан қауымының басшылары өтсе, оны келемеждейтін»),* – дейді. Нұх: «Сендер бізді келемеждейсіндер, Алланың азабы келгенде біз сендерді келемеждейміз», – деп жауап беретін. *«Қалә ин тәсхәру миннә фә иннә нәсхәру минкум кәмә тәсхәрунә фә сәуфә тә'ләмунә» («Ол (Нұх): «Егер сендер бізді келемеждесеңдер, біздер де сендер келемеждегендей келемеждейміз. Өте жақын арада білесіндер (кімнің хақ екендігін»).* Нұх: «Топан уәдесі қашан болады?» – деп сұрады. «Қашан сенің тандырыңның ішінде су пайда болса, сонда азапты жіберемін» деген жарлық келді.

Кеме үш қабат еді: бірінші қабат – қара мал, екінші қабат – Нұх қауымы, үшінші қабат – аң-құстар үшін. Нұхтың Сам, Хам, Яфес және Кенан атты төрт ұлы бар еді. Кеме жасады. Ұзындығы үш жүз қари, екі жүз қари еді. Кейбіреулер ұзындығы мың екі жүз қари, ені алты жүз қари, биіктігі алты жүз қари еді дейді. Жүз жиырма төрт мың темір бау (қазық) жасады. Әрбір бауда бір пайғамбардың аты жазулы еді. «Мухәммәдун Расуллуллаһи» аты жазылған темір бауды Ібіліс ұрлады. Нұх қанша іздесе де таба алмады. Жебірейіл келіп, хабар берді. Нұхқа бер десе, алмадым деп ант-су ішті. Жебірейілдің ашуы келді. Кеменің бір ағашын алып, басына ұрды. Бас-көзі қанға боялды. Қорыққанынан берді. Кеме жасалып болғанда, Нұхтың кәпір әйелі тандыр ішіне нан пісірерде тандыр ішінен су шықты. Келіп Нұхқа айтты. Нұх сексен мүмін адаммен кемеге мінді. Төрт ұлы бар еді. Сам, Хам және Яфес мұсылман еді. Кенан кәпір еді. «Әрбір жануардан бір жұптан алып кемеге кіргіз. Тұқымы жойылмасын, бір еркек, бір ұрғашыдан. *«Фә услук фиһә мин кулли зәужәйни иснәйни уә әхләкә» («Кемеге әр түрлі жануардан бір еркек, бір ұрғашыдан кіргіз және отбасыңды да»).* Және ұлдарыңды да кіргіз». Нұх: «Тәңірім, ұшар (кұсты), жүйрік жануарларды қалай ұстаймын?» – деді. Су бетіне барша жануарлар жиылды. Әрбірінен бір еркек, бір ұрғашыдан алып кемеге жайғастырды. Ұлы Кенанды мінгізейін деп жатқанда: «Кіргізбе, (ол) кәпір» деген жарлық келді.

(Нұх): «Тәңірім, отбасыңды кіргіз деп Сен айттың», – деді.

«Ол сенің отбасың емес» деген жарлық келді.

Нұх: «Ей, Кенан, мұсылман бол, кемеге мін, топан су опат етпесін», – деді.

Кенан: «Мен биік тауларға сиынамын. Тау мені судан құтқарады», – деді. *«Қалә сә'әуи илә жәбәлин йә'симуни мин әл-мә'и» («Ол: «Мен бір тау жақты паналаймын, ол мені судан құтқарады»).*

Нұх: «Бүгін Алладан басқа ешкім де құтқара алмайды», – деді. *«Қалә лә әсимә әл-йәумә мин әмрилләһи иллә мән рахимә» («(Нұх): «Бүгін Алланың азабынан құтқаратын ешкім жоқ, тек Алланың мейіріміне бөленгендер ғана аман қалады», – деді»).* Бұл сөзді айтып бола бергенде су да келді. Кенан опат болатынын білген соң қашып, тауға шықты. Су келді, табанына тиді. Ұлы бар еді, оны аяғымен таптап төбесіне шықты. Ұлы өлді, өзі де суға шөкті, имансыз өтті.

Кейбіреулер «ең бірінші кемеге кірген шымал еді, ең соңынан кірген есек еді» дейді. Есекті сүйреді, кемеге кірмеді, себебі оның құйрығынан Ібіліс тартып тұр еді. Болмаған соң Нұх: «Неше шайтан сенімен бірге болса да, кір», – деді.

(Тағы) біреулер, Нұх қатулана есекке: «Ей, малғұн, кір» дегенінде, Ібіліс есектің құйрығымен ұстап кемеге кірді дейді. Нұх Ібілісті кемеге көргенінде: «Ей, малғұн, кімнің жарлығымен кірдің?» – деп сұрады.

Ібіліс: «Сенің сөзің, жарлығыңмен кірдім», – деді.

Нұх: «Саған кір деп қашан айттым?» – деді.

Ібіліс: «Кір, ей, малғұн, деп айттың. Малғұн есек емес, менмін», – деді.

Мәлік ибн Сүлеймен әл-Хирауий (оған Алланың мейірімі болсын) айтуынша, Нұх пайғамбар адамға зияны болар деп, жылан мен шаянды кемеге алмаған. «Кім сенің атыңды оқыса, оған ешбір зиян тигізбейміз», – деді. (Егер) жылан, шаяннан қорықса *«Сәләмун 'әлә Нухин фи әл-'әләминә иннә кәзәликә әл-мухсининә иннәһу мин 'ибәдинә әл-мумининә»* («Әлемде Нұх пайғамбардың отбасына сәлем (амандық) болсын. Әрине, Біз ізгі амал жасаушыларды осылай сүйінішілейміз. Расында ол Біздің мүмін пенделерімізден еді») (дұғасын) оқып жатсын деген сөз бар.

Нұх: «Тәңірім, арыстан – сиырмен, қасқыр – қоймен, мысық көгершінмен жау, не істейін?» – деді. «Олардың арасына дұшпандықты салған кім?» – деген жарлық келді. «Сенен жарлық келді, көре алмаушылық, дұшпандық білдірген іздегенін тапты», – деді. Барлық нәрсені (кемеге) мінгізді. Және: «Адамның (Адам атаның) сүйегін алып кел, азап суы тимесін» деген жарлық келді. Адамның мүрдесін алып келіп кемеге салды. Бір жағында ер адамдар, бір жағында әйелдер еді. Адам (ата) мүрдесі ортада шымылдық болды.

Тағы бір риуаятта (кемені) Жуди тауына тоқтатты дейді, алайда ет-терісі Сарандибта, сүйектері Жудиде.

Су кеменің шетіне жеткенде Нұх қанша тырысса да, кеме қозғалмады. Жебірейіл: «Ей, Нұх, төрт жағынан төрт көзді атымен қой», – деді. Қойып еді, кеме қозғалды. Бір көзді Атиқ (яғни Әбу Бәкір), екінші көзді Омар, үшінші көзді Оспан, төртінші көзді Әли еді деген сөз бар. *«Тәжри биә'юнунә жәзән ли мән кәнә куфира»* («Өтірікшісің делінген адамға (яғни Нұх пайғамбарға) сый болғанынша, кеме көз алдымызда жүзетін еді»). Ирактан мінді, Меккеге барды. Жеті жыл тауаф қылды. Содан Батысқа, кейін Шығысқа барды. Режеп айының оны күні кемеге мініп еді. Алты ай кемеге болды. Қырық күн-түн жаңбыр жауды, жерден су шықты. *«Фә фәтәхнә әбуәбә әс-сәмәи би мәин мунхәмирин уә фәжжәрнә әл-әрзә 'уйунән»* («Аспан есіктерін төгіп құятын суға ашып қойдық және жерден бұлақтарды шығардық»).

Хабарда былай келеді: Нұхқа пайғамбарлық келгенде (ол) жүз жаста еді. Тоғыз жүз елу жыл (Алла дінін) насихаттады. Тағы бір риуаятта төрт жүз жаста еді делінеді. Топан судан кейін үш жүз елу жыл жасады. Бәрі (бәрін қосқанда) мың жеті жүз жыл. Қырық тәулік жаңбыр жауды дейді. Әрбір тамшысы диірмен тасындай еді. Дүниеде қандай биік тау болса, соның басына қырық қари су жиналды. Кемедегі сексен адамнан басқа дүниеде ешкім тірі қалмады, бәрі қайтыс болды.

Хабарда былай келеді: Үш нәрсе жоқ еді. Кемеге, дарияда болды. Бірінші – мысық, екінші – тышқан, үшінші – доңыз. Тышқан пайда болып, кемені тесе бастады. (Алладан) жарлық болды, Нұх қолымен арыстанның басын сипады. Мұрнынан екі мысық шықты. Ол тышқанды жеді.

Тағы (бірде) айтылады: Тышқан кемені тескенде адамдарда үрей пайда болып, тесікті бітеу қолдан келмеді.

Нұх: «Кім мына тесікті бітесе, соған қалағанын беремін», – деді.

Жылан: «Мен мыналарды бекітейін, су кірмейді. (Сосын) іштегі суларды шығарсын», – деді. «Маған не бересің?» – деді және жылан.

Нұх: «Не қалайсың?» – деді.

Жылан: «Ненің еті тәтті болса, соны бер», – деді. Нұх (ұсынысын) қабылдады. Жылан суға кіріп, тесіктің үстіне жатты, су тоқтады. Ішіндегі суды сыртқа шығарды. Су мәселесі шешілді. Кемеден шыққан соң, жылан келіп Нұхтан (баяғы сұраған) етті сұрады. Нұх: «Барлық жануарлар шықты, жайылып кетті, ет қайдан болсын», – деді. Жылан қатты қалағанда Нұх (ғ.с.) масаға: «Барып, жер бетіндегі барша еттің дәмін тат, жыланға берейік», – деді. Маса барды, кешікті. Жылан сұрады. Нұх ұялғаннан қарлығашты масаны іздеуге жіберді. Қарлығаш келіп, масаны тапты. «Неге кешігіп жүрсің?» дегенде, маса: «Жер беті үлкен екен, айналып кеш қалдым», – деді.

Қарлығаш: «Еттерді жеп көрдің бе? Ненің еті дәмді екен?» – деп сұрады.

Маса: «Бәрінен де адамның еті тәтті екен», – деді.

Қарлығаш: «Ол еттің дәмі аузыңда бар болар, аузыңды ашшы, көрейін», – деді. Маса аузын ашты, қарлығаш масаның аузын іздеген болып, тілін жұлып алды. Содан бері маса тілсіз қалды.

Екеуі Нұх пайғамбарға келді. Масадан қанша сұраса да, сөйлей алмады. Мазасыз ызыңдады. Қарлығаштан: «Неге сөйлемейді?» – деп сұрады. Қарлығаш: «Менімен сөйлескенде барлық нәрсенің ішінде су бақасының еті тәтті екенін айтты. Кешіккенінен қорқып, сөйлей алмай тұр», – деді. Нұх (ғ.с.) бақаның етін жыланға берді. Егер қарлығаш сол күні ізгі іс жасамағанда, біз – барша адамзат жыланға жем болатын едік.

Және мақсатқа (өз сөзімізге) қайтайық. Нұх (ғ.с.) кемедегілерге: «Жұптарыңызбен шағылыспандар, бала-шаға болса, кемеге симайды», деп айтатын еді. Ешкім де жұптаспайтын (шағылыспайтын). Бір мысық жұбымен шағылысып тұрған итті көрді. Келіп Нұхқа айтты. Иттен сұрағанда, ит: «Шағылыспадым» деп мойындамады. Мысық куә бола алмады, өкінді. Біраз уақыттан кейін иттің шағылысып тұрғанын мысық және көрді. Мысық Аллаға: «Тәңірім, бұл ит сенің пайғамбарыңа жалған сөйлейді және мойындамайды. Құдіретіңмен мұны осы жағдайда біраз ұстай тұр, мен барып Нұхқа хабар берейін, өзі келіп көрсін», – деп жалынды. Жаратушы оның дұғасын қабылдады. Нұх келіп көргенше ит сол қалпы қалды. Нұх келіп көрді, ит қатты ұялды. Бүгінге дейін итке сол іс мирас болып қалды. «Мені Нұхқа жамандады. Тәңірім, оны да масқара қыл» деп, ит те дұға жасады. Алла Тағала иттің тілегін орындамады. Қашан мысықтар жұптаспақшы болса, сондай жаман дауыс шығарады. Оны барлық халық біледі. Бұдан кім біреудің айыбын ашса, ол да сол айыпқа ортақтасатыны белгілі болды.

Адамдар мен қара малдардың нәжістері кемеге толды. Әбігерге салған уақытта: «Нұх (ғ.с.) інгеннің арқасынан сипасын» деген жарлық болды. Сипап еді, құйрығын қозғалтып, артынан доңыз шықты. Нәжістердің бәрін жеді. «Бүгінде доңыз етінің харам болуы сол себептен» деген сөз бар. Алты айдан кейін Аужға: «Кемені сүйре», – деді. Кеменің астын ұстауға ешкімнің шамасы келмейтін. Аужды оны ұстау үшін кіргізді. Алла Тағала (оны) опат етпеді. Содан кейін *«Уә қилә йә әрзу иблә'и мәки уә йә сәмәу әқли'и»* («Ей, жер, суыңды жұт, ей, аспан жаууды тоқтат, деп (жарлық) етілді»). «Суыңды жұт». Көкке жарлық болды: «Уә истәуәт 'әлә әл-жудий» («Және кеме Жуди тауының үстіне тоқтады»). «Енді жерге жаума». Жаңбыр жаумады, су тартылды. Су жер бетіне сіңді. Жер – домалақ, төңірегі тау. Су тартылғанда тау үстіне қарай жол алды. Төрт жағынан Қап тауына ұрғанда тоқтады. Жердің төңірегі мұхит дариясы болды. Мұхиттан мұхитқа жалғасқан сулар теңіз дариясы болды. Жер бетінде таулар, сайлар, көлдер сол топан суы кезде пайда болған, ал теңіздердің ащылығы мен сасықтығы сол топанда қайтыс болғандардан (салдарынан) еді. «Мен Нұх кемесін тауға тоқтатамын» деген дауыс келді. Барша таулар «Кеме бізге тоқтайды» деп таласты. Жуди тауы барлық таудан аласа еді. «Маған мұндай құрмет қайдан болсын» деп өзін кішіпейіл ұстады. Жаратушы оны жіберді. Кеме оған шайқалумен құрметтелді.

Нұх (ғ.с.): «Судың деңгейі қандай, жер ашылды ма, кім барып хабар алып келеді?!» – деді.

Қара қарға: «Мен барайын», – деді.

Нұх: «Біреуді кепілдікке қой», – деді. Қораз кепіл болды. Қарға барды, өліктер көп екен. Соларды жеп кешікті. Қораз көшеге шығу үшін кемеге кіріп, кеменің үстіне шығып, қанат қағып

іздей бастады. Қарға қайтып келмеді. Нұх (ғ.с.) тауықты алып қалды. Сол себептен тауық ұшпайтын болып, адамдармен бірге қалды деген сөз бар. *«Әл-кәфәләту әуәлуһә маләмәтун уә әусәтуһә нәдәмәтун уә әхируһә ғарамәттун фә мән ләм йусаддиқ фә әл-йүжәрриб»* («Кепілдік (яғни бір нәрсеге кепіл болу) басы мәміле, ортасы өкініш, ал соңы төлем төлеу. Кімде-кім сенбесе сынап көрсін»), кепілдіктің басы мәміле, ортасы өкініш, соңы төлем. Кімде-кім сенбесе, сынап (тәжірибе жасап) көрсін. Нұх (ғ.с.) қарғаға дұға қылды. Алла Тағала алдында ауыр машақатта, үреймен өмірі аяқталды. Ол жолда бара жатып, оң-солына қарайтын.

Содан кейін Нұх (ғ.с.) бір хабар алып кел деп, көгершінді жіберді. Барды, суы сіңген бір сай жер бар еді, сонда қонды, аяғы балшық болды. Сол сәтте-ақ қайтып келді. Аяғындағы балшықты көрсетті. Ол балшық аяғында түк болды. Бүгінде аяғы түктілер соның ұрпағы.

Тағы бір риуаятта: Көгершін келіп, суы құрғаған жерге қонды. Азап суы сасық болғаны үшін, аяғы қызыл болды деген сөз бар. Тұмсығымен зәйтүн ағашының жапырағын алып келді. Нұхқа көрсетті. Нұх оған (оның құрметіне): «Адамзат саған мейірімшіл болып, үйінен орын берсін», – деп дұға жасады. Көгершін: «Тағы бұйымтайым бар», – деді. Нұх дұға жасады. Алла Тағала мойнына бір алқа кереметін жасады.

Нұхқа кемеден түс деген жарлық болғанда *«Йә Нуху иқбит би сәләмин минәә»* («Ей, Нұх, Бізден болған амандықпен түс»), Нұх кемеден шықты. Сол күні сексен адам – қырық ер адам және қырық әйел Шам аймағындағы теңіз жағасына бір кент тұрғызды. Оны «Қарият ус-сәмәнинә» деп атады. Алты ай су ішінде жүргенде жел соқпап еді. Бірден шығып жел соққанда, жараспады. Әлсіреді. Жеті адамнан басқасының бәрі қайтыс болды. Тек Нұх ұлдары және үш келіні қалды. Жер бетінде бұл жеті адамнан басқа ешкім қалмады. Бүгінгі жақсы-жаман, мұсылман-кәпір халықтың бәрі Нұх ұрпағынан тарады. Үлкен ұлы Сам, ортаншысы Хам, үшіншісі Яфес. Бір күні Нұх (ғ.с.) жатқанында, жел соқты. Нұхтың етегі ашылып, әуреті көрінді. Хам оны көріп қалды. Сам Хамның бетіне басты. Яфес оны көріп, киімімен жапты. Алла Тағала сол жазасы үшін Хамның беліндегі ұрығын қара қылды. Ұрпағы қара (нәсілді) болды. Ұялғаннан әйелі қолын алды. Теңіз жағасында бөлініп, қамыстан үй жасады. Осылайша одан үнділер, хабашилар, негрлер тарады. Алайда араб пен ажам халқы Самнан тарады. Хамды Үндістанға жіберді. Самды араб пен ажам аймағына жіберді. Яфесті Түркістан жаққа жіберді. Барша түркілер Яфестен тарады. Осы жолмен түркілер құрметті және сыйлы болды. Осы туралы Әбу Исхак Нишапури құрастырған «Қиссаси әл-әнбия» ішінде жазылған.

Кейбір ғалымдар Йәжүж-Мәжүждің Яфес ұрпағынан тарағанын айтады.

Қағб риуаят етеді: Адам ұйықтағанында түс көрді. Ұрығы жерге тамды, топыраққа сіңді. Алла Тағала ол судан Йәжүж-Мәжүжді жаратты. Бізге ата жағынан қосылып, бауыр болады. Алайда Хауа жағынан қосылмайды, өгей.

Абдулла ибн Аббас (Алла одан разы болсын) Адам ұлдарының он топқа бөлінетінін, соның тоғызы Йәжүж-Мәжүж, қалған бір тобына барша адамзат баласы жататынын айтады.

ХИКАЯ: Нұхтың бір қызы бар еді. Біреу қолын сұрап келгенде, берейін деді. Тағы біреу келді, оған да беремін деді. Және біреу сұрап келгенде, оған да беретінін айтты. Төртінші адам келгенде, оған да беремін деді. Баршасы қызды алғалы келді. Нұх (ғ.с.) қайғырып, үйіне кірді. Үйінде бір қаншық иті және бір қомағай есегі бар еді. Алла Тағаланың құдіретімен екеуі қыз болды. Жұмақтан бір хор қызы келді. Бұл төрт қызды төрт күйеуге берді. Бәрі де әдемі еді. Өз қызын тани алмады. Бірнеше күн өткен соң қыздарын көргелі барды.

Бір күйеу баласынан: «Жұбайыңмен қалайсың?» – деп сұрады.

«Жақсы, тек ішіп-жемейді», – деді. Нұх оның хор қызы екенін білді. Екінші күйеу баласына келіп: «Жұбайыңмен қалайсың?» – деді. «Қаншық», – деді. Нұх оның ит екенін білді. Үшіншіге барып: «Жұбайыңмен қалайсың?» – деп сұрады. «Жейді-ішеді, есектей жатады», – деді. Нұх оның есек екенін білді. Төртіншіге барып: «Жұбайыңмен қалайсың?» – деп сұрады. «Мен одан разымын, пайғамбарлар ұрпағы», – деді. Нұх (ғ.с.) оның өз қызы екенін білді. Алып келген сыйлығын соған берді.

Хабарда былай келеді: Бір күні Жебірейіл келді. Нұхтың өмірі соңына таяғанда: «Ей, Нұх, пайғамбарлардың ішінде сенің өмірің ұзақ болды. Дүниені қалай ұқтың?» – деп сұрады. Нұх: «Дүние екі есікті сарайға ұқсайды. Біріншісінен кірдім, ал екіншісінен шықтым», – деді.

Нұх жүз жасқа келгенінде пайғамбарлық келгені айтылады. Елу мыңнан аз жыл (Алла дініне) үгіттеді. Топан судан кейін үш жүз жыл жасады. Тағы бірде Адамнан топан суға дейін екі мың екі жүз жыл өткені айтылады. Содан соң Нұх дүниеден өтті. Үш жүз жыл халық Нұхтың шарифатымен жүрді. Көпшілігі кәпір болды. Шарифатты ұстанушы ешкім қалмады. Үш жүз жылдан кейін Хұт пайғамбар келді.

АУЖ ИБН УНУҚ ҚИССАСЫ

Унуқ Адамның қызы еді. Ауж ибн Унуқтың ұлы еді. Бойы ұзын еді. Топанда суға шөкпеді, себебі топан су оның тізесіне жетпеді. Тау үстінде отырып, теңізден қолымен балық ұстап, оны күнге қарсы ұстап, пісіріп жейтін. Ар-ұятты еді. Өте әділ болатын. Үлкен жастағы әйел алды. Бір жас қызды алды. Адамзат баласы көрмейтін, жан-жануар жетпейтін бір биік тастың үстіне қойды. Есейгенде Ауж одан қашып кетті. Таудың бір жағына келді. Қыздың көзі бір жігітке түсіп, соған ғашық болды. Жігіт те оны ұнатып қалды. Қосылуға шара болмады. Жігіт бір кемпірге мұнын айтты. Кемпір: «Бір ағашқа сен кіргенше сандық жасат. Аузын құлыппен бекітіп қойсын. Сен оған кір», – деді. Біреу сол сандықты көтеріп, таудың етегіне қойды. Кемпір сандықтың жанында отырды. Ауж келгенде кемпір жылап: «Ей, ұлым, сандықтың ішінде біреудің аманаты бар. Саған берейін. Басқаларға сенбеймін», – деді. Ауж оны алып, әйелінің қасына қойып, кетіп қалды. Әйел сандықтың құлын ашып, жігітті шығарды. Бірнеше күн бірге болды. Біраз уақыттан кейін Ауж қайтып келді. Жерге біреудің түкіргенін көрді. «Мұны кім істеді?» – деп сұрады.

Әйелі: «Мен істедім», – деді.

«Онда тағы істеші», – деді Ауж. Істеп еді, оған ұқсамады. Ауж: «Бүгін шындықтан басқа ешкім құтқара алмас», – деді. Әйел қорыққанынан шынын айтты. Ауж оны (жігітті) сандықтан шығарып, әйелімен қойды. Кемпірді іздеп барды. Алып келді, отырғызды. Үстіне дәрет сындырып еді, нәжістің астында қалып өлді.

Риуаят етеді: Қайсы елге өкпелесе, бір аяғын кенттің бір басына, екінші аяғын кенттің мына басына қоятын да, кенттің үстіне дәрет сындыратын, түскен нәжістен барлық тұрғындары қайтыс болатын.

ХИКАЯ: Ауж, Мұса Кәлім заманына дейін өмір сүрді. Төрт иғаш (шамамен 6 км келетін өлшем бірлігі) жерді алып тұрған Мұсаның әскерін көрді. Сол кезде әскердің көлеміндей бір тауды басына дейін көтеріп әскердің үстіне тастағалы тұрғанда, Алла Тағала хұдхұд құсын жіберді. (Хұдхұд) келіп Ауждың басы тұсынан ол тауды тесті. Басы тауға кіріп, мойнына алқа болды. Одан кейін Мұсаға «ұр» деген жарлық болды. Мұсамен соғыса алмады. Мұсаның бойы он екі қари еді. Таяғы да соншалықты еді. Ол жүгіріп оны екі қари тағы секіріп ұрды, басына тиді. Ауж жерге құлады. Мұса қауымы жабылып өлтірді. Бір аяғын алды. Ұзындығы төрт иғаштық жер еді. Теңізге көпір жасады деген сөз бар.

ХҰТ (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Нұх (ғ.с.) ұлы Сам ұлы Ирам ұлы Ауаз ұлы Ад ұлы әл-Жұлұт ұлы Риях ұлы Абдулла ұлы Хұт (ғ.с.). Бес пайғамбардың арабтан шыққандығы айтылады. Олар: Худ, Салих, Шис, Исмайыл және Мұхаммед (ғ.с.).

Ол – «Уә илә 'әдин әхәһум Һудән» («Және Ад қауымына олардың бауыры Хұтты (жібердік)») шапанын киген, «Йә қауми у'буду Аллаһа» («Ей, менің қауымым, Аллаға құлшылық етіндер») деп жарлық жеткізген, «Йә, Һуду мә житәнә бибәйинәтин» («Олар: «Ей, Хұт, сен бізге ешбір айғақ әкелмедің») айғағын есіткен, «Фә и'тинә бимә тә'идунә» («Уәде қылған нәрсеңді алып кел») сөзін тыңдаған, «Уә убәллиғукум мә урсилту биһи» («Және мен сендерге алып келген нәрсемді жеткізудемін») деп сөйлеген, «Уә ләкинни әракум қаумән тәжхәлуна» («Алайда сендерді надан халық көремін») деп жауабын берген – ХҰТ (ғ.с.).

Нұхтан кейін Хұт пайғамбар болды үш жүз жыл өтіп,
Жүрер еді көп халайық шарифаттан қашып.
Күндіз-түні Хұт жеткізді Тәңіріміздің жарлығын,
«Сегіз жұмаққа кіргін» деп, хақты жалғаннан айырып.
Раббыдан танып, жолдан азып, ұсынбады дінге мойын,
Хақтан қашып, халыққа жалынып, пұтқа сиынып, арақ ішіп.
Алмады Хұттың сөзін, қайтпады Жаратушыға,
Ешкім де айтпаған сөз айтты сондай ғажап.
Айтты: «Йә, қауми у'бәдуллаһа» («Ей, қауымым, Аллаға құлшылық етіндер»), Одан өзге Тәңірі жоқ,
Сиынған Хақ құзыретіне жылады жасын төгіп.
Жағдайы ушыққанда үн жеткізді жалынып,
Айтты еңіреп: «Әнтә рабби қадирун хайшун мужиб».
(«Сен Жаратушымы, құдіреттісің, тірісің һәм тілектерді орындаушысың»)
Жеті түн, сегіз күнде Жаратушы опат етті халықты,
Шаршап-шалдықса да адтықтарға жол ашып.

Хұт пайғамбар (ғ.с.) тоғыз жасында Ад қауымына келді «Уә илә 'әдин әхәһум Һудән» («Және Ад қауымына олардың бауыры Хұтты (жібердік)»).

(Кейбіреулер) «Ад – патшалықтың аты» десе, (енді біреулер) «Және қауымның аты», «Елдің аты», «Олардың атасының аты» дейді. Нұх (ғ.с.) ұлы Сам ұлы Ерам ұлы Ад тұрған жерлерінде Ахнақ қауымының түйелері бар еді. Хұт сол түйелерге мініп барып, оларды иманға, исламға шақыратын еді. Олар Хұтты түйеден құлатып: «Сен бізді құдайларымыздан айыруға келдің бе?» – дейтін. «Ә житәнә литәфикәнә ән әлихәтәнә» («Сен бізді құдайларымыздың құлшылығынан қайтару үшін келдің бе?»). Бәрі ұзын бойлы еді. Төрт жүз қари бойлары басына дейін секіріп тепкенде, тізелеріне дейін жететін еді. Бойларына, күштеріне жараса пұттар жасайтын. Күштеріне сеніп: «Біздей күшті бар ма екен?» – деп масаттанатын. «Мән әшәдду миннә қууәтән» («Бізден күшті кім бар?»). Бойы үш жүз қари болатын алтыннан, күмістен пұттар жасады. Хұт оларға: «Йә, қауми у'будуллаһа мә ләкум мин иләһун ғайруһу» («Ей, қауымым, Аллаға асығыңдар, сендер үшін Одан басқа құдай жоқ» дегенінде, (олар): «Рас сөйлесең, азап жібер», – деп қабылдамайтын. Хұт: «Азаптың келетінін Алла біледі. «Иннә мә әл-илму 'индаллаһи» («Оны білу тек Алланың құзырында»). Асырмаймын, сендерге жеткізушімін. «Убәллиғукум мә урсилту биһи» («Мен сендерге алып келген нәрсемді жеткіземін»), сендерді мойынсынбаушы ретінде көрудемін. «Уә ләкинни әракум қаумән тәжхәлуна» («Алайда сендерді надан қауым (ретінде) көремін»), – деді.

Барша халық тәкаппар еді. Биік қабырғалар тұрғызып, әдемі көріну үшін биік жартастарға сарайлар салатын. Әлсіз майда халықтарды келеке етіп, басынатын. Оларды сол себепті

адтықтар деп атады, арабша өте ұсақ деген сөз. Олар және бес ерекшелігі жағынан өзге халықтардың айырмашылығы бар еді: күшті, бойлы, нығмет, уақыт және күнәһар.

Хұт: «Қорқындар, тәубеге келіндер, олай болмаған жағдайда сендерді апатқа ұшыратады», – деді.

(Олар): «Сенің Тәңірің бізді немен өлтіреді?» – деді.

Хұт (ғ.с.): «Ол сендерге жел болып келіп, бәріңді де дауылмен апатқа ұшыратады», – деп тілімен ысылдап көрсетті. Хұттың ол іс-әрекетінен пайда болмады. (Олардың) ұлдары есейген сайын бұзылды. Қырық жеті жыл үгіттеді, тыңдамады. «Біз сенің сөзіңе бола құдайларымыздан бас тартпаймыз», – деді. Жиналып: «Бізге жел келеді дейді, дайындалайық», – деп кеңесіп, дайындалып, әбігерге түсті. Ұл-қыздарын, қара малдарын тауға жіберді. Бір ауыртпашылық бола қалса, олардың әдеті Меккеге адам жіберіп, құрбандық шалып, жалынып-жалбарынатын. Бұл жолы Мазид ибн Сағд, Лұқпан ибн Ад (бұл хәкім Лұқпан емес, басқа адам) және Қайыл ибн Омар үшеуін аттандырды. Олар басқа жолдастарымен бірге Меккеге барды. Бұл Мазид пен Лұқпан екеуі іштей мұсылман еді. Меккеде олардың Муауия атты туыстары бар еді. Мал-дүниесі бар, қолы ашық еді. Оның үйінде қонақ болды. Бір ай ішіп-жеп, араққа тойып, әнге құмартып, ойын-сауыққа батты. Хұт пайғамбардың дұғасымен оларға Алла Тағала үш ай бойына жаңбыр бермеді, әлсіреді. Үшеуі құрбандық шалып, жаңбыр тілеу үшін барып еді. Муауия олардан жалығып, екі әншіге қарап: «Сен екеуің ән айтып, би билегендеріңде (олардың) жаңбыр тілеуге келгендерін, кешігіп жатқандарын айтып беріңдер. Соны түсініп, үйлеріңе қайтсын», – деді. Әншілер солай ән айтты. Олар мұны есітіп, не үшін келгендері естеріне түсті. Қағбаға келіп, құрбандық шалды. Қайыл: «*Аллаһумма ин кәнә Һудун садиқан фә исқинә*» («*Ей, Алла, егер Хұттың айтқандары рас болса, онда бізді суғар (су бер)*»), – деді. Алла Тағала үш түрлі бұлт жіберді: ақ, қызыл және қара. «Ей, Қайыл, мына бұлттардың біреуін таңда» деген дауыс есітілді. Қайыл бұлттарға қарап: «Ақ бұлтта еш нәрсе жоқ, қызыл бұлтта не барын білмеймін, қара бұлт жаңбырлы болар», – деп, соны таңдады. Ол азап бұлты еді. «*Ихтәрту рамадан*» («*Мен құлды ықтияр қылдым*») деген дауыс есітілді.

Оның мағынасы мынау: Қара бұлтты қаладың, (енді) Адта ешкім тірі қалмайды, әке баласы қырылады. Бәнү Лудия деп, егер ұрпағы қалса, оларға қалар. Бұлар Адтың басынан емес, Адтың соңынан деді.

Мазид ибн Сағд: «Тәңірім, мен олардың дінінде емеспін. Сенің дінінде ұста», – деді.

Лұқпан ибн Ад: «Тәңірім, маған ұзақ жас бер», – деді.

«Неше жас қалайсың?» – деді.

«Каркастың (өлекселермен күн көретін жыртқыш құс) жасы керек», – деді. Әрбір каркас үш жүз жыл жасайды. Лұқпан бір каркас баласын алып қартайғанша асырады, тағы біреуін солай асырады. Лубид атты шымалға ұласты. Өлімі жақындаған уақытта тау басына алып барып, солармен бірге ұшсын деп, басқа каркастардың арасына қойды. Басқалар ұшты, Лубид қалды, сол жерде бірден өлді. Лұқпан да жан берді.

Ол қара бұлтта жетпіс мың найзағай ойнайтын еді. Әрбір найзағай жетпіс екі періштенің қолында еді. Хазрамаут жеріне келді. Ең бірінші Миз деген бір кемпір көрді. Сол үшін жеті түн, сегіз күнді «Әйиәми әжуз» («Мыстан кемпір күндері») деп атайды. Жебірейіл Алланың жарлығымен желге жауапты болған періштеге: «Желдің есігін аш», – деді. «Қанша ашайын?» – деді. Жебірейіл: «Сиыр мұрнының тесігіндей», – деді.

«Сондай көлемде ашсам, жер бетінде, тау-топырақ, теңіз, ағаштар қалмайды», – деді періште.

«Бір кішкентай жүзіктей», – деді. Періште жаңағыдай жауап берді. «Иненің көзіндей аш», – деді. Ашып еді, қатты жел тұрды. «*Уә әммә 'Әдун фә ухлику би рихин сәрсәрин 'әтийәтин*» («*Алайда Ад (қауымы) болса, олар өте тез соғатын суық желмен апатқа ұшыратылды*»). Араб тілінде «'адий» – өте шығу деген мағына береді, яғни періштелердің сөзінен өте кешті. Амалиқа оты зиян тигізбеді.

Одан кейін (жел) қаттырақ соқты. Хұттың айналасына бір сызық тартылды. Хұтка зияндық болмады. Сол сәтте жел жетіп келді. *«Хәрракәтнә риху Худ» («Біздерді Хұттың желі теңселтті»)*, яғни *«Хұттың желі бізді теңселте бастады»*, – деді. Содан соң жел сай-шұңқырға кірді. Аяқтарын тізелеріне дейін жерге, тасқа көмді. Жел келіп, аяқтары астына кірді, топырақтарды аша бастады. Әуелі терілерін тілді, еттерін тазалап алды. Тек сүйектері қалды. Содан кейін киімдері шешілді. Біразы тау үңгірлеріне кіріп жасырынды. Жел онда да кіріп көтеріп шығарып, үй шатырларына соғып опат етті. Содан соң сүйектерін сайларға көмді. Ол топырақтарды үстіне бастырып тастады. Топырақтың астында қалды. Қалхан атты күшті біреу бар еді. Ол: *«Мен барайын, желді тоқтатайын, бәрін құтқарайын»* деп келді. Жел шыққан жолды екі қолымен ұстады. Қолын шынтағына дейін тасқа көмді. Көкірегін желге берді. Жан дауысы шығып, айқайлап: *«Ләм йәбқа иллә Халхан» («Қалхан (есімді батырдан)нан басқа ешкім қалмады»)*, – деді. Жел оны тасымен бірге көтерді. Аспанға көтеріп, тасқа ұрып опат етті. Олардың арасына (бірге) көмді. Содан кейін құм, топырақтарды төбеге жиды. Жел сәрсенбі күні басталды. Жеті түн, сегіз күн соқты. Және сәрсенбі күні ақшам уақытында басылды. Ол жеті түн, сегіз күнге *«Әйиәми әжуз» («Мыстан кемпір күндері»)* деп атайды. *«Уә әммә 'Әдун фә ухликә би рихин сәрсәрин 'әтийәтин сәххәраһә 'әләйһим сәб'ә ләйәлин уә сәмәнийәтә әйиәмин хусумән» («Алайда Ад (қауымы) болса, олар өте тез соғатын желмен апатқа ұшыратылды. Алла желді олардың үстіне жеті түн, сегіз күн бойына соғатын етіп қойған еді»)*.

Хұт (ғ.с.) үңгірден шығып, оларға келді. Топырақтың астында бәрі тірідей жылап-еніреп, бірінің дауысын бірі есітіп, мына пәленше, мынау төленше деп жатты. Ол туралы Алла Тағала хабар береді. *«Кә-әннәһум ә'жәзу нәхлин хәуийәтин» («Олар құрма ағашының іші кәуек төңкелеріне ұқсайтын еді»)*, қырық тәулік бойына топырақ астында еңіреп жатты. Содан кейін Ад хабарын оларға біреу айтып берді. Мазид пен Лұқпан екеуі Аллаға шүкіршілік қылды. Қайыл оны есітіп қайғырып: *«Ей, көк Тәңір, егер бұл сөз рас болса, мені де опат қыл»*, – деді. Жел келіп, Қайылды көтеріп, аспанға ұшырды да, жерге соғып опат етті. Одан кейін елу жыл өтті.

САЛИХ ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

«Уә илә Сәмудә әхәһум Салихән» («Және Самуд (тайпасына) олардың бауыры Салихты (жібердік»), шапанын киген, *«Фәстәғфируһу суммә тубу иләйһи» («Одан кешірім сұраңдар, кейін Оған тәубе етіңдер»)* деп, қауымына үгіт-насихат берген, *«Әтәнһәнә ән нә'будә мә йә'буду әбәунә» («Сен бізді ата-бабаларымыз құлшылық етіп келген нәрсеге құлшылық етуден қайтармақшысың ба?»)* жауабын естіген, *«Фә қалә ләһум расулуллаһи нәқаталлаһи уә суқйәһә» («Оларға Алланың елшісі айтты: Алланың түйесін және оның ішкен уақытын (құрметтеңдер»)* ұсынысы болған, тастан дұға жасап інген шығарған, *«Рабби қарибун мужибун» («Расында менің Жаратушыым жақын, қабыл етуші»)* деп, Хақ дінге шақырған – САЛИХ ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.).

Ақыл салып келгін, тыңда, Салих пайғамбар қиссасын,
 Болғанын бастан-аяқ айтайын мен баршасын.
 Хақ пайғамбарлық бергенінде тез жүгірді қауымына,
 Жүрді күн-түн, алды Самуттың тайпасын.
 Қылды иман үгітін, жасады бір мұғжиза,
 Болды Хақтан, шықты інген жарып таудың арасын.
 Бота туды, барша сонда оны таңдана көрді,
 Күн кезектеп су тасыды ішті әркім үлесін.

(Бас) тартты Хақтан баршасы, қылды көп күнә іс,
Ұқпастан Салих сөзін һәм осы інген қиссасын.
Келді жүгіріп екі тоқымашы, бір аяғын кесті олар,
Ботасы еңіреп қайтты асты үш майын.
Үш күн ішінде болды сары, қызыл және қап-қара,
Қүдіретімен Жаратушы Қадыр жазалады баршасын.

Нұх (ғ.с.) ұлы Сам ұлы Ерам ұлы Ад ұлы Самут ұлы Хам ұлы Фасих ұлы Асаф ұлы Убай ұлы Салих (ғ.с.). Ад және Самут екі патша еді. Нұх ұлы Сам ұлдарынан осы екеуінен көп ұрпағы болды. Ад және Самут тайпалары Нұх ұрпағынан. Ад тайпасы (кейіннен) Самут тайпасы аталды. Хұт қауымы Ад бірінші болды. Самут тайпасы – Ад тайпасының соңы. Ад халқы Самут халқынан көбірек еді. Сам мен Хижаз арасында Жахд жерінде отыратын еді. Самут халқы Ад халқындай ұзын бойлы еді. Таулар ішінде үңгір қазып үйлер салатын. *«Уә кәну йәттәхизунә мин әл-жибәли буйутән әминин» («Олар тыныштықта тұру үшін тауларға үйлер салатын»)*. Бір биік тау етегінде олардың суы бар еді, оларға тап болғанша барша пұттарға сыйынатын. Алла Тағала Салихты оларға жіберді. *«Уә илә Сәмудә әхәһум Салихән» («Сәмуд қауымына олардың бауыры Салихты жібердік»)*. Салих олардың ұрпағы болғаны үшін «әхәһум» («олардың бауыры») деп жарылқады. Салих оларды мұсылмандыққа шақырды. Салихқа пайғамбарлық келместен бұрын (қауымдастары) біздің пұтқа табын дейтін еді. Салих көнбесе, әлі кішкентай, есейсе осы жолға кірер дейтін. Пайғамбарлық келген соң, «пұтқа табынбандар, мұсылман болыңдар» деді. «Ей, Салих, біз сені дінімізге кіретін шығар деп үміттенетін едік. *«Йә, Салиху қад кунтә финә мәржууән қаблә һәзә» («Ей, Салих, алғашында сен біздің арамызда үміт етілген адам едің»)*. Енді бізге аталарымыздың дінін қойып, басқа дінге шақырасың ба? *«Ә тәнһәнә ән нә'будә мә йә'буду әбәунә» («Сен бізді ата-бабаларымыз табынып келген нәрсеге табынуымызды тоқтатпақшысың ба?»)*. Біз бұл сөзге келмейміз», – деді. *«Уә иннәнә ләфи шәккин миммә тәд'унәнә иләйһи мурибин» («Әрине, біз сен үгіттеп таратып жатқан дінге қатты күмәніміз бар»)*.

Уаһаб ибн әл-Яманий риуаят етеді: Нұх қауымы топанда опат болған соң, Нұхтың үш ұлы қалды. Нұх (ғ.с.) өлерінде ұлдарына өсиет айтты. Әлемнің ортасын Самға берді. Хамды Батысқа жіберді. Яфесті Шығысқа жіберді.

Түркілер Яфес ұрпағы, ал басқалар Сам ұрпағынан екендігі айтылады. Сам Муқаддаса жерінде еді. Самут Хижаз жерінде еді. Әрбір тайпаның патшалары бар болатын. Бұл Самут халқы меккеліктермен шын берілген еді. Меккеде Муауия ибн Бәкір атты үш жүз мың ер әскері бар еді. Хижаз жеріндегі ақсақалдар жиылып: «Бізге бұл дұшпанмен соғысатын бір патша керек» деп кеңесті. Ханда ибн Омар атты біреуді өздеріне патша етіп тағайындады. Патша билікті қолға алған соң, өзіне қызыл алтыннан, екі көзі жақұттан істелген пұт жасап алды. Бұл пұттың төрт беті бар еді. Бірі – адам, бірі – арыстан, бірі – құс, бір ат бейнесінде еді. Бұл пұтқа арнап бір үй тұрғызды. Ұзындығы екі жүз қари, ені жүз қари еді. Шатыры жәзәден (ақық кенінен шығатын ақ, қызыл, сары қалы бар қара тас), ақықтан еді. Бұл үйге жүз есік салды. Қызыл алтын және гауһармен безендірілген алоэ ағашынан бір тақ жасатты. Бір таққа төрт аяқ жасатты: бір аяғы зүміреттен, бір аяғы жәзәден, бір аяғы ақықтан, бір аяғы хрустальдан. Түрлі түсті матамен қаптады. Ол таққа отырды, соған сәжде қылды. Барша тайпаға адам жіберді. Барша патшаларды әскерімен жинады. «Бұл менің құдайым, бұған сәжде қылыңдар», – деді. Патшалар ол төрт жүз есіктен кірді. Ол пұтқа сәжде жасады. Біреуі пұттың аузына қарап: «Мен сізден ризамын», – деп сөйледі. Барлығы сүйсініп басын көтерді. Ханда ибн Омар: «Әр жылы бір рет келіп бұған сәжде қылыңдар», – деді. Самут халқы ол үйден шығып сөйлесті. Бірнешеуі: «Біздің құдайымыздың түрі біз секілді еді», – деді. Айтысты, соғысты, жетпіс мың адам өлді. Бұл хабар Ханда ибн Омарға жетті. Аттанып, оларға келіп: «Қай жағың бұл істі

жасасаңдар да, өздеріне жасадыңдар», – деді. Олар: «Ей, патша, бізге бұл құдай керек емес. Бізді соғысқа мәжбүрледі. Бізді ұрыстырмайтын басқа құдайға табынамыз», – деді.

Пұт жасауға тас әкелу үшін Қарра тауына адам жіберді. Ібіліс (оған Алланың қарғысы болсын) Қарра тауына олардан бұрын келді. Әдемі, таза ақ тасты кесіп қойды. Олар келіп, сол тасты алып барып, пұт қашап алды. Ұзындығы қырық қари, ені сегіз қари еді. Басы алтыннан, көздері жақұттан, тістері інжуден еді. Түрлі киімдер кигізіп, оны таққа отырғызды. Оны Абхар деп атады. «Ей, патша, пұтқа бір адам қызметші болса», – деді. Хан да айналасына қарап еді, Қасур ибн Убайда деген адамға көзі түсті. «Мынау жарайды ма?» – деді. Разы болды. Қасурды ол пұтқа қызметші қылды. Қырық жыл қызмет қылды. Бір күні Ібіліс періштелерден Қасур ұрпағынан Салих атты пайғамбардың шығатынын есітті. Бұл кәпірлер оның қолында. Ол қауымның баршасы ол пұтқа жиналады. Ібіліс (оған Алланың қарғысы болсын) келіп пұттың аузына кірді. Қатты айқайлап: «Ей, менің құлдарым, бұл Қасур менің қызметіме жарамас, оны зынданға тастаңдар», – деді. Оны зынданға тастаған соң, басқа біреуді қызметші етіп қойды. Қасур қырық жыл зынданда жатты. Қырық жылдан кейін Жебірейілге «Қасурды зынданнан шығар» деген (Алладан) жарлық болды. Зынданды екіге жарып: «Ей, Қасур, зынданнан шық», – деді. Қасур зынданнан шықты. Көңілінде: «Қырық жыл Абхарға қызмет еттім, қырық жыл зынданда жаттым. Енді құтылдым. Бұл жерден кетейін» деп түйді. Тауға барды. Тау ішінде бір үңгірге кездесті. Шаршап еді, ұйықтады. (Содан) қырық жыл ұйықтады. Алла Тағала оны бір періштеге қорытты. Қасурдың үйінде Заум есімді әйелі бар еді. (Кейбір деректе есімі Сахур деп айтылады.) Біраз уақыт өткен соң бұл әйел жынды болды. Кезіп жүретін еді. Өзі әдемі болатын. Халық оған мейірім жасады. Бір түні сарайына қарға сияқты бір құс келіп: «Ей, Заум, Қасурды көруді қаласаң, менімен жүр», – деді. Заум артынан жүріп отырды. Үңгірге келді. Құс: «Күйеуіңді шақыр», – деді. Заум бар дауысымен Қасурды шақырды. Үңгір жаңғырды. Қасур: «Кір», – деді. Заум (Сахур) кірді, Қасурды көрді. «Ей, Қасур, бінеше жылдан бері осында екенсің. Неге маған келмедің?» – деді.

Қасур: «Абхар зынданынан құтылып, бір түн мұнда жаттым», – деді.

Заум: «Бір жүз жиырма жылдан бері сен жоқсың», – деді. Осылай сөйлесіп отырғанда Қасурдың әйеліне махаббаты оянды. Екеуі қауышты. Заум Салих пайғамбарға жүкті болды. Сол сәтте Қасур қайтыс болды. Заум қайғылы қайтты. Ол құс: «Бұл үңгірден шық», – деді. Заум шықты. Ол үңгір белгісіз (ғайып) болды.

Құс және: «Ей, Заум, ішіндегі нәрестені қайдан алдың деп, қатты сұраса, оларды осы үңгірге алып кел. Алла Тағала олардың азабынан құтқарады», – деді.

Заум: «Сен қандай құссың?» – деді.

«Мен құзғынмын», – деді.

«Басың неге ағарған?» – деп сұрады.

«Қабылдың Әбілді өлтіруіне мен себеп болдым. Алла Тағала маған қандай жаза береді екен деп ойлаумен басым ағарды», – деді.

«Тұмсығың неге сары?» – деді.

«Жұмақтағы шафраннан жедім», – деді.

«Аяғың неге жасыл?» – деп сұрады және.

«Мың жыл Туба ағашына отырдым», – деді.

«Ішің неге қара?» – деді және.

«Бір күні тамұқтың үстінен өтіп бара жатқанымда, отының ыстығынан осылай болды», – деді. Тағы көрінбей кетті. Заум (яғни Сахур) үйіне келді. Тоғыз айдан кейін мухаррам айының дүйсенбі күні түнде Салих пайғамбар дүниеге келді. Анасы Салихты құндақтап, өз еліне алып барды. «Бұл нәрестені қайдан алдың?» – деп сұрады патша. Заум болған оқиғаны айтып берді. Патша аң-таң қалды. «Ей, патша, маған сенбесең, кел саған көрсетейін», – деді.

Патша ол үңгірге барды. Заум айқайлап Қасурды шақырды. Үңгір ашылды. Екеуі кірді. Алла Тағала Қасурды тұрғызды. «Ей, Жанда, бұл менің балам», – деді де, тағы өлді, күл болды.

Патша аң-таң қалып; «Мен өз көзіммен көрдім, алайда басқалар сенбейді. Сен бұл нәрестені менің есігіме қой. Адамдар келіп асырауға сұрайды. Сонда сен келіп асырауға ал», – деді. Заум солай істеді. Адамдар жиылып келіп, асырауға алатын болды. Заум: «Нәресте есігімде тұр, маған жарасады, мен алайын», – деді. Салихты алып, асырады. Он екі жасында сымбатты болды. Оның көркіне жетер ешкім болмады. (Кімде-кім Салих пайғамбарды, Мұхаммед Расулулланы көрсе танымайтын еді деген сөз бар.) Салих анасының қойларын бағып жүрді. Меккеден Муауия ибн Бәкір үш мың адамымен келді. Хижазды қоршап алды. Салих Муауияны көргелі шықты. Құтқармақ болды. Салих әрбірінің қолын ұстап бір тарапқа тастайтын еді. Олардан бірнеше атты келіп бұларды ұстамақшы болғанда, қатты бір айқайлады. Жебірейіл, Әзірейіл және Микәйіл бір дауыстады. Бәрі құлап өлді. Патшаға хабар жетті. Аттанып келіп, ғажайыптарын көрді. Ат мінгізіп, шапан жапты. Басындағы алтын тәжін Салихқа берді. Дүниеде ең алғаш өз шапанын кигізген Жанда ибн Омар болатын. Әскерге жарлық болғанда, Салихқа сәлемдесуге келгендер патшаның қасына барып отырғысы келсе, Салихты ертіп алатын еді. Бір күні Салих үйінің алдында отыр еді, патшаға сәлем бергелі Жебірейіл (ғ.с.) бір әдемі жігіт бейнесінде келді. Сәлемдесті. Салих не екенін білмеді. Жебірейіл: «Ей, Салих, үйге кір», – деді. Салих үйге кірді. Жебірейіл (ғ.с.) пайғамбарлық берді. «Барып, патшаға айт, Алланың бірлігін, Салих Оның пайғамбары екенін айтсын», – деді. Тағы: «Мынау қате шапанын қой (шеш)», – деді. Шешті. Бір көйлек, шапан киді. Өлгенше Салих пайғамбар сол көйлек, шапанмен жүрді.

Патшаға келіп: «Ей, кәпір, «Лә иләһә иллаллаһу уә инни Салихун расулуллаһи» («Алладан басқа тәңірі жоқ, және мен, Салих, Алланың елшісімін») деп айт», – деді. Патша: «Ей, Салих, менің саған жасаған жақсылықтарымының қайтарымы осы ма еді?» – дегенде, Салих жауап берейін десе, Жебірейіл үндемеді. «Жарайды, елден шық», – деді. Салих ол елден шықты. Қарра тауына барды. Жеті иғаштық жер еді. Салих онда періштелерді көрді. «Ей, Салих, бүгін мұнда бір үй тұрғыз», – деді. Жебірейіл және басқа періштелер Салихқа көмектесті. Ұзындығы үш жүз қари, ені қырық қари бір үй тұрғызды. Үй жанындағы ашық жерлерді жыртты. Оң-солына ағаштар отырғызды. Алтынмен апталған, күміспен қапталған бір қандил (шырақ) жасады. Оның жарығынан жеңіске жететін еді. Ертесіне қауым келіп ол үйді көріп, аң-таң қалды. (Салих) күндіз халықты иманға шақыратын, түнде үйіне келетін еді. Ол елде үш жүз адамнан артық мұсылман болмады.

Салих: «Тәңірім, мен бұлардан үміт үздім», – деді.

Жебірейіл келіп: «Ей, Салих, бұлар үш жүз жылдан бері кәпірлікте болған, аз ғана уақытта иманға келе қоймайды», – деді.

Салих: «Ей, қауым, менің біреуге баратын ісім бар», – деп шықты. Қарра жаққа барды, онда мехраб жасады. Құлшылыққа кірісті. Басын сәждеге қойды. Алла Тағала Салихқа ұйқы берді. Қырық жыл ұйықтады. Ол мұсылман болған үш жүз кісі өлді. Бір күні Салих пайғамбар келгенінде, біздің мұсылман болып жан бергенімізді білсін деп, дүниеден өткеннің атын мына есікке жазатын еді. Жер жүзінде «Лә иләһә иллаллаһ» дейтін адам қалмады. Салих ұйқыдан оянганында, бәрінің қайтыс болғанын көрді. Қырық жыл ұйқыда еді. Төрт жыл Самут халқының ішінде еді. Салих ол тайпадан Алла Тағала бұл қауымға пайғамбар етсе, олардан бірден жіберетін еді, тек Лұт пайғамбар ғаріп еді. Салих оларды иманға шақырды, (ертеңгі) азаптан қорқытты.

Жұмаққа үміттендірді, ізгілікпен үгіттеді, еркін сөйледі, (олар) қабылдамады. Салихты жақтырмайтын болды. Барлығы ақылдасып, «Оны өлтіруге болмас, себебі ол тегі және атағы жағынан бізден жоғары тұрады. (Сондықтан) Салихтың бізден үмітін үзейік» деп шешті. (Сондай-ақ): «Бір нәрсе істейік, ол істі істей алмаса, ұялып өзі-ақ кетіп қалады», – деді.

Олар: «Ей, Салих, сен бізге не дейсің?» – деді.

Салих: «Алла Тағаланың бірлігіне мойынсұныңдар. Жаратқан, нығмет берген Ол. Ад қауымы қабылдамады, жаман пәлелер берді. Хұт қауымы иман келтірмеді, жазалады», – деді.

«Ей, Салих, бізді аталарамыз табынған тәңірімізден қайтарып, басқа тәңірмен қорқытып жатырсың ба? Сөзің рас болса, бізге бір айғақ көрсет», – деді.

Салих: «Не қалайсыңдар?» – деді.

«Біз мейрамымызға шығайық, сен Тәңіріңнен сұра, біз өз тәңірімізден сұрайық. Қайсысы тезірек береді екен, көрейік», – деді. Қасындағылардың бәрі шықты, Салих та барды. Олардың қасында бір жалаңаш тау бар еді. «Мынау таудан бізге бір қызыл түсті інген шығар. Біздің алдымызда боталасын, бізге сүт берсін, ішейік», – деді (олар). Ол тауда Кайна есімді бір көл бар еді. Сулары содан шығатын. Бұлардың аталары Самут бір күні көлдегі бір тастан: «Самут халқы осы тастан опат болады» деген дауыс естіді.

(Олар): «Осы тастан бір інген шығар, қызыл түкті, тілі қара, мойыны жүнді, өркеші түкті, желіні жетілген», – деді.

Салих: «Тәңірім, менен не қалап тұрғанын Сен білесің», – деп дұға қылды. «Ей, Салих, сенің қауымыңның бұл мұғжизаны сұрайтынын білген едік. Біз оны мына тастың ішінде белгілеп қойдық. Сен дұға қыл, Біз береміз» деген жарлық келді. Салих дұға жасады. Ол тас боздай бастады. Олар сұрағандай, бір інген шықты. Бір уақытта інген боталады. Інгеннің ботасы бірден тұрып, шөп жей бастады. (Олар): «*Мә әсхәракә Салиху*» (яғни), «Мықты сиқыршы екенсің» деп, иман келтірмеді. (Кейбір деректе олардың жартысының иман келтіргені, біразының иманға келмегені айтылады.)

Олардың бір құдығы бар еді. Олар келгенше інген ботасымен келіп олардың барлық суын ішті. Ол күні олар сусыз қалды. «Бұл түйе бізге керек емес», – деді олар Салихқа. «Ей, Салих, бұлардың арасына кезек қой. Бір күн бұл судан түйе ішсін, бір күн олар ішсін» деген жарлық келді. «*Уә нәббуһум әннә әлмәә қисмәтун бәйнәһум*» («*Су (дың ішілуі) олардың ортасында бөлінгенінен оларға хабар бер*»).

(Олар) ұсынысты қабылдады. Салих: «Жарлық мынау, бұл түйені кумаңдар, үркітпендер, ұрмаңдар, өлтірмеңдер. Бұл істердің біреуін жасасаңдар, сендерге азап келеді», – деді. Олар қабылдады. Інген олардың арасында отыз жыл тұрды. Олардың кезегі келген күні інген ботасымен тауларда жайылып жүретін еді. Түйенің кезегі келген күні су құдыққа келетін. Түйе ботасымен ішетін. Су және орнына келетін. Олар түйені сауып, ыдыстар толтырып, мың жеті жүз үйлік адам ішіп, бәріне жететін. Алайда қойлары, қара малдары түйеден қорқып үркіп, жайылмайтын еді. Олар түйені қаламайтын болды. «Біз бұл түйені өлтірмейінше, бұдан құтылмаспыз», – деді.

Риуаятта келеді: Салих пайғамбар (ғ.с.): «Сендерде қызыл жүзді, сары шашты, шағыр көзді біреу болса, сол бұл түйені өлтіреді», – деп айтатын еді. Олар сол сияқты нәресте туса, ата-анасына білдірместен оны өлтіретін еді. Тоғыз нәресте туды. Бәрін өлтірді. Ол нәрестелері Салих пайғамбарды өлтіруді қалады. «*Уә кәнә фи әл-мәдинәти тис'әту рахтин йуфсидунә фи әл-әрзи уә лә йуслихунә*» («*Сол қалада тоғыз (пасық) бар еді. Олар жер бетінде жаман істер істейтін еді және түзетпейтін еді*»).

Салих айтқан сипатты тағы бір нәресте туды. Бірақ ақсүйектердің ұлы еді. Бәрі жиылып оны өлтіруге келді. Әкесі: «Бұл сөз жалған, Салих сендерді алдаған», – деді. Сөздері өтпеді. Содан кейін нәресте өлтіру қалды. Ол нәрестені Қазар деп атады. Әкесінің аты Салиф еді. Жиырма жасқа келгенде Салих: «Адам ұлдарының ішінде бұдан бұзық ешкім жоқ еді», – деді. «*Из инбә'әсә әшқәһә*» («*Олардың ең сормандайлары тұрған уақытта*»).

Риуаятта келеді: Ол тоғыз адам тоқымашы еді. Үлкендері Қазар ибн Салиф және Мастах ибн Дахр еді. Олармен бірге екі жаман адам бар еді, біреуінің аты Абира, екіншісі Судуқ екендігі айтылады (тағы бір деректе). Абира кемпір еді, алайда екі сұлу қызы бар еді. Және екі жауыз ер адам бар еді, біреуі – Мусдиғ, екіншісі – Қазар ибн Салиф. Ол екі әйелді бұлар жақсы көретін еді. Түнде оларға келіп, тамақ сұрады.

Судуқ: «Бүгін түйенің кезегі. Тамақ істеуге суымыз жоқ», – деді.

Абира: «Біздің күшіміз жетсе, бұл түйені өлтіретін едік. Біздің арамызда ер адам жоқ, ер адам болса бұл түйені өлтіретін еді», – деді.

Қазар ибн Салиф: «Мен ол түйені өлтірсем не бересің?» – деді.

Судук: «Қане, өзімді саған беремін», – деп бетін аша берді. Сондай әдемі еді, Қазар ғашық болды. Және Абира Мусдиғқа: «Мен мына қыздарымның бірін саған беремін», – деді. Арак алып келді. Бұл екеуіне берді, мас қылды. Көмекші, қару алды. Түйенің келер жолын тосып отырды. Түйе келген уақытта Қазар атып шығып, қылышпен аяғын шапты. Түйе ұшып түсті. Мусдиғ басын бір-ақ шапты. Түйе жығылды. Қазар ибн Салиф түйені өлтірді. Төрт жақтан халық жиналды. Етін бөлшектеп бөліп алды. *«Фә кәззәбуһу фә әқаруһә» («Олар оны (Салихты) өтірікші деді және түйенің аяғын шапты»)*. Қазар ботасын өлтірмек болғанында, бота тауға қарай қашып кетті. Үш рет қатты бөкірді. Ол анасы шыққан тауға қайта кірді. Салих пайғамбар (ғ.с.) түгінді көріп келді. Оларды көріп: «Бота қайда?» – деп сұрағанында, «Үш рет бөкірді», – деп жауап берді. Салих: «Үш рет бөкіргені үш нәрсенің белгісі. Үш күнде азап келер», – деді. «Ол азаптың нышаны не?» – деп сұрады. «Алғашқы күні жүздеріңіз сарғаяды, екінші күні қызарады, үшінші күні қараяды, (сонда) азап жетеді», – деді. Салих солай дегенінде, түйе өлтіргендер: «Түйені жабылып өлтірдік, бізге азап келместен бұрын Салихты да өлтірейік. Сөзі рас болса, бізден бұрын өлетін болады, жалған болса, ол өледі, біз қаламыз», – деді. Ол түні Салихты аңдып өлтірмекке бел байлады. *«Тәқасәму билләһи ләнубәйтәннәһу уә әһләһу» («Тәңірі атымен ант ішіңдер, біз, әрине, оны және оның жанұясын түнде басып қаламыз»)*. Барып, тас түбінде жатты. Алланың жарлығымен ол тас домалап, бәрін де опат етті. *«Уә мәкәру мәкран уә мәкәрнә уә һум лә йәш'урун. Фәнзур кәйфә кәнә 'әқибәту мәкрийим әннә дәммәрнәһум уә қаумәһум әжмә'инә» («Олар (өздері білгендерінше) бір айла жасады, біз де оларға қарсы ойластырдық және олар бұны білмейтін еді. Олардың айдаларының салдары қалай болғанын қара. Біз оларды және қауымының бәрін опат еттік»)*.

Тағы бір риуаятта (олардың) түнде келіп Салихты өлтірмекке бел байлағанда, Алла Тағала періштелерді жіберіп, бәрін таспен ұрып өлтіргендігі баяндалады. *«Уә һәм лә йәш'урун» («Олар бұны білмейтін еді»)*.

Ертесіне олар келмеген соң Самут халқы Салихқа келіп: «Оларды сен өлтіріпсің», – деп Салихқа жабылды. Салих та қолдарына қару алған, оларға қарсы ұмтылып: «Салих сендерді қинамады, сендерге азап уәдесін берді. Үш күнде ол азап сендерге келмесе, не қылсандар да еріктерің», – деді. *«Уә кәнә фи әл-мәдинәти тис'әту рахтин йуфсидунә фи әл-әрзи уә лә йуслихунә» («Сол қалада тоғыз (пасық) бар еді. Олар жер бетінде жаман істер істейтін еді және түзетпейтін еді»)*.

Ертесіне бәрінің беті сарғайғанын көрді. Азаптың келгенін білді. «Салихты өлтірейік» деп іздей бастады. Салих олардан қашты. Бір Әбу Уаһһаб лақапты Сақил атты біреудің үйіне келді. Ол кәпір екен. Салихты жасырды. Қанша сұраса да айтпады. Салихтың адамдарын ұра бастады. «Салихты бізге тауып беріңдер», – деді. Мисрағ ибн Харам деген бір адам «Әбул Уаһһабтың үйінде» деп, айтып берді. Әбул Уаһһабқа барып: «Салих сенің үйінде ме?» – деп сұрады. «Бар, бірақ сендерге бермеймін», – деді.

Олар қайтты. Өз істерімен әуре болды. Ертесіне жүздері қызарды. Үшінші күні қарайды. Жексенбі күні Салихқа иман келтіргендер үйіне келді. Олармен бірге шығып, Палестинаға барды. Олардың жүздері де қарайғанын көргенде, біразы қорқып, өздеріне көр қазып, кебіндерін киіп, көрлеріне кіріп отырды. Алла Тағала Жебірейілге жарлық берді. Түйе өлтірген жерге келіп қатты бір айқайлады. Бәрінің жүрегі жарылып өлді, тамұққа аттанды. Жалғыз Зурайта атты біреу қалып, қашып шықты. Сырттағыларға хабар берді. Су сұрады, берді. Су ішкен жерінде тас тиіп өлді. Салих олардан көңіл үзіп: «Тәңірім, маған жарлық бер. Жер бетінде бір ізгі құл сұрайын. Көңілімдегі мұңдарымды шағайын», – деп сұрады. «Бар» деген жарлық болды. Салих біреуді іздеп жер жаһанды кезді, намаз оқып тұрған біреуді кездестірді.

Оған келіп сәлем берді. «Неге жалғыз өзін Тәңірге жалбарынып тұрсың?» – деп сұрады. «Бұл жерде бір үлкен шаһар бар еді. Оның халқы барша халықтан ұятсыз, қатыгез еді. Алла Тағала бұл шаһарды тұрғындарымен бірге жер астына жұтты. Менен басқа Тәңірге мойынсұнған ешкім жоқ еді. Маған көмектесті (құтылуыма). Сол үшін де шүкіршілік етіп құлшылық жасаудамын», – деді. Салих кейін кетті. Бір биік тауға барды. Намаз оқып тұрған біреуді көрді. Салих сәлем беріп, жағдайын сұрады. (Ол): «Бірнеше халықпен бірге кемеге міндік. Бір теңіз жағасында халық бар еді, тура жолда жүрмейтін, кәпір еді. Алла Тағала бәрін де суға шөктірді. Мен жалғыз қалдым. Енді Хақ Тағалаға шүкіршілік етіп жатырмын», – деді. Тағы жүрді. Тағы бір теңіз жағасындағы қалаға келді. Екі ағайындыдан басқасының бәрі де кәпір еді. Құрма ағашынан бұйым тоқып, соны сатып, біразын өз жарақтарына пайдаланатын да, қалғанын дәруіштерге беретін еді. Салих оларға келді. Қатты бір дауыс есітілді. «Бұл не?» – деп сұрады.

(Олар): «Бұл жерде бір сазан жылан бар, теңізден шығар. Ақшам болғанда кімді болса да жейді», – деді.

Салих: «Оны өлтірсем, мына халық маған не береді?» – деді. Бұл екі ағайынды ол шаһар халқына: «Біреу келіп айтып жатыр. Оны өлтірсе жарты малымызды береміз», – деді. Салих қабыл алды, екі ракағат намаз оқып, дұға жасады. Ол жылан жарылып өлді. Олар малының жарымын берді. Әкеліп Салихқа берді. Салих алмады. Оны екі ағайындыға берді. Олар алмады. Салих ол малды иелеріне (қайтарып) берді. Басын сәждеге қойып, Жаратқанға шүкіршілік қылды. Алла Тағала: «Ей, Салих, жер бетінде менің құлдарым бар, дүние олармен қайта тұрады» деген жарлық жіберді.

Мақатил айтады: Салих халқынан жетпіс адам иманға келді. Хұт халқында да сонша еді. Хұт пен Салих дүниеден өткенінде, олар жер бетіне тарады. Біразы Жабилға түсті, біразы Жабилисаға түсті. Бұ Жабил мен Жабилиса деген қалалардың бірі – шығыста, бірі батыста еді. Бәрі имансыздар. Бұл мүміндер онда болмағанда еді, Алла Тағала бәрін де опат ететін еді. Олар Нұх ұлы Яфес ұлы Барс ұрпағынан. Көпшілігі Йәжүж-Мәжүж. Бәрі дозақтықтар. Бұл екі шаһардың дарбазасы бар. Әр дарбазадан тағы бір дарбазаға дейін бір иғаштық жер еді. Әрбір есікте түнде жетпіс мың адам күзетте тұрады. Тірі тұрғанда ешкім де өте алмас. Хұт пен Салихтан кейін бәрі де мүлікке (патшалыққа) таласты. Арабта ең алғаш барша әлемді ұстаған Кенан ұлы Намрұт еді.

(Кейбіреулер) Жебірейіл Салих қауымына айқайлағанда, бәрі де өлді дейді. Аяқтарының астынан от шығып, бәрін де өртеді дейді. *«Иннә әрсәлнә 'әләйһим сәйхәтән уәхидәтән фә кәну кәхәшимми әл-мұхтәзири» («Расында, біз оларға бір дауыс жібердік, олар малханада хайуандар астында қалып, езілген шөптей болып қалды»).*

(Енді біреулер) далада түйеге, қойға мал қора жасайтын арабтың әдеті бар еді дейді. Қиды, кепкен жем-шөпті мал қораның ішіне төсейтін. Қара мал соның үстіне жататын. Аяқ астында езіліп-жаншылатын еді. Алла Тағала Самут халқын соған ұқсатып *«Фә кәну кәхәшимми әл-мұхтәзири» («Олар малханада хайуандар астында қалып езілген шөптей болып қалды»)* деп жарылқады.

Тағы бір риуаятта Абдулла ибн Аббас (Алла одан разы болсын): Хақ Тағала екі халықты бір азаппен опат қылмады. Тек Салих қауымы мен Шұғайып қауымын отпен опат қылды. Айырмашылығы: Салих халқына от аяқтарының астынан шықты. Шұғайып халқына от аспаннан түсті. Содан соң Салих Шам аймағына барды, сонда қалды. Он сегіз жыл жасады. Тағы бір риуаятта қырық жыл делінеді. Салихтан кейін Ибрахим пайғамбарға дейін ешбір пайғамбар шықпады.

ИБРАХИМ (Ғ.С.) МЕН НАМРҰТ (ОҒАН ЛАҒЫНЕТ БОЛСЫН) ҚИССАСЫ

Ол – қарғыс атқыр Намрұттың пәлесіне жолыққан, *«Хәрриқуһу уәнсуру әлихәтәкум» («Оны өртеңдер және медет беріңдер тәңірлеріңе»)* уын ішкен, *«Хәсби ән суәли 'илмуһу биһәли» («Оның (Алланың) менің халімді білуі сұрауыма қажет қалдырмайды»)* мінажатын жасаған,

мал-дүние, ұл-қыздан кешіп, «Әсламту ли рабби әл-'әләминә» («Барша әлемнің Раббысына мойынсұндым») деген, «Уә иттәхазаллаһу Ибраһимә хәлилән» («Және Алла Тағала Ибраһимды өзіне дос етіп алды») мақтаулы, «Йә нәру күни бәрдән уә сәләмән 'әлә Ибраһимә» («Ей, от, Ибраһим үшін суық және амандық бол») шарапатты – ИБРАХИМ ПАЙҒАМБАР (ғ.с.).

Үйде туған, еңбек еткен, тауда тұрған Ибраһим,
Жұлдыз андып, айды таңдап, көкке енген Ибраһим.
Айтты бір күні: «Ей, ана, айтшы менің тәңірім кім өзі?»
Айтты: «Менмін», «Сенікі кім?» – деп сұраған Ибраһим.
«Сол әкең ол», – деді. Айтты: «Кім әкемнің тәңірі?»
Айтты: «Намрұттың тәңірі кім?» – деп сұраған Ибраһим.
Жеті жер-көктің пердесін ашты Жаратушымыз оған,
Асты-үсті Арсы, Сарай түгел көрген Ибраһим.
Сиыр, түйе, қойлар бауыздап қияметке дейін,
Бұл қонақ ұстау төресін халыққа берген Ибраһим.
Ұлын құрбан қыларда көкте оттап семірген,
Қошқар сыйын Жебірейілден жерде болған Ибраһим.
Балта көтеріп қарсы шығып, пұтты шапқан аштырып,
Ет жегізген, шөп шығарған, от өшірген Ибраһим.

Нұх (ғ.с.) ұлы Сам ұлы Артус ұлы Салих ұлы Абир ұлы Фалих ұлы Арғус ұлы Сарух ұлы Тарих ұлы Ибраһим (ғ.с.). Ибраһим және Әбрахам. Бұл екі сөз де дұрыс, яғни «Әбун рахимун» – «мейірім әкесі» деген сөз. Ибраһим – Нұх ұлы Кенан ұлы Каус ұлы Намрұт заманында өмір сүрді. Намрұт барлық әлемге үстемдік ететін.

Барша әлемді төрт адамның басқарғаны айтылады: екеуі мұсылман, екеуі кәпір. Сүлеймен пайғамбар мен Зұлқарнайын мұсылман болса, Намрұт пен Бухтнаср кәпір еді.

Намрұт түс көрді. (Түсінде) бір қошқар келіп, тағын сүзіп аударып тастапты. Таң атысымен барша жұлдызшылар мен сиқыршыларды жиып сұрады. (Олар): «Осы жылы бір бала туады, сенің патшалығың соның қолымен күйрейді» деп жорыды. Оны есіткен соң барша жүкті әйелдерді ұстап, ұл туғандарын өлтіріп, қыз туғандарын қоя берді. Намрұттың Тарих есімді бір пұт жонушы кеңесшісі бар еді. Пұтқа қатты табынғаны үшін Азар деп атайтын. Азардың әйелі Ибраһимға жүкті болғанын адамдардан жасырып жүрді. Айы, күні жеткенде жасырын жерге барып, жасырын босанды. (Атын) Ибраһим атады. Намрұттан қорыққан соң «Көз алдымда өлтіргенше, мен көрмейтін аң-құс жесін» деп, тау үңгіріне алып барып қойды. Алла Тағала Жебірейілді жіберді, айтты. Келіп Ибраһимнің саусағын аузына тықты. Саусағының ішінен сүт шығарды, соны еметін еді. Басқа нәрестелер бірнеше айда өссе, Ибраһим күнде сонша өсетін болды. Анасы бірнеше күнде келіп, сүт беріп кететін. Жеті жасқа келгенінде әкесі барып, үйіне алып келді. Бір күні анасынан: «Мен жоқ едім, бар болдым. Менің Тәңірім кім?» – деп сұрады.

Анасы: «Менмін», – деді.

«Сенің Тәңірің кім?» – деп тағы сұрады.

«Әкең», – деді.

«Қалай?» – дегенінде, «(Себебі) ол менен үлкен», – деді.

«Әкемнің Тәңірі кім?» – деп тағы сұрады.

«Намрұт», – деді.

«Қалай?» – десе, «Себебі ол әкеңнен ұлы», – деді.

«Намрұттың Тәңірі кім?» – деп сұрады және.

Анасы ашуланып: «Болды, олай деме! Намрұт баршаның Тәңірі», – деді. Бұл сөздерді анасы әкесіне айтып берді. Әкесі: «Оны бұл жерде ұстама, баяғы тауға апарып таста. Бізге бір бәле әкелмесін», – деді. Анасы баяғы үңгірге қайта апарып тастады. Ибрахим ойланатын еді. «Мені жаратқан Тәңір бұлай иесіз, сүйенішсіз жаратпаған болар?! Кімге табынатынымды, қалай сиынатынымды білмеймін» деп ойланумен күн өткізіп жатқанында, ақшам (уақыты) болды. Үңгірден шықты. Шолпан жұлдызын көрді, керемет жарық екен. «Менің Тәңірім осындай ма екен, осы ма екен?» (деп ойлады). «*Фә ләммә жәннә 'әләйһи әл-ләйлу раә кәукәбән қалә һәзә рабби. Йә'ни ә мислу һәзә рабби 'әлә уәжһи әл-истихзәи*» («*Кейін түн болып қараңғы түскенде жұлдызды көрді және «мынау менің жаратушым» деді. Және масқара болып: «Осыған ұқсас нәрсе менің жаратушым болады ма?» – деді*»).

Шолпан жұлдызы жоғалған уақытта: «Мұндай туатын, жоғалатын (нәрсе) тәңірлікке жараспас. Мұндайларды сүймеймін», – деді. «*Лә ухиббу 'әләфилинә*» («*Мен батып кетуші нәрсені жақсы көрмеймін*»). Бір уақытта ай туды, ол жұлдыздан үлкен еді. «Менің Тәңірім осы ма екен?» деп ойлады. Ай батқан кезде: «Бұл да туады, батады екен. Егер Тәңірім мені тура жолға салмаса, адасушылардан болар едім», – деді.

«*Ләин ләм йәһдини рабби ләәкунәннә мин әл-қауми әз-заллинә*» («*Егер Жаратушым мені тура жолға салмаса, онда мен, сөз жоқ, адасушылардан болып қаламын*»). Ол түнді ойланумен өткізді. Таң атқан уақытта: «Қараңғылық кетті, әлем жарқырады, жұлдыз бен айдан жарығырақ күн шықты. Мүмкін, Тәңір осы болар, бәрінен үлкен», – деді. «*Фә ләммә раә әш-шәмсә бәзигәтән қалә һәзә рабби һәзә әкбару*» («*Күннің шығып келе жатқанын көргенде «Мынау менің Раббым, бұл үлкендеу екен» деді*»). Күн жарымға дейін ойланумен отырды. Күн батқан уақытта төменге түсті.

(Бір риуаятта) «Күнге сиынғандарды көріп, мен мұндайлардан аулақпын» деді деген сөз бар. «*Инни бәриун миммә туширикунә*» («*Әрине, мен сендер Аллаға серік қосып жатқан нәрселеріңізден бизармын*»).

(Олар): «Бұларға табынбайсың, кімге табынасың?» – деп сұрады.

(Ол): «Жеті қат көк пен жеті қат жерді жаратқанға бет бұрдым. Тура жолдағы мұсылманмын, ортақ дегендерден емеспін», – деді. «*Инни уәжжәһту уәжһийә лилләзи фәтәра әс-сәмәуәти уә әл-әрзә ханифән*» («*Мен жер мен аспандарды жаратқанға қарап мойынсұнған жағдайда жүзімді бұрдым*»). Жас кезінде анасына келді. Әкесінің үйіне кірді. Әкесі пұт жасайтын еді. Ибрахимға: «Мына пұтты базарға алып шығып сат», – деді. Ибрахим пұтты әкесінің қолынан алып, мойнына жіп байлап, суға батырып, топыраққа аунатып, базарға алып барды. «Көрмейтін, естімейтін, ешкімге пайдасы тимейтін мына затты кім алады?» – деді. (Тағы бірде) күндердің күнінде бір пұтты алып бара жатып жазаламақшы болды. Пұтты жерге тастап кетті. Ол келгенше көпшілік пұттың үстіне дәрет сындырып кетіпті. Ибрахим оны көріп қуанғанынан айқайлап мына жолдарды айтты:

*Ә раббун йәбулу әл-әсә'ләбәни ә әйнун бирәсиһи
Ләқад зәллә мән бәләт 'әләйһи сә'әлибу
Бәриту мин әз-залли уә әш-ширки куллиһи
Уә әмәнту билләһи әлләзи һуә ғалибу.*

*(Түлкі басына сарқып кеткен нәрсе Жаратушы ма және
бастағы тесік көз бе?
Басына түлкі сиіп кеткен нәрсе, сөз жоқ, қор (болады).
Тура жолдан тайдыратын, Аллаға серік қосылатын барша
нәрселерден бизармын.
Әрі жеңімпаз бір Аллаға иман келтірдім).*

*Тәңір болар ма басыңа түлкі сисе бір сарпып
Көздері көрмес қараңғы һәм түні оның ағын.
Мен бұлардан тым жырақпын, құлмын Алла Тағалаға,
Асынып құлдық қаруын, берік ұстармын жарлығын.*

Әкесі Ибрахим (ғ.с.)ды жеті жыл пұт сатушы қылды. Ибрахим оған табынушыларға: «Сендер бұларға неге сиынасыңдар?» – деді. (Олар) әкесіне айтып берді. Әкесі Ибрахимға ұрысты. Ибрахим әкесіне: «Бұл көрмейтін, естімейтін нәрсеге неге табынасың?» – деді, сондай-ақ: «Ей, әке, маған ілім берілді, саған берілмеді. Сен менің сөзімді тыңда, мен сені тура жолға салайын», – деді. *«Йә әбәти инни қад жәәни әл-'илми мә ләм йәтикә фәттәби'ни»* («Ей, әке, расында маған саған келмеген ілім келді, сол үшін де маған ер»). «Ей, әке, шайтанға құл болма. Бұ шайтан Рахманға күнә іс істеген күнәһар», – деді. *«Йә, әбәти лә тә'будәш-шәйтәнә иннә әш-шәйтәнә кәнә лиррахмәни 'әсийән»* («Ей, әке, шайтанға құлшылық қылма, расында шайтан Рахман есімді Аллаға күнәһар»). «Ей, Ибрахим, сен менің тәңірлеріме табынбайсың ба? Бұл істен бас тартпасаң, сенен бас тартамын. Менен алыс жүр», – деді әкесі. *«Ләин ләм тәнтәһи ләәржумәннәкә уәһжурни мәлийән»* («Егер сен (біздің құдайларымызды масқаралаудан) қоймасаң, сені тасборан қылып өлтіремін, менен мәңгіге алыс кет»). Ибрахим: «Сәлем (амандық болсын) саған, ей, әке, мен тәркі етіп кеткенімде сені Жаратушыдан жарылқауын сұраймын. Себебі Алла Тағала менің жағдайымнан хабардар», – деді. *«Қалә сәләмун 'әләйкә сәәстәғфиру ләкә рабби иннәһу кәнә би хафийән»* («Ибрахим) айтты: *«Сәлем болсын саған, мен Жаратушымынан сені жарылқауын сұраймын, Расында ол мен үшін мейірімді»*).

Ибрахим кентті тастап, далаға кетті. Алла Тағалаға құлшылық етті. Әкесі қайтыс болып, пұттар әкесінің бауыры Хазарға қалды. Хазар Лұт пайғамбардың әкесі еді. Ибрахим қайғырып: «Әрқашан да осы пұттарға бір жауап қайтарамын» дейтін. *«Ләкидәннә әснамәкум бә'дә ән түәллу»* («Алла атымен ант етемін, сендер бұрылып кеткен кезде пұттарыңызбен айналысамын»). Ол уақытқа дейін олардың иттері болды. Оларды аш, ырылдатып пұттардың қасына әкеліп, алдына (байлап) қоятын еді. Итханаға шығып, сәскеге дейін тұрып, қайтып келсе, жаңағы асты көтеріп мына пұттардың берекесі осы істерге тиді деп, ұл-қыздарымен жейтін еді. Иттері болғанда Ибрахимға: «Бірге барайық», – деді. Ибрахим: «Мен жұлдыз іліміне қарадым, маған қиын келетін түрі бар, шыға алмаймыз», – деді. Ол уақытта жұлдыз ілімі қатты дамып, сенетін еді. Ибрахимды көндірді. Ибрахим бір балта алып, пұтханаға кірді. Пұттардың басын, қолдарын шауып, быт-шыт қылды. Бір үлкен пұт бар еді, балтаны көтеріп иығына салды да, пұтқа қарап: «Алдыңыздағы асты неге жемейсіз, неге сөйлемейсіз?» – деді. *«Қалә 'әлә тәкулунә мә ләкум лә тәнтиқунә»* («Ибрахим) айтты: *«Жемейсіңдер ме, не болған сендерге, сөйлемейсіңдер»*). Күн сәске болды. Кәпірлер қайтып келді, пұттардың басы, қолы сынып жатқанын көрді. Намрұт халқымен бірге пұтханаға кірді. «Біздің тәңірлерімізге кім тиді?» – деді. *«Қалу мән фә'әлә һәзә биәлихәтинә иннәһу ләмин әз-залиминә»* («Олар) айтты: *«Кім біздің құдайларымызға бұлай жасады. Расында ол залымдардан»*). (Олар): «Ибрахим есімді бір жігіт бар, сол істеген болар», – деді. *«Фәту биһи 'әлә ә'йуни ән-нәси лә'әлләһум йәшһәдунә»* («Олар) айтты: *«Алып келіңдер оны адамдардың көз алдында, егер олар куәгер болса»*).

ПАЙДА: Намрұт кәпір екен, Ибрахимның үстінен жала сөзбен үкім шығармағанында, патшалығына зиян болмайтын еді. «Әділ қылған кәпірмен патшалық мәңгі қалады, зұлымдық қылған кәпірмен патшалық мәңгі қалады, зұлымдық қылған мұсылманмен мәңгі қалмайды» деген сөз бар. *«Кәмә қалә: «Әл-мулку йәбқа би әл-'әдли мә'ә әл-куффри уә лә йәбқа биәл-жури мә'ә әл-имәни»* («Сол себепті де «Мемлекет әділдікпен жасайды, қанишалықты (билік) имансыздың қолында болса да, мемлекет ешқашанда зұлымдықпен мәңгі жасамайды, қанишалықты (билік) имандының қолында болса да» деп айтылған»). Намрұт кәпірлігінен

жалған сөз естімеді. «Ел жиналсын, куәсі болса, ұстандар», – деді. Бүгінде кімде-кім біреудің үстінен жалған сөзбен куәгерлік жасаса, (жағдайы) Намрұттан артық болады.

Ибрахимді алып келді. «Біздің тәңірлерімізге мына істі істеген сен бе?» – деді. «*Ә антә фә'әлтә һәзә биәлихәтинә йә Ибрахимү*» («*Ей, Ибрахим, біздің тәңірлерімізге мына істерді сен істедің бе?*»). Ибрахим: «Мынау істеді, үлкендері осы. Сұрандар, кім қылғанын айтып берсін, егер сөйлей алса...», – деді.

Ғұламалар айтады: «Бәл фә'әләһу» осы жерде тоқтау (керек еді), «кәйдиһим һәзә» сөз басында Ибрахим тоқтамады. Сөз мағынасы оларға жетпеді (түсініксіз болды). Олар мағынасын түсінбеді. «Үлкені қылды» деп ойлады. «Одан сұрандар, сөйлей алса, айтып берсін», – деді. «*Фәсалһум ин кәну йәнтиқунә*» («*Егер сөйлей алса, өздерінен сұрандар*»).

(Олар): «Бұл пұттар сөйлемейді, біз қалай сұраймыз?!» – деді.

Ибрахим: «Егер сөйлемейтін болса, онда шарасыз нәрсеге неге табынып жүрсіңдер?» – деді. «*Ә фә тә'будунә мин дунилләһи мә лә йәнфә'укум шәй ән уә лә йәзуррукум*» («*Әлде сендер Алланы қойып, сендерге ешбір пайдасы мен зияны тимейтін нәрсеге құлшылық қыласыңдар ма?*»). Ибрахимнан басқа ешкімнің де істемегені белгілі болды. Ибрахимді жазалауды ұйғарды. Ибрахим да пайғамбарлықты жария етіп: «Бір Тәңірге мойынсұныңдар, пұтқа табынбаңдар, мені Тәңірдің елшісі деңдер», – деді.

(Олар): «Бізді аталарымыздың дінінен шығарып, өзге дінге кіргізбекшімісің?» – деді.

Ибрахим: «Аталарыңыз соқыр дінге сиынатын, мен сендерді тура жолға шақырамын», – деді. Сол уақытта басқа елдерде ашаршылық болатын. Астық табылмады. Намрұт барлық халыққа астық сататын еді. Бір күні Ибрахим астық алғалы Намрұтқа келді.

Намрұт: «Маған сәжде жаса, астық берейін», – деді.

Ибрахим: «Мен өлгенді тірілтіп, тіріні өлтіретін Тәңірге (ғана) сәжде қыламын», – деді. «*Из қалә Ибрахимү раббийә әлләзи йухий уә йумиту*» («*Ибрахим сонда: «Менің Жаратушым өлтіреді және тірілтеді*», – деді»).

Намрұт: «Мен де өлгенді тірілтіп, тіріні өлтіремін», – деді. «*Қалә әнә ухий уә умиту*» («*Ол: «Мен де өлтіремін және тірілтемін*», – деді»).

Ибрахим: «Қалай тірілтесің?» – деді. Намрұт зынданнан екі тұтқынды алып келді. Біреуін өлтіріп, біреуін қоя берді де: «Мына өлікті тірілттім, тіріні өлтірдім», – деді. Ибрахим кәпірдің ақымақ екенін білді. «Тұтқынды қоя беру – тірілту емес», – деді. Мына өлтіргеніңе қайта жан бер десе де болатын еді, бірақ ақымақпен сөз жарыстырып отыруды қаламады. Бір сөзбен аузын жабайын деп: «Менің Тәңірім күнде көктегі күнді шығыстан шығарады. Сен бір күн батыстан шығарып көр», – деді. «*Фә инналлаһә йәти би әш-шәмси мин әл-мәшиқи фәти биһә мин әл-мәғриби*» («*Расында Алла күнді Шығыстан шығарады, сен оны Батыстан шығарып көр*»). Намрұт бұл сөзді есітіп, тосылды. «*Фә бухитә әлләзи кәфәра*» («*Ол кәпір аң-таң болып қалды*»).

Ибрахимнің мүғжизасы осы. Алла Тағала ақыр заманда күнді батыстан шығармайынша, қиямет қайым болмайды. Ибрахимнен осы сөзді естігенде көптеген кәпірлердің жүрегі оянып, «Мына пұттар жалған, пайдалары жоқ, Ибрахим дұрыс айтады, біз адасушымыз», – деді. «*Фә ражә'у илә әнфусиһим фә қалу иннәкум әнтуму әз-залимунә*» («*Кейін олар өздеріне келіп (бір-біріне қарап): «Әрине, тек сендер залымсыңдар*», – деді»).

Намрұт (оған лағынет болсын) мына халықтың ойын білген соң, менен танып Ибрахимді қолдап кете ме деп қорқып: «Мынаны ұстап, отқа тастаңдар, Тәңірлеріңе көмектесіңдер», – деді. «*Қалу харриқуһу уәнсуру алиһәтәкум*» («*Олар: «Оны өртеп, құдайларыңа көмектесіңдер*», – деді»).

Ибрахимді отқа тастауды ұйғарды. Намрұт: «Ибрахим, менің құдайымның тозағы бар. Отпен азаптайды. Мен де бүгін отпен азаптайын, кім құтқарады екен сені, көрейін», – деді. Барша әскерге төрт ай отын жиғызды. Қандай малға артса да көтермеді. Түйеге артып еді, жатып алып тұрмады. Есек, ат артқызбады. Қашырға артып еді, көтерді. Ибрахим оны көріп тұр еді, қашырға лағынет айтты. Ол жолдан ұрықтамайды деді. Бүгінде қашырға жүк артса, ұрып-

соқпайынша тұрмайды. Жалғыз басты кемпірлерге жіп иіртіп, күндіз базарға сатқызып, отын алатын еді. (Осы істерді) Намрұт бізден риза болсын деп жасайтын. Бір иғашты (шамамен 6 км келетін қашықтық) жерге отын жиғызып, айналасына теріден қоршатып, түйемен күкірт тасыды. Содан соң от жақты. Екі жылдан бері Ибрахимді ауыр кісенмен байлап, үйде ұстайтын. Он күні-түн от жақты, қызу күшейді. «Барып Ибрахимді отқа тастаңдар», – деді. Отты үлкендігі олардың қариымен жиырма қари еді. Отты әкеп жаққан Ибрахим әкесінің бауыры Хазар еді. Лұт пайғамбар оның ұлы еді. Қарлығаш тұмсығымен ол отқа су құятын еді. Ибрахим: «Ей, қарлығаш, сенің тұмсығыңдағы су бұл отқа не болады?» – деді. Ибрахим оған жақсы дұға жасады. Шымшық келіп отты үрлер еді. Ибрахим оған лағынет айтты. Қырық тәулік жанды. Төрт иғаш жерден адам жоламайтын. Қандай құс үстінен ұшып өтсе, қанаттары күйетін еді. Намрұт темір-болаттан бір мұнара тұрғызып еді, сол (балқып) ақты. «Ибрахимді отқа қалай тастаймыз?» – деп шарасыздық танытты. Шайтан келіп манжанық жасауды үйретті. Одан бұрын жер бетінде манжанық деген жоқ еді. Ибрахимнің қолын, аяғын жетпіс батпан темірмен байлап, манжаныққа салды. «Ей, Ибрахим, қорқып тұрсың ба?» – деп сұрады. Ибрахим: *«Мән энә фи қалбиһи нәру әл-хаққи фә кәйфә йәхафу мин нәри әл-халқи»*, яғни *«Кімнің жүрегінде Хақ оты болса, халық отынан қалайша қорықсын»*, – деп жауап берді. (Деректерде) үлкен от жағып, мұнай және күкіртпен үстінен тастайтыны айтылады.

Ибрахим: *«Ән-нәру фи қалби әшәдду мин нәрикум лиәннә фи қалби нәру әл-мәулә уә нәрукум нәру әд-дуния»*, яғни *«Менің ішімдегі от сендердің оттарыңнан да ыстық. Себебі менің отым Жаратушының оты, сендердің оттарың дүние оты»*, – деді.

Олар және: «Тәңіріңнен сұра, сені құтқарсын», – деді.

(Ибрахим): «Менің немді құтқарсын?» – деді.

(Олар): «Нәпсінді», – деді.

(Ибрахим): «Нәпсі жауыз іске жақын, бұзылған. Бұзылған жанса, жарасады», – деді.

(Олар): «Жаныңды сұра», – деді.

(Ибрахим): «Жан жалға алынған. Иесіне қайтатын болады», – деді.

(Олар): «Көңіліңді сұра», – деді.

(Ибрахим): «Көңіл Тәңірдікі. Тәңір не қаласа, соны істейді», – деп жауап берді. Содан кейін манжаныққа салды. Бірнеше адам жиылып манжанықты тарта алмады. Себебі періштелер келіп манжанықты тартып ұстап тұр еді. Кәпірлер ашуланып: «Ей, Ибрахим, қайда барасың?» – деді. (Ол): «Жаратқан Иеме барамын, маған жол береді», – деді. *«Инни зәхибун илә рабби сәйәхдини»* («Мен Раббым жаққа барушымын. Ол мен тура жолға бастайды»). Періштелердің манжанықты ұстап тұрғанын шайтан біліп қалды. Бір таза, пәк адам бейнесінде келіп: «Сендер мұны тарта алмайсыңдар, алайда мұның бір айласы бар. Жауыз әйелдерді алып келіндер. Еркектер олармен ойнастық жасаса, сонда манжанық істейді», – деді кәпірлерге. Айтқанын істеп еді, періштелер кетіп қалды. Содан кейін манжанықты тартып, Ибрахимді атып жіберді.

САУАЛ: Шайтан манжанық жасауды қайдан білді?

ЖАУАП: Шайтан манжанықты тозақта көрген еді. Күнәһарларды тозақта (манжанықпен) шұқыр отқа лақтырады. Сол шұқырдың азабы тозақ азабынан жетпіс есе күшті. Тағы бір хабарда Расул (ғ.с.) ның былай дегені айтылады: «Менің үмметтерімнен алты түрлі адамдарда қиямет күні тозақта сол шұқырға тастайды: біріншісі: сұлтандар қолында мына кісі мынадай жолда дегенді (сөз тасығанды), екіншісі: жетімнің малына есі кетіп, ерікті түрде жегенді, үшіншісі: залымдардың ісін бітіргендерді, төртіншісі: ата-аналарына жаман сөз айтқандарды, бесіншісі: муханнас (гермафродит) болып, жаман істер қылғандарды, алтыншы: Алланың жолынан мал-дүние қызғанып, басқа жолға жұмсағандарды». *«Нә'узу билләһи мин зәликә»* («Ондайдан Алла сақтасын»).

Ибрахим ауадан түсіп келе жатқанында: *«Хәсбуналлаһу уә ни'мәл-уәкилу. Фә ни'мә әл-мәулә уә ни'мә ән-нәсиру»* («Бізге Алла жеткілікті және Ол қандай жақсы кепіл. Ол қандай жақсы Ие және қандай жақсы демеуші!»), – деп айтты. Жеті қабат көк періштелерінің бәрі: «Тәңірім,

бүгінде жер бетінде сені Бір және Бар деген жалғыз Ибрахим еді. Оны да отқа атасың ба? Тәңірім, достарыңа деген мәмілең осы ма еді?» – деп жамырай жөнелді. «Ей, періштелер, сендер бақылап тұрыңдар. Бұл істе менің сырым бар, сендер білмейсіңдер» деген дауыс келді.

Сол сәтте Жебірейіл жетіп келді. Ауада оттың тұсында тұрып: «*Иә, Ибрахиму 'әләкә хәжәтун*» («Ей, Ибрахим, қандай мұқтажың бар?»), яғни «Неңдей мұқтажың бар?» – деп сұрады.

ПАЙДА: Мұқтажым жоқ десе, мұқтажсызбын деген болар еді. Ал құл мұқтажсыз болмайды. Мұқтажым бар десе, Жебірейілге бар деген болар еді. «*Уә әммә иләйкә фә лә*» («Алайда саған мұқтаждығым жоқ»), яғни «Саған бары жоқ» деп жауап берді.

Жебірейіл: «Маған мұқтажың болмаса, Жаратушыға бар болар, айт», – деді.

Ибрахим: «*Хәсби ән суәли 'илмуһу бихәли*» («Алланың менің халімнен хабардар болуы, сұрауыма қажет қалдырмады»), яғни «Ей, Жебірейіл, менің тілегімді Оның білетіні де жетеді, сұраудың не қажеті бар», – деді. Ибрахим (ғ.с.) Алла Тағалаға көңіл байлағанда: «Ей, от, мұзда, Ибрахимге амандық жаса», – деді. «*Иә нәру куні бәрдән уә сәләмән 'әлә Ибрахимә*» («Ей, от, Ибрахим үшін мұздай әрі амандық бол»).

Ғұламалар (Алланың мейірімі болсын) айтады: «Бәрдән» деп «сәләмән» дегенде, от Ибрахимді тоңдырып өлтіретін еді. Қияметке дейін ешкім де отта піскен тамақты көрмейтін еді.

Мәнісі мынау: Ибрахимнің үстіне ғана суық бол.

Тағы бір ПАЙДА: Зерттеушілер: «Ибрахимнің көкірегінде Алла махаббатының оты бар еді. Сол сәтте махаббат оты жалындап, Намрұт отын күйдіргелі барып еді. Махаббат отына мұздағын, Ибрахимге амандық болғын деп (Алладан) жарлық келмегенде, не Намрұт күйетін еді, немесе Намрұттың отыны (күйетін еді), сондай-ақ бәрі өртенетін еді» деп жазды.

«*Иә Жибрилу әдриқ 'әбди*» («Ей, Жебірейіл, пендеме көмектесу үшін жылдам жетіп бар») деген және жарлық келді. Жебірейіл барып, жұмақтан бір жайнамаз әкеліп, оттың ортасына төседі. Ибрахим сол жайнамазға отырды. От Ибрахимнің бауын күйдірді. Ибрахим жайнамаздың үстіне намаз оқу үшін тұрды. Намрұт Ламканға: «Мына мұнараға шығып, Ибрахимның қалай жанып жатқанын, қандай күлге айналғанын көрші», – деді.

(Ол): «Ей, патша, мына оттың ішінде барша дүниенің таулары болса да күл-талқаны шығатын еді, Ибрахимді күймейді деп пе едіңіз?!» – деді. Содан кейін мұнараға шығып: «Ей, патша, оң жақта оты, айналасында жиырма шар (милге тең келетін ұзындық өлшемі) көлемінде жаз шешектері ашылған, бұлақтар ағып жатыр. Құрма ағашы өсіпті», – деді және. Ламкан мұнарадан түсіп көргендерін Намрұтқа айтып берді. Намрұт танданып, өзі мұнараға шықты да, (жағдайдың) солай екенін көріп: «Ей, Ибрахим, сен жалғыз едің, мыналар кімдер?» – деп сұрады. Алла Тағаланың жарлығымен отқа тіл бітіп: «Ей, Намрұт, біреуі менмін, Бейнемді ауыстырдым. Ибрахимге сенің ақымақтығыңның кешірімін жасап жатырмын», – деді.

(Намрұт): «Ей, Ибрахим, мынаны кім жасады?» – деді.

(Ибрахим): «Алла Тағала жасады, Намрұттың Оған қарсы тұрар шамасы бар ма?!» – деді. Мұны есітіп (Намрұт) қатты қорықты. Қайғырып жеті күні-түн жер кимылдады, зілзала болды. Намрұт білгіштерді, данышпандарды шақырып: «Мынау не қылған зілзала?» – деп сұрады. (Олар): «Оттың ыстығынан жер қозғалып жатыр», – деді. Намрұт: «Отты сөндіріңдер!» – деді. Су таси бастады. Отқа құйды. Барша жұрт Ибрахимді көрейік деп келді. Алла жарлығымен жел ол күлдерді беттеріне шашты. Халықтың бәрі қашты. Қараңғы түскенде Ибрахим оттан шықты. Үйіне барды.

(Тағы бір деректе) Намрұттың он екі мың қоймасы бар екендігі айтылады. Төрт мыңы ұн еді, ашаршылық (қымбатшылық) болса сату үшін сақтап еді. Ибрахим дұға жасады. Сол аймақтағы сай, үңгірлерге ұн толды. Ибрахим: «Келіңдер, ұн алыңдар», – деп жаршы жіберді. Барлық аймақта тоқшылық болды. Намрұттың астығына бағынышты болмады. Бір күні Ибрахим Намрұтқа келіп: «Ей, Намрұт, кел, мұсылман бол», – деді. «*Лә иләһә иллаллаһу уә*

иннакә Ибрахиму расулуллаһи» («Алладан басқа тәңірі жоқ және мен, Ибрахим, Алланың елшісімін»). Намрұт: «Уақыт бер, ақылдасайын», – деді. Уақыт берді. Намрұт кеңесті. «Мен Ибрахиммен жарасамын, сендер не дейсіңдер?» – деді.

Уәзірлері мен бектері: «Егер Ибрахиммен жарасса, Ибрахим оны билейді. Біздің ізет-құрметіміз қалмайды, (содан) Ибрахимге құл боламыз» деп ойлады да, Намрұтқа: «Неше жылдан бері Тәңірмін дедің, енді құлмын дейсің бе? Ибрахимге құл боласың ба, біздерді де оған құл қыласың ба?» – деді.

Намрұт: «Мен одан көргендерім ұлы істер болатын, оның Тәңірімен жарасу керек», – деді.

(Олар): «Оны от не үшін күйдірмегенін білмейсің бе? Себебі біздің аталарымыз отқа табынатын еді, ол да біздің ұрпағымыз. От бізді және біздің ұрпағымызды күйдірмейді», – деді.

Осы қиссаның ішінде пайдалы кеңестер бар. Ол ПАЙДА мынау: Қашыр отын әкеліп еді, тұқымы кесілді. Сичак (құстың аты) шөп тасып еді, барша ұлдар оны ұстап алып, жүнін жұлып отқа қақтап жейтін болды. Шымшық отты ұрды, болған (ұстаған) жерде өлтіреді. Қарлығаш су тасыды, аман болды. Олардың отымен Намрұттың оты өтпеді (өртеу алмады), алайда дұшпандық білдірді. Қарлығаш суымен от өшпеді, алайда достығын білдірді. Қияметке дейін ізгі аты қалды. Изгілік жауап болды.

Намрұт Хазарға тағы келіп: «Біз не істесек Ибрахимнен құтыламыз?» – деді.

Хазар халықты жиып: «Бүгін түнде жүріңдер, бір шұқыр қазайық. Ол шұқырды түтінге толтырыңдар. Түтін дұшпанды опат етеді», – деді.

Намрұт: «Қанша мал керек болса, ал, бұл істі сен аяқта», – деді. Хазар халықты жиып, от жаққан жерден шұқыр қазды. Терең, түбі тар, ауызы кең. Оны сабанмен, лас нәрселермен толтырды. Барша халық бақылап тұрды. Хазар от әкелді, сабанды тұтатты. Алла жарлығымен жел келді. Ол оттан бір кесекті алып, Хазардың басына соқты. Хазар құлап, жана бастады. Халық: «Ей, Хазар, от бізді күйдірмейді демеп пе едің?» – деді. Хазар не дерін білмеді. Сол сәтте-ақ жанып, күл болды. Және жел соқты. Намрұт жаққан оттың күлін ұшырды.

Ол халықтың ішіндегі отын тасығандардың көзіне түсірді. Бәрі соқыр болды. Ибрахим аман қалды. Тірі қалғандар қашты. Сонда Сара (Одан Алла разы болсын) Ибрахимнің қасына келді. Сара Хазардың қызы еді. Кейбіреулер Намрұттың қасындағы бір ұлы бектің қызы еді дейді.

Сара: «Ей, Ибрахим, сенің Тәңірің сондай күшті. Мені де жазалайды ма?» – деп сұрады.

(Ол): «Сені де ізгі жолға салады, орныңды жұмақта қылады», – деді

Сара сондай әдемі еді.

(Сара): «Ей, Ибрахим, мені алсаң, сонда мұсылман боламын», – деді.

Ибрахим: «Саған қалың мал беретін менің мал-дүнием жоқ», – деді.

Сара: «Менің қалың малым мынау болсын, мен шарифатта бар барлық істерді айтсам, соны сені істе», – деді. Ибрахим қабылдады. Сараны алды.

Тағы бір риуаятта былайша баяндалады: Намрұт мұнарадан от ішінде Ибрахим мен (оның қасында) гүл ашылып тұрғанын көрді. От қызыл, сары және жасыл гүл болатын еді. Оттың ортасында жол ашылған, құрма ағашы өсіп тұр.

Намрұт: «Ей, Ибрахим, от сені күйдірмейді ме?» – деді.

(Ибрахим): «Жоқ», – деді.

(Намрұт): «Бұл отты сен үшін кім салқындатты?» – деп сұрады.

(Ибрахим): «Отқа кіргізген (Алла)», – деді.

Намрұт: «Онда сенің Тәңірің жақсы Тәңірі (екен)», – деп, мұсылман болуға көңілі ауды. Қасындағылар қаламады. Содан кейін «Түтінмен (түншықтырып) өлтірейік» деді. Лұт (ғ.с.) келіп Ибрахимға хабар берді, кенттен қараңғы түнде қашып шықты. Ибраһимий тілінде кім жолықса да, ұстандар деп, Намрұт жолда сақшылар қойып еді. Ол түні барлық тілдер Алла құдіретімен бұзылды, тілдер өзгерді.

(Бір деректе) жетпіс екі тіл болғандығы, оның он сегізін Хам ұрпағы үнділердің алғандығы, он сегізін Сам ұрпағы араб пен ажам (халықтарының) алғандығы, отыз алты тілді Яфес ұлдары түркілердің алғандығы айтылады.

Ибрахим мен Лұт жол сақшыларынан өтті. Өтерде: «Кімсіңдер?» – деп сұрады.

«Біз Ибрахим және Лұт екеуіміз», – деді.

Олар: «Оларды аңдып тұрмыз, сендер бізге әзілдеп Ибрахим және Лұтпыз дейсіңдер», – деді ашуланып. Алла Тағала оларды сақтады. Басқа аймаққа барып орналасты. Намрұттың ашуы басылғанда Алла Тағаладан: «Ей, Ибрахим, барып Намрұтты иманға шақыр» деген жарлық келді. Ибрахим Намрұтқа келіп: «Ей, Намрұт, пұтқа табынба, иман келтір. Алланы бір де, мені оның пайғамбары біл», – деді.

Намрұт: «Менен басқа Тәңірі бар ма?» – деді.

(Ибрахим): «Бар», – деді.

(Намрұт): «Ол кім?»

(Ибрахим): «Сені жаратты, саған патшалық берді, жер мен көктің Тәңірі ол», – деді.

(Намрұт): «Осы күнге дейін Тәңір мен едім. Соғысатын едім. Тәңірмен соғысайын», – деп айбат қыла бастады.

НАМРҰТТЫҢ КӨККЕ ШЫҚҚАНЫ

(Намрұт) қара құстардың балаларын тәрбиеледі. Өскен кезде бір сандық жасатып, оған бірі астында, бірі үстінде екі есік салдыртты. Астынан төрт, үстінен төрт, сегіз аяқ жасатты. Үстіңгі аяқтарына қара құстарды байлатты. Өзі қару-жарағымен бірге оқ алып, бір көмекшісімен сандыққа отырды. Құстар жоғарыдағы етті көрген кезде оны алу үшін ұшты, сандық та көкке көтерілді. Бір тәулік жүрді.

Намрұт: «Үстіңгі есікті ашып қара, не көрінеді?» – деді.

(Көмекшісі) ашып: «Баяғыдай көремін», – деді.

(Намрұт): «Астыңғы есікті аш, не көріп тұрсың?» – деді.

(Көмекшісі) ашып: «Жер бетінің бәрін көріп тұрмын», – деді. Және бір тәулік жүрді. «Жоғарғы есікті ашып қара, не көріп тұрсың?» – деді. Ашып: «Жер-көк қалай көрінсе, солай көрінеді», – деді. Тағы бар деп және бір тәулік жүрді. Үстіңгі есікті ашқызды. «Не көрінеді?» – десе, «Бәрі бос (кеңістік) көрінеді», – деді. «Тағы барса көрінбес», – деді. Астыңғы есікті ашқызды. «Не көрінеді?» – деді. «Тағы да бос көрінеді», – деді. Намрұт: «Енді жеттік», – деді. Оғын алып атты. Жебірейілге (Намрұттың атқан) оғын алып, балыққа қадап, қанға бояп, сандыққа салып қой деген жарлық болды. Сол үшінде балықты бауыздамайды делінеді. Тағы аспанда бір құс бар еді. Сонда жаңағы оқты оның қанына бояп салды. Кейбіреулер: «Оқ тиді (қайтып келді), Намрұттың төбесіне тиді, қанға боялды. Оны жолдасынан жасырды», – дейді.

«Аспанның Тәңірін өлтірдім» деп, жоғарыдағы еттерді төменге байлады. Қайтарда сандық ішіне жел кіріп, қатты дауыс шығарды. Барша халық ол дауыстан қорыққанында Алла: «*Қад мәқару мәқраһум уә 'индаллаһи мәқруһум*» («Олар жаман айлаларын қылып көрді және олардың ойлағандары Алланың қасында еді») деп жарылқады. «Көктің Тәңірін өлтірдік», – деді (олар).

(Бір деректе) Намрұттың қауымындағы жүз мың ер адам (Намрұттан) бас тартып, Ибрахим пайғамбарға ықылас қойып еді. Намрұт келіп, аспан Тәңірін өлтірдім деп, қанға боялған оқты көрсеткенде (сол) сөзге сеніп, қайтадан кәпір болғандығы айтылады. «*Йузиллу мән йәшәу уә йәһди мән йәшәу*» («Ол (Алла) қалаған адамын адасушы етіп қояды, қалаған адамын тура жолға салады»).

Ибрахимге: «Барып, Намрұтқа айт. Соғысатын ойы болса, әскерін жисын» деген жарлық болды. Ибрахим келіп жарлықты жеткізді. Намрұт елдерге адам жіберді. Есебі жоқ әскер жиылды. Бәрі де бастан-аяқ қаруланған. Алла Тағаладан шыбын-шіркейге жарлық болды. Бар-

лық шыбындар ұшып келді, көптігінен күннің көзі көрінбей қалды. Намрұттың әскеріне жабысты. Олар қару-жарақтарын, киімдерін, аттарының сүйектерінің бәрін шағып, пот-сот қылды. Қарғыс атқыр Намрұт қашты. Сарайға кірді. Сарайдың кеңдігі бес жүз қари еді. Шатырдың айналасы үш мың бес жүз қари болатын. Соған кіріп, есіктерін құлыптады, түңліктерін жапты. Өзі кіретін бір тесік іздеді. Алла Тағала бір әлсіз жарты аяқты, жарты қанатты, жарты көзді ақсақ шыбынға аян берді. Ол тесіктен кіріп келді. Намрұттың иығына қонды. Иығын шақты, аузының тұсынан ұшып өтіп, мұрнына кірді, миына жетті. Миын жей бастады. Қырық тәулік жеді.

Қағбул Ахбардың риуаят етуінше, Алла Тағала қарғыс атқыр Намрұтқа төрт жүз жыл патшалық берді. Содан кейін мұрнына кірді, төрт жүз жыл сонда тұрды. Кімде-кім қасына кірсе, оған ұрғызатын еді. Онымен де болмаса, жұдырықпен ұрғызатын. Әлсірей бастады.

ХИКМЕТ: Намрұтқа берілген бұл азаптау оның төрт жүз жыл бойы өзін тәңірмін деп дауласқаны үшін беріліп еді. Халықты өзіне сәжде қылдырды. Мұншалықты таяқ, жұдырық жеген біреудің қалайша Тәңірлікке жарайтындығы халыққа айқын (белгілі) болсын. Онымен де ауырғаны қоймады. Тоқпақпен ұра бастады. Әлсіреді, ауырғаны тағы асқынды. Халқы азапқа түсті. Бір ұлы көмекшісі тоқпақ ұруға қызықты. «Мен ертең барайын, бәрін құтқарайын», – деді. Ертесіне барып тоқпақпен ұрарда қолын жоғарырақ көтеріп, қатты соқты. Намрұттың басы жарылды. Ол шыбын көгершін секілді болған еді, ұшып шықты. Жебірейіл (ғ.с.) қанатымен ол сарайды көтеріп тұрып жерге соқты, астын-үстін болды. «*Фә аталлаһу буннәнәһум мин әл-қауа'иди фә хәрра 'әләһим әс-сәқфу*» («Алланың үкімі ғимараттардың негіздеріне келді, кейін ол олардың үстіне жоғарыдан құлап түсті»). Намрұт тамұққа аттанды. Тағы бір Зуларш есімді патша оның тағына отырды.

ИБРАХИМ (Ғ.С.) МЕН ЗУЛАРШ ПАТШАНЫҢ ҚИССАСЫ

Ибрахим (ғ.с.) Намрұттың барша қоймадағы алтын-күмістерін, азық-түлігінің бәрін дәруіштерге садақа ретінде үлестіріп беріп, ол аймақтан кетті. Ибрахим және Лұт еді, Сара мен екі мұсылман бар еді. Ибрахим (ғ.с.) мінажат етіп: «Тәңірім, қайда барайын?» – деді. «Қай жаққа көңілің қаласа, сонда бар» деген жарлық келді.

Зуларш патша жас, әйелдерге жақындау еді. Қайда қыз-қырқын болса, сол жерден табылатын. Садық ұлы Зуларш әл-Хаамирий жолда сақшылар ұстап, (қолға түскендердің) бірін алатын. Он бес адам Ибрахимге кездесіп, ұшыр (салық) талап етті.

Ибрахим: «Бізде ұшыр беретін мал-дүние жоқ. Ұлдарымыз бар, қанша қаласаң ал», – деді. Ұлдарын санап еді, тоғыз шықты.

(Олар): «Ол болғанда біреуін алатын едік. Мына тоғыздан бізге еш нәрсе тимес, алайда мына сандықты аш, не барын көрейік», – деді. Сандықтың ішінде Сара бар еді. Расул (ғ.с.)ның: «*Әррасад шәрру халифәтин (фи әл-әрзи)*» («Жол торып адамдардан нәрсе алатындардан (тонайтын) өткен мақұлық жоқ»)» деген сөзі бар. Оның мәнісі Алла Тағала жаратқандарының ішінде жол торып нәрсе алатындардан (өткен) жауыз жоқ деген сөз.

Қанша тырысқанымен болмады. Сандықты ашты. Сараны көріп, қуанып кетіп: «Біздің патшамыз осындайларды қалайды, сен мұны қайда алып бара жатырсың?» – деді де, Ибрахимді кентке алып келді. Патшаға барып болған жәйді айтты. Патша Сараны көрмесе де, есітіп көңілі кетті. Есік күзетшісіне (қарап): «Жылдам барып ол адамды маған алып кел», – деді. Ибрахимді алып келді. Патша Ибрахимнің әдемі, сымбатты екенін көріп, қасынан орын берді. «Есімің кім?» – деп сұрады. «Есімім Абдулла», – деді. «Сандықтың ішінде не бар?» – деп сұрады патша. Ибрахим қорқып кетіп, «Егер әйелім десем, қызғанып мені өлтіріп тастар» деп ойлады да, «қарындасым», – деп жауап берді. Ол сол сөзімен мұсылманның мұсылманға бауыр екенін аңғартты. «*Иннәмә әл-мүминунә ихуәтун*» («Расында мұсылмандар бір-біріне бауыр»). Патша: «Ей, Абдулла, бүгінде мен Мысырдың патшасымын, мал-дүнием шексіз. Қарындасыңды маған берсең, саған патшалықтан беремін», – деді. Ибрахим қайғырып, басын төмен ұстады. «Ей,

Абдулла, неге сөйлемейсің?» – деп сұрады патша. «Менің қарындасым бойжеткен, дәстүр бойынша өзінен сұрау керек», – деді (Ибрахим). Патша: «Барып сұра», – деді. Ибрахим қайғырып Сараға келді. Сара: «Не болды саған, неге мұңайып тұрсың?» – деп сұрағанда, (Ибрахим) бар сөзді айтып берді. «Ей, Ибрахим, неге рас сөйлемедің, (енді) өзінді де, мені де бәлеге қалдырдың», – деді Сара жылап. Олар сөйлесіп боламын дегенше патшаның төзімі таусылып: «Барып ол адамды қарындасымен алып келіңдер» деп, есік күзетшісінің қасына екі жүз адамды қосып жіберді. Ибрахим мен Сараны алып келді. Сара басына үлкен орамал жауып кірді. Патша Ибрахимге тақтың жанынан орын берді. Сара да Ибрахимнің қасына отырды. «Ей, Абдулла, менің мал-мүлкімнің шегі жоқ, жартысын саған берейін, маған қарындасыңды бер», – деді патша.

Ибрахим: «Менің қарындасым отыр, (өзі) айтсын», – деді. Патша Сараға қарап: «Менің мың құлым бар, (бәрі) сұлтан ұрпағы. Бәрін саған берейін және ағаңа да қызмет етсін, сен маған (тұрмысқа) шық», – деді. Сара жылап, еш нәрсе демеді. Патшаның ашуы келіп: «Ей, Абдулла, сенен ұялып сөйлемей тұр», – деп, Ибрахимнің қолын ұстап шығарып жіберді. Бір ағаштың түбінде отырып, Сараны уайымдай бастағанда Жебірейіл келіп, Ибрахимнің аяғынан көтеріп Сараны көрсетіп тұрды. Ибрахим Сараны көріп, көңілі тыншығандай болды. Патша Сараға қанша сөйлесе де, екі қолымен бетін басып жылап, жауап бермеді. Патшаның төзімі таусылды. Сараның қасына келіп, қолын көтере бастағанда, Ибрахим: «Тәңірім, құдіретінді мына кәпірге көрсетші», – деп жалынды. Патшаның екі қолы мойнына дейін көтерілді. Патша: «Ей, Сара, дұға жаса, екі қолымды түсірсін, мен саған рұқсат берейін», – деді. Сара дұға жасап еді, қолдары қалпына келді. Және қастандық ойлап еді, екі қолы тағы көтерілді. Сара дұға жасап еді, қайта орнына келді. Үш рет көтерілді. Жер қимылдап, зілзіла болды.

Патша: «Сенен маған қандай пәле жармасты?» – деді.

Сара: «Менен емес, сенің кәпірлігіңнен және күш көрсеткеніңнен (болып жатыр)», – деді.

(Патша): «Мен саған күш көрсетпедім», – деді.

Сара: «Маған күш көрсетпедің, алайда Алланың пайғамбарына күш көрсеттің», – деді.

Патша: «Қай пайғамбарға күш көрсеттім?» – деді.

Сара: «Ибрахим пайғамбарға күш жұмсадың, Намрұт оның қолынан опат болып еді», – деді.

Патша: «Ибрахимді мен әсте көргенім жоқ, қалайша күш көрсетпекпін?» – деді.

Сара: «Ол Ибрахим менің күйеуім, мені одан азғырдың, саған бұл бәле-ауыртпашылық сол себепті болып жатыр», – деді.

Патша: «Бұл бәле-ауыртпашылық саған, сосын маған тиуінің себебі (ол) сені қарындасым деді, әйелім дегенде саған тиіспейтін едім», – деді.

Сара: «Сенің зұлымдығың, күшің, кәпірлігің себебінен айта алмады. Әйелім дегенде сен оны өлтіретін едің», – деді.

Патша: «Мен ешкімнен де күшпен зорлап алмаймын», – деді де есік күзетшісіне қарап: «Барып, ана адамды алып кел», – деді. Ибрахимді алып келгенде патша тұрып, оның аяғына жығылып: «Сен Намрұтты опат еткен Ибрахимбісің?» – деді.

Ибрахим: «Менмін», – деді.

Патша: «Тәңіріңді сипаттап берші», – деді.

Ибрахим: «Менің Тәңірім жеті қабат көкті, жеті қабат жерді жаратқан, ақыреттен мықты кеңдігі, дүниеден артық құдіреті бар. Жалғыз. Досы, жолдасы, теңі, серігі жоқ. Ешкімді тумады, ешкімнен де туылмады. Ешбір нәрсеге ұқсамайды. Не қаласа болады, қалағанын істейді. Тіріні өлтіреді, өліні тірілтеді. Өзі өлмейді. Барша оның құдіретімен тұр, барлық нәрсенің (болмыстың) Иесі», – деді. *«Йухий уә йумиту уә һуә хәйиун лә йәмуту би йәдиһи әл-хәйру уә һуә 'әлә қулли шәйин қадирун» («Ол тірілтеді және өлтіреді тағы мәңгі тірі. Жақсылық оның құдіретті қолында әрі оның әр нәрсеге күші жетеді»).*

Зуларш: «Мен Шолпан жұлдызына табынып жүргеніме жетпіс жыл болды. Бұл биік көкті тірексіз жаратқан, қара жерді су үстінде ұстап, жұлдыздарды кім түсіріп, кім шығарады, кім

күндізді жарқыратып, түнді қараңғы қылады деп әуелден ойланушы едім. Бұл істердің бәрін сенің Тәңірің қылады екен. Менің қолым, мойным құрыды, не істейін?» – деді. Жебірейіл келіп: «Зуларшқа айт, барша мал-дүниесін, алтын-күмісін саған берсін. Мен қолын қалпына келтірейін» деген жарлық түсірді. Ибрахим (ғ.с.) Алланың жарлығын жеткізгенінде Зуларштың Хажар атты күңі бар еді. Мағриб патшасының қызы еді. Салих пайғамбардың ұрпағынан еді. Оның әкесін өлтіріп, тұтқын етіп алып келіп еді. Барша құлдарға оны басшы етіп еді. Мал-дүниесін, қазына кілттерін Ибрахимге бер (деді). Бәрін берді. Ибрахим дұға жасады. Патшаның қолы мен мойны қалпына келді. Зуларш дереу иманға келіп: «*Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһу уә әшһәду әннәкә Ибраһиму расулуллаһи*» («Алладан басқа тәңірі жоқтығына әрі, ей, Ибрахим, сен Алланың елшісі екендігіңе куәлік етемін»), – деп мұсылман болды. Ибрахим: «Ей, патша, мына мал-мүлікті маған бердің, мен қабылдадым және өзіңе қайта сыйладым», – деді. Хажар бәрін алып берді.

Ибрахим жеті күн Хаззан патша елінде тұрды. Иман мен Исламды үйретті. Сегізінші күні Жебірейіл келіп: «Ей, Ибрахим, бұл жер сенің жерің емес, басқа жаққа кет» деген Алланың жарлығын түсірді. «Маған жарлық келді», – деп патшаға айтты.

Патша: «Менімен бірге қал. Мысыр патшалығын саған берейін, тағы саған құл болайын», – деді.

Ибрахим: «Маған дүние патшалығы керек емес», – деді. Патша Хажарға қарап: «Қазынадан бір тәжбен бір алтын шапан және жүз мың алтын алып кел», – деді. Алып келді. Ибрахимнің қасына қойып: «Қабыл ал», – деді. Жебірейіл келіп: «Қабыл ал», – деді. Тағы жүз мың түйе, жүз мың ат, жүз мың сиыр, жүз мың ешкі, жүз мың қой, төрт жүз қызметші. Бәрін алтынмен аптап берді.

Патша: «Ей, Сара, мына тәж Мысырдың жеті жылдық салығы (шығыны). Бұл саған лайық», – деді.

Жебірейіл Ибрахимге келіп: «Сараға айт, қабыл алсын», – деді.

Патша: «Мына төрт жүз күңнің бәрі патшаның қыздары, саған бердім, қабыл ал», – деді.

Сара: «Өзім Алла Тағаланың бір әлсіз күңімін. Маған және күңнің не керегі бар?! Маған тек Хажарды бер», – деді. Патша және он мың алтын және мың қой, екі жүз түйе, екі жүз сиыр берді. Хажарға қосып бәрін Сараға берді. Жебірейіл келіп: «Ей, Ибрахим, Сараға айт, қабыл алсын», – деді. Сара қабыл алды. Содан соң Ибрахим (ғ.с.) мал-дүниесін алып Сарамен бірге Ахзан аймағына барды. Қай жерге түссе, (сонда) бір иғаштық қара малы алатын еді. Ибрахим Йордан жеріне келді. Алты мың қара мал көрді, бәрі де жылқы малы еді. Ибрахим Лұтқа: «Мұнда түс», – деді. Түсті. Қара үй тікті. Ибрахим бір құдық қаздырды. Тәтті су шықты. Олар: «Мына барша қара малымен біздің жайлауымызды құртады, қуайық. Мына құдық бізге қалсын», – деді. Осылай сөз болғанда, Зуларш патша әскерімен бірге Мысырға бара жатып, сол жерге түскенінде, үш адам барып Ибрахимді патшаға алып келді. Патша Ибрахимді көре сала атып тұрды. Тағынан түсіп, отырғызбақшы болғанында, Ибрахим: «Отыр», – деп қолымен ишара етті. Патша отырды. Ол адамдар патшаға: «Түні-күн қара малымен келіп жайлауымызды, суымызды құртты. Бұл жерден кетсін», – деп шағымданды.

Патша: «Сен не дейсің?» – деді.

Ибрахим: «Мен ғаріпті кетсін десе, кетейін», – деді.

Патша: «Сенің атыңнан мен бір үкім шығарсам болады ма?» – деді.

Ибрахим: «Болады», – деді.

Патша: «Сендер он қой алып келіп, пісіріңдер, біз жейік. Ибрахим да он қой әкеліп, пісірсін. Оны да жейік. Қайсыңыздың асымен тоятынымызды көрейік, өлген қойларды тірілтсін. Кім тірілтсе, бұл жер-су соған қалсын», – деді. Олар бұл сөзге қиналып қалды. Он арық қой алып келіп бауыздады. Ас даярлап, үйге алып келді. Патша әскерімен жеді. Әрбіріне бір кесек ет тиді. Содан соң Ибрахим өз асын алып келді. Үш мың ер адам оны жеді. Бәрі тойды. Ол қойдың асы сол қалпы қалды. Ибрахим тұрып, қойлардың терісін оларға қайта жабыстырды.

Дұға жасады, барлық қой тірілді. Патша жер-суды Ибрахимға беріп, өзі кешірім сұрап аттанды. Ибрахим сонда қалды. Ол адамдар Ибрахимға қастандық жасап, бір түні өлген итті құдыққа тастап кетті. Ибрахим Лұтқа: «Кетейік», – деді. Ибрахимнің он екі отар қойы бар еді. Әрбір отарда бір алтын затты иті бар еді. Қасиетті жерге дейін төрт иғаштық жер еді. Сонда барып тұрды. Бір күні Сара Ибрахимға: «Мен қартайдым, саған қызмет ететін шамам қалмады. Мен үшін көп қиыншылықтар тарттың. Мына Хажарды саған бердім», – деді. Оның Хажар аталу себебін (кейбіреулер) Сараның «Мен үшін көп қиыншылықтар тарттың, мынаны ал, саған (соның) қайтарымы болсын» дегенмен байланыстырады. Араб тілінде «Хә ужжракә» дейді. (Сол себепті) Хажар атанды. Сара Хажарды Ибрахимге берді. Хажар Салих пайғамбардың ұрпағы еді.

ИСМАЙЫЛ (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Ол – *«Йә әбәти иф'әл мә тумәру сәтәжидуни ин шәаллаһу мин әс-сабиринә»* («Ей, әке, не нәрсе әмір етілсе, орындаңыз, Алла қаласа мен сабыр етушілерден боламын») деп жарлыққа мойынсұнған, *«Уә фәдәйнәһу бизбихин 'әзимин»* («Біз оның орнына үлкен бір сойылатын мал жібердік») шапанын киген, *«Иннәһу кәнә садиқа әл-уә'ди уә кәнә нәбийән»* («Әрине, ол уәдесіне берік пенде еді және елші етіп жіберілген пайғамбар еді») зікірмен мәшһүр болған, Алла Тағаланың жарлығына мойынсұнып әзіз жанынан кешіп, өзін құрбан қылған – ИСМАЙЫЛ (Ғ.С.).

Сафий Исмайыл пайғамбар көңілі толық бойы таза,
«Садик әл-уә'д» («Уәдесіне берік») аталып, уәдесін қылды опа.
Тепті жерге екі аяғын, тапты жерде бір құдық,
Болды зәмзәмнің суы, болды дерттіге шипа.
Қағбаның тасын тасып құрбан қылған ол Забих (құрбан),
Төңірегінде тау нышаны Маруа еді һәм Сафа.
Халық ішінде артық сүйікті еді Жаратушыға анық,
Өзгелерге толық екен, өзіне тиді жапа.
Тумас еді анадан туды жалғыз бір ұл,
Тумады одан пайғамбар жалғыз еді Мұстафа.

Сара (Алла одан разы болсын) тоқсан жаста еді. Ұл-қыз сүймеді. Ибрахимнің белінде Мұхаммед Мұстафаның нұры бар еді. «Осы нұр сенен болған ұрпаққа жетеді» деп Сараға уәде етілген болатын. Ибрахим пайғамбар Хажармен қосылған уақытта ол нұр Хажардың мейіріміне түсті. Сара ол нұрдың Ибрахимнен кеткенін көрді. Ашуланды. Ол нұрдан үлессіз қалғанына қатты ашуланып Ибрахимнің жағасынан алды. Күйеудің жағасынан ең алғаш Сара ұстады. Адамнан бері олай ұстау жоқ еді. Жебірейіл келіп: «Ей, Ибрахим, Сараға айт, сабыр сақтасын», – деді. Сара: «Қалай сабыр етейін, сексен жылдан бері мені үміттендіріп келдің. Бүгін сол айтылған уәдең менің күңіме болды», – деді. Ибрахимнің Сарамен дәм-тұзы жараспады. Сара Хажардың үш жерін майып қыламын деп ант ішті. Бір күні Хажар түйе саумақшы болғанында келіп Хажардың құлақ, мұрнын кеспекші болып еді, Хажар айқай салды. Жебірейіл Ибрахимге келіп: «Сараға айт, Хажарға зорлық жасамасын, Алла Тағала зорлық жасаушыларды сүймейді», – деді. «Не істейін, мен үш нәрсесін кесемін деп ант ішіп қойып едім», – деді Сара. Жебірейіл: «Сараға айт, екі құлағын тессін және ұятты жерін кессін (сүндеттесін), тағы одан шықсын», – деді. Сара (Хажардың) екі құлағын майып болсын деп тесті, күйеуіне жарамай қалсын деп, ұятты жерін кесті. Жебірейілге жарлық болды. Жұмақтан екі алтын сырға әкелді. Хажардың

құлағына тақты. Одан артық сұлу болды. Сүндеттегені күйеуіне одан артық жақты. Әуретке сүндет жасау Хажардан қалды.

Кейбір риуаяттарда Исмайылдың Хажардан осылайша туылғаны айтылады. Тағы бір риуаятта былайша баяндалады: Хажардың ай-күні жақындаған уақытта Сара шыдай алмай Ибрахимге: «Хажарды мен көрмейтін жерге алып кет», – деді. Жебірейіл келіп: «Алып кет», – деді. Ибрахим екі түйе алып, біреуіне Хажарды мінгізіп, екіншісіне өзі мінді. Жолға шықты. Сара Ибрахимге: «Менің үш тілегім бар, соны орында. Біріншісі – Хажарды ел жоқ жерге апарып таста, екіншісі – түйеден түспе, үшіншісі – түнде қонба», – деді. Осы үш шартқа келісіп, Ибрахим ант-су ішті. Мұқаддаса жерден шығып кетті. Мұқаддаса мен Меккенің арасы бір айлық жер еді. Алла Тағала жердің өзегін тартып, (олар) бір күнде жетті. Ел жоқ, су жоқ жерге апарып тастады. Сондықтан да Алла Тағала: *«Раббәнә инни әскәнту мин зуррийәти биуәдин гәйри зи зәр'ин 'индә бәйткә әл-мухәррам»* («Ей, Раббым, әрине, мен әулеттеріңнің кейбірін Сенің құрметті үйіңнің қасындағы еш нәрсе өспейтін бір аңғарға орналастырдым»), – деп жарлық етті.

Ол кезде Мекке жоқ еді. Бәйт ул-Мәғмур бар еді. Ибрахим Хажарды қалдырып, қайтып кетті. Біраз азық, су қалдырды. Бірнеше күннен кейін Хажар ай-күннен әдемі Мұстафаның нұрын қолына ұстаған бір ұл босанды. Хажардың суы таусылды. Ұлын құндақтап алып іздеді. Сафа тауынан «Міне, су» деген дауыс естіді. Маруа тауынан да «Міне, су» деген дауыс естіді. Анда да, мұнда да барды, су таппады. (Осылайша) жеті рет дауыс келді. Сафадан Маруаға, Маруадан Сафаға жүгіріп, су таппастан, шаршады. Осылай жүгіру бүгінгі қажыларға сүннет болып қалды.

Сол кезде Хажар: *«Исмә' йә илу»* («Тыңда ил»), – деп Тәңірге жалбарынды. «Ил» сурияни иілінде Тәңірдің атын білдіреді. (Яғни) «Жаратушым, есіт» деді. Сол себепті (нәрестеге) Исмайыл деген ат қойылды. Исмайыл жылап жатты. Дауысын есітіп, жетіп келді. Исмайыл етпетінен жатып, екі аяғымен жерді тепкілеп жатқанын көрді. Тепкен жеріне Жебірейіл қанатымен соғып, су шығарды. Бүгінгі Зәмзәм құдығы сол. Сол су ағып шығуда еді. Хажар суды көргенінен сүйсініп, су таусылмасын деп, айналасына тас, құмды жиды. Сол күні Хажар су жинамағанда бүгінде Меккеде бір арық су болатын еді. Исмайылдың берекесінің арқасында бір күні Бәнү Жархам деген керуен жағдайы ауыр Шам жерінен Мекке жерінен өтетін болды. Ұшар құс, жүгірген аңды көріп, солардың ізімен барды. Сұлу анасымен отырған Исмайылды көрді. Қасындағы суды да көрді.

(Олар): «Мына құдық кімдікі?» – деп сұрады Хажардан.

(Хажар): «Мына нәрестенікі», – деді.

(Олар): «Бұл кімнің нәрестесі?» – деді.

(Хажар): «Ибрахимдікі», – деді.

(Олар): «Ибрахим кім?» – деп сұрады.

(Хажар): «Намрұтты опат еткен жан», – деді. Олар бір-біріне қарап: «Біздің жер-жұртымыз жарамсыз, адамдарымыз таза емес. Осында көшіп келейік», – деп кеңесті. Хажарға қарап: «Сен мұнда жалғызсың, Исмайыл да жалғыз, қаласаң біз қоныс аударайық. Жыл сайын қара малдан, мал төлінен оннан бірін мына нәрестеге берейік», – деді. Хажар келісті. Осы сөзге бітім байланды. Содан соң ел-жұртын көшіріп әкелді. Патшаларының аты Ханифа ибн Суманда әл-Хухумий еді. Үш мың бес жүз үйлі адам келіп Меккеге қоныстанды. Үй тұрғызды, базар ашты. Жыл соңында мал төлінің оннан бірін берді. Екі мың қой, үш мың түйе, жеті мың сиыр болды. Бәрін Исмайылға берді. Жыл сайын осылай жасады. Исмайылдың қара малы көбейді. Жиырма бір жасында Аммара есімді қыз берді. Бір күні Исмайыл ауға кеткенінде, Ибрахим Исмайылды көргелі келді. Сара Ибрахимге түйеден түспе деп тапсырған болатын. Ибрахим келіп Исмайылдың үйін сұрастырып, тауып келді. Есігін қақты. Келін отыр екен. «Исмайыл қайда?» – деді.

«Ауға кетті», – деді.

«Қашан келеді?» – деп сұрады.

«Не көп сөзді іс пе?!» – деді.

Ибрахим: «Исмайыл келсе, осындай бір адам келіп саған сәлем айтты де. Және есігіңнің тұтқасы жарамсыз екен, басқа тұтқа салсын», – деді. Исмайыл келгенінде жаңағы сөздерді айтып берді. Исмайыл: «Ол – әкем. Сен оны құрметтемеңсің. Үйдің тұтқасын ауыстырғын дегенде сені айтқан. Енді сен маған керек емессің», – деп талақ берді. Бір жылдан кейін Бану Харимнің ұлының қызы Сайида бинти Массас әл-Хурхумиге үйленді. Исмайыл аңға шыққанды ұнататын. Исмайыл және аңға кеткенінде Ибрахим келіп Сайидадан сұрады.

(Ол): «Ауға кетті, келгенше кіріңіз, тамақ дайындайын», – деді.

Ибрахим: «Менің антым бар, түсе алмаймын. Дайын тамақ бар ма?» – дегенінде, ақ түйенің айранын алып шығып берді. Ибрахим ішіп болып: «Тәңірі қара малдарыңызға береке берсін», – деп дұға жасады. Ол аймақта түйе көп болатын болды.

Расул (Мұхаммед пайғамбар): Сол күні Исмайылдың әйелі тамақ бергенінде, бүгінде Меккеде аштық аз болатын еді, – деп айтқан еді.

«Түйеден түсіңіз, сақал-шашыңызды жуып берейін», – деді тағы.

Ибрахим: «Түйеден түспеймін деп ант ішкемін», – деді. Сол жерде бір үлкен тас бар еді. «Бір аяғыңызды тастың үстіне қойыңыз, сақал-шашыңызды жуып берейін», – деді. Ибрахим оң аяғын тастың үстіне, сол аяғын түйеге асып қойып, сақал-шашының жартысын жуды. Екінші жағын да солай жуды. Содан кейін Ибрахим: «Исмайыл келсе айт, Ибрахим саған көп сәлем айтты де. Мына тұтқаны берік ұстасын», – деді. Исмайыл келгенінде Сайида болған оқиғаның бәрін айтып берді. Исмайыл: «Ол – менің әкем, тұтқа дегені – сен», – деді.

ИСМАЙЫЛ (Ғ.С.)ДЫ ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛҒАН ҚИССАСЫ

Ғұламалардың арасында әр түрлі пікір бар. Исмайылды құрбандыққа шалды ма әлде Исхақты ма? Арабтың бәрі Исмайылды құрбандыққа шалды дейді. Арабтың бәрі Исмайылдан тарайды. Яһудилердің Тәуратында Исхақты құрбандыққа шалынғаны айтылады. Себебі яһудилер мен христиандар Исхақтың ұрпағы. Кейбіреулер екеуі де құрбандыққа шалынды дейді. Бір жолы Исмайыл, бір жолы Исхақ деп айғақ келтіреді. Бір хадисте Расул (ғ.с.): «*Әнә ибну зәбихәйни*», – деген. Мағынасы екі құрбандықтың ұлымын деген сөз. Бұдан мұрат Исмайыл да, Исхақ та дейді.

САУАЛ: Мұстафа (ғ.с.) Исхақтың емес, Исмайылдың ұрпағы. Екі құрбандықтың ұлымын дегенінде қандай мағына бар?

ЖАУАП: Арабтың немере ағаны әке (ата) дейтін әдеті бар. Ғұламалардың біразы «Егер Исмайыл құрбандық еді деп үш талақ ант ішсе, әйелі талақ болмайды, себебі Алла Тағаланың Құранда Исмайыл құрбандық шалынатын қиссасының соңында «*Уә бәшиәрнәһу би Исхәкә нәбийән мин әс-салихинә*» («Және Біз оған Исхақ есімді бір перзент болатынын, оның пайғамбар болатынын және ізгі құлдарымыздан болатынын сүйінішiledік») деген аяты бар. Яғни «Әнә ибни зәбихәйни» («Мен екі құрбандықтың ұлымын») деген сөздің астарында мынадай дұрыс шешім шығады: бірі – Исмайыл, екіншісі – (Мұхаммед пайғамбардың) әкесі Абдолла.

Хабарда былай келеді: Мұстафа (ғ.с.) үлкен атасы Әбдімүтәліп уақытында Зәмзәм құдығы тартылды. (Әбдімүтәліп) Алла Тағалаға нәзір қылып: «Алла Тағала су берсе, бір ұлымды құрбандыққа шаламын», – деді. Алайда кейбір ғұламалар Әбдімүтәліптің «Алла Тағала маған он ұл берсе, бәрі қару-жарақ алып соғыс күні қасымда тұрса, оның біреуін құрбандыққа шалар едім» деп нәзір қылғанын айтады. Ол күнде Әбдімүтәліптің тоғыз ұлы бар еді. (Олар): Харис, Әбу Ләхәб, Аббас, Хизар, Хамза, Мұқадам, Жәһіл, Зубайр, Әбу Тәліп. Бәрі де бір анадан. Басқа анадан оныншы болып Абдолла туды. Бәрінен Абдолланы жақсы көретін еді. Қайсысына

түссе, соны құрбандыққа шаламын деп жеребе тастады. Жеребе Абдоллаға түсті. Әбдімүтәліп алып, құрбандыққа шалғалы Абдоллаға барды. Абдолланың анасының Темір Махзум есімді бір туысы бар еді. Меккеде олардың сөзі жүретін. Шам аймағында бір пал ашушы бар еді. «Соған адам жіберіңдер, ол қалай деп шешім шығарса, соны жасаңдар», – деді. Барып сұрап еді, ол «Бір жағына Абдолланы, екінші жағына он түйені қойып, қайтадан жеребе тастаңдар», – деді. Қашан түйелерге түскенше, қайта-қайта тастаңдар деді. Түйе жүзге жеткенде жеребе түсіп, жүз түйені құрбандыққа шалды. Абдолла (аман) қалды. Бүгіндегі ер жігіттің құны жүз түйе деген сөз содан қалды. Расул (ғ.с.) *«Инни ибну зәихәйни»* («Мен екі құрбандықтың ұлымын») дегенінің мәнісі, міне, осы.

Риуаятта кездеседі: Ибрахим «Тұр, құрбан шал» деген түс көрді. Ибрахим таң атысымен тұрып, жүз қойды құрбандыққа шалды. Екінші түні және «Тұр, құрбан шал» деген түс көрді. *«Йә Ибрахиму қум уә қарриб әл-қурбәнә»* («Ей, Ибрахим, тұр да құрбандық шал»). Ибрахим ерте тұрып, жүз түйені құрбандыққа шалды. Үшінші күні және түс көрді. *«Қум уә қарриб әл-қурбәнә»* («Тұр да құрбандық шал»).

Ибрахим: «Менің құрбандығым не? Нені құрбандыққа шалайын?» – деді.

(Алла Тағала): «Бізден басқа нені жақсы көрсең, соны құрбандыққа шал», – деді. *«Избәх уәләдәкә»* («Балаңды құрбандыққа шал»). Исмайылды құрбандыққа шалатынын білді. Жұбайы Хажарға: «Бір құрметті досым бар, бір ұлыңды әкел, көрейін деп сұрап жатыр. Енді Исмайылдың басын, шашын жуып-тара, соны алып барайын», – деді. Хажар Исмайылды жуындырды, шашын тарады. Таза киімдер кигізгенінде Исмайыл тіптен ашылып кетті. Анасы Исмайылдың бетіне қарап, айдай жүзін, күндей көркін, қаламдай көзін, оқтай кірпігін, ақықтай еріндерін, інжудей тістерін, пістедей аузын, қызыл шырайын, сұлу жүзін, мойнын құшып, сүйіп айтты:

Ей, көңілім жұбанышы, ойнап алысқа бармағын,
Жарылқа жалғыз анаңның жүрегін, өртемегін.
Осы кетпектің орнына өлімімді тілесең, саған
Мен өңіңде өлейін, сен ішімді өртеме.

Ибрахим жіп алды, пышақ қонышына салып, тауға аттанбақшы болды.

Хажар: «Қонаққа барамын дейсің, жіп пен пышақты не істейсің?» – деп сұрады.

Ибрахим: «Мүмкін, қой алып келермін», – деді. Тәңірі тілімен қой деп айтып еді, (айтқаны келіп) жұмақтан қой келді. Исмайыл ерді. Ибрахим жүрді. «Артымнан ер», – деді Исмайылға. Исмайыл Ибрахимнің артынан жүріп отырды. Ібілістің сабыры таусылды. Өзін адам бейнесіне салып, Исмайылға келді де: «Әкең сені қайда алып бара жатқанын білесің бе?» – деп сұрады.

(Исмайыл): «Досына алып бара жатыр», – деді.

Ібіліс: «Сені құрбандыққа шалғалы алып бара жатыр», – деді.

Исмайыл: «Қай әке (өз) ұлын құрбандыққа шалады?» – деді.

(Ібіліс): «Тәңірдің атымен құрбандыққа шаламын дейді», – деді.

Исмайыл: «Егер Тәңірдің жарлығы болса, онда мың жаным болса бәрін де құрбандыққа беруге дайынмын», – деді. Ібіліс бұл баланы азғыра алмады, енді Хажарға барайын деп ойлады. Бәйіт:

Суда тұрған ат баласы қанша болса да кіші,
Кең теңіздің суы оны тарта алмас.

Әйелдер әлсіз болар деп Хажарға келіп: «Ибрахим Исмайылды қайда алып бара жатқанын білесің бе?» – деп сұрады.

(Хажар): «Досына алып бара жатыр», – деді.

Ібіліс: «Құрбандыққа шалғалы алып бара жатыр», – деді.

(Хажар): «Қай әке (өз) баласын құрбандыққа шалады?» – деді.

«Тәңірдің жарлығымен», – деді Ібіліс.

Хажар: «Ей, ақымақ, Тәңірі жарлығы болса, мың жан болса да пида болсын», – деді. Ібіліс үмітсіз болып, Исмайылдың қасына келіп, азғыра бастады. Исмайыл әкесіне: «Мені бір қарт келіп азғырып жатыр», – деді.

Ибрахим: «Ол шайтан. Тас лақтыр, кетсін», – деді. Исмайыл жеті тас алып лақтырды. Сол жерде тас ату қажыларға сүннет болып қалды. Ибрахим жеті тас алып лақтырды. Басына тиді. Пышақты тасқа қайрады, дауыстап жылады.

Исмайыл: «Неге жылап жатырсыз?» – деп сұрады.

Ибрахим: «Ей, ұлым, сені түсімде бауыздағанымды көрдім», – деді. *«Йә бунәйиә инни әра фи әл-мәнәми әнни әзбәхукә фәнзур мәзә тәра»* («Ей, ұлым, мен түсімде сені бауыздап жатыр екенмін, сенің пікірің қандай?»).

Исмайыл: «Ей, әке, Жаратушының досымын дейсің. Алланың досы болған адам ұйықтай ма? Ұйықтамасаң бұл түсті көрмеген болар едің», – деді. Тағы: *«Ә мә сәми'тә мә әухаллаһ тә'әлә илә бә'зи әнбийәһи кәйфә мән иддә'ә мәхәббәти изә жәннәһу әл-ләйлу тәнәму 'әйнәһу»* («Алла Тағаланың кейбір пайғамбарларына: «Менің сүйіспеншілігіме бөленгісі келген пенденің түнде қалайша ұйқысы келеді» дегенін естімедің бе?!»).

*'Әжәбә лил-мухиб кәйфә йәнәм
Куллу нәум 'әлә әл-мухиб хәрәм
Қум-қум йә хәбиби кәм тәнәм
Фә иннә тәләбә әл-жәннәти лә йәнәм.
(Ғажәп! Ғашық қалай ұйықтайды,
Ғашық үшін барша ұйқы харәм.
Тұр-тұр, ей, сүйіктім, әсте жатпа,
Әрине, жәннатты қалаған ұйықтамайды.)*

Сүйікті сүйсең ұзақ тұр шексіз,
Сүйікті сүйген адамға ұйықтамақ харәм.
Ер болсаң түні бойы тілегін бәрін,
Барша тілек түнде тапты мұратын.

Исмайыл: «Алланың жарлығы қалай болса, солай жаса. Сен ұлыңнан кешсең, мен де жанымнан кештім, іске кіріс», – деді. *«Йә әбәти иф'әл мә түмәр»* («Ей, әке, нә нәрсеге әмір етілсеңіз, орындаңыз»).

Ибрахим: «Ей, ұлым, қалай сабыр қылмақшысың?» – деді.

(Исмайыл): «Алла Тағала қаласа, мені сабырлылардан қылады», – деді. *«Сәтәжидуни иншаллаһу мин әс-сабиринә»* («Алла қаласа, мені сабыр етушілерден көресіз»). Тағы: «Ей, әке, неге маған үйде айтпадыңыз? Анамның аяғын құшып, кешірім сұрап, сүйікті жүзін көріп алатын едім. Алайда үш өсиетім бар, біріншісі, менің аяқ-қолымды берік байлаңыз, пышақ ұрғаныңызда (мен) сілкініп кетіп, үстіңе қан тимесін. Екіншісі, жүзімді төмен ұста, жүзімді көріп әкелік махаббатың оянып, пышақ салуыңа кедергі келтірмесін. Үшіншісі, көйлегім мен шашымды анама алып бар», – деді. Содан кейін Ибрахим Исмайылдың аяқ-қолын байлады, жүзін төмен қаратты. *«Фә ләммә әсләмә уә тәллаһу лил-жәбини»* («Екеуі Алланың әміріне мойынсұнды және баланың маңдайын жерге қаратып жатқызғанында...»). Пышақты тамағынан салып, бар күшімен тартты, пышақ өтпеді. Қанша тырысса да, өтпеді.

Кейбіреулер Ибрахим Исмайылды байлап, пышақты саларда Исмайыл күлді дейді. Ибрахим: «Неге күлдің?» – деп сұрағанында, «Пышақтан «Бисмилләһир рахмәнир рахим» жазуын

көрдім. Ей, әке, сүйінші, саған пышақта Алланың аты жазылған болса, тамағымды қалай кеседі?» – деп жауап берді дейді.

Тағы біреулер пышақты Исмайылдың тамағына салмастан бұрын Жебірейілге «Әдриқ 'әбди» деген жарлық болды дейді. Таста, пышақтың жүзін қайтар (деген жарлық болды). Сидрадан канат қағып, пышақтың жүзін қайтарды дейді.

Жеті рет пышақты салды, өтпеді. Ашуланып пышақты жерге соқты. «Ей, Хәлил (Алланың досы, яғни Ибрахим), сен кес дейсің, Жәлил (Алла) кеспе дейді» деген пышақтан дауыс келді. Міне, осылайша қияметтің күнінде «Әмәннә биһи уә саддақнә» («Оған сендік және шынайы берілдік»). Мұхаммедтің үмметін тозаққа кіргізбейді. Тамұқ оты оларды күйдірмейді. Періште: «Неге күйдірмейсің?» дегенінде, от: «Ей, періште, сен күйдір дейсің, алайда мәликул мулук (Барша патшалықтың патшасы, яғни Алла Тағала) күйдірме дейді», – деп жауап береді.

Сол сәтте жеті қабат көктің есіктері ашылды. Күзетте тұрған періштелер тағы жылады, арсы-күрсі күрсінді.

Тағы бір риуаятта, періштелердің мінажат қылып: «Тәңірім, лаухул махфузда ақыр заман пайғамбары Исмайыл ұрпағынан екенін көрдік. Сол Мұхаммедтің құрметі үшін бұл әкені сүйіншіле деп жалбарынғаны айтылады.

«Ей, Ибрахим, түсінді ақиқатқа айналдырдың» деген көктен дауыс есітілді. «Уә нәдәйнәһу ән йә Ибрахимү қад саддақтә әр-руйә» («Біз: «Ей, Ибрахим, түсіңді рас қылдың (орындадың)», – деп үндедік»). Сен сөзіңде тұрдың, біз де жауабын береміз. «Иннә кәзәликә нәжзи әл-мухсининә» («Әрине, біз жақсы амал етушілерді осылайша марапаттаймыз»). Ол жауап мынау: «Мына қошқарды алып, құрбандыққа шал. Ұлың аман қалсын!» – деді. «Фә фәдәйнәһу бизибхин 'әзимин» («Біз оның орнына (құрбандыққа) шалынатын үлкен бір мал жібердік»). «Аллаһу әкбәр, Аллаһу әкбәр» («Алла ұлық, Алла ұлық») деген Жебірейілден дауыс келді. Ибрахим жоғары қарап, Жебірейілдің бір қошқар алып келе жатқанын көрді. Қуанғанынан: «Лә иләһә илла-аллаһу Аллаһу әкбәр» («Аладан басқа жаратушы жоқ, Алла ұлық»), – деді. Исмайылға қарап: «Қара, Алла Тағала мені мен сені бұл сынақтан құтқарды», – деді. Исмайыл қарады, қошқарды көріп: «Аллаһу әкбәр уә лилләһи әл-хәмду» («Алла ұлық және шынайы мадаққа Алла лайық»), – деді.

Кімде-кім айт күні осы тәкбірді айтса, Жебірейіл Әминнің, Ибрахим Хәлилдің, Исмайыл Зәбихтің шапағатына лайық болатыны айтылады.

(Тағы бір деректе) Ол қошқардың Әбілдің Исмайыл үшін жұмақта байлаулы тұрған құрбандығы екендігі айтылады.

САУАЛ: Жомарт әке ме әлде ұл ма?

Біреулер: «Әке жомарт, себебі әкенің ұлға деген махаббаты күшті болады», – деді. Ал кейбіреулер: «Ұл жомарт, себебі әке баладан кешті, ұл жанынан кешті. Жан бәрінен де әзізірек», – деді. «Исмайыл құрбандыққа шалынса, Алламен қауышатын еді, алайда Ибрахим өле-өлгенше оны сағынып өтетін еді», – дейді тағы да. Тағы бірде: «Ибрахим жомарт, себебі құрбандық шалу жарлығы Ибрахимге келді, Исмайылға келмеді», – дейді. «Исмайыл құрбандыққа шалынса, қияметке дейін бұл сүннет мұсылмандарға уәжіп болатын еді. Исмайыл бауыздалмастан, мұсылмандарға мейірім болды», – дейді тағы бірде.

САУАЛ: Пышақ Исмайыл үшін еді, Ибрахим неге жылады?

ЖАУАП: Ибрахим фәнилік досынан айрылатын еді. Исмайыл фәнилік досынан айрылып, бақилық досымен қауышатын еді.

Тағы бір ЖАУАП: Исмайылды құрбандыққа шаларда Алла Тағала нұрлардың бірін Исмайылға кіргізді. Сол нұрдың арқасында пышақтың азабын сезбеді. Мысыр әйелдерінің Жүсіп жамалының нұрын көргендерінде сезбей қолдарын кескендері секілді. Мұсылмандар да солай. Олар сол сәтте мағрифат нұрын көрсетіп, өз сәлемін жеткізеді. Соның арқасында мұсылмандар онай жан береді.

Иншаллаһу тә'әлә. Аллаһуммә һәууин 'әләйнә сәкрәтәи мәути.

(«Алла Тағала қаласа. Ей, Алла, біздің жаньмыз шығарда жеңілдет».)

ҚАҒБАНЫҢ ТҰРҒЫЗЫЛУ ҚИССАСЫ

(Бүгінгі) Қағба жеріне Адам Сафи Бәйт ул-Мағмурды тұрғызды. (Ол) Нұх пайғамбардың заманына дейін тұрды. Оған зиярат жасайтын. Топан су басқан уақытта азаптаушы судың астында қалмауы үшін Алла Тағаланың жарлығымен Жебірейіл Бәйт ул-Мағмурды төртінші қабат көкке алып шықты. Сол үйдің көлеміндей тауды Шам аймағынан алып келіп, Бәйт ул-Мағмурдың орнына қойды. Ибрахим заманына дейін тұрды. Ибрахим пайғамбарға Бәйт ул-Мағмурдың орнына Қағба сал деген жарлық болды. (Ол): «Тәңірім, оның қай жер екенін білмеймін...» – деді.

(Бір деректе) ол тауды орнынан көтерді дейді. Жебірейіл: «Сонда тұрғыз», – деді. Тағы бір деректе Алла Тағаланың Қағбаның көлеміндей бір шоқ бұлтты жібергендігі, сол бұлттың көлеңкесі жерге түскендігі, соның көлеміндей етіп Қағбаны тұрғызғандығы, сондай-ақ Нұх пайғамбардың кемесінің ағаштарымен үстін жапқандығы айтылады. Кейбіреулер бір жылан келіп сол жерге иіріліп жатқандығын, соның көлеміндей етіп Қағбаны тұрғызғандығын айтады. Тағы бір деректерде «Ей, Ибрахим, бес таудың тасымен тұрғыз. (Олар): Тур Сина, Тур Зина, Хира, Лубнан және Жуди» деген жарлық келгендігі айтылады.

САУАЛ: Меккеде тас көп еді. Бес таудың тасымен тұрғызбақта қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Алла Тағала: «Кімде-кім осы үйге жүзін бұрып, бес уақыт намаз оқыса немесе бұған тауаф етсе, осы бес үлкен таудай күнәсі болса да, бәрін жарылқаймын, барша айыбын кешіремін» деген еді.

Жебірейіл тасты кесті, періштелер көмектесті, қашады. Исмайыл тесті. Тасты кесіп болған соң, Жебірейіл Исмайылды жарлығымен тастың үстіне қоятын еді. Тас жорға аттай жорғалап Ибрахимге келетін. (Егер) бір тас қисық жарамсыз болса, Ибрахимнің қолы тиісімен орнына келетін (түзелетін). Төрт бұрышқа төрт сөз айтып тасты қойды. Әуелі: «*Субханаллаһи*» («Алла пәк»), екінші бұрышына: «*Уәлхәмду лилләһи*» («Аллаға мадақ»), үшіншісінде: «*Уә лә иләһә иллаллаһу*» («Алладан басқа жаратушы жоқ»), төртіншісінде: «*Аллаһу әкбәр*» («Алла ұлық») деді. Расулудла (ғ.с.): «*Кәлимәтәни хәфифәтәни 'әлә әл-лисәни сақиләтәни фи әл-мизәни 'индә әл-мәлики әр-рахмәни уә тилкә әл-кәлимәту субхәналлаһи уә бихәмдиһи субхәналлаһи әл-'әзим. Зийәдәту әд-дунийә нұқсәнү әл-ахирати уә нұқсәнү әд-дунийә зийәдәту әл-ахирату*» («*Айтқанға*) тілге жеңіл, алайда Алланың алдында таразыда ауыр болатын екі сөз бар: «*Субхәналлаһи уә бихәмдиһи*», екіншісі «*Субхәналлаһи әл-'әзим*»); («*Мал-дүниенің көбеюі ақырет азығының азаюы, ал мал-дүниенің азаюы ақырет азығының көбеюі*») деген. .

Мағынасы мынау: Екі сөз бар тілге (айтқанға) жеңіл, қиямет күнінде таразыға ауыр, Тәңір алдында ардақты. Сол екі сөз осы.

САУАЛ: Тілге қалай жеңіл? Таразыға қалайша ауыр болады?

ЖАУАП: (Бұ) дүние (өлшемі) мен ақырет (өлшемі) бірдей емес. Дүние ләззаты – ақырет өкініші.

Осылайша (бұ) дүние ауырлығы – ақырет жеңілдігі, (бұ) дүние жеңілдігі – ақырет ауырлығы. Бүгін тілге жеңілдік берді, осы кезде тәспі, тәһлил айтсаң, көзді ашып-жұмғанша Арсыға жететіні, сол тілдің жеңілдігі. Және (бұ) дүние ауырлығын қадамға берді. Ұзақ күн жүрсең, (ары барса) екі иғаштан артық жүрмейсің, сол қадам ауырлығы. Алайда Жарын (Алланы) қалаған дұрыс болады. Қадам ауырлығын тілге береді, тілдің жеңілдігін қадамға береді. Көзді ашып-жұмғанша үш мың жылдық сираттан өтеді. Немесе қадам ауырлығын тілге береді. Мұсылманның құлшылықтарын таразының бір жағына салғанда, күнәлары ауыр болады. (Сонда) жеті қабат көкті, жеті қабат жерді салса да күнәнің салмағын баса алмайды. Сол сәтте көктен бір жапырақ қағаз ұшып келеді. Құлшылық жағына қонады. Ол барша

құлшылықтардан, жеті қабат көктен, жеті қабат жерден осы қағаз артық болады. Сол қағазды ашып қараса, «Субханаллаһи уә бихәмдиһи, субханаллаһи әл-әзим» деген жазу шығады. Қадам ауырлығының тілге берілгені, міне, осы.

Қағбаның құрылысын бітірген кезде Ибрахим: «Тәңірім, бізден қабыл ал, есітуші һәм білуші өзіңсің», – деді. «Раббәнә тәқаббәл миннә иннәкә әнтә әс-сәми'у әл-әлим» («Ей, жаратушымы, Сен бізден осы істі қабыл ет, әрине, Сен есітуші һәм білушісің»). «Біздің ұрпағымыздан бір пайғамбар шығар. Сенің Кітабыңды оларға оқысын, хикметінді оларға үйретсін. Күнәларын тазартсын, әзізсің, хәкімсің», – деп тағы дұға жасады. «Қаулуһу Тә'әлә: «Раббәнә уәб'әс фиһим расулән минһум йәтлу 'әләйһим әйәтикә уә йу'әллимуһум әл-китәбә уә әл-хикмәтә уә йузәккһим иннәкә әнтә әл-әзизу әл-хәкіму» («Алла Тағала айтты: «Ей, жаратушымыз, Сен оларға өздерінен пайғамбар жібер, (пайғамбар) оларға аяттарыңды оқып берсін, оларға Құранды және хикметті үйретсін және оларды тазартсын, расында тек Сен ғана шынайы хикметтісің»).

Бір деректе Мұхаммед Мұстафа (ғ.с.)ның: «Әнә дә'уәту әби Ибрахимә уә бәшәрату Би 'Исә уә руйә умми Әминә» («Мен атам Ибрахимнің дұғасымын, Исаның сүйіншілеуімін және Анамның түсімін») дегені айтылады.

Жебірейіл келіп: «Ей, Ибрахим, халықты қажылыққа үнде» деген жарлық әкелді. «Уә әззин фи ән-нәси би әл-хәжжә» («Адамдарға қажылық туралы хабар бер»). «Тәңірім, қайсыбірін шақырайын, халық көп, мен әлсізбін», – деді Ибрахим. «Сенен үгіттеу, менен есіттіру» деген жарлық келді. Ибрахим Бу Құбайыс тауына барып, үгіттеді. «Йә әйиухәннәс инналлаһа тә'әлә бәнә ләкум бәйтән уә әмәракәм ән тәхүжжәһу фә хәжжәһу» («Ей, адамдар, расында Алла Тағала сендер үшін бір үй тұрғызды және сендерге оны зиярат етіп тұруларыңды әмір етті, ендеше зияратқа келіңдер»).

Ата омыртқасынан, ана мейірімінен жаратылған момын-мұсылмандар: «Ләббәйк-аллаһуммә ләббәйкә, ләббәйкә лә шәрикә ләкә ләббәйкә иннә әл-хәмдә уә ән-ни'мәтә уә әл-мулкә ләкә лә шәрикә ләкә» («Бұйыр, ей, Алла, бұйыр, бұйыр, ей, серігі жоқ, бұйыр, әрине, шынайы мадақ пен нығмет Саған ғана тиесілі. Сенің ешбір серігің жоқ»), – деп жауап берді.

Кімде-кім сол күні жауап берсе, қаншалықты кедей болса да, қажылықты өтейді, егер кімде-кім (сол күні) жауап бермеген болса, қаншалықты күшті (бай) болса да, қажылықты өтей алмайды.

ЫСҚАҚ (Ғ.С.)НЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУ ҚИССАСЫ

Сара жүз отыз жасқа келгенінде Жебірейіл сүйінші хабар жеткізді....

«Уә бәшиәрнәһу би Исхәқа нәбийән» («Және Біз оған Ысқақпен және оның пайғамбар болатындығымен сүйіншіледік») сүйіншісі болған, «Уә бәшиәрнәһә би Исхәқа уә мин уәраи Исхәқа Йә'қубә» («Біз ол әйелге Ысқақпен және Ысқақтан кейін Жақыппен сүйіншіледік») шапанын киген, «Уә уәхәбнә ләһу Исхәқа уә Йә'қубә нәфиләтән уә куллән жә'ләнә салихинә» («Біз оған Ысқақты бердік және көбейтіп Жақыпты да бердік, және бәрін ізгі құлдардан еттік») үндеуімен шарапатқа кенелген – ИБРАХИМНІҢ ҰЛЫ ЫСҚАҚ ПАЙҒАМБАР еді.

Ысқақ пайғамбар – Алланың елшісі
Мың пайғамбар туды одан, баршаның ол басшысы.
Хаққа ынтық, халыққа қараушы, сүйіншілеуі һәм
бақылаушы,
Дін-шарифат үйреткелі жұмақтың да жолшысы.
Ол (Сара) үміт үзгенінде сүйінші жеткізіп Жебірейіл,
Хақ сүйінішімен берген Сараның нәрестесі.
Ол Зәбихулланың (Исмайыл) інісі, егіз ұлға әке,

Сегіз ұлдың арасында санасан екіншісі.
Дін-шариғат ұстау үшін аттанып үйретуге,
Тәңір берген еді қолында пайғамбарлық қамшысы.

Сара жүз жасқа келгенінде ұлдан үмітін үзіп еді. Жебірейіл Лұт қауымын опат еткелі келгенінде Ибрахим пайғамбарға келіп, Сарадан Ысқақ атты ұлын болады деп сүйіншіледі. «*Фә бәшшәрнәһу биғуләмин хәлимин*» («*Кейін біз оны жұмсақ ұлмен сүйіншіледік*»). (Бұл хикая кейінірек Лұт қиссасында айтылады). Жебірейіл сүйінші хабар жеткізген соң, жеті күннен кейін Сара Ысқаққа жүкті болды. Тоғыз айдан кейін Ысқақ туды. Сол түні мың жұлдыз көктен еніп, Ибрахимнің үйінің айналасына жиылды. Ибрахим: «Тәңірім, бұл ненің белгісі?» – деп мінажат қылды. «Ей, Ибрахим, бұл Ысқақ атты ұлыңнан мың пайғамбар туылады» деген жарлық келді.

Қуанғанынан Жаратушыға шүкір қылып: «Ысқаққа мұндай кереметті бердің, Исмайылға не бересің?» – деп сұрады. «Ей, Ибрахим, Исмайылды маған тапсыр. Соңынан Мұхаммед Расулулла атты бір пайғамбар жіберемін. Егер ол болмағанда жүз жиырма төрт мың пайғамбар да, сен де болмайтын едің. Бәрін де соның құрметіне жараттым» деген жарлық келді. Ибрахим қатты қуанды. Хажарға хабар берді. Сара бақытқа кенеліп, Жаратушыға шүкір етті. Көп мал беріп, садақа таратты. Ибрахим мың қой, жүз сиыр, жүз түйе құрбандық шалды. Ысқақ есейгенде Илияс ұлы Батуилдің Рукға атты қызына үйленді. Бұл Рукғадан егіз екі ұл сүйді. Үлкені – Ияз, кішісі – Жақып есімді. Жақып Ияздың өкшесін баса туды. Сол себепті де (Йә'қуб) Жақып атады.

Ысқақ пайғамбардың көзі көрмейтін еді. Ияз ержеткенде аңшылық қылатын еді. Әкесі Иязды қатты жақсы көретін. Күндердің бір күнінде әкесі Иязға: «Киіктің қуырылғанын қалап отырмын. Әкелсең, жеп болған соң, саған пайғамбарлық дұғасын берейін», – деді. Ияз аңға кетті. Баршаның дұғасы қабыл болатын еді дейді. Ол дұғаны қас ұлдары хақында қылатын еді. Жақыпты анасы артық жақсы көретін. Ол сөзді есітіп, бір қойды бауыздатты. Терісін Жақыпқа кигізді. Себебі Ияздың денесі қатты түкті еді. «Сені әкең танымасын, бар, қуырдақ жасап бер, жесін. Тағы сол дұғаны сұрап келдім деп айт», – деді. Жақып қой терісін жамылып кіріп: «Ей, әке, киік етін алып келдім», – деді. Ысқақ ол еттен жеді. Жақып: «Сол дұғаны сұрай келдім», – деді. Ысқақ Жақыптың қолын ұстап, теріге тигенінде: «*Әл-жилду жилду би'Из уә әс-сәуту Йә'қубә*» («*Терісі Ияздың терісі, (алайда) дауысы Жақыптікіне ұқсайды екен*»), – деді де: «Ұрпағың пайғамбарлар болсын, ізгі-жақсы болсын», – деді және.

Алла Тағала Ысқақтың Жақып хақындағы дұғасын қабыл қылды. Содан кейін Ияз аңнан келді, ет әкелді. Ол дұға сұрады.

Ысқақ: «Сен келдің, саған дұға жасадым», – деді.

Ияз: «Мен келмедім», – деді.

Ысқақ: «Ей, Ияз, саған бұл қулықты Жақып жасапты», – деді. Анасымен бірге Иязға жақсы дұға берді. Пайғамбарлық дұғасын бермеді. Содан бастап Ияз бен Жақыптың арасында келіспеушілік пайда болды. Ысқақ олардың арасындағы түсінбеушіліктен қорқып, Иязды Рум аймағына жіберді. Рум халқы бәрі Ияздан тарады. Ысқақ пайғамбардың дұғасының арқасында Жақып пайғамбар ұрпағынан көптеген пайғамбарлар шықты.

ИБРАХИМНІҢ ҚОЛЫНДА ТІРЛІГЕН ҚҰСТАРДЫҢ СӨЗІ

Күндердің бір күні Ибрахим (ғ.с.) кетіп бара жатып ет-сүйегі ажыраған бір өлген түйені көрген соң, ойына Намрұттың: «*Әнә ухий уә умиту*» («*Мен тірілтемін және өлтіремін*») деген сөзі оралды. «Мұндай нәрселерді ол малғұн қалай жаратады» деді де: «Тәңірім, өлікті қалай тірілтетініңді көрсет», – деді. «*Рабби әрини кәйфә тухий әл-мәутә*» («*Ей, Раббым, өлікті қалай тірілтетініңді маған көрсет*»).

«Сенбейсің бе?» – деген дауыс келді. «Ә уә ләм тумин» («Сенбейсің бе?»).

(Ибрахим): «Тәңірім, сенемін, көңілім тынышталсын», – деді. «Бәлә уә ләкин лиәтмәинкә қалби» («Жоқ, сенемін, алайда көңілім тынышталсын»).

(Бір деректе) былайша баяндалады: Алла Тағала Ибрахимге шынайы достық беремін деп уәде еткен еді. «Тәңірім, ол уәде қашан орындалады?» – деп сұрады Ибрахим. «Сенің қолыңда өлік тірілсе, саған шынайы достық сонда болады» деген дауыс келді. Кешіккен сайын төзімі таусылды. «Рабби әрини кәйфә тухий әл-мәутә» («Ей, Раббым, өлікті қалай тірілтетініңді маған көрсет»). «Ә уә ләм тәмин» («Сенбейсің бе?») деген дауыс келді. «Сенемін, алайда мені шынайы дос еткеніңді білейін, көңілім орнына түссін», – деді. «Бәлә уә ләкин лиәтмәиннә қалби» («Жоқ, сенемін, алайда көңілім тынышталсын»).

Кебіреулер: Ибрахимнің Қалб есімді досы бар еді. «Мен бәріне де сенемін. (Алайда) жүрек тыншып, көңілім орнына түссін», – деді деген мәлімет келтіреді.

«Төрт құсты ұстап, бауызда. Жүнін жұлып, етін тура, жүнін желге ұшыр, сүйектерін майдала. Бәрін араластыр. Тағы төртке бөліп, төрт таудың төбесіне апарып таста» деген дауыс келді. «Суммә иж'әл 'әлә кулли жәбәлин минһуннә жузән» («Кейін оларды сойып, әр таудың басына олардан бір-бір бөлігін қой»).

Бір деректе төрт құстың тауыс, қарға, үйрек және тауық екендігі айтылады.

Садди Муфассир (Алла одан разы болсын) «осы төрт құсты бауыздауға жарлық болды. Таза жүрген құстар өлмесін, қылмыс жасаған құстар өлсін. Сол себепті де осы төрт құс өлді» деген мәлімет келтіреді.

САУАЛ: Тауыстың қандай күнәсі бар еді?

ЖАУАП: Тауыс жұмақта Адам мен Хауаға күнә жасады. Ібіліс пен жыланға Хауаға қарай жол көрсетті. Аяғы барып-келе беріп, қарайды.

САУАЛ: Қарға қандай қылмыс жасады?

ЖАУАП: Қарға Нұх (ғ.с.) топанынан кейін жер көруге кетті. Өлексенің көптігін көріп, жеуге қонды да, қайтып келмеді. Қияметке дейін өлексенің жейтін болды.

САУАЛ: Тауықтың жазығы не еді?

ЖАУАП: Тауық басқа тауықпен Илияс пайғамбардың киімін алды. Бір-біріне қас болды.

САУАЛ: Үйректің қандай қылмысы бар?

ЖАУАП: Жүніс балықтан шыққан уақытта дене бітімі әлсіреген еді. Шыбын қонып қинамасын деп, қабак ағашын өсіріп, көлеңке етті. Үйрек су алып келгенше қабак ағашының тамырын кесті, қурады.

Осы төрт күнәһар құсты өлтіріңдер, жазықсыздар өлмесін деген жарлық болды.

(Кейбіреулер) осы төрт құстың өлмегінде қандай хикмет бар еді? дейді.

(ЖАУАП): Тауыс барша құстардан көрікті еді, адамзатқа ұқсайтын. «Ләқад хәләқнә әл-инсәнә фи әхсәни тәқуимин» («Расында Біз адамды өте әдемі бір кейіпте жараттық»). Тауық, періштелер секілді, зікір, тәспі айтатын. Және құстардың ішінде тауық көп құлшылық ететін. Қарға, шайтан секілді, көріксіз және ұзақ жасайтын еді. Үйрек, перілер сияқты, таза емес әрі суық еді. Бірде көрініп, бірде көрінбейді.

ПАЙДА: Ей, Халил (Ибрахим), тауысты өлтіргеніңде адамзаттың өлерін ойла. Тауықты өлтіргеніңде періштелердің өлмегін ойла. Үйректі өлтіргеніңде перілердің өлмегін ойла. Қарғаны өлтіргеніңде, шайтанның өлмегін ойла! Осы төрт құсты тірілткенімде осы төрт топты өлтіріп, қайта тірілткенімді ойла! Тірілтпекке құдіретім бар екенін білесің. Зерттеушілер осы төрт құсты өлтірмекке...

ХИКАЯ: Тауыстың дүние секілді әдемілігі, тауықтың шаһуаты, үйректің сұқтығы, қарғаның ұзақ жасы бар. Бұл діндарлық қылышы табиғат ішінде шарифат үкімімен осы төрт сипатты (ерекшелікті) бауыздаса, мәңгі тірі болатындығына ишара. «Уә лә тәхсәбәннә әл-ләзинә құтилу фи сәбили-ллаһи әмуәтән бәл әхйәу» («Алла жолында шейіт болғандарды өлді деп есептемеңдер, қайта олар тірі»).

«Осы төрт құсты өлтір, бастарын қолына ал, қалғанын бір ыдысқа салып турап, бір-бірімен араластыр. Төртке бөліп, төрт таудың басына қой. Содан кейін шақырсаң, саған келеді» деген жарлық болды. «*Сумма уд'уһунна йәтинәкә сә'йән*» («*Кейін оларды шақыр, олар саған жетіп келеді*»).

Ибрахим өлтіріп, майдалады. Төртке бөліп, төрт жаққа апарып қойды. Бастарын қолына берік ұстап шақырды, Алланың жарлығымен тау басынан ұшып шықты. Көкте әрбірінің сүйегі сүйегінен, еті етінен, түгі түгінен ажырап, орнына келді. Бастарымен бірікті. Ибрахим (ғ.с.) ның қарсысына келіп: «*Лә иләһә иллаллаһу Мухәммәдун расуллаһи*», – деп ұша бастады. «Ей, Ибрахим, Жаратушының әзіз һәм хәкім екенін біл» деген жарлық келді. «*Уә'ләм әнналлаһа 'әзизун хәкимун*» («*Әрине, Алла Тағаланың әзіз және хикметті екенін біліп ал*»). Ибрахимге өлікті тірілтуді құстармен көрсетті. Тағы Ғұзайырға өз тәнінде көрсетті, (мұндағы) хикмет не еді?

ЖАУАП: Ибрахим: «Тәңірім, өлікті қалай тірілтетініңді көрсет», – деді жалынып. «*Қалә рабби әрини кәйфә тухий әл-мәутә*» («*Ол: «Ей, Раббым, өлікті қалай тірілтетініңді маған көрсет», – деді*»). Ғұзайыр таңданып әрі күдікпен: «Мына нәрсені өліп-тірілгеннен кейін қайда тірілтеді?» – деп сұрады.

ИБРАХИМ МЕН САРА (ОЛАРҒА АЛЛАНЫҢ МЕЙІРІМІ БОЛСЫН) НЫҢ ДҮНИЕДЕН ӨТУ ҚИССАСЫ

Сара жүз отыз жасап, дүниеден өтті. Ибрахим оны Кенан өңіріндегі Палестинаға жерледі. Сараның көзі тірісінде оған адал болып, басқа әйел алмады. Сара дүниеден өткен соң, Юфтуранның Футур есімді қызын алды. Одан Яушан, Уашиқ, Замз, Мадян, Мудун және Шух есімді алты ұл сүйді. Үлкендері Исмайыл мен Ысқақ басқа анадан еді.

Осы сегіз ұлдан ұрпақ тарап, әлемге жайылды, бірі мұсылман, бірі кәпір болды. Сондықтан да Алла Тағала: «*Уә бәракнә 'әләйһи уә 'әлә Исхәқа уә мин зуррийәтиһимә мухсинун уә залимун линәфсиһи мубинун*» («*Біз оған және Ысқаққа береке бердік, ол екеуінің ұрпақтарының кейбірі жақсы амал етушілер, ал кейбірі өздеріне ашықтан-ашық зұлымдық жасаушылар болды*»), – деді.

Кейбір ғұламалар Сарадан соң Ибрахимнің екі жарым жылдан кейін дүниеден өткенін айта келе, Ысқақ туылғаннан кейін жиырма үш жыл жасап, жиырма бес күн ауырғанын, жүз жиырма тоғыз жасында мухаррам айында бейсенбі күні екінті намазы уақытында дүниеден өткеніне тоқталады. (Сондай-ақ) Ибрахимнің Алла Тағалаға: «Менің ажалымнан бір жыл бұрын маған хабар бер, мен өлімге дайындалайын», – деп жалынғанын айтады. Алла Тағала оның дұғасын қабыл алды. Әзірейіл жан алғалы келгенінде Ибрахим: «Тағы уақытта емес пе?!» – деп сұрағанда, Әзірейіл: «Уақыт болмағанда, маған жарлық келмейтін еді», – деді. «Ей, Ибрахим, сақалың қашан ағарды?» – деген дауыс келді. «Тәңірім, бір жыл болды», – деді. «Ей, Ибрахим, сақалдың ағарғаны, өлімнің елшісі» (деген жарлық келді). Ибрахимнен бұрын ешкімнің сақалы ағармап еді. Ибрахим оны білгенінде: «Ей, Әзірейіл, «*Һәл ра әйтә хәлилән йәқбәзу рухә хәлилиһи*» («*Достың жанын дос алғанын көрдің бе?*»), – деді. Мағынасы: дос досының жанын алар ма екен деген сөз. Сол сәтте Жебірейіл келіп: «Дос досымен қауышпақты қаламай ма екен деп Алла Тағала сұрап жатыр», – деді. «Олай болса, жанымды ал», – деді Ибрахим. Жанын алып, көкке ұшты, барша пайғамбарлар кездесіп: «Жан берудің ащылығы қаншалықты екен?» – деп сұрады. Ибрахимнің жаны: «Біреуді мың жыл бойына балтамен ұрып жарса және мың жыл бойына қайнап тұрған суды төбесінен құйып тұрса, тағы мың жыл қылышпен шапса, қалай қиналса, сол секілді екен», – деп жауап берді. «Жан берудің оңайы осы болса, ауырлығы қандай болады екен?!» – деді.

Ысқақты Шам аймағына, Исмайылды Хижаз жеріне халифа қылды. Исмайыл Ибрахимнен кейін қырық жыл жасады, Ысқақ елу екі жыл өмір сүрді. Ибрахимді Ысқақ жуып, намазын оқып, Сараның қасына қойды.

ЛҰТ ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.)НЫҢ ҚИССАСЫ

«Из қалә ләһум әхуһум Лутун» («Сол кезде олардың бауыры Лұт деді...») сүйіншісі болған, *«Улитинә би 'әзәбилләһи ин кунтә мин әс-садиқинә» («Егер сен рас сөйлеушілерден болсаң, Алланың азабын жібер»)* деп кәпірлерден жауап естіген және *«Әл-мутәфикәти әтәтһум расулуһум бил-бәйинәти» («Астан-кестені шыққан қалалардың хабары оларға келмеді ме? Оларға пайғамбарлары анық мұғжизалармен келген еді»)* шапанын киген, *«Ә иннәкум ләтәәт нә әр-рижәлә уә тәқтә'у әс-сәбил» («Сендер еркектермен жақындасасыңдар ма? Нәсіл көбею жолын үзіп тастайсыңдар ма?»)* деп кәпірлермен тартысқан, *«Уә мә әсәлукум 'әләйһи мин әжрин ин (әжрийә иллә 'әлә рабби әл-әләминә» («Мен осы нәрсе үшін сендерден ақы сұрамаймын, (менің ақым барша әлемнің жаратушысы болған Алланың мойнында»)* деп мейірім сыйлаған, *«Иттәқу уә лә тухзуни һәуләи фи бәнәти хиннә әтһәру ләкум» («...міне, мынау қыздарым. Сендер үшін бұлар оларға қарағанда тазарақ»)* деп үгіт-насихат берген, *«Әу әуи илә рукнин шәдидин» («Немесе бір берік пана тапсам еді»)* деп Сүйенішіне сиынған, *«Ә ләйсә әс-субху би-қарибин» («Таң сәрі уақыты жақын емес пе?»)* уәдесін естіген – ХАЗАР ҰЛЫ ЛҰТ (Ғ.С.).

Ибрахимнің хақ туысы Хазар ұлы еді Лұт,
Жарлық көп неше жылдар қуанып өзімен тұрды Лұт.
Жебірейіл келіп, пайғамбарлық жеткізді Тәңірден,
Жарлық есітіп, күш жеткізді үй жаққа барды Лұт.
Тоқтатыңдар, пұтқа табынбаңдар, тез келіңдер иманға деп,
Қырық жыл бейнеттеніп, лас кәпірдің ішінде тұрды Лұт.
Қанша өзімшіл-тәкаппардың біреуі де жолға кірмеді,
Қайғырып, үміт үзді олардан енді Лұт.
Бір жаратқан Хаққа келді жалынып, қылды дұға,
Жебірейіл қанат қақты, қырды Алла, көрді Лұт.

Харан ұлы Барих ұлы Хазар ұлы Лұт. Бұл Лұт Ибрахим әкесінің туысы, ұлы еді. Ибрахим пайғамбар заманында, Йордания жерінде еді. Ибрахим Палестина жерінде болатын. Муғтафиқат арасы бір тәуліктік жер еді. Лұттың әйелі кәпір болатын. Аты Уахила еді. Бұл Йордания жерінде бес үлкен шаһар бар еді: Дадума, Амура, Сеуам, Садум және Суғар. Он бес иғаштық жер еді. Бұл аймақта бау-бақша, нығмет көп еді. Дүниенің барша нығметі сол жерден табылатын. Оларда бір түрлі халық бар еді. Алла Тағала оларды Құранда муғтафиқат деп атаған. Муғтафиқаттың мағынасы – айлакерлер деген сөз. Патшаларының аты Мушдам ұлы Садум еді. Уәзірінің аты Қурмуз болатын. Бәрі пұтқа табынатын. Ябд, Масхур, Қуб және Қут атты төрт пұты бар еді. Ыдырыс пайғамбар заманынан сол уақытқа дейін осы төрт пұттан сыйлы пұт жоқ еді. Бүкіл әлемде қанша нығмет (көкөніс, жеміс-жидек) бар болса, сонша нығмет жалғыз Муғтафиқаттан табылатын. Жылда нығметтер піскен уақытта Сахра, Шын-Машын, Батха, Қалхар, Дарланд және Хирзан аймағының барлық халқы өз бақшаларына барғандай (осында) келетін еді.

Әр түрлі нығмет теріп, қыс болса үйлеріне қайтатын. Бір жылы Алла Тағала суық жіберіп, жеміс-жидек, көкөніс шықпай қалды. Жаз келгенде халық әдеттегідей келе бастады. Олар: «Бұл жылы өнім болмай қалды, сендер қайтыңдар, келесі жылы артығымен береміз», – деді. Олар қайтпады, олар да бұларды қайтара алмады. Садум патшаға барып айтты. Олардың Зеуал атты

үлкен пұты бар еді. Патша: «Зеуалға барындар, жалынып-жалбарыныңдар, сендерді құтқарады немесе өзі бір жылды көрсетеді», – деді. Ібіліс бір Хасхас атты диюді жіберді. Ол келіп Зеуал атты пұттың аузынан кіріп: «Ей, менің құлдарым, бірнеше жылдан бері менің сөзіме құлақ асқандарыңда, мұндай ауыртпашылық келмейтін еді. Мұның емі, енді бұл жерден шығып, жаңағы адамдарды ұстап, үйге салындар, олармен іс қылындар (жақындасындар). Олардың өздері қашатын болады», – деді. Олар Зеуалдың қасынан кетіп, оларды іздей бастады. Бір Бахыл есімді ер кісі кездесті. Ібіліс адам кейпінде етіп көрсетті. Әдемі жігіт шашын тарап, боянған екен. Бахыл оны көріп, Ібіліс қолын ұстап, үйге алып келді. Бір үйдің ішінде жатып Ібіліспен ойнас жасады.

ХИКАЯ: Мамун халифа (Алла одан разы болсын): «Адам (ғ.с.) барша жаратылыстың абзалы еді, оған сәжде жасамадың және Лұт пайғамбардың халқына хунаса (қос жынысты) болдың», – деген еді.

Риуаятта былайша баяндалады: Ібіліс жігіт кейпінде біреудің бақшасына ұрлық жасап кірді. Бақша егесі (оны) ұстап алып ұрды. Екінші рет кірді, тағы ұрды. Үшінші рет кіргенінде қорқыту үшін зорлап жіберді. Ібіліс осылайша оларды ойнастыққа үйретті. Мұндай іс бәріне ұнады. Бәрі пұтты көрсе, бір-біріне жабыса кететін. Басқа жерлерде ғаріптерді ұстайтын көрмелер ұйымдастырды. Оларда жағымсыз он қылық бар еді: жаймен тас ату, сабкина деген ойын, іш киімінің бауын кең қылу, киімінің артын, өңін тілу, сағыз шайнау, саусақпен тас тұзға салу, тамбур шалу, қошқар төбелестіру, еркекпен еркек жақындасу. Осы он түрлі жиіркенішті іс белең алғанда олар әйелдеріне қарамайтын болды. Ібіліс өзі бір таза кемпір бейнесінде олардың әйелдеріне келді. Бірнеше күн олармен тұрды. Ол әйелдер Ібіліске мұңын шаға бастады. «Мына біздің күйеулеріміз пәк жігіттермен жақындасып, бізге қарамайды, не істейміз?» – деп сұрады. «Мен сендерге үйретейін», – деді Ібіліс. Еркектің мүшесіндей бір ағашты жонып, өз беліне байлады. Ол әйелдермен ерлері секілді жататын болды. Әйелдерге ол іс ұнаған соң, олар бір-бірімен жата бастады. Еркек – еркекпен, әйел әйелмен жатты. Бірнеше жылдар өтті. Сол кезде Лұт (ғ.с.) Мұқаддаса жерінде үй жануарларын бағып, күнелтуде еді. Бір күні Жебірейіл жиырма жасар жігіт болып Лұтқа келіп сәлем берді.

Лұт (ғ.с.): «*Мән әнтә*» («Кімсің сен?»), – деп сұрады.

«*Әнә Жәбрәилу әл-әмину*» («Мен Жебірейіл Әминмін»), – деді.

Лұт хош сұрауды қойып: «Ей, Жебірейіл, не әкелдің?» – деді.

(Жебірейіл): «*Аллаһу йәкраукә әс-сәләмә*» («Алла саған сәлем айтты»). «Алла саған сәлем жолдады, муғтакифат халқыңа бар айт, еркек пен еркек жанаспасын, шаш-сақалын алмасын, іш киімнің бауын кең қылмасын, әйелдер де бір-біріне жақындамасын, «*Лә иләһә иллаллаһу уә иннәкә Лутун расулуллаһи*» («Жалғыз Алладан басқа тәңірі жоқ, және сен, ей, Лұт, Алланың елшісің») деп айтсын, пұтқа табынбасын», – деді.

Лұт: «*Ни'мә әл-мәулә уә ни'мә ән-нәсир*» («Қандай жақсы қожса, қандай жақсы демеуші»).

Содан соң (Лұт) жүзі солып Ибрахим пайғамбарға келіп: «Ей, немере бауыр, Жебірейіл келіп, баршадан жауызырақ халыққа пайғамбарлық етті», – деді.

Ибрахим: «Қандай халық?» – деп сұрады.

(Лұт): «Муғтафикат халқы», – деді.

«Тәңірдің әміріне мойынсұн, жарлығын орында», – деді Ибрахим. Лұт тәубеге келді.

Лұттың Уайла, Рахила атты әйелдері, Зуғула, Ирсама және Бақта есімді үш қызы бар еді. Тағы Рағда атты бір түйесі, Дина атты бір иті бар еді. Лұт үйін жиып, жолға түсті. Ибрахим бес иғаштық жерге дейін шығарып салып: «Тәңірім, бұл маған жолдас еді, қатты жақсы көретін едім, саған тапсырдым, аман-есен маған қауыштыр», – деп жалбарынды. Лұт Амура деген жерге жетті. Бес иғаштық жерге тоқтады. Муғтафикат халқы тынбай жігіттерді іздеп жүргенінде, Лұтты көрді. «Таза ер адам және екі әйелмен Лұт келді», – деп хабар берді. Жебірейіл: «Амураның қасына қоныстан» деген жарлық жеткізді. Лұт сонда барып орналасты. Шатыр тігіп отырды. Амура халқы Лұт пен екі жолдасына жармаса бастады. Келіп Лұтты

көрдi, ұстамақшы болды. Лұт түйе мен итке: «Бұларды менен алыстат», – деп жұмсады. Түйе мен ит оларға ырылдап, тістелеп қуа бастады. Жүз мың ер адам бар еді, бәрін қуып жіберді. Қайтып Лұтқа келді. Ол халық: «Бір әдемі ер адам (көшіп) келді. Түйесі мен иті жүз мың адамды қуды, біразын өлтірді, біразын жаралады. Ей, патша, еліңе тыныштық бермеуде», – деп патшаға хабар берді. Патша Карму есімді уәзіріне: «Барып, ол адамды көр, сөйлес, маған хабарын бер», – деп жарлық берді.

Уәзір бес жүз ермен барды. Лұтты көрді.

«Атың кім?» – деп сұрады.

«Атым Абдолла», – деді.

«Неге келдің?» – деді.

«Пайғамбарлыққа келдім», – деді. Кармуз қайта келіп: «Пайғамбармын деп жатыр» деп, патшаға хабар берді. Сол кезде Жебірейіл: «Бар, құлым Садумға айт, иманға келсін, менің бірлігімді білсін, сені Менің пайғамбарым деп білсін» деген жарлық жеткізді. Лұт ит пен түйесін алып жолға түсті. Кім кездесе де, ит пен түйе қуатын. Лұт патшаның сарайына келді. Түйе оң жағында, иті сол жағында, патша ортасында тұрды.

(Патша): «Атың кім?» – деп сұрады.

«Атым Абдолла», – деді.

«Абдолланың мағынасы не?» – деп сұрады.

«Алланың құлымын деген сөз», – деді.

«Сен кімсің?» – деп сұрады.

«Тәңірдің Расулымын», – деді.

«Расул деген не?» – деп сұрады.

«Расул деген саған келіп, «Алла жалғыз, мен Оның пайғамбарымын» деген сөз», – деді.

Патша: «Бұл сөзіңе айғағың бар ма?» – деді.

Лұт: «Айғағым мына түйе», – деді.

«Түйе қалайша айғақ болады?» – деді патша.

Лұт: «Түйенің айғағы Тәңірдің құдіретімен болады», – деді.

«Айт, айғақ келтірсін», – деді патша.

Лұт: «Ей, Рағда, айғағың бар ма?» – деді. Алла Тағала түйеге тіл бітірді. (Түйе): *«لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاللَّهُ يَسْمَعُ الصَّوْتِ مِنَ الذَّلِيَّةِ»* («Жалғыз Алладан басқа тәңірі жоқ, және сен, ей, Лұт, Алланың елшісісің»), – деді.

Патша: «Тағы бір айғағың куәлік берсін», – деді.

Лұт: «Ей, Дина, айт», – деді. (Ит): *«لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاللَّهُ يَسْمَعُ الصَّوْتِ مِنَ الذَّلِيَّةِ»* («Бұйырыңыз, ей, Алланың елшісі»), – деді.

«Қандай айғағың бар?» – деді Лұт.

«*عِشْرَةُ* ән лә иләһә иллаллаһу уә әшһәду әннә Лутән расулуллаһи» («Алладан басқа тәңірдің жоқтығына және Лұт Алланың елшісі екендігіне куәлік беремін»), – деді ит.

Патша: «Мен ешқашан да мұндайды естігенім жоқ», – деп бектеріне қарап: «Сендер не дейсіңдер?» – деп сұрады.

(Олар): «Ей, патша, бұл адам сиқыршы», – деді.

(Патша): «Ей, Абдолла, егер сенің бұл сөзді айтудағы мақсатың мал болса, барша ұрпағыңа жететін мал берейін», – деді.

Лұт: «Мен сізден еш нәрсе сұрамаймын, маған оның сауабын Алла береді. Еркектермен жанасатын баршаңыз адасушыларсыздар», – деді. *«وَأَمَّا مَا يَأْتِيكُمُ اللَّيْلُ مِنْ أَزْوَاجِكُمْ فَأُولَٰئِكَ لَا بِطَانَةٌ لَهُمْ بِاللَّيْلِ وَأُولَٰئِكَ لَا يُدْعُونَ»* («Және бұл нәрсе үшін сендерден ақы сұрамаймын, менің ақым барша әлемнің жаратушысы болған Алланың мойнында. Әлемде еркектермен жанасасыңдар ма, Жаратушыларыңыз сендер үшін жаратқан әйелдеріңді тастайсыңдар ма? Мүмкін, сендер шектен асқан қауымсыңдар»).

Олар: «Ей, Лұт, бұл сөзден қайтсаң қайттың немесе сені бұл елден қуып шығамыз», – деді. «*Ләин ләм тәнәһи йә Луту ләтәку нәннә мин әл-мухражин*» («Ей, Лұт, егер сен сөзіңнен қайтпасаң, қаладан қуылып шығарылғандардан боласың»). Лұт халқына: «Сендер жасап жатқан көргенсіздікті бұл әлемде сендерден бұрын өткендердің ешқайсысы да қылмаған», – деді. «*Уә Лутән из қалә лиқаумиһи иннәкум ләтәтунә әл-фәһишәтә мә сәбәқакум биһә мин әхәдин мин әл-әләминә*» («Тағы Біз Лұтты жібергенімізде ол қауымына: «Расында сендер сондай бір жиіркенішті істі қыласыңдар, мұндай істі дүниеде сендерден бұрын ешкім де қылмаған», – деді»). Және: «Сендер ер адамдарды аласыңдар, жол тосасыңдар, керуенді тонап, малдарын ұрлайсыңдар, жиналыста отырып халықты қош етесіңдер», – деді. «*Қалә ә иннәкум ләтәтунә әр-рижәлә уә тәқтә'унә ас-сәбил*» («Ол (Лұт): «Әлде сендер еркектермен жанасасыңдар ма, ұрпақ көбейтудің жолын кесесіңдер ме?» – деді»).

(Олар): «Тәңірдің азабы дейсің, егер сөзің рас болса, жібер сол азапты, көрейік», – деп жауап берді. «*Фә мә кәнә жәуәбә қаумиһи иллә ән қалу итинә би 'әзәбилләһи ин күнтә мин әс-садиқинә*» («Қауымының жауабы мынау болып, олар: «Егер сен шынында рас сөйлеушілерден болсаң, Алланың азабын жібер», – деді»). Лұт: «Тәңірім, мына бұзық қауымға өз күдіретінді көрсет», – деді. «*Рабби унсурни 'әлә әл-қауми әл-муфсидинә*» («Ей, Раббым, жиіркенішті іс қылушыларға қарсы көмектес»). Тағы: «Бұлар (дінге) кірмейді, не істейін?» – деді. Жәбірейіл келіп: «Тағы жыл шақыр», – деді. Қырық жыл шақырды, ешкім иманға келмеді. Азап уақыты жақындаған уақытта Лұт патшаға келіп: «Тәңірден қорық, мұсылман болып «*Лә иләһә илләллаһу Лутун расуллаһи*» («Аладан басқа тәңірі жоқ, Лұт Алланың елшісі») сөзін айт», – деді.

(Ол): «Ей, Лұт, бұл сөзден шаршамадың ба?» – деді.

Лұт: «Мен өз еркіммен келгенім жоқ, Тәңірдің жарлығымен келдім. Жарлық болмағанда мен келмейтін едім», – деді.

«Тәңірім, мені мына залым қауымнан құтқар» деп дұға қылды. «*Рабби нәжжини мин әл-қауми әз-залиминә*» («Раббым, мені залымдардан құтқар»). Бәрі жиылып: «Лұттың үйін мал-дүниесімен елден қуып шығарайық. Бұлар пәксіздік үшін бізді өсек етіп жатыр, бізді сөзге салмасын», – деді. «*Әхрижу 'әлә Лутин мин қарайтикум иннәһум унәсун йәтәтәххәрунә*» («Лұттың отбасын қалаларыңнан шығарыңдар, себебі олар тазалықты қалайтын адамдар»).

Лұттың әйелі кәпір еді. Бір күні Ибрахим (ғ.с.) Лұттың біреумен сөзі болғаны туралы түс көрді. Ертесіне жол басына отырып хабар күтті, ешкім білмеді, көңілі тыным таппады. Ол күні қонақ күте алмады. Ибрахимге қонақ сұрау міндет еді. Қонақсыз ораза ашпайтын. Қонақ сұрады, болмады. Ертесіне де болмады. Он күн қонақ келмеді, қайғыға батты. Сол он күн ішінде Лұттан да хабар болмады, қонақ та келмеді. Он бірінші күні: «Тәңірім, қай күнәм үшін мені қинап жатырсың, қонақ та жібермейсің», – деп мінажат қылды.

Жәбірейіл келіп: «Ей, Ибрахим, Алла Тағала: «Лұтты сақтаған мен емес пе едім? Сен Лұт үшін қонақ сұрауды қойдың» деп жатыр», – деді.

Ибрахим: «Тәңірім, тәубе қылдым», – деді. Он бірінші күні әдемі, көрікті он екі жас жігіт шатырға кіріп келді. Осы туралы Алла Тағала: «*Һәл әтәкә хәдису зәйфи Ибрәхимә әлмукраминә из дәхәлу 'әләйһи фә қалу сәләмән қалә сәләмун қаумун мункәрун*» («Ибрахимнің құрметті қонақтары туралы оқиға сендерге жетті ме? Олар Ибрахимнің үстіне (үйіне) кірген уақытта: «Сәлем», – деді. Ибрахим: «Сәлем, ей бейтаныс адамдар», – деді»), – деп баяндады.

(Олар): «Қонақты не істейсің?» – деді Ибрахимге. «Он күннен бері оразамды ашқаным жоқ», – деді Ибрахим. Қонақтың келгеніне қатты қуанды. Екі жарым жасар қызыл қасқа, төрт аяғы ақсақ бұзауы бар еді, соны қатты жақсы көретін. Соны алып келіп, бауыздады. Қуырып қонақтарға әкеліп, алдарына қойды. «*Фәрағә илә әһлиһи фә жәә би 'иһлин сәмийәин фә қаррабәһу иләйһим қалә 'әлә тәкулунә*» («Кейін ол (Ибрахим) өз отбасына әмір беріп қарады және жылдам бір семіз бұзауды пісіріп алып келді. Кейін ол бұзауды қонақтардың алдына жақындатып қойды да ...неге жемейсіңдер деді»). Өзі сыртқа шығып кетті. Ибрахимнің қонақ

ұялмастан тамақ жесін деп, сыртқа шығып кететін әдеті бар еді. Сара есіктен қонақтардың тамақ жемей жатқанын көріп, Ибрахимге хабар берді.

«Неге жемейсіңдер?» – деп сұрады Ибрахим.

«Бағасын білместен жемейміз», – деді олар.

(Ибрахим): «Бағасы сол, жеудің алдында *«Бисмиллә» («Алла атымен...»)*, жеп болғандарыңда *«Әл-хәмду лилләһ» («Аллаға шүкір»)* деңдер», – деді.

(Олар): «Біз тамаққа мұқтаж емеспіз (жемейміз)», – деді.

Ибрахим: «Қонақ тамақ жемесе, үй иесінің көңілі жай таппайды», – деп қорықты. *«Фә әужәсә минһум хифәтән қалу лә тәхәф» («Кейін Ибрахимнің жүрегінде қорқыныш пайда болды. Олар: «Қорықпа», – деді»)*.

(Олар): «Қорықпандар, біз періштелерміз, саған сүйінші хабар әкелдік, Сарадан ұл сүйесің», – деді. *«Уә бәшиәруһу би әләмин 'әлимин» («Және олар Ибрахимге бір ғалым нәрестемен сүйіншіледі»)*. Ысқақ ұлының аты Жақып болсын. *«Фә бәшиәрнәһә би Исхәқа» («Ысқақ туралы жақсы хабар жеткіздік біз ол әйелге (Сараға»)*. Сара ол сөзді есітіп, екі тізесін ұрғылап: «Менің жасым жетпіске келді, маған қайдағы ұл-қыз», – деп жылады. *«Ә әлиду уә әнә 'әжзун уә һәзә бә'ли шәйхән» («Мен туамын ба? Мен кемпір, мына күйеуім қартайған болса...»)*.

(Сара): «Осы уақытқа дейін ұл сүймедім, Ибрахим де қартайды, қалай болады екен» (деді).

Жебірейіл: «Алланың құдіретіне таңданасың ба?» – деді. *«Ә тә'жәбинә мин әмрилләһи» («Әлде сен Алланың құдіретіне таңданасың ба?!»)*.

Жебірейіл бір құрғақ ағашты Сараның қолына ұстатты. Құрғақ ағаш Сараның қолында көктеп, жапырақ салды.

Жебірейіл: «Ей, Сара, сенің қолыңдағы қураған ағашты жасартқан Тәңір саған қартайған шағында ұл берсе, несі айып?» – деді.

Ибрахим: «Сендер кімсіңдер?» – деді.

«Мен Жебірейілмін, мынау Микәил және он періште», – деді.

Ибрахим: «Неге келдіңдер?» – деді. *«Фә мә хәтбукум әйуһә әл-мурсалунә» («Ибрахим): «Бұйымтайларың не, ей, періштелер»)*.

(Олар): «Лұттың бұзылған қауымын жазалағалы келдік», – деді. *«Иннә урсилнә илә қаумин мужриминә» («Расында, Біз бір бұзылған қауымның үстіне жіберілдік»)*. Жалғыз Лұттың үйіндегі әйелінен басқасының бәрі де құтқарылады. *«Иллә бәлә Лутин иннә ләмунәжжәһум әжмә'инә иллә имратәһу» («Лұттың отбасын опат қылмаймыз, әрине. Біз олардың бәріне көмектесеміз, алайда оның әйелін опат етеміз»)*.

Ибрахим: «Олардан жүз адам мұсылман болмап па еді?» – деді.

Жебірейіл: «Олардан жүз адам мұсылман болғанда, Алла Тағала бұл опатты жібермейтін еді», – деді.

«Немесе он мұсылман жоқ па?» – деді Ибрахим.

«Он адам мұсылман болғанында, осы опат келмейтін еді», – деді Жебірейіл.

Ибрахим: «Бір мұсылман (болған) бір адам да жоқ па?» – деді.

Жебірейіл: «Бір адам мұсылман болғанда еді, осы опат келмеген болар еді», – деді. Ибрахим жылай бастады.

Періштелер: «Ол аймақта бір отбасыдан басқа мұсылман болмады. Ол үй Лұт пайғамбардың үйі», – деді. *«Фә мә уәжәднә фиһә гәйра бәйтин мин әл-муслиминә» («Ол жерден бір үйден басқа мұсылмандарды таппадық»)*.

Ибрахим: «Ей, Жебірейіл, сендер сонда болған кезде мен Лұтты көрмеймін», – деді. Жебірейіл, Микәил және он періште шатырдан шықты. Бір қадаммен Лұт қауымына жетті. Ибрахимнен Лұтқа дейінгі барша перделер ашылды. Ибрахим бәрін көрді. Түннің үштен бірінде Жебірейіл, Микәил және он періште жігіт бейнесінде Лұттың қауымына келді. *«Уә ләммә жәәт русулунә Лутән сиәбиһим уә зәқа биһим зәр'ән» («Біздің елшілеріміз Лұттың*

қасына келген кезде олардан (Лұттың) көңілі мұңайып, олардың келгенінен қатты абыржыды»). Жебірейіл есік қақты, Лұт ашты. Әдемі сұлу келген жігіттерді көрді. Мына бұзық халықтың мына қонақтарға зияны тие ме деп қатты қорықты. Олардың періште екенін білмеді. Жебірейіл: «Ей, Лұт, қонақтарға қалайсың?» – деді. Лұт оларды үйіне кіргізіп, қыздарына: «Тамақ дайындаңдар, қонақтар жесін, таң атпай тұрып қайтсын, мына жауыздардың зияны тимесін», – деді. Қыздар іске кіріскенде Лұттың әйелі Уайла (Оған лағынет болсын) қонақтың келгенін білдірту үшін есік алдына шығып, кәпірлер қонақтарды білсін деген ниетпен от жаға бастады. Кейбіреулер (Уайла) үйме-үй аралап, әдемі жігіттер, қонақтар келді деп хабар таратып шықты дейді. Бір уақытта Лұттың айналасы кәпірлермен толды. «*Уә жәә қаумуһу йухра'унә иләйһи*» («*Лұттың қауымы қасына асығып жетіп келді*»). Лұт жүгіріп жүріп: «Сендерге менің қыздарым лайық. Қыздарымды алыңдар, қонақтарыма тимеңдер», – деп шырылдады. «*Һәуләи бинәти һуннә әтхәру ләкум. Һәуләи бәнәти ин кунтум фә'илинә*» («*Міне, мынау менің қыздарым, олар сендер үшін пәк. Егер сендер бір нәрсе істемекші болсаңдар, міне, мынау менің қыздарым*»).

Сол келген кәпірлердің ішінде екі үлкені бар еді. Лұт ол екеуіне: «Мына екі қызымды берейін. Мыналарды қайтарып жіберіңдер», – деді. Ол шарифатта (кездегі шарифат бойынша) мұсылман әйелдің кәпірмен некелесуіне тыйым жоқ еді.

(Олар): «Сенің қыздарыңда біздің жұмысымыз жоқ, бізге не керек екенін сен (жақсы) білесің», – деді. «*Қалу ләқад 'әлимтә мә ләнә фи бәнәтикә мин хәққин уә иннәкә ләт'әләму мә нуриду*» («(Олар): «*Біздің сенің қыздарыңмен жұмысымыз жоқ екенін әрі қандай мақсатпен келгенімізді сен жақсы білесің*», – деді»).

Лұт: «Тәңірден қорқыңдар, мені қонақтардың алдында жерге қаратпаңдар, сендердің араларыңда бір мұсылман болмағаны ма?» – деді. «*Фәттәқуллаһа уә лә тухзунни фи зәйфи әләйсә минкум ражулун рашидун*» («*Енді Құдайдан қорқыңдар, қонақтарың алдында мені масқараламаңдар, араларыңда тура жол тапқан адам жоқ па?*»).

(Олар): «Ей, Лұт, босқа сөйлеме, қонақтарды бізге бер. Егер бермесең, біз күштеп шығарамыз», – деді. (Лұт) жылап үйге кірді.

Жебірейіл: «Неге жылап жатырсың?» – деді. Лұт болған сөзді айтуға қорықты. Жебірейіл: «Қорықпа, Біз Алла Тағаланың періштелеріміз. Сені мына арсыздардан құтқарғалы келдік», – деді. «*Йә Луту иннә русулу раббикә лән йәслу иләйкә*» («*Ей, Лұт, біз Раббыңның елшілеріміз, олар әсте саған жете алмайды*»). Жебірейіл орнынан тұрды. (Олар) есікті сындырып, үйге кірді, періштелерді көріп, ұстамақшы болғанында Жебірейіл бір уыс топырақты алып, беттеріне шашты. Төрт жүз адамның көзі көрмей қалды. «Ей, Лұт, сен сиқыршыларды алып келіпсің, біздің көзімізді көрмес қылды. Саспа әлі, қонақтарың кетсін, біз саған көрсетеміз», – деді (олар). «Лұт сиқыршыларды алып келіпті» деген хабар біраз жерге тарады. Өсек шартарапқа кетті.

Лұт қорқып, Жебірейілге: «Бұл істің ақыры не болады екен?» – деді.

Жебірейіл: «Біздің келудегі мақсатымыз бұларды опат етіп, сені құтқару болатын», – деді.

Лұт: «Қашан опат етесің?» – деді.

Жебірейіл: «Таң сәріде», – деді. «*Иннә мә'удәһум әс-субху*» («*Расында оларға уәде етілген уақыт таң сәрі*»). Лұт таң атқанын күтті.

Лұт: «Таң қашан атады екен?» – деді.

Жебірейіл: «Таң жақын қалды», – деді. «*Ә ләйсә әс-субху би қарибин*» («*Таң сәрі уақыты жақын емес пе?*»). Жебірейіл: «Ей, Лұт, сен бұл елден шық», – деді. Лұт мұсылман отбасымен бірге түйеге мінді. Екі қызын, түйесін, итін Микәил қанатымен көтеріп, көзді ашып-жұмғанша он иғаштық жерге алып барды. Жебірейілге жарлық болды, бір кіші қанатын жайды, Лұтты қанатының үстіне отырғызды. Жебірейіл көкке көтерілді. Тауықтың (шақырған) дауысын періштелер есітті. «Ей, Жебірейіл, ол жерді қопар, сен астынан шық» деген жарлық болды. Жерді төңкерді, өзі көтерілді. Ер-әйел бәрі ұйқыдан оянбады, нәрестелер бесіктен тұрмады. Су

ыдыстары астан-кестен болды, тамшы су төгілмеді. «Ей, Жебірейіл, бұларды көтерген сен бе әлде мен бе?» деген дауыс келді. Жебірейіл сәждеге барып: «Тәңірім, тәубе қылдым», – деді. Көк күркірегендей қатты бір дауыс естілді, олардың астындағы тауықтар, қара малдар Алланың жарлығымен астынан шықты. Біраздан соң таң атты. «Ей, Жебірейіл, түнде қисайған жерді бір теп» деген жарлық келді. Жебірейіл тепкен уақытта тағы суға дейін батты. Тас тастады. Ең алғашқы тас Уайланың басына тиді, басы жарылып, өлді, тамұққа аттанды. Ол елдің әрбірінде жүз мың батыр бар еді, бәрі опат болды. Астан-кестені шықты. *«Жә'әлнә 'әләйәһә сәфиләһә уә әмтәрнә 'әләйәһә хижәратән мин сижәжилін мәнзудин мусәууәмәтән 'индә раббикә уәмәхийә мин әз-залиминә би бә'ид»* («Ол елдің астан-кестенін шығардық. Үстеріне сапал тастарды үздіксіз жауғыздық, Раббыңның алдында ол тастардың әрқайсысы нысанға алынған еді және ол тастар бұл залымдардан алыс емес еді»). Әрбірінің басына бір тас келіп тиетін еді. Алланың жарлығымен олардың төбесін жаратын. Бәрі күн шыққанша опат болды. Алланың құдіретімен жоқ болды.

ЖАҚЫП (Ғ.С.) НЫҢ ҚИССАСЫ

«Уәбийәззәт әйнәһу мин әл-хузни фә һуә кәзимун» («Қайғыдан оның екі көзі соқыр болып қалды және оның (Жақыптың) іші мұңға толып еді») сүрмесін көзіне жағып, *«Қалә иннәмә әшқу бәсси уә хузни илаллаһи»* («Жақып: «Расында мен өзімнің жүрегімдегі дертім мен (іштегі) мұңымды Аллаға айтып жатырмын») мінажатын қылған, *«Йә бәнийә изхәбу фә тәхәссәсу мин Йусифә уә тәйәсу мин рухилләһи»* («Ей, ұлдарым, барып Жүсіп пен оның інісін іздеңдер және оның Алла Тағаладан мейірімінен үміт үзбеңдер») деп ұлдарын жіберген, *«Изхәбу би қамиси һәзә фә әлқуһу 'әлә уәжһи әби йәти»* («Менің мына көйлегімді алып барыңдар, кейін оны оның (Жақыптың) бетіне үйкеңдер, оның көздері ашылады») сүйіншісі болған – ЖАҚЫП ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.).

Елші Ысқақ ұлы деп, бұл атты алған Жақып ол,
Алты әйелден он екі ұлы болған Жақып ол.
Сонша ұлдар арасында бірден ол сарылып,
Он бірінші ұлын отырып ойлайтын Жақып ол.
Кеш жетіп, кеш уақытта жиыла келіп жыласып,
Бөрі жеді десе, өзін жерге ұрған Жақып ол.
«Бәйт ул-әхзән» («Қайғы үйі») ішіне кіріп, күндіз-түні еңіреп,
Жүзі сұлу Жүсіпті Хақтан сұраған Жақып ол.
Тасқа шыққан, тура туған, көркі үшін көз алдырып,
Іші күйген, отта жанған, жүрегі болған Жақып ол.
Өзі мұнды, тік жүректі Жаратқанның елші-құлы,
Ол шешектей жүзі сарғайып, беті солған Жақып ол.
Жеті жасар жас ұлды қыдырып, көзде жасы ағып,
Оны сексен жылдан кейін қайта тапқан Жақып ол.

Халилулла Ибрахим ұлы Сафиалла Ысқақ ұлы Исраиулла Жақып. Жақып пайғамбар өте сұлу көркіне, алып жүректі күшіне қатты қуанатын еді. Алла Тағала одан менмендікті жойды.

Риуаятта былайша баяндалады: Бір түні қара малын, қой-қозысын өріске алып шықты. Өз ісімен әуре болды. Қара малынан алыстап қалды. Алла Тағала бір періштені жіберді. (Ол) адам бейнесінде бір ұры болып келді. Жақып онымен ерегісіп қалды. Періште Жақыпты алып ұрды. Жақыптың бел омыртқасы ауырды. Ұзақ түн шыдатпады. Егер Алла Тағала осы аурудан жазатын болса, қандай тамақ пен сусынды жақсы көрсем, содан бас тартамын деп, өзіне нәзір етті. Алла Тағала шипа берді. Жақып тамақтан түйе етін, сусыннан түйе сүтін жақсы көретін

еді. Осы екеуін өзіне харам қылды (ішіп-жеуден тиылды). Жақыптан кейін жақыптықтарға сол сүннет негізінде жемейтін болды. «Бұл нәрселер Адамнан бері бүгінгі дейін барша пайғамбарларға харам болды. Тәуратта солай еді», – деді. Алла Тағала олардың сөзін жалғанға шығарып, жарлық берді. Барша тамақ Жақып пайғамбардың ұрпағына халал еді, алайда Жақып өзіне-өзі харам қылды. «*Кулли әт-тә'әми кәнә хиллән ли бәни Исраилә иллә уә хәррамә Исраилу 'әлә нәфсиһи мин қабли ән тунәззалә әт-Тәурату*» («Тәурат түспестен бұрын Исраил ұлдарына барлық тамақ халал еді, тек Исраилдың өзіне харам еткен заттар ғана»).

САУАЛ: Жақып пайғамбар не үшін Исраил аталды?

ЖАУАП: «Иср»-дің мағынасы – тұтқын деген сөз. Шайтанды бір уақыттарда тұтқындап еді. Сол себепті Исраил аталды.

Хикаяда төмендегіше баяндалады: Жақып Бәйт ул-Мұқадаста қызмет қылатын еді. Шамдарын жағатын. Шайтан (Оған лағынет болсын) әр түні келіп, шамдарын өшіретін. (Бір деректе) алты жүз шам жағылатыны айтылады. Жақып бір түні күзетті. Шайтан келіп, шамдарды өшіре бастағанда Жақып секіріп түсіп, шайтанды ұстап, мойнын шынжырлап, бір тіреуішке байлап қойды. Сол үшін де Исраил аталды.

Тағы бір ЖАУАБЫ мынау: «Иср» – тұтқын, «ил» – Тәңірдің аты. Исраил – Тәңірдің құлы деген сөз.

Жақыптың он екі ұлы, бір қызы бар еді. Бір кәпір патша Жақыптың қызының қолын сұрап барды. Жақып көнбеді. Ол патша: «Қызыңды маған бермесен, сенімен қатты соғысамын», – деді. Патшаның әскері көп еді. «Кәпірлерді опат қылуды қаласаң, опат етейін, сені оларға бақылаушы (басшы) етейін. Немесе өз еліңмен опат қыл» деген жарлық келді. Жақып ұлдарына: «Қайсы ұсынысты қабылдаймыз», – деді. Ұлдары ақылдасып: «Бізді бақылаушы етсін», – деді. Жақып дұға қылды. Алла Тағала бәрін жер жастандырды, опат болды. Тағы бір патша қыз алуға келді.

Жақып: «Менің шарифатымда бір сүннетім бар. Сол сүннетті өз әскеріңмен орындасаң, қызымды беремін», – деді.

Патша: «Ол қандай сүннет», – деді.

Жақып: «Ол сүндетке отыру», – деді. Патша өзі де сүндетке отырды, әскерін де отырғызды. Жақып ұлдарымен қылыш көтеріп келді. Патша әскерімен сүндеттеліп жатқанында, ұлдарымен келіп бәрін қырды.

Тағы бір ғұламалар төмендегіше баяндайды: Адтың Шаддат есімді ұлы бар еді. Ол бұл дүниеде жұмақ салмақшы болды. Шаддаттың Имлақ есімді ұлы бар еді. Жақып заманында мың бек бар болатын. Осы мың бегін жұмсап: «Маған бір кең, тегіс, топырағы құнарлы жер табындар», – деп әмір берді. Сол мың бек сондай жер тапты. Имлақ келіп, сол жерді өлшеп, он екі иғаштық жерді қаздырды, су жүргізді, судан жер бетіне дейін таспен төседі. Содан кейін сол тастың үстіне мейірім тәжінен шатыр жапты. Олардың қарисымен қары қары, шатырдың биіктігі шатырдың еніндей болды. Он атты адам қоршап жүретіндей он мың уәзірі бар еді. Әрбір уәзірінің соғысатын он мың әскері болатын. Бұл шатырды Қутрум қалашығы деп атады. Ортасына бір сарай салдырды. Екі иғаштық, бір кірпіші алтыннан, бір кірпіші күмістен. Шатырының биіктігі қырық қари еді. Бақшалар, базарлар салды. Бұл сарай ортасынан өзіне тамаша жер жасады. Биіктігі екі жүз аршын. Ол қалашыққа төрт есік жасатты. Бұлардың биіктігі жиырма төрт аршын еді. Құрылыс біткен кезде көшіп сонда барды, тағына отырды. Жылдардан бір жылы Кенанда құрғақшылық болды. Қутрум қалашығында тамақ сатылады деген хабар жетті. Кенаннан Қутрумға дейін он күндік жол еді. Жақыптың ұлдары астық алғалы барды. Қутрумға келді. Имлақ (қарғыс атқыр) ол биік шатырға шығып, Жақып ұлдарының түйемен келе жатқанын көрді. Бастарында ақ бұлт қалқан секілді көлеңке етіп тұр екен. Имлақ сол бұлтқа қарап еді «*Лә иләһә иллаллаһу Мухәммәдун расулуллаһи*» («Алладан басқа тәңірі жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі») деген жазуды көрді. «Барып, маған жігіттерді алып келіңдер» деп, уәзірлерін жіберді. Уәзір келіп: «Патша сіздерді шақырып жатыр» дегенде,

Яхуда: «Біз Тәңір елшісінің ісін бітірмейінше келмейміз», – деді. Уәзір барып, бұл сөзді патшаға жеткізді. Біткен соң келді. Имлақ бәрі бірдей бойлы, әдемі жігіттерді көріп, қайран қалып: «Кімсіңдер?» – деп сұрады.

Яхуда: «Біз бәріміз туысқанбыз, Жақып пайғамбардың ұлдарымыз. Атамыз (аты) Ысқақ, үлкен атамыз Ибрахим. Біз Кенаннан астық алғалы келдік», – деді.

Патша: «Басқа туысқандарың бар ма?» – деп сұрады.

(Олар): «Тағы екі бауырымыз бар, біреуінің аты – Жүсіп, біреуі – Ямин», – деді.

Патша: «Мен ер жігітті сұрап тұрғаным жоқ, қыз баланы айтып тұрмын», – деді.

«Бір қарындасымыз бар», – деді.

Патша: «Сол қарындастарыңды маған беріңдер. Әкелерің мен сендерді мал-дүниемен құрметтейін. Бәрінен артық боласыңдар», – деді. «Сендер не дейсіңдер?» – деп Яхуда бауырларына қарады. Шамғун, Рубил ашуланды. Жақыптың ұлдары ашуланса, айнала-төңіректің астан-кестенін шығармайынша, ашулары тарқамайтын еді. Алайда Ибрахим пайғамбардың ұрпағының арқасынан кім сипаса, ашуы тарқайтын еді. Яхуда екі бауырының ашуланып тұрғанын көріп: «Керек емес, Қутрум қалашығын ойран қылса, бізге ауыртпашылық келеді», – деп Рубилдің арқасын сипады. Ашуы тарады. «Ей, патша, сенің ұлың сенің рұқсатыңсыз қызыңды біреуге береді ме?» – деді.

(Патша): «Жоқ», – деді.

Яхуда: «Біздің де әкеміз бар. Біз барып, сенің сөзіңді жеткізейік, әкеміз не дейтінін», – деді. Патша ол сөзге қуанды. Он түйе бидай, он түйе ұн, мың күміс, он батпан жұпар, он батпан амбар, он батпан камфара әкеліп бұларға берді. Тағы сонша дүниені әкелеріне қоса бере тұрып: «Мына нәрселерді әкелеріңе беріңдер, тағы мына сөздерімді айтыңдар: «Мен сені әкелікке қабыл қылдым, сен де мені ұлың ретінде қабыл ал. Менің сөзім жеткен соң Жақып пайғамбар елін көтеріп, маған келсін, қызын маған берсін» деген сөзімді де жеткізіңдер», – деді. Жақыптың ұлдары қайтты. Осы сөздерді әкелеріне айтып: «Патша бізге мынанша мал-дүние, сізге де осынша берді», – деп алдына қойды.

Жақып: «Менен бұрын еш пайғамбар қызын кәпірге бермеген», – деді жылап.

Ұлдары: «Өзіңіз білесіз», – деді. Арадан бір ай өткен соң Имлақ Жақыпқа хат жазды. Ол хат мынау еді: «Осы хат Имлақ Имлақынан, патшалар патшасынан, хибарлар хибарынан шексіз билікті, сансыз әскерлі Имлақтан сұмпайы, бейшара, пақыр Жақыпқа жетсін. Осы хат барысымен қызын маған дайындап қойсын. Егер бермесе, мен барып елін бұзамын. Сені ұлдарыңмен өлтіремін, қызыңды тартып аламын. Саған да пайғамбарлық пайда келтірмес. Жердің Тәңірі менмін, аузыңа топырақ, Көк Тәңірдің сені мен менде не ісі бар?»

Хат Жақыпқа жетті. Он ұлын жиып, оқытты. Ұлдары тұрып: «Ей, әке, өзіңе, бізге ауырлық салма. Кенан қаласын бұзба, қызыңды осы патшаға бер», – деді. Жақып ұлдарына ренжіді. Яхудаға төмендегіше хат жаз деді: «Бисмилләһир рахмәһир рахим. Мен – Ибрахим Халилулла ұлы Ысқақ Сафиулла ұлы Жақып Исраилулладан дүние мен ақыреттің қарғысы тигір Имлаққа. Ешбір пайғамбардың кәпірге қызын бермегенін біл, мен де бермеймін. *«Лә иләһә иллаллаһу уә иннә Йә'қубу расулуллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, және мен Жақып Алланың елшісі») десен, Құдай жарылқайды». Хатты жазып, мөр басып, Имлаққа жіберді. Имлақ хатты алып, жүзі сарғайып кетті. Он екі мың бектеріне қарады. Олар: «Ей, патша, әскерің, күшің бар. Жарлық болса, біз барып қызын тартып алып келейік», – деді. Патша он екі мың әскер жиып, атқа қонды. Имлақ сондай семіз болатын, сол себепті оны кез келген ат, қашыр көтере алмайтын. Пілге отырғызды. Әскер бастап Кенанға келді. Жебірейілге жарлық болып, қанатымен пілдің басын соқты. Піл бір өкірді. Жақыптың халқы есітті. Жақыптың ұлдары жайлауға шығып, сансыз әскер келгенін көрді. Әкелері секілді шошып кетті. «Не істейміз?» – деді. Жақып жылап, Аллаға жалбарынды. Жебірейіл келіп: «Ей, Жақып, Алла Тағала сәлем айтты, сәлеммен бірге тахият айтты. Ұлдарыңа айт қорықпасын, мен сендерге көмекшімін. Ей, Жақып, ол қызың менің алдымда құрметті, дұшпанға бермеймін, кәпірді пайғамбарға басшы

кылмаймын. Он ұлына айт, кәпірге қарсы шықсын, ұрыссын. Мен құдіретімді көрсетейін», – деді.

Жақып қуанып, ұлдарына: «Шығындар», – деді.

Ұлдары: «Ей, әке, кәпірлер көп, қалай шығамыз?» – деді.

Жақып: «Мен сендерге қару берейін, кімде-кім сол қарумен шайқасса, Алла дұшпандарын жеңеді», – деді.

Ұлдары: «Сен еріктісің, шығайық», – деді. Жақып сандықты ашып, Адам Сафи тонын Шамғунға, Шис тонын Рубилға, Ибрахим қошқарының мүйізін Яғсарға, Мұсаның асасын Яхудаға берді. Тоғыз ұлына қолбасшы етіп Яхуданы тағайындады. Күндей болып жарқырап ұлдары шықты. Тақ үстінде отырған патша алыстан Жақыптың ұлдарын көрді. Бектеріне қарап: «Жақыптың ұлдары неге келе жатқанын көріңдер. Олар келгенде саспандар, ұрысқанда онының басын кесіп алып келіңдер», – деп әмір берді. Он мың әскер барды. «Неге келдіңдер?» – деп сұрады. Яхуда: «Ұрысқалы келдік», – деді. Уәзірі атыла кетті. Яхуда бауырларына: «Қарсы тұрындар», – деді. Өзі ілгері шығып, таяғын жоғары көкке лақтырып, қайта қағып алды. Дүниеде ағашты аспанға лақтырып, қайта қағып алу Яхудадан қалды. Содан кейін бір айқайлады, қалған тоғыз да айқайлады, періштелер де көктен үн қатты. Сол дауыстан қорқып, он екі мың әскердің жүрегі жарылып өлді.

Патша: «Не болды, әскердің дауысы шықпай қалды?» – деп сұрады.

«Ей, патша, анау он (ұлы) айқайлап еді, сол дауыстан он екі мың әскердің бәрі өлді», – деді. Патша және бектеріне қарады. Жиырма төрт мың әскермен қайта шықты. Яхуда: «Ей, Шамғун, кезек саған келді», – деді. Шамғун қарсы шығып: «*Лә иләһә иллаллаһу Йә'қубу расулуллаһи*» («Алладан басқа тәңір жоқ, Жақып Алланың елшісі») деп айтындар», – деді. Әскер Шамғунға лап қойды. Шамғун айқайлағанда кәпірлердің бәрі опат болды. От келіп жиырма төрт мың әскерді өртеді. Патшаға хабар жетті, патша түйеге мінді. Он екі бектер аттанып келді. Яхуда бауырларына қарап: «Келіңдер, бірдей тәкпір айтайық», – деді. Алла Тағала төрт сап періште жіберді, әр сапта қырық мың періште еді. Яхуда бауырларымен тәкпір айтты, періштелер де қайталады. Жақыптың ұлдары тұра ұмтылды. Олар жерде, періштелер көкте. Кәпірлер қорқып, қаша жөнелді. Қутрумға барды. Имлақтан басқа ешкім де қалмады. Бәрі өлді. Имлақ таққа отырып: «Менің бір өзім құтылдым», – деді. Біраздан кейін Жақыптың ұлдары жетіп келді. Қалашықтың есігі жабық екенін көрді. Шамғун: «Бәріміз жиылып бір сілкініп шатырды құлатайық», – деді. Оны жабылып шатырды қимылдатты. Шамғун айқайлады. Ол дауыс естілген жерге дейін шатырдың бәрі құлады, ішкері кірді. Сарайдағы тақтың үстінде патшаның отырғанын көріп, Яхуда: «Ей, малғұн, Тәңірдің құдіретін көрдің, *«Лә иләһә иллаллаһу Йә'қубу расулуллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, Жақып Алланың елшісі») сөзін айт», – деді. Имлақ айқайлады. Шамғун қолын созып, сақалынан ұстап, тағынан жұлып алды. Жақыпқа алып келді.

Жақып Имлақты көріп: «*Лә иләһә иллаллаһу Йә'қубу расулуллаһи*» («Алладан басқа тәңір жоқ, Жақып Алланың елшісі») сөзін айт», – деді.

Имлақ: «Ей, Жақып, мен бүгін сенің қолыңдамын. Не істесең де еркінде. Мен үшін сенен және сенің Тәңіріңнен өткен дұшпан жоқ», – деді.

Жақып: «Ей, Имлақ, иман келтірсең, Алла Тағала екі есе патшалық береді және жұмақтан орын нәсіп етеді», – деді.

Имлақ: «Маған уақыт бер, үйіме барайын, сенің Тәңірің маған байлық береді ме көрейін. Егер берсе, иман келтірейін», – деді. Жебірейіл келіп: «Ей, Жақып, қалағанынша уақыт бер деп Тәңір жарылқады», – деді.

Жақып: «Қанша уақыт керек?» – деді.

(Имлақ): «Он жыл», – деді. Жақып Имлақты жіберді. Имлақ өз орнына отырды. Алла Тағала осы он жыл ішінде оған патшалық бергені соншалық, тек әскер басшысының өзі жиырма төрт мың болды. Әрбір әскер басының қарамағында жиырма төрт мың сарбаз болды. Он жылдан

кейін Жебірейіл келіп: «Ей, Жақып, Алла Тағала саған сәлем айтты, сәлеммен бірге мақтау жолдады. Яхуданы Имлаққа жібер, иман келтірсін», – деді. Яхуда келіп, Қутрум қалашығына кіріп: «Ей, малғұн, әкем берген уәделі он жыл бітті. Жаратушының құдіретін көрдің, тағы байлық берді. Енді *«Лә иләһә иллаллаһу Йә'қубу расулуллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, Жақып Алланың елшісі») деп айт», – деді. Патша: «Ей, Яхуда, сен елшісің, елшіні өлтіру патшаларға лайық емес. Олай болмағанда сенің басыңды кесіп, сүйектеріңді пілдердің аяқ астына тастайтын едім. Тағы әкеңе айта бар, өткен-кеткенді қойсын, қызын маған берсін. Немесе дайын тұрсын, үлкен әскермен барамын, Тәңірің не істей алады? Бұл жерге келгенінде сиқыршылығың көмектесе алмайды. Ұлдарыңды өлтіремін, халқың ат тұяғының астында опат болады. Тағы қызыңды тартып аламын. Қай Тәңірдің саған көмектесетінін көрейін», – деді.

Яхуда келіп, әкесіне болған жағдайды айтып берді. Жақып пайғамбар Тәңірге жалбарынды. Жебірейіл келіп: «Жақып, Алла Тағала саған сәлем айтты, сәлеммен бірге мақтау жолдады. Алла Тағала. «Мен кеңпейілмін. Яхуданы жібер, Имлаққа барсын, Мен жалғызбын, сен Менің пайғамбарым екенін айтсын» деп жатыр», – деді. Яхуда және келіп: «Ей, малғұн, Алла бір, әкем Жақып пайғамбар», – деді.

Имлақ ашуланды, әскерін жиды. Жиырма төрт жолмен жиырма төрт мың сарбаз аттанды. Өзі пілге мінді. Кенанға екі иғаштық жерге келіп, орналасты. Жақып пайғамбарға хабар келді, Алла Тағалаға жалбарынды. Жебірейіл келіп: «Ей, Жақып, Алла Тағала саған сәлем айтты, сәлеммен бірге мақтау жолдады. Және: «Осы түні сені ол малғұннан құтқарайын деп жатыр», – деді. Түн болғанда желге тұрғын деген жарлық болды. Ертесіне патша да қалмады. Жебірейіл Алланың жарлығымен келіп, Қутрум қалашығының астан-кестенін шығарды. Жебірейіл келіп: «Ей, Жақып, Алла Тағала саған Имлақтың мал-дүниесін, алтын-күмісін алып, қалғандарын отқа өртесін деп жатыр», – деді. Жақып ұлдарымен барып, Имлақтың мал-дүниесін, алтын-күмісін алып, қалғандарын отқа лақтырды. Содан кейін Кенанға келіп отырды.

ШЫНШЫЛ ЖҮСІП (Ғ.С.) НЫҢ ҚИССАСЫ

Ол – *«Йә әбәти инни раәйту әхәдә 'әшәра кәукәбән уә әш-шәмсә уә әл-қамәра раәйтуһум ли сәжидин»* («Ей, әке, мен түсімде он бір жұлдыз бен ай мен күннің маған сәжде жасап тұрғанын көрдім») түсін айтқан, әкесінен *«Йә бунәйиә лә тәқсус руйәкә 'әлә ихуәтикә фә йәкиду ләкә кәйдән»* («Ей, ұлым, мына түсіңді бауырларыңа айтпа, олар саған бір құлық жасамасын») насихатын есіткен, бауырларының жапасына ілініп, құдыққа түскен, құдықтан шығып, он сегіз бедел ақшаға сатылған, *«Уә жә'әлни 'әлә хәзини әл-әрзи инни хәфизун 'әлимун»* («Мені мемлекет қазыналарына тағайындағандықтан, мен сақтаушымын, білушімін») деп өзін сүйген Мысыр әйелдерінің пәлесіне жолығып, *«Рабби әс-сижну әхәббу иләйиә миммә йәд'унәни иләйһи»* («Ей, Раббым, мен үшін олардың шақырып жатқан нәрселерінен, зындан артық») зынданын таңдаған, ақыр соңында *«Тәуәффәни муслимән уә әл-хиқни би әс-салихинә»* («Мен мұсылман қалтымда жанымды ал және мені жақсы пенделеріңмен қауыштыр») деп Жаратқанға жалбарынған – ЖҮСІП ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.).

Тура он екі еді Жақып пайғамбардың балалары,
Көрсө оның бірдей еді бойлары балалары.
Он бірінші Жүсіп еді, келбеті сондай сұлу,
Лағыл ішінде гүлдері көп даланың лалалары.
Көрік, қылық, сұлу, сүйкімді, мейірімді һәм елші,
Бас-аяққа дейін бәрі Тәңірдің сыйлықтары.
Әке сүйген, әкесіне түс көріп жорытқызушы,
Қандай іштарлық қылды, көр, өгей ағалары.

Ол Мысыр патшалығында уәзірлер әйелдерін,
Құл қылған ол баршасын шашының лалалары.
Құл сатылды ел ішінде, қайта алды құл етіп,
Әулие болды Мысыр жерінде, болды иелері.

Жаратқан иеміз қасиетті һәм киелі кітап – Құранның ішінде «*Нәхну нәқуссу 'әләйкә әхсәнә әл-қасаси*» («*Біз саған ең жақсы қиссаны баяндаймыз*») деп хабар берді. Мағынасы: «Ей, Мұхаммед, саған хабар берейік. Хабар берудегі мақсат – осы ұзын «Әхсәни-қисса» еш қысқа болмасын деп, бірнеше пайдалы қиссалар алғашында баяндалды».

САУАЛ: «Әхсән» дегенде қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Себебі Құран ішінде барша қиссалардан көбірек, пайдасы салмақтырақ осы – Жүсіп қиссасы. Сол себепті «Әхсәнәл-қасас» деп атады.

Екінші ЖАУАП: Бұл қисса басынан аяғына дейін қырық (кейбір деректе сексен) жыл өтті, сондықтан да «Әхсәнәл-қасас» деп аталды.

Үшінші ЖАУАП: Басқа қиссаларда, кейбір аяттарда келеді, алайда Жүсіп қиссасы соңына дейін бір сүреде баяндалады. Сол үшін де «Әхсәнәл-қасас» деді.

Төртінші ЖАУАП: Басқа қиссаларда жат адамдар арасында болатын еді, алайда Жүсіп қиссасы ата-анасы, тағы ұлдарымен өтті. Сондықтан да «Әхсәнәл-қасас» болды.

Бесінші ЖАУАП: Бұл қиссада үш жағдай бар: рахатта, ауыртпашылықта, Алланың құлшылығында және халық арасында жақсы мәміле жасау, кеңшілік пен таршылықта төзімді болу.

Алтыншы ЖАУАП: Жүсіп бауырларымен жақсы мәміледе болып, олардың дұшпандығына сабыр қылды.

Жетінші ЖАУАП: Бұл қиссаның басы түс, ортасы түс, соңы түс еді. Сол себепті «Әхсәнәл-қасас» аталды.

Сегізінші ЖАУАП: Бұл қисса ғашықтықпен аяқталды. Сондықтан да «Әхсәнәл-қасас» деді.

Тоғызыншы ЖАУАП: Расул (ғ.с.) былай деген болатын: «Кімде-кім он пәлеге жолықса, он сүрені оқысын, кімде-кім нәпсіқұмарлық менен кетсін десе, «Әл-хәмду» сүресін оқысын, кімде-кім ұрылардан құтылайын десе, «Бақара» сүресін оқысын, кімде-кім кедейшіліктен құтылайын десе, «Әл-имран» сүресін оқысын, кімде-кім қайғы көңілімнен шықсын десе, «Әл-ән'әм» сүресін оқысын, кімде-кім екіжүзділік жүрегімнен шықсын десе, «Әл-әнфәл» сүресін оқысын, кімде-кім ашуым тарасын десе, «Әл-'әср» сүресін оқысын, кімде-кім қайғы маған харам болсын десе, «Әләм нәшрах» сүресін оқысын, кімде-кім күпір мен серік қосу менен кетсін десе, «Ықылас» сүресін оқысын, кімде-кім сиқыршылықтан сақтанғысы келсе, «Му'әууизәтәйн» («Фәләқ» пен «Нәс») сүрелерін оқысын, кімде-кім осы он түрлі қайғы менен кетсін десе, «Жүсіп» сүресін оқысын. Сол себепті барша жағдай Жүсіп қиссасында кездеседі.

Жүсіп пайғамбардың алты әйелі болғандығы айтылады. Әр әйелінен екі баладан он екі ұл сүйді.

ЛӘТИФӘ: Жоғары көкте он екі жұлдыз бұрж (жұлдыз күнтізбесі) бар. «*Тәбәракә әлләзи жә'әлә фи әс-сәмәи буружән. Уә әс-сәмәи зәти әл-буружәи*» («*Аспанда үлкен-үлкен жұлдыздарды жаратқан ұлы мәртебелі Ол (Алла). Жұлдызды аспанмен ант етемін*»). Ол бұрждар мыналар: қозы (хамал), сиыр (сәуір), арандант (жауза), кучық (саратан), көр арыстан (әсәд), бидай басы (сүмбіле), үлкер, чизан (ақраб), жай (қаус), ұғлақ (жәді), кунәк (дәлу), балық (хұт).

Осы он екі бұржда жеті жұлдыз бар. «*Фә лә уқсиму би әл-хуннәси әл-жәуәри әл-куннәси*» («*Түнде көрініп, күндіз жасырынушы, дұрыс жүріп, айналушы және артына қайтушы жұлдыздармен ант етемін*»). Ол қандай жұлдыздар десе, айт: Сәкәндір (Сатурн), Унгәй (Юпитер), Куруд (Марс), Йашық (Күн), Сақит (Шолпан), Арзу (Меркурий), Йалчық (Ай). Бұл жұлдыздар тынбай айналыста болады.

Бәйіт:

Он екі бұрж жеті планета қыстық,
Ең әуелі қозы, сиыр, арандант, кучық.
Көр арыстан да бидай басы, үлкер бірге,
Шаян һәм жай, ұғлақ, кунәк һәм балық.
Және жеті жұлдыз бұлар да жүреді,
Сәкәндір, Унгәй, Куруд, һәм Йашық.
Сақыт, Арзу, Йалчық жауындай болып,
Соғыстан қашпа жасырып жарық.

Осы он екі бұрждарда жаңағы жеті жұлдыз туады. Және бір әлем астында жеті бұрждан он екі жұлдыз туды. Жеті бұрж қайсы десең: Жақып пайғамбар, Шауша, Зағура, Сүнбіле, Қамар, Хабиба, Рахил. Жақыптың алты әйелімен жетеу. Он екі жұлдыз қайсы десең, он екі баласы: Рубил, Лауий, Шамғун, Яхуда, Жада, Дан, Яғсар, Ястахир, Забатұқ, Қазур, Жүсіп және Ибн Ямин.

Жүсіп он бірінші ұл еді. Алла Тағала оған он нәрсе сыйлады: сұлулық, қылық, кешірімділік, пайғамбарлық, түс жору, тура сөз, іскерлік, нәтиже, ауыртпашылық, кітаптар баяны.

Бұл әлемде Жүсіптей сұлу жан жоқ еді. Риуаятта Мысыр халқының жеті жылдық құрғақшылыққа тап болғандығы айтылады. Мал-дүниесін, қару-жарағын, (тіпті) қолын, көңілін Жүсіпке сатып, астық алды. Қоймада астық қалмады. Жаңа өнімнің шығуына төрт ай қалды. Жүсіп (ғ.с.) Мысыр халқына пердесін ашып, жүзін көрсетті. Жүсіптің сұлулығына таңданғандықтан, төрт ай бойы тамақ жеместен, Жүсіптің көркімен күн өткізді.

Хабарда келеді: Расул (ғ.с.): «Мифраж түні маған Жаратушыдан: «Ей, Мұхаммед, жұмақтағы хорлардың көркін дүниедегі екеуіне берді. Бірі – Хауаға, екіншісі – Жүсіп Сыддыққа» деген жарлық болды» деген болатын.

Тағы бірде (айтылады): Алла Тағала сұлулықты мыңға бөлді. Соның тоғыз жүз тоқсан тоғызын Жүсіпке, бір бөлігін барша адамдарға берді.

Жүсіп үйден шыққан уақытта ай мен күннің нұры көрінбей қалатын. Жүсіптің шыққанын халық содан білетін. Кімде-кім Жүсіпке қараса, айнаға қарағандай, өзін көретін. Тамақ жегенінде жұтқыншақта өткенінше көрінетін. Қараңғы түнде күндей жарқырайтын. Жүзіндегі нұрынан «Шақайиу ән-ниғман» деген гүл ашылатын.

Жүсіп пен Ибн Ямин Рахилдан туылды. Жүсіптің кішкентай кезінде Рахил қайтыс болды. Жақып Жүсіп пен Ибн Яминді жастай айырылды деп, оларға ерекше қарайтын. (Әсіресе) Жүсіпті қатты жақсы көретін. Жүсіпсіз жүрмейтін еді. Жеті жасқа келгенінде бір түс көрді. Түсінде бауырларымен бірге далаға ағаш егіпті. Бәрі көгеріпті, бірақ өспепті. (Тек) Жүсіптің ағашы гүлдеп, бірінші қабат көкке дейін өсіпті. Және басқа ағаштар осы гүлге иіліпті. (Кейбіреулер бауырларының ағаштары Жүсіптің ағашына сәжде жасағандығын айтады).

Жүсіп келіп, көрген түсін бауырларына айтып берді. Бауырлары бір-бірлеріне қарап: «Мына Рахилдың баласы әкемізге жақсы көрінемін деп айтып жатқанын көрмейсің бе?» – десті. Түс оларға жақпады. Екінші күні және түс көрді. Түсінде он бір жұлдыз және ай мен күн Жүсіпке сәжде жасап жатыр екен. Жүсіп түсін әкесі Жақыпқа айтып берді.

(Бір деректе айтылады): Бостан есімді бір яхуди Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.)нан: «Жүсіп сәжде қылған он бір жұлдыздың аты қандай?» – деп сұрады.

Расул: «Сол жұлдыздардың атын айтып берсем, иман келтіресің бе?» – деп сұрады.

Яхуди: «Содан кейін», – деді.

Расул: «Сол жұлдыздардың аты мынау: чизан (шаян), тарик, қайыс, хандук, файлақ, мусабих, уассаб, райял (бір деректе зайял), зұлмұдан, зұлфарағ, зулжитфан», – деп айтып

берді. «Осы он бір жұлдыз және ай мен күн Жүсіптің етегіне сәжде жасады», – деді. (Тағы бір риуаятта көктен еніп сәжде қылды делінеді).

Яхуди: «Уаллаһи, Тәуратта да тура осылай айтылған», – деп, иман келтірді.

(Жақып): «Ей, Жүсіп, түсің өте әдемі екен, бауырларыңа айтпа, сені көре алмайтын болады. Шайтан адамзат үшін ашық дұшпан», – деді. *«Әй бунәйиә лә тәқсус руйәкә 'әлә ихуәтикә фә йәкиду ләкә кәйдән иннә әш-шәйтәнә ли әл-инсәни 'әдуун мубинун»* («Ей, ұлым, мына түсіңді бауырларыңа айтпа, олар саған бір қулық жасамасын. Расында шайтан адамға ашық дұшпан»). Осы сөзді Рубилдің анасы Қамар есітіп қалды. Барып Рубилға айтты. Рубил бауырларына жеткізді. Жақып ұлдары осы сөзді естігенде *«Интәфәхәт әудәжуһум уә иқиә'әррат жулудуһум уә избәррат шу'уруһум»* («Мойын тамырлары бұртиып, терілері жыбырлап, түктері тікірейіп кетті») бәрі ашуланып, өздерін ұстай алмай, атып тұрып: «Мына Рахилдің ұлына бағынышты емеспіз, әкеміз оны артық санап, қатты жақсы көреді. Одан әрі өзін жақсы көрсету үшін түс көрдім деп, өтірік айтып отыр. Біз күндіз-түні жайлауда ірі кара, қой-қозы бағып жүрміз», – деді. *«Из қалу ләйусуфу уә әхуһу ахәббу илә әбинә миннә уә нәхну усбәтун иннә әбәнә ләфи заләлин мубинин»* («Әрине, Жүсіп пен оның інісі әкемізге бізге қарағанда сүйікті. Алайда біз көпшілікпіз. Расында әкеміз анық адасқан», – деді (олар)). Барлығы ақылдасып, Жүсіпті өлтірейік немесе айдалаға тастап кетейік, әкеміздің махаббаты бізге оянсын деп шешті.

(САУАЛ): *«Уқтулу Йусуфә әу итрахуһу әрзан»* («Жүсіпті өлтіріңдер немесе алыс жаққа алып барып тастаңдар») деген кім еді?

ЖАУАП: Бауырлары бір-біріне айтты деген сөз бар.

Келесі ЖАУАП: Бір кемпір бейнесінде шайтан келіп оларға: «Жүсіп сендерді құл етпекші», – деді.

(Олар): «Не істейміз?» – деп сұрады.

Шайтан: «Өлтіріңдер немесе жапан далаға апарып тастаңдар. Сол жерде аң-құс жеп кетіп, әкелеріңнің махаббаты сендерге болады», – деді.

Олар: «Жүсіпті өлтірсек, әкеміздің алдында айыпты болып, Алла Тағалаға күнәһар боламыз», – деді.

Шайтан: «Сол істен кейін тәубе етсеңдер, (күнәларың кешіріліп) жақсылар қатарынан боласыңдар», – деді. *«Уә тәкуну мин бә'диһи қаумән салихинә»* («Содан кейін жақсы бір қауым боласыңдар»). Шайтан осы сөзді айтып, ғайып болды. Олар екіұшты ойда қалды. Біреуі: «Олай істейтін болсаңдар, Жүсіпті өлтірмеңдер, апарып терең бір құдыққа тастап кетіңдер, жолдан өткендер алып кетеді» (*«Қалә қаилун минһум лә тәқтулу Йусуфу уә әлқуһу фи гәйибәти әл-жубби йәлләтәқитһу бә'зу әс-сәйиәрати ин кунтум фә'илинә»* («Олардың біреуі: «Жүсіпті өлтірмеңдер, оны бір қараңғы құдыққа тастаңдар, оны бір жолаушылап жүргендер алып кетсін», – деді»)).

САУАЛ: Бұл ойды айтқан кім еді?

ЖАУАП: Кейбіреулер Рубил еді, (өйткені) бәрінен үлкен хәм әпкесінің ұлы еді дейді. Енді біреулер Яхуда дейді. Тағы біреулер Шамғун дейді.

(Олар): «(Адам) өлтіру, қан төгу үлкен күнә, құдыққа тастап кетейік», – деп кеңесті тағы. «Ей, әке, жаз болды. Бүгін Күн атты сұлтан Хұт атты ауылдан Хамал атты жерге қоныс аударды. Барша көк ашылып, қара жер күлер болды. Бұлттар жасын төксе, жас ұлан анадан туғандай марқайып, өлі қара жерден көк шөп шығар», – деді.

Бәйіт:

*Қад жәәт әл-әзхәру бә'дә фәутһә,
Уә гәннәт әт-тайру би ә'лә саутиһә.*

Солған гүлдер қайта ашылды,

Құстар жақсы дауыспен сайрай бастады.

*Фә унзур илә әссәри рахмәтилләһи,
Кәйфә йухи әл-әрза бә'дә мәутиһә.*

Мейірімді Алланың күдіретіне бір қара,
Тіршіліксіз жерді қалай тірілтеді?!

Күн хамалға келгенінде келді әлем наурызы,
Өтті бахмал суық, қыс қалмады қар-мұзы.

Күн келіп, мың көркі ашылып, тірілер өлген жаһан,
Таң бозарып, нақышыменен безенеді бұл жер жүзі.

Таң атарда еседі төрт тараптан самал жел,
Жұпар иісі аңқып сонда безенер жаз жайлауы.

Жердегі шараптай қызыл, гүлдері жасыл, қызыл.
Арасы бұтақ, жапырақ, тал шешектер түп-түзу.

Үрлесе бұлттары гүлдейді бақ-бостан,
Тал ағаштар ен салады ойнайтындай қой-қозы.

Аппақ қар, қане, енді қараса таулар суреті,
Тоңы таңсық жұпардан Рум, Қытай атлас матасы.
Лала ыдысын ішерде сайрар масайрап сандуғаш,
Тырна сап түзеп өтерде секіреді бағлан қозы.

Көкте ойнар, өзен толар, аққу, қаз қыл, қарлығаш,
Жерде жүгіріп, асыр салар ақсусар, тиын, құндызы.

Тал ағаштар мінберінде тоты құс мәжіліс құрар,
Құмри, бұлбұл қары болып ән салар күндіз-түні.

Қара жер, көк секілді, жайнайды майдан болып,
Айналам айдай шешектер төңірегінде жұлдызы.

Хор қызы жұмақ ішінде қызығып тамаша қылар,
Жаз болса осындай ғазалдар айтады Насыр Рабғузи.

(Олар): «Ей, әке, осындай сапалы күнде Саба нұры суындай берік Жүсіпті бізбен бірге жібер. Жазғы жайлауды көрсін, бағлан қозыларды көріп, қайғылары басылсын, мұнайған көңілі ашылсын», – деп, жалған сөзбен әкелерін алдап, тыныш көңілін құлазытып, «*Әрсилһу мә'әнә гәдән йәртәт уә йәл'әб*» («Ертең бізбен бірге жіберіңіз, ойнап-күлсін») деп күле келді.

Жақып пайғамбар: «Ей, ұлдарым, сендер менің Жүсіпсіз сусыз балықтай шалық екенімді білесіңдер. Онсыз бір сағат та тұра алмаймын, сендермен қалайша жібермекпін?!» – деді.

(Олар): «Ей, әке, сен бізге сенбейсің бе? Сен Жүсіптің әкесі болсаң, біз бауырымыз. Сен оны жақсы көретін болсаң, біз он бауыр бола тұрып, Жүсіптің үстінен қалайша құс ұшырмақпыз, неге түсінбейсің?» – деді. «*Мә ләкә лә тәмәннә 'әлә Йүсуфә уә иннә ләһу ләнәсифунә*» («Жүсіпті бізге сеніп тапсырмайтындай, сізге не болды? Біз болсақ оған жанашырмыз»).

Жақып: «Ауға барғандарыңда Жүсіпті сонда қалдырып, сендер байқамай қалып, бөрі жеп кете ме деп қатты қорқамын», – деді. «*Қалә инни ләйәхзунуни ән тәзһәбу биһи уә әхафу ән*

йәкуләһу из-зибу уә әнтум 'әнһу гафилун» («(Жақып): «Оны алып кетулерің мені ренжітеді. Сендер ұмытып, оны бәрі жеп кете ме деп қорқамын», – деді»).

САУАЛ: Жақып пайғамбар не себепті сендер ауға барғанда Жүсіпті бәрі жеп кетеді деп айтты?

ЖАУАП: Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (ғ.с.) айтады: «Алла Тағала Жақыпты Жүсіптен айырып, сағыныштан жылатуды қалағанда Жақыптың көңіліне қорқыныш-үрей салды. Қырық күні-түн ұйықтай алмады, құлшылықтан қол үзбеді, көп еңбектенді. Қырық күні-түн біткен соң, Жақыптың ұйқысы келіп, жатты. Жүсіп Жақыптың қасында еді, түс көрді. Түсінде өзі тау басында, Жүсіп өзен ішінде екен, Жүсіпке он бәрі шабуда екен. Өлтіру үшін жармасып жатыр. Жақып тау басынан қарап тұр екен. Тағы бір бәрі келіп, басқа бәрілерді қуып, Жүсіпті қорғаштап тұрыпты. Жүсіп бәрілерден құтылған соң, жер жарылып, Жүсіп жерге түсіп, үш күннен кейін қайта шығыпты. Жақып шошып оянды. *«Инни әхафу ән йәкуләһу ал-зи'бу» («Мен оны бәрі жеп кете ме деп қорқамын»)* дегені сол еді.

Жақып Жүсіпті жібермейтінін білген соң, олар Жүсіпті келіп, алдап-арбап көндіруге көшті. Жүсіп әкесіне барып: «Мені бауырларыммен бірге жайлауға жібер, қой-қозыларды көрейін, көңілім тынышталсын», – деп жалынып-жалбарына бастады.

Жақып: «Ей, көзімнің жарығы, көңілімнің таянышы, жүрегімнің бір бөлігі, сүйенішім менің», – деп жылап: «Мен қартайдым, сенсіз қалай шыдаймын, сені қатты жақсы көремін», – деді.

Жүсіп: «Мені жақсы көретініңді білемін. Жақсы көретініңнің белгісі – сүйіктінің қалауынша жүруі болсын. Бауырларыммен бірге барсам деген менің тілегім бар», – деді. Жақып оны есітіп, Жүсіптің аяғы алдында жылап: «Ей, сұлу жүзді Жүсібім, сенің сөзіңді қалайша қалдырайын! Жаратқанның үкіміне разы болдым. Туған бауырларыңмен бірге жіберейін. Осы түні қойныма алып жатып, бауырыма басайын. Сұлу жүзіңді тойып көріп алайын», – деді. Ертесіне бауырлары келіп, Жүсіпті әкелерінен сұрады.

Жақып жылап: «Ей, ұлдарым, мені Жүсіпсіз қалдырмандар, оған жақсылап қараңдар. Қарны ашса, тамақ беріңдер, шөлдесе, су беріңдер, шаршаса, арқаландар», – деді.

Олардың бәрі: «Ей, әке, мұндай насихатты бөгде адамға айтыңыз, біз бауырлары оны қалайша аш қалдырамыз, қалай сусыз қоямыз?!» – деді. Жақып жылап Жүсіптің басын жуды, шашын тарады. Содан кейін құшып, мандайынан сүйді, қолын жайып: «Тәңірім, Жүсібімді саған тапсырдым, маған тірідей қайтар. Сағыныштың отымен мені өртеме», – деді. Содан соң Жүсіпті оларға берді. Жақыптың көзінше Жүсіпті Рубил мойнына салып көтерді, кейін Яхуда, кейін Шамғун алды. Одан Лауий, осылайша қолдан-қолға алып жүрді. Жақып Жүсіпті шығарып салды, бір биік төбеге дейін барды. Жүсіп көрінбей кеткенше, ботасы қалған інгендей еңіреп қалды, тіптен көрінбей кеткен соң зар жылап үйіне қайтты. Қашан әкелері көрінбей кеткен соң Жүсіпті жерге түсіріп: «Ей, Рахил ұлы, өтірік түс айтқаның жетпегендей, енді мойнымызда жүрмекшімісің?! Түсіп, жаяу жүр», – деп ыстық құмда жалаң аяқ жүргізді. Жүсіп жүрді, біреуінің рахымы келе ме деп, әр бауырының жүзіне жалтақтаумен болды. Ешкім рахым қылмады. Қатты шөлдеп, жүруге шамасы келмей: «Ей, ағаларым, қатты ашықтым, тамақ беріңдер, шөлдедім, су беріңдер», – деп, әр ағасына жалтақтаумен болды. (Олар): «Оны барып жалған түсіңе айт, су берсін», – деді. Жүсіп шаршап-шалдығып жүре берді. Олар ертерек барып, бір төбеге шықты. Сонда мұны қалай өлтіреміз деп ойласты. Біреуі: «Таспен ұрып өлтірейік», – деді, енді бірі: «Пышақпен бауыздайық», – деді. Тағы бірі: «Терең шұңқыр қазып көмейік, сонда өлсін», – деді.

Тамақ, су сұрады. Бермеді. Үш иғаштық жерге дейін барды. Жүсіп бауырларының қасына жақындай бергенде, олар оның сөзін естісе де, естімеген болып, басқа тақырыпта сөйлейтін. Жүсіп олардың жаман пиғылды ниеттерін аңғарып, өлтіретінін білді. Олардан қашып, үлкен ағасы Рубилдің алдына барды. Рубилдің аяғына жығылды. «Ей, ағам, мені өлтіргелі жатқанын көрмейсің бе? Ей, ең үлкен ағам, маған мейірімдерің келмесе, ана қартайған әкеме жандарың

ашысын, оның жүрегін өртемендер, әкемнің орнында қазір сен әкемсің, мені бұлардан құтқар», – деп жылады.

Рубилге жалынып жатқанда ол тағы жекіп тастап: «Оны барып жалған түсіңе айт, сені бұлардан құтқарсын», – деді. Жүсіп Рубилден жақсы сөз шықпаған соң, кері бұрылып Шамғунға барып жалынды. Ол да бір қойды. Жүсіп бетін тосты, жұдырығында бес саусақ құм қалды. Жоғары қараса көк алыс, төмен қарады – жер қатты. Бір күрсініп Яхуданың алдына келді. Аяғына жығылып: «Ей, Яхуда, бәрінен де сен мейірімді едің, бұлардан құтқар. Маған мейірім ет», – деп жылап көз жасын көлдей етті. Жалынғанда Яхуданың мейірімі оянып: «Ей, бауырым, маған жақындама, сенімен тілдескенімді көрсе, мені де өлтіреді», – деді. Бәрі жиылып Яхудаға келді. Яхуда: «Ей, бауырларым, келіндер, әкеміздің құрметі үшін қояйық, ақыретте не деп жауап береміз, балаға жауыздық жасамайық», – деді. Яхудаға ауыр сөздер айтты, оны Жүсіп есітіп: «Ей, ағаларым, мені қай айыбым үшін өлтіресіңдер?» – деп жылады. (Сонда) Яхуда: «Мұны өлтіргенде жер кеңдік етеді дейсіңдер ме, одан да аяқ-қолын байлап, құдыққа тастайық, сонда өлсін», – деді.

САУАЛ: Өлтірмектері екі нәрседен әрі емес, не Ысқақ, немесе (Жақыптың) қанын халал көрумен болады. Олар бұл екеуінен де жырақ. Себебі пайғамбар ұрпағы еді, қан төгуге қалай бел байлады?

ЖАУАП: Олардың сенімі бойынша қан төгуді дұрыс санамайды. Егер халал десек, күпір болады. Пайғамбарлар күнәдан пәк болады.

Тағы бір ЖАУАП: Имам Әбілхасан Шафиғи (Оған Алланың мейірімі болсын) «Усматул әнбия» деген кітапта Жүсіптің бауырлары оны өлтірмекке бел байлағанда пайғамбар емес еді, үлкен-кіші қалайша күнәсіз болсын деген болатын. «*Фәнқата'а әл-кәләму уә сәкәтә әс-суәлу*» («Сөз тоқтады, сауал жойылды»).

Содан кейін ақылдаса келе, құдыққа тастамақшы болып шешті де, Жүсіпті сүйреп, құдықтың қасына алып келді. Жүсіп әрбірінің жүзіне телміріп: «Ей, бауырларым, маған мейірім жасаңдар. Егер маған мейірім жасамасаңдар, қартайған байқұс әкемді аяңдар. Алла Тағаладан қорқыңдар», – деп көп жалынып-жалбарынғанда әрқайсысы бір-бір түйіп қалды.

(Олар): «Мұндай сөзді айтқанша, үстіңдегі киімді тезірек шеш», – деді.

Жүсіп: «Ей, ағаларым, әкемнің құрметі үшін көйлегімді алмаңдар, тірі қалсам, әуретімді жапсын, егер өлсем, кебінім болсын. Тағы мені қолымды байлап тастамаңдар, құдықтағы құрт, жылан, шаяннан қорғанайын», – деп, тағы да жалына бастады.

(Олар): «Ай мен күнге және он бір жұлдызға айт, киім берсін, қолыңды шешсін», – деп көнбеді. Көйлегін шешіп алып, беліне жіп байлап құдыққа тастады. Құдықтың жартысына келгенде жіпті кесіп жіберді. «*Фә ләммә зәхәбу биһи уә әжмә'ун ән йәж'әлуһу фи гауәбәти әл-жубби*» («Олар оны алып барып, қараңғы құдыққа тастауға келіскен уақытта...»).

Жүсіп құдықтың түбіне жетпей, сидратул мунтаһада Жебірейілге «*Әдриқ 'әбди*» («Пендеме көмектес»), (яғни) «Құлым, Жүсіпті ұста» деген жарлық болды. Жебірейіл бір қанатын жазып жібергенде, құдық түбіндегі бір үлкен тас бар еді, соны бетіне шығарды. Жебірейіл қанатымен сипағанда топырақ мамық жұмсақ болды. Және жұмақтан бір жайнамаз бен көйлек әкеліп Жүсіпке кигізді. Жүсіпті қағып алып, сол тастың үстіне отырғызды. Жайнамаз төсеп беріп: «Ей Жүсіп, Алла Тағала сәлем айтты, сәлеммен бірге мадақ жолдады», – деп пайғамбарлық жеткізді. Сол кезде Жүсіп он екі жаста болатын. (Жебірейіл): «Ей, Жүсіп, Тәңір менің үкіміме сабыр қыл, көмек беріп Мысыр жұртына патша қылайын. Әкең Жақыппен аман-есен қайта қауыштырайын деп айтып жатыр», – деді. Содан кейін Жебірейіл мына дұғаны үйретті: «*Аллаһумма йә кәшифә кулли курбәтин, уә йә мужибә кулли дә'уәтин, уә йә сәни'ә кулли мәснү'ин, уә йә жәбира кулли кәсирин, уә йә сахибә кулли гәрибин, уә йә мунисә кулли уәхидин, уә йә шәһидә кулли нәжүә, уә йә хәзира кулли бәлуә, уә йә лә иләһә иллә әнтә субхәнәкә әсәлуқә ән тәхфәзәни уә тәрхәмәни йә әрхәмә әр-рахиминә*» («Я, Алла! Ей, әрбір қайғыны кетіруші! Ей, дұғаларды есітуші! Ей, барлық болмыстың ұстасы! Ей, барлық сынықты түзеуші! Ей,

ғариптердің сүйеніші! Ей, жалғыздардың жолдасы! Ей, әрбір сырлы сұхбаттың куәсі! Ей, пенденің басына түскен пәлелерді білуші! Ей, Сенен өзге ешбір жаратушы болмаған, Жалғыз Жаратушы! Сенен мына ауыртпашылықтан шығу жолын маған оңай әрі жеңіл етуіңді сұраймын, және менің жүрегіме өз махаббатыңды салып қоюыңды сұраймын, менде сенен басқа зікір мен қайғы болмасын, және мені өз қорғаныңа алуыңды сұраймын, ей, мейірімділердің мейірімдісі! Маған мейірім жасауыңды сұраймын»).

Кімде-кім бір пәлеге жолықса, қамалып қалса, осы дұғаны оқыса, Алла Тағала көмектеседі деген сөз бар.

Тағы жұмақтың нығметтерін әкеліп берді. Жебірейіл қанатымен сипағанда, құдық іші бақша секілді көрікті болды. Ол құдықты Йордан жерінде (болып), Медине мен Мысыр арасындағы Кенанға үш иғаштық жерде Нұх пайғамбардың ұлы Сам қазған еді. Құдықтың аты «Хуббул әхйәр» еді, мағынасы – «ізгі құдығы» деген сөз. Ол құдықтың суы ащы еді, тұщы болды, іші қараңғы еді, жарық болды. Жебірейіл Жүсіптің қолын шешті. Бір бехі алып келді. Оны жеп, тойды.

(Бір деректе) ол құдықтың түбінде жатқан бір қара жылан бар екендігі айтылады. Жүсіптің дауысын есітіп, оны жегелі келді. Жебірейіл қатты дауыс шығарды. Сол дауыстан құлағы саңырау болды, көзді жылан көзсіз болмаса, Жүсіптің жамалын көріп жеуге бел байламайтын еді.

РИУАЯТ: Шайқы Басри (Оған Алланың мейірім болсын) айтуынша, Жүсіп құдыққа тасталғанда жеті жаста еді. Патшалықта сексен жыл өтті. Дүниеден өткенінде жүз жиырмада болған.

Тағы бір деректе пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (ғ.с.)ның Жебірейілден: «Көктен жерге түсерде ауырсынасың ба?» – деп сұрағаны айтылады. (Жебірейіл): «Ей, Расулулла, төрт рет қатты қиналдым. Біріншісі – Ибрахим Халилді манжанықпен отқа лақтырғанда сидратул мунтаһадан қанат қағып, отқа түсірмей қағып алдым. Екіншісі – Ибрахим Исмайылды құрбандыққа шаларда пышақты салмастан бұрын ұстап қал деген жарлық болды. Сидратул мунтаһадан еніп, пышақтың жүзін қайырып жібердім. Үшіншісі – Жүсіпті бауырлары белін байлап құдыққа тастады. Құдықтың жартысына келгенде жіпті кесіп жібергенде сидратул мунтаһадан жетіп келіп, ұстап қалдым. Төртіншісі, Ухуд соғысында сенің қасиетті тісіңе тас тиіп қанжоса болғанда, қанды жерге түсірмей ұстап қал деген жарлық болды. Жерге түссе, қияметке дейін жем-шөп шықпай қалады деп, сидратул мунтаһадан жетіп келіп, қанды қанатыммен ұстап қалдым. Міне, осылайша төрт рет қиналдым», – деді.

САУАЛ: Жүсіпті құдыққа тастап, қайта шығармақта қандай хикмет бар еді?

ЖАУАП: Екі хабашилық ұлдың иман келтіргені менің құзыретімде жақын болады деген Алла Тағаланың әзелден тілегі еді. Сол екі хабашидың бірінің есімі – Башир, екіншісі – Бушра. Ол екеуі Зағыр патшаның құлы болып, қызмет етті. Содан қырық жыл өткен соң Жүсіптің құдық ішінде жатқанына төрт күн болғанда Зағыр патша Мысырдан Шамға сапар шегуді ойлады. Алланың құдіретімен Кенан аймағына жолдары түсті. Жүсіп жатқан құдықтың қасына келді. Башир және Бушра есімді құлдарын құдықтан су алу үшін қауға тастауға әмір берді. Олар барып, құдыққа қауға салды. Бушра тартты, шығарды, қауғада ай мен күннен нұрлы Жүсіпті көрді. Башир: «Бушра құдықтан бір баланы шығарды», – деп айқай салды. «Қаләйә Бушра һәзә ғулам уә әсәрруһу биза'әтән» («Сүйінші, мына жерде бала бар», – деді. Ағалары оны сату үшін жасырып еді»). Жүсіпті құдыққа тастамақтағы мақсат осы еді.

Енді өз сөзімізге қайта оралайық... Жақып пайғамбардың ұлдары Жүсіпті құдыққа тастап қайтқан соң, бір мал сойып, қанын Жүсіптің көйлегіне жақты. Кешке қарай олар кенже ұлдай еңіреп әкелеріне келді. «Уә жәу әбәһум 'ишәән йәбқунә» («Олар кешке әкелерінің алдына жылап келді»). (Олар): «Ей, әке, біз қара мал іздейміз деп, Жүсіпті бір жерге қалдырдық. Біз келгенше Жүсіпті бөрі жеп қойыпты. Біз қаншалықты рас сөйлесек те, сіз иланбайсыз», – деді. «Қалу йә әбәнә иннә захәбнә нәстәбиқу уә тәракнә Йусуфә 'индә мәтә'инә уә әкәләһу әззибу уә

мә антә бимуминин ләнә уә ләу куннә садиқинә» («Олар: «Ей, әке, біз ойнап алыстап кетіп едік, сонда Жүсіпті заттарымыздың қасына қойған едік, сөйтсек бөрі жеп кетіпті. Біз саған тура сөйлесек те, сенуші емессің», – деді»). Біраз бауырымдап жылаған соң, қанды көйлекті әкелерінің алдына қойды. *«Уә жәу 'әлә қамисиһи бидәмин кәзиби» («Олар Жүсіптің көйлегіне өтірік қан жағып алып келді»),* – деп өтірік қан алып келді. Қан өтірік емес еді, олардың сөзі өтірік еді.

Айша (Одан Алла разы болсын) ның айтуынша, *«бидәмин кәзибин» «далун гайру му'жәмәтиннің»* мағынасы «таза қан» дегенді білдіреді.

Жақып пайғамбар бұл сөзді естігенде айқай салып, есінен танып түсті. Есін жиған уақытта Жүсіптің иісін иіскейін деп көйлегін көргенде, көйлектің жыртылмағанын көріп: «Күннен де нұрлы Жүсібімнің көйлегін де жыртпаған мынау не деген бөрі! Бөрі Жүсіптің көйлегі үшін өлтіргенде неге көйлегін алып кетпеді?» – деді. Бөрі жеді деп құлағымен естіді, қанды көйлегін көзімен көрді. Жеті күні-түн Кенан жазығын іздеп, екі қолын көтеріп: *«Йә хәбиби, уә йә қурратә 'әйни уә йә сәмәратә фуәди фи әйи жәббин тәраһукә уә фи әйи бәхрин әграқукә уә биәйи сәйфин қатәлукә уә биәйи әрзин дәфәнукә» («Ей, менің сүйіктім! Ей, көзімнің қарашығы! Ей, жүрегімнің жемісі! Сені қай құдыққа тастады екен, сені қай дарияға батырды екен, сені қандай қылышпен өлтірді екен, қай жерге көмді екен»).* Мағынасы мынау: «Ей, сүйгенім, ей, көзімнің қарашығы, ей, жүрегімнің жартысы, ей, көңілімнің жемісі, қай құдыққа тастады сені, қай өзенге батырды сені, қандай қылышпен өлтірді сені, қай жерге көмді сені. Ей, Жүсібім, қай бөрінің асқазанында жатырсың. Ол нәзік жұмсақ етіңді жеп жатқанда қалайша сабыр қылдың. Пәк сүйектерің қай жайлауда жатыр екен. Әттең, сенімен бірге шыққанымда, не болғанын өз көзіммен көретін едім. Әттең, сені жеген бөріні көргенімде аяқ астындағы топырағын алып, көзіме сүртетін едім. Ол бөріні алдымнан жібермейтін едім», – деп жылады. Сол күні үш жүз алпыс рет есінен танып қалды. Есін жиғанда балалары жиылып әкесінің жағдайын көріп *«Зәййә'нә әхәнә Йусуфә уә қатәлнә әбәнә Йә'қубә» («Бауырымыз Жүсіпке қиянат жасадық, әкеміз Жақыпты өлтірдік»),* (яғни) «Бауырымыз Жүсіпті жоғалттық, әкеміз Жақыпты өлтірдік», – деп әкелерімен қосылып жылады. Содан соң «Бұл іс сендер айтқандай болған емес. Сендердің нәпсілерің бұл іске мәжбүрледі, сендер орындадыңдар. Енді маған сабырдан басқа шара жоқ», – деді. *«Қалә бәл сәууәләт ләкум әнфусукум әмран фә сабрун жәмилун уаллаһу әл-мустанә'ну 'әлә мә тәсифунә» («(Жақып): «Жоқ олай емес, қайта нәпсілерің сендерге бір жаман істі жақсы етіп көрсетіп тұр», – деді»).* Жақып жылағанда ұлдары: «Ей, әке, Жүсіп үшін өзіңді де өлтіресің бе? Қаласаң, Жүсіпті жеген бөріні алып келейік. Соны көрсең көңілің жай табады», – деді. «Барып, алып келіңдер», – деді. Бөрі шығып еді, далада бір бөрі қарсы шықты. Ұстап, аяқтарын байлап, аузына қан жағып, Жақып пайғамбарға алып келді де: «Жүсіпті жеген бөрі, міне, осы», – деді. Жақып бөрінің аузындағы қанды көргенде есінен танып қалды. Есін жиғанда: «Тәңірім, мына бөріге тіл бер, сөйлесін», – деп дұға жасады. «Ей, Жақып, сұрау сенен, сөйлету менен» деген жарлық келді.

Жақып пайғамбар: «Ей, бөрі, Тәңір үшін рас сөйле, Жүсібімді қалайша жедің?» – деп сұрады.

Бөріге тіл бітіп: «Ей, Расулуллаһ, барша пайғамбарлардың етін жеу харам екенін білмейсің бе? Мен Жүсіпті көргенім жоқ. Он күннен бері ашпын, көзімнің жарығы болған күшігімді іздеп жүрмін. Сол қайғыдан үш күннен бері тамақ жеген жоқпын. Күшігімді іздеп жүргенімде мына өтірікшілер мені ұстап алып, аузыма қан жағып, саған алып келді. Ей, Жақып, дұға жаса, сенің дұғаңның берекесімен күшігімді табу маған нәсіп болсын», – деді. Жақып дұға жасады, бөріні қоя берді. Сол күні-ақ күшігін тапты. Содан кейін Жақып (ғ.с.)тың ұлдары сыртқа шығып: «Енді барып, Жүсіпті өлтірейік, бас-аяғын кесіп алып келейік, әкеміздің көңілі жай тапсын», – деді. Яхуда көнбеді.

Жүсіпті құдықтан шығарған уақытта, ол екі хабаши құлды көріп (Башир, Бушра), екі қолымен олардың бетін сипап еді, екеуінің де денесі ағарды. Екеуі де иман келтірді.

Қуанғанынан Жүсіпке сәжде жасағанда, ол: «Ей, жігіттер, мақұлыққа сәжде жасамандар, қайта сендер мен бізді жаратқан Тәңірге сәжде етіңдер», – деді.

Бушра: «Біз бен сендерді жаратқан кім?» – деп сұрады.

Жүсіп: «Бәрін жаратқан бір Алла. Билігінде серігі жоқ, мүлкінде шек жоқ», – деді.

(Ол екеуі): «Иман сөзін үйрет», – деді. Жүсіп иман сөзін үйретіп еді, (олар) мұсылман болды. Жүсіпті құдықтан шығармақтағы хикмет осы еді.

САУАЛ: Пайғамбар ұлдарын сату дұрыс емес. Жүсіпті құл секілді сатты, мұндағы хикмет не?

ЖАУАП: Күндердің бір күнінде Жүсіп құдыққа қарағанда өз жүзін көріп, таң қалды. Егер осы көркіммен құл болсам, құнымды кім төлей алады екен деген көңіліне ой келді. Өз көркіне қуанғанда, құл деп он сегіз пұлға сатты. Көркіне қуанғанның құнын көрсетті. Сатудағы хикмет осы еді.

Жүсіпті құдықтан шығарған уақытта ағаларына хабар тиіп, жетіп келді де, Зағир патшаға карап: «Бұл біздің қашып кеткен құлымыз. Үш күннен бері бізден қашып жүр. Алғың келсе, саған сатайық», – деді.

Зағир патша: «Алайын», – деді. Сол кезде Рубил Жүсіптің қасына келіп, ибри тілінде: «Біз не десек те, сен үндемей тұр. Немесе сені өлтіреміз», – деді.

Зағир патша: «Құлсың ба?» – деп Жүсіптен сұрады.

Жүсіп: «Құлмын, яғни Алланың құлымын», – деді.

(Олар): «Мына құл кішкентайынан бізбен бірге өсті, көңіліміз батпай тұр, егер өзі қаласа, сатайық», – деді де: «Алайда мұның үш айыбы бар, бірінші – ұры, екінші – қашаған, үшінші – жылауық» деп қосты. Зағир патша осы үш айыбын қабыл алып: «Менде ақша жоқ, қара мал бар, тауар берейін», – деді. Олар ақылдаса келе, қара мал алсақ әкеміз біліп қояды деді де, ақша аламыз деп шешті. Зағир патша көніп, керуенін ақтара бастады. Он сегіз Мысыр ақшасы табылды, таразыға тартып еді, он сегіз салмақты басты. Кенанда ол ақшаның екеуін бір ақшаға айырбастайтын еді. Кенан ақшасымен тоғыз пұлға Жүсіпті сатып жіберді. «*Уә шәрауһу бисғәмәнин бәхсин дәрахимә мә'дудәтин уә кәну фиһи мин әз-зәхидинә*» («Ағалары оны арзымас бағаға сатты. Алайда олар бұл ақшаға да мұқтаж емес еді»).

Зағир патша: «Өз еліңмен (атымен) хат жазып, маған беріндер», – деді.

(Олар): «Хат берейік, бірақ үш шартымыз бар: аяғына кісен сал, қатты сықырлайтын ер-тоқымға отырғыз және алыс жұртқа апарып сат», – деді. Зағир патша бұл үш шартты да қабылдады.

Яхуда (қалам алып): «Бисмилләхир рахмәнир рахим. Біз, Жақып ұлдары, әуелі Рубил, екінші Шамғун, үшінші Яхуда, төртінші Лауи, бесінші Жад, алтыншы Дан, жетінші Яғшар, сегізінші Ястахир, тоғызыншы Забадун (кейбір деректе Риялун деп атайды), оныншы Қазур. Біз онымыз Жақып пайғамбардың ұлдарымыз. Жүсіп есімді құлымызды Зағыраға он жеті ауыр ақшаға саттық. Үш айыбын айттық, Зағир патша үш айыбын да қабылдады. Бірінші айыбы – ұры, екінші айыбы – қашаған, үшінші айыбы – жылауық. Төмендегіше үш шартты айттық, Зағир оны да қабылдады: әуелі аяғына кісен салу, екінші қатты сықырлайтын ер-тоқымға отырғызу, үшінші алыс жұртқа алып барып сату. Өз қолымызбен осы хатты пәлен күні, пәлен айда, пәлен жылда жазылды» деген мазмұнда хат жазып берді.

Жүсіпті оған тапсырып, үйлеріне қайтты. Қараңғы түскенде Жүсіп: «Кішкентайымнан олармен бірге өстім, барып қоштасып алайын», – деп патшадан өтінді. Зағир патша әмір беріп, екі аяғына кісен салдырды. Қасына қосшы етіп бір ұлын жіберді. Жүсіптің ауыр кісенді көтеріп жүруге шамасы келмеді. Екі адым жүріп құлайтын, жүзі топыраққа былғанды. Табанына тікен қадалды. Беті-қолы қызыл қанға боялды. Бауырларына келді. Жүсіптің түрін көріп, олар да жылады. Жүсіп әрқайсысымен жеке-жеке құшақтасып, «аман болыңдар» деп, қоштасты. Бәрі Жүсіпке қайғырып, жүзін бұрмастан теріс қарады. Жүсіп: «Ей, ағаларым, маған істеген бұл істі басқаларға қылмаңдар, қартайғанда әкемнен айырдыңдар. Ей,

бауырларым, Яхуда, аман бол, әкеме менен сәлем айт, мен үшін аза тұт. Ей, Яхуда, бәрінен де мейірімді сен едің, әсте мені есіңнен шығарма. Қайда құдық көрсең, мені ойла. Ей, Яхуда, әкеммен бірге отырғанда «Жүсіп қайда екен, кіммен жүр екен, кімнің жүзіне телміре қарап тұр екен» деп айтарсың. Ей, Яхуда, сендерден айрылғалы, міне, бүгін төрт күн болды. Сендерсіз үмітім ғаріптікте, сендерсіз не істейін?! Ей, бауырларым, кейін өкінесіңдер, (сонда) пайда бермейді. Менің кішкентайлығымды ескеріп мейірім етіңдер, қайтарып алыңдар», – деп жалынып еді, онысынан пайда шықпады. Жүсіп зар еңіреп, қасындағы қосшымен бірге артына қайта-қайта жалтақтап, Зағыр патшаға тағы келді, керуенге қосылды. Керуен қозғалды, бір қатты ер-тоқымға отырғызды. Жолға түсті. Сол жолдың үстінде Жүсіптің анасының қабірі бар еді. Соған жеткенде түйеден құлай салды. Анасының қабірін құшақтап: «Ей, анам, сенен айырылып едім, енді, міне, әкемнен де айырылдым. Ол аздай, құл ретінде сатылдым, аяғыма кісен салды, тірсектерім жуан кісенді көтере алмай істі. Нәзік етім, тәнім қатты ер-тоқымда езілді. Ей, анам, әттең, сенен бұрын өлгенімде болар еді», – деп жылады. Сол кезде керуеннің соңында қалған біреу жетіп келді. Жүсіп топырақты құшып жатыр еді. Бірнеше рет тепкілеп: «Қожайындарың дұрыс айтқан екен, жылауық деп», – деді. Жүсіптің көңілі құлазып: «Тәңірім, көрген, білген сен», – деп дұға жасады. Алла Тағаланың жарлығымен жел тұрды. Керуен жолдан адасты. Зағыр патша керуендегілерді жиып: «Кімде-кім Тәңірге жазған күнәсі болса, тәубе жасасын. Кімде-кім біреуді қорласа, одан кешірім сұрап, разылығын алсын, Алла Тағала мына пәледен бізді құтқарсын», – деді. Жүсіпті тепкілеген адам келді. Зағыр патшаға: «Мына бала дұға жасап еді, жаһан осылай түнерді», – деді. Зағыр патша мен жаңағы адам келіп, Жүсіптің аяғын құшып, кешірім сұрады. Жүсіптің көңілі орнына түсті, жел тоқтап, күннің көзі көрінді. Керуендегілер қатты қуанды. Содан кейін Жүсіпті құрметтейтін болды. Аяғындағы кісенді шешті, таза киім кигізді. Түйеге отырып, жолға түсті.

САУАЛ: Пайғамбарлар халыққа жаман дұға жасамайды, жауыздық қылмайды. Жүсіптің керуеншілерге дұға жасағанында қара түнек басып, жел тұруында қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Жүсіптің дұғасы жаман дұға емес еді. Бұл адам мені тепкіледі, күнәлі болды, қияметте жазасын алады. Алла құдіретін көрсетсін, ол да тәубеге келсін, күнәсінен айырылсын, тамұқ азабынан құтылсын, деп жақсы дұға жасады, жаман дұға жасамады.

Содан кейін Жүсіпті құрметтеп, Мысырға жол тартты. Ушун атты жердегі теңіз жағасына тоқтады. Зағыр патша адамдарына Жүсіпті суға түсіріп, жуындырып-шайындыруды тапсырды. Жүсіп теңіз жағасына барып: «Тәңірім, бір перде керемет қыл. Менің денемді ешкім көрмесін», – деді. Алла Тағала Айнулхитан атты бір балықты жіберді, (балық) су ішінде құйрығын басына тигізіп оралып жатты. Жүсіп соның ортасына тұрып, жуынды. Ол балық Жаратқанға жалбарынып: «Тәңірім, осы Жүсіптің құрметі үшін басқа балықтардың ішінде жақсы атым қалатындай бір керемет бер», – деді. Алла Тағала ол балықтың дұғасын қабылдап, оған екі әйел берді. Біреуі Жүніс (ғ.с.)ның қырық күн ішінде жатқан балық еді. «*Фалтәқамәһу әл-хуту уә һуә мулим*» («*Кейін оны үлкен балық жұтып қойды және....*»). Екіншісі Сүлеймен пайғамбардың жүзігі қырық күн ішінде жатқан балық еді.

Жүсіп жуынып болғанда, Жебірейіл жұмақтан нұрдан жаратылған көйлек алып түсті. Жүсіпке кигізді, Зағыр патша да Жүсіпке әтілес шапан сыйлады. Басына алтын тәж, беліне гауһар тастарымен безелген алтын қайыс берді. Түйеге отырып, Мысырға келді.

САУАЛ: Сол керуеннің ішінде олардан басқа жерден келгендер де бар еді, неге Жүсіпті солардың қолына түсірместен, Зағыр патшаға жолықтыруында қандай хикмет бар еді?

ЖАУАП: Мысыр шаһарында Зылиха есімді бір әйел бар еді, Алла Тағала ол әйелге Жүсіп арқылы иман сыйлауды нәсіп еткен еді. Жүсіпті Зағыр патшаға сатқызып, оны Зағыр патша арқылы Мысырға әкелдіріп, Жүсіпті сатпаққа себеп болып еді. Сол Зылиха Жүсіптің қолында иман келтірді. Оның хикметі осы еді.

Жүсіпті Мысырға алып кірген кезде, оның көркінен көктегі күн нұры да әлсіз қалды. «Зағыр патша бір ұл әкеліпті, ол секілді әдемі жан жоқ екен» деген хабар барша Мысыр

жұртына тарап кетті.

Мысыр ақсүйектері Жүсіпті көргелі келді. Жүсіпті көрген жанның бәрі оған ғашық болды. Жүсіпті сатып алуды армандады. Әр аймақтың бектері келіп, алтын, күміс, қара мал, мал-дүние жиды. Жүсіпті алмақшы болды. Делдал жүріп, бағасын өсірді. Күн санап, бағасы өсті. Ертесіне патша таққа отырды. Жүсіпке әтілес шапан, алтын тәж, қымбат тастармен безелген қайысты кигізіп, таққа отырғызды. Мысыр жұртының қаладан, ауылдан келген бай-бектері, кедей-кепшіктері, ер-әйелдерінің бәрі алып-сату орталығына жиылды. Жаршы тұрып, бар дауысымен: *«Мән йәштәри гуләмән ләтифән нәзифән зәрифән әжибән ләйсә фи әд-дуния мислуһу»* («Дүниеде теңдесі болмаған нәзік, ибалы, жақсы сөзді ғажайып құлды кім сатып алады?!»), яғни «Ей, Мысыр тұрғындары, өздеріңіз куә болып тұрғандай, көркіне ешбір адам жете алмайтын мынадай ұлды кім сатып алады? Бұдан бұрын туған да, туылған да жоқ. Жүзі сұлу, басы домалақ, шашы қара, оң-солында қырық маталы. Біреуін тартса оңына тиер, жіберсе солында жиылар. Нәсілі күмістей таза, қасы қаламдай иілген, кірпіктері оқтай, жүзі күндей, екі беті қызыл анардай, жанары нұрдай, ақық ерінді, тістері гауһардай, тар ауызды, сөзі шырын, өзі сұлу, қылығы түзу, белі жіңішке, көркі мынадай, сипаты осындай...» деп, жар сала бастады. Сол кезде Жүсіп (ғ.с.) басын төмен салып, көздерінен қанды жас ағып: «Ей, жаршы, сен бұлай деп сипаттап жатсаң, кім алады? Сипаттасаң, тура сөйле», – деді.

Жаршы: «Қалай айтайын?» – деді.

Жүсіп (ғ.с.): *«Мән йәштәри гуләмән кәбибән зәифән нәхифән мискинән ләйсә фи әд-дуния мислуһу»* («Дүниеде теңдесі болмаған қайғылы, әлсіз, арық, бишара құлды кім сатып алады?!») деп айт. Сенің айтып тұрғаның әдет-ғұрпымызда жоқ», – деді.

(Жаршы): «Турасын айтып тұрмын», – деді.

Жүсіп: «Тура сөйлегің келсе, *«Мән йәштәри гуләмән Йәсуфә Сиддиқаллаһи ибнә Йә'қубә Исраиллаһи ибни Исхәқа зәбихилләһи ибни Ибраһимә Хәлилилләһи»* («Алланың досы болған Ибраһимнің шөбересі, Алланың құрбаны болған Ысқақтың немересі, Алланың пендесі болған Жақыптың ұлы, Алланың шынышыл пендесі Жүсіпті құл етіп кім сатып алады?!») деп айт», – деді.

(Жаршы): «Олай десем, барша халықтың жүрегі жарылып кетеді», – деді.

(Бір деректе) Мысыр елінің делдалдары жиылып, Жүсіпті қымбаттатып, өз бойын барынша күміс, барынша алтын, барынша жұпар, барынша шекер, барынша жібек, барынша әнбар, барынша камфараға теңегендігі айтылады.

Тағы бір деректе осы айтылған мал-дүниенің бәрі Жүсіптің оннан біріне де теңелмегендігі айтылады.

Жаршы Жүсіптің ата-тегін айта бастаған уақытта Зағыр патшаның көзі жасқа толып, жүрегі оттай жанып: «Ей, Жүсіп, сол күні құдықтың басында неге айтпадың? Мен сені сатып алмаған болар едім», – деді.

Жүсіп: «Бауырларым мені өлтіреді деп қорықтым», – деді.

Зағыр патша: *«Лә'әлләкә ибну зәликә әш-шәйхи әл-хәзини 'әлә хәзбәтин мин хәзбәти Кән'әнә йәбқи йәқулу рабби рудә 'әләйиә уәләди уә қуратә 'әйни»* («Және сен Кенан қырларының біріне отырып: «Ей, Жаратушым, жүрегімнің жемісі, көзімнің қарасы (болған) ұлымды маған қайтарып бер», деп зар еңіреп жылап отырған ақсақалдың ұлы болмағын»), яғни Кенан жерінде отырып: «Тәңірім, көзімнің жарығы, көңілімнің нұры, әйелімді менімен қауыштыр деген қайғылы қарт боласың ба?» – деді.

Жүсіп: «Ол көзі жасқа толған, жүрегі езілген, сағыныш отына жанған, қасірет теңізінде шөккен, оқтай бойы жайдай иілген, айдай ашық көңілі түймедей төгілген Исраиулла ұлы, Зәбихулла немересі, Халилулла шөбересі Жүсіп менмін», – деді. Зағыр патша орнынан тұрып, Жүсіптің аяғын құшақтап, көп кешірім сұрады.

(Деректерде) сол кезде Мысырдың патшасы Нұх (ғ.с.) ұлы Сам ұлы Лауад ұлы Амлах ұлы Омар ұлы Маран ұлы Арашт ұлы әл-Уалид ұлы Наузад ұлы Раиян екендігі айтылады. Жүсіптің

даңқы осы Раиянға жетті. Дәййән (яғни Алла) патшаның құдіретін таңдап, Жүсіптің хабарын есітіп, аң-таң қалды. Шексіз билігінде кеңесші, өзіне ақылшы әрі уәзір, Мысырдың құрметтісі Қатғир (кейде Атғир деп те айтады) есімді қасындағы уәзірін Жүсіпті сатып алғалы жіберді. Топ-топ адаммен қол алысып, аттар жарысып, керуен түскен жерге келді. Мысыр құрметтісі тақтың үстіндегі айды көріп, «па шіркін!» деп аттан түсті. Жүсіптің жүзіндегі менді көріп, менді жүзіне қарай жаяу түсіп жүрмесе, қандай ақыл иесі болсын!

ПАЙДА: Күн есімді патша түннің жарымында биік көктен қара жерге сұлу жүзді көргелі түскенін көрмейсің бе! Жүсіпке сәжде қыла келді. *«Уә әш-шәмса уә әл-қамара раитухум ли сәжидина»* («Күн мен айдың маған сәжде жасап тұрғанын көрдім»). Егер Раиян патша жіберген Әзиз (яғни Қатғир), Дәййән Мәлік (яғни Алла) жаратқан ол бейнені көріп аттан түсіп жаяу жүрсе, міне, ғажап! Әзиз ақылы шатасып, сұмпайы болып, оған иіліп құбылаға, қарсы алдындағы сізді құбыла етейін деп сәжде жасамаққа ыңғайланды. Жүсіп: *«Мәх мәх фәинни ләсту лизәликә әһлән»* («Ой-хой, мен бұған лайықты емеспін»), жасама, мен Жаратушы емеспін, маған сәжде қылу дұрыс емес», – деді.

«Асарда» келеді: *«Ләу әзхәраллаһу әр-рухә сәжәдә ләһә мән раәһә»* («Егер Алла Тағала адам рухын ашық көрсеткенде, оны көрген адам сәжде жасайтын еді»). Алла Тағала менен басқаға сәжде қылмасын, оны көрмесін деген хикметпен жанды көзге көрінбейтін етіп жаратты. Құлдарым фитнаға жол бермесін деп, хақиқат жүзіне сурет пердесін (маска) кигізді. Иса (ғ.с.) халінен адамзат хижабтарында бізді кетіргенін көрмейсің бе?! Ол әкелік хижабы еді, қияметке дейін халық фитнада қалды. Мәриямның жұбы Алла деді. Иса (ғ.с.) Тәңірдің ұлы деді. *«Уә қаләт ән-нәсара әл-мәсиху ибнуллаһи»* («Христиандар Исаны Алланың ұлы деді»). Алайда Жүсіптің жүзіне перде бермеді, көркін хижаб ішіне жасырмады. Сол үшін де бір түнде ай мен күн жүзін көріп, көктен еніп, сәжде қылды. *«Әш-шәмса уә әл-қамара раитухум ли сәжидина»* («Күн мен айдың маған сәжде жасап тұрғанын көрдім»). Әзіз Раиян да ай жүзді ұлды көріп, аяғына түскелі ыңғайланды.

Бәйіт:

Бұл көңілім мұратқа жетпек қалар,
Барша халық ішінде өкінбек қалар,
Күн, ай сәжде қылар, пәк жүзге мен,
Бүгін аттан түсіп жүгіруді қалар.

Әмір жетекшісі болған Мысыр құрметтісі (яғни Қатғир) Жүсіпті сатып алмақшы болды. Зағыр патша: «Басқа қалаларды көрейік, базарды аралайық, құлды сатуға кіргізейік. Ертең сендер не десеңдер, солай болсын», – деп Мысыр құрметтісін қайтарды. Ертесіне Зағыр патша Жүсіпке патшалар киімін кигізіп, басына тәж беріп, безелген белдігін тағып, иілген қасын иіп, кірпік оғын қайрап, сұлулық қылышын асынып, сүйкімділік найзасын көтеріп, жандарды бұғалы, елдерді талағалы, көңілдерді алғалы, тұтқын еткелі, жаңа киім киіп, жаңа аттар мініп Мысырға кірді. *«Иннә әл-мулукә узә дәхәлу қарийәтән әфсәдуһә»* («Расында, патшалар бір қалаға кірсе, оны ойрандайды»). Осылайша Жүсіпті патшаға кіргізді. Патша Жүсіпті тағына отырғызды.

Жаршы: *«Мән йәштәри һәзә әл-ғуләмә әл-ләбибә»* («Мына ақылды құлды кім алады?!»), – деді.

Жүсіп: *«Мән йәштәри һәзә әл-ғуләмә әл-ғарибә»* («Мына ғаріп құлды кім алады?!») деп айт», – деді.

Жаршы: *«Мән йәштәри һәзә әл-ғуләмә әл-фәридә»* («Мына асыл құлды кім алады?!»), – деді.

Жүсіп: *«Мән йәштәри һәзә әл-ғуләмә әт-тәридә»* («Мына қуылған құлды кім алады?!»), – деді.

Жаршы: *«Мән йәштәри һәзә әл-ғуләмә әл-ләтифә»* («Мына нәзік құлды кім алады?!»), – деді.

Жүсіп: «*Мән йәштәри һәзә әл-ғуләмә әз-зә'ифә*» («*Мына әлсіз құлды кім алады?!*»), – деді. Жаршы асырайын деп тырысса, Жүсіптің көз жасы інжудей төгілуде еді. Сол сәтте Жебірейіл жетіп келіп: «Ей, Жүсіп, қайғырма. Менің кеңшілігімнің құрметі үшін, сені менің құлым болса екен деп қызықтағандарды саған құл қылмайынша сені бұл елден шығармаймын» деген жарлық алып келді. «*Уә кәзәликә мәкәннә ли Йусуфә фи әл-әрзи*» («*Сол мемлекетте Жүсіпке сондай мәртебе бердік*»).

Риуаятта кездеседі: Уахаб ибн Мунаббах (Алла одан разы болсын): «Жүсіптің бағасы төрт жүз ратл алтын, төрт жүз ратл күміс, төрт жүз ратл інжу, гауһарға тең болды» деген болатын.

Зылиха күйеуі Мысыр құрметтісіне: «Сен оны сатып ал, бізге құл болсын», – деп тапсырды. Алайда өзі құл болатынын білмеді.

Тағы бір риуаятта былайша баяндалады: Зылиханың түйемен келе жатып, Жүсіпті көріп, көңілі ауды. Мысыр құрметтісіне: «Мына ұлды сатып ал», – деді.

Әзиз: «Оның құнын көтеретін бізде мал жоқ», – деді.

Зылиха: «Бар малымызды, көмбемізді берейік. Жетпесе, мойнымдағы, құлағымдағыларды шешіп берейін», – деді. Құлдық бауы байланған мойынға алқа не керек. Ғашықтық ойынына иланған құлаққа алтын сырға қалай жарассын?! Әзиз: «Ей, Зылиха, мен патшаның атынан өкіл болып, Жүсіпті патша үшін сатып алғалы келдім. Сен үшін не дейін?» – деді. Зылиха: «Мен барып, патшаны көрейін, рұқсат берсе, сатып алайын», – деді.

Жарлық. Зылиха көбелектей өзін отқа атты, құл алушы болып, өзін құлдыққа сатты. Жолы Жүсіпке түсті, көзі көріктіге түсті. Тор құрды, торға өзі ілінді. Көзімен көрейін деді, көңілін алдырды. Ұзаққа жүгіретін болып, тұзаққа түсті, жол жүрерде толған ай көрді, тұтқын болды. Естен ауып аттан түсті, шешектей жүзі солды, жасырын жерге сұлады, қыз-қырқындармен қарсы отырып, әндетіп айта бастады:

Өлең:

*Йә субх әл-уәжһи йә зу' ән-нәһәр муштәхәр,
Әнтә руһи уәжһук әл-мәймуну шәмс уә әл-қамар.*

Көркіңіз шын толған айдай қинайды қырғи қабақ,
Жүзіңіз күннен жарық, көркіңіз күн немесе қамар (ай).

*Тәләт әл-әхзан уә дәхрән фә әл-хәбибу қәд жәфа,
'Әбдуһу ләм йәт бил-қуфран йәумән бәл шәкәр.*

Қауызын ашса інжулерден төгілер түрлі нәзік,
Ол еріннің тәттісіндей қайда жетсін бал-шекер.

*Рухук әр-райхән нәширан қад йә'ужу бир-рәжә,
Ләфзук әл-мәмзужу шәхдән сара әл-әһл уә әл-әмр.*

Көркіңізді аңсаймын ерте не бір күн болар,
Бейнетім сонша көп бар, бейнеттенген ақыр емес.
*Кунту фид-дә'уә муһиққан лә бәл әнт әл-хәким,
Йә хәбиби һәкәзә 'әбд әл-хәзини қад әқтәр.*

Көркіңе мұңды болып, көркіңе мен ынтықпын,
Өртенер жүрегім жағылды көз жасым селдей ағар.

*Зәкә зәбиун мустәтилун фәл-әсуәду синуһу,
Қад ағара әл-қалбу минни суммә 'әйнәһу әсәрр.*

Құс тарапты терерде әрбір ер бұрымнан,

Хош иіс барар кіндік жұпар таң самалы болып есер.

*Ләйлунә сарат нәһаран уәжһәһи ән йәнкәшиф,
Уән-нәһару мустәниру сара ләйлән ән бәсәр.*

Ержүректі бек мен едім, апарып тұтқын етті,
Көп әскерді басты хандар, ғашықтық әскерін кім басар.

*Кулләмә таләбту минһи би-интихәлин қубләтән,
Ләм йухиб иллә сәбәб сақа қалби уән-кәсәр.*

Рабғузи Насыр көрсе жүз бұрмас ғашықтықтан,
Бек қанша ынтық болса құл қашан көңілін кесер.

Басқа шара қалмаған соң, Жүсіпті алу үшін Әзизді жігерлендірді. Болмаған соң патшаға барды, өтінді, сұрағанына жетті. Мал берді, құнын төледі, Жүсіпті алды.

(Бір деректе) Зағыр патша Жүсіптің аталарының атын естіген уақытта, оның Рабиғ Хәлил ұрпағы екенін білгендігі айтылады. Ол Мубиг Исрайыл тармағынан екен. Ол жиырма мың тамшысы екен, күннің бөлшегі екен, жаннат гүлі екен, жұмыртқа шөжесі екен. Сатқанына пұшайман болып, сауданы бұзуды ойлады. Саудадан бас тартпақшы болып еді, онысынан түк те шықпады. Жүсіпті алып Кенанға бармақшы болып еді, бермеді, алғанын қайтарар болып еді, көнбеді. Қалай талаптанса да әзелде жазылған келісімді Зағыр патша өзгерте алмады. Тағдырда жазылғанды Зағыр ұлы бұза алмады. Зылиханың көңіліндегі «*Қад шәғәфәһә хуббән*» («*Оның махаббатына басы айналыпты*») сезімді де Зағыр патшаның шапағатын өзгерте алмады. «*Уә кәзәликә мәкәннә ли Йусуфә фи әл-әрзи*» («*Сол мемлекетте Біз Жүсіпке сондай мәртебе бердік*») дауына Әбу Зулама ара түспеді. Әбу Зулама Зылиханың көңіліндегі ғашықтықты қалай алсын, Жүсіпті патшалығынан қалай айырсын. Ол сауда бұзылмай, келісім өзгертілмеген соң жүгіріп Жүсіпке келіп: «Ей, пайғамбарлық үйінің әулеті, пайғамбарлық бағының лаласы, ей, бақыттың шарабы, ей, қуаныш таңбасы, ей, пәктердің ұрпағы, ей, адамзаттың ұлығы! Сол күні рас сөйлесең, сені сатып алмайтын едім. Алғаныммен Кенанға ертіп апаратын едім. Не істейін, мүмкіндігім қалмады, қайта алуға қолым бармас. Жарағым жоқ, қайтарып алуға дәрменім жоқ. Қандай айла-шарғы жасасам да, пайдасы жоқ, кімнен кеңес сұрайын», – деді. Жүсіп: «Басқа шара қалмаса, бағамды (мені сатқан қаржыны) алма, азат адамның құнын жеуші болма», – деді. Зағыр патша Жүсіптің сөзін қабылдап, алған құнын қайтарып берді.

ЛӘТИФӘ: Ақылдыларға айдай, күндей жарық болады....

Кәпірлер дүние Жүсібін қымбат деместен, мал-дүние беріп сатып алды. Әрі мал алды, әрі жамал. Мен мұсылманмын деушілер, сендер де ақырет Жүсібін құлшылық деп аталатын құнын төлеп сатып аларда осалдық танытпаңдар, қымбат демендер, немесе екеуінен де бос қаласыңдар. «*Инналлаһә тә'әлә йу'ти әд-дунийә 'әлә әл-ахирати...ән йу'тийә әл-ахиратә 'әлә әннәһу әд-дунийә*» («*Әрине, Алла Тағала біреуге ақыреттің есебінен дүние береді*»).

Зағыр патша Жүсіпке келіп: «Сенің сөзіңді есіттім. Алған мал-дүниемді Мысыр құрметтісіне (Әзизге) тапсырдым. Енді сенен бір тілегім бар, орындалуынан үміт етер сатушымын. Малым көп, алайда амалым жоқ. Қураған ағашпын, жемісім жоқ. Сенен дұға, Хақтан үмітім бар», – деді.

«*Әл-уәләду фи әд-дунийә сурурун уә фи әл-ахирати нурун*» («*Бала – бұ дүниеде қуаныш, ақыретте нұр*»), яғни «Ұл-қыз – қабірде нұр, (дүниеде) көзге қуаныш» деген сөз бар. Расул: «*Әуләдунә әкбәрунә тәмши 'әлә әл-әрзи*» («*Перзенттеріміз – бұ жерде жүрген бауыр етіміз*»)), – деп айтты.

Жүсіп оны есітіп қолын көтеріп, көзімен көкке қарады «Мутә'ун мәкин» («Бағынышты тұрғын»). Сенімді Жебірейіл жетіп келіп: «*Уд'уллаһа тә'әлә ши-шахир фә иннәһу қарибун мужибун*» («Алла Тағалаға жалынып дұға жаса, себебі ол жақын, қабыл етуші») «Ей, Жүсіп, дұға жаса, ұл-құлымыздың (қызымыздың) тілегін сұра, есік ашық, қабыл болары анық» деген жарлық алып келді.

Жүсіп: «*Кәйфә әд'уллаһа*» («Қалай дұға жасаймын?»). Жебірейіл, ишаратын, сол сөзді үйретіп бер», – деді.

Жебірейіл: «*Йә мән йу'иззу уә йузиллу уә мән йәзә'у уә йәрфә'у уә йә мән йу'ти уә йәмнә'у уә йә мән һуә 'әлә кулли шәйин қадирун урзуқ әш-шәйхә әуләдән зуқуран*» («Ей, біреуді құрметтеуші және біреуді қор етуші! Ей, біреудің мәртебесін түсіріп, біреудің мәртебесін өсіруші! Ей, біреуге нәсіп етуші және біреуді мақрұм етуші! Ей, әрбір нәрсеге құдіреті жетуші, мына ақсақалға ұл перзент сыйла!») деп айт», – деді.

Ей, ұл-қызы болмағандар, болғанымен мұратына жетпегендер! Іштеріңізді тазартындар, имандарыңызды нұрландырындар. Осы сөзді тілмен айтындар. Жүсіптің (осы) дұғасы берекесінің арқасында барша тілектеріңе Алла Тағала үн катады. «*Иншаллаһу тә'әлә*» («Алла каласа»).

Дұғаның мағынасы мынау: «Ей, дәулет тәжін басына киген, ей, пақырлық шапанын иығына ілген, төмен түскендерді жоғары көтерген, жығылғандарды сүйеген, берген Сен, алған Сен. Мына қартқа ұл нәсіп қыл». Сыддықтың дұғасы қабыл болды.

Абдулла ибн Аббас (Алла одан разы болсын) риуаят етеді: Жүсіптің Зағыр патша туралы жасаған дұғасы қабыл болды. Зағыр патшаның он екі пәк қызметшісі бар еді. Сол түні бәріне тиді (жақындады). Сол түні бәрімен қауышып, әрқайсысы егіз ұлға жүкті болды. Тоғыз айдан кейін жиырма төрт ұл дүниеге келді.

(САУАЛ): Жүсіпке мұншалықты жақындық пен пейнет қайдан? Осындай дұға мен мұндай ғажап іс оны неден көтерді?

ЖАУАП: Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (ғ.с.): «*Иннә әшәддә әл-баләи 'әлә әл-әнбийәи суммә 'әлә әл-әулийәи суммә 'әлә әл-әмсал фә әл-әмсал*» («Расында, ауыртпашылықтың ең үлкені пайғамбарларға түседі. Олардан кейін әулиелерге, содан кейін басқаларға және одан кейін осы тәртіппен жүріп отырады»). Алла Тағаланың құзыретінде әулиелер ине секілді болады. Көп киім тігіп, баршаны киіндірер, алайда өзі жалаңаш қалар немесе шырақ секілді өзі жанып, өзгелерге жарық түсірер.

Бәйіт:

Барша инелер киім тігер кигізер,
Және өзін көрсең, жалаңаш қалар.
Шырақ та барынша күйіп-өртенер,
Өзгелерге көрсең жарық нәсіп етер.

«*Сирту кәәнни... тузи'у линнәси уә һийә тәхтәриқу*» («Мен адамдарға жарық сыйлап, өзі күйетінге (шамға) ұқсап қалғандаймын»).

Басқа қиссаларда (былайша) баяндалады: Жүсіпті саудаға салып, сатпақшы болған уақытта, інген (түйе) мінген бір арабты көрді. Түйенің мұрындығын тартысымен, желдей есіп келді. Мына ай жүзді көріп тоқтап: «Қадыр (Алла Тағала) тағдырында, Алла Тағала қазасында қандай хикмет барын білмеймін», – деді. Барша халық аң-таң қалды. (Бір деректе) сол түйенің үш күндік жерден Жүсіп ізін білгені айтылады. Көрмекке ынтық болды. Үш күн шөптемеді, су ішпеді, мақсатқа жетісімен иілді.

ИШАРА: Жүсіпті көрісімен Мұңды тілсіз түйенің халі осылай болса, (байқұс) Зылиха қалайша сабыр сақтасын.

Бәйіт:

Көз көргені жамал ол,

Сүймек оны халал ол.
Сондай жамал көріп ап,
Кім сүймесе обал ол.

(Деректе) Зылиханың Мысыр Өзизінің әйелі екендігі айтылады. Өзіз қибтилық еді, Раиян патшаның етікшісі болатын. Мұсылман еді, оның иманы туралы Раиян білетін. «Сенің қызметіңді қылайын, мені иманымнан айырма», – дейтін (ол). Алла Тағала көрікті Жүсіптен алып, Зылихаға берген еді. (Деректерде) сол кезде Жүсіптің он үш жаста екендігі айтылады. (Тағы бір деректе) он сегіз жаста екендігі айтылады. Өзиз Жүсіпті сатып алып, үйіне алып келді де, Зылихаға: «Мынаған жақсылап қара. Басқалардан артығырақ қарап, тәтті тамақ, жұмсақ киім бер. «Әкрими мәсуәһу» («Оны шексіз құрметте»). Бізге пайдасы тиюі мүмкін. Сатсақ, бізге одан да көп пайда әкеледі, сатпасақ, үйде қызметімізді қылар. «Әсә ән йәнфә'әнә» («Мүмкін, бізге пайдасы тиер») немесе өзіміз азат етіп, ұл етерміз. «Әу нәттәхизәһу уәләдән» («Немесе оны перзент қылып алармыз»), – деді.

Қалу ибну Мәс'удин (радиаллаһу 'әнһу) әсдәку ән-нәси фәрасәтән сәләсун: Әл-'әзизу хәйсә қалә 'әсә ән йәнфә'әнә әу нәттәхизәһу уәләдән, уә ибнәту Шу'әиб хәйсу қаләт йә әбәти истәжриһу иннә хәйра мән истәжәртә әл-қауийу әл-әмину, уә Әбу Бәкрин хәйсу истәхләфә 'Умәра радиаллаһу 'әнһу» («Ибн Масғуд (Алла одан разы болсын) былай депті: «Ең шыншыл парасатты адам үш түрлі болады: Біріншісі – Мысыр Өзизі, оның «Бізге (оның) пайдасы тисе, оны ұл етіп алуымыз мүмкін» деген сөзі. Екіншісі – Шүғайып пайғамбардың қызы. Оның: «Ей, әке, бұған (Мұса пайғамбарға) қызмет ақысын бер. Расында, ең жақсы үлес берген адамның осындай күшті аманатты адам» деген сөзі. Үшіншісі – Әбу Бәкір Сыддық. Оның өз орнына Хазірет Омарды (Алла одан разы болсын) қойып кеткені»).

Содан кейін Жүсіпті Зылихаға тапсырды. Жүсіпті Зылиха қатты жақсы көретін еді. Басын жуып, шашын тарайтын. Күн өткен сайын махаббаты артып, тәтті тамақ берді, таза киімдер кигізді. Жүсіп көзін ашып Зылихаға қарамады. Ол су, тамаққа назар салмады. Басын төмен салбыратып, әкесін сағынып жылайтын еді. Баяғы араб тағы келіп: «Ей, жігіт, неге жылап жатырсың?» – деді.

(Жүсіп): «Қалайша жыламайын, ата-анадан айырылдым, құл болып сатылдым. Ей, араб, сен қайдан келдің?» – деді.

Араб: «Кенаннан келдім», – деді.

Жүсіп: «Жақыпты білесің бе?» – деді.

Араб: «Қалайша білмейін, (біздің) пайғамбарымыз Жақып», – деді.

Жүсіп: «Жақыптың үйінде не жаңалық?» – деді.

(Араб): «Жақыптың Жүсіп есімді ұлы бар еді. Бауырлары аңға алып барды. Жайлауда бөрі жеп қойды деп, бауырлары айтып келді. Жақып жылай-жылай көздері соқыр болды. Жол жағасына «Бәйт ул-әхзән» («Қайғы үйі») деген үй тұрғызып, сонда құлшылық етіп жатыр», – деді.

Жүсіп оны есітіп есінен танды, қайта есін жиып: «Ей, араб, Жақыптың Жүсіп деген ұлы мен боламын. Бауырларым құл ретінде сатып жіберді. Енді Кенанға барсаң, Жақыпқа менен сәлем айт және «Ей, әкем, мен үшін жылай-жылай көздерің көрмес болыпты, мен де жүдеп, тамақ сіңбейтін болды. Жарық дүние мен үшін қараңғы болды», – деді. Содан кейін Жүсіп дұға жасады. Арабтың түйесі тұрып, жолға түсті. Жүсіп жылап үйге кірді. Араб Кенанға жеткен уақытта Жақып пайғамбардың (үйінің) есігіне келіп, шақырды. Жүсіптің Зәйна есімді қарындасы бар еді. Сол шығып: «Не болды, кімсіз?» – деді.

Араб: «Жақып пайғамбарда сөзім бар, басқа ешкімге айтпаймын», – деді.

Зәйна: «Жақып сізге бүгін шыға алмайды. Бүгін Жүсіптің қанды көйлегін қолына алды. Адам ридасын (көйлегін) киді, Шис тәжін басын қойды, Нұх асасын қолына алды, Ибрахим көйлегін үстіне киді, Исмайыл қаруын асынды, мұңын Мұңсыз патшаға шағып: «Тәңірім, Жүсіптің өлі-тірісі туралы маған хабар бер деп жатыр», – деді».

Араб: «Дұғасы қабыл болды, мен сол Жүсіптен келіп тұрмын», – деді. Зәйна кіріп Жақыпқа хабар берді. Жақып пайғамбар арабты шақырды. Араб Жүсіптің сәлемін жеткізді. Жүсіп атын естіген уақытта есінен танып қалды. Есін жиып: «Ей, араб, түсімдесің бе?» – деді.

Араб: «Түс емес, Жүсіптен келдім», – деді. Жақып тұрды, арабты құшақтап, екі көзінің арасынан сүйді де: «Ей, араб, Жүсібімді осы көздеріңмен көрдің бе?» – деді.

Араб: «Көрдім», – деді.

Жақып: «Ей, араб, сен зор сүйінші хабар алып келдің, қандай тілегің бар, айт, Жаратушыдан сұрап берейін. Сен де қуанышқа бөлен», – деді.

Араб: «Ей, Расулұлла, маған мал-дүние керек емес, жеп-ішерлік дүнием, отыз қызым бар, ұлым жоқ. Дұға жасаңыз, Алла Тағала маған ұл берсін», – деді. Жақып дұға жасады, Жаратушы қабылдады. Арабқа жомарттық жасап, алпыс ұл сыйлады.

Жүсіп балиғат жасына жеткен уақытта Алла Тағала оған түс жоритын керемет берді. *«Уә ләмма баләғә әшуддәһу 'әтәйнәһу хукмән уә 'илмән уә кәзәликә нәжзи әл-мухсининә»* («Ол кәмелетке жеткенде Біз оған үкіметті және ілімді бердік. Біз жақсы амал қылушыларды осылайша марапаттаймыз»). (Деректерде) ердің жасы он сегіз, (кейде) жиырма, (бірде) жиырма бес, (тағы бірде) отыз, отыз үш, қырық, (тіпті) алпыс екендігі айтылады.

Зылиха Жүсіптің шашын тарағалы келген уақытта Жүсіпке ұқсайтын еді. Зылиханың шыдамы таусылып, бір күні Жүсіпті бақшаға шақырып: «Ей, Жүсіп, менің көңілімде ешкімге айтпаған бір сөз бар, сен білесің бе?» – деді.

Жүсіп: «Ей, Зылиха, сенің көңіліңде не барын қайдан білейін», – деді.

Зылиха: «Ей, Жүсіп, менің көңілімде саған деген махаббат бар, сені қатты сүйемін», – деді.

Жүсіп: «Мені сүйгенше, өз күйеуінді сүй», – деді.

Зылиха: «Мен бұдан артық сабыр қыла алмаймын, не істейін?» – деді.

Жүсіп: «Оның шарасы сабыр, сабыр қыл да, менің жүзіме қарама», – деді.

Зылиха: «Менің тіршілігім саған сабыр ету. (Және) жанымның жұбанышы сенің тәтті бейнен, (тағы) көзімнің жарығы сенің дидарың», – деді. Жүсіп Зылихадан осы сөзді естіген уақытта оның (Зылиханың) қасынан кетіп қалды. Ол күні келмеді. Таң атысымен Зылиха Жүсіп келіп: «Ей, Жүсіп, бостан сондай жайнапты, неше гүлдер ашылыпты, жеміс-жидек жейтін уақыт болды. Бостанға барып, жеміс-жидек же, гүлдер тер, бір сағат тамаша қыл», – деді.

Өлең:

Таң бозарып, ағаш жеміс салар,
Бұлт жылап, гүлдер күлер.
Осындай гүлдегенде көңілім бүгін,
Сенімен бірге қауышпақ қалар.

Жүсіп: «Ей, Зылиха, менің бостаным Кенанда қалды, басқа бостан маған керек емес», – деді.

Зылиха: «Және бір бостанда гүлдер сусыз қалып, солды, соған су бер», – деді.

Жүсіп: «Солған гүлге су беру бостан иесіне артық жарасады», – деді.

Зылиха: «Ей, Жүсіп, сені сүйгеннен көзім жастан қайғыға батты. Сені көрмегенімде ғой», – деді. (Тағы) Зылиха: «Сен менің құлымсың. Маған неге мойынсұнбайсың?» – деді.

Жүсіп: «Мен Тәңірдің құлымын», – деді.

Зылиха: «Ей, Жүсіп, жақын кел, кімнен қорқасың», – деді.

Жүсіп: «Екі аманатты сақтап тұрмын: бірі – Жаратқан Алла хақын, екіншісі – мені сатып алған Әзизден қорқамын», – деді.

Зылиха: «Көк Тәңірден қорқатын болсаң, қазынамдағы малым, алтыным, күмісім, жақұтым, гауһарымды мұқтаждарға берейін, (Алла) сені кешіреді. Егер күйеуімнен қорқатын болсаң, онда у беріп өлтіріп, және тәубе етейін», – деді.

Жүсіп: «Күнә жасама, тәубаға ортақ болма», – деді. Зылиханың ашуы келіп, тұрды. Ақылшы енесіне барып, өз халін айтып берді. Енесі оған көп насихат айтты. Зылиха қабылдамады, төзімі таусылды. Қайғы жеп өлер хәлге жеткенінде қария енесі жылап (оған): «Ей, Зылиха, маған көп мал бер. Сол малды жаратайын, тілегің орындалсын», – деді. Зылиха енесіне мың алтын, мың мысқал жұпар, мың ақ камфара және қымбат бағалы екі шапан берді. Кемпір ол малдарды жұмсап, шишадан (кейбіреулер мәрмардан дейді) үй салдырды. Ол үйді айнадай жарқыратып, түрлі әшекейлермен безеді. Зылиханың суретін әзірледі. Жүсіптің суретімен бірге екеуін жанастыра жасыл, көк, қызыл, сары гүлдермен төрт жағына (қойды) және ыдыстарға камфара мен иіссу толтырып, безеп қойды.

(Біреулер) бөгде қарияны үйге кіргізу керек емес. Егер бір үйге кіретін болса, бұзбай шықпайды дейді.

Ғазал:

Ердің пәлесі екі әлем пәлесі кемпірге,
Кемпір қартайып өлер болса, бергін етін бөріге.
Жат кемпірді үйінде көрсең, басын кескін,
Күйдір басын отқа, суыр қолын бөріге.
Кемпір қанша қартайсын, құлшылық қылып тазарсын,
Үй бұзуға талпынса, қарамас оңына, артқа.
Кемпір бұзар мың істі, қайта түзер қаласа,
Оның тиер пәлесі барша моғол, сартқа.

Үй салынып біткен уақытта Зылиха жұп-жұқа киім (іш киім) киіп отырды. Денесі көрініп тұратын. Жүсіпті шақыртып, үйге кіргізді. Ол үйдің жеті есігі бар еді. Әр есікті темір шынжырмен бекітті. Жүсіп әр есіктен кірген сайын, сол есікті бекітетін еді. Жүсіп Зылиха отырған үйге келген уақытта, боялған, әдемі киім киген, Жүсіпке ынтығып отырған Зылиханы көрді. Жүсіп оны көрісімен әрбір есіктің санындай іш киімдерінің бауын түймелей бастады. Зылиха оны көріп, іш киімдерінің бауын ағытып жатыр деп ойлап: «*Йә, Йусуфу мә әхсәнә уәжһәкә*» («*Ей, Жүсіп, түрің қандай әдемі!*»). Мағынасы: қандай ғажап жүзің бар!

Жүсіп: «*Һәкәзә сәууәрани рабби*» («*Жаратушым мені осылай жаратты!*»), яғни Жаратушым осылай жаратқан», – деді.

Зылиха: «*Мә әхсәнә шәракә*» («*Шаштарың қандай әдемі!*»), яғни шашың қандай әдемі!», – деді.

Жүсіп: «*Һуә әууәлу мә йәнәтәширу фи қабри*» («*Қабірімде ең әуелі төгілетін менің осы шаштарым!*»), яғни қабір ішінде бірінші кететін осы болар», – деді.

Зылиха: «*Мә әхсәнә бәсарақә*» («*Көздерің қандай әдемі!*»), яғни көздерің қандай тамаша!», – деді.

Жүсіп: «*Һуә әууәлу мә тәкулу әд-дидән*» («*Құрт-құмырсқа бірінші соны жейді!*»), яғни көрімде алғаш құрт-құмырсқа жейтіні», – деді.

Зылиха: «*Йә Йусуфу унзур иләййә*» («*Ей, Жүсіп, маған қара!*»), яғни маған бір қарашы», – деді.

Жүсіп: «*Әхәфу әз-зулумәти фи әхири 'умри*» («*Өмірімнің соңындағы қараңғылықтан (яғни соқыр болып қалудан) қорқамын!*»), яғни өмірімнің соңындағы жазадан қорқамын», – деді.

Зылиха: «*Зә' йәдәкә фи садри*» («*Қолыңды көкірегіме қой!*»), яғни қолыңда көкірегіме қой», – деді.

Жүсіп: «*Әхәфу әл-ғуллә фи әл-ләзә*» («*Тозақтағы шынжырлардан қорқамын!*»), яғни тамұқтың бұғауларынан қорқамын», – деді.

Зылиха: «*Йә Йусуфу әмә тәштәһи бимисли*» («*Ей, Жүсіп, нәпсің мендей сұлуды қаламайды ма?*»), яғни мендей көріктіге көңілің жоқ па?» – деді.

Жүсіп: «*Балә уә ләкин әхәфу рабби*» («Қалайды, алайда Раббымнан қорқамын»), яғни көңілім бар, алайда Жаратушымнан қорқамын», – деді.

(Зылиха) және: «Ей, Жүсіп, «*Инни ухиббукә*» («Мен сені сүйемін»), яғни мен сені сүйемін», – деді.

Жүсіп: «*Инни ухибуллаһа*» («Мен Алланы сүйемін»), яғни мен Тәңірді сүйемін», – деді.

(Зылиха) және: «Ей, Жүсіп, «*Удхул фи әл-қайтуни*» («Қонақ бөлмеге кір»), яғни менімен бірге қуанышқа бөлен», – деді.

Жүсіп: «*Әхәфу ән йәзхәбә фи әл-жәннәти нәсиби*» («Жәннаттағы несібемнен құр қаламын ба деп қорқамын»), яғни жұмақтағы орнымнан айрылып қаламын ба деп қорқамын», – деді.

(Зылиха) және: «*Әнтә 'әбди иштәрайтукә бимәли суммә тәтауәлтә 'әләйиә*» («Сен менің құлымсың, мен сені пұлыма сатып алдым, сен болсаң маған мойынсұнбайсың»), яғни сен менің құлымсың. Мал беріп сатып алдым, енді маған мойынсұнбайсың ба?» – деді.

Жүсіп: «*Кәнә әл-ләзинә ихуәни хинә бә'уни*» («Мені сатқан адамдар менің бауырларым болатын»), яғни күнә мені сатқан бауырларыма (болсын)», – деді.

Және Зылиха: «*Суммә тәтбә'әду минни*» («Кейін менен алыстайсың»), яғни неге менен қашасың?», – деді.

Жүсіп: «*Лихәққи иснәйни лихәққи әлләзи һуә иләһун фи әс-сәмәуәти уә әл-әрзи уә лихәққи әлләзи қалә әкрими мәсуәһу*» («Екі нәрсенің құрметі үшін: Біріншісі, жер мен көктің жалғыз Жаратушысы, сол үшін, екіншісі, «Оны шексіз құрметтеңдер» деген адамның құрметі үшін»), яғни екі хақ үшін, бірі – жер мен көктердің Тәңірінен қорқамын, екіншісі – мені сатып алып, мынаған жақсылап қара дегеннен (адамнан)», – деді.

Зылиха: «Мал-дүнием көп. Садақа берейін, жер мен көктің Тәңірі кешірет. Күйеуімнен қорықсаң, у беріп өлтірейін», – деді.

Зылиха қанша үгітесе де, ойлағаны іске аспады, ашуланды. «*Уә рауәдәтһу әлләти һуә фи бәйтиһә ән нәфсиһи уә гәлләқат әл-әбуәбә уә қаләт хәйтәләк*» («Жүсіп үйінде тұрған әйел оны (Жүсіпті) өзіне қарату үшін көп тырысты. (Бір күні) есікті бекітіп, маған кел, – деді»). Мұнда алты оқу бар: *хәйтә ләкә, хәйти ләкә, хәйту ләкә, хәйту ләки, хәйтә ләки, хәйту ләки*. Бұл сөздердің үш түрлі мағынасы бар: біреуі – «*һә әнә ләки*», (яғни) «анық мен сендікпін», екіншісі – «*һәлуммә иләйиә мә һуә ләкә*», яғни «маған кел, не болса – бәрі сенікі», үшіншісі – «*Тәхәйиәту ләкә*», яғни «енді анық болдым, мен бәрін саған жидым». «*Хәйту ләкә*» деп оқысаң, «Ей, кемтар, мен сендікпін», «*Хәйти ләкә*» (десең), «Ей, кемтар, қашанға дейін кемтарлық қыласың, кемтар болмаймын, шегінер жерім қалмады, тілегімді түгел орында» (деген мағына шығады).

Жүсіп: «Тәңір Аллаға сыйынамын. Мысыр Әзизи мені сатып алды, маған жақсылық жасады, оған жауыздық істей алмаймын. Егер істесем, өзіме қастандық жасаған боламын. Қастандық жасаушылар Алла Тағала азабынан құтылмайды», – деді. «*Қалә мә'әзаллаһи иннәһу рабби әхсәнә мәсуәйә иннәһу лә йуфлиху әз-залиминә*» («(Жүсіп): «Алладан пана сұраймын. Әлбетте, Ол менің раббым, Ол менің дәрежемді үстем қылды, (алайда) залымдар мен дұрыс іс қылмағандар әсте құтылмайды»).

САУАЛ: Жүсіп хақында Зылиханың жақсылығы көп еді «Әхсәнти мәсуәйә» демеді, Әзизді мақтап «Әхсәнә мәсуәйә» деді, мұның хикметі не?

ЖАУАП: Зылиханың жақсылығы нәпсімен былғанды, сол үшін де айтпады. Алайда Мысыр Әзизінің жақсылығы нәпсіге қатысы жоқ еді, сол үшін атап өтті.

Зылиха Жүсіпке жармасқанда, Жүсіп кері бұрылды. Зылиханы көрмейін деп теріс қарап еді, қабырғадан Зылихамен жанасып тұрған өз суретін көрді. Оңға-солға, жоғары-төмен қарап еді, сол суретті көрді. Содан кейін Зылихаға қарап еді, әдемі жүзін көрді. Әйел затында Хауадан кейін Зылиханың сұлу екендігі айтылады. Көңілі жұмсарды. «*Уә ләқад һәммәт биһи уә һәммә биһә*» («(Ол әйел Жүсіптен) үміттенді және (Жүсіп) одан үміттенетін...»), мағынасы мынау: Бірден Зылиха Жүсіпке қол салды.

САУАЛ: Зылиха Жүсіпке қол салды, Жүсіп Зылихаға неге қол салмады?

ЖАУАП: Зылиха кәпір еді, зинаға шақырды, ал Жүсіп пайғамбарлар ұрпағы еді, зинаға қалай барсын?!

(Деректерде) *«Һәммә Зуләйхә һәммү әл-қарари уә һәммү Йусуфә һәммү әл-фирар»* («Зылиханың пейілі мақсатына қол жеткізу, Жүсіптің пейілі одан қашу болатын») делінеді. Зылиханың пейілі бас салу еді, Жүсіптің пейілі қашу еді. Тағы (бір деректе) *«Һәммү Зуләйхә һәммү әс-сифәқ уә һәммү Йусуфә һәммү ән-никәх»* («Зылиханың пейілі зина, Жүсіптің пейілі неке (некелесу) болатын») делінеді. Зылиханың пейілі харам, Жүсіптің пейілі халал еді. Тағы (бір деректе) *«Һәммү Зуләйхә һәммү әт-таләб уә һәммү Йусуфә һәммү әл-хәраб»* («Зылиханың пейілі талап ету, Жүсіптің пейілі қашу болатын») деп айтылады. Зылиханың пейілі ұстау еді, Жүсіптің пейілі қашу болатын. Тағы бірде: *«Һәммү Зуләйхә һәммә әс-салби уә һәммә Йусуфә һәммү әз-зәрби»* («Зылиханың пейілі шешу, Жүсіптің пейілі ұру еді») деп айтылады. Зылиханың пейілі азу еді, Жүсіптің пейілі ұру еді. Осылайша пейілден пейілге айырмашылық болды. Тағы (бір деректе) Жүсіптің пейілі Әзиз дүниеден өткен соң, Зылиханы халал жолмен алу екендігі айтылады. Себебі Жүсіп жігіт, Зылиха жас. Екеуі де әдемі. Зылихада ықылас бар, Жүсіпте күш-қуат бар. Сол жағдайда ықылас болмаса, ер болмас.

«Уә ләқад һәммәт биһи уә һәммә биһә» («Ол әйел Жүсіптен) үміттенді және (Жүсіп) одан үміттенетін...») дегенде терең мағына бар. Мұнда кідіру (уақф) керек. Кейбіреулер, егер мұнда тоқтасақ, онда Жүсіпті зинақорлыққа қол ұрды деген болады, бұл дұрыс емес дейді. Енді біреулер сондай жағдайда ықылас беру ердің белгісі емес дейді. Сол үшін де барлық пайғамбарлар барша айыптардан пәк еді. Ер еместік айыбы барша айыптардан үлкен. Өзге кіші айыптар пайғамбарларда болмас. Бұл үлкен айып Жүсіпке қалайша дұрыс болсын. Сол үшін де мұнда кідіру (уақф) керек.

«Ихсән әл-бәйән» деген тәпсірде кездеседі: Медине шаһарында Сүлеймен ибн Йасар есімді әдемі, сұлу адам бар еді. Медине әйелдері оған ғашық болып, күйеулеріне қарамайтын болды. Сүлеймен ибн Йасар оны біліп қап, бір пәлеге ұшырап қалмайын деп, Мединеден қашып Шамға барды, сонда қалды.... Жеті жылдан кейін түсінде Жүсіпті көріп: «Ей, Жүсіп, «әнтәл-ләзи хәммәт» сенбісің әйелге пейіл берген?» – деді. Жүсіп пайғамбар: *«Әнтәл-ләзи ләм тәхуммә»* («Әйелдерге пейіл жасап, қол салмаған сенбісің?»), яғни әйелдерге пейіл қоймаған һәм олардан қашқан сенбісің?» – деді.

Осы дәлелден белгілі болғаны: Жүсіптің Зылихада ойы болған. Абырой болғанда, айғақ көріп (Алланы танып деген мағынада), өзін сақтады. *«Ләу лә раә бурһәнә раббихи»* («Егер Раббымның мұғжизаларын көрмегенде еді...»).

Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) дүниеде үш нәрсені жақсы көргенін, біріншісі – жағымды хош иіс және мұсылман әйелдер, үшіншісі – намазда көзімнің жарық болуы деген.

ИШАРА: Жүсіптің Зылихада пейілі болмағанда *«Уә кәзәликә линәсрифә 'әнһу әс-суә уә әл-фәхшәә»* («Одан жамандықты алып, ұятсыздықты қайтару үшін Біз, міне, осылай жасадық»), мағынасын бермеген болар еді. Жүсіптің пейілі болды, алайда Алла Тағаладан қорықты, шарифат шарттарын сақтады. Жаратушымыз Алла Тағала былай деп жарылқаған, бізге қалай сыйынса, Жүсіп сыйынды, оны солай құтқарғанымыздай, Жүсіпті құтқардық. *«Уә кәзәликә линәсрифә 'әнһу әс-суә уә әл-фәхшәә»* («Одан жамандықты алып, ұятсыздықты қайтару үшін Біз, міне, осылай жасадық»). Бұл Жүсіп біздің ықылас қойған құлдарымыздан болатын. *«Иннәһу мин 'ибәдинә әл-мұхләсинә»* («Расында, ол Бізге ықылас қойған пенделерімізден»). Барша пайғамбарлар ықылас қойған әрі ықылас иесі еді. Басқа мұсылмандар ықылас қойған болатын, алайда ықылас иесі емес еді.

ХИКАЯ: Имам Мұхаммед ибн Хасан Шайбаниға бір әйел ғашық болды. Жолын тосып отырды. Имам Мұхаммед келген кезде: «Ей, мұсылмандардың имамы, сенен бір мәселе сұрайын деп едім. Мына үйге кір, сұрайын», – деді. Имам Мұхаммед үйге кірді, әйел соңынан кіріп есікті бекітті де, имам Мұхаммедке жабысты. Қанша үгітесе де, қабылдамады, кейін

(имам): «Мені қысылып тұрмын. Жан ащылығынан дәрет ащылығы қатты деген. Мені жібер, қажетімді шығарайын. Содан кейін дегеніңді істейін», – деді.

Имам Мұхаммед тысқа шығып, өзінен шыққан нәжісті беті-қолына жақты. Оны көрген әйелдің көңілі суып, теріс айналып: «Ер осылай екен, әрі кет», – деп қасынан тұрғызып жіберді. Имам Мұхаммед үйіне барып, мың алтын садақа берді, Алла Тағалаға шүкіршілік етті. Адамзаттан екі нәрсе қалады: жақсылық пен жамандық деген сөз бар.

Көрмейсің бе, Зылиха өліп, арадан неше жылдар өтті. Оның жаман ісін барша имамдар михрабта, барша ғалымдар мінберде, барша қарылар қоғамда, барша ұландар мектепте оқып жатыр. *«Уә рауәдәтһу әлләти һуә фи бәйтиһә ән нәфсиһи уә ғәлләкәт әл-әбуәбә»* («Жүсіп үйінде тұрған әйел оны (Жүсіпті) өзіне қарату үшін көп тырысты және есіктерді бекітті»). Осылайша Жүсіп те дүниеден өтті, көптеген жылдар өтті, жақсы аты қалды. Алла Тағаланың кітабының ішінде оқиды. *«Иннәһу мин 'ибәдинә әл-мүхләсинә»* («Расында, ол Бізге ықылас қойған пенделерімізден»).

Зылиха Жүсіпті үйге кіргізген кезде, есіктерін темір шынжырлармен бекітті. Оны сезген Жүсіп іш киімінің бауын түймеледі. Зылиха оны көріп, іш киімдерінің бауын шешіп жатыр деп, қуанғанынан үй төрінде тұрған пұтты шатырмен жапты.

Жүсіп: «Ол жапқаның не еді?» – деді.

Зылиха: «Менің табынатын пұтым, одан ұяламын», – деді.

Жүсіп: «Сен пұттан ұялсаң, мен қалайша Саматтан (Алладан) ұялмайын?!» – деді.

Кейбіреулер айтады: «Бұл істі қылайын ба әлде қылмайын ба деген Жүсіптің пейілі болды. Құлдың өз мұратында еркі болмайды, алайда айғақ көрді, ол айғақ не еді? Мұнда көптеген пікірлер бар. Соның бірінде «Ей, Жүсіп, қанаты қырқылған құстай боласың ба, өзге құстар ұшқанда, сен қаларсың» деген дауыс естіді дейді. Тағы біреулер: «Тамда Жақып пайғамбардың суретін көріп, «Ей, Жүсіп, пайғамбарлардан бола тұрып, ақымақтардың ісін қыласың ба?» деген дауысын естіді. (Содан) барша шаһуаты саусақтарының ұшынан шықты», – дейді. Енді біреулер: «Үйдің қабырғасынан «Ей, Жүсіп, зина жасама» деген жазу көрді дейді. Біреулер: «Мысырдың Әзизін көрді», – дейді. Тағы біреулер: «Көңіліндегі пайғамбарлық еді», – дейді. Енді басқалар: «Зылиханың жүзіне қарағанда көзіне сұрықсыз болып көрінді. Жүзі жарылып, қуарып кеткен, еріндері негрдің еріндеріндей, көздері шағыр, мұрнының тесіктері кең кейпінде көрді. Жүсіп солай көріп, теріс айналды», – дейді. Зылиха: «Ей, Жүсіп, бір сөзім бар, сабыр сақта, айтайын», – деді. Жүсіп және бұрылды. Зылиханың іші өртеніп мына ғазалды дауыстап оқи жөнелді.

Ғазал:

Жылт етіп қайта шыққан секілді жаңа түскен қар,
Көздері жұлдыз, жүзі күн, маңдайы көктің айынан.

Көргенімде көркіңізді көріп тоймас көздерім,
Көрік зекетін беру уәжіп қылса сұлу жаннан.

Қас атып көңілімді алған жан қаласаңыз берейін,
Ол қалайша ғашық болар, қайтса сүйікті райынан.

Кенет бір сүйе сұрасам ашуланып тіл қатар,
Жан беріп өлер барша ол бір ауыз сөзінен.

Рабғұзи құл Насируддин неше түрлі сөз түзер,
Масайрап мас болайын көз қараса қиылған қасынан.

Жүсіп Зылихадан қашпаққа бел байлады. Зылиха Жүсіпті ұстау үшін өре түрегелді. Жүсіп қашты. Зылиха қуды. Қай есікке Жүсіп жетсе, Алла Тағаланың құдіретімен темір шынжырлар шешілетін еді. Жүсіп алдында, Зылиха соңында. Жетінші есікке Жүсіп жеткенінде, артқы етегін ұстап тартты. Етегі жыртылып, бір бөлігі қолында қалды. Екеуінің басы жалаңаш, Жүсіпті қуып, жүзі қуарып тас есікке ере шықты. Тас есікте Әзиздің тұрғанын көрді. *«Уәстәбәқа әл-бәбә уә қаддәт қамисәһу мин дубурин уә әлфәйә сәйидәһә ләдә әл-бәби»* («Ол екеуі дарбазаға қарай жүгірді. Ол әйел Жүсіптің артқы етегінен тартып жұлып алды. Дарбазаның алдынан ол әйелдің күйеуін кездестіріп қалды»). Зылиха есікте тұрған күйеуін көріп, күнәні өзінен алып, Жүсіпке жапты да: «Сенің үйіңде әйеліңе жауыздық қалаған, қол тигізгеннің жазасы қандай болады?» – деді.

Әзиз: «Менің әйеліме кім жауыздық жасады, кім қол тигізді?» – деді.

Зылиха: «Мен осы уақытта үйде жатыр едім. Жүсіп кіріп, менің жалғыз екенімді көрді. Үй ішінде маған қол тигізбекші болды. Ашуланып, ұстап алайын деп қуып шыққанымда сені көріп қалдым», – деді.

Осылайша Алла Тағала ол екеуінен хабар береді: *«Қаләт мә жәзәу мән әрадә биһәликә суән»* («(Ол әйел): «Сенің әйеліңе жамандық ойлаған адамның жазасы тек қана...»).

ЛӘТИФӘ: Зылиха «мәжәзи» еді, өз айыбын Жүсіпке жүктеді. *«Мә жәзәу мән әрадә би әһликә суән»* («Сенің әйеліңе жамандық ойлаған адамның жазасы тек қана...»), – деді. Сүйіктісі болған уақытта досын құрметтеді. Не келсе де маған болсын деп, айыбын өзіне алып: *«Әнә рауәдтуһу ән нәфсәиһи уә иннәһу ләмин әс-садиқинә»* («Мен оны өзіме қарату үшін әрекет жасадым, ол расында турашылдардан»), – деді.

Әйелсіз тіршілік жоқ, әйелмен бірге тыныштық та жоқ. Белгілі пәле, пәлесіз ешкімге де болу жоқ деген сөз бар. Жүсіпті пәлеге итерді. Және қоймады. Өлтіреді деп қатты қорқып, зынданға тастатты. Осылай Алла Тағала хабар береді. *«Иллә ән йусжәнә»* («Зынданға тасталуы»). Зынданға тастаса, жүзін көре алмаймын, онсыз шыдай алмаймын деп ойлап, басқаша қулық жасады. Қатты қинауды көрді. *«Әу 'әзәбун 'әлимун»* («Немесе қатты азаптау»). Жүсіп Зылиханың пәлеге салғанын көріп, естігенде жала айып маған тағылып жатыр деп ойлап: «Менің ондай жазығым жоқ. Ол өзі мені шақырды», – деді. *«Һийә рауәдәтһи ән нәфси»* («Ол (әйел) мені өзіне қаратпақшы болып әрекет жасады»).

(Деректерде) Зылиханың бір сағатта үш қулық жасағаны айтылады. Әуелі өзі ақталып, айыбын Жүсіпке артты. *«Мә жәзәу мән әрадә биһәликә суән»* («Сенің әйеліңе жамандық ойлаған адамның жазасы тек қана...»). Және өлтіреді деп қорқып, зынданға тастатты. *«Иллә ән йусжәнә»* («Зынданға тасталуы»). Зынданға тастаттым, жүрек жылытар орны бар деп ойлап қатты азаптауға себепші болып: *«Әу 'әзәбун 'әлимун»* («Немесе қатты азаптау»), – деді. Зылиха осындай қулық жасаған уақытта Әзиз Жүсіпке қарап: «Мен сені сатып алдым, жақсылық пен ізгілік жасадым, ұл қылдым. Маған берген жауабың осы ма?» – деді.

Жүсіп: «Мен тазамын, айыбым жоқ. Зылиха мені азғырды, мен одан қаштым. Ол мені қуа шықты», – деді. Әзиз болған жайға түсінбей, дағдарып қалды. Зылихаға (қарап): «Сен олай дейсің, бұл былай дейді. Қайсының жалған сөйлеп тұрғаныңды білейін», – деді.

Жүсіп: «Бұл істе сабыр сақтап, әділ бол», – деді.

Әзиз: «Таза екендігіңе айғақ бар ма?» – деді.

(Деректерде) Зылиханың Талхам есімді күні, оның төрт айлық нәрестесі бар екендігі айтылады. Жүсіп бесікте жатқан сол нәрестеге бұрылды. Әзиз: «Ей, Жүсіп, қылмыс жасап, жалған сөйлегенің аздай, енді менің үстімнен күлейін дедің бе? Төрт айлық бала қалайша сөйлесін?» – деді. Бесіктен: *«Узну минни фә иннә ләкә фи кәләми фәрахун»* («Маған жақында, сен менің сөзімнен қуанышқа кенелесің»), мағынасы «Маған жақында, менің сөзімде сен үшін қуаныш пен рахат бар» деген дауыс келді. Әзиз сәбидің сөзін есітіп, жақындады. Сәби: «Ей, Әзиз, Жүсіптің көйлегінің алды жыртық болса, Зылиха – ақ, Жүсіп – өтірікші. Егер көйлектің арты жыртық болса, Зылиха – жалғаншы да, Жүсіп – ақ. Содан хабар береді», – деді. *«Уә ин*

кәнә қамисуһу қуддә мин дубуррин фәкәзәбәт уә һуә мин әс-садиқинә» («Егер оның көйлегінің артқы жағы жыртылса, онда ол (әйел) өтірік айтқан, ал ол (жігіт) шынын айтқан болады»).

САУАЛ: Сәби шынайы куәлік бермеді. Зылиха – жалған, Жүсіп – ақ деместен, ишарамен жеткізді. Мұның хикметі не еді?

ЖАУАП: Мақұлықтың (адамзаттың) куәлігі екеуінен біреуіне дұрыс куәлік беріп, пайда жасаса, енді бірі маскара болар – жалған куәлік береді. Алайда бұл нәресте Алла Тағаланың құзыретінен еді. Жалған сөйлеу дұрыс емес, тура сөйлесе маскара болар. Бізді маскара ету Алладан дұрыс емес, Зылиханың айыбын ашпастан, сөзбен емес, ишарамен жеткізіп: «Ей, Әзиз, өзің қара, көйлегінің алды жыртық болса, Зылиха – ақ, Жүсіп – жалғаншы», – деді.

ПАЙДА: Ей, мұсылман, өз айыбыңды өзгеге жүктеме. Жүктесен, Алла (жаңағы) сәбидей оның ақтығын білдіреді, сені маскара етеді.

Тағы (ПАЙДА): Ешкімнің айыбын ашпа. Жүсіпке зиян болмайынша, «*Һийә рауәдәтни ән нәфси» («Ол (әйел) мені өзіне қаратпақшы болып әрекет жасады»)* демеді. Және сәби куәлік бергенде ашып айтпастан, астарлап жеткізді. Мысыр Әзизи осы түсінді.

ПАЙДА: Ешқашан ешкімді де жазғырма, ол да сені жазғырмасын.

Содан соң Мысыр Әзизи Жүсіптің етегіне қарап, оның артқы жағы жыртылғанын көрді. Зылихаға қарап: «Мынау сен әйелдердің жұмысы. Өздеріңді ақтап, басқаға жабасындар. Әйелдердің қулық-сұмдығы жетіп артылады», – деді. «*Фәләммә раә қамисәһу қуддә мин дубурин қалә иннәһу мин кәйдикуннә иннә 'әзимун» («Оның көйлегінің артқы жағы жыртылғанын көргенде: «Мынау сен әйелдердің қулықтарың. Расында, сендердің қулық-сұмдықтарың үлкен», – деді»).*

Әйелдердің қулық-сұмдығы шаһуатпен үлкен болады, алайда шайтанның қулығы Алланың зікірімен әлсірейді деген сөз бар. Алла Тағала Құранда Әзиз туралы хабар береді әрі әйелдердің қулығы көп екенін – «*Иннә кәйдәкуннә 'әзимун» («Расында, сендердің қулық-сұмдықтарың үлкен»)*, – деп атап өтеді. Және шайтан қулығы әлсіз екенін – «*Иннә кәйдә әш-шәйтәнә кәнә за'уфун» («Расында, шайтанның қулығы әлсіз»)* (дейді).

(САУАЛ): Әйелдердің қулық-сұмдығы неге үлкен болып, шайтанның қулығы қалайша әлсіз болды?

ЖАУАП: Шайтанның қулығы жасырын, (сондықтан) әлсіз болады. Әйелдердің қулығы ашық болады, (сондықтан) үлкен.

Тағы ЖАУАП: Шайтан Алла Тағала атын есітсе, қашып кетеді, алайда әйелдер айла жасағанда мың аят оқысаң да кетпейді.

Тағы ЖАУАП: Шайтан қулық жасағанда жалғыз болады. Жалғыздың айласы әлсіз, алайда әйел қулық жасаса, оған шайтан жолдас болады. Күшейеді.

Жүсіптің ақтығы белгілі болған кезде тағы да дәлелдейін деп, көрген-білгенін айта бастады. Мысыр Әзизи: «Ей, Жүсіп, жетер. Сөзді және Зылиханы артық маскаралама. Ел тілін бізден асырма (елге жайма)», – деді. Және Зылихаға қарап: «Мен сені кешірдім, тәубе жаса, Тәңір Алладан кешірім сұра. Бұдан кейін мұндай іс қылма, абыройыңды төкпе», – деді. Бұл туралы Алла Тағала баяндайды. «*Йусуфу ә'риз ән һәзә уәстәғфири лизәнбикни иннәки кунти мин әл-хати'инә» («Ей, Жүсіп, мына істен қол үз. (Ей, әйел) сен өз күнәңнің кешірілуін сұра. Расында, сен қателесушілерден болдың»).* Жүсіпке әдеп үйретіп: «Ей, Жүсіп, пәлеге жолықсаң сабыр қыл, жақсы атың шықсын. Ей, Зылиха, еріксіз көңіл алдырсаң, тәубе жаса, Тәңір кешірсін. Ей, Жүсіп, бұл сөзді қой, босқа айтпа, жауыз шықпасын. «*Йусуфу ә'риз ән һәзә!» («Ей, Жүсіп, мына істен қол үз»).* Ей, Зылиха, айып сенде, басқаға жаппа, олай жасама, менің құқығымды сақта. «*Уәстәғфири лизәнбикни. Иннәки кунти мин әл-хати'инә» («Ей, әйел) сен өз күнәңнің кешірілуін сұра. Расында, сен қателесушілерден болдың»)*, – деді.

Бұл сөз Мысыр ақсүйектерінің әйелдерінің құлағына жетіп, (олар) өз құлына ғашық болыпты, құлы оған мойынсұнбапты деп, Зылиханы жазғыра бастады. «*Уә қалә нисуәтун фи*

ал-мәдинәти имраәту ал-әзизи турәуиду фәтахә ән нәфсиһи» («Сол қаладағы бірнеше әйелдер: «Мысыр Әзизінің әйелі өз құлын өзіне қаратпақшы болып әрекет жасапты», – деді»). Ол әйелдердің алтау екендігі айтылады. (Олар): уәзір әйелі, күзет бастығының әйелі, қазынашының әйелі, шарап құюшының әйелі, бас атбегінің әйелі, сарай аспазының әйелі. Мысыр Әзизінен кейін бұл алтауынан беделді ешкім жоқ еді. Сол алты әйел Зылиханың қасына келіп-кетіп тұратын. Зылиха Жүсіпке ғашық болғалы бері сырым ашылмасын деп олардың қасына бармайтын болған. Зылиханың махаббаты шынайы екендігін білген соң ол әйелдер оны жазғыра бастады. Зылиха оны біліп, оларды қонаққа шақырды. Дәмді тағамдар пісіртті, әрқайсысына арнайы орын тағайындады. *«Фәләммә сәми'әт би мәқриһиннә әрсәләт иләйһиннә уә ә'тәдәт ләһуннә муттәкәән» («Ол (Зылиха) олардың өсегін естіген уақытта оларға адам жіберді және олар үшін әдемі бір отырыс ұйымдастырып қойды»).* (Мұны) үш түрлі оқиды (қырағат етеді) *«муттәкәән»* – отыру, сүйенетін орын, *«муттәкәән биттәшдиди уә әл-мәдди»* («*муттәкәән* тәшдид (яғни «т» әрпінің екі рет оқылуы және мәдпен (яғни «әән» болып созылуы)), – пышақпен жаншып жейтін тамақ немесе нанмен оралған ет, яғни (орама), *«Муттәкәән би гәйри мәддин уә әл-һәмзә биттәхқиқи уә һууәл-ләуһә» («муттәкәән» мәд және һәмзәсіз...»)*, яғни қауын. Осыларды дайындады. Қырық әйелді шақырды, жаңағы алты әйелді олардың арасына отырғызды. Тамақ берді, жеді. Алты табақ алып келіп, алты әйелдің алдына қойды. Бұл алты табақта орама, қауын болатын, әр табақта бір өткір пышақ қоса қойды. «Ей, менің құрбыларым, сырластарым, бірнеше жылдан бері маған серік болдыңыздар, менің астағамымды жедіңіздер. Бүгін сіздерден бір өтінішім бар, орындайсыздар ма?» – деді.

Бәрі өре түрегеліп, ант-су ішіп: «Ей, Зылиха, не қаласаң, соны істейік», – деді.

Зылиха: «Сендер алдарыңыздағы бетжапқыштарыңызды киіңіздер, жүздеріңізді жасырыңыздар, қолдарыңызға пышақ алыңыздар. Досым Жүсіп келген уақытта мен үшін мына орама пен қауындарды кесіп, Жүсіптің аузына салыңыздар. Кім тез әрі әдемі турап Жүсіптің аузына салып берсе, соған арнайы жабарым бар», – деді. Бәрі келісті. *«Уә әтәт куллә уәхидәтин минһуннә сиккинән» («Және ол әйелдердің қолына бір-бірден пышақ беріп қойды»).* Содан кейін Жүсіп келіп кетсін деп адам жіберді. Зылиханың сөзін екі етпестен шығып келді. *«Уә қаләт ухруж 'әләйһиннә» («Ол (Зылиха): «(Жүсіпке) олардың алдына шық», – деді»).*

(Кейбіреулер): *«Ухруж» («Шық»)* тілінде, алайда *«әләйһиннә» («Олардың алдына»)* көңілінде еді, егер тілмен *«әләйһиннә» («Олардың алдына»)* десе, Жүсіп әйелдердің алдына шықпайтын еді дейді.

Жүсіп шыққан уақытта (олар) көріп, аң-таң қалды. *«Фәләммә раәйнәһу әкбәрнәһу фә раәйнә нуран кәзәу'и ән-нәһәри 'индә нури әш-шәмси» («Олар Жүсіпті көрген уақытта қатты аң-таң қалды. Ол әйелдер күндіз шыққан күнді көрді»).*

Расул (ғ.с.): «Миғраж түні Жүсіптің толған айдай жүзін көрдім. Кімде-кім Жүсіптің жүзіне қараса, айнаға қарағандай, жүзінен өзінің жүзін көретін еді. Жүзі сұлу, шашы бұйра, ұзын бойлы, аққұба жүзді, үлкен көзді, жіңішке белді, толық білекті, толық сүйекті, дөңгелек басты. Күлсе жүздерінен нұр көрінеді, еріндерінен сәуле шығатын еді», – деген болатын.

Жүсіп үйден шыққан соң, әйелдер асығып пышақпен орама кесіп, Жүсіптің аузына бір-бірлеп сала бастады. Көздері Жүсіпте болды. Бір көзбен екі істі қатар істеуге болмайды. Көздері Жүсіпті көрер, тілдері Жүсіпті сүйер. Әрбірі бір өлең бастады.

Ең алғашқы әйел айтты:

*Йә мән раә қамәран фи урсәти әд-дәри
Йулә'ибу хуран тәуран бә'дә әл-әтуәри.
(Ей, аула ішінде айды көрген,
Оқтын-оқтын бір хорды ойнататын еді.)*

Екінші әйел айтты:

*Мә ән рағйтәһу һиләлән кәимән әбәдән
Фи әл-әрзи йәмши 'әлә риждлиһи фи әд-дәри.*

*(Жаңа туған айдың тік тұрғанын көргенбісің,
Аяғымен аула ішінде жүргенін.)*

Үшінші әйел айтты:

*Иннә әл-һиләлә әлләзи жәлә ләһу хәлиқунә
'Әлә әс-сәмәи йәраһу әл-йәумә фи әл-жәри*

*(Сол жаңа туған айға Жаратушымыз оған сәуле беріпті,
Оны бүгін бәрі де көре алады.)*

Төртінші әйел айтты:

*Йәсиду нисуәтә Мисра һәкәзә әрзунә
Би әл-уәжди уә әл-йәдәйни уә әл-әйну сәххәру*

*(Мысыр сұлуларын ынтық етті
Әдемі түрі және сиқырлы сөзімен.)*

Бесінші әйел айтты:

*Һуә әл-ғуләму әлләзи бә'уһу иһуәтуһу
Зулмән уә жәуран кәфә би әз-зулми мин әл-'әри*

*(Қаскүнемдік және залымдықпен
Оны ағалары сатып жіберген құл.)*

Алтыншы әйел айтты:

*Мин әәли Йә'қубә инналлаһа фәззәләһу
Турран 'әлә ән-нәси мә'руфән би әтуәри*

*(Ол Жақыптың ұрпағы, алайда оны артық етті
Барлық адамнан. Жақсы жағымен танылды.)*

Түрки тілдегі тәржімасы мынау:

Алғашқы бәйіттің тәржімасы:

Толған айды көрсең туар құшады,

Таза хорды көрді қайғы ойнайды.

Екінші бәйіттің тәржімасы:

Туған айды көрген жалғыз жер беті,

Аяқпен жүрерде көңіл былғайды.

Үшінші бәйіттің тәржімасы:

Шексіз көкте айды жаратты Тәңір,
Бүгін көрсе айға келіп түнейді.

Төртінші бәйіттің тәржімасы:

Әйелдерді аулар Мысыр елінде,

Ұстап қинарда көзі жайнайды.

Бесінші бәйіттің тәржімасы:

Бұл ұланды сатыпты бауырлары,
Бұл көшті есепші қашан санайды.

Алтыншы бәйіттің тәржімасы:

Пайғамбар ұрпағы үшін бұл таза,
Оны мұнша Тәңір өзі сынайды.

Әйелдердің көздері Жүсіпке қадалып, тілдері мақтап, қол-саусақтарын кесе бастады. (Олар): «*Хәлуммә иләйя фәинни әхсәну уәжһән мин сахибәти*» («Маған кел, себебі мен құрбымнан да әдемімін»), яғни баршадан таза менмін, маған кел», – дейтін. Жүсіптің сұлулығына аң-таң болып, қолдарын кесті, қоймады, киімдері қанға боялды. «*Уә қаттә'нә әйдийәһуннә*» («Олар (әйелдер) қолдарын кесіп алды»). Қолдарын қанатты дейді.

Қатада (Оған Алланың мейірімі болсын): «Саусақтарын кесті», – дейді.

Мұжахид (Оған Алланың мейірімі болсын): «Қолдарын білектеріне дейін кесті. Көз, көңілдері Жүсіптің жамалында болып, ауырғанын сезбеді», – деді.

Уахаб ибн Мунаббах: «Олар қырық әйел еді, олардың тоғызы өлді», – деді.

«*Уә қаттә'нә әйдийәһуннә*» («Олар (әйелдер) қолдарын кесіп алды»). Тәшдидсіз оқысаң қолдарын кесті деген сөз шығады, алайда тәшдид қаттылау болады, яғни қолдарын майдалап тастады деген мағына шығады. «*Субханаллаһи*» («Алла Тағала пәк»), – деді.

Бұл адамзат емес, тіпті періште секілді. «*Мә һәзә бәшәран ин һәзә иллә мәләкун кәримун*» («Бұл адам баласы емес, бұл үлкен періште»).

(Деректе) Жүсіп сол көркімен шығып келді, бұл әйелдерге қарамады, сөйлемеді. (Олар): «Бұл адам нәсілінен емес, бұл періште», – деді. «*Мә һәзә бәшәран ин һәзә иллә мәләкун кәримун*» («Бұл адам баласы емес, бұл үлкен періште»). «Шин» мен «Ләмді» астын жіктеп оқиды, яғни осындай көрік пен қылықты (адам) сатылатын құл емес. Мұның сыйы (орны) патша (патшалық).

Зылиха олардың қолдарын кескендерін көріп, күлді де Жүсіпке қарап: «Үйге кір», – деді. Жүсіп үйге кірді. Зылиха ол әйелдерге: «Қолдарыңызға қараңдар», – деді. Қарады, барлық саусақтары кесілген, білектері осылған, киімдері қанға боялған екен. Зылиха: «Сіздер бір көріп қолдарыңызды кестіңіздер. Мен ертелі-кеш көріп, қалайша сабыр етейін, қалайша ғашық болмайын, өсек таситындарыңыз осы ма еді?» – деді. «*Қаләт фә зәликуннә әлләзи лумтуннәни фиһи*» («Ол (Зылиха): «Мені өсектеулеріңе себеп болған адам, міне, осы», – деді»). Көбелек шамды көріп өзін отқа атады, күйеді, өзгелер оны өсек етеді, екінші түні Зылихананы өсектеген әйелдер көбелектей келіп шамға күйді. Сол себепті шайыр:

*Иннә әл-фәррашә тәти изә раәт ләхәбән
Хәулә әс-сирәжи фә тулқи нәфсәһә фиһи.*

*(Көбелек сәуле көрсе, дереу соған келер,
Шам төңірегінде және өзін сол сәулеге атар.)*

*Ақулу қаулә Зуләйхә фи әуәзилиһә
Қаләт фә зәликуннә әлләзи лумтуннәни фиһи.*

*(Мен Зылихананың өсекшілерге айтқан сөзін айтпақшымын,
«Мені өсектеулеріңе себеп болған адам, міне, осы», – деді.)*

«Өз құлына ғашық болды, деп мені өсектедіңдер, ол құлымнан қайтпаймын. Жүсіпті шақырттым, есіктерді бекіттім, етегін мен жырттым. Алла Тағала солай хабар береді. *«Қад рауәдатуһу ән нәфсиһи»* («Расында, мен оны өзіме қарату үшін әрекет жасадым»). Жүсіп өзін сақтады, маған мойынсұнбады. *«Фәстә'сәмә»* («Алайда ол өзін сақтады»).

Бұл Жүсіп – әрі сұлу, әрі пәк, әрі діндар, әрі ғалым. Мен оны тыныш қоймадым, масқара болдым, ел есітті. Абыройым төгілді. *«Ләин ләм йәф'әл мә әмуруһу»* («Егер ол менің бұйрығымды орындамаса...»). Менің айтқанымды қылмаса, зынданға тастаймын». Солардан хабар берер. *«Ләйусжәнәннә уә ләйәкунәннә мин әс-сағиринә»* («Әрине, ол қамалады әрі қиналушылардан болады»). Ол әйелдер Зылихаға: «Сен бұл істі бізге бер, біз зынданмен қорқытайық», – деді. Жүсіп Зылиханың зынданға тастаймын деген сөзін есітті. Жаңағы алты әйел де зынданмен қорқытты. (Жүсіп): «Тәңірім, әуелі біреу еді, жетпегені алтау еді. Олар жетеу, мен жалғыз не істейін? Бұлардың тілегін орындағанша, зынданда жатқаным артық», – деді.

Расул (ғ.с.): «Алла Тағала ол бауырыма рахым қылсын. Ол күні Жүсіптің орнында мен болғанымда, зынданға түспес едім, айтар едім. *«Әс-сижну әхәббу иләһиә миммә йәд'унәни иләһи»* («Олардың шақырып жатқан нәрсесінен мен үшін зындан жақсы»), мені мына зынданнан, мына әйелдердің пәлесінен сақта», – деді.

Ол алты әйелдің зынданға тастатудағы басты мақсаты мынау еді: Жүсіпті зынданға тастатса, Зылихадан алыс болатын еді. Біз қалаған уақытта барып, Жүсіпке барып, сұлу жүзін тоя көретін боламыз.

Жүсіп мінажатқа қол көтеріп: «Тәңірім, мына әйелдердің сұмдығынан сақтамасаң, олар тұра бас салса, мен күнәһарлардан боламын», – деді.

САУАЛ: Жүсіпке жаза көп болды. Зылиха мен Әзиздің көңіліне басқа азап салмады, мұның мәнісі не еді?

ЖАУАП: Алла Тағала зынданға бір әулие құлды түсірген болатын. Ол құлдың көңілінде Жүсіпке деген махаббат бар еді. Ол: «Құдайым, маған Жүсіптің жамалын көрсет», – деп дұға жасады. Тәңірі Алла оның дұғасын қабылдады. Зылиха мен Әзиздің көңіліне Жүсіпті зынданға салу керек деген ой тастады. Ол әулие Жүсіпті көрді.

Зылиханың Жүсіпті зынданға тастатудағы мақсаты: мен туралы өсек тарады. Енді бұрынғыдай Жүсіпті көре алмаймын, мен көрмесем, өзгелер де көрмесін деген ойдан туып еді деген сөз бар.

(Деректерде) Әзиз бен Зылиханың өзгеде бола бермейтін ерекшелікті Жүсіптен көргені, етектің жыртылуы, жас ұланның танымалдылығы, қолдардың кесілуі, әйелдердің *«Мә һәзә бәшәран»* («Бұл адам баласы емес») дегені, Жүсіптің пәктігі, оны зынданға тастауға итермелегені айтылады.

Жүсіпті зынданға алып келгенде, зынданшы: «Жүсіптің киімін шығарайық, белдігін шешейік», – деді. Зылиха көнбеді. Мысыр сәлдесі басында, алтын белдік белінде, қымбат шапан үстінде. Зылиха: «Бұл зынданда жүретіндей айыпты емес. Біз мұны халықтан жасырып отырмыз», – деді. Зынданды тазартты, жақсылап сұртты, таза иіспен иістетті, кілемдер төсеп, тақ орнатты. Жүсіп зынданға кірген уақытта, зынданның іші жарқырап кетті. Зындандағылар қуанды. Жүсіп бір бұрышқа барып намаз оқыды. Намаз оқып болған соң жылады, зындандағылар да қосыла жылады. Күндіз ораза ұстап, түнде намазға тұратын. Ауруларды емдейтін. Таң сәрі сайын дүниеден өткен анасына дұға жасап, әкесі үшін қайғыратын, түс көргеннің түсін жоритын.

САУАЛ: Түс жоруды зынданда қалай үйренді?

ЖАУАП: Алла Тағала Жебірейіл (ғ.с.) ға жарлық берді. Жүсіп намаз оқып отырғанында жүзімге ұқсас бір жемісті алып келді. Жүсіптің ерніне тигізді. Жеміс еріп, барша тамырларына тарады. Түс жоруды осылайша үйренді. Зындандағылар Жүсіптен үйренді.

Мысыр елі неше түрлі тамақ алып Жүсіпті көруге келетін. Жүсіп сол тамақтарды зындандағыларға беретін. Зындандағылар: «Ей, Жүсіп, біз сені жақсы көреміз», – деді. Жүсіп: «*Нә'узу билләһи!*» («*Аллаға сыйынамын!*»). Әкем мені жақсы көріп еді, құдыққа түстім. Азат едім, құл болдым. Зылиха сүйіп қалып еді, зынданға түстім. Енді сендер жақсы көрсеңдер, мені алда не күтіп тұр екен?» – деп қатты жылады. Ертесіне намаз оқып (болып), михрабқа артын беріп зындандағыларға ілім үйретіп отырған уақытта екі жігітті зынданға тастады. «*Уә дәхлә мә'әһу әс-сижнә фәтәйәһни*» («*Онымен (Жүсіппен) зынданға екі жігіт түсті*»).

Ол екеуінің бірі – Раиян патшаның аспазы, екіншісі шарап құюшысы болатын. Аспаздың аты Малса (кей деректе Шубхақум дейді), шарапшының аты Сануа еді.

САУАЛ: Ол екеуінің зынданға түсуіне не себеп болды?

ЖАУАП: Абдулла ибн Аббас айтады, Рум патшасы Мысыр патшасына бізге жер салығын, атымызға пұл бер деп елші жіберді. Және елшіге: «Раиян патшаға у беріп өлтіретін біреуді тапсаң, оған мал бер, патшаға у беріп өлтірсін, елі бізге қалады», – деп тапсырды. Елші Мысырға келді. Күн қарайғанда қонатын үй іздеді. Бір кемпірдің есік алдында отырғанын көріп: «Қонақ керек пе?» – деді. Кемпір: «Мендей кемпірді қаласаң, түс», – деді. Қонақ болып, ас жеді, аттарын байлайтын жер таба алмаған кезде ашуланып: «Біздің патшамызға Тәңір өлім берсін», – деді.

Қонақ: «Патшаны қарғау дұрыс емес», – деді.

Кемпір: «Әкемнен мирасқа қалған үй мен ашық жерім бар еді. Оны менен тартып алды. Бүгін, міне, қонақтың атын байлайтын жер таба алмай жүрмін», – деді. Қонақ оның патшаға разы емес екенін біліп, кемпірге: «Біз екеуміз бірігіп, патшаға у берсек болады ма?» – деді. Кемпір: «Патшаның бір шарапшысы бар. Тағы бір аспазы бар. Ол екеуі мені ана деп жүреді. Олар маған келеді, сен оларға мал ұсын, бұл істі олар бітірсін», – деді. Ол екеуі кемпірге келген уақытта жаңағы сөзді айтты. Елші мал берді. Аспаз алды, шарапшы алмады. Қонақтан мал алғалы бара жатқанда кемпір: «Бұл іс орындалса, Раиян патша өлген соң, Румнан әскер келеді, халықты қинайды. Адамдар өледі, қияметке дейін маған күнә болады» деп ойлап қорқып, бұл жайды Раиян патшаға барып жеткізді. Раиян патша кейін сұраймыз деп, аспаз бен шарапшы екеуін зынданға тастатты. «*Уә дәхлә мә'әһу әс-сижнә фәтәйәһни*» («*Онымен (Жүсіппен) зынданға екі жігіт түсті*»). Сол себептен зынданға түсіп еді.

Жүсіптің түс жорып отырғанын көрді. Екеуі ақылдасып, біз де бір түс көрдік деп өтірік айтайық, Жүсіп қалай жоритынын көрейік деді. Келіп Жүсіппен сәлемдесіп: «Түс көрдік», – деді. Шарапшы: «Түсімде жүзім жеп жатыр едім, үш дән шықты. Ол дәндерді жерге ектім, көгеріп, жүзім салды. Сол жүзімді сығып суын ыдысқа құйып, көкке ұсындым», – деді. «*Қалә әхәдуһумә инни әрани ә'сиру хәмран*» («*Сол екі жігіттің біреуі «Түсімде өзімнің жемістерден шарап сығып шығарып тұрғанымды көрдім», – деді*»). Енді аспаз: «Түсімде ақ, қара, қызыл үш тандыр салдым. Үш рет нан пісіріп, басымнан жоғары көтердім. Құстар келіп, таласып-тармасып жеді», – деді. Түсін айтып болып, жорып беруін сұрады. «*Нәббинә би тәуулиһи иннә нәракә мин әл-мухсининә*» («*Ей, Жүсіп, бізге осы түстің мәнісін айтып бер, расында біз сені жақсы амал етушілерден көрудеміз*»). Жүсіп оны «мухсин» деп ұқты. Бірінің түсі жақсы, екіншісінің түсі жаман. Әуелі иманға шақырайын, мұсылман болсын деген көңіліне ой келді. Жаман жоруға түс болып, өліп кетсе, мұсылман болып өтсін деді. Әуелі пайғамбарлық келіп: «Жамандық келместен бұрын сендерге айтып берейін, ол жүзім ақ па, қызыл ма, ащы ма, тәтті ме? Нан қандай еді? Ыдысы қандай еді? Бәрін айтып беріңдер», – деді. (Олар): «Ыдыс біздікі, ас та біздікі. Біз білмесек, сен қайдан білесің?» – деді. «*Қалә лә йәтикумә тә'әмун турзәкәһниһи иллә нәббәтукумә би тәтәуилиһи қаблә ән йәтийәкумә зәликумә миммә 'әлләмәһни рабби*» («*(Жүсіп): «Күнде рызық етіп тұрған тамақтарыңыз келмей тұрып мен сендерге мына түстеріңнің мәнісін айтып беремін. Бұл нәрсе Жаратушымының маған үйреткен нәрселерінен*»).

Жүсіп: «Менің Тәңірім маған үйретті», – деді.

(Олар): «Мұндай кереметті қайдан білесің?» – деді.

(Жүсіп): «Кәпірлікті тастадым», – деді. *«Инни таракту милләтә қаумин лә йуминунә билләһи» («Расын мен Аллаға иман келтірмеймін қауымның ортасын тастадым»).*

(Олар): «Бұл жолды тастасаң, қандай жолмен жүресің?» – деді.

(Жүсіп): «Әкемнің жолымен жүремін», – деді. *«Уәттәбә'ту милләтә әбәий Ибраһимә уә Исхәқа уә Йә'қубә» («Мен аталарым Ибраһим, Ысқақ және Жақыптардың жүрген жолын ұстадым»).*

(Олар): «Аталарың бұл жолды қайдан тапты?» – деді.

(Жүсіп): «Алла Тағалаға ешкімді серік қоспады», – деді. *«Мә кәнә ләнә ән нуширикә билләһи мин шәйин» («Аллаға бірер нәрсені серік қосу дұрыс емес»).* Және: «Бұл Жаратушының кеңшілігі мен кереметі. Адамдардың көбісі, тіпті бәрі оған шүкіршілік етпейді», – деді де: «Ей, менің зындандағы екі жолдасым, «Әй сахибәйи әс-сижид» («Ей, зындандық жолдастарым!»), жаратылған тәңірлерің жақсы ма әлде жаратқан Алла артық па? Сендер өздерің пұттар жасайсындар, оны тәңір деп атайсындар, жаратқанның еш дәлелі жоқ. *«Мә әнзәлаллаһу биһә мин султани» («Алла Тағала үшін олар ешбір дәлел түсірмеген»).* Шексіз үкім, нағыз бұйрықтың бәрі Алланыкі. *«Ин әл-хукму иллә лилләһи» («Үкім тек қана Алланың қолында»).* Содан кейін шарапшыға: «Сенің түсіңнің мәнісі мынау, үш күннен кейін зынданнан шығарады, патша кешіріп, баяғыдай шарапшы боларсың», – деді. Шарапшы қуанды. Аспаздың түсін жоруға тілі бармады, үнсіз тұрды.

Аспаз: «Менің түсімнің мәнісі не?» – деді.

Жүсіп: «Сені үш күннен кейін шығарып, дарға асады, аң-құс келіп, сені... таласып жейді», – деді. *«Уә әммә әл-әхәру фә йусләбу фә тәкулу әт-тайру мин расиһи» («Алайда екіншісі дарға асылады және оның басын құстар жеп кетеді»).* Қайғырды да, кейін: «Бұл түстерді өтірік айтып едік», – деді.

Жүсіп: «Айттындар, мен жорыдым, үкім кесілді, қаза келді – ол сөз өзгермейді», – деді. *«Кузийә әл-әмру әл-ләзи фиһи тәстәфтиәни» («Сендер сұрап тұрған нәрселерің Алла Тағала тарапынан белгіленіп қойылған»).* Үш күннен кейін келіп шарапшыны шығарып кешірім жасады да, аспазды асып өлтірді. Шарапшы зынданнан шығарда Жүсіп: «Сен патшаға жақын болғаныңда мені есіңе ал», – деді. (Кейбіреулер) сол сәтте Ібіліс келіп, Жүсіптің көңіліне осыны салды дейді.

Жебірейіл келіп: «Ей, Жүсіп, сені әкеңмен кім қауыштырды?» – деді.

Жүсіп: «Алла Тағала», – деді.

Және: «Бауырларыңның қолынан кім құтқарды?» – деді.

(Жүсіп): «Алла Тағала», – деді.

Тағы: «Ана әйелдің қулығынан кім құтқарды?» – деді.

(Жүсіп): «Алла Тағала», – деді.

Жебірейіл: «Алла Тағала осынша жақсылық жасапты, мені қойып, менен басқадан көмек сұрайсың. *«Узкурни 'индә раббикә» («Раббыңның алдында есіңе ал»)* дейсің. Менің кеңшілігімнің құрметі үшін сені шарапшының есінен шығартамын. Бірнеше жылдар бойына зынданда қаласың», – деді. *«Фә әнсәһу әш-шәйтану зикра раббиһи уә ләбисә фи әс-сижни биз'ә сининә» («Кейін шайтан патшаға Жүсіп туралы есіне салуды ұмыттырып қойды»).* Шайтан ұмыттырды, жеті жыл зынданда қалды.

САУАЛ: Алла Тағаланың шарапшыға шайтанның ісімен ұмыттыруында қандай хикмет бар еді?

ЖАУАП: Ол ұмытпастан патшаға айтып, Жүсіпті шығарса, шарапшы мен айттым, шығарды деп міндет қылатын еді. Патша мен шығардым деп міндет ететін еді. Жаратушы Алла Тағала олардың Жүсіпке міндет етуін қаламады. Өз кеңшілігі мен мейірімімен шығарды, міндет Жаратушыдан болды. Біраз уақыттан кейін Жебірейіл келіп мына дұғаны үйретті: *«Йә әкбәра кулли кәбирин уә йә мән лә шәрикә ләһу уә лә нәзира ләһу уә йә мән һуә 'әлә кулли шәйин қадирун уә йә халиқа әш-шәмси уә әл-қамәри әл-мунири уә әй разиқа әт-тифли әс-сағири уә йә әрхәмә*

аш-шайхи әл-қәбири уә йә мухийә әл-мәүти уә һуә 'әләйһи йәсирун уә йә муйәссира кулли әсири иж'әлни мин әмри фәражән уә мәхражән» («Ей, барлық ұлықтардың ұлығы, ей, серігі мен теңдесі болмаған (Жаратушы), ей, барша нәрсеге күші жетуші, ей, күн мен жарық айдың жаратушысы, ей, жас сәбиге ризық беруші, ей, жасы үлкен қарияға мейірім қылушы, ей, өлілерді тірілтуші, және бұл істер Оған өте оңай, ей, әрбір қиын істі жеңілдетуші, менің ісімді жеңілдет және мына қиыншылықтан шығар жолды көрсет»).

Жүсіп бұл дұғаны оқыған уақытта бір періште келіп, Раиян патша түс көретіні, оны ешкім жори алмайтындығы, сонда оған адам жіберетіндігі, содан өзгенің міндетімен емес, Алланың кеңшілігімен зынданнан шығатыны туралы хабар берді. Біраз уақыттан кейін Раиян патша түс көрді. (Раиянның мағынасы суға қану деген сөз). Ерте тұрып, жұлдызшыларды шақырып: «Түсім мынау: теңіз жағасында отыр екенмін, теңізден түсі сары, жүзі ақ, бәрі әдемі, желіндерінен сүт ағып тұрған семіз жеті сиыр шықты. Және жеті сиыр көрдім, арық, арықтығынан сүйектері көрініп тұр. Түрі жаман, желіндерінде сүт жоқ. Еріндері жарылған, тістері доңыздың тісіндей, тұмсығы пілдің тұмсығындай. Бұл жеті арық сиыр ол жеті семіз сиырға атылып тұр. Олар қашып жүр, арық сиырлар жетіп, семіз сиырларды жеп жатыр. Олардың ішінде еш нәрсе көрінбейді. Оған таң қалып тұрғанымда теңізден өніп тұрған бойлары бірдей жеті бас бидай көрдім. Сол арық сиырлар оны жегелі барады, олар жемеген соң жеті бас солған бидай шығады екен. Әрбір солған бидай жас бидайға оратылып, оларды құртып жатыр. Оларды тамашалап тұрғанымда бір жел тұрды. Ол жеті бас солған бидайды, жеті сиырды жоқ қылды. Оны көріп шошып ояндым», – деді. *«Йә әйюһә әл-мәләу әфтуни фи руйәйә ин кунтум ли әр-ру, йә тә'бурунә» («Ей, жорушылар, егер сендер түсті жори алсаңдар, менің түсімнің мәнісін айтып беріңдер»).*

Жорушылар (бұл түсті) Жүсіп жоритынын білмеді, үш күн уақыт сұрады, түс жорушыны іздеп табалмады. Үш күннен кейін қайта сұрады, мұның мәнісін білмедік деп мойындады. *«Қалу әзгасу әхләмин уә мә нәхну би тәуили әл-әхләми би'әлиминә» («Олар: «Мынау шашыранды ойлардың түстегі көрінісі. Біз шашыранды ойларды жори алмаймыз», – деді»).* Сол түні Жүсіп түс көрді. Бір нәрсе көктен еніпті. Мысыр халқының малын жиып, Жүсіптің қойнына салып жатыр екен. Жүсіп: «Бәрін оларға қайтарып беріңдер», – деп жатыр екен. Жүсіп ұйқыдан тұрған уақытта зындандағыларға: «Сүйінші сіздерден, бәріңіз зынданнан шығасыздар. Мысыр халқы сіздерге құл болады. Олар аш қалады, сіздер тоқ боласыздар», – деді. Зылиха үш түн түс көрді. (Түсінде) басына тәж киіп, Жүсіп тақта отыр екен. Зылиха келіп Жүсіптің аяғына жығылыпты. Жүсіп аяғымен Зылиханы теуіп жіберіпті. Зылиха жылап, еңіреп жатыр екен.

Біраз уақыт Раиян патшаның түсін жорушылар білмеген соң (патша): «Бірнеше жылдан бері менің асымды жеп, менің түсімді *«Әзгаси әхләм» дейсіңдер» («Шашыранды ойлар»)* деп, бірнешеуін өлтірді, біразын елден қуып шықты. Сол кезде зынданнан шыққан шарапшы ұмытқан Жүсіпті есіне алды.

(Деректерде) Жүсіпті Зылиха мен Мысыр халқының жеті жыл ұмытқаны айтылады. Жеті жылдан кейін шарапшы Жүсіпті есіне алып, Раиян патшаға келіп: «Сенің түсінді жоритынды мен білемін, мені оған жібер», – деді. *«Әнә унәббукум би тәуилиһи фә әрсилуни» («Бұл түстің мәнісінің хабарын мен беремін, мені (оның алдына) жіберіңдер»).*

Раиян патша: «Кім?» – деп сұрады.

(Шарапшы): «Өзі білікті, тура сөзді, ғаріп, зұлымдыққа ұшыраған бір жігіт бар. Біз екеуіміз түс көрдік, оған айттық, ол жорыды, соның айтқанындай шықты», – деді.

Раиян: «Ол жігіт қайда?» – деді.

(Шарапшы): «Зынданда», – деді.

Раиян шарапшыны зынданға жіберді, зынданға келген кезде «Раиянға жақындағанында *«Мені есіңе ал»* деген Жүсіптің бұрынғы айтқан сөзі есіне түсіп, ұялып: *«Йусуфу әйюһә әс-сиддику әфтәни» («Ей, Жүсіп, ей, шыншыл адам, бізге хабар бер...»)*, Ей, тура сөзді, тура істі.

(Деректе) олар кәпір екен Жүсіпті мақтай сөйледі деген сөз бар. Ол: *«Инна нәракә мин әл-мухсининә»* («Расында біз сені жақсы амал етушілердің қатарында көрудеміз»), – деді. Ғалым мұнға батқанында «сыддық» («турашыл») деп мақтады. Кәпірлер кәпірліктерімен ғалым деп құрмет көрсетті. Кімде-кім ғалымды құрметтесе, періштелерден болады, кімде-кім ғалымды қорласа, Ібіліс тобынан болады.

(Шарапшы): «Ей, сиддық, сауалымыздың жауабын айт. Раиян патша түс көріпті. Жеті арық сиыр жеті семіз сиырды жеп жатыр екен. Жеті бас жас бидайға жеті бас солған бидай оратылып, қуратыпты. Осы түсімді жорысын деп, Раиян патша мені саған жіберді», – деді.

Жүсіп: «Семіз сиырлар мен жеті бас жас бидай кеңшілік, тоқтық. Жеті арық сиыр мен жеті солған бидай ауыртпашылықтың, аштықтың белгісі. Аштық, құрғақшылық әрбірі жеті жыл болады екен. Көптеген халайық сол жеті жылдық құрғақшылықтан опат болады екен», – деді.

Шарапшы: «Оның амалы не?» – деді.

Жүсіп: «Сол жеті жыл астық көп болғанда жейтін және егетінін алып қалсын да, қалғанын қоймаға сақтасын. *«Қаллә тәзрә'унә сәб'ә сининә дәбән фә мә хәсәдтум фә зәруһу фи сунбулиһи иллә қалилән миммә тәкулунә»* («Жүсіп): *«Жеті жыл көп егін егіңдер, алған өнімдеріңді сабан және дәнімен сақтаңдар, өздерің жейтін азырағын алып қалыңдар»*, – деді»). Бұл жеті жылдан кейін және жеті жыл келеді, онда көктен тамшы тамбайды, жерден көк өнбейді. Сол жеті жылда жиғанын осы жеті жылда жесін. *«Йәкулунә мә қаддәттум ләһуннә иллә қалилән миммә тухсинунә»* («Сақтық үшін алып қойған астықтарыңды сол (жеті жыл) жеп қояды»). Бұл жеті жылдан кейін және тоқшылық болады», – деді.

Шарапшы келіп Раиян патшаға жаңағы сөздің бәрін айтып бергенінде, тыңдап отырған (патша): «Барып, ол жігітті алып кел, бұл істің қалай алдын алу керектігін айтып берсін, менің көңілім тынышталсын», – деп, шарапшыны қайтадан жіберді. Шарапшы Жүсіпке келді. Раиян патша сені шақырып жатыр деп, жаңағы сөзді жеткізді.

Жүсіп: «Зынданнан шықпаймын», – деді.

Шарапшы: «Неге?» – деді.

Жүсіп: «Патшаға айт, қолдары кесілген әйелдерден қолдарын не үшін кескенін, киімдерін не үшін қанға бояғандарын, олардың мұраты не екенін сұрасын. Үлкендері Зылиха еді, менің жазығымның бар-жоғы белгілі болмайынша, шықпаймын», – деді. (Жүсіптің ондағы) мақсаты әйелдердің сөзі белгілі болмастан шықсам, Раиян патша менің не үшін зынданға түскенімді сұрап қалар. Мен әйелдердің сөзін айтып берсем, Раиян патша дұрыс түсінбей, мені дұшпан етеді деген ойдан туып еді. Әуелі жазығым жоқ екенін білсін, содан кейін шығайын, – деді.

Расул (ғ.с.): «Сол күні Жүсіптің орнында мен болғанымда, зынданнан шығатын едім, алайда бауырым Жүсіп ол істі жақсы істепті», – деген болатын.

Раиян патшаның көңілінде кірбін қалмасын деп шықпады. Шарапшы келіп патшаға жаңағы сөзді айтқан уақытта, баяғы әйелдерді шақырып: «Жүсіппен араларыңыз қандай?» – деп сұрады. *«Қалә фә мә хәтбуқуннә»* («Патша): *«Істерің қалай?»* – деді»). Әйелдер патшадан осы сөзді естігенде ол бұл істі білер деген оймен: «Ей, патша, Жүсіп таза еді, біз жала жаптық. Өзімізді оған сыйлайық деп, өзімізге оны шақырдық, ол бізге қарамады, назар да аудармады. Біз одан ешбір жамандық көрмедік», – деп шындарын айтты. Зылиха сол сәтте перденің арғы жағында отыр еді. Перденің ішінен шарапшыға ишара жасап: «Мені Жүсіп еш жамандамады ма?» – деді.

Шарапшы: «Сені еш аузына да алмады», – деді.

Зылиха: «Әхсәнтә зиһи» («Тамаша») ер, зиһи ғалым, зиһи пәк, он екі жыл мен үшін зынданда жатса да, сырымды ашпады, айыбымды айтпапты», – деп перденің арғы жағынан шыға келді де, бетжапқыштан басын шығарып: «Ей, патша, бүгінге дейін махаббатым «мажази» еді *«Мә жәзәу мән әрадә бихәликә суән»* («Сенің жанұяңа жаман ниетпен қастандық еткен адамның жазасы... (зынданға түсуден) ...басқа емес») дедім. Енді махаббатым ақиқат болды, Хақ айтқан уақыт болды. *«Қаләт имраәту әл-әзизи әл-әнә хәсхәсә*

ал-хаққу» («Мысыр Әзизінің әйелі «Ақиқат енді жеңді», – деді»). Барша (айып) менде «Әнә рауәдтуһу ән нәфсиһи» («Мен өзіме қарату үшін әрекет еткенмін»), ғашық болған менмін, Жүсіпті шақырған менмін, өзімді Жүсіпке арнаған менмін, үйді мен безедім, үйге мен кіргіздім, етегін мен жырттым, оған мен жала жаптым, өтірік мен сөйледім, күнә мен жасадым, ол таза, пәк. «Уә иннәһу ләмин әс-садиқинә» («Расында ол рас сөйлеушілерден»). Қуатым бар еді, қартайдым, өлім жақын қалды», – деді.

«Әл-әнә хәсхәсә әл-хаққу» («Ақиқат енді жеңді»). Зылиха үш тура сөйледі дейді. Біреуі – «Әл-әнә хәсхәсә әл-хаққу» («Ақиқат енді жеңді»). Екіншісі – «Әнә рауәдтуһу ән нәфсиһи» («Мен өзіме қарату үшін әрекет еткенмін»). Үшіншісі – «Уә иннәһу ләмин әс-садиқинә» («Расында ол рас сөйлеушілерден»).

Осы үш сөзден үш керемет тапты, жат еді, жақын болды, қор еді, әзіз болды, кемпір еді, бойжеткен болды. Бұдан да артықшылығы Жүсіпке жұп болды. Зылиха: «Ей, патша, осы күнге дейін Жүсіптің зынданда екенін ұмытпаймын немесе ғашықтық жолында өзімді өлтіретін едім, бүгін бұрынғыдан да артық ғашықпын», – деді.

ХИКАЯ: Зылиха Жүсіпті зынданға салғаннан кейін зынданның есігінің алдына келіп, күзетшіге: «Барып, Жүсіпті байла және қатты жазала, оның жан дауысын мен есітейін», – дейтін еді. Зынданшы пақыр Зылиханың сөзін ұнатпастан келіп Жүсіпке айтты. Жүсіп: «Зылиханың қалағанындай мені жазала», – деді. Зынданшы қаламаса да, алайда Зылихадан қорыққанынан бір таяқты жерге салды. Және Жүсіпке: «Сен бір дауыс шығар», – деді. Жүсіп зынданшының көңілі үшін бір дауыс шығаратын. Зылиха сол дауысты есітіп, үйіне қайтатын еді.

САУАЛ: Зылиха Жүсіпті сүйеді екен, онда жазалаудағы хикмет не еді?

ЖАУАП: Зылиха ғашық еді, жақыннан түрін көре алмаймын, алыстан дауысын есітейін, көңілім орнына түссін. Сүйіктінің дауысы да сүйкімді дейтін.

Осылайша қиямет күні мұсылман құлға тамұқты көрсетеді. Мұсылман құлдар Жаратушының досы. Олар да от ішінде тамұқтың қорқынышынан қайғырады. «Йухиббуһум уә йухиббунәһу» («Олар Алланы жақсы көреді және олар да Алланы жақсы көреді»). Алла Тағала (мұсылмандарды), мұсылмандар Оны (Алланы) сүйеді. «Әнину әл-музнибинә әхәббу иләйһә мин сурахи әс-сиддиқинә» («Күнәһар пенделерімнің күнәларын есіне алып менен қорқып еңіреуі шыншыл пенделердің бақырып жасаған дұғасынан артық»). Дүниеде мені есіне алған құлдарым бар еді, бүгін тамұққа кіргізсем де, мені от ішінде есіне алып жатыр деп, кәпірлерге көрсетер.

Әуелгі сөзге оралайық.... Шарапшы зынданға барды. Жүсіпке баяғы әйелдер мен Зылиханың сөзін айтып берді. Жүсіп қуанды. «Зәликә лиә'ләмә әнни ләм әхунһу билғайби» («Мен мұны істеген себебім – ол (Мысыр Әзизи) оның жоғында қиянат жасамағанымды білсін дедім»). (Жүсіп): «Сұрағанымның себебі – Әзиз менің оған қиянат жасамағанымды білсін дедім, Алла Тағала қиянат жасаушының ісін әсте өрге сүйремейді», – деді. «Уә әнналлаһа лә йәһди кәйди әл-хаининә» («Сондай-ақ Алла Тағаланың құлардың айналасына жол бермейтінін де біліп қойсын»).

Абдулла ибн Аббас (Алла одан разы болсын): «Жүсіп осы сөз арқылы өзін мақтағанда Жебірейіл қанатымен бір ұрып: «Зылиханы ұрғалы қол ұрмадың ба, табиғат жеңілдігінен Зылихаға көңіл қоймадың ба?» – деді. Жүсіп: «Мен өзімді тазартпаспын және нәпсімді ақтамаспын. Жаман іске бастаған осы нәпсі», – деді. «Уә мә убәрри'у нәфси иннә ән-нәсә ләммәратун бис-суи» («Мен өз нәпсімді таза демекші емеспін, расында нәпсі әрқашан да жамандыққа жетелеуші»).

АДАМНЫҢ НӘПСІСІ ЖАСАҒАН ІСТІ ЖЕТПІС ШАЙТАН ЖАСАМАЙДЫ. «ШАЙЫР АЙТАДЫ»:

Тәууәқә нәфсука лә тәмәнү гәуәиләһә

Фә ән-нәфсу әхбәсу мин сәб'инә шәйтәнән.

*(Сенің нәпсің қалауымен шектен асты,
оның азуынан аман бола алмайсың
Себебі нәпсі жетпіс шайтаннан да жаман.)*

(Біреулер) Жүсіп жеті жыл зынданда шарапшыға сеніп жатты дейді. «Узкурни 'индә раббикә» («Раббыңның алдында есіңе ал»), – деді. Зынданда алты жыл бойына үш іспен айналысты: дұға жасады, Жаратушыдан үміттенді және сабыр етті. Әрине, Жаратушы Алла қуаныш сыйлады. Раиян патша Жүсіпті маған алып келіңдер деп адам жіберді. «Уә қалә әл-мәлику и'туни биһи әс әхлишу линәфси» («(Ол): «Оны маған алып келіңдер, мен оны жақын адамдарымның бірі етіп аламын»). Жүсіпке: «Әййүһәс садиқу» («Ей, турашыл жан»), тұр. Патша сені шақырып жатыр. Жазықсыз екенінді білдірді, жазық, қиянат өзгелерден шықты», – деді. Жүсіп зындан есігіне келіп, басын жуды, таза киім киді. Зындандағылардың бәрі жылап: «Ей, Жүсіп, бірнеше жылдан бері бізге жолдас едің, жақсылық жасадың, енді біздер зынданда сенсіз не істейміз?» – деді.

Жүсіп: «Барып, патшаға айт, мен бірнеше жылдар зындандағылармен бауыр басып қалдым. Менің шығып бара жатқаныма бұлар жылап жатыр, мен бұлардың көзі жасын сорғалатып, бауырын өртеп қоя алмаймын. Патшаға айт, бұларды маған берсін, азат етсін немесе мені осылардың арасында қалдырсын» деп, шарапшыға қайта тапсырды. Шарапшы келіп патшаға айтқанында, бәрін азат етіп, жақсы шапан жапты.

СҮЙІНШІ: Бүгін дүниеде Жүсіп шарапатымен Раиян патша зындандағыларды азат етті, енді Дәйийән патша (яғни Алла Тағала) Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.)ның шарапаты үшін мұсылмандарды тамұқтан азат етіп жатса, таңданатын түгі де жоқ!

Жүсіп зындандағылармен бірге сыртқа шыққан уақытта есіктің алдында жеті тақтың тұрғанын көрді. Бәрі қымбат маталармен қапталған. Патша кімді құрметтесе, соны таққа отырғызатын сол заманның әдеті бар болатын. Жүсіпті таққа отырғызған уақытта Жүсіп қағаз бен қалам сұрап, хат жазды да, зынданның есігіне жабыстырды. Оның жазғаны мынау еді: «Һәзә қабру әл-әхийәи уә мәскәнү әл-әхибәи уә шәмәтәту әл-ә'дәи» («Мына жер тірілердің қабірі, достардың тұрар мекені, дұшпандардың қуанатын өсегі»), яғни «Бұл зындан тірілердің қабірі, достардың ысылатын жері, ал дұшпандардың өсектейтін мекені». Осылайша құрметтеп Жүсіпті Мысырға алып кірді. Мысыр халқы бір-біріне: «Мына ұлан осыдан он екі жыл бұрын аяғына шынжыр байлап, есекке мінгізіп, зынданға алып барған жігіт. Бүгін болса осыншалықты құрмет-ізет тұтып, алтын таққа отырғызып, патша сарайына алып бара жатыр. «Тәңірім, ол қорлық қандай еді, мына марапат қандай!» – дейтін. Жүсіп: «Ту'иззу мән тәшәу и'әзәзән уә тузиллу мән тәшәу изләлән уә әнә әрза биқазәиһи» («(Ей, Алла), Сен кімді қаласаң құрметтейсің, кімді қаласаң қорлайсың. Және мен Оның үкіміне разымын»), яғни «Кімді қаласа құрметтер, кімді қаласа қор қылар. Мен бұл үкімге разымын», – деді.

Жүсіп сарайға кіргенінде патша атып тұрып, қасынан орын берді. (Кейбіреулер) патшаның Жүсіпке жетпіс тілмен сөйлегенін айтады. Жүсіп барлық тілде жауап берді. Сөз аяқталған кезде Жүсіп патшаға ибрани тілінде дұға жасады, оны білмеді.

(Патша): «Бұл қай тіл?» – деп сұрады.

Жүсіп: «Бұл менің аталарым Ибрахим, Ысқақ және Жақып (ғ.с.) дың тілі», – деді. Патшаның қасынан шығарда ибрий тілінде сәлем берді, патша оны білмеді. «Бұл қандай тіл?» – деді.

Жүсіп: «Бұл атамның туысы Исмайылдың тілі», – деді.

Патша қатты таңданып: «Уәзірлікті саған берейін», – деді.

Жүсіп: «Уәзірлік Мысыр Әзиздікі, оның менде көп ақысы бар. Ол тірі, мен уәзірлікті алмаймын», – деді.

Патша: «Барша патшалық саған лайық. Не қаласаң ал», – деді.

Жүсіп: «Маған басқа орын керек емес. Бұл жеті жылдық аштықтың ісін маған тапсыр. Менің оның шарасын (шығар жолын) білемін», – деді. «*Қала иж'әлни 'әлә хәзәини әл-әрзи инни хәфизун 'әлимун*» («(Жүсіп): «Мен мемлекеттегі қазыналардың үстіне басшы етіп қой. Расында, мен бұл істі жақсы атқарамын әрі жақсы білемін»). Ол істі Жүсіпке тапсырып: «Ей, Жүсіп, менің патшалығымда қандай істі қаласаң, істе, (алайда) екі істі істеме. Біріншісі – үйімде әйелдермен, қызметшілермен сөйлеспе», – деді.

Жүсіп: «Ол біздің шарифатымызда дұрыс емес, менің ол іске қарсылығым жоқ», – деді.

(Патша): «Екіншісі – тамақ жеу ұят», – деді.

Бұл сөзге Жүсіптің ашуы келіп: «Маған да сенімен тамақ жеу ұят», – деді.

Патша: «Не үшін?» – деді.

Жүсіп: «Мен Жақып пайғамбардың ұлымын, Ысқақ пайғамбардың немересімін, Ибрахим пайғамбардың ұрпағымын, сенімен бірге қалайша тамақтанайын», – деді.

Патша Жүсіпке әдемі сарайлар белгіледі. Жүсіп диқаншылық ете бастады. Көп егін ектірді. Астық дайын болғанда жейтінді қалдыратын да, қалғанын құс-құмырсқа жемесін деп, қоймаға салғызатын еді.

Ол уақытта сұлтан халықтың жарты өнімін алатын еді. Халық мазлұм (жем болатын) еді. Алайда Жүсіп билікті пайдаланып, халықтың пайдасына әділ шешім шығарды. Аймақ гүлденді. Үш жылдан кейін Мысыр Әзизи дүниеден өтті, патша оның орнына Жүсіпті тағайындады және барлық аймақ ісін оған тапсырып, толық билік берді. Жүсіп жеті жылда шыққан егіндерді қоймаға жиды. Сол арзаншылық аяқталған соң, жеті жыл құрғақшылық болды. Бұл жеті жылда жауын жаумады, жерден көк шықпады, халық қиналды. Бір батпан арпа бір алтын болды. Халыққа өзіне лайықты астық беретін, пақырларға күнде жүз түйе астық үлестіретін. Байларға сататын, түскен пайданы патша қазынасына салатын. Жүсіптің қырық күзетшілер бастығы, қырық мың сатып алған құл қызметшісі болды. Мысыр халқы Жүсіптің қарамағына қарады.

Алғашқы құрғақшылық жылы алтын, күміс беріп, астық алды, екінші жылы ыдыс-аяқтарын беріп, астық алды, үшінші жылы үй аспаптарын беріп, астық алды, төртінші жылы, көрпелерін беріп, астық алды, бесінші жылы қара малын беріп, астық алды, алтыншы жылы, жер-суларын беріп, астық алды. Жетінші жылы патша Жүсіппен сөйлесіп: «Мысыр айналасында ешкімнің заты қалмады. Бес жылдық сатылған астықтың үш жылдығының пайдасы маған болсын, екі жылдығының пайдасы саған болсын», – деді. Жүсіпке тиген екі жылдың ішінде Кенаннан оның бауырлары астық алғалы келді. Жетінші жылы келгенде халықта еш нәрсе қалмады. Бәрі Жүсіптікі болды. Халық ашықты, Жүсіпке келіп өздерін, ұл-қыздарын сатып, астық алды.

Бір жылдың аяқталуына қырық күн қалды дейді (біреулер төрт ай дейді). Астыққа ашыққан халық Жүсіпке жалынып келді. Қоймада астық таусылған болатын. Жүсіп не істерін білмеді. Жебірейіл келіп Алланың жарлығын жеткізіп: «Ей, Жүсіп, жайлауға шық, мына аш халыққа жүзінді көрсет», – деді. Жүсіп жайлауға шығып, тақтың үстінде отырып, жүзіндегі пердені шешті. Халық Жүсіптің жамалын көріп, тамақ жеуді ұмытты. Бір деректе қырық күн, бір деректе үш ай еш нәрсе жемеді дейді. Жүсіптің көркімен күн өткізді. Ас-суға мұқтаж болмады.

Алла Тағала: «Ей, Жүсіп, біз сені құлдыққа салмағанымызда, бүгін құлдардың қадірін қайдан білер едің. Құлдың қадірін білмек деген, бүгін Мысыр халқының бәрін азат етесің», – деп, Жүсіптің жүрегіне үндеді. Жаршы шақыртты да, Мысыр халқының бәрін жинап: «Ей, Мысыр халқы, ер-әйел барлығың менің құлдарымсың ба?» – деді. «Ия», – деді (олар). «Мен бәріңді Алла разылығы үшін азат еттім», – деп тағы жаршыға хабарлатты.

Риуаятта Жүсіптің Кенаннан шыққанына жиырма жеті жыл болғандығы айтылады. Құрғақшылық, ашаршылық жылдарының бесінші жылы Жақып пайғамбар ұлдарын шақырып: «Мысырда астық бар дейді, сендер барып астық алып келіңдер», – деді. Ұлдарының бәрі барайық деп, әрқайсысы екі түйеге май, құрт, жүн артып, Мысырға жол алды. Жүсіп басқа жерлерде астық жоқ екенін білетін еді. Бауырларым осында астық алғалы келеді деп, «осындай

ұзын бойлы, мықты жігіттер келсе, маған алып келіндер» деп, сақшы қойған болатын. Жақып пайғамбардың он ұлының бәрі бірдей киініп келгені туралы Жүсіпке хабар жетті. Жүсіп олардың бауырлары екенін білді.

Осы жиырма жеті жыл ішінде Жүсіп елу рет хат жіберген дейді. Алла Тағаланың әмірімен Жақып пайғамбарға сол хаттардың бірде-бірі жетпеген еді.

Бауырлары келгенінде Жүсіп оларды таныды, олар Жүсіпті танымады. *«Уә жәә ихуәту Йусуфә фә дәхәлу 'әләйһи фә әрафәһум уә һум ләһу мункирунә» («Және Жүсіптің ағалары келді және оның алдына кірді. (Жүсіп) оларды таныды, олар (Жүсіпті) танымады»).* Жүсіп бауырларын көрген кезде олардың жасаған қылмыстарын есіне алып, айтайын деп еді, Алла Тағалы оның көңіліне: «Ей, Жүсіп, олар астық алғалы мүсәпір болып келді, сен істерін әшкерелесең – өкінеді. Оларға астық бер, қуанып қайтсын, сенің жақсылығың белгілі болсын» деген ой салды. Жүсіпке бұл пікір ұнады. Жүсіп оларды көрді. Бәрі шаңның астында қалып, киімдерін кір шалыпты.

(Жүсіп): «Қайдан келдіңдер, кімнің ұлдарысыңдар?» – деді.

(Олар): «Біз Кенаннан келдік, Жақып пайғамбардың ұлдарымыз. Кенаннан келдік....» – деді.

(Жүсіп): «Әкелеріңіз тірі ме?» – деді.

(Олар): «Тірі», – деді.

(Жүсіп): «Не істейді?» – деді. (Олар): «Пайғамбар Алла Тағалаға құлшылық қылады», – деді.

Жүсіп: «Кімнен кімге пайғамбар?» – деді.

(Олар): «Хақтан халыққа пайғамбар», – деді.

Жүсіп: «Пайғамбар болса, Мысыр халқына неге пайғамбарлық етпейді?» – деді.

(Олар): «Кенанға және Кенанның төңірегіндегі халыққа пайғамбарлық етеді. Және көздері көрмейді», – деді.

Жүсіп: «Көздері неден көрмей қалды?» – деді.

(Олар): «Жүсіп есімді ұлы бар еді, оны қатты жақсы көретін. Ол ұлы жоғалды, соны жоқтаймын деп көздері көр болды», – деді. Сол кезде Жүсіп оны есітіп, перденің ішінде жылады.

Ол кезде Жүсіп тақ үстінде жібек шапан, басына алтын тәж киіп отыратын еді дейді. Оң жағында мың сақалсыз құл алтын тоқпақ алып тұратын еді. Сол жағында да мың сақалсыз (құл) күміс тоқпақ алып тұратын. Өзі пердемен жасырынған еді. Оң жағында мың ер алтын қару (ұстайтын), қолдарында қылыш жалтырайтын.

Жүсіп: «Өздерің бір әкенің ұлдарысыңдар ма?» – деді.

(Олар): «Ия», – деді.

(Жүсіп): «Сендерден басқа іні-ағаларың бар ма?» – деді.

(Олар): «Он бір бауырмыз, оны алып келмедік», – деді. Жүсіп өз бектеріне қарап: «Бір әкеден он бір ұл болса, әдемі емес пе?!» – деді. Бауырлары ол сөзді есітіп, қуанғандарынан: «Және бір бауырымыз бар еді, ол жоғалды», – деді. Жүсіп қалай жоғалғанын сұрады. Үшеуі бірден жауап берді, біреуі бөрі жеді деді, бірі ұры өлтірді деді, енді бірі қанға боялған көйлегін таптық деді. Сөздері бір жерден шықпады.

Жүсіп: «Мыналар тыңшылар немесе ұрылар. Сөздері бір жерден шықпады, апарып зынданға тастаңдар», – деді.

Олар: «Біз тыңшы емеспіз, ұры да емеспіз», – деді. Жүсіп оларды үш күн үйде ұстады да, көңілі тынбай, қоя берді. Әрбіріне бір түйе бидай берді. Ибн Яминге және бір түйе бидай жіберді. Әкелеріне де бір түйе бидай артты. Және өздері алып келген майларын, құрттарын, жүндерін қоржындарына салғызды. Және: «Бұларға соншалықты азық беріңдер, (барғанша) қаптарын ашпасын», – деді. Содан кейін: «Және келетін болсаңдар, ана бауырларыңды алып келіндер. Егер алып келмесеңдер, сендерге бидай бермеймін», – деді. *«Фәин ләм тәтуни биһи фәлә кәйллә ләқум 'инди уә лә тәқрабуни» («Егер оны алып келмесеңдер, сендер үшін астық жоқ және маған жақындамаңдар»).*

(Бір деректе) олардың ағасы Яхуда: «Ей, бауырлар, мына патша Жүсіп шығар. Әкемізді сұрады, жолын сұрады. Дауысы Жүсіпке келеді», – депті дейді. «Бұл не сөз? Тірі болғанында бір дерегі шығатын еді, әкесін іздейтін еді, бүгін бізге жақсылық жасамайтын еді, бізді қинайтын еді», – деді басқалары. Яхуда: «Ибн Яминді алып келіңдер дегенінде оның Жүсіп екендігі маған белгілі болды», – деді. (Қалғандары): «Бос сөзді қой», – деп шығып кетті.

Кенанға келді. Жақып ұлдарын көріп қуанып, жағдайларын сұрады. (Олар): «Мысыр патшасы бізге көп жақсылық жасады. Бидай берді, сені сұрады. Саған бір жүк бидай жіберді. Ибн Яминге де бір жүк бидай берді. Алып барған май, құрт, жүн, пұлдарымызды қайта алып келдік. Тағы Мысыр патшасы Ибн Яминді маған алып келіңдер, егер оны алып келмесеңдер, келмендер. Сендерге бидай бермеймін, – деді. Біздер оны сақтаушылармыз», – деді. «*Уә иннә ләһу ләхәфизунә*» («Әрине, біз оны сақтаушымыз»).

Жақып: «Жүсіпті алып бардыңдар, алып келмедіңдер. Ибн Яминді алып барсаңдар, мен сендерге қалай сенемін», – деді.

(Олар): «Бұл жолы қабылдайық, аман-есен саған алып келейік», – деді.

Жақып: «Ибн Яминге жауыздық істемейміз деп маған тілхат беріңдер және Жаратушы Алла атымен ант ішіндер», – деді. «*Қалә лән урсиләһу мә әкум хәттә тутуни мәусихән мин Аллаһи*» («(Жақып): «Сендер Алла атымен ант-су ішпейінше, мен оны сендермен әсте жібермеймін», – деді»). Бәрі ант-су ішті және тілхат берді. Жақып пайғамбар өзіне берген бидайдың жартысын Кенан халқына үлестіріп берді. Ұлдары Ибн Яминді алып жолға түсті. Үлкен керуен жиылды. Ұлдары Жақып пайғамбарға: «Бізге қандай насихат айтасыз, сөзіңізде тұрайық», – деді.

Жақып: «Алғашқы сөзім: сендер алып барған нәрселерің қоржындарыңнан шықты. Жаңылып қайта салып жіберген немесе сендерді сынау үшін салған болар, бізге (жарату) харам, қайта апарып беріңдер. Екінші сөзім: Мысырға жеткенде бәрің бір есіктен кірмендер. Әрқайсың әр есіктен кіріңдер, халықтың көзі тимесін», – деді. «*Йә бәйнийә лә тәдхулу мин бәбин уәхидин уә удхулу мин әбуәбин мутәфәрриқатин*» («Ей, ұлдарым, сендер бәрің бір дарбазадан кірместен, басқа-басқа дарбазадан кіріңдер»).

ХАДИС: Расул (ғ.с.): «*Әл-әйну тудхилу әр-ражулә фи әл-қабри уә тудхилу әл-жәмәлә фи әл-қидри*» («(Жаман) көз (яғни көз тию) ерді қабірге, түйені қазанға түсіреді»). Мағынасы көз ерді – көрге, түйені қазанға апарады» деген болатын.

Хикаяда кездеседі: Арабта бір тайпа бар еді. Бәрінің көзі тиетіндігімен танымал еді. Қашан ет жегілері келсе, әйелдеріне қазан көтертіп, өздері жол жағасына шығып өткен адамдарға: «Қандай әдемі атың немесе сиырың, немесе түйең бар!» дегенше сол қара мал өлетін де, олар егін сатып алып келетін.

ХИКАЯ: Құрайыш кәпірлері Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.)ға зиян тигізбекші болғанда, Мұхаммедке көз тиіп, опат болсын деп, сол тайпадағы біреуді ұзақ уақыт ұстады. Ол Расул (ғ.с.)ға көз салғалы жібергенде, ол Расулға жеткенше, Жебірейіл жетіп, мына аятты түсірді: «*Уә ин йәкәду әл-ләзини кәфәру ләйузликунәкә би әбсариним ләммә сәми'у әз-зикра уә йәқулунә иннәһу ләмәжнунун уә мәһуә иллә зикрун лил'әләминә*» («Әрине, кәпірлер Құранды естігенде сені жаман көздерімен тайдыруларына аз қалды. Олар «Бұл мәжнүн болса керек» дейді, себебі бұл Құран барша әлем үшін бір насихат»). Сол біреу Расулға келіп, көз салғанша, Расул осы аятты оқып, оның өзіне дем салды. Сол сәтте оның екі көзі ағып түсті.

Және хикаяда кездеседі: Бір кемпір Расул (ғ.с.) ға келіп: «Ей, Расулұлла, жағдайымыз жақсы болсын деп біз сахарда қара малға еріп жүрміз, (алайда) жақсаратын түрі жоқ», – деді. Расул: «Қара малды сатыңдар, ел арасына келіп егін егіндер, егіндеріңнің арасына қубас (егіннің ішіне қойылатын қорықшы) қадап қойыңдар», – деді. Расул айтқандай істеп еді, жағдайлары түзелді.

САУАЛ: Егін арасына қубас қадауда қандай пайда бар?

ЖАУАП: Пайдасы сол, жаман көзді біреу егінге қараса, егін өледі (шықпайды). Егер арасында қубас болса, қадалған көз қубасқа тиеді, егінге зиян болмайды. (Егер) жаман көз

кубасқа тисін деп ойласаң, көк егінге көз тимейді. Кубас астықтан ерекше болғаны үшін көз бірінші соған тиеді, содан кейін астыққа түседі, зиян болмайды.

САУАЛ: Көз бірінші түскенге тисе зиян болады да, кейін түскенге зияны жоқ, мұның хикметі неде?

ЖАУАП: Көздің назары, зияны әуелі қарағанда болады. Қандай нәрсе ерекше болса, назардың кесапаты соған түседі. Одан кейін қанша қараса да зияны жоқ.

САУАЛ: Көз тимекте қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Оның хикметі: Алла Тағала мұсылмандарды сүйді, өзін мұсылмандарға сүйіндер, – деді. *«Йухиббуһум уә йухиббунәһу»* («Алла оларды жақсы көреді және олар Алланы жақсы көреді»).

Мұсылман ғашықтық көзімен бір нәрсеге қараса, Алла Тағала (одан) қызғанады. Ол менен басқаны сүймесін деп, оны (назар түскен нәрсені) опат етеді. Сондықтан да Расул (ғ.с.): *«Әнә ғайурун уә әс-Сә'ду ғайурун уаллаһу әғйару миннә»* («Мен қызғаншақпын, Сағд та қызғаншақ, алайда Алла екеуімізден де (өткен) қызғаншақ», яғни «Мен қызғаншақпын, Сағд та қызғаншақ, Алла Тағала бізден қатты қызғаншақ» деген болатын.

САУАЛ: Қубастың тиген көзді қайтаратын қандай құдіреті бар?

ЖАУАП: Қубастың құдіреті жоқ, алайда арабтың дәстүрі бар. Бірер себепші етістікке жалғап (изафа) берерде себепшіге жалғайды (изафа). Сондықтан да Ибрахим пайғамбар дұғасынан хабар беріп: *«Рабби иннә һуннә әзләлнә кәсиран мин ән-нәси»* («Ей, жаратушым, олар (пұттар) көп адамдарды жолдан аздырды»).

Пұттардың адамзатты аздыруға құдіреті жоқ, алайда аздырмаққа себепші болады.

Мақсатқа келдік (Өз сөзімізге қайтайық)... Жақып пайғамбардың ұлдары Мысырға келді. Әкелері айтқандай, әрқайсысы әр дарбазадан кірді. *«Уә ләммә дәхәлу мин хәйсу әмәраһум 'әбдуһум»* («Олар әкелері айтқан жерден кірген кезде...»). Ибн Ямин мен Яхуда екеуі бір дарбазадан кірді. Бәрінен бұрын Жүсіп сарайға келді. Жақып пайғамбар Жүсіпке сыйлық беріп еді. Ибрахим пайғамбардың сәлдесі еді. Жақып пайғамбарға мирас болып қалып еді. Онымен сәлемдесіп кірді де, оны қарсы алдына қойып, «Жақып пайғамбардың «Бұл сәлде маған атам Ибрахимнен мирас болып қалды, мен енді саған бердім» деген сөзін есіне алды. Жүсіптің бұл сәлдеге қуанатын себебі – осы сәлде кімге бұйырса, сол пайғамбар болатын. Және жүктердің ішінен шыққан заттарды алдына қойып: «Мына заттар біздің алып келген жүктеріміздің ішінен шықты, жаңылысып салып жіберген болар деп алып келдік», – деді.

Жүсіп: «Жақсы істепсіздер, алайда бұл заттарға мұқтаж емеспіз. Бәрі өздеріңе қалсын, жол азығы етіндер», – деді. Жүсіп бұларды әкесінің қайтарып беріп жібергенін білді. Қызметшілеріне перде ішінен: «Алты табақпен тамақ алып келіндер», – деді. Алып келді. Жақып пайғамбардың ұлдары екі-екіден әр анадан туған еді. Жүсіп: «Бірге туғандар бір табақтан тамақ жеңдер», – деді. Солай істеп еді, Ибн Ямин жалғыз қалды. Ас алдында Ибн Ямин жылай бастады. Жүсіп оны көріп перденің ар жағынан: «Мына бауырларыңыз не үшін жылап жатыр?» – деді. Сұраған соң: «Менімен бірге туысқан бүгін болғанда, бірге тамақ жемес пе едік деп жылап жатырмын», – деп жауап берді. Жүсіп: «Ол бауырларыңа айтындар, менімен бірге тамақ жесін», – деді. Бәрі өре түрегеліп: «Бұл бізге ұлы мәртебе», – деп, қызмет етті. Ибн Яминді пердеге кіргізіп, тақ үстіне отырғызды. Алдына тамақтар қойды. Жүсіп жүзіндегі бетпердені шешті. Ибн Ямин Жүсіптің жүзін көрген кезде, «аһ» деп есінен танып қалды. Жүсіп оның аузын басты. Иіссу әкеліп жүзіне шашып еді, өзіне келді.

Жүсіп одан: «Қандай ауруың бар, талмасың ба?» – деп сұрады.

Ибн Ямин: «Біз пайғамбарлар ұрпағымыз, бізде талма ауруы деген болмайды. Алайда патшаның жүзін көргенімде менің жоғалған ағама ұқсайтынын көрдім. Сол ағамды сағынғаннан есімнен танып қалдым», – деді.

Жүсіп: «Қайғырма, сол жоғалған ағаң менмін», – деді. Ибн Ямин және есінен танып қалды. Тағы иіссу септі, өзіне келді. *«Уә ләммә дәхәлу 'әлә Йусуфә әуә иләйһи әхәһу қалә инни әнә әхуку»*

фа ла табта'ис бимә кәну йә'мәлун («Жүсіптің алдына кірген кезде ол бауырын өзіне тартып: «Мен сенің ағаңмын және мыналардың істеп тұрған істеріне ренжіме», – деді»). Содан соң: «Әкем қалай?» – деді.

Ибн Ямин: «Сенің қайғыңнан «Бәйт әл-әхзәнға» («Қайғы үйіне») кіріп жылай бергеннен екі көзі көр болып қалды», – деді. Жүсіп осы сөзді естіген уақытта, жылай-жылай естен танды. Есін жиған уақытта Ибн Яминге: «Сен тамақ ал, саған бауырларымның жасаған ісін айтайын», – деді. Тамақ жеп болған соң: «Әуелі мені құдыққа тастады. Құдықтан шығарып, құл ретінде сатты. Содан зынданға түстім. Бірнеше жыл зынданда жаттым. Алла Тағаланың кеңшілігінің арқасында зынданнан шықтым. Осындай мемлекет пен патшалық берді», – деді де: «Бұл сөздерді аналарға айтпа, бірнеше күн оларды машақатқа салайын», – деді. Ибн Ямин: «Өзің білесің, не істесең де ерік өзінде», – деді. Содан кейін пердеден шығып, оларды үш күн құрметтеді. Әрбіріне бір түйе бидайдан берді және қосымша жол азығын тағы салды.

(Деректе) бәріне бірдей астық үлестіріп бергені, ең соңында Ибн Яминге бидай тартқаны айтылады. Жүсіптің бір су ішетін ыдысы бар еді, соны олардан жасырын түрде Ибн Яминнің қоржынына салып қойды. «*Фә ләмә жәххәзәһум бижихәзиһим жә'әлә әс-сиқаяти фи рахли әхиһи*» («Олардың жүгін дайындаған уақытта су ішетін ыдысты олардың жүгінің ішіне салып қойды»).

Ол ыдыстың күмістен жасалғаны айтылады. Алла Тағала ол ыдысты Құранда «сиқая» деп атады. Сиқая – араб тілінде су ыдысы деген сөз. Тағы бір жерде «Сауағ» деп атады. Сауағ – араб тілінде өлшеу ыдысын білдіреді. Ол өлшеу ыдысы төрт аяқты, әр аяғы әр түрлі гауһардан жасалған. Іші-сыртында үш жүз алпыс михраб бар еді. Әрбір михрабта бір шарифат иесінің атын жазылған еді. Оның төрт жағында төрт қымбат гауһар орнатылған еді. Сол себепті өлшеу ыдысы еді.

Бәрі Жүсіпке дұға жасап қайтты. Жолда келе жатқанда Айнұш-Шәмс деген бір кент бар еді, сонда тоқтады. Тамақ жеп бола бергенде Жүсіп төрт мың адаммен сау етіп жетіп келді. «Ей, керуендегілер, біз сендерді астық алғалы келген саудагерлер деп ойласақ, сендер тап-таза ұры екенсіңдер ғой», – деп жаршыға айқайлатты. «*Суммә әззәнә муәззинун әййәтуһә әл -'иру иннәкум ләсарикунә*» («Содан кейін арқаларынан бір жаршы: «Ей, керуен, сендер күмәнсіз ұрысыңдар», – деп айқайлады»).

ПАЙДА: (Деректерде) ұрылардың төрт түрі болатындағы айтылады. Олар: мал ұрысы, намаз ұрысы, сөз ұрысы және өлшеу ыдысы ұрысы. Мал ұрысының қолын кеседі. «*Уә әс-сарикунә уә әс-сарикату фәқтә'у әйдийәһумә*» («Ұры еркек пен ұры әйелдің екеуінің де қолдарын кесіңдер»). Сөз ұрысын отқа өртейді. «*Иллә мән истәрақа әс-сәм'ә фә әтбә'әһу шихәбун мубинун*» («Егер кімде-кім ұрлыққа құлақ салса, оған бір раушан жұлдыз арқасынан түсіп құлайды»). Намаз ұрысының абыройын төгеді. «*Қалә ән-нәбийу 'әләйһиссәләм, Әсуә'у әс-сарикунә мән сарақа сәлатәһу*» («Пайғамбар (ғ.с.): «Ұрылардың ең жаманы – намаз ұрысы» деген»). Өлшеу ыдысының ұрысын алып қалып, шапан беріп тарту жасайды.

Дүниеде ұрлықтан өткен жаман ат та жоқ. Ұры азабынан қатты азап та жоқ. Ол азап оң қолын кеседі, (себебі) оң қолымен ұрлайды, оң қолымен тамақ жейді, онымен дәрет алады, мәсі тартады. Оң қол барша жақсылықты істейді. Мұндай құрметті қол жарты алтын үшін кесіледі.

Жақыптың ұлдары ұры атын естіген уақытта күш-қуаттары қалмастан, жүздері сарғайып, әбіржіп: «Не айтып тұрсыздар? Кімді ұры деп тұрсыздар?» – деді. «*Қалу уә әқбәлу 'әләйһим мәзә тәфқидунә*» («Олар (Жақыптың ұлдары) аналарға қарап: «Не нәрсе жоғалттыңдар», – деп сұрады»). Жаңағы жаршы: «Бізге рахым етіңдер, патшаның өлшеу ыдысын жоғалттық, кім шығарып берсе, бір түйе бидай береміз», – деп айқайлады.

САУАЛ: Сүйіншісіне басқа нәрсені айтпастан, бірден бидай берейік демекте қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Аштықта бидайдан өткен асыл зат жоқ болғандықтан да, бидай берейік, – деді.

«Мен ол бидайды қабылдадым», – деп жар салдырды. «*Уә лимән жәә биһи химлу бә'ирин уә әнә биһи зә'имун*» («Кімде-кім оны тауып берсе, соған бір түйе астық беріледі және мен бұл уәдені орындаушымын»). «Бермесеніздер, мен қиналамын, сендер де әбігерге түсесіндер. Өздеріңді қинамаңдар, пәлеге жолықтырмаңдар. Түйе жүгіндей бидайды алыңдар да, өлшеу ыдысын беріндер. Ол патша соңымыздан келе жатыр», – деп жар салды. Айнуш-Шамс кентінің тұрғындары тамашалауға шығып, «Түйе жүгіндей бидайды алып, өлшеу ыдысын қайтарып берсе, жақсы болар еді», – деді. Сол сәтте Жүсіп төрт мың әскермен жетіп келіп: «*Һәл уәжәдтум әс-са'ә*» («Өлшеу ыдысын таптыңдар ма?»), – деді.

«Өлшеу ыдысыңызды таппадық», – деді.

Жүсіп үлкендеріне қарап: «Не дейсіндер?» – деді.

Олар: «Біз елге жауыздық ниетпен келмейміз, пайғамбар ұлдарымыз, ұры емеспіз», – деді сасқалақтап. «*Қаулуһу Тә'әлә: Уә мә куннә сариқинә*» («Алла Тағала: «Біз ұры емеспіз»»).

(Олар): «Жүктеріміздің ішінен шыққан заттарды Кенаннан Мысырға (қайтарып) алып келдік, сондағы ұрлайтынымыз өлшеу ыдысы ма?! Және Кенаннан шыққанымызда біреудің жеріне шыққан шөпті жемесін, кәпірлердің ағашынан жапырақ үзбесін деп, түйелеріміздің аузын байлап қойдық. Мысырдан шыққанымызда солай жасадық. Осыншалықты ұқыпты адамдар патшаға жалынып бидай бергізіп, асын жей тұрып, сарайынан өлшеу ыдысын ұрлаймыз ба?» – деді.

Жүсіп: «Іздеп көрейік, таппасақ, қайтамыз. Егер тапсақ, ұрының қолын кесу жағы не болады?» – деді.

Олар: «Кімнің жүгінің ішінен шықса, сол өмір бойы патшаның құлы болсын. Ибрахим пайғамбар, Ысқақ пайғамбар, Жақып пайғамбар шарифатымен...» – деді.

Жүсіп: «Біздің салтымызда ұрының қолын кесу, дүре соғу, мал алу бар», – деді.

Олар: «Біздің жолымызбен үкім шығарсаң да немесе өз салтыңмен жазаласың да – ерік өзінде», – деді. «*Қаулуһу Тә'әлә: Кәзәликә нәжзи әз-залиминә*» («Алла Тағала: «Залымдарды Біз осылайша жазалаймыз», – дейді»).

Жүсіп: «Жүктеріңді ашыңдар», – деді. Бірінші аспаздардың жүгін ашты. Қайсысының жүгінен шықса, біз пайғамбар ұрпағы не істейміз деп ойлады. Он аға-інінің жүгін іздеді, таппады. Жүсіп олардан кешірім сұрап, қайтпаққа көңілі болып еді. Рубил: «Мынаның да жүгін көріңдер», – деді. Ибн Яминнің жүгін ақтарып еді, ішінен өлшеу ыдысы шықты. «*Қаулуһу Тә'әлә: Суммә истәхражәһә мин уи'әи әхиһи*» («Алла Тағала: «Содан кейін өлшеу ыдысын інісінің жүгінен шығарды», – дейді»). Бәрі қайғырды.

(Олар): «Ей, Рахил ұлы, анаң екі ұл туды, екеуі де ұры», – деді.

Ибн Ямин: «Ей, бауырлар, мен ұры емеспін, оллаһи, мен ұрлаған жоқпын», – деді. Олар тыңдамады. Алла Тағалаға жалбарына бастады. Бауырлары: «Жалбарынғанша, ұрлық қылмасаң болар еді», – деді.

САУАЛ: Ибн Ямин өлшеу ыдысын ұрламады. Жүсіптің «*Иннәкум лә сариқун*» («Әрине, сендер ұрысыңдар») дегені қалай болады?

ЖАУАП: Алла Тағала: «*Кәзәликә киднә ли Йусуфә*» («Осылайша Жүсіпке (інісін) жақындатып бердік»), яғни «Жүсіпке бауырыңды осы жолмен алып қал деп үйреттік» деген. Алланың жарлығымен еді. Алла Тағала тәлім берді. «*Қаулуһу Тә'әлә: Уә фәуқа кулли зи 'илмин 'әлимун*» («Алла Тағала: «Әрбір білімді адамның үстінен тағы бір білімді адам бар» деген»). Бауырлары ұялғаннан Ибн Яминнің өлшеу ыдысын ұрлауы, бірге туған бауырының ұрлық жасайтынынан еді деген желеу тапты. «*Қалу ин йәсриқ фә қад сарақа әхун ләһу мин қаблу*» («(Олар): «Егер бұл ұрлаған болса, бұның бір ағасы да ілгері ұрлық жасайтын еді», – деді»).

САУАЛ: Жүсіп ұрлық жасамады, не үшін ұрлық жасады деді?

Мұның ЖАУАБЫ көп. Алайда ең негізгісі: Жүсіптің нағашы әпкесі Жақып пайғамбардың некесінде еді. Жүсіпті өте жақсы көретін. Сол үшін Ысқақ пайғамбардың белдігін Жүсіпке білдірместен, киім ішінде беліне байлайтын еді. Белдік жоғалттым деп Жақып пайғамбарға

келді. Іздеп, Жүсіптен тапты. Ол шарифат бойынша менің ұлым деп, Жүсіпті алып қалды. Сол себептен Жүсіпті ұрлық жасады деді. Жүсіп оны есітті, алайда білдірмеді. «*Фә әсәрраһә Йусуфу фи нәфсиһи уә ләм йубдиһә ләһум*» («Жүсіп бұл істі өз ішінде жасырды және оларға жария етпеді»). «Айтпағын» деген бұйрық Алла Тағаладан еді. Бауырлары: «Дүре соқ, мал ал, алып қалма, алып қалғың келсе, біздің арамыздан біреуді алып қал, қария әкесі бар», – деді. «*Йә әйшуһә әл-әзизу иннә ләһу әбән шәйхән кәбиран фә хуз әхәдәнә мәкәнәһу*» («Ей, құрметті жан, бұның қартайған әкесі бар, сондықтан да оның орнына біреуімізді алып қал»). Жүсіпті құрметті деп мақтады, содан кейін өтінді, қарт әкесін араға салды.

САУАЛ: Әкелерінің пайғамбарлық шапағатын айтпады, қарттығын араға салып сұрады. Бұның хикметі не еді?

ЖАУАП: Олар Мысыр патшалығының қай дінді ұстанатынын білмейтін еді. Пайғамбарлықты мұсылмандар құрметтейді, көпірлер құрметтемейді. Алайда қарттықты барлық дінде құрметтейтін, сол себепті қарт кісі деп, пайғамбар демеді.

Жүсіп: «Тәңірі сақтасын, менің өлшеу ыдысым біреуден шықса, оның орнына басқа біреуді алып қалсам, онда мен залымдардан боламын», – деді. «*Қаулуһу Тә'әлә: Инни изән лә залимунә*» («Алла Тағала: «Онда біз залымдардан боламыз»). Жүсіптен үміт үзген уақытта Яхуда: «Ей, бауырлар, біз мына керуенмен ана әскерге тең келе алмаймыз ба? Мен патшаға бас келе аламын. Немесе сендер патшаны ұстандар, мен қалған әскерді жапырайын», – деді. Жүсіп өз бауырларының күш-қуатын білетін. Олар ашуланған уақытта түктері киімдерінің сыртына шығып кететін. Бір елді жалғыз ойрандамайынша тынбайтын еді немесе Жақып пайғамбар ұрпағынан біреу арқасын қолымен сипағанда ғана ашулары басылатын. Яхуда бауырларына: «Менен алыс тұрындар, бұларға бір атылып көрейін», – деді. Жүсіп Яхуданың ашуланғанын көріп, жас балаға: «Барып, ана ердің арқасын қолыңмен сипа», – деді. Бала барып сипап еді, Яхуданың ашуы басылып, бауырларына: «Мысыр жұртында Жақып пайғамбар ұрпағынан кім бар?», – деді.

Жүсіп: «Ей, керуендегілер, күш-қуаттың бәрі бізде, басқа ешкімде жоқ дейсің дер ме? Өлшеу ыдысын ұрлауды ойлап келгенмен қоштасындар», – деп, Ибн Яминді алып қайтты. Оларды Айнуш-Шәмс деген жерде қалдырды. Яхуда: «Ей, бауырлар, әкеміз бізден тілхат алды, Ибн Яминді аман-есен алып келеміз деп сөз бердік. Бұдан бұрын Жүсіп үшін жолдан тайдық. Мен енді Кенанға бармаймын, әкемнің бетіне қалай қараймын. Үш істің бірі орындалмайынша (елге бармаймын), не әкем әмір берсін (кешірсін), немесе Алла Тағала жарлық берсе, осылайша өлемін, не бауырымды алып барамын, – деді. Барлық үкімдерден Алла Тағала ұлық. Сол туралы: «*Хәттә йә'зәнә ли әби әу әйхқумаллаһу ли уә һуә хайру әл-хәкиминә*» («...әкем маған рұқсат бермейінше немесе Алла маған үкімін шығармайынша. Ол үкім шығарушылардың ең жақсысы »).

Жүсіп Ибн Яминді алып кеткеннен соң, бауырлары не істерін білмей қалды. Жүктерін сол кентке аманат етіп қалдырып, өздері Мысырға зар еңіреп келді. Мысырға келерден бұрын: «Бәріміздің айтарлықтай күш-қуатымыз бар, соғысып інімізді тартып алайық», – деп ақылдасты дейді. Яхуда: «Мен жалғыз өзім Имлақ әскерін талқандадым. Мысыр елімен есептесемін», – деп ағаштар кесіп, атар тастарын жиды. Әрбіріміз бір іс бітірейік деп келісті. Жүсіп оларға сақшылар қойып, сол сақшылар келіп: «Жүсіппен соғысамыз», – деп жатыр деді. Жүсіп және қырық мың қарулы әскер жиды. Раиян патшаға хабар жетті. (Ол): «Мен де атқа қонайын», – деді. Жүсіп көнбестен: «Бұл істі өзім-ақ тындырайын», – деді. Ертесіне әрқайсысы әр дарбазадан кірді. Яхуда қатты айқайлады. Мысыр халқының бәрі есінен танып қалды, жүкті әйелдер бала тастады. Шамғун тағы бір дарбазадан кірді. Халық оны көріп, қорқып қашты. Бір тас алып сарайға лақтырып еді, сарай құлады. Жүсіп оларға ешкімнің қарсы тұра алмайтынын білді. Ибрахим пайғамбардың сәлдесін алып, оларға қарсы тұрды. Олардың дауысы шықпай қалды. Жүсіп қайта кірді. Бәрін ұстады. Яхуда айқайлаған кезде Раиян патша қорыққанынан үңгірге кіріп еді. Жүсіптің оларды ұстағанын естіген патша қатты қуанды. Мысыр жұрты

жиылды. Жүсіп оларға: «Әлемде біз мықтымыз деп мақтанасындар. Мұнда да ерлер бар екенін көрдіңдер ма?!» – деді. Адам жіберіп, баяғы кенттен жүктерін алдыртты. Үш күн оларды үйде ұстады, төртінші күні олардың көз алдында: «Бұларды өлтір», – деп, Раиян патшаға адам жіберді. Тағы бұларға: «Сендерді кешірдім, істеген күнәларыңыздан өттім, сендерді босаттым, бастарыңды алып бұл жерден кетіндер», – деді.

Яхуда: «Мен бармаймын, сендер барып әкемізге балаң ұрлық қылды деп айтындар», – деді. Тоғыз бауыр Кенанға келді. Жақып пайғамбарға: «Ибн Ямин ұрлық жасады», – деп, болған жағдайды айтты. Жақып тоғыз ұлын көрді. Екеуін көрмегеніне қайғырып: «Бұдан бұрын біреуін алып бардыңдар, жоғалттыңдар. Енді тағы біреуін алып барып, әкелместен ұрлық жасады деп ақталасындар. Менің ұлым ұрлық жасамайды, өтірік айтасындар», – деді.

Олар: «Сенбесеңіз, анау кенттегі керуендегілерден сұраңыз», – деді.

Жақып: «Маған сабырдан басқа шара жоқ. Алла Тағала бәрін менімен (қайта) қауыштырады», – деді. «*Фә сабрун жәмилун әсаллаһу ән йәтиәни биһим жәми'ән иннәһу һуә әл-'әлиму әл-хәкиму*» («Енді (мен үшін) сабыр ету жақсы. Мүмкін, Алла олардың бәрін маған қайтарар, расында ол білуші әрі хикмет иесі»). Көп жылады. Қағаз, қалам алып, хат жазды: «Мысыр халқының патшасына! Осы хат Ибрахим Халилулла немересі, Ысқақ Зәбихулла ұлы, Жақып Исраилулладан Ферғауын әулеті Мысыр Әзизіне жетсін. Біз пайғамбарлар ұрпағы екенімізді біл, аталарымыз пәлеге жолыққанында, әкем Ысқақ пайғамбар Алланың жарлығымен бауыздалды. Ұлы атам Ибрахим пайғамбар Намрұт отына тасталды. Мен және екі ұлдың қайғысына баттым. Біреуін «бөрі жеді» деді, және бірін «ұрлық қылды» деп сен алып қалыпсың. Бізде ұрлық жасайтын адам жоқ. Мен бір әлсіз, мұң мен қайғыға батқан бір қарт адаммын. Жасым келді, сүйектерім қаужырады, шаш-сақалым ағарды. Белім қайғы-мұңнан бүкір болды. Маған рахым қыл, жарылқа. Көзімнің жарығы ұлымды маған беріп жібер. Саған жақсы дұға қылайын. Бұ дүниеде жақсылық көріп, о дүниеде (тамұқтан) құтыл. Біздің көңілімізді ауыртпа, демімізді әлсіретпе. Саған жақсылық келмес. Егер жібермесең, бір түнде ерте тұрып, сиқыр оғын саған жіберемін. Сені мен патшалығың, елің опат боласындар».

САУАЛ: Жүсіп Ферғауын әулетінен емес еді, не үшін Ферғауын әулеті деп хат жазды?

ЖАУАП: Мысыр патшалығының бәрі Намрұт ұрпағы еді, Ферғауын аталатын. Бұл патша да олардың тұқымынан деп білмей жазды. Хат Жүсіпке жеткен кезде, Жүсіп үйге кіріп үш күн жылады. Содан хатқа жауап жазды: «Бұл Мысыр Әзизінен Ысқақ пайғамбар ұлы Жақып пайғамбарға жетсін. Ей, байқұс қарт, сен хатта әкем бауыздалды, ұлы атам отқа атылды, ұлымды маған бер. Бермесең, таң сәріде тұрып дұға оғын атамын депсің. Енді менің жауабым мынау: аталарың қалай сабыр қылса, сен де солай сабыр сақта. Тәңір Алла оларға қалай жол берсе, саған да солай жол береді. Тағы айтарым, таң сәріде тұрып ол оғынды маған әсте ата көрме. Ол көзіңнің жарығы, көңіліңнің сүйеніші ұлыңмен Тәңір Алла жақын күнде қауыштырғай. «*Уәссәләм*» («*Сау болыңыз*»)).

Хат Жақып пайғамбарға жеткен кезде, ол оқып болып: «Мына хат кәпірлердің хаты емес, мына сөз кәпірлердің сөзі емес. Бұл жазулар пайғамбарлардың жазуы немесе шынайы сыддықтардың (турашылдардың) хаты», – деді.

Сол уақытта Жақып пайғамбардың өзінен және ұрпағынан басқа пайғамбар жоқ еді. Бұл хат ұлым Жүсіптікі болуы мүмкін деп үміттенді. Ұлдарына: «Сендердің нәпсілерің сендерге осы істі жеткізді, осылайша Жүсіп туралы (хабар) жеткізді. «*Қаулуһу Тә'әлә: Қалә бәл сәууәләт ләкум әнфусәкум*» («(Жақып): «Мүмкін сендердің нәпсілерің бір істі сендерге мақұлдатып алған», – деді»). Мысыр патшасына ұрыны құл етуді сендер үйретіпсіңдер. Іштеріңде не жатқанын Алла біледі. Ұл-қызды қарғау бізге жөн емес. Жүсіпке сабыр еткендей, бұған да сабыр сақтайын, (мүмкін), Алла Тағала бәрімен қайта қауыштырар. «*Фә сабрун жәмилун әсаллаһу ән йәтийәни биһим жәми'ән иннәһу һуә әл-'әлиму әл-хәкиму*» («Енді (мен үшін) сабыр ету жақсы. Мүмкін, Алла олардың бәрін маған қайтарар, расында ол білуші әрі хикмет иесі»).

(Деректе) сол сәтте Тәңір Алланың жарлығымен Жақып ұйқыға кетті дейді. Түсінде Өзірейілді көрді, (одан): «Ей, ажал періштесі, Жүсібімнің жанын алдың ба?» – деп сұрады.

Өзірейіл: «Жүсіп тірі, жанын алған жоқпын. Алла Тағала Жүсіпті сенімен табыстырады, қуанышқа кенелесің», – деді. Жақып көңілді оянды да: «Ей, дариға, Жүсібімнің халі қалай екен?» – деді. Сол кезде Жебірейіл жетіп келіп: «Ей, Жақып, неге жылайсың? Алла Тағала сені ұлың Жүсіппен табыстырамын деп жатыр» деген хабар жеткізді. Жақып пайғамбар қуанғанынан маңдайын сәждеге қойып, Алла Тағалаға шүкіршілік етті. Ұлдарына қарап: «Мысыр жұртына барыңдар, Жүсіпті іздеңдер», – деді. (Олар): «Барамыз, Ибн Яминді алып келеміз, алайда Жүсіпті таба алмаймыз», – деді.

Жақып пайғамбар Жүсіп үшін көп жылағаны соншалық, екі көзі көрмей қалды дейді. Ұлдарынан бас тартты. Кейбіреулер қырық жыл жылады, енді біреулер сексен жыл дейді.

САУАЛ: Адам үш жүз жыл жылап еді, көздері соқыр болмады. Жақып қырық (жыл) жылағанда, қалайша көздері соқыр болды? Мұндағы хикмет не?

ЖАУАП: Адам күнә жасады, Алла Тағаланың жарлығынан тыс бидай жеді, істеген айыбына жылады. Сол үшін де көзі соқыр болмады. Алайда Жақып күнәсі үшін жылаған жоқ, Жүсіп үшін жылады, көздері көрмес болды. (Деректерде) Дәуіт пайғамбар күнәсі үшін қырық жыл жылағаны, сонда айналасына қырық қари су жиылғандығы, (сол жерлерге қалын) шөп шыққандығы соншалық, Дәуіттің бойы көрінбей қалғандығы айтылады.

Хикаяда кездеседі: Бір күні көктен бір құс ұшып келіп, Дәуіттің көз жасынан ішті. Құс ұшып бара жатып: «Қандай тәтті су іштім», – деді. Дәуіт оны есітіп, одан әрі жылай бастады. «Ей, Дәуіт, неге жылайсың?» деген Жаратушыдан жарлық келді. (Ол): «Тәңірім, менің қадірімнің кеткені соншалық, көктегі құстар қорлады, маған аяушылық білдіруде. Менің көз жасымды тәтті дейді», – деді. «Ей, Дәуіт, ол құстар өтірік айтқан жоқ, рас сөйлеп тұр. Дүниеде күнәһарлардың көз жасынан тәтті еш нәрсе жаратпадым» деген дауыс келді. Дәуіт бұл хабарды естіген соң, қуанғанынан одан қатты жылады.

Хикаяда кездеседі: Шайқы Зуннун Мысри бір түні үйдің үстіне шығып құлшылық қылды. Көп жылағаны соншалық, көз жасы тарнаудан су болып ақты. Сол сәтте үй жанынан өтіп бара жатқан бір адамның киіміне су тамды. (Ол): «Мына тарнаудан ағып жатқан су таза ма әлде таза емес пе?» – деді. Зуннун есітіп: «Ей, мұсылман, иман киімінді жу, тазарсын, (бұл) бір күнәһардың көз жасы», – деді.

Қайта өз сөзімізге оралайық... Сол сәтте Жебірейіл адам бейнесінде Жақыпқа келіп: «*Йә Йә'қубу мә әлләзи әзхәбә бәсаракә*» («Ей, Жақып, не нәрсе көздеріңді соқыр қылды»), яғни «Көзіңді кім соқыр етті, арқан неден бүкір болды, жүзің неге солды?» – деді.

Жақып: «Жүсіп үшін жыладым, көзім соқыр болды, Ибн Ямин қайғысы белімді бүкір етті, Яхуда деген сағыныш жүзімді солдырды», – деді.

Жебірейіл: «Ей, Жақып, сені Жүсіп жаратты ма?» – деді.

Жақып: «Жоқ», – деді.

(Жебірейіл): «Ибн Ямин саған несібе береді ме?» – деді.

Жақып: «Жоқ», – деді.

Жебірейіл: «Тәңірге не үшін шағымданып жатырсың?» – деді.

Жақып мұны айтып жатқан Жебірейіл екенін білді. Сол сәтте көрінбей кетті. Жақып: «*Ләу зарабтәни биһәзә әс-саути әууәлә мәрратин мә әфнәйту 'умри фи зикри Йусуфә*» («Егер мына қамшымен мені бұрынырақ ұрғаныңда, мен Жүсіпті ойлап өмірімді босқа өткізбеген болар едім»), (яғни) «Тәңірім, мына қамшымен алғаш ұрсаң, ессіз өмірімді Жүсіп атымен өткізбейтін едім», – деді. Жақып жылаған кезде үйдегі ұл-қыздары: «Құдай үшін, Жүсіп деуден жалықпадың ба?! Тынбай Жүсіп дейсің, (бүйте берсең) қайғыдан көз жұмарсың», – дейтін. «*Та'әллаһи тәфтә'у тәзкуру Йучуфә хәттә тәкунә хәразән әу тәкунә мин әл-халикинә*» («Құдай ақы, сен Жүсіпті әрқашан ойлайсың, өзіңді көп қинайсың немесе опат болушылардан боласың»). Бұл сөз Жақыптың қайғысына қайғы қосты. (Ол): «Менің мұңға толы көз жасым

олар үшін емес, Жаратқанға. Жаратқанға мұнымды шағып жатырмын. *«Қаулуһу Тә'әлә: Иннәма әшқу бәсси уә хузи илаллаһи»* («Расында, мен өзімнің шыдамсыздығым мен ренішімді Аллаға айтып жатырмын»), – дейтін. Ғибадат, құлшылықтан босаса, мына дұғаны айтатын еді: *«Йә кәсира әл-хәйри уә дәимә әл-мә'руфи мәссикни 'әлә әл-исләмийә хәттә әлқәқа»* («Ей, жақсылығы көп (Алла), ей, жақсылығы әрқашан болушы (Алла), өзіңмен кездескенімше (мені) Исламда берік ұста»). Және мына дұғаны оқитын: *«Аллаһуммә руддә 'әләйиә райхәнни суммә иснә' мә шитә»* («Ей, Алла, менің райханымды өзіме қайтарып бер, кейін қалағаныңды жаса»), яғни «Құдайым, ол екі гүлімді маған қайтарып бер, одан кейін маған не қаласаң, соны жаса».

Риуаятта келеді: Абдулла ибн Аббас (Алла одан разы болсын): «Жақып пайғамбар Жаратушысына жалынып, қуаныш сұрады. Осы дұғаны көп оқығаннан кейін бір күні Өзірейіл адам бейнесінде келді. Жақып пайғамбар оны қолымен ұстап: «Кімсің?» – деді.

«Өзірейілмін», – деді.

Жақып: «Ей, Өзірейіл, Алла Тағаланың құрметі үшін айт, ұлым Жүсіптің жанын алдың ба?» – деді.

Өзірейіл: «Жоқ, Жақын күндері Жүсіпті көріп қуанышқа кенелесің», – деді. Жақып қуанғанынан жылай бастады. Өзірейіл: «Ей, Жақып, менің Жаратушым *«Әшқу бәсси уә хузи илаллаһи»* («Мен өзімнің шыдамсыздығымды мен ренішімді Аллаға айтып жатырмын») дегенше, *«Йә кәсир әл-хәйри уә йә дәим әл-мә'руф»* («Ей, жақсылықтың кеніші, ей, әрқашан атақты») десен, Жүсіп пен Ибн Яминді, егер дүниеден өткен болса да, тіріліп сенімен табыстыратын едім. Бүгінде екеуі де тірі. Қалайша қауыштырмайын деп, Алла Тағала сәлем жолдап жатыр», – деді. Жақып мұны есітіп, ұлдарына: «Жүсіпті бөрі жемегенін, Ибн Яминнің ұрлық жасамағанын мен білемін», – деді.

Ұлдары: «Тірі екенін білсең, сенімен табыстыратынын сезсең *«Йә әсәфән 'әлә Йусуфә»* («Ей, Жүсіпке өкініш»), неге жылап жатырсың?» – деді.

(Жақып): «Менімен табыстыратынын білетін едім, алайда қашан екенін білмейтінмін, сондықтан да жылаймын», – деді. Адам ұлдары сәті келетінін біледі, бірақ қашан келетінін білмейді, сол себепті де қорқады.

(Деректерде): Жақып пайғамбардың ұлдары астықтары таусылмастан тұрып, ақылдасу үшін әкелеріне келді дейді. Әкелері: «Барып, Жүсіп пен Ибн Яминді сұраңдар, табыңдар», – деді. *«Йә бәнийә изхәбу фә тәхәссәсу мин Йусуфә уә әхиһи»* («Ей, ұлдарым, барып Жүсіп пен оның інісін іздеңдер»).

(Олар): «Ей, әке, неше жылдардан бері Жүсіп деп жылап жатырсың. Бөрі жеген Жүсіпті қайдан табамыз?!» – деді.

Жақып: «Жаратушының мейірімінен күдер үзбеңдер, Жаратушының мейірімінен күдер үзгендер кәпірлер!» – деді. *«Уә лә тәй'әсу мин раухилләһи иннәһу лә йәй'әсу мин раухилләһи иллә әл-қауму әл-кәфирунә»* («Және Алланың мейірімінен үмітсіз болмаңдар, расында, Алланың мейірімінен тек кәпірлер ғана күдер үзеді»). Жақып пайғамбардың ұлдары жолға шықты, әкелері шығарып салып, кеңес берді. (Олар) Мысырға жақындаған уақытта қызметшілер Жүсіпке хабар жеткізді. Жүсіп он мың алтын белдікті жігіттерін оларға қарсы жіберіп, он мың күміс белдікті жігіттерін қасына алып тұрды.

(Деректерде) Жүсіптің жеті қабат сарайы болғандығы айтылады. Барлық шатыры алтын, күміспен безендіріліп, ағаштары ақықтан еді. Ол жеті қабат сарайды неше түрлі әшекейлермен жасады. Алғашқы қабат сарайында Мысыр ұлықтарын отырғызды. Бәрі жібек киімді, алтын белдікті (болатын). Екінші үйді жасылмен бояп, бектерді отырғызды. Үшінші үйді қызылмен бояп, баһадүрлерді отырғызды. Төртінші үйді насыхпен безендіріп, ақсақалдарды отырғызды. Бесінші үйді лалалармен безендіріп, жұлдызшыларды отырғызды. Алтыншы үйді жұпармен безендіріп, онда оқымыстыларды отырғызды. Жетінші үйді гүлдермен безендіріп, (өзі отырды). Қызметшілерімен алтын тақ орнатып, тақтың оң жағында алтын белдікті мың жігіт қолдарына гүрзі алып тұратын еді. (Ал) сол жағында күміс белдікті мың жігіт тұрып, қолдарына садақ

ұстайтын. Арқасында қызыл алтыннан бір түп ағаш еді, бұтақтары күмістен, жапырақтары інжуден, жемістері жақұттан болатын. Бауырлары есікке жақындағанда оларды зор құрмет көрсетіп ішке кіргізді. Бұл бөлмелерді көрген кезде олар патша бізге мұндай айғақтар көрсетіп, жауыздық ойламас па екен деп қорықты. Кірген кезде олардың әрқайсысын тақ үстіне отырғызды. Өзі Ибн Яминмен бірге тақтың үстінде отыр еді. Жақып ұлдарының бұл үшінші рет келуі еді. Құрғақшылықтың қатты болғаны соншалық, бір есектің басын төрт мағрибтік алтынға алатын еді. Бұл келгендерінде ақшалары жоқ болатын. Тауар, қоржын, ыдыс, арқандар алып келді. Арқаларына арқалап, жалынып-жалбарына кірді. (Олар): «Уа, жоғары мәртебелі, бізге, ұл-қыздарымызға ауыр тиді. Аштықтан шыдамымыз таусылды. Қазынаға керекті еш нәрсе алып келе алмадық, бидай құнына татымайтын азғантай май, арқан, ыдыс, тауар ғана алып келдік. Осыларды алып, бізге бидайды садақа етіңіз», – деп жалынды. Олар туралы (былайша) хабар береді: *«Йә әйюһә әл-‘әзизу мәссәнә уә әһләнә әз-зурру уә жинә бибиза’әтин музжәтин фә әуфи ләнә әл-қалә уә тәсәддәқ ‘әләйнә»* («Ей, құрмет иесі, біздер мен әйелдерімізге аштықтың әсері жетті. Біз арзымайтын азғантай зат алып келдік. Біздерге дән өлшеуін жақсы ет және біздерге садақа жаса»). Жүсіп пен Ибн Яминнің көздерінен жас ағып тақтан түсіп, үйге кірді де, ұзақ жылады. (Жүсіптің) қасындағылар: «Уа, жоғары мәртебелі, төрт жылдан бері қаншама халық жылап-еңіреп келгенде оларға жыламап едіңіз, бүгін неге жылап жатырсыз?» – деді. (Жүсіп): «Тыныш тұрындар, бұлар менің бауырларым. Қарт әкем мен бауырларыма қатты ауыртпашылық келіпті. Сонша халықтың алдында қысылмастан *«Мәссәнә уә әһләнә әз-зурру»* («...Біздер мен әйелдерімізге аштықтың әсері жетті») деп зар еңіреді. «Қалайша жыламайын?» – деді. Содан кейін оларға (бауырларына) қарап: «Бір уыс бидайдың қырық алтын болғанын білмейсіңдер ма? Сендердің мына алып келгендерің бізге жарамайды», – деді. Әр келгендерінде Жүсіп оларды күтетін еді. Бұл жолы күтпеді.

Адам баласына мың түрлі пәле істей алмаған істі бір сағаттық аштық жасайды және адам баласына мың шайтан істей алмайтын істі бір сағаттық тоқшылық жасайды деген сөз бар.

Сондай-ақ (деректерде) Жаратушы Алла адамның нәпсісін жаратқанда, «Мен кіммін, сен кімсің?» деген жарлық келді дейді. (Сонда) нәпсі: «Сен – сенсің, мен – менмін», – деді. Мұны неше түрлі рахатқа кенелген тоқшылық айтты. Енді аштық пен ауыртпалық келгенде: «Құдайым, Сен – Алласың, мен – құлмын», – деді.

Тағы ертесіне жұмақтықтар жұмақтан тамұқтықтарды, (ал) тамұқтықтар жұмақтықтарды көреді, – дейді Жаратушы Алла. (Тамұқтықтықтар) барлық қиындықтарға шыдайды, айқайламайды екен, алайда аштық пен шөлге төзе алмай: *«Уә нәдә әсхәбу ән-нәри әсхәбә әл-жәннәти ән нәфизу ‘әләйнә мин әл-мәи әу миммә разақакум Аллаһу»* («Дозақтықтар жәннаттықтарға айқайлап: «Біздерге су мен Алла Тағаланың берген нығметтерінен азғантай болса да лақтырыңдар»), – деп жалынады екен». «Анау сіз ішкен су мен жеп жатқан тамақтан бізге беріп жіберіндер», – деп жар салады екен. (Сонда) жұмақтықтар: «Алла Тағала бұл су мен тамақты кәпірлерге харам қылған (тыйым салған)», – дейді екен. *«Хәррамәһумә ‘әлә әл-кәфиринә»* («Алла бұл екі нығметті кәпірлерге харам еткен (тыйым салған)»). Бұл аяттан белгілі болатыны барлық азаптан аштық азабы ауыр болады екен.

Өз сөзімізге оралайық... Жүсіптің сарайына келгендеріне жеті күн болса да, Жүсіп (бауырларының алып келген) мал-дүниесін қабылдамады. (Олар): «Уа, жоғары мәртебелі, біздің (алып келген) мал-дүниеміз сіздің қазынаңызға лайық емес. Сен бізге мұқтаж емессің, біз саған мұқтажбыз, бізді үмітсіз қайтарма, садақа жаса, астық бер. Садақаның сауабын Жаратушы Алла береді», – деді. *«Уә тәсәддәқ ‘әләйнә инналлаһа йәжзи әл-мутәсәддиқинә»* («Біздерге садақа жаса, Алла Тағала садақа берушілерге, әрине, сыйлық береді»).

Хамит Нәсәуидің РИУАЯТ етуінше, Жүсіптің таң ертеңгі асына қырық мың алтын жұмсалады екен. Кешкі асына да сонша. Және әр күні қырық мың алтын садақа береді екен, кешке де.

(Бауырлары): «Ей, патша, сенің жомарттығың барша әлемге жарық беріп тұр. Біз ғаріптерге де жарық түссе не болады? (Ибн) Ямин үшін жылап жатқан қария әкеміз бар. Әкемізге, бізге рахым қыл. Ибн Яминді бізге садақа етіп бер. Қайтарымын Жаратушы Алла береді», – деді. «*Инналлаһа йәжзи әл-мутәсаддиқинә*» («*Алла Тағала садақа берушілерге, әрине, сыйлық береді*»).

(Олар) Жүсіпті «жоғары мәртебелі» деп мақтады «*Қалу йә әййүһәл 'әзизу*» («*Ей, құрмет иесі, – деді*»), (екінші), өздерін төмен санады «*Мәссәнә уә әһләнә әл-зурру*» («*...Біздер мен әйелдерімізге аштықтың әсері жетті*»). Үшінші, алып келгендерін саған лайық емес деді «*Жи'нә би биза'әтин музжәтин*» («*Біз арзымайтын азғантай зат алып келдік*»), төртінші, тілегенде әділдікпен тіледі «*Фә 'әуфи ләнә әлкәйлә*» («*Біздерге дән өлшеуін жақсы ет*»), бесінші, жомарттықтан үміт етті «*Тәсаддәқ 'әләйнә*» («*Біздерге садақа жаса*»), алтыншы, берген жазаға уәде етті «*Инналлаһа йәжзи әл-мутәсаддиқинә*» («*Алла Тағала садақа берушілерге, әрине, сыйлық береді*»).

Абдулла Харис Ибн Нәуфәл (Алла одан разы болсын) РИУАЯТ етеді: Бәрі жалынды, Жүсіп қабылдамады. (Бауырлары) Ибн Яминді көрместен: «Уа, жоғары мәртебелі, ұрлық жасаған бауырымыз қайда?» – деді.

Жүсіп: «Саттым, хат алдым. (Сол) хат мынау, біз ибрани тілінде оқи алмаймыз, сендердің тілдерің, оқыңдар, естіейік», – деді. Яхуда ашуланып Рубилға берді. Рубил Шамғунға берді. Шамғун Лауиға қолма-қол берді, оқымады. «Бұл хатты білмейміз», – деді. Жүсіп: «Өз тілдеріңді қалайша білмейсіңдер? Оқыңдар», – дегенінде, олар қорқып кетті де, жүздері сарғайып: «Уа, жоғары мәртебелі, бұл хатты оқудағы сіздің мақсатыңыз не? Қандай ауыртпалық болса да біз тартайық, (тек) бұл хатты бізге оқытпа. Өз жазуымызды өзіміз оқи алмаймыз. Сондай қиямет болса, «Әмәннә биһи уә сәддақнә» («*Оған иман келтірдік және берілдік*») әрбір пенденің істеген істерін «оқы» деп жазып, қолдарына береді. Ол пенделер (жазудың) іші күнә мен айыпқа толы болғандықтан, көріп оқи алмайды. «Оқыңдар» деген жарлық келеді. «Хатымыз осы болса, (онда) орнымыз тамұқ екен» деп зар еңірейді. Бұл хатты бізге оқытпа, ашуланғаннан оқи алмаймыз», – деді.

Жүсіп және: «Болмайды, оқыңдар», – деп Яхудаға берді. Яхуда алып оқыды. Мынау сол хат: «Зағыр патша түрі мынадай, Жүсіп деген Жақып пайғамбар ұлдарының бірін алды». Зағыр патшаның атын естіген уақытта олар: «Біз оған бір ұлды құл етіп сатып едік», – деді. Жүсіп: «Бүгінге дейін бөрі жеді деген едіңдер, енді келіп құл ретінде саттық дейсіңдер. Ол сендерге бауыр емес пе, бауырды сату дұрыс болар ма? Мыналарды ұстандар», – деп бөріні ұстатты. «Бұларды не істейміз?» – деп Мысырдың ұлықтарын жиды. Біреулері: «Қолдарын кесейік», – деді. Кейбіреуі: «Дарға асыңдар», – деді. Жүсіп: «Бұларды қинаңдар, қиналып өлсін, өзгелерге сабақ болсын. Бауырларын сатпайтын болады», – деді. Ұстап базарға алып барғанда, (олар) айқайлап: «Уа, жоғары мәртебелі, бүгін не жаза қолдансаң да, біз соған лайықпыз. Сенен бір өтінішіміз бар, біз өлгеннен кейін біздің арзымас мал-дүниеміз бен сүйегімізді әкемізге жібер», – деді. Және Яхуда: «Әкеміз Жақып пайғамбар бүгінге дейін бір ұлын жоғалтқаны үшін жылап көздері соқыр болды. Енді он ұлы үшін қалай шыдайды?» – деп жылады. Бәрі жылап, айқайлап былай деді:

*Уә әсәфә 'әлә фирақи қаумин
Уәл-мудну уә-музну уәр-рауәси
Кәм тәғайиәра ләнә әл-ләйәли
Уә кулли хамдин ләнә қулубу*

*Һумул-мәсәбиһу уәл-хусуну
Уәл-хәйлу уәл-'унсу уәс-сукуну
Хәттә тәуәффәһум ул-мәнуну
Уә кулли мә ләнә уйуну*

(Өкініш болсын бір қауымның қайғысына,
Олар жол көрсетуші шырақ еді,
Сапарда һәм шаһарда, далада һәм жайлауда
Қорғайтын (айнала) қорған еді.
Және оларға өлім келгенше
Қаншама түндер өте шықты.
Жүректе айтқан бір мадақ,
Және көздер көріп тұрған әр нәрсе.)

Түркише:

Мына біздей қатты азапта кім бар бүгін,
Кездесті байқұс жанға неше қиын.
Ғаріптікте еріксіз түсіп иланып,
Ессіз он туысқан өлерміз бүгін.

«Бүгінге дейін астық сұрап, садақа жаса, – дедік, одан бас тарттың. Ибн Ямин бауырымызды садақа қыл, – дедік. Одан да бас тарттың. Іс басқа жетті, енді қу басымызды садақа жаса», – деді. Барша Мысыр халқы бұл жиынды көріп жылады. Сол кезде Жебірейіл келіп: «Ей, Жүсіп, Алла Тағала айтып жатыр. Бұларды бір жолы қинама. Алып келгендерін алмаймын дейсің, уәде еткен бидайды бермеймін дейсің және өлтіремін деп қорқытасың», – деді. Жүсіп оларды алдыртып: «Мал-дүниелеріңді қабылдадым, астық берейін, көбірек берейін. Қалған істеріңізді ертең бітірейін», – деп оларды қуантып тастады.

Осылайша қиямет күні Жаратушы Алла барша пенделерді тамұқ отымен қорқытады, азабын көрсетеді. Содан кейін өз кеңшілігімен жұмаққа кіргізеді.

Хикаяда былай кездеседі: Жарандардың бірі дүниеден өтті. Оны түсінде көрді. (Одан) Жаратушы Алла сенімен қандай мәміледе болды деп сұрады. (Ол): «*Хәсәбуни фә дәфә’у сумма мәнну фә ә’тәқу*» («Мені қатты тұтқыңға алып, сұрады, кейін маған жақсылық жасап азат етті»). Мағынасы: «Бізді сұрақтың астына алып қатты қыспақтады, ақыр соңында жарылқап босатты», – деді.

(Бауырлары): «Ол хатты оқымаймыз», – деді. Жүсіп өз хатшысына беріп, «Оқы», – деді. Оқыды. Сондағы хат мынау:

«Жақып пайғамбардың ұлдары Яхуда, Шамғун, Рубил, Лауи, Жад, Дан, Яғша, Ястажир, Рамалун, Қазура, яғни он ағайынды. Осы он бауыр бірлесіп Жүсіп есімді құлымызды Зағыр патшаға саттық». Хатты оқып бола бергенде Яхуда: «Ей, патша, бұл біздің хат. Жүсіп есімді құлымыз бар еді, соны саттық», – деді.

Жүсіп: «Оның хикаясы қандай еді?» – деді.

Яхуда: «Ініміз бізбен бірге аңға шықты. Біз аңмен есіміз шығып жүргенде, оны бөрі жеп қойды», – деді.

Жүсіп: «Бұл сөз дұрыс емес. Менің бір өлшеу таразым бар. Қай сөзді сұрасам, маған айт», – деп таразды алып келгізіп, қолына алды. Екінші қолымен таразды қақты. Тараз дауыс шығарды.

Жүсіп: «Ей, жігіттер, сендердің араларыңда ашуланып, аяғымен жерді тепсе, тізесіне дейін көмілетін бір жігіт бар екен. Егер тасты қолына алса, ұндай ұнтақталады екен. Үрлесе, түктері киімінен өтіп, тас шығады екен. Үн шығарса, бір иғаш (шамамен 6 км. Келетін қашықтық) жерге дейін жетеді екен. Сол үн жеткен бір иғаштық жердегі естіген екіқабат әйелдердің төрттен бірі бала тастайды екен. Ол кім?» – деді.

Яхуда: «Ол менмін», – деді.

Жүсіп: «Менмін деуге ұялмайсың ба? Соншалықты күш-қуатың бола тұра, Жүсіпті қалайша бөріге жегізіп қойдың?» – деді.

Және таразды қақты, дауыс шықты. (Жүсіп): «Мына таразым айтып жатыр, сендердің араларыңда бір жігіт бар екен. Саясында мың қой жататын ағашты бір қолымен қопарады екен. Егер соғысқа кірсе, жиырма мың әскерді қашырады екен. Ол кім?» – деді.

Шамғун: «Менмін», – деді.

Жүсіп: «Соншалықты күшің бола тұра, Жүсіпті бөріге қалай жегіздің?» – деді. Және таразды қағып: «Мына соғуым айтып жатыр, сендердің араларыңда бір жігіт бар екен, бір оқ атса, алты иғаш жерге жетеді дейді. Атқанын құр жібермейді екен. Ол кім?» – деді.

Рубил: «Менмін», – деді.

Жүсіп: «Сонша күшің бола тұра, Жүсіпті бөріге қалай жегізіп қойдың?» – деді. Және таразды қағып: «Мына соғуым айтып жатыр, бұларда бір жігіт бар екен, түйені басынан асырып тастайды екен. Ол кім?» – деді.

Лауи: «Ол менмін», – деді.

Жүсіп: «Сол күшің бола тұра, Жүсіпті бөріге қалайша алғызып қойдың?» – деді. Осылайша он рет таразды қақты. Әрбіріне жауап берді. Тағы бір рет таразды қағып: «Мына таразым айтып жатыр, Жүсіпті өлтіруге бел байлапсыңдар және құдыққа тастапсыңдар. Құдықтан шығарып, құл ретінде сатыпсыңдар. Аяғын кісенде депсіндер. Қатты ерге мінгіз, жылауық, ұры депсіндер. Бүгін қолдарыңды кесіп, Мысыр жұртының есіктерінен асатын күн», – деді. Олар қорқып кетіп, өзара өз тілдерімен сөйлесе бастады. (Олар): «Келіндер, мұндай азаппен өлгенше, әрбіріміз жәрдемімізді көрсетіп өлейік», – деді.

Кейбіреулер (былай) айтады: Яхуда бұл сөзді есітіп, атып тұрып: «Ей, бауырлар, бүгінге дейін бұл сөзді ешкімге айтпадыңдар. Әкеміз, ұл-қызымыз білмеді. Және әкеміз: «Бізге барып, Жүсіпті, Ибн Яминді сұраңдар деді. Ибрахим пайғамбар, Ысқақ пайғамбар және Жақып пайғамбардың құрметі бұл – Жүсіп. *«Қалу ғиннәкә ләәнтә Йусуфу» («(Олар): «Сен Жүсіп болып жүрме», – деді»*). «Ей, патша, Жүсіп болсаң, бізді бұдан артық қинама. Ол қария әкемізді бұдан артық қайғыда ұстама деген уақытта, Жүсіп жүзіндегі пердені шешті. Басындағы белгісін көрсетіп: «Сол Жүсіп менмін, мынау Ибн Ямин менімен бірге туысқан бауырым», – деді. *«Қалә әнә Йусуфу уә һәзә әхи» («(Ол): «Ия, мен Жүсіппін, мынау менің інім», – деді»*).

САУАЛ: Ибн Ямин Жүсіптің бауыры еді, олар да білетін. Бұл жерде мен Жүсіппін, мынау менің бауырым демекте қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Өлшеу ыдысы сол күні оның жүгінің арасынан шықты. Ұрлығы үшін құл деп алып қалып, құл дедік. Ол құл дегенді есітіп, қайғырды. Көңілі орнына түссін, қуансын деп, бүгін бауырым деп атады. Бұдан әрбір қиыншылықтың арты жақсылық, әрбір қайғының соңы қуаныш, әрбір бейнеттің соңы зейнет екендігі белгілі болды.

(Олар): «Ей, Жүсіп, біз сені құл деп саттық, ғаріптікке салдық. Мына патшалыққа қалай жеттің?» – деді.

Жүсіп: «Алла Тағала мынадай шарт қойды: Кім күнәдан қайтса, Жаратушыдан қорықса, пәлеге сабыр қылса, басқа түскенге разы болса, Жаратушы оның бейнетін босқа жібермейді. *«Қад мәнналлаһу 'әләйнә иннәһу мән йәттәқи уә йәсбир фә инналлаһа лә йузи'у әжра әл-мухсининә» («Расында, Алла бізге көп жақсылық жасады. Кімде-кім жамандықтан сақтанса, сабыр қылса, оның сауабы Алладан. Себебі Алла жақсы амал етушілердің сауабын босқа жібермейді»*). Мен Алла Тағаланың үкіміне сабыр қылдым. Мысыр әйелдерінің пәлесінен өзімді сақтадым. Соның шарапатынан патшалыққа жеттім», – деді. Содан кейін бауырлары Жүсіптен кешірім сұрады. Жүсіп оларды кешірді. Оларды қайғыдан шығарып: «Ей, бауырларым, *«Ихуәни мә әуқа'тумуни фи әл-жубби уә ләкин әжләстумуни 'әлә әс-сәрири. Ихуәни мә әуқа'тумуни фи әл-ғурбәти бәл жә'әлтумуни мәликән» («Ей, бауырларым, сендер мені құдыққа тастамадыңдар, қайта таққа отырғыздыңдар. Ей, бауырларым, сендер мені ғаріптікке салмадыңдар, қайта мені патша еттіңдер»*», – деді. Бір бұл сөзді есітіп, қуанып: «Жаратушы сені бізден асырды, сені мақтады. *«Тә'аллаһи ләқад әсәракаллаһу 'әләйнә» («Құдай*

ақы, Алла сені құрметпен бізден жоғары етіпті»). Бар айып бізде «Уә ин кунна ләхати'на» («Біз болсақ анық қателесушілерміз»), – деді. Жүсіп (оларды) кешіріп, (жүздерін) жерге қаратпады. «Лә тәсрибә 'әләйкум әл-йәумә» («(Жүсіп): «Сендерге ешбір жаза жоқ бүгін»). Бауырларына ерлік һәм мәрттік жасады дейді. «Лә тәсрибә 'әләйкум әл-йәумә» («(Жүсіп): «Сендерге ешбір жаза жоқ бүгін»), – деді. Оның ерлігі Алла Тағаладан оларды кешіруін сұрап: «Йәғфируллаһу ләкум уә һуә әрхаму әр-рахиминә» («Алла сендерді кешіреді, себебі ол мейірімділердің мейірімдісі»), – деді. Бір-бірін құшақтады. Ұлы Афратимді бауырларына таныстырды. Мысыр халқының бәрі кешірім сұрады. Содан кейін Яхуда: «Ей, Жүсіп, біздің біреуімізге әмір бер, әкемізге сүйінші айта барсын», – деді. Жүсіп әмір берді. Түйеге (пілге) күймеже орнатты. (Жүсіп): «Кенанға барып, Жақып пайғамбарды әйелі және басқа да ағайындарымен көшіріп келіндер», – деді. Яхудаға: «Сен менің көйлегімді әкеме алып бар, көйлегіммен көздерін сүртсе, көзі ашылады», – деді. Рубил жетіп келіп, Яхуданың аяғына жығылып: «Сол күні қанды көйлекті мен алып барып, әкемізді мен қайғыға салып едім. Бүгін көйлекті мен алып барайын. Қайғы менен болды, қуаныш та менен болсын», – деді. Бауырларының әрқайсысы «Мен барайын», – деді. Жүсіп: «Сол күні көйлекті кім апарса, бүгін де сол апарсын», – деді.

САУАЛ: Жақып пен Жүсіп екеуі де пайғамбар еді, сексен жыл айырылуларына не себеп болды?

ЖАУАП: Жүсіптің кішкентай кезінде Жақып пайғамбардың Мубашшара деген күні бар еді. Сол құлдың Башир есімді ұлы бар болатын. Бір күні ойнап жүріп, Жүсіпті шапалақпен тартып жіберді. Жүсіп әкесіне жылап келді. Жақып Баширды сатып жіберемін деп ант-су ішті. Ақыры анасынан айырып сатты. Анасы Мубашшара жылап қалды. Алла Тағала: «Ей, Жақып, сен Баширды анасынан айырып, сатсаң, мен де Жүсіпті сенен айырып, сатамын. Етті тырнақтан айырудың қандай болатынын бүкіл әлем білсін», – деп тағдыр белгіледі.

(Деректерде) Мубашшараның ұлы Баширдың қайғысынан көздері соқыр болғандығы айтылады. Мубашшара Жақып пайғамбарға жылап келді. Жақып мінажат етіп: «Тәңірім, мына Мубашшара ұлы Баширмен табыса ма? Менің ұлым менімен табыса ма?» – деді. «Ей, Жақып, тағдырым Мубашшараға ұлын табыстырмайынша, Жүсіпті сенімен қауыштырмаймын» деген дауыс келді. Жақып бұл қуанышты Мубашшараға айтты. Мубашшара үмітін үзбеді. Ұлы Башир Мысырда құл болатын. Жүсіптің хабарын білген соң, Жақыпқа сүйінші хабар айтайын деп, шапқыр түйеге мініп жолға шықты. Башир алдын, Рубил соңынан келді. Кенанға жеткен уақытта анасы отырған жерді көріп, одан су сұрады. Анасы су берді. «Қайдан келесің, қайда бара жатырсың?» – деді.

Башир: «Мысырдан келемін, Кенанға бара жатырмын. Жақып пайғамбарға ұлы Жүсіп туралы сүйінші хабар жеткізуге барамын», – деді.

Анасы: «Өтірік айтасың!» – деді.

(Ол): «Ей, кемпір, мені неге жалған дейсің?» – деді.

Анасы: «Мен ұлымнан айырылғанмын. Жақып пайғамбардың дұғасына Жаратушы Алла: «Мубашшара ұлын анасымен табыстырмайынша, Жүсіпті (сенімен) қауыштырмаймын» деп жауап берген. Менің ұлымның хабары маған келген жоқ, Жүсіптің сүйінші хабары Жақыпқа қалай жетсін?» – деді.

Башир: «Атың кім?» – деді.

«Мубашшара», – деді анасы.

«Ұлыңның аты кім?» – деді.

«Башир», – деді. Осы сөзді естіген уақытта өзін түйеден тастады. «Сол ұлың менмін», – деп анасының аяғына жығылды. Мубашшара ұлын құшақтап, көздері ашылды.

Рубил Мысырдан шығып, жарты жолға жеткен уақытта Кенанда Жақып пайғамбарға Жүсіп көйлегінің иісі келді. «Қазір Жүсіптің иісін білдім», – деді айқайлап. «Қалә әбуһум инни ләәжиду рихә Йусуфә ләу лә ән туфәннидуни» («Оларға әкелері (Жақып): «Егер мені ақылдан

азған деп айыптамасаңдар, мен Жүсіптің иісін сезіп тұрмын», – деді»). Үйдегі қыздары: «Жүсіптің қайғысында қартайдың, шаршадың. Қайдағы Жүсіпті айтып жатырсың, алғашқы махаббатың кетпеді», – деді. *«Тәллаһи иннәкә ләфи зәләликә әл-қадими әй мәхәббәтикә әл-қадими уә қилә хитәбикә әл-қадими»* («Құдай ақы, сіз сол баяғы адасқан қалпыңыздасыз. Яғни Жүсіпті жақсы көруді жалғастырудасыз. (Мұның мағынасы «Сіз баяғы әңгімені әлі қозған отырсыз» дегені»).

Сол күні Башир Мубашшарамен келіп, Жақыптан сүйінші сұрады. Соңынан Рубил жетіп келді. Жүсіптің көйлегін әкесінің алдына қойды. Жақып көйлекпен көзін сұрткен соң, көздері ашылды. *«Фә ләммә ән жәә әл-баиру әл-қаһу 'әлә уәжһиһи фәртәддә бәсиран»* («Елші жетіп келіп, (Жүсіптің) көйлегін (Жақыптың) жүзіне атты, оның көзі ашылып, көретін болды»). Рубилді құшақтап, Жүсіптің хабарын сұрады. Бәрін айтып берді. Екінші күні қалған ұлдары келді. Түйеге орнатылған кебеже де алып келді. Жүсіптен қызметшілер келді.

САУАЛ: Ол көйлекпен көзді сұрткенде Жақыптың көздері ашылды. Хикмет не еді?

ЖАУАП: (Деректерде) Жүсіп пайғамбардың екі мұғжизасы бар екендігі айтылады. Бірінші өлшеу таразы еді, одан не сұраса, жауап беретін. Екіншісі көйлек болатын. Ибрахим пайғамбарды Намрут (Оған лағынет болсын) отқа тастағанында, Жаратушының жарлығымен жұмақтан Жебірейіл бір көйлек алып келді. Ибрахимге кигізген уақытта Ибрахимді от күйдірмеді. Сол көйлек Жүсіпке мирас болып қалып еді.

Содан кейін ұлдары Жақып пайғамбарға: «Ей, әке, саған қылмыс жасадық. Күнәмізді мойындадық. Бізді кешір, Жаратушы Алладан жарылқайтын тілек сұра», – деді. *«Йә әбәнә истәғфир ләнә зунубәнә иннә куннә хати'инә»* («Ей, әке, біздің күнәмізді (кешірілуін) Алладан сұра, біз сөзсіз қателесушілерміз»). Жақып пайғамбар дұғаны кейінге қалдырды. Уақыты келсе, сұраймын деді. *«Қалә сәуфә әстәғфиру ләкум рабби»* («(Жақып): «Мен сендер үшін Жаратушымынан күнәларыңның кешірілуін сұраймын»).

САУАЛ: Жақып пайғамбардың ұлдары Жүсіптен кешірім сұрады, сол сәтте-ақ Жүсіп кешірді. Жаратушыдан кешірім етуін сұрады. Әкелерінен кешірім етуін өтінгенде сол сәтте сұрамастан, кейінге қалдырды. Хикмет не еді?

ЖАУАП: Жас еді дейді. Жастардың көңілі кең болады, бірден кешірді. Алайда әкесі қарт кісі еді. Қарттардың көңілі қатты болады, сол үшін де кейінге қалдырды. Жас пен қарттың арасында осындай айырмашалық бар.

ТАҒЫ ЖАУАП: Жақып пайғамбар көңілі қатты болғандықтан дұға жасауды кейінге қалдырған жоқ. Әр нәрсенің өз уақыты болатынын білетін еді. Дұғаның қабыл болатын кезі – таң сәрі уақыты. *«Кәну қалилән мин әл-ләйли мә йәхжә'унә уә бил-әсхәри һум йәстәғфирунә»* («Олар түннің азғантай бөлігінде дем алатын және таң сәріде олар күнәларының кешірілуін сұрайтын»), яғни «Менің құлдарым түнде аз ұйықтайды. Ояу тұрып құлшылық етеді, таң сәріде кешірім сұрайды». Жақып пайғамбар таң сәріде кешірім сұраймын деп кейінге қалдырды.

Содан кейін Жақып пайғамбар Кенаннан көшті. Қоластындағылармен бірге Мысырға барды. Мысырға үш күндік жер қалғанында Жүсіптің Афратим есімді ұлы үш мың адаммен қарсы алып, атасын көрді. Аттан түсіп сәлем берді. Жақып пайғамбар: «Мынау кімнің баласы? Көңілім мұны сүйді. Жүсіп екен», – деді. «Жүсіптің баласы», – деді. Оны құшақтады. Жүсіп пайғамбар Мысырда: «Мен дегендер атқа қонып, менімен бірге әкемді қарсы алуға шықсын», – деп жаршы шақыртты. Төрт мың адам атқа қонды. Сырнай-кернейлетіп әкесінің алдынан шықты. Қызыл алтыннан жасалып, інжу жақұтпен апталған бір қызыл белгісі (туы) бар еді. Жұлдыздар бейнеленген. Сол белгіні көтерсе, жел оны желбіретсе, аспан күркірейтін еді. Халық оны есітіп естен танатын еді. Жүсіп сол белгіні алып аттанды. Мысыр халқы тамашалау үшін бір иғаш бері шықты. Жүсіп әкесін ат үстінде құшақтады.

САУАЛ: Жүсіп неге әкесімен аттан түсіп көріспеді?

ЖАУАП: Әкесін танымады. Және Раиян патша аттан түспе деген болатын. Жүсіп «Егер аттан түссем, Раиян патшаның көңіліне келіп қалар» деп ойлады. Алайда әкем мені өте жақсы көреді, мені кешіреді деді.

(Деректерде) егер аттан түссем, Раиян патшаның сөзі жерде қалады. Егер түспесем, әкемнің көңілін қалдырған боламын деп, Жүсіптің екі ойдың ортасында қалғандығы айтылады. Намаз оқыды, ұйқыға кетті, «Ей, Жүсіп, аттан түспе. Мәлік мақұлық, сені кешірмейді. Жаратушы Алла жомарт, сені кешіреді» деген сәждеде түс көрді. Сол себепті аттан түспеді. Сондықтан да Жүсіп пайғамбардың ұлдарына пайғамбарлық нәсіп болмады.

Кейбір риуаятта былайша баяндалады: «Жүсіп аттан түсті. Әкесімен көрісті. Әкесін он мың құс атқа жегілген арбаға отырғызды. Бәрі алтын, күміспен апталған. Төрт мың құл, бәрі де алтын белдікті. Осындай салтанатпен Мысырға кірді.

Жақып одан (Жүсіптен): «Ей, Жүсіп, саған қандай қиыншылықтар болды? Маған айтып бер», – деді.

Жүсіп: «Ей, әке, көп қиыншылық көрдім, айтса таусылмас. Алайда жақсылық көргенім аз. Қаласаң, айтып берейін», – деді.

Содан кейін (көрген) қиыншылықтарын айтты, алайда әкем бауырларымнан суып кетер деп, бауырларының қылмысын айтпады. Мысырға кірген уақытта Жақып пайғамбарды алтын таққа отырғызды. Жүсіптің нағашы әпкесі Жақып пайғамбардың некесінде еді. Әкесі, нағашы әпкесі және он бір бауыры Жүсіпке сәжде жасады. *«Уә рафә'ә әбәуәйһи 'әлә әл-ариши уә хәрру ләһу сужжәдән» («Және (Жүсіп) ата-анасын таққа отырғызды, ағалары оған сәжде жасап иілді»).*

Сол сәтте Жүсіп: «Ей, әкем, он бір жұлдыз және ай мен күн маған сәжде етіп тұр деген Кенанда көрген түсім бүгін ақиқатқа айналды», – деді. *«Уә қалә йә әбәти һәзә тәуилу руиәи мин қаблу» («(Жүсіп): «Ей, әке, мына бұрын көрген түсімнің мәнісі»).*

САУАЛ: Алла Тағаладан өзгеге сәжде жасау дұрыс емес. Жақып пайғамбардың ұлдары не үшін Жүсіпке сәжде жасады?

Мұның үш түрлі ЖАУАБЫ бар. Біріншісі, Жүсіп олардың құбыласы жақта отыр еді. Жақып пайғамбар ұлдарымен бірге Жаратушы Аллаға шүкіршілік сәждесін жасады. Ол сәжде Жаратушыға (арналып) еді.

Екінші ЖАУАП: Жүсіп(ке) басын иіп кішіпейілділік жасады, мандайларын жерге қоймады.

Үшінші ЖАУАП: ол сәжде Жүсіп еді. Алғашқы шарифат патшаларға сәлем жолымен болатын. Біздің (Мұхаммед) пайғамбарымыздың шарифатында тыйым салынды. Жауаптардың ішіндегі дұрысы осы. Құран аятына сай келеді.

САУАЛ: Жүсіп түсінің шындыққа айналуына неше жыл кетті?

ЖАУАП: Хасан мен Қаданың айтуынша, сексен жыл өткен. Сүлейменнің пікірінше, отыз жыл. Сағид ибн Хабирдің мәлімдеуінше, жиырма екі жыл. Мұхаммед ибн Ысқақтың айтуынша, он сегіз жыл.

Жүсіп: «Жаратушы Алла ол түсімді шынға айналдырды. *«Қад жә'әләһә рабби хәққан» («Оны Жаратушым рас қылып көрсетті»).* Саған ізгілік жасады, мені зынданнан шығарды», – деді. *«Уә қад әхсәнә би из әхражәни мин әс-сижни» («Алла маған жақсылықтар жасады, мені зынданнан шығарды»).* Зынданда көп (уақыт) қалды. Сол үшін де екінші ЖАУАБЫ мынау: Жүсіп осы сөздерді әкесіне шүкіршілік етіп баяндайтын еді. Құдыққа түсіп шыққанын айтпады. Алайда зынданнан патшалыққа дейінгі оқиғаны шүкіршілікпен айтып берді. Тағы: «Сендерді Кенан аймағанын осында алып келді *«Уә жә'әиукум мин әлбәдуи» («Және сендерді сахарадан алып келді»)* және менімен бауырларымның арасына шайтан от тастады. *«Мин бә'ди ән нәзә'ә әш-шәйтәну бәйни уә бәйнә ихуәти» («Шайтан мені мен ағаларымның арасына араздық салғаннан кейін»).* Менің Жаратушым қалағанымша нығмет беруші, мейірімді. *«Иннә рабби ләтифун лимә йәшәу» («Әрине, менің Жаратушым қалаған нәрсесін берерде жақсы іспен*

бітіруші»), ғалым әрі хәкім. *«Иннаһу һуә әл-әлиму әл-хәкіму» («Әлбетте, Ол барлық нәрсені білуші және хикмет иесі»).*

Ертесіне Раиян патша Мысыр халқымен бірге тарту-таралғы алып келді. Жақып пайғамбарға сәлем берді. Жүсіп сол мал-дүниені бауырларына таратты.

Қиссаларда былайша баяндалады: Жүсіп зынданнан шығып, Раиян патшаға келген уақытта Раиян патшаның сарайында алтыннан жасалған жеті диірмен тас бар еді. Әрбірі бес мың батпан. Раиян патша Жүсіптің көркіне таңданып жүргенде аяғы сол тасқа тиді. Жүсіп сол тасты көтеріп, шетке алып қойды. Раиян Жүсіптің күш-қуатын көрді. Жүсіп те бауырларының шамасын айтап еді. Оларды көрген кезде бұлардың күш-қуатын көрейін деп, шақырды. Шамғун бастап, жаңағы бес мың батпан диірмен тасын көтеріп тастады. Бәрі де солай жасады. Патша олардың күшін көріп таң қалды.

(Деректерде) патша бір күні аңға шыққаны айтылады. Солармен бірге (барған) Шамғун арыстанның мойнынан ұстап, патшаға алып келді. Рубил да қабыланды ұстап келді. Атақ-даңқы жайылды. Патша: «Ей, Жүсіп, бауырларыңа айт, маған бір патшалық алып алып берсін», – деді. Жарлық келді. Рум аймағында соғысып, әрбірі бір патшалықты алып, патшаға тарту етті. Румнан, Шамнан он бір шаһар алды, әрбірі он мың әскерлі болды. Патша ол патшалықтарды өздеріне қайтарып берді, олар сол патшалықта қалып, ұрпақ жалғастырды. Бәни Исраил солардың ұрпағы болды. Жақып пайғамбар содан кейін жиырма жеті жыл өмір сүрді. Барша халық Жақып пайғамбарға келіп иман келтірді. Раиян патша сегіз жыл үш ай өмір сүрді. Музғаф есімді ұлы бар болатын. Ферғауынның әкесі еді. Раиян патша оны Жүсіпке тапсырғанда ол тоғыз жаста еді. Жиырма жеті жылдан кейін Жақып дүниеден өтті. Пайғамбарлық Жүсіпке өтті. Әкесінен кейін жиырма жеті жыл өмір сүрді. Содан кейін дүниеден озды.

(Деректерде) Жақып пайғамбар Мысырда дүниеден өтті дейді. Кенанға алып барып қойды. Жүсіп те Мысырда қайтыс болды. Мысырда жерледі. Мұса пайғамбардың заманына дейін сонда еді, Мұса сүйегін Кенанға алып барып, әкесінің қасына қойды деген сөз бар.

ХАДИС: Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.): *«Лухуму әл-әнбийәи мухәррамаһун 'әлә әл-әрзи» («Пайғамбарлардың еті жерге харам»)*, яғни «Пайғамбарлардың еті, сүйегі жерге харам, яғни шірімейді» деген болатын. Алайда сол күні Зылиха Жүсіпті үйге кіргізіп, өзіне шақырғанда Жүсіп оған жылы қабақ танытпады, сөйлемеді. Зылиха: «Ей, Жүсіп, мына көздерің қандай әдемі!» – дегенде, Жүсіп: «Нұрлы бұл көздер лахатта сөнеді, топырақ басады», – деді. «Шаштарың қандай әдемі!» – дегенде, «Көр ішінде бір-бірлеп төгіледі», – деді. «Қандай әдемі тістерің бар» дегенде, Жүсіп: «Тар лахатта бәрі түседі», – деді. Зылиха Жүсіпті солай мақтаған сайын, Жүсіп Зылиханың көңілі суысын деп, осылай жауап беретін. Жаратушы Алла Жүсіп сыддықтың сөздері ақиқатқа айналсын деп, ет-сүйегін шірітті.

ЖҮСІП ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.) НЫҢ ЗЫЛИХАҒА ҚАУЫШҚАНЫ ТУРАЛЫ

Зылиха Раиян патша мен Әзиздің алдында: «Мен күнә жасадым, жала жаптым, Жүсіптің кінәсі жоқ», – дегенінде, Әзиз оны үйге жіберді. Бірнеше уақыттан кейін Мысыр Әзизі дүниеден өтті. Зылиха жесір қалды. Он сегіз жыл үмітпен отырды. Мысыр ақсүйектері Зылихаға адам салып еді, ол көнбеді. Күннен-күнге Жүсіпке деген махаббаты арта түсті. Жүсіпті сағынып көп жылады. Барша малын Жүсіпке деген ғашықтық жолында сарп етті. Біреу Жүсіп туралы сөз айтса, соған алтын беретін. Малы таусылды, кембағал болды. Жақып пайғамбар Жүсіпті жоғалтып: *«Уә әсәфә 'әлә Йусуфә» («Жүсіпке өкініш болсын»)* деп жылағанындай, Зылиха да солай жылайтын. Он сегіз жыл осылайша күн өткізді. Шөлдесе Жүсіп дейтін, – сусыны қанатын.

Күндерден бір күні Жүсіп аңға шықты. Зылиха оның бір күні қалғанын естіді. Оған: «Жүсіптің келер жолында менің қолымнан ұстап отыр», – деді. Күң Зылиханың қолын ұстап шығып, жол үстінде бір ағаштың түбінде отырды. Жүсіп әскерімен көрінген кезде күң Зылихаға хабар берді. Зылиха таяғын алып, атып тұрып: «*Әл-хәмду лилләһи әл-ләзи сәййәра әл-'әбдә мулукән бисабри уә сәййәра әл-мулукә 'әбдән бишиһуәти*» («Құлды сабырлықтың арқасында патша қылатын, патшаны қу нәпсісінің арқасында құл қылатын Аллаға мадақ болсын»), мағынасы: «Құлдарды сабырлы пен патша қылатын, патшаларды қу нәпсінің арқасында құлға айналдыратын Аллаға мадақ болсын», – деп айқайлады. Жүсіп әскердің шуынан Зылиханың дауысын естімеді. Жаратушы Алла желге жарлық беріп еді, Зылиханың дауысын Жүсіп естіді. Сонда (Жүсіп): «Ей, Зылиха!» – деп еді, оның сөзін естіген Зылиха қуанғанынан талып қалды. Жүсіп оның сол жағдайын көріп жылады. Өзіне келген уақытта: «*Әйнә шаббуки жәмәлуки қаләт әфнәйту фи хуббикә*» («Жастық шағың қайда? Сұлулығың қайда? (Зылиха): «Сенің махаббатыңда жоғалттым», – деді»), яғни «Ол әдемі жастық шағың қайда?» дегенде, «Сенің ғашықтық жолыңда жоғалттым», – деді. «*Қалә әйнә мәлуки қаләт ифтәдәйту лимән жәә бихәбарикә*» («Мал-мүлкің қайда?» – деді. «Сенің хабарыңды айтқанға жұмсадым», – деді»), яғни «Ол мал-дүниенің қайда?» – дегенде, «Сен туралы хабар жеткізгендерге жұмсадым», – деді. «*Суммә мә әл-ләзи әзхәбә бәсәраки қаләт шиддәту әл-хузни мин хижраникә*» («Кейін: «Көзің неден соқыр болды?» – деді. «Сені ойлаумен қайғырып көп жылағаннан болды», – деді»), яғни «Көзің неге көрмей қалды?» – дегенде, «Сені жоғалтып жылағаннан соқыр болды», – деді. «Енді не қалайсың?» – деді Жүсіп. «Жүзінді бір көруді қалаймын», – деді. Жүсіп: «Мұны үйге алып барындар. Мен келгенімде алып келіндер», – деді. Зылиханы Жүсіптің сарайына алып барды. Жүсіп келгенде алып келді. Ол кезде Жақып пайғамбар тірі еді. Зылиханың қиссасын естіген болатын. Зылиханы шақыртып хал-жағдайын сұрады. Бәрін айтып берді.

Жақып: «Ей, Зылиха, Жүсіпке деген махаббатың әлі бар ма?» – деді.

Зылиха: «Бұрынғыдан да қатты сүйемін», – деді. Жүсіптің қолында қамшы бар еді. Зылиха: «Ей, Жүсіп, сол қамшыны маған ұстатшы», – деді. Жүсіп Зылиханың аузына ұстай бергенде «ah» деп еді, аузынан от шығып, қамшыны күйдірді.

(Деректерде) ол қамшының алтыннан екендігі, аузынан от шыққан уақытта қамшы еріп, ақты деген сөз бар.

Жүсіп: «Сенің күмістен жасалған бір пұтың бар еді, оны не істедің?» – деді.

Зылиха: «Бір күні тұрып, сол пұтқа барып, сексен жылдан бері саған табынамын. Қартайдым, кемпір болдым. Бүгін сенен үш өтінішім бар, орында. Үш өтінішім мынау: (әуелі) жастық шағымды қайтарып бер, екінші – алғашқы сұлулығыма келтір, үшінші – көзімді аш, – дедім. Не десем де жауап бермеді. Ашуланып, ол пұтты ұрып сындырып, отқа жағып жібердім. Енді саған келіп тұрмын. Төрт өтінішім бар. Тәңір Алладан сұрап бер. Келіссең айтайын», – деді. Жүсіп келісті.

(Жүсіп): «Қандай өтініш?» – деді.

Зылиха: «Әуелі жастық шағымды қайтарып берсін, екінші – алғашқы көркімді берсін, үшінші – көзімді көретін қылсын. Осы үш өтінішімді орындаса, төртіншісін кейін айтамын», – деді. Жүсіп Жақып пайғамбардан дұға сұрады. Жақып дұға жасап еді, Зылиха жасарып, көрікті әдемі болды, көзі ашылды. Зылиха дереу иман келтіріп, мұсылман болды. Жүсіп: «Және қандай өтінішің бар?» – деді. Зылиха: «Келесі өтінішім, мені өзіңе некелеп ал», – деді. Жүсіп ашуланды. Оны сыртқа қуып шықты. Сол сәтте Жебірейіл келіп, Жақып пайғамбарға сәлем жеткізіп: «Ей, Жақып, Жаратушы Алла айтып жатыр, Жүсіпке айт, келіскен уәдесін орындасын, яғни қажетін өтесін, некелеп алсын», – деді. Жақып Жүсіпке Жаратушының жарлығын жеткізгенде, Жүсіп келісті. Той жарағын анықтап, неке қидырмақшы болды. Жаратушының жарлығымен Жүсіп пен Зылиханың некесін қимақ үшін Жебірейіл жетіп келді. Хауа анамыз бен Адам атамыздың некесін қиярда Жаратушы Алла өзінің пәк затымен құтба

оқып еді. Сол құтба Адам қиссасында айтылды. Жебірейіл сол құтбаны оқып, некелерін қиды. Мысыр халқының бәрі қуанды. Жақып пайғамбар Жаратқанға шүкіршілік етті.

(Деректерде) Жаратушы Алла Зылиханың көңіліндегі махаббатты Жүсіптің көңіліне салды дейді. Зылиханың көңіліне Алла Тағала өз махаббатынан салып еді, Зылиха Жаратқанға күндіз-түні құлшылық ете бастады. Жүсіп махаббатын ұмытты. (Деректерде) Жүсіп шақырса, Зылиха қашатын болды дейді.

Жүсіп: «Ей, Зылиха, осы күнге дейін мен сенен қашатын едім, сен соңымнан жүретіңсің. Енді мен сенің соңыңнан жүріп, сен менен қашатындай не болды?» – деді.

Зылиха: «Біраз уақыт мейірімді көріп, оған талпындым, енді мейірімді болып, оған сиындым», – деді. «*Уә һуә әл-ләтифу әл-хабиру*» («*Және Ол сондай нәзік, сондай хабардар*»). Ол күні ізет-құрмет көрдім, көңіл бердім, (енді) құрметті болып, оған қосылдым. «*Уә һуә әл-әзизу әр-рахим*» («*Және Ол сондай құрметті, сондай мейірімді*»).

(Деректерде) бір күні Жүсіп Зылиханы шақырды, Зылиха қашқанда ұстамақшы болғаны айтылады. Жүсіп қуып жүр еді. Зылиханың артқы етегінен ұстап еді, жыртылып кетті. Зылиха бұрылып: «*Иә Йусуфу һәзә қамиун биқамиун*» («*Ей, Жүсіп, мына көйлектің орнына көйлек болды*»), (яғни) «Көйлектің орнына көйлек жыртылды», – деді.

Хикаяда келеді: Бағдат халифы Харун әр-Рашид бір жылы Бағдат халқына астық беріп, бәрін сатып алып, құлшылық шартын берді. Бір күні: «Ей, Бағдат халқы, жайлауға шығындар», – деп жаршы шақыртып, жайлауға шықты. Қазынадағы алтын, күмістің бәрін қашырларға артып, құлшылық шартын (хатын) да ала шақты. «Ей, Бағдат халқы, мен бәріңді Жаратушы Алла разылығы үшін азат еттім. Және менің қол астымдағыларды да босаттым», – деп жаршы шақыртты да, шарттарды қайтарып берді. Барлық малын қайта үлестірді, халық өз дүниемүлкін қайтарып алды. Сол кезде бір күн мал-дүниеге қарамастан, азаттық шартын да алмады. Харунның етегін ұстады. Халық оны көріп таңданып: «Ей, бейшара, жұрттың бәрі азаттық келісіміне қол жеткізді, мал-дүние алды, сен неге алмайсың?» – деді. (Ол): «Мен барша халықтың мал-дүниені одан алып тұрғанын көріп тұрмын. Мен сол мал-дүниені қойып, мұның етегін тұтқан себебім – барша мұратым осыдан орындалады деймін», – деді.

Осылайша Зылиха: «Ей, Жүсіп, мен сені сүйдім, көңіл қойдым, жалындым, маған қарамадың, естімегенінде Жаратқанға қайттым. Сол есікке қайта жармасқанымда жастық шағымды, сұлулығымды, көзімді қайтарып берді. Мал-дүние мен құрметімді бұрынғыдан да көбейтті. Ақыры сендей сүйгеніммен қауыштырды. Ол есікті қалай қояйын, оның қызметін қалайша орындамайын», – деді. Мысыр халқы қуанып, мал-дүние тарту-таралғы жасады. Зылиха бәрін Жүсіптің бауырларына үлестірді. Жүсіп пен Зылиха он сегіз жыл өмір сүріп, бес ұл, екі қыз – жеті перзент сүйді.

(Деректерде) айтылады: Зылиханы Жүсіпке қосқан уақытта екеуі жалғыз қалды. Зылиха: «Ей, Жүсіп, мен сені осы күнге дейін жақсы көруімнің себебі – сенің көркін, сұлулығың бар еді. Сұлуды сүю айып емес. Екіншіден, (алғашқы) күйеуім әлсіз еді, маған жақындамайтын. Он сегіз жасымда оған тұрмысқа шыққалы бері онымен жар қуанышын көрген жоқпын, анадан туғандай пәкпін. Күйеуім мені мақтаса, менен өре тұра қашатын. Себебін сұрасам, мен саған қарасам, арқаңнан екі арыстан шығып маған атылады, солардан қашамын дейтін еді», – деді.

Жүсіп: «Ей, Зылиха, ол екі арыстан емес, періштелер еді. Жаратушы Алла жарлығымен сені кәпірден мен үшін сақтады», – деді. Жүсіп Зылихамен қосылған уақытта Зылиха анадан туылғандай пәк еді. Сол кезде Зылиха мына өлеңді оқыды:

Өлең:

Екі себептен сені сүйдім, ей, көңілдер зейнеті,
Болмады ойнастығымнан осы нәпсі қалауы.
Сенде көрік бар еді тартатын, мен де жаспын уылжыған,
Көрсен сұлуларды сүймектік пайғамбарлар сүннеті.

Алғашқы күйеуім Әзиз әлсіз еді белгілі,
Тірі кезінде баршаға белгілі еді бұл ісі.
Кенет күйеуім Әзиз жақын келсе мен жаққа,
Қашыратын оны менен екі арыстан айбаты.
Мен анадан туылғандаймын, міне, бүгін,
Бүгінге дейін денеме тимеді ер ләззәті.
Атайын шүкір етіп Жаратқанға құлшылық етіп,
Қайдан білінер әркімге осы нығмет бағасы.
Көрікте шексіз, ғашықтықта адал, патшалық, пайғамбарлық
бұл бәрі
Құлдарда көп үлесі бар Жаратушымыздың еңбегі.

(Деректерде) Жаратушы Алла пайғамбарларға қандай әйелді нәсіп етсе, ол әйелді Зылиханы Жүсіп үшін сақтағанындай, кәпірден сақтады делінеді.

САУАЛ: Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) Хадишаны беті ашылған қалпы алды ма?

ЖАУАП: Жаратушы Алла пайғамбарларға әйелдердің бұрынғы күйеулерімен әр түрлі нәрсеге себеп етіп, Мысыр Әзизі секілді әйелдерімен қосылдырмады.

Жиырма жеті жылдан кейін Жақып пайғамбар дүниеден өтті. Раиян патша әкесінің орнына отырды. Алайда барлық патшалықты Жүсіп білетін еді, әкесінен кейін жиырма төрт жыл өмір сүрді. Содан кейін үш ай, жеті күн ауырды. Өмірінің соңында мінажат етіп: «Тәңірім, маған патшалық, түс жору ілімін және шариғат ілімін үйреттің». *«Рабби қад 'әтәйтәни минәл-мулки уә әлләштәни мин тәумил-хәдис» («Ей, Жаратушым, Сен маған патшалық бердің және түстерді жору ілімін үйреттің»)*, – деді.

САУАЛ: Жүсіп айтқан патшалық қайда еді?

Мұның жеті түрлі ЖАУАБЫ бар.

Бірінші ЖАУАП: Жүсіпке іштарлық жасады, ол мұңға батты.

Екінші ЖАУАП: Сұлулық патшалығы еді.

Үшінші ЖАУАП: Көңіл патшалығы еді. Жүсіпті көргендер ғашық болды, көрмегендер есітіп ынтық болды.

Төртінші ЖАУАП: Жомарттық патшалығы еді. Аштық жылдары Жүсіптен асқан жомарт жан жоқ еді.

Бесінші ЖАУАП: Пайғамбарлық патшалығы еді. Он сегіз жасында пайғамбарлық келді.

Алтыншы ЖАУАП: Жаратушы Алла сынағына разы болып, бергеніне қанағат етті.

Жетінші ЖАУАП: Бәрінен бұрын Мысыр патшалығы еді...¹

¹ Қолжазбаның осы жерінде «Жүсіп пайғамбар» дастаны үзіледі де, бірден Мұса пайғамбар киссасы жалғасады.

МҰСА ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.) НЫҢ ҚИССАСЫ²

... «Жол беріңдер, Әбул Уалидқа кіріп айтар сөзім бар», – деді оларға. Олар күліп: «Әбул Уалид кім екенін білмейміз, бұл біздің тәңіріміздің сарайы» деп, Мұсаны келемеждеп, жол бермеді. Мұса: «Сендер жол бермеңдер, мен (бәрібір) кіремін», – деді. Мұсаны ұрмақшы болды. Мұса таяқ көтеріп, сарайдың есігін қақты. Есік ашылды. Мына қырық есікші жетім болды.

(Деректерде) Ферғауын есігінде үлкен майдандар бар екендігі, оның әрбірін зенгілер, хабаштықтар және дайламдықтар күзететіні айтылады. Алайда негізгі майдан басында арыстандар, барыстар, пілдер, иттер, доңыздар жататын. Жолбасшысыз ешкім де кіре алмайтын. Мұса сол майданның басына келген кезде барша аңдар оны көріп қорқып қашып, Ферғауынның алдына барды. Ферғауын оларды көріп шошып кетіп, есіктерін байлатты. Мұса есікке келіп, таяғымен ұрды. Оның үрейінен Ферғауынның сақалы ағарды. Есіктен кіріп Мұса таяғын жерге қойып еді, үлкен жылан болды. Басын көтеріп, аузынан от шығатын. Аузын ашып Ферғауынға атылды. Үстіңгі ерні Ферғауынның басынан бір қари үлкен, астыңғы ерні тақтың аяғынан төмен еді. Ферғауынды жұтқалы ұмтылды. Ферғауын қорқып тағынан жығылып түсіп, екі аяғы аспаннан келді. Құлдары Мұсаға иіле бастады. Мұса қолын қойнынан шығарып еді, күндей жарқырады. Көздері шағылысты. Бәрі шығып, Ферғауын секіріп, киімін сүйретіп қашты. Ақсақ болатын, (алайда) ол күнге дейін ешкім ақсақ екенін білмейтін. Ферғауын су бетіне тақ жасатып отыратын еді. Үлкен жерде дәрет сындырып, және тағына келіп отыратын.

(Деректерде) сол күні (Ферғауынның) қорыққанынын жүз рет дәрет сындырып, қырық рет сәнді киімін былғағандығы айтылады. Мұса мен Харун Ферғауын есігінің алдына барды. Бір жылға дейін кіре алмады. Ферғауынға кірген уақытта ол Мұсаны танып: «Кімсің?» – деді. Екеуі: «Тәңірдің пайғамбарларымыз, саған келдік», – деді. *«Инна расулу рабби әл-әләмин» («Әрине, біз барша әлемнің Жаратушысының елшілеріміз»).*

² Қолжазбада Мұса пайғамбар қиссасының бас жағы қамтылмаған. Жүсіп пайғамбар қиссасы бірден үзілген де, тақырып не тақырыпша да қойылмастан, бірден «Жол беріңдер» деген сөзбен Мұса пайғамбар қиссасы жалғасқан. Сондықтан да біз тақырыпшаны шартты түрде қойып отырмыз.

(Ол): «Неге келдіңдер?» – деді.

(Олар): «Жарлық мынау, Бәни Исраилды бізбен бірге жібер», – деді. «Ән әрсил мә'әнә бәни Исраил» («Бәни Исраилды бізбен бірге жібер деп»).

Ферғауын Мұсадан қорқатын еді. «Сені білмеймін», – деді.

Мұса: «Осынша жыл сенімен бірге едім, қалайша білмейсің?» – деді.

Ферғауын танып: «Мен сені кішкентайыңнан асырадым, неше жылдар менде болдың «'Әләм нураббикә финәә уәлидән уә либистә финә мин 'умурикә синийн» («Біз сені бала кезіңде өз ішімізде тәрбиеледік пе? Және сен өміріңнің біраз бөлігін біздің арамызда өткіздің»), жасайтынды жасадың, «Фә'әлтә фи'ләтәкә әл-ләтий» («Сен қылған қылмысыңды жасадың»), яғни «Қибтиді өлтірдің», – деді.

Мұса: «Жасадым, өлтірдім, алайда өлтіру ниетім жоқ еді. Менен кемшілік кетті... және сенен қаштым. Енді Алла Тағала маған пайғамбарлық берді», – деді. «Фә уәхәбә лий раби хукмән уә жә'әләни мин әл-мурсәлин» («Жаратушым маған патшалық берді және мені елші пайғамбарлардан қылды»).

Ферғауын: «Қандай пайғамбарлық алып келдің?» – деді.

(Ол): «Алла Тағала: «Кәпірлікті тастап, иман келтіріңдер» деп жатыр», – деді.

Ферғауын: «Тәңір мен екенімді білесің, жер-көкті мен жараттым, халық менің құлым», – деді.

Мұса: «Сенің бір шыбын жаратуға құдіретің жоқ. Енді келіп Тәңір менмін дейсің. Енді бас тарт, тәубеге кел, бәрін сенен кешірет. Және төрт жыл өмір берер, патшалығыңды кеңейтер. Барар жеріңді жұмақтан сайлар», – деді.

Ферғауынға бұл сөз ұнап қалып: «Ей, Мұса, еліңе қайт, кеңесшілеріммен ақылдасайын. Бәріміз иман келтірейік», – деді. Мұса қайтты. Бәни Исраил халқының бәрі осы сөзге қуанды. Ферғауын, Хаман және басқа да бектерімен жиылып кеңесті. Иман келтірмекке ойы болды.

Хаман: «Сен қателесесің, бірнеше жылдар бойы «Тәңірмін» дедің, Бүгін құлшылық қыласың ба? Қашқынды ұстай алмайсың ба? Елден қуып шыға алмайсың ба әлде өлтіре алмайсың ба? Мынау тұрған әскер басыларына айт, бір сағатта-ақ өлтіріп тастасын. Кім оған көмектесе, сонымен соғысайық», – деді.

Ферғауын: «Оның екі нәрсесінен қорқамын. Біріншісі – таяқты жерге тастаса, жылан болады, екіншісі – қолы ай-күндей жарқырап, көздерді шағылыстырады. Ешкім қарап тұра алмайды. Оны не істейміз?» – деді.

Хаман: «Сенің айтып отырғаның сиқыр. Ол бізден кетіп, сиқырлықты үйреніпті. Бізде де сиқыршылар көп. Олармен тартыссын», – деді де: «Мұса жоғары білімді сиқыршы», – деді. «Иннә һәзә ләсәххирун әлим» («Бұл, әрине, білгір сиқыршы»).

Ферғауын: «Бұл Мұса сиқыршылығымен сендерді елдеріңнен шығаруды қалайды. Сендер не дейсіңдер?» – деді. «Йуриду ән йухрижәкум мин әрзикум бисихриһи фә мәзә тәмурун» («Бұл өзінің сиқырымен сендерді отандарыңнан шығармақшы, сендер не дейсіңдер?»).

(Олар): «Сен жинал, олар да сиқыршыларды шақырсын», – деді. «Қалу әржиқ уә әхәху уәб'әс фил мәдәини хәширин» («Олар оған және оның бауырына «Уақыт бер және қалаларға адам жинаушыларды жібер», – деді»). Ферғауын барша сиқыршыларды шақыртты.

(Деректерде) жиырма бес мың сиқыршының келгені айтылса, тағы бір деректе отыз мың дейді. Сонша сиқыршының ішінен жетпісін таңдап алды. Тағы олардың ішінен төртеуін іріктеп алды. Біреуінің аты – Сабур, екіншісінің аты – Ғабур, үшіншісінің аты – Хатхат, төртіншісінің аты – Бахсафи. Оларға: «Бір үлкен сиқыршы келіпті, таяғын жыланға айналдырады екен», – деді.

(Олар): «Мұндай сиқыршылық оңай. Біз оны жеңсек, не бересіңдер?» – деді. «Әиннә ләнә ләәжран ин куннә нәхну әл-ғалибин» («Егер біз жеңіп шықсақ, бізге ақы беріле ме?»).

Ферғауын: «Не қаласандар, соны берейін және өзімнің қасымда ұстайын», – деді. *«Қалә нә'әм уә иннәкум ләминәл муқаррабин» («(Ол): «Ия, және маған жақын адамдардан боласыңдар»*). Біраздан кейін Мұса келді. Ферғауын иманға келеді деп үміттенді.

Ферғауын: «Неге келдің?» – деді.

Мұса: «Өткендегі сөзге келдім», – деді.

Ферғауын: «Біз де сиқыршыларды алып келдік. (Таяқты) таста көрейік», – деді.

Мұса: «Біз сиқыршы емеспіз, Тәңірдің пайғамбарларымыз. Жарлық мынау, иманға келіп, Бәни Исраил қауымын бізге бер», – деді.

(Деректерде) сол сәтте Хаман тұрып, Ферғауын үшін жауап бермек болғаны айтылады. Мұса Хаманды «Саған келген жоқпыз. Тыныш тұр, Ферғауынның (өзі) жауабын айтсын», – деп тиып тастады. Хаман Ферғауынның аузына сөз салып: «Сұра, кімнен келіпті, кімге келіпті, кіммен сөйлеспекші екен», – деді. Ферғауын сұрады.

Мұса: «Мені және сені жаратқан Тәңірдің жарлығын алып келдім», – деді.

Ферғауын: «Менің өзім Тәңірмін», – деді.

Мұса: «Сені Тәңір емессің. Сені мен менің Тәңірім бір Алла», – деді.

Ферғауын: «Сендердің Тәңірлерің кім?» – деді. *«Фәмән раббукумә йә Мусә» («Ей, Мұса, сен екеуіңнің Тәңірің кім?»*).

Мұса: «Тәңіріміз барша халыққа несібе берді, жол көрсетті», – деді. *«Қалә раббунә әл-ләзи ә'та куллә шайин халқәһу суммә һәдә» («(Мұса): «Біздің Жаратушымыз әр затқа жаратылу түрін берді (яғни жаратты) және кейін оған тура жолды көрсетті», – деді*). Айғақ келтірді. Ақыры наурыз күні жиналатын болды. *«Қалә мәу'идуһум йәум әз-зинәти уә ән йухшәран нәсу зухән» («(Мұса): «Сендерге уәде етілген күн сендер боянып шығатын мейрам күн және ерте адамдар жиылатын күн», – деді*). Жайлаудан алаң салып, мұнара тұрғызды, тақ орнатты. Ферғауын мен Хаман отырды. Ферғауын мұнара тұрғызды. Биіктігі қырық қари еді.

СИҚЫРШЫЛАРДЫҢ ЖАЛҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

(Деректерде) төрт мың рет төрт мың адам жиылды деген сөз бар. Бәни Исраилдың бәрі де сол жерден табылды. Алпыс қашыр жүгіндей сиқыршы алып келді. Солардың ішінен төрт жүзін жіберді деген сөз бар. Әрбірі өздерімен бірге бір жүк таяқ, бір жүк жіп алып келді. Жіптерді таяқтардың ұшына байлап, сынап құйды. Және (жақсылап) желімдеді. Ішіне сынап дайындады. Ферғауынның қарсы алдында қаруланған қырық мың салт атты және қырық мың қарулы жаяу әскер тұрды. (Деректерде) бұл оқиға Александрияда болды дейді. Сиқыршылар келді. «Біз Мұсаны жеңеміз деп», Ферғауынның атымен ант-су ішті. *«Қалу би'иззәти Фир'әунә иннә ләнәхну әл-ғалибун» («Олар: «Ферғауынның атымен ант-су ішеміз, біз, сөз жоқ, жеңіп шығамыз», – деді*). (Сиқыршылар): «Ей, Мұса, сен бірінші бастайсың ба әлде біз бастаймыз ба?» – деді. Мұсаны құрметтеді. (Деректерде) сол кезде Жебірейіл көкте тұрып: «Ей, сиқыршылар, Алла Тағала айтып жатыр, Сендер менің пайғамбарыма сен бірінші баста дедіңдер. Менің кеңшілігім мен жомарттығымның құрметі үшін, сендерге иман шапанын кигізгенге дейін осы күнді оларға тудырмаймын (аттырмаймын)», – деді дейді. Бір құмды жерге келіп, сиқырларын бастады. Күн ысыды. Күннің ыстығы жыландарға әсер етіп, сынап балқыды. Жіптер қозғала бастады. Халық жүріп жатыр деп ойлады.

САУАЛ: Мұса пайғамбар бола тұра неге қорықты?

ЖАУАП: Мұса ол сиқыршылардан қорықпады. Халық оны көріп, азбасын деп қорықты.

«Ей, Мұса, қорықпа. Сенің қолың биіктен табылады (Сен жеңіске жетесің). *Құлнәә лә тәхәф иннәкә әнтә әл-ә'лә* («Біз: «Қорықпа, әрине, сен жеңіп шығасың», – дедік»). «Ей, Мұса,

колындағыны шығар» деген дауыс келді. «*Уә әлқи мә фи йәминикә тәлкәф мә сәнә'у*» («*Және таста қолыңдағы нәрсені, ол сиқыршылардың жасаған нәрселерін жұтып жібереді*»). Таяқты тастады. Бұл таяқ үлкен бір жыланға айналды. Құйрығын қимылдатып Ферғауынға айбат шекті. Аузын ашып, сиқыршылардың бәрін жұтты. Мұса жыланды қолына алып еді, әуелгідей таяққа айналды.

(Деректерде) сегіз жүз сиқыршы еді, бәрін жұтты дейді. Сиқыршылардың үлкені Шамғунның көзі көрмейтін еді. (Бір деректерде) олардың ұстазы Юханна екендігі айтылады. Соған барып: «Жалғыз таяқ сиқыршыларымызды жеді», – деді.

Шамғун: «Ол сиқыршыны жеген соң жуандады ма әлде жоқ па?» – деді.

(Олар): «Жоқ», – деді.

Шамғун: «Біз де ондай сиқыршылық жасай аламыз. Алайда ұзын әрі жуан болады. Бұл жуандамапты. Мұсаның пайғамбар екендігі белгілі болды. Мен иман келтірдім, сендер де иманға келіңдер», – деді.

ПАЙДА: Қандай істі үйренсе, бәрін (толық) үйренеді. Шамғун сиқыршылықтың бәрін білетін еді, жылан шығармай, әуре болмай, хақиқатты біліп, иман келтірді.

Бәрі сәжде жасады. «Әлемдердің Жаратушысы, саған иман келтірдік», – деді (олар). «*Фә улқийәс-сәхәрату сәжидинә қалу әмәннә бирабби әл-әләмин*» («*Сиқыршылар сәжде жасап жығылды, әлемдердің Жаратушысына иман келтірдік, – деді*»).

Ферғауын: «Сондай «*Раббу әл-әләмин*» («*Әлемдердің Жаратушысы*»), – деді.

Олар: «Сені айтпаймыз, Мұса мен Харунның Тәңіріне иман келтірдік», – деді. «*Рабби Мусә уә Харунә*» («*Мұса мен Харунның Жаратушысына*»).

Ферғауын: «Менімен санаспастан иман келтірдіңдер. «*Қалә әмәнтурә ләһу қаблә ән әзәнә ләкум*» («*(Ферғауын): «Мен сендерге рұқсат берместен тұрып иман келтірдіңдер ма?» – деді*»). Сендердің өздерің Мұсамен тілдерің бір екен, ұстаздарың сол екен. «*Иннәһу ләкәбирукум әлләзий 'әлләмәкуму әс-сәхра*» («*Ол сендерге сиқыршылықты үйреткен үлкендерің*»), – деді де: «Қолдарыңды кесейін», – деді.

(Олар): «Саған келіп, қол қусырып қызмет қылғанша, қолымыздың кесілгені жақсы», – деді.

(Ферғауын): «Аяқтарыңды шабамын», – деді.

(Олар): «Бұл сарайға келіп қызмет істеген аяқтарды кескен артық», – деді.

(Ферғауын): «Бәріңді құрма ағашына асамын», – деді. «*Фә ләу қатти'әннә әйдийәкум уә әржүләкум мин хиләфин уә ләу сәллибәннәкум фи жузу'и ин-нәхли*» («*Мен сендердің қол-аяқтарыңды арт жағынан, сөз жоқ, кесемін және сендерді құрма ағашына, сөз жоқ, асамын*»).

(Олар): «Бізді ассаң, сенің тәңірлігіңнің жалған болғаны. Себебі біз жоғары шығып, сен төменде қалсаң, сенің тәңірлігің жалған болмай ма?» – деді.

Ферғауын: «Сендерді азаптап өлтірейін. Менің азабым қатты ма әлде оның азабы қатты ма, соны білесіңдер», – деді.

Олар: «Біз көрген нәрсемізбен сені айырбастамаймыз. «*Қалу лән нусиракә 'әлә мә жәәнә мин әл-бәйинәти*» («*(Олар): «Бізге келген ашық аяттардан әсте сені артық көрмейміз*», – деді»)). Сен бүгін бұ дүниеде не қаласаң, соны жаса. «*Фәқзи мә әнтә қазин иннәшә тақзий һәзиһи әл-хәйәтә әд-дунийә*» («*Не қаласаң соны жаса, расында сен тек ғана бұ дүниеде үкім ете аласың*»). Біз Жаратушыға иман келтірдік, сүйенеріміз сол. Ол бізді жарылқайды. Сен зорлап сиқыршылық жасатқандарды кешіреді. «*Иннә әмәннә бираббинә ләйәғфира ләнә хатайәнә уә мә әкрахтәнә 'әләйһи мин әс-сихри*» («*Әрине, Ол біздің қателеріміз және сен мәжбүрлеп жасатқан сиқырды кешірсін деп біз Жаратушымызға иман келтірдік*»). Сенің үкімің өткінші. Жаратушы Алланың үкімі мәңгілік. «*Уаллаһу хайрун уә әбқа*» («*Алла артық және мәңгілік*»)), – деді. Таңертең сиқырлық жасады, түсте иман келтірді, күн батқанда шаһид болып, жұмаққа аттанды.

АЙСАНЫҢ ҚИССАСЫ

Ферғауын Мұсаны өлтіремін деп шешті.

Айса: «Ұялмайсың ба, осыншама мұғжиза көріп, мұсылман болмадың, мұсылман болғандарды өлтірдің», – деді.

Ферғауын: «Сен де мұсылман болғандарға иман.. болма. Бұл істерды көріп, Мұсаның Тәңіріне сиынасың», – деді.

Айса: «Менің Тәңірім – Алла» деп, мұсылманшылықты қабылдады. Ферғауын Айсаны ұстатты. Қырық күн ас-су бергізбеді. Неше түрлі азаптаса да, қайтпады. Төрт темір қазықты жерге қағып, Айсаны керіп қойды.

(Деректерде) мұндай істі Ферғауыннан басқа ешкімнің жасамайтындығы айтылады. Айсаның сол қырық күнде оқыған дұғасы мынау еді: *«Рабби ибни ли 'индәкә бәйтән фи әл-жәннәти уә нәжжини мин Фир'әунә уә 'әмәлиһи уә нәжжини мин әл-қауми әз-залимин»* («Ей, Жаратушымыз, жәннатта өз қасыңнан маған бір үй салып қой және мені Ферғауыннан және оның ісінен және залым қауымнан құтқар»).

Алла Тағала Айсаның денесіне ешкімнің көзі түспесін деп, нұрдан бір мұнара жберді. Темір қазықтарда керіліп жатып шөлдеді. Жаратушы Алла жұмақтан шәрбат беріп, жарылқады. Алтын шынжырға ыстық күнде керіліп тұратын. (Шәрбатты) ішіп, жұмаққа аттанды. Содан кейін халық Мұсаға бұрылып, мұсылманшылықты қабылдай бастады. Ферғауын халыққа не істерін білмей, шарасыз қалды. «Менің Мұсамен жұмысым жоқ, өзім көкке жақындап, Мұсаның Тәңірін көрейін», – деді де, Хаманға: «От жақ, кірпіш күйдір, мұнара тұрғыз. Соған шығып, Мұсаның Тәңірі бар ма, жоқ па – көрейін», – деді. *«Фә әуқид ли йә Хәмәну әләт тини фәж'әл ли сәрхән лә'әлли әттәли'у илә иләһи Мусә уә инни ләзуннуһу мин әл-кәзибин»* («Ей, Хаман, мен үшін от жағып лайды күйдір және одан биік бір төбе тұрғыз, егер мен Мұсаның Құдайын көрсем, әрине, мен оны өтірікшілерден деп күдітенемін»). Хаман кірпіш күйдіріп, дайындалды. Ферғауыннан бұрын ешкім кірпіш күйдірмеп еді. Әк пен піскен кірпіштен мұнара тұрғызды.

(Деректерде) сол мұнараны биік қылғаны соншалық, күн түскенде оның көлеңкесі жүз иғаштық жерге дейін баратын еді дейді. (Тағы бірде) жерден мұнараның төбесіне дейін адамдар тұрып, қолдан-қолға беретін еді дейді. Кірпішті мұнараның төбесіне шығарғанға дейін екі күн, екі түн өтетін еді. Ферғауын мұнараға шығып, аспанға қарады, жерден көрінгеннен ешбір айырмашылығы жоқ екен. Басқа еш нәрсе көрінбеді. Түсіп: «Мұса өтірік айтыпты, көкте тәңір жоқ. Жер мен көктің тәңірі менмін, босқа сөйлепті, басқа тәңір жоқ», – деді. *«Мә 'әлимту ләкум мин иләһин гайри»* («Мен сендер үшін менен басқа тәңірді білмеймін»). Ферғауын Бәни Исраилдықтарға өкпелеп, артық қинай бастады.

(Олар): «Ей, Мұса, қиыншылығымыз арта түсті, Жаратушы Алладан сұра, бізге қуаныш сыйласын», – деді.

Мұса: «Сабыр етіңдер, Жаратушы Алла дұшпанды опат етеді», – деді.

Мұса Ферғауынға келіп: «Иман келтір, Бәни Исраилды маған бер, немесе дұға жасап, азап жібертемін», – деді.

Ферғауын Мұсаға: «Не қаласаң, соны жаса», – деді айқайлап. Мұса қырық күн-түн Жаратушыға дұға жасап, жалбарынды. Жебірейіл келіп: «Ей, Мұса, көңілің орнына түссін, азап келеді», – деді. Алла Тағала Мұсаға пайғамбарлықпен тоғыз нәрсе берген еді.

Әуелі – таяқ, екінші – жалтырайтын қол, үшінші – жарылыс, төртінші – қопару, бесінші – топан су, алтыншы – шегіртке, жетінші – күйе (бит), сегізінші – бақа, тоғызыншы – қан. *«Фә әрсәлнә 'әләйһим әт-туфәнә уә әл-жәрада уә әл-қуммәлә уә әз-зәфәди'ә уә әд-дәмә әйәтин муфәссәләтин»* («Кейін біз оларға сел топанын, шегіртке пәлесін, бит пәлесін, құрбақа пәлесін, қан пәлесін жібердік. Бұлардың бәрі ашық мұғжизалар еді»).

Топан келіп, жеті күні-түн жауын жауды. Мысыр іші суға толды. Халық далаға қашты. Ферғауынға келіп: «Тәңір болсаң, бізді судан құтқар», – деді. Ферғауын: «Бұл істі Мұса жасады, соған барып жалыныңдар. Бұл азап кетсе, иман келтірейін. Бәни Исраилды оған берейін», – деді. Мұсаға келіп жалынды. Мұса дұға жасады, топан су тоқтап, жер құрғады. Жас шөп өніп, гүлдер ашылды. «Жаңбыр азап-азап дейтін едік, сөйтсек бізге рахат екен» деп, иман келтірмеді. Мұса және қырық күн-түн дұға жасады. Осы қырық күн ішінде егін астықтары жайқалып өсті. Алла Тағала шегіртке жіберді, астықтарын жей бастады. (Көптігінен) ұшса, күн көрінбес болды. Жылап Ферғауынға келді. Ел ұлықтарына: «Сендер де бұлармен бірге барып, Мұсаға айтыңдар. Өткен жолы қара халық келіп еді. Қара халық шарасыз болады. Енді біз, ақсүйектер, келіп тұрмыз. Бұл азапты бізден кетіретін болсаң, біздер де иман келтіреміз. Бәни Исраилды саған береміз», – деп жалынды. Мұса келісіп, дұға жасады. Жаратушы Алла ыстық жел жіберді. Шегірткенің бәрін күйдірді. Несібеге астық қалды. Олар сөзінде тұрмастан, иман келтірмеді. Мұса және қырық күн-түн дұға жасады, және шегіртке келіп, қалған астықтың бәрін жеді. Кейбіреулер күйе болды дейді. Астықтарына күйе қаптады, біреу он сағу астықты диірменге алып барса, келгенше үш сағу қалатын еді. Ферғауынға және жалынып келді. Ферғауын өз қасындағы бектерін жіберіп: «Мұсаға айтып барыңдар, тағы біз үшін дұға жасасын. Бұл азап кетсе, мұсылман боламыз, Бәни Исраилды саған береміз» деңдер, – деді. Мұсаға келіп айтты. Пайғамбарлардың көңілі жұмсақ келеді, келісім беріп, дұға жасады, күйе жоғалды.

ШЕГІРТКЕ ҚИССАСЫ

Анас ибн Мәлік (Алла одан разы болсын): «Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) шегіртке келгенде мына дұғаны оқитын еді», – деді. (Сол дұға мынау): *«Аллаһумма әһлики әл-жәрадә Аллаһумма иқтә' дәйраһу Аллаһумма уқту әл-кибраһу уә әһлик сиграһу уә әфсид бәйзаһу уә хуз биәфуәһиһи ән мә'әйиһинә мин әрзәкинә иннәкә сәми'у әд-ду'ә»* («Ей, Алла, шегірткені жой, Ей, Алла, оның жолын тос, Ей, Алла, оның үлкендерін өлтір және кішкентайларын жой, тұқымдарын құрт, біздің несібемиз болып тұрған ризығымызды жеп қоятын аузынан ұста»).

Және Жабин ибн Абдулла риуаят етеді: «Омардың (Алла одан разы болсын) халифа кезінде шегіртке таусылды. Ешкім де шегіртке хабарын айтпады. Омар (Алла одан разы болсын) қайғырды. Шамға, Иеменге адам жіберді. Иеменнен бір уыс шегіртке алып келді. Омар оны көріп үш рет: *«Аллаһу әкбәр»* («Алла ұлық»), – деді де: *«Хәләқаллаһу тә'әлә әлфә уммәтин минһә ситтумиәтин фи әл-бәхри уә әрбә'әмиәтин фи әл-бәрри»* («Алла Тағала мың үммет жаратты, оның алты жүзі теңізде, төрт жүзі құрғақта (жерде)»). Мағынасы: «Алла Тағала жер бетінде мың түрлі мақұлық жаратты. Олардың алты жүзі суда, төрт жүзі жерде. Осылардың ішінде әуелі шегіртке жойылады. Содан кейін басқалар да жоғала бастайды, тізілген мөншәк үзілгендей азаяды», деп, Расул (ғ.с.)ның айтқанын естіген едім», – деді.

Мақсатымызға оралайық (Өз сөзімізге келейік). Шегіртке қалмаған уақытта: «Егініміз қалмады, не деп мұсылман боламыз», – деді. Мұса және дұға жасап еді, Жаратушы Алланың жарлығымен судағы барлық жәндік шықты. (Деректерде) Мұсаға (Алладан) жарлық жетіп, Нілдің жағасына келді дейді. Таяқпен ишара жасап еді, апыр-топыр бақалар бір-біріне ишара етті. *«Хәттә хәражәт мин әл-бәхри мисли ләйли әд-дәмиси»* («Теңізден бақалар түн қараңғысындай болып шықты»). Қараңғы түнек секілді шықты. Адамның желкесіне жабысты. Түнде жатып, таң ертеңгісін тұрды. Барлық арықтардағы су қан болды. Бәни Исраилдың арықтарынан солай су ақты. Бір қибти ол судан ішсе, өлді. Жеті күн қан ақты. Ферғауын аттанып су басына барды. Барлық арықтан қан ағып, тек Бәни Исраилдың арығынан ғана су ағып жатқанын көрді. Біреу: «Мен қатты шөлдедім» деп, аяқ басып, қолын суға салды. Қолы

тиген жер қан болды. Төңірегiнен су ағатын едi. Қибти да, Бәни Исраил да бiр жерден су алса, Бәни Исраилдың алғаны су болатын да, қибтидің алғаны қан болатын. Шарасы қалмады. Ферғауын ағаштың сөлін алмақшы болды. Жаратушы Алла күдiретiн көрсетiп, ағаштың сөліне қанбады. Одан бетер шөлдеп, амалы қалмай: «Мұсаға мен барайын, өзгелер келiсiм жасап, сөздерiнде тұрмады. Мен келiсiп, сөзiмде тұрайын» деп, Мұсаға келдi де: «Сен дұға жаса, мына пәле кетсiн, мен мұсылман болайын. Және Бәни Исраилды саған берейiн», – дедi. Мұса келiсiм бердi, дұға жасап едi, қан пәлесiнен айырылды. Су аға бастады. Мұса Ферғауынға келiп: «Сөзiнде тұр», – дедi. Ферғауын: «Бәни Исраилды берейiн. Мұнда тұрма, бұл аймақтан кетiп, аталарыңнан жерiне барыңдар», – деп Бәни Исраилды жiбердi. Мұсаға тапсырды. Малдарын бермеймiн дедi. Мұса Бәни Исраил ұрпағын жиып, дұға жасады. (Мынадай) жарлық болды: «Бәни Исраилдың ер-әйелдерi қибтилардың үйiне кiрсiн. Ертең бiздiң мейрамымыз бар. Малымызды бiзге берiңдер, киiм-кешек, құлақтағы, қолдағы нәрселердi бiзге аманат етiп берiңдер. Ертең мейрамамыз бiткен соң, қайтарып беремiз, – дедi». Жаратушы Алла қибти әйелдердiң көңiлiне мейiрiмдiлiк салды. Барлық алтын, күмiс жүзiк, бiлезiк, сырғаларын Бәни Исраилдың әйелдерiне шешiп бердi. «Түнде шығарда бiр-бiрiңдi тану үшiн есiктерiңе қан жағыңдыр» деген жарлық болды. Түннiң жарымында шықты. Жаратушы Алла қибтиларды терең ұйқыға батырды. Бiрде-бiр қибти оянбады. Сол кезде Мұса пайғамбардың көңiлiне Жүсiп пайғамбардың «Мұса менiң сүйегiмдi Кенанға алып барып көмедi» дегенi есiне түстi.

(Мұса): «Жүсiп пайғамбар сүйегiнiң қайда жатқанын бiлген жан бар ма?» (дедi).

Бiр кемпiр: «Мен бiлемiн», – дедi.

Мұса: «Айт», – дедi.

(Кемпiр): «Бiр өтiнiшiм бар, сол орындалмайынша айтпаймын», – дедi.

Мұса: «Қандай өтiнiшiң бар?» – дедi.

(Ол): «Менiң өтiнiшiм жұмақта сенiмен бiрге болу», – дедi. Мұса келiстi. Жүсiптiң сүйегiн алып шықты. Он екi қауым едi. Әрбiр қауымда жиырма мың ер адам бар едi. Мұса дұға жасап едi, қибтилардың дүние-малы тасқа айналды. Мұса жүз қырық мыңдай ермен жолға түстi. Харун әскермен соңынан ердi. Таң атысымен қибтилар оялды. Ферғауынға хабар жеткiздi. Ферғауын: «Әскер жиыңдар» деп жаршы шақыртты. Бәни Исраилдың жүктерi ауыр едi. Кәрi-құртаң, жас балалар көптiгiнен Мұса Бәни Исраилмен ақырын жүрiп отырды.

(Деректерде) үш жүз мың ермен үш күн жүргендiгi айтылады. Ферғауын атқа қонды. Жетпiс мың жасақ Мұсаның iзiне түстi. Күн шығар уақытта Мұсаның әскерiн көрдi. Мұсаның қауымы қорқып: «Ей, Мұса, алдымызда теңiз, артымызда жасақ», – дедi. «*Фә ләмма тәраәл жәм'әни қалә әсхәбу Мусә иннә ләмудрақун*» («Екi топ бiр-бiрiн көрген уақытта Мұсаның жолдастары бiз ұсталдық, – дедi»). Мұса: «Қорықпандар, Алла Тағала бiзбен бiрге», – дедi. «*Кәллә иннә мә'и раббi сәйәхдини*» («Жо-жоқ, әсте олай емес, Жаратушым менiмен бiрге, Ол тез маған тура жолды көрсетедi»). Суға жарлық болды. «Ей, Мұса, таяғыңмен теңiздi ұр», – (дедi). «*Фәнфәләқа фәкәнә құллу фирқин кәттәуди әл-'әзим*» («Дария екiге жарылды, оның әр жағы үлкен таудай едi»). Мұса: «Кiрiңдер», – дедi. (Олар): «Теңiздiң түбi балшық, қалай кiреміз?» – дедi. Жаратушы Алла жел жiбердi. Күннiң ыстығы бiр сағатта теңiз түбiн құрғатты.

САУАЛ: Күннiң көзi бiр рет түсiп, басқа түспеген әлемде қандай жер бар?

ЖАУАП: Нiл өзенi. Мұса аса таяғымен бiр рет ұрғанда су екiге жарылып, өзеннiң түбiне күн түстi, одан кейiн түскен емес.

(Бәни Исраилдықтар): «Ей, Мұса, мына он екi жолдың әрбiрiнен бiр тайпаның ұл-қызы кiрiп опат болса, екiншiсi көрмейдi», – дедi. Жаратушы ол тау секiлдi суларды көретiн етiп жаратты. Бәрi бiрiн-бiрi көретiн болды. Көңiлдерi тынышталды, суға кiрiп, жүре бастады. Сол сәтте Ферғауынның әскерi жетiп келдi. Ферғауын айғыр ат мiнiп едi. Теңiздiң он екi жолға бөлiнгенiн көрдi. Мұса оны көрiп қорықты. (Ферғауын) бұл Мұсаның мұғжизасы екенiн бiлсе де, әскерiне бiлдiрместен: «Менiң тәңiр екендiгiмдi бiлдiңдер ме? Су маған жол берiп тұр деп, шiренiп

кайтпақ болды», – деді. Сол кезде Жаратушы Алла Жебірейілді адам бейнесінде жіберді. (Жебірейіл) жас байталға мініп оның алдынан суға түсті. Ферғауын мінген айғыр оны көріп ...³ Ферғауын (ат) тізгінін қолынан шығарып, соңынан ерді. (Деректерде) Жаратушы Алланың төрт жүз періштені жібергені айтылады. Ферғауын әскердің соңынан деп ойлады. Қибтилардың бәрі кірді.

САУАЛ: Алла Тағала: «*Уә ин минкум иллә уәридуһә*» («Сендерден ешкім жәһәннам жағасына келтірілмей қалмайды») дейді, (яғни) сендерден ешкім де тамұққа кірмеген қалмайды. Пайғамбар, әулие, мұсылман, кәпір және бәрі... кіреді, мұсылман да кіреді. Мұсылман мен кәпірдің айырмашылығы неде?

ЖАУАП: Ніл дариясына Бәни Израил қауымының, (тіпті) Жебірейілдің де кіргенін көрмейсің бе? Ферғауынның әскерін бастап оларды опат етті. Өзі аман шықты. Осылайша мұсылман кәпірді бастап тамұққа кіреді, өзі шығып кетеді, олар сонда қалады. «*Суммән нунәжжил ләзинә әт-тәқау уә нәзару әз-залиминә фиһә жисийә*» («Содан кейін Құдайдан қорыққандарды құтқарамыз және залымдарды тез шөккен қалты сонда қалдырамыз»).

Қиссада былайша келеді: Мұса әскерінің бәрі судан шықты. Мұса бір биік жерде Бәни Израилдықтарды жиып Жаратушы Аллаға шүкіршілік етіп, мадақ айтты. Және: «*Йә 'ибәдаллах әбсиру фә инналлаһа қад әһләкә 'әдууәкум фи әл-бәхри*» («Ей, Алланың пенделері, қараңдар, Алла Тағала расында сендердің дұшпандарыңды теңізде опат етті»), яғни, Жаратушы Алланың құлдары, қараңдар. Алла Тағала анық дұшпаныңызды опат етті».

Барша қибтилар дарияға түсіп болған кезде, суға «аға баста» деген жарлық болды. Ферғауын суға шөккен кезде: «Иман келтірдім», – деді. «*Әмәнту әннәһу лә иләһә ләзии әмәнәт биһи бәнү Израилә*» («Бәни Израил иман келтірген Жаратушыдан басқа ешбір құдай жоқ екендігіне енді сендім»). Сол сәтте Жебірейіл бір уыс балшықты алып Ферғауынның аузына тықты. Енді иман келтіресің бе? Бұдан бұрын Жаратушыға қарсы шықтың, құдаймын дедің, жазықсыз Бәни Израил ұлдарын өлтірдің. «*Уә қад әсәйтә қаблу уә кунтә мин әл-муфсидин*» («Бұрын расында күнәһар едің, жаман жиіркенішті істермен айналысушы едің»).

(Деректерде) Ферғауынның бір күні Ніл дариясының жағасында аң аулап жүргендігі айтылады. Жебірейіл адам бейнесінде Ферғауынға келіп: «Менің құлым бар, сөзімді тыңдамайды. Мен айтқан істі істемейді. Оның жазасы қандай болады?» – деді.

Ферғауын: «Ондай құлды суға шөктіру керек», – деді.

Жебірейіл: «Мұндай үкімге сенен хат керек», – деді. Ферғауын хат берді. Сол хат Жебірейілде еді. Дария түбінде шөгіп жатқан шақта Жебірейіл сол хатты Ферғауынға көрсетіп: «Мынау сенің үкімің бе?» – деді.

«Ия», – деді.

«Жаратушыға қарсы шыққан, Жаратушы сөзін естімеген құл сенсің», – деп опат етті.

(Деректерде) Ферғауын өлген соң, Жебірейіл өзіне қайтып кетті. (Сонда) «Ей, Жебірейіл, Ферғауын иманға келер кезде тыныш қойғаныңда, иман келтіргенде менің жомарттығымның құрметі үшін қабылдап, жұмаққа кіргізетін едім» деген дауыс келді.

Мұса халқына: «Ферғауын әскерімен қайтыс болды», – деді, дейді. Бәни Израилдықтар: «Бір дауыс есіттік, алайда Ферғауынның қайтыс болғанын білмейміз», – деді. Ферғауын төрт жүз жыл тәңірмін деп жар салды. Бәни Израилды құл ретінде ұстады. (Сондықтан да) жүректері шайлығып, қорқатын еді. Көздерімен көрмейінше көңілдері тыншымастан, дарияның жағасына келді. Мұса Ферғауынның қалай опат боларын көрсету үшін Бәни Израилдықтарды дария жағасына тұрғызды. Адам (ата) заманынан Ферғауын заманына дейін суға шөккен өлікті сыртқа шығармайтын еді. Мұсаның көңілі тынышталсын деп, су өлікті сыртқа шығаратын болды. Ферғауынның өлігін су сыртқа шығарды. «*Кәнә Фир'әуну мулкән 'әлә шәтәил бәхри*

³³ Қолжазбада көрінбеген немесе оқылмаған жерге көп нүкте қойылды.

кәссәури әл-әзим» («Ферғауын теңіз жағасына үлкен өгіздей шығарылып тасталған еді»), яғни Ферғауын дария жағасында бір үлкен сиырдай болып жататын еді. «Фә әл-йәумә нунәжжикә бибәдәникә литәқунә лимән хәлфәуә (әйәтән)» («Сенен кейінгілерге үлгі болу үшін бүгін сенің денеңе көмек береміз»), оқығанда кездесетін «Фә әзрақнәһум әжмә'ин» («Және біз олардың бәрін шөктірдік»).

(Деректерде) Мұсаның Самири есімді нағашы әпкесі бар екендігі айтылады. Жебірейіл дариядан шыққанда ешкім Жебірейілді танымады. Самири таныды. Тануына себеп, Самиридің көзі Жебірейілдің атының тұяғына түсіп еді. Қай жерге тұяғын қойса, сол жер жасыл алқапқа оралатын. Самири аттан түсіп, Жебірейіл атының тұяғының орнынан бір уыс топырақ алып, сақтады. Бәни Исраилдан шығып тұрған жерде Амалиқа ұрпағынан Ферғауынмен қалған еді. Дария жағасында қалып, пұтқа табынатын. Ол пұт бұзау бейнесінде еді. Бәни Исраилдықтар оны көріп, Мұсаға: «Ей, Мұса, бір Тәңір жасап бер. Себебі ана халықтың тәңірі бар», – деді. «Қалу йә Мусә иж'әл ләнә иләһән кәмә ләһум әлиһә» («(Бәни Исраилдықтар): «Ей, Мұса, аналардың пұттары секілді бізге де пұт жасап бер», – деді»). Мұса: «Сауатсыз екенсіңдер, мына пұтқа табынбаңдар. Бұған табынғандардың бәрі адасушы. Ақыры опат болады. «Иинә һәуләәи мутәббәрун» («Әрине, олар опат болушылар»). Сендерге Жаратушы Алладан басқа Тәңір керек пе? Ол біздерді кеңшілігімен құтқарды, өз құдіретімен дұшпандарды опат етті», – деді.

МҰСА (Ғ.С.) НЫҢ ШАМҒА БАРҒАН ҚИССАСЫ

Бәни Исраилдықтар Мысырға барып, қалған қитбиларды өлтіреміз, олар бізге не істеген болса, оларға соны жасаймыз деп үміттеніп еді. (Алайда) Жаратушы Алланың қалауы болып, олардың арманы орындалмады. «Аталарыңның жері Шам аймағында, сонда барыңдар» деген жарлық келді. Ертесіне жолға түсті. Ол уақытта Ферғауынның ұрпағы болмағандықтан, Мысырды Хаман билейтін еді. Ферғауыннан кейін Хаман жеті жыл өмір сүрді. Содан кейін дүниеден өтті. Қырық жыл Хаман ұлдары Мысырда патшалық құрды, қырық жылдан кейін және даладан келіп Мысырды алды.

(Бәни Исраилдықтар) Шамға жеткен кезде «Ол кенттерге кіргендерінде бәрің сәжде жасандар, тілдеріңмен кешірім сұраңдар, тәубе етіндер» деген жарлық келді. «Хитта» тең, яғни «Хиттәтун 'әләйнә зунубунә әлләзи иртәкбәнә би әл-ихтийәри әл-әснами» («(Ей, Алла!) пұттардың ықтиярымен жасаған күнәларымызды кешір»), (яғни) Пұтқа табынған күнәларымызды кешір деген сөз. Бәрі сәжде жасап кірді. Шам халқы қарап тұрды. Және бір жерде былай сөйлемесін деп, Алла Тағала жаза қылды, жақсылары, тазалары ол жарлықты орындады, жастары, тексіздері ол іске немқұрайды қарап, «хиттата» деместен, тілдерін бұрап «хинтата» деді. «Фә бәддәләл ләзинә заләму қаулән ғайра әлләзи қилә ләһум» («Олардың залымдары оларға айтылған сөзді басқа сөзге өзгертіп жіберді»). Сол кезде Шұғайып дүниеден өткен еді. Мұса Тур тауына жетті. «Шық» деген жарлық болды. Шықты. Алла Тағала Мұсамен сөйлесті. Мұса шарифат сұрады, орындалды. Тәурат атты кітапқа уәде болды. Отыз мың пайғамбар Тәураттың шарифатымен жүріп еді. Бәни Исраилға құрмет еді. «Ей, Мұса, сендерді пайғамбар ұрпағы еттім. Біразы пайғамбар, біразы патша болады. Біразын ғалым етіп, басқа халықтардан жоғары еттік. Сендерді жақсылар қатарына қойдым. Жарлыққа мойынсұныңдар, күнәһар болмаңдар. Менің разылығымды қаласаңдар, Иемен аймағына барыңдар. Аталарыңыздың Амалиқа есімді дұшпаны бар. Олармен соғысыңдар, сендерге жеңіс сыйлайын», деген жарлық келді. Мұса қуанып, Тур тауынан түсті. Бәни Исраилдықтарға (Алланың) жарлығын жеткізді. Қуанып, қаруланып жолға шықты. Амалиқа ол хабарды есітіп, қатты қорықты. Ферғауынның қайтыс болғанын естіген болатын. Олар өте ұзын бойлы, күшті

еді. Оларды адилықтар деп атады. Мұсаға адам жіберіп, өздерінің күші мен айбаты туралы айта келіп, азаптайтынын жеткізді. Мұса: «Мен сендерден қорықпаймын. Өз еркіммен келген жоқпын. Мен Тәңірдің пайғамбарымын. Мені сақтаған Жаратушы Алла. Иман келтіріңдер, олай болмаса соғысамыз. Ол қорқып....»

АДИЛЫҚТАРДЫҢ СИПАТЫ

(Деректерде) әрбірінің бойлары үш жүз аршын, көкіректерінің ені он жеті аршын болатын дейді. Мұса он екі адамды оларға тыңшы етіп жіберді. (Олар): Рубил ұрпағы Заказ ұлы Шамил, Шамғун ұрпағынан Жазғин ұлы Сабит, Яхуда ұрпағынан Сури ұлы Жадди, Ашитар Қафа ұрпағынан Мәлік ұлы Салул, Бағса ұрпағынан Куқиш ұлы Жай, ... ұрпағынан Хамал ұлы Харлабил, Лауи ұрпағынан Мәликие ұлы Жулайын, Жүсіп ұрпағынан екеу: Нұн ұлы Юшағ және Ашуш ұлы Хурри, Ямин ұрпағынан Дәфрин ұлы Фалтама. Бұлар түнде жүріп, күндіз тығылды.

Елге жақындаған уақытта бір жүзім бағына кірді. Жүзімдік иесі жеміс алғалы келгенде бұларды көріп қалып: «Қайдан келдіңдер?» – деп сұрады. Қорыққанынан бәрін айтып берді. Алтауын бір жеңіне сұғып, жеміс терді. Көтеріп, елге кірді. Патшаның сарайына барды. Бұл он екісін жемістермен бірге патшаның алдына қойып: «Мына адамдар бізге дұшпандық ойлап келіпті», – деді. Патша: «Мына ұсақтар қандай ел?» – деді. «Бұлар тайпалық ел. Сенбесеңіз бұлардың біреуіне айтыңыз, атыма жем берсін», – деді. Патша солай істеді. Олардың аттары үлкен еді. Аттарынан ақырлары биік еді. Оған шыға алмағандықтан, қазықтарын ақыр жаққа қақты. Адилықтар қызығып тамашалап тұр еді. Ол қазыққа шығып, және қазық қағатын. Осылайша ақырға шығып, атқа жем берді. Түсіп, тағы жем салғанша ат жемді тауысатын. Атқа жем берместен бұрын, жемге дәрет сындырды. Зәр тигендіктен, ат жемей қойды. Оны көріп адилықтар патшаға айтты, патша оларды өлтірмекші болды. (Патшаға) әйелі: «Бұлардың қолынан не келеді дейсің? Қойып жібер, барсын. Сіздің күшіңізді оларға айтып барсын, қорыққандарынан жоламасын», – деді.

Олардың (адилықтардың) біреуі алтауын көтеріп бір аяғына, қалған алтауын көтеріп келесі аяғына қойып базарды аралатты. «Мұндай адамдар да қастық оймен келе ме?!» – деп базардағылар күлді.

Патша оларға азық үшін бір тал жүзім берді. (Олар) көтере алмады. Бір ұзын ағашты жүзімнің ортасына тығып, жіппен байлады. Алтауы бір жағынан, қалған алтауы екінші жағынан иықтарына салып көтерді. Үйлеріне жеткенше оны азық қылды. Жолда ақылдасып: «Адилықтарды осылай десек, қорқып ешкім де соғыспайды», – деді. Әйелдерге жетіп келіп Нұн ұлы Юшағ айтты. Әйелдер бұл сөзді есітіп, күйеулеріне айтты. Барлық еркек затының жүректері шайлығып, Мұсаға: «Біз ол елге бармаймыз. Олар күшті екен», – деді. «*Қалу йә Мусә иннә лән нәдхуләһә әбәдән мә дәму фиһә фә ин йәхружу минһә фә иннә дәхилун*» («*Бәни Исраилдықтар*): «*Ей, Мұса, егер сол залымдар сол қалада болса, біз оған әсте кірмейміз. Егер олар сол қаладан шықса, онда біз кіреміз*», – деді»).

Мұса: «Кіріңдер, деген (Алланың) жарлығы болды», – деді.

(Олар): «Сен Тәңіріңмен бірге барып ұрыс, біз осында отырайық», – деді. «*Фәзхәб әнтә уә раббукә фә қатилә иннә хәһунә қа'идун*» («*Сен және Жаратушың екеуің барып ұрысыңдар, біз болсақ осында отырамыз*»). Мұса Алла Тағалаға жалынып: «Менің бұларға шамам жоқ. Мен және бауырым бар. Сол екеуміз барып соғысайық. Мына пасықтардан бізді құтқар, айыр», – деді. «*Инни лә әмлику иллә нәфси уә әхи фәфруқ бәйнәнә уә бәйнә әл-қауми әл-фәсиқин*» («*Мен тек қана өзіме және бауырыма иемін, пасықтар мен біздің ортамызды бір-бірімізден айыргын*»). «Бұлардан айырма, олар қайтамыз дейді, оларға жолды жабамыз. Қырық жыл

далада қалып, елге бармайды. Олар үшін қайғырма, сені сақтаймын», – деді. «Қалу фә иннәһә мухәррамәтун 'әләйһим әрбә'инә сәнәтән йәтихунә фи әл-әрзи» («Алла Тағаладан жарлық болып, бұл қала олар үшін қырық жылға дейін харам етілді. Оған дейін олар жер бетінде айналып жүретін болды»).

АЙДАЛАДА ҚАЛҒАН ҚИССАСЫ

Отыз күн бойына Мұсаға келіп, айқайлап: «Біз мұнда опат болдық. Бізді мұнда не үшін ұстап тұрсың? Тұр, бізді бір жаққа алып бар. Немесе рұқсат бер, кетейік. Сен қайда барсаң да, өз еркің», – деді. Мұса таңертең жолға түсті. Кешке дейін жүріп, мақсатқа жеттік деп ойлады. Таңертең тұрған жеріне келгенін көрді. Жанында азықтары таусылып, қара малын жеді. Шарасыз қалып, Мұсаға жалына бастады. Мұса: «Бәрі күнәларыңның кесірі», – деді де: «Тәңірім, бәрі де Сенің құлдарың. Надандық жасады. Бұларды опат ететін болсаң, Жақып пайғамбардың ұрпағынан сені Бір деген (Сенің жалғыздығыңа иман келтірген) ешкім де қалмайды. «Аллаһумма урзуқна мин фәзлик» («Ей, Алла, өз кеңшілігіңмен бізге ризық бер»). Кеңшілігіңмен бізге несібе бер», – деп дұға жасады. Алла Тағала (оның) дұғасын қабылдады. «Мәннә уәс-сәлуә» керемет қылды. «Мәннә» – жантақ шекері, «сәлуә» – қуырылған бөдене еті. Осылайша он күн шекер жауар он күн жегенше, олар жесін деп, қуырылған бөдене жауды. «Уә әнзәлнә 'әләйкум әлмәннә уә әс-сәлуә» («Және сендер үшін аспаннан «мәни» деп аталатын тәтті күлшелерді және «сәлуә» деп аталатын бөденеге ұқсас құстарды түсірдік»). «Ей, Мұса, таяғыңды тасқа соқ» деген (Алладан) жарлық келді. Соғып еді, он екі жол ашылды. «Фә қулнәз риб би'әсәкә әл-хәжәр фә әнфәжәрат мин хуснәтә 'әшәра 'әйнә» («Біз оған: «Асаңмен тасты ұр», – дедік. Ол ұрды, тастан он екі бұлақ көзі шықты»). Әрбір қауымға бір жол ағатын су болды. Өз арықтарын білетін еді. «Қад 'әлимә қуллу мәшрабәһум» («Әр тайпа өзінің ішетін орнын біліп алды»). Бір жыл осылай тұрды. Шапандары, киімдері, шатырлары ескірді. Күннің ыстығына шыдай алмай, Мұсаға жалынды. (Мұса) дұға жасап еді, бұлт пайда болып, жаңбыр жауа бастады. Әрбірінің бойына лайық жас нәрестеге дейін нәресте есейгенше түн ұзаратын еді. Ай ескіріп, қараңғылық болса, Жаратушы Алла көктен бір сандық жарық жіберетін. «Уә заләлнә 'әләйһумул гамәмә» («Және бұлтты олардың үстіне саябан етіп қойдық»). Қырық жыл осылайша күн өткізді, шекер жеп, қуырылған ет жеп, киім киіп, бұлт көлеңкесінде тұрды. Кім босаса, қайғырады деген мәселе де бар. Тойғанынша ет, шекер жеді. (Олардың) біреуі тамақ жеп болғаннан кейін, сол еттен алып, ертең жеймін деп қойып еді, түнде ет сасып кетті. Сол түннен бері түнге қалған тамақ саситын болды.

ХАБАРДА келеді: Расул (ғ.с.): «Ләу лә бәну Исраилә мә хубизәт тә'әму кәттә хәдис» («Егер Бәни Исраил болмағанда, тамақ пісірілмеген болатын еді»). Бәни Исраил болмаса, піскен тамақ қалатын еді», – деді.

(Олар) және: «Ей, Мұса, дұға жаса, Алла Тағала жерден шыққан көкөніс, жеміс, сарымсақ, жуа берсін», – деді. «Фәд'у ләннә раббәкә йухриж ләнә мин мә тунбиту әл-әрзу мин бәқлиһә уә қиссәиһә уә фумиһә уә әдәсиһә бәсәлиһә қалә ә тәсдәб дилунәл ләзи һуә әднә би әл-ләзи һуә хайр» («Біз үшін Жаратушыңнан сұра, жерде өсетін көкөністерден, бидайынан, ноқатынан, пиязынан шығарсын. Мұса: «Жақсы нәрсені одан төмен нәрсеге айырбастайсыңдар ма?» – деді»). Мұса: «Үстіңгі нығметті қойып, астындағы нығметті қалайсыңдар», – деді.

(Деректерде) осы қырық жыл ішінде тырнақтары өспеді, шаштары тарақты қажет етпеді, киімдері тоздады дейді. Кір болса, отқа салатын еді. Кірі жанып, киім жанбайтын. Осылайша қырық жыл далада қалды. Алайда «Бәл'әм бә'ур» дұғасымен қалды деген сөз жалған. Оны тыңдамады. Олар өз кесірінен далада қалды.

ПАЙДА: Ол далада Мұсаның дұғасымен дайын киімдер киіп, дайын азық жеді. Біз күнәһарлар Мұхаммед Расулұлла (ғ.с.)ның дұғасымен жұмақтың нығметін жеп, Жаратушы дидарын көрсек, танданатын түгі де жоқ.

ТӘУРАТТЫҢ ҚИССАСЫ

(Бәни Исраилдықтар): «Ей, Мұса, Жаратушы Алла маған кітап жібереді деп уәде етіп едің. Енді сұра, сол кітап келсін», – деді. Мұса Тур тауына келіп, мінажат етіп: «Тәңірім, Сен кімнің не сұрап жатқанын білесің», – деді. Жаратушы Алла «Тәурат» атты кітапты Мұсаға берді. Он лаухқа (тақта) жазылған мың сүрелі аят (еді). (Деректерде) лаух – жасыл зәбәржәттән еді десе, біреулер қызыл жақұт дейді. Тәуратты жазған қаламның дауысын Мұса есітетін еді. Бұл лаух он рет Мұса алдында енді. «Көтер» деген жарлық келді. Мұса көтермеді. Жаратушы Алла әр сүре сайын бір періште жіберді, көтере алмады. Әрбір әріп бір аят сайын бір періште жіберді, көтере алмады. Әрбір әріп сайын бір періште жіберді, тағы да көтере алмады. (Сонда) Мұсаға бір рет: *«لَا خَالِدَ لَهُمْ فِيهَا وَلَا يَمُوتُونَ فِيهَا»* («Күш қуат пен құдірет тек Алланың көмегімен болады») де деген жарлық келді. Мұса осы сөзді айтқанында Тәуратты жалғыз өзі-ақ көтеріп, қауымына келді. Бәни Исраилдың үлкен-кіші, ер-әйелі жеті күні-түн күйіп тұрды. Мұса келіп, басқа жерге кетті.

(Мұса): «Алла Тағала мына кітапты сендерге жіберді. Ибри тілінде (түскен) бұл кітапта жеті мың бұйрық бар, құлшылықта жеті мың тыйым бар, күнәға жеті мың үгіт (насихат) бар, жеті мың жақсылық пен ізгілік бар», – деді.

Мұны естіген Бәни Исраилдықтар: «Бұларды кім ұстайды? Мұны сақтағаннан табынып жүрген ана бұзауымыз артық», – деді.

Мұса: «Сендер қандай адамсыңдар? Өздерің кітап сұрадыңдар және өздерің қаламайсыңдар», – деді де: «Тәңірім, мен бұларға жеткіздім, өзің біл», – деді. Мұсаның әскері он екі иғаштық жерге түсетін еді. Жәбірейілге жарлық болды, Палестина тауларынан сонша әскерді басушы тауды түбінен қопарып әкеліп, олардың бастарының үстінде ұстады. *«وَأَنْزَلْنَا مِنَ السَّمَاءِ مَائِدًا لِلْبَنِي إِسْرَائِيلَ وَأَنْزَلْنَا فِيهَا تَائِدًا لِلْبَنِي إِسْرَائِيلَ وَأَنْزَلْنَا فِيهَا تَائِدًا لِلْبَنِي إِسْرَائِيلَ»* («Біз (Бәни Исраил) қауымының үстіне Тур тайын саябан секілді көтеріп тұрдық, егер Біздің бұйрықтарымызға мойынсұнбасаңдар, үстеріңе тастап жібереміз»). Мұса: «Қабылданғандар, қабылдамасандар мына тау үстеріңе құлап, бәріңді де басады», – деді. Қаламады, тау еніп, төбелеріне тиді, үстін басты, жүзіне түсті. Тізесін жерге қойып, жарты көздерімен тауға қарады. «Бұдан артық түссе, қабылдайық, түспесе, қабылдамайық», – деді. Тау түсіп, тізелеріне тигенде қабылдады.

Осы күні жөйттер: «Аталарымыз осылай пәледен құтқарды», – деп, солай намаз оқиды.

МҰСА ПАЙҒАМБАРДЫ АЗАПТАҒАН ҚИССАСЫ

Әлем мақтанашы болған Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) Хақ пәрменін жеткізген уақытта, Жаратушы Алла: «Ей, иман келтіргендер, сендер Мұсаны азаптаушылардан болмаңдар. Менің жарлығымды сендерге жеткізгенде өзін (оны) жалған деп есептемей, тура деп қабылданғандар. Мұсаны бірнешеуі айыптады. Жаратушы Алла Мұсаның айыбы жоқтығын оларға білдірді» деген жарлық жіберді. *«يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَتَّبِعُوا هَذِهِ السُّبُلَ الَّتِي اتَّبَعُوا وَمَنْ يُتَّبِعْ هَذِهِ السُّبُلَ فَسَوْفَ يَكُونُ مِنَ الْخَاسِرِينَ»* («Ей, иман келтіргендер, сендер Мұсаны қинаған адамдарға ұқсамаңдар. Кейін Алла оны (Мұсаны) олардың айтқан айыптарынан ақтаған болатын»).

Мұса пайғамбар ұялшақ болатын. Өз тәнін өте жасыратын. Бірнешеуі (оны) алапес деді. Біразы удра бар деді. Удра деп ұятты жердегі ісік (атайды). Күндердің бір күні Мұса іш киімімен суға түсті. Киімін бір тастың үстіне қойды. Киімін тас алып қашты. Мұса іш

киімімен судан шықты. «*Зә' сәубий йә хәжәру*» («Ей, тас, таста киіміңді») деп, соңынан (қуып) келетін еді. Ашуланғанынан жалаңаш екенін ұмытып кетті. Тас халықтың қасына келді. (Халық) Мұсаның тәнінің аппақ, әдемі екенін көрді. Алапес те емес. Іш киімі де денесіне жабысып тұр. Ұятты жерінің ісігі жоғын да көрді.

Кейбіреулер: «Азар дегеніміз алдында жүрсе – тәкаппар, ортада жүрсе – қорқақ, ал соңында жүрсе – қуғыншыдай бізді сұрар» дейтін. Тағы біреулер: «Азар дегеніміз Харунды сен өлтірдің деді», – дейді.

Мұса Тур тауына бара жатып Харунның қабірінің жанынан өтті. Мұса: «Ей, Харун», – деп шақырды. Жаратушы Алла Харунды тірілтті. (Мұса): «Харун сені кім өлтірді?» – деді. (Харун): «Жаратушы Алла ажал жіберді, өлдім. Мені ешкім де өлтірмеді», – деді. «*Фә бәррә'әһуллаһу миммә қалу*» («Кейін Алла оны (Мұсаны) олардың айтқан айыптарынан ақтаған болатын») дегені осы еді.

МҰСА ПАЙҒАМБАРДЫҢ ДИДАР ТІЛЕГЕН ҚИССАСЫ

(Олар): «Ей, Мұса, Тәңірмен сөйлестім дейсің. Біз де пайғамбар ұрпағымыз, сенімен ағайын-туыспыз. Бізді де алып бар. Жаратушы Алланың сөзін есітсек болар еді», – деді. Мұса дұға жасап еді, «Айт, үлкендерін сенімен жіберсін, (Алланың) сөзін есітсін» деген жарлық келді. Мұса турашыл қарияларды іздестірді. Жетпіске жетпейтін алпыс шақты қария шықты. Жарлық болып, әр тайпадан бір жігіттен шығарды. Он екі жігіт болып, (бәрі) жетпіс екі (адам) болды. Мұса: «Екеуі қайтсын, қалғандары менімен бірге жүрсін», – деді. Ешкім көнбестен, Юшағ ибн Нун мен Келлу ибн Буфна екеуі қайтты. (Ол екеуі): «Бізге мына барғандардың сауабы болады ма?» – деді. (Мұса): «Болады», – деді. Отқа күйместен құтылды. «*Уәхтәра Мұсә қаумәһу сәб'инә ражулән лимқатинә*» («Мұса Бізбен кездесу үшін өз қауымынан жетпіс адамды таңдап алды»). Харунды орынбасар етіп тағайындап еді. «Отыз күннен кейін келемін» деп, Тур тауына шығып, отыз күн бойына ораза тұтты. Жемеді, ішпеді. Сөйлесетін уақыт болған уақытта шахтут ағашының қабығымен аузын сүртті. «Не үшін былай жасадың?» деген жарлық келді. Мұса: «Аузымның сасық иісі кетсін деп солай жасадым», – деді. «Ораза ұстаған адамның аузынан шыққан иістің менің қасымда жұпардан да жағымды болатынын білмедің бе?! Ей, Мұса, тағы он күн ораза ұста, (сонымен) қырық күн аяқталсын», – деді. «*Уә әтмәһнәһ би'әшрин фә тәммә микәту рабиһи әрбә'инә ләйлән*» («(Уәде етілген отыз түнге) Біз және он түн қостық, осылайша Жаратушының уәде еткен уақыты қырық түн болды»).

Зулхижжа айының тоғызыншы күні тау етегіне жиналды. Мұса: «Сендер осында қалындар, мен тауға шығайын, сендер соңымнан келерсіңдер, (Алланың) сөзін есітерсіңдер», – деді. Солай жасады, (Алланың) сөзін естіді, қуанышқа бөленді. (Олар): «Ей, Мұса, Тәңірді ашық көрмейінше сені мойындамаймыз», – десті. «*Лән нуминә ләкә хәттә нәраллаһа жәһратән фә әхәзәтһуму әс-саиқату*» («(Ей, Мұса) Құдайды әшкерә етпейінше, саған әсте сенбейміз. Кейін олардың үстеріне найзағай оты келіп түсті»). От келіп, бәрін күйдірді. Мұса не істейін деп қайғырды. Мұса оларды алып барды, бәрін опат етті. Мұсаның барлық айтқан сөзі жалған десті. Жаратушы Алла сол кезде бәрін тірілтті. «*Суммә бә'әснәқум мин бә'ди мәутиқум*» («Кейін өлгендеріңнен соң сендерді тірілттік»). Мұса: «Енді білдіңдер ме?» – деді. (Олар): «Білдік, есіттік», – деді. Мұса пайғамбар Жаратушыдан жалынып сұрады. Олар Бәни Исраил арасында халифа болды. Бірі патша болса, енді бірі пайғамбарлыққа жетті. Ғұлама болды, турашыл болды. Тәуратты сырттай оқитын болды. Мұсамен бірге үйлеріне қайтып келді.

Кейбіреулер «Мұсаның дидар талап еткені басқаша болған» дейді. Мына дерек дұрыс емес. Дидар талап еткені жеті айдан кейін болған еді. Арада біраз уақыт өткен соң (олар): «Ей,

Мұса, бізге керемет көрсетемін деп уәде беріп едің. Бүгінге дейін болған жоқ. Қайта барып, дұға жаса, мүмкін, Жаратушы Алла қабылдар», – деді. Мұса Харунды қайтарып, оларға басшы етті. Өзі Тур тауына барып, (Алланың) сөзін есітіп, қуанды. «Сөз құдіреті бұлай болса, дидар нығметі бұдан да артық болар» деп дұға жасап: *«Иләһи житукә талибән рағибән сәилән мутәззәри'ән литут'ийәни мә мәнә'тә мин гайри әсәлукә йә зәл-'әзәмәти уә әс-султан ән турани лиәнзура иләйкә. Қалә лән тәрани»* («Ей, Тәңірім, мен Сенің алдыңа басқаларға бермеген үлкен нығметті маған берер ме екенсің деп, өтініп, сұрап, жалынып, жалбарынып келдім. Ей, ұлықтық пен салтанат иесі, маған жамалыңды көрсет, мен бір көрейін. (Алла Тағала): *«Мені әсте көре алмайсың»*, – деді»), – деді.

«Ей, Мұса, үлкен сөз айттың. Ешкімнің де бұлай сөйлеуге шамасы жоқ еді» (деген жарлық келді).

Мұса: «Өлсем, Сені көріп, өлейін. Арманым сол», – деді.

«Ей, Мұса, сен әлсізсің» деген жарлық келді.

Мұса: «Көремін», – деді.

«Ана тауға қара, тау орнында қалса, сен Мені көресің» деген жарлық келді. Және: «Екі таудың арасындағы тасқа отыр» деген жарлық жетті. Мұса келіп, тас үстіне отырды. Жаратушы Алладан алғашқы қабат көктің періштелеріне жарлық келді. Бәрі сиыр бейнесінде жерге енді. Тау төңірегін төрт иғаштық жерге дейін ұстады. Найзағай ойнап, жел тұрды, көк күркіреді. Періштелер дауыстап, тәспі, тәһлил айтты. Тағы екінші қабат аспанның періштелері арыстан бейнесінде жерге түсті. Олар да дауыстап тәспі, мадақ айтты. Ол періштелердің төңірегін орады. Мұса қорқып, сәждеге бас қойып: «Тәңірім, мені мына үрейден құтқар. Өз тілегіме пұшайман болдым», – деді. Жаңағы періштелердің үлкендері: «Ей, Мұса, әлі бәрін көрмепсің», – деді. Және бүркіт бейнесінде үшінші қабат көктің періштелері еніп, олардың айналасын қоршады. Ауыздарынан от шығатын. Алла Тағалаға тәспі, тәһлил айтатын. Мұсаның асып-сасқаны соншалық, барша әлемнің күйгенін көріп, тіршіліктен күдерін үзді. Және төртінші қабат көктің періштелері аппақ қар бейнесінде жерге енді. (Бәрі) тәспі, тәһлил айтатын. Және ауыздарынан жалын атып, бесінші қабат көктің періштелері келді. Тағы алтыншы қабат көктің періштелері келіп, оларды қоршады. Қолдарында құрма ағашының оттан, көзден тура, қызыл жақұттан таза. Қатты дауыспен: *«Субухун құдусун раббул 'иззәти әбәдән лә йәмут»* («Алла пәк, қасиетті, құрмет Иесі. Ол әсте өлмейді») деп айтатын. Мұса есінен танып қалды. Әуелі жылап: «Тәңірім, мұнда тұрсам...» *«Раббул 'иззәти лә йәмуту әбәдән»* («Құрмет Иесі. Ол әсте өлмейді»), – деп дауыстады. Сол сәтте Жаратушы Алла тәжәлли нұрын жаңағы тауға салды. Тәжәллидің мағынасы ашылу деген сөз. «Ей, Мұса, мына тауға қара, орнында қалса, мені көресің» деген жарлық келді. *«Уә ләкин унзәр илә әл-жәбәли фә ин истәқарра мәкәнһу фә сәуфә тәрани»* («Алайда сен тауға қара, егер ол шыдап тұра алса, онда сен Мені көресің»). Тау өлемін, шықсам күйемін. Және Арсыны көтеріп тұрған періштелер келді. Барлық періштелер бірігіп: *«Суббухән құддусән»* («Алла) пәк, қасиетті») деп айтып жатқан кезде (Мұса) тауға қарап еді, (таудың) быт-шыты шықты.

Абдулла Салам мен Кағбул Ахрар (Алла олардан разы болсын) айтуынша, тәжәлли нұры ине тесігінен шыққанындай болатын. Сәйиди Имам кішкентай саусақтай екенін айтқан. Анас ибн Мәлік: «Расул (ғ.с.): «Бас бармағын кішкентай саусағының ұшына қойып «осындай» еді деген» мәлімет келтіреді.

Шайқы Хасанның айтуынша, Алла Тағала тауға қарап: «Менің дидарымды көре алмайсың» деген. (Содан) тау еріп, су болып жерге сіңген (көрінеді). Бұған Мұса қарап тұрған.

(Деректерде) жетпіс хижабтан орта бармақ көлеміндей тәжәлли нұры көрінгендігі айтылады. Тау алтыға бөлініп кетіп, Туар, Сабир және Хира бөлшектері – Меккеге, ал Ухуд, Уарқа және Рауза бөлшектері Мединеге түскен.

Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) айтуынша, сол күні барша сулар тартылып, барлық аурулар жазылып, жындылар түзеліп, барлық тікендер төгілген. Жер беті жасарып, гүлдеген,

мұғтардың оты өшкен, барша пұт бетін жапқан. «*Фә ләммә тәжәллә раббуһу ли әл-жәбәли жә'әләһу дәккән*» («Оның (Мұсаның) Жаратушысы тауға жамалын көрсеткен уақытта, тау шыдай алмай быт-шыты шықты»).

Абдулла (Алла одан разы болсын) ның айтуынша, «*Жә'әләһу турабән*», (яғни) топырақ болған. Суфиянның айтуынша, жерге сіңіп, суға батқан. Имам Атия Ауфидің айтуынша, ағар құмдай болған. Дәйләми әл-Ләхмидің айтуынша, таулардағы үңгірдің бәрі тәжәлли нұрына толған.

Мұса естен танып, бетін жапты. «*Уә хәрра Мусә сә'иқан*» («Мұса естен танып құлады»). Ол күн бейсенбі, арафа күні болатын. Ертесі құрбан күні Тәурат түсті.

Заххақтың айтуынша, Мұса үш күн-түн естен танып жатқан. Періштелер келіп: «*Йә ибнән нисәил хәйизи ләқад сәәлтә раббакә суәлән 'әзимән фи гәйри уәқтиһи*» («Ей, хайыз көрген әйелдің баласы, сен Жаратушыңнан үлкен сауалды орынсыз сұрадың»), яғни пәксіздік көрген, ей, әйел баласы, Алла Тағаладан орынсыз үлкен бір тілек сұрадың», – деді. Үш күннен кейін (Мұса) өзіне келді де, айқайлап: «Тәңірім, бұл тілектен тәубе еттім. Саған сенгендердің алғашқысы менмін», – деді. «*Фә ләммә әфәқа қалә субхәнәкә тубту иләйкә уә әнә әууәлә әл-мумининә*» («(Мұса) есін жиган уақытта: «Ей, пәк Алла, мен тәубе еттім, мен мүміндердің алғашқысымын», – деді»). Расында Сені ешкім де (пенделік көзбен) көре алмайтынын білді. Періштелерің де шыдай алмаған, Сені қалайша көрсін?! «Ей, Мұса, сені пайғамбарлықпен (сүйіншілеп), кәләм (кітап) сыйладым. Саған берілген кітапты ал, маған шүкіршілік жаса» деген жарлық келді. «*Инни истәфәйтукә 'әлә ән-нәси бирисәләти уә би кәләми фә хуз мә 'әтәйтукә уә кун мин әш-шәкирин*» («Мен сені пайғамбарлықпен және Менімен сөйлесу секілді үлкен нығметпен адамдар арасында ерекшеледім. Енді не берсем соны ал да, шүкір етуші пенделерден бол»).

САУАЛ: Мұса дидар (Алланы көруді) қалады, бермеді. Хикметі не?

ЖАУАП: «Ей, Мұса, нәпсің фәни (жалған), көзің фәни, дүние фәни. Фәни нәпсімен, фәни көзбен, фәни дүниеде бақи (мәңгілік) Жаратушы дидарын қалай көрмексің?! Сабыр ет, нәпсіңді бақи етейін. Содан кейін бақи сарайда, бақи дидарымды көресің» деген сөз жатыр дейді (біреулер).

ТАҒЫ ЖАУАП: Кәләм Мұсаның сыйы еді, берді. «*Уә кәлләмаллаһу Мусә тәклимән*» («Және Алла Мұсамен сырласып сөйлесті»). Достық Ибрахим сыйы еді, берді. «*Уә әт-тәхәзаллаһу Ибрахимә хәлилән*» («Және Алла Ибрахимді өзіне дос етіп алды»). Түс Мұстафа (Осы жер Жүсіп болуы мүмкін – Т.Қ.) сыйы еді, басқаларға бермеді.

ТАҒЫ ЖАУАП: (Алла) Мұсамен сөйлесіп жатқан кезде бір тастың үстінде отырған шайтан қызғанып, Мұсаға: «*Мә'ә мән тәкәлләму*» («Кіммен сөйлесіп тұрсың?»), яғни «Кіммен сөйлесіп тұрсың?» – деді. Мұса: «*Мә'аллаһу тә'әлә*» («Алла Тағаламен»), яғни Тәңірмен сөйлесіп тұрмын», – деді. Шайтан: «Тәңірдің сөзі екенін сен қайдан білесің? Мүмкін, періште немесе шайтан шығар», – деді. Мына сөз Мұсаға қатты әсер етіп, шайтанға ашуланып: «*Рабби әрини әнзур иләйкә*» («Ей, Жаратушым, жамалыңды көрсет. Сені көрейін») деп, (Алланың) дидарын көруді қалады. «*Лән тәрани*» («Көре алмайсың»), яғни «Мені көре алмайсың, себебі Шайтанның азғыруымен сұрап тұрсың» деген жауап келді. Және «*Мутәзили уә қаддәра 'әләйһим әл-лә'нә*» («...Мутәзили, оларға лағынет болсын») бізге айғақ етеді. Тәңірді көру мүмкін емес. Егер көру мүмкін болғанда, Мұса көретін еді.

«Лән» сөзі құптау емес деп жауап береміз. Алла Тағала жөйттер хәлінен хабар беріп, (олар) әсте өлімді армандамайды дегенін көрмейсің бе? «*Уә лән йәтәмәннәһу әбәдән*» («Олар оны (өлімді) әсте армандамайды (ойламайды)»). Дүниеде сұрамады, алайда ақыретте армандайды.

ТАҒЫ ЖАУАП: Жөйттер Айшаны анамыз демейді. Біз: «Дұрыс айтасындар, сендердің аналарың емес, біздің – мұсылмандардың анасы», – дейміз.

ТАҒЫ ЖАУАП: Тәңірдің жүзін көру мүмкін емес, (сол себепті) Мұсаға нәсіп болмады. Дидар көру дұрыс еместігін сұрау пайғамбарларға қалайша орынды болсын.

ТАҒЫ ЖАУАП: Алла Тағала дидарына тау қозғалуымен байланыстырды. Таудың қозғалуы Алла Тағаланың құдіретімен (алғанда) дұрыс. Сол себепті дидар көру де дұрыс. Қосымшасы бар: орынсыз нәрсені сұрады, бермеді.

Өлең:

Изи румтә әл-әмәни
Қалбә уәқтин фә ләстә биуәжидин тилкә әл-әмәни
Фә кәну суәлә Мусә қаблә уәқтин
Фә жә'ә жәуәбу «лән тәрәни».

ТАҒЫ ЖАУАП: Біреу патша сарайына келіп, «патшаны көрейін», – дейді. «Бүгін патшаны көруге болмайды, алайда басқа күндері көрсе болады», – дейді. *«Хәрра Мусә сә'иқан бинәфсиһи фә әфәқа биқалбиһи уә сәббәхә билисәниһи фәс-сә'ку хәззул әбдән уә әл-ифәқату хәззул жинән уә әи-тәубәту хәззул-лисән»* («Мұса) денесімен естен танып құлады, кейін жүрегімен есін жиды, тілімен тәспі айтты. Себебі естен тану, құлау – дененің ісі, есін жию – жүректің ісі, тәубе жасау – жүректің ісі») деген сөз бар. Жебірейіл (ғ.с.) осы аятты Мұстафа (ғ.с.) ға алып келген кезде: *«Уә ләммә жәә Мусә лимиқатинә уә кәлләмәһу раббуһу қалә әрини әнзур иләйкә фә уәсәбә расулун 'әләйһи әс-сәләму хинә қара Жибрилу лән тәрәни фә сәқатан нәбийу 'әләйһи әс-сәләм лиәннәр руйәтә хәззуһу дунә ғайриһи»* («Мұса уәделескен жерімізге келгенде және оның Жаратушысымен сөйлескенде: «Ей, Жаратушым, Сен маған өзіңді көрсет, мен Сені көрейін», – деді. Жебірейіл «лән тәрәни», яғни «Мені әсте көре алмайсың» деген аятты оқыған уақытта, Расул (ғ.с.) орнынан ұшып тұрып кетті де, кейін пайғамбар (ғ.с.) үнсіз қалды. Себебі Алланың жамалын көру – тек Мұхаммед пайғамбардың несібесі, басқалардыкі емес»), яғни Мұса: «Тәңірім, дидар көрсет, Сені көрейін», – деді. Расул секіріп тұрды. Сонда Жебірейіл: «Қалә лән тәрәни» (жерін) оқыды. Расул (ғ.с.): «Дидар менің несібем. Мен (әуелі) көрмейінше, ешкімге нәсіп болмас» деп отырды.

Жаратушы Алла Мұсаға он екі себептен дидар көрсетпеді деген сөз бар: Бірінші, орынсыз сұрады. Себебі дидар баршадан биік тұрады. Одан төмен нығметтері болмай тұрып, үстіңгі нығметтің болуы орынсыз. Екінші, Мұсаның көзі қыли еді, жерге, тауға қарайтын. Ұлық дидарға лайық емес еді. Үшінші, фәни көз бақи дидарға қайшы еді. Төртінші, ол сәтте Мұсаның көзі Шайтанды көріп тұр еді. Дұшпанды көрген көз достың жамалын көруге жарамайды. Бесінші, Мұса сүйіктіден (Мұхаммед пайғамбар) басқа дидар сұрады, бермеді. Яғни сабыр ет. Ақиқат жоғары және басқа пайғамбарлар ақіретте жыласа, және Мұстафа Әмин келсе, сонда көресің. Алтыншы, машақатсыз дидар көрейін деді. «Оңай болар. Оңай болған нәрсенің құрметі болмайды. Біраз машақат ет, біраз сабыр ет. (Сонда) берсек рахаты ұзақ болады», – деді. Жетінші, Мұса Тур Синаға келіп, Мұхаммед Мұстафаның және Тәңірдің үмметтерінің сипатын есітіп, Тәңір Тағаладан Мұхаммедтің (дидарын) сұрап еді. Қабыл болған еді. Тәңірдің дидарын сұраған кезде: «Ей, Мұса, менен сүйіктінің (Мұхаммед пайғамбардың) дидарын сұрағаныңды ұмыттың ба? Енді сабыр ет. Әуелі сүйіктінің дидарын көр. Оның рахатын сезінгеніңде ғана менің дидарыма қол жеткізесің. Сегізінші, «Ей, Мұса, кім бізді көрсе, барша машақаттан сақтаймыз. Сен тағы машақаттар тарт, көрге кір, қиямет жағдайын көр. Сабыр ет. Осы қайғыдан өткеннен кейін ғана Бізді көресің». Тоғызыншы, саған дидар көрсетсем, барша пайғамбар, әулиелер қайғыда болады. Мен достарыма қайғыны лайық көрмеймін. Оныншы, қонақтарға үй иесі әуелі қымбатты нығметтерді алып келмейді. Қонақтардың үлкендері, хастары дайын болғанда ғана ұлы нығметтерді алып келеді. Ей, Мұса, менің құзыретімде бәрінен құрметті Мұхаммед Расулулла. Дидар нығметін оған көрсетпейінше, сен көрмейсің. Он бірінші, Мұса пайғамбар: «Дидар көрсет, Сені көрейін», – деді. *«Мән әнтә хәттә йәнзура иләйиә»* («Менің жүзіме қарайтын сен кімсің?»), (яғни) «Сені көрейін дейтін сен кімсің?!» Сөйлеу мәнерін үйретті. *«Хифзу әл-әдәб мин шәраит әл-мәқал»*

(«Сөз сұраудың шарттарының бірі – әдепті сақтау»). Он екінші, дидар сұрады, бермеді. Егер бергенде сауалдың сыйлығы болатын еді. «Әс-суал уә ин қаллә уә ән-науәл уә ин жәллә» («Сұрақ – кішкентай болса да сұрақ, сыйлық – кішкентай болса да сыйлық») деген сөз бар. Жаратушы Алла дидарын сауалға сыйлық болуын қаламады. Сол себепті Иса (ғ.с.) сауалы бай дастарқан еді, берді. Ибрахимның сауалы құстардың тірілуі еді, берді. Ол сыйлық сауалға лайық еді, алайда Жаратушы дидарын сауалға лайық еместігі үшін бермеді.

ТАҒЫ ЖАУАП: Ибрахимнің, Исаның сауалы жасауда еді, берді. (Алайда) Мұсаның сауалы жасаушы да еді, бермеді.

ПАЙДА: Мұса дидар сұрағанда «Тауға бар» деген жауап келді. Тауға қарады. «Лән тәрәни» жауабы келді, яғни ақиқат, ей, Мұса, біздің дидарымызды қаласаң, неге тауға қарадың? Миграж түнінде барша періштелерді Мұхаммед Мұстафаға көрсетті. Көзінің қиығын да салмады. «Ей, Мұхаммед, Жаратушының сипатына қарамайсың ба?» – деді. (Мұхаммед ғ.с.): «Әнә мәшгулун бис-сани'и лә бис-сун'и уә әнә мәшгулун бил-мәлики лә бил-мәмлүки» («Мен шебершімен айналысып жатырмын, оның жаратқан шеберлігімен емес. Мен патшамен айналысып жатырмын, оның қол астындағы бағыныштыларымен емес»). Сол үшін де Алла Тағала Құранда дана жарылқады: «Мә зәғал бәсару уә мә таға» («Назар тоймады және шектен де аспады»).

САУАЛ: Мұсаның естен тануында қандай хикмет бар еді?

ЖАУАП: Екі хикмет. Біріншісі, тауға шықты. Жаратушының сөзін есітіп, риза болды. «Мендей адам бар ма екен?» – деп қуанды. Жаратушы Алла оны қаламады. Арсы нұрын Мұса нұры біріктірді. Тауға тастады, тау жарылды. Мұса тауға қарады. Жетпіс мың ер көрді. Өзі секілді киім киіп, қолына аса таяғын алып, «Әрини әнзур иләйкә» («...жамалыңды көрсет. Сені көрейін»), – деп айқайлап жатыр. Мұса оны есітіп: «Жалғыз ынтық менмін», – дейтін. «Мендей ынтықтар көп екен», – деп сәжде жасады. Естен танды.

Мұсаға дидар болмауына себеп бұлар емес еді деген де сөз бар. Оның себебі дүниеде дидар көру үш түрлі болады. Не досқа беріп, дұшпанға бермейтін, немесе дұшпанға беріп, досқа бермейтін, немесе екеуіне де береді. Досқа беріп, дұшпанға бермесе, ертеңгі қияметте айғақ ететін еді. Оларға дидар көрсеттің, иман келтірді. Бізге де көрсетсең, иман келтіретін едік. Кәпірге беріп, мұсылманға бермесе, бұл да дұрыс болмайтын еді. Себебі дидар барлық нығметтен де артық. Алла Тағала мейіріміне лайық болмайтын. Егер олай жасаса, мұсылман мен кәпірдің арасында айырмашылық болмайтын еді. Осы хикмет дұрыс. Дүниеде (Алланың) дидарын көру дұрыс еместігі белгілі болды. Жұмақта мұсылмандар көреді. «Кәллә иннәһум ән раббихим йәумәизин ләмәхжубун» («Жо-Жоқ, әсте олай емес, олар сол күні Жаратушыларының жамалынан берік бөгетпен мақұрым қалады»). Кәпірлер көрмейді.

ХИКАЯ: Бір әйел «Алланың дидар(ын) көрсе, мен де көріп қалайын» деп, Мұсаның артынан тауға барды. Мұсаның «Лән тәрәни» үндеуін есітіп, таудан түскенін ол әйел көрді. (Әйелдің) екі көзі шығып, өз қолына алып жүр екен. Мұса (себебін) сұрады. Әйел: «Ей, Мұса, үміттеніп келіп едім, болмады. (Енді) мына көз маған керек емес деп, жұлып алдым», – деді.

(Деректерде) Тәжәлли нұрының Мұсада көрінетіндігі айтылады. Кімнің көзі Мұсаға түссе, өмір бойы көзі көрмей қалатын. (Кейбіреулер) (тіпті) қиямет күніне дейін соқыр болып қалатын еді дейді. Сол себепті де Мұса жүзін ешкім көрмеу үшін бетперде киіп жүретін.

ХИКАЯДА келеді: Мұса таудан түсіп келе жатып, бір әйелге қарсы келді. (Ол әйел) Мұсаға: «Жүзінді аш, көрейін», – деді. Мұса жүзін ашты. Әйел қарап еді, екі көзі соқыр болып қалды. Мұсаға жалынып: «Алла Тағаладан сұрашы, көздерімді қайтарып берсін», – деді. Мұса дұға жасап еді, көздері ашылды. (Әйел): «Көзінді аш, тағы бір көрейін», – деді. Мұса ашты. Көріп еді, және соқыр болып қалды. «Дұға жаса», – деді (әйел). (Дұға) жасап еді, ашылды. «Тағы көрейін», – деді. Мұса: «Соқыр боласың», – деді. (Әйел): «Ей, Мұса, тәжәлли нұрын көрмей көзім ашық жүргенше, көріп соқыр болып жүргенім жақсы», – деді. Мұса жүзін ашты. Әйел қарап еді, көздері соқыр болып, сол қалпы қалды.

ҚАРЫН (ОҒАН ЛАҒЫНЕТ БОЛСЫН) ҚИССАСЫ

Мұса пайғамбардың нағашы әпкесінің ұлы еді. Бір күні Мұса Ферғауынға (Алланың) жарлығын жеткізгелі бара жатып, бір қайыршыны кездестірді. Мұсадан бір нәрсе сұрады. Мұса: «Менде саған беретін еш нәрсе жоқ», – деді. Қайыршы: «Өте мұқтажбын», – деп жалынды. Қарын Мұсаға сәлем бергелі келе жатыр еді. Қарын алыстан дәруішпен көрді. Мұсаны көрсе, бір нәрсе сұрар деп жасырынды. Мұса: «Осында. Ферғауыннан үйге келген соң, саған бір зат берейін», – деді. Дәруіш: «Өте мұқтажбын, төзімім жоқ», – деді. Мұсаның намысына тиген уақытта: «Жерде көрінген шөптерді жи, құрғат. Содан соң біраз темір, не қола, не қорғасын, немесе мыс тапсаң, еріт. Осы құрғатқан шөптен оған азырақ сал. Бәрі де қып-қызыл алтын болады», – деді. Дәруіш Мұсаның жалған сөйлемейтінін білетін еді. Ол сөзге сеніп, қайтты. Мұсаның бұл сөздерін Қарын есітіп тұрған еді, алайда Мұса Қарынды көрмеді. Мұса кетіп қалған соң, Қарын Дәруіштен: «Мұса саған не берді?» – деп сұрады.

Дәруіш: «Еш нәрсе бермеді, алайда шөптерді мыспен араластырса, алтын болатынын айтты», – деді.

Қарын: «Ей, Дәруіш, Мұса сенен құтылу үшін айта салған. Бұл не сөз? Одан да барып несібеңді тер», – деді. Дәруіш үйіне келді. Қарын ол шөптерді жиып, құрғатты. Темір, қола, мыс, қорғасынды балқытты. Ол шөптен азғантай араластырып еді, қызыл алтын болды. Әрбірі мың батпан темірге, қолаға, қорғасынға бұршақтай сол шөптен салса, қызыл алтынға айналатын. Жаратушы Алланың құдіретімен Қарын жеті күні-түн бойына алтын жасады. Кеніштен қазына тұрғызды. Әрбір кенішке бір алтыннан кілт жасатты. Кілттері көбейді. Көтреу қиын болды. Қашырға артып еді, қашыр көтере алмады.

(Деректерде) жеңіл болсын деп, әрбір кенішке сиыр терісін кептіріп, бармақтай кілт жасатты дейді. Қырық қашырға артып еді, көтере алмады. Әрбір қашырдың жүгі төрт жүз батпан еді. Төрт құс өгіздей жерді сарай жасатты. Шатырларының кірпіші бір алтын, бір күмістен (болатын). Екі кірпіштің арасына жұпар, зағпыран жақты. Інжу, гауһарлармен безеді.

Төсеніштерінің бәрі алтыннан, інжуден, гауһардан. Әскер жорыққа шықса, елу мың адам шығатын. Бәрінің атының жүгендері алтыннан еді. Бастан аяққа дейін жүзі, шашы қызыл алтын еді. Күннің көзіндей жарқырайтын. Өзі әскер арасында қара көзді, жалы, құйрығы ақ қашырға мініп, төрт жүз құлдар қыздың киімін киіп, және төрт жүз күн ұлдардың киімін киіп, бәрі қашырға мініп шығатын. Халық оны көріп, дүниеге деген махаббаты артып: «Ей, қане енді, мына Қарынға берілген мал-дүние бізге де бітсе еді», – дейтін.

«Йә ләйтә ләнә мислә мә утийә Қаруну иннәһу ләһу һәззин 'әзим» («Бізге де Қарынға берілген мал-дүние берілсе зой. Расында ол шексіз үлкен байлыққа ие»). Алайда о дүниені қалағандар: «Сендерге қарағанда Алла Тағаланы Бірлігін мойындағандарға (жақсы), ізгі амал жасағандарға Жаратушының сауабы артық. Сабыр түбі сары алтын» дейтін. *«Уә қалә әл-ләзинә уту әл-'илмә уәйләкум сәуәбуллаһи хайрун лимән әмәнә» («Олардың ішіндегі ілімділері: «Түрлеріне қара, иманды пенделер үшін Алланың сауабы жақсы» дейтін»).*

Хабарда келеді: Мұса пайғамбар әр күні Бәни Исраилдықтарды жиып, мінбеге шығып мәжіліс жасап, үгіт-насихат айтатын. Қарын да алтын пияла шығарып, Мұсаның қарсы алдында құйып, әншілер дайындатып, оң-солына құлдар отырғызып алып, арақ ішетін. Мұса шыдап тұратын еді.

Хикаяда келеді: Бір күні Қарын бір Шамит есімді жеңіл жүрісті әйелге мың алтын беріп: «Мұса мәжіліс жасап тұрған жерге барып халықтың көзінше: «Ей, Мұса, сен басқаларға насихат айтасың. Өзің болса менімен таң атқанша бірге болып, арақ ішесің. Енді келіп, халыққа үгіт-насихат айтуыңа жол болсын» деп айт», – деді. Шамит мың алтынды алып,

Мұсаға келді. Алла Тағала оның көңілін жібітіп, жаңағы сөздерді айтқызбады. Мың алтынды алып келіп Мұсаның қарсы алдына қойды да: «Мынаны маған Қарын берді. Барып, Бәни Исраилдықтардың көзінше осылай деп айт, – деді. Енді келдім, тәубе еттім», – деді. Бәни Исраилдықтар оны есітіп аң-таң қалды. Мұса ашуланып: «Ей, Раббым, осы күнге дейін сабыр еттім. Басқа шыдамым қалмағанын Сен білесің», – деді. «Ей, Мұса, Бәни Исраилдықтарға айт, «Сендерді құдіретіммен жараттым. Пұтқа табындындар, оны Тәңір дедіңдер. Пәлелер жібердім, маған қайтпадындар, Мені ұмыттындар. Ферғауынды опат еттім, қайтпадындар. Енді әрбірің ұшар көк жалау қылып, бір оңынан, бір солынан, алдын, артын шарлаңдар. Оны көрсеңдер, басқа көкті сағынып менің берген нығметіме шүкір етіндер» деген (Алладан) жарлық келді. Мұса (Алланың) жарлығын жеткізді. (Олар): «Ей, Мұса, сен және Қарын (да) жалау аласыңдар ба?» – деді. Мұса мінажат жасады. «Сендер Менің пайғамбарымсындар. Бүгін мені алмаңдар» деген жарлық келді. (Олар): «Ей, Мұса, сендер алмайынша, біз де алмаймыз», – деді. «Үш күн уақыт береміз, алмаса, пәле жіберемін» деген (Алладан) жарлық келді. Он екі қауым еді. Тоғыз қауым шарасыз алды. Үш қауым алмады. Біреуі – Қарын, Яхуда ұрпағынан елу мың адам. Екіншісі – Маряб, Рубил ұрпағынан елу мың адам. Үшіншісі – Афзим, Яғсар ұрпағынан отыз мың адам. «Бәни Исраил әскерін жиып көр» деген Мұсаға (Алладан) жарлық келді. Жинады. Жаңағы тоғыз қауымнан бес жүз мың адам шықты. Бәрі жалау асынған. (Тек) Қарын, Маряб және Афзимде жалау жоқ екенін көрді. Афзимға: «Жалау ұста», – деді. (Ол): «Сен ұстамайынша, ұстамаймын», – деді. Мұса таяғын алып ашуланып еді, Афзим қорыққанын отыз мың адамның бәрі жалау асынды. Тағы Марябқа да айтып еді, ол да солай жауап берді. Мұса таяқ алып келді. Марябтың таза мұсылман әйелі бар еді. Үш жалау анықтап қойды. «Жалау асын», – деді. Маряб басын салбыратты. Мұса таяғын қимылдатып еді, жер қозғала бастады. Мұса алып, мойнына асынды. Елу мың адамның бәрі де асынды. Содан кейін Юшағты жалау асынсын деп Қарынға жіберді. «Сен асынбайынша, мен асынбаймын», – деді ол да. «Ей, Мұса, Қарынға айт, малының жартысын дәруіштерге берсін. Және төрт жалау асынсын» деген Жаратушыдан жарлық келді. Келіп айтқан кезде, Қарын: «Мұсаға айт, мен сенің Тәңіріңнен еш нәрсе сұрамаймын», – деді. Және Жебірейіл келіп: «Ей, Мұса, Қарынға айт, малының бестен бірін кедейлерге берсін, төрт жалау ұстасын. Он есе мал-дүние берейін», – деді. Келіп айтып еді, Қарын: «Мұсаға айт, он есе малын өзі кедейлерге берсін. Менен еш нәрсе сұрамасын», – деді. Келлуп келіп көп үгіттеп еді, көнбеді. «Мал-дүниеде бермеймін, жалау да асынбаймын», – деді. Келлуп: «Ақырет күні сені Ферғауынмен бірге тамұқта көремін», – деп қайтты. Мұса: «Тәңірім, пәле жібер», – деп жалынып мінажат етті. «Қандай пәле жіберейін?» деген жарлық келді. Мұса: «Жерді менің ықтиярыма бер», – деді. Жаратушы Алла орындады. Мұса ашуланып таяғын алып, Қарынның сарайына барды. Харун, Юшағ, Келлуп және басқа да Бәни Исраилдықтар (Мұсамен) бірге еріп барды. Сарайда архам тасынан пұт жасатып, оны алтынмен әшекейлеп, өзі тақ үстінде отыр екен. Қызметшілері, құлдары мен күндері алтын тәждің төңірегінде тұр екен.

Мұса кіріп келіп: «Ей, Қарын, Ферғауын алдында күнде бір түйір нан үшін еңбектенетін емес пе едің?! Тәңірі осыншама мал-дүние берді. Оның барлығын неге мойындамайсың?» – деді.

Қарын: «Тәңір берген жоқ, өз еңбегіммен жидым», – деді. «*Қалә иннәмә утитүһу 'әлә 'илмин 'инди*» («(Ол): «*Расында бұл нәрселердің бәрі менің ілімімнің арқасында берілген*», – деді»). Мұса ашуланып таяғын соғып: «Ей, жер, жұт!» – деді. Қарынның тағының төңірегі жетіге бөлінді. Қарын секіріп түсті. Жер Қарынның тобығына дейін жұтты.

Қарын айқайлап: «Ей, Мұса, кешір», – деді.

Мұса: «Азап келді, енді есіңді жидың ба?» – деді.

Екінші рет: «Жұт!» – деді. Беліне дейін жұтты. Тағы жалынды.

Мұса: «Азап келгеннен кейін пайда бермейді», – деді. Және: «Ей, жер, жұт!» – деді. Қарынды бүтіндей жұтты.

Бәни Исраилдықтардың: «Мұса Қарынның мал-дүниесін алу үшін опат етті етті» деген сөзі бар. Мұса дұға жасап: «Тәңірім, мал-дүние үшін дұға жасамағанымды Сен білесің. Бұлар маған жала жаппасын, мал-дүниесін берейін. Жер жұтсын», – деді. Жаратушы Алла Мұсаның дұғасын қабылдап, Қарынның барша мал-дүниесін, (сонымен бірге) сарайын да қоса жұтты.

САМИРИ ҚИССАСЫ

Самири Мұсаның нағашысының ұлы еді. Мұсаның шәкірті болатын. Мұса оны өте жақсы көретін. Жаратушы Алла Ферғауынды опат етерде Жебірейіл жұмақ пырағын мініп, Ферғауынның оң жағында бара жатыр еді. Самири Жебірейілді танып қалды. Сол үшін де Жебірейіл Самириді қанатына отырғызып еді. Жебірейілдің атының тұяғы қай жерге тисе, сол жер гүлдейтін. Самири сол топырақтан бір уыс алып сақтап қойды. Мұса Турға барып кешіккен уақытта Самири Бәни Исраилдықтарды алдап: «Мына сендердегі қибтилардан алған малдың бәрі арам. Соның кесірінен (Алланың) дидарынан мақұрым қалдыңдар. Өздеріңнен алып, маған беріңдер. Мен Тәңірді сендерге көрсетейін», – деді. Бәни Исраилдықтар алып келген мал-дүниенің бәрін Самириға берді. Самири барша інжу, гауһарды жасырды да, алтын, күмістерді балқытып, іші қуыс бір бұзау жасады. Жаңағы Жебірейіл атының тұяғы тиген топырақты соның ішіне салды. Бұзаудан бір дауыс шықты. «*Фә әхражә ләһум 'ижлән жәсәдән*» («Оларға бұзау бейнесіндегі бір мүсінді жасап берді»). Самири: «Міне сендердің Тәңірлерің», – деді. «*Фә қалә һәзә иләһукум уә иләһу Мусә*» («Сонда: «Сендер мен Мұсаның Құдайы, міне, осы», – деді»). Баршасы соған сиынды. Тоғыз жарым қауымның бәрі сәжде жасады. Харун оны біліп қатты қайғырды. Харун жуас, жұмсақ (мінезді) болатын. Екі жарым қауым мұсылман болды. (Деректерде) сол екі жарым қауымның жартысы Жүсіп пайғамбар ұрпағы, жартысы Ибн Ямин ұрпағы, қалғаны Яхуда ұрпағы екендігі айтылады. Жартысы мұсылман, қалғаны кәпір болды.

Хабарда келеді: Ата-ана жақсы болса, олардың жақсылығы жеті ұрпаққа дейін жетеді. Сол себепті де Мұса мен Қызыр қиссасында айтылады: «*Уә кәнә әбуһумә салихән*» («Және ол екеуінің атасы жақсы адам еді»).

(Деректерде) Мұстафа (ғ.с.) ның хаты (діні) түркілерге жеткен кезде қабылдап, мойынсұнды. Сол себепті қияметке дейін құрметті, дәулетті болды. Үнділер Расул (ғ.с.) ның хатын қорлады, иттің мойнына асты. Сол үшін мойнын байлап сатады. Яхуда сол күні Жүсіпті өлтірерде екі пікірдің арасында қалып еді, (бүгін) ұрпағы да екі пікірге бөлінді. Жартысы бұзауға табынды, жартысы табынбады. Мұның бәрі Жаратушы Алланың тағдыры – жазғаны еді.

Харун: «Ей, Бәни Исраилдықтар, мына бұзауға табынбаңдар. Сендердің Тәңірлерің – Алла. Мені жіберіңдер, маған құлақ асыңдар», – деді. «*Уә иннә раббакум әр-рахмәну фәттәби'уни уә әти'у әмри*» («Әрине, сендердің жаратушыларың рахман сипатты Алла, сондықтан маған мойынсұныңдар және менің бұйрығыма құлақ асыңдар»). Қабылдамады. «Мұса келгенше біз осыны істей тұрамыз», – деді. Мұса Тур тауында мінажат қылды. Жаратушы Алла тақта кереметін жасады. Оның ішінде (тақтада) барша Мұхаммед үмметінің сипаты (жазылған) еді. Мұса оны көріп: «Менің үмметіме не бұйырасың?» – деді. (Алладан): «Ей, Мұса, үмметің қылмаған істі жасады. Бұзауға табынды» деген жарлық келді. «*Фә иннә қад фәтәннә қаумәкә мин бә'дикә уә әзәлләһум әс-Самирийу*» («Расында, Біз сенен кейін қауымыңды бір пәлеге жолықтырып, сынап көрдік, Самири оларды адастырды»). Мұса ашуланды, қайғырып қайтты. «*Фә ражә'ә Мусә илә қаумиһи газбәнә' әсифән*» («Кейін Мұса қауымының алдына ренжіп, ашуланып қайтып келді»). Бұзауға сәжде жасап жатқандарын көрді. Ашуланғаннан әкелген тақтасын тастады. Тақталар шашылды. Көбісі көкке ұшты, біразы жерде қалды.

Мұса: «Тәңірім, Самири бұзау жасап, ішіне топырақ салды. Ішінен дауысты кім шығарды?», – деді.

«Мен жараттым» деген жарлық келді. *«Ин һиә әл-фитнәтукә тузуллу ьһә мән мәшәу уә тәхди мән тәшәу»* («Бұл іс сенің сынағыңнан басқа нәрсе емес, осы жолмен Сен қалаған адамыңды адастырасың және қалағаныңды тура жолға саласың»). Содан кейін жүгірді. Харунның сақал-шашына жармасты. *«Уә әхәзә бираси әхиһи йәжурруһу иләйһи»* («Және ол бауырының шашынан ұстап, өзіне тарта бастады»). «Сен бұлардың арасында жоқ па едің? Неге бұларды тоқтатпадың, кәпір болды», – деді.

Харун: «Ей, анамның ұлы, сақал-шашымды жібер. Бұларды тоқтатса, мен қаштым. Неге қаштың, көнбедің дейді деп қорықтым. Және мені көздеріне де ілмей қорлады. Мені өлтірмекші болды. Мені дұшпандарға таба қылма», – деді. *«Қаләбнә уммә иннә әл-қаумә әстәзә'фуни уә қаду йәқтулунәни фә лә түшмит биәл-ә'дә»* («Сонда ол): «Ей, анамның баласы, қауымымыз бізді назарға ілмеді және мені өлтірмекші болды, енді мені дұшпандардың алдында масқаралама», – деді»). Мұса Харунды аяп кетіп: «Тәңірім, мені мен бауырымды жарылқа», – деді. *«Раббигфирли уә лиәһи уә әдхилнә фи рахмәтикә уә антә әрхәмур рахимин»* («Ей, Жаратушым, мені кешір және бауырымның күнәларынан өт, біз екеуімізді өз мейіріміңе ал. Сен Мейірімділердің мейірімдісің»).

САУАЛ: Харун Мұсаны бауырым демей, анамның ұлы деді. Оның хикметі не?

ЖАУАП: Себебі Харун анасынан еді. Кейбіреулер анамның ұлы деп анасын атады дейді. Мейірім, шапағат қылар деді.

Мұса Самириға: «Мынаны не үшін жасадың?» – деді. *«Фә мә хәтбукә йә Сәмирийу»* («Ей, Самири, саған не болды?»).

(Ол): «Мен өзгелер көрмеген нәрсені көрдім. Жебірейілді көрдім, (оның) атының тұяғы тиген топырақтан алдым. Бұзаудың ішіне салдым», – деді. *«Қалу бәсурту бимә ләм йәбсуру биһи фә қабәзту қабзәтән мин әсәрир расули фә нәбәзтуһә»* («(Ол): «Мен олар көрмеген нәрсені көріп қалдым және жіберілген елші періштенің ізінен бір уыс топырақ алдым және оның (бұзаудың) ішіне салдым», – деді»). «Мына ақымақтарды жолдан тайдырдым», – деді (ол және).

Мұса: «Не үшін істедің?» – деді.

Самири: «Нәпсім соны қалады. *«Уә кәзәликә сәууәләт ли нәфси»* («Менің нәпсім маған соны жақсы көрсетті»). Біраз ізет-құрметті сен көрдің, (енді) біз де көрейік», – деді.

Мұса: «Мен сенен бездім, бұл жерден кет», – деді.

Самири: «Әлемде жалғыз адам сенбісің? Сенен айырылғаныммен, бәрі мені құрметтейді», – деді.

Мұса дұға жасап: «Тәңірім, мынаны барша халықтан айыр, ешкімге жабыспасын», – деді.

Жебірейіл келіп: «Ей, Мұса, Жаратушы Алла дұғанды қабылдады», – деді.

Мұса: *«Фәзхәб фә иннә ләкә фи әл-хәйәти ән тәқулә лә мисәсә»* («Менен кет, сен маған ешкім тимесін деп жүресің, жазаң сол болсын»). Менен кет. Тірі жүрсең ешбір адам, дию, пері қасыңа жуымамын. *«Лә мисәс»* деп жүр», – деді. Біреу оның қасына келсе: «Менен алыс жүр. Мені Алла Тағала лағынеттеген» дейтін. Солай өлді. Мұса: «Ей, Самири, сен жасаған тәңіріңе қара, оны отқа өртейін, суға батырайын», – деді. *«Уәнзур илә иләһикә әл-ләзи зәлтә 'әләйһи әкифән ләнухәрриқаннәһу суммә ләнәнсифәннәһу фи әл-әйммә нәсфән»* («Сен әрқашан өзіңмен бірге алып жүрген тәңіріңе қара, біз оны, әрине, өртеп, соңынан күлін дарияға ағызамыз»). Бәни Исраилдықтар соны көрген уақытта Мұсаға келіп: «Тәубе еттік. Жаратушыға қайттық. Дұға жаса, Алла Тағала біздің тәубемізді қабылдасын», – деп жалынды. Мұса дұға жасады. Жебірейіл жарлық жеткізді.

БӘНИ ИСРАИЛДЫҚТАР ТӘУБЕСІНІҢ СИПАТЫ

Бұрынғы үмметтер тәубе жасаса және тәубені қаласа, Алла Тағаланың атын тілге алғанымен іс бітпейтін еді, әуелі пайғамбарлар Жаратушыдан сұрайтын. Жаратушы Алла жарлық берсе ғана, тәубе жасайтын. Алайда бүгінгі Мұхаммед Расулулла (с.ғ.с.) ның берекесі арқасында үмметі қанша күнә жасап, соңғы рет деп өкініп, жалынса, күнәлары кешіріледі, тәубелері қабыл болады. *«Ли қаулиһи 'әләйһи әс-саләм» («Пайғамбар) (ғ.с.) ның сөзінен»*.

«Бәни Исраилдықтарға айт, бір-бірлеріңді қылышпен өлтіріңдер немесе үйлеріңнен қуып шығындар. Жер мен судан тараңдар (жер бетіне тарап кетіндер). Тәубелерің қабыл болсын» деген (Алладан) Мұсаға жарлық келді. *«Әниқтулу әнфусәкум әйихружу мин дийәрукум» («...бір-бірлеріңді өлтіріңдер немесе отандарыңнан шығып кетіңдер деп...»)*. Өлімді өздеріне лайық көрмеді, жер бетіне таралуды да қаламады. *«Мәсәлун: Әл-мәуту мин фиқдил әхи әсхәлу» («Бауырды жоғалтқаннан өлім оңай» деген мақал бар)*. *«Фә тубу илә бәри'укум фәқтулу әнфусәкум» («Енді Жаратушыларыңа тәубе етіңдер, кейін өздеріңді өлтіріңдер»)* деген және жарлық келді.

Кейбіреулер (бұл қаулыны) былайша айтады: «Бұзауға табынған тоғыз қауым үйлерінен шығып, есіктерінен бастарын жалаң құбылаға қарсы (шығарып) тізе бүгіп, мойындарын қылышқа тосып отырсын. Бұзауға табынбаған екі жарым қауым (өкілдері) Харунның басшылығымен қылыш алып келіп, кімде-кім тізе бүгіп құбылаға қарап тұрмаса немесе қылыш ұрғанның бетіне қараса, Тәңірдің лағынеті оған тиіп, мәңгі тамұқта қалсын» деген жарлық болды. Солай жасады. Тоғыз жарым сағат бойына он екі мың үй есіктерінің алдында жалаң бас құбылаға қарап, тізе бүгіп, кебін бөздерін қолдарына алып, қылышқа мойынсұнып отырды. Харун екі жарым қауымды бастап, қылыш алып келді де: «Кімде-кім бүгін құбыладан жүз бұрса, жалаң бас тізе бүгіп отырмаса, қылышқа мойынсұнбаса, қылыш ұрғанда ұрушының жүзіне қараса, Тәңірдің лағынеті соған болсын, мәңгі тамұқта қалсын», – деді айқайлап. Олардың бәрі: «Әмин», – деп құбылаға мойынсұнды. Осылайша екі жарым қауым оларды өлтірді. Екінші намазына дейін жетпіс мың адам өлді. Жер бетінде қан су болып ақты. Мұса соны көріп, өзге ғалымдармен бірге сәждеге бас қойды. Мұса: «Тәңірім, Сен бүгін бұларды кешірсен, Жақып пайғамбардың ұрпағы жер бетінде қалмайды», – деп жалынды. Жебірейіл келіп: «Ей, Мұса, басыңды көтер. Алла Тағала дұғанды қабылдады. Өлгендер жұмаққа аттанды, қалғандарының тәубесі қабыл болды», – деді. *«Суммә 'әфәунә 'әнқум мин бә'ди зәликә лә'әлләқум тәшқурун» («Содан кейін сендерді кешірдік, мүмкін, шүкіршілік етерсіңдер»)*. Содан кейін сиыр, бұзау бауыздау пәлесіне жолықты.

СИЫР БАУЫЗДАУШЫЛАР ҚИССАСЫ

Бәни Исраилдықтар Палестинаға көшіп бара жатып, жолдан небір ғажайыптарды көрді. Сол ғажайыптардың бірі мынау еді: Аржаб пен Ағлия деген екі кенттің арасында Исраил ұлы Амил есімді біреу қайтыс болды. Мұсаға (бұл туралы) айтты. Мұса мінажат жасап: «Тәңірім, бұны кім өлтірді, бізге хабар бер. Шарифат жолымен шешейік», – деді. «Мына өлім қайсы кентке жақын болса, сол кенттің адамдарынан (өлтірмедім деп) ант-су ішкізіңдер. Кімде-кім ант-су ішпесе, соны жазаландар. Ант-су ішсе, жазадан құтылады, (ал) ант-су ішпегені құнын төлесін» деген (Алладан) жарлық келді. «Мұны кім өлтіргенін білсек, құнын төлейтін едік» десті (олар) Мұсаға. Мұса мінажат жасады. «Бір сиыр сойыңдар. Оның етін алып, өлікке ұрыңдар, кім өлтіргенін тіріліп айтып береді» деген (Алланың) жарлығы келді. Мұса жарлықты жеткізді.

Олар: «Біреу өлді. Енді тағы бір жануарды өлтір дейсің, бізді келеке етіп тұрмысың?!» – деді. *«Ә тәттәхизунә хузууән» («Бізді келеке етпекімісің?»)*.

Мұса: «Тәңір сақтасын, мен сендерге күлетін надандардан емеспін», – деді. «Қалу әузу билләһи ән әкунә мин әл-жәһилин» («(Мұса): «Надандардан болудан Алла сақтасын», – деді»), – деді. «Кім өлтіргенді біледі», – деді Мұса және.

(Олар): «Алла Тағаладан сұра, сиыр неше жаста болсын. Бізге хабарын берсін», – деді. «Уд'у ләнә раббәкә йубәйин ләнә мә һиә» («Жаратушыңды шақырып сұра, ол қандай сиыр екенін бізге баяндап берсін»).

«Жас та емес, кәрі де емес, орта жаста болсын» деген жарлық келді. «Иннәһә бәқаратун лә фәризун уә лә бикрун әуанун бәйнә» («Ол сондай кәрі де емес, тіпті жас та емес, сол екеуінің арасындағы сиыр болсын»).

Мұса: «(Алланың) жарлығы бойынша жасаңдар, артық кетпендер. Алла Тағала сендерге де артық қылмасын», – деді.

Абдулла ибн Аббас (Алла одан разы болсын): «Ол күні олар бір жасар тана бауыздаса, бейнеттері кетпес еді» деген болатын.

(Олар) және: «Дұға жаса, сиырдың түсі қандай болу керектігін Жаратушы Алла баяндап берсін», – деді. «Қалуд'у ләнә раббәкә йубәйини ләнә мә ләунуһә» («(Олар): «Жаратушыңнан дұға жасап сұра, бізге ол сиырдың түсі қандай болу керектігін айтып берсін», – деді»).

«Ол сап-сары сиыр (болсын), көргендерге ұнайтын (болсын)» деген жарлық келді. «Иннәһә бәқаратун сәфра'у ләуннуһ тәсуррун нәзирин» («Расында, сондай тоқ сары түсті сиыр, оған қараған адам риза болсын»).

(Олар) және: «Дұға жаса, бұл сөз анық болған жоқ, толық айтсын. Иншалла (Алла қаласа) болады», – деді. «Қалуд'у ләнә раббәкә йубәйин ләнә мә һиә иннә әл-бәқара тәшәбәһә 'әләйнә уә иннә ин шаллаһу ләмухтәдун» («(Олар): «Жаратушыңнан дұға жасап сұра, бізге ол сиырдың түсі қандай болу керектігін айтып берсін. Себебі сиырлар бір-біріне өте ұқсас. Егер солай жасаса, Алла қаласа, біз тура жол табамыз», – деді»).

Абдулла ибн Аббас: «Иншалла» (Алла қаласа) демегенде, ешқашан да болмайтын еді», – дейді.

Ол сиыр жер жыртпаған, шығырда жүрмейтін, бір түрлі өзге белгісі жоқ. «Иннәһә бәқаратун лә заләлун тусиру әл-әрза уә лә тәсқил хәрсә мусәлләмәтун лә шийәтә фиһә» («Расында, ол жер жыртып қор болмаған, егін сугармаған, кем-кетігі жоқ, бір дағы да жоқ, сау сиыр»). Енді туралықта болдық. «Қалә әл'әнә житә би әл-хәққи» («(Олар): «Енді рас сөйледің», – деді»). Сондай сиырды іздеді, таба алмады.

(Деректерде) Бәни Исраилда бір кемпірдің бір жетім баласы бар еді, делінеді. Өте кедей болғанымен де, анасы үшін бәрін істейтін. Күн сайын бір арқа отынды базарға алып шығып, төрт дирхемге сатып, екеуін садақаға беріп, екі дирхемге анасына азық алып келетін. Күндізгі жұмысы осы болатын, ал қараңғы түсісімен түнді үшке бөлетін. Бір бөлігінде намаз оқитын, бір бөлігінде ұйықтайтын. Қалған бөлігінде анасының жастығының басына келіп: «Ей, ана, тұр, намаз оқы, тәспі, тәһлил айт», – дейтін. Анасына: «Мұса күнде жаршы шақыртып жатыр. Ондай сиыр кімде болса, алып келсін, жақсы бағаға сатып аламын деп жатыр», – деді. Анасы: «Ей, ұлым, әкең сен үшін сондай бұзауды тауда қойып еді. Сонда барып Алла Тағаланың ұлы аттарын оқысаң, мүмкін болып қалар», – деді. Ұлы тауға барып, дұға жасады. Ол сиыр келіп, балаға жақындады. Ұстап алып келмекші болды. Ол сиырға тіл бітіп: «Мен сенікімін, маған мін», – деді. Бала: «Мен анамның рұқсатынсыз мінбеймін», – деді. Сол сәтте Ібіліс (Оған лағынет болсын), бұл іс Бәни Исраилдықтар үшін орындалмасын деп, өзін ауру етіп көрсетіп, жол бойында отырды. (Ібіліс) балаға: «Мен сиыршымын. Сиырға мініп келе жатқанымда мені құлатып қашып кетті. Мен ауырып қалдым. Мені мына сиырға мінгіз, сенімен кентке жетіп алайын», – деді.

Бала: «Анамның рұқсатынсыз мінгізе алмаймын», – деді.

Ібіліс: «Мені қалдырсаң, мұнда өліп қаламын», – деді.

Бала: «Өлсең, Жаратушы Алланың қазасымен өлесің», – деді.

(Ібіліс) және: «Мені рахым етіп мінгіз. Ақысына ақша берейін», – деді.

Бала: «Анам маған рұқсат берген жоқ, мінгізбеймін», – деді. Ібіліс сөзіне құлақ аспайтынын білді. Секіріп, бір айқайлады. Сиыр үркіп, қашты. Бала анасы үйреткен дұғаны оқып еді, сиыр жетіп келді. Бала ұстап, үйіне алып келді. Алла Тағала бір періштені анасына жіберіп: «Мына сиырды менің рұқсатымсыз сатпа», – деді. Бала сиырды базарға кіргізді, қымбат бағаға сұрады. Бала: «Анамның рұқсатынсыз сатпаймын», – деді. Анасына келіп айтқан кезде, періште: «Бағасы жетпей тұр», – деді. Осылайша бағасы өсті. Терісі толғанша алтын беретін болды. Сонда рұқсат берді, сатты. Алып барып бауыздады. Бауыздауға қимас еді. «*Фә зәбахуһә уә мә қаду йәф'әлун*» («*Кейін оны тауып сойды. Орындай алмай қалуларына сәл қалған болатын*»). Етін алып өлікке ұрды. Ол өлген (адам) тірілді. Мойын тамырынан қан ағып тұр еді. «Мені әкемнің бауырының ұлы өлтірді», – деді.

Хикаяда келеді: Өлген адамның аты Амил еді. Өте бақуат тұратын. Ұл-қызы жоқ еді. Немере бауырлары өте кедей тұратын. Амил өлсе, (қалған) мирасы соларға тиетін. Өлгенін күтпестен асығып, Амилді өлтірді. Мирас алу үшін таласатын еді. Амил тіріліп: «Мені мыналар өлтірді», – деп еді, мойындамады. «Бауырын мал-дүниесі үшін (қызығып) өлтіргендерге мирас бермеңдер, басқаларға да сабақ болсын» деген (Алладан) жарлық келді. Мұса оларға мирас бермеді. Осы күнге дейін шарифатымызда сол үкім сақталады. Кімде-кім өз бауырын мирас (алу) үмітімен өлтірсе, мирастан қағылады. Кімде-кім жауыздық жасаса, соған жауап беретінін білсін. Жаратушы Алла шағымдану жолын жөйттерге бергенін әрі жарылқағанын көрмейсің бе?! Біреуін өлтірдіңдер, жасырын қалсын деп көп айла-шарғы жасадыңдар. Алла Тағала сендер жасырғанды шығарады. «*Уә из қатәлтум нәфсән фәддәратум фиһә уаллаһу мухрижун мә кунтум тәктумунә фә қулнәзрибуһу бибә'зиһә кәзәликә йухиллаһу әл-мәутә уә йурикам әйәтиһи лә'әлләкам тә'қилун*» («*Сол уақытта бір адамды өлтіріңдер және ол туралы жанжалдасыңдар және Алла сендер жасырған нәрсені әшкере етпекші болады. Біз сонда: «Сиырдың кейбір мүшесімен өлікті ұрыңдар», – дедік. Алла, міне, осылайша өліктерді тірілтеді және, мүмкін, сендер түсінерсіңдер деп сендерге құдірет аяттарын көрсетеді»*) деп жарылқады. Біз айттық: Бір кесек сиыр етін оған ұрыңдар. Жаратушы Алла тірілтеді. Өз құдіретін бізге көрсетеді, пайымдайсыңдар. Алла Тағала пайғамбарларды, кінәсіздерді әрқашан машақатта ұстаған. Оларға жауыздықтарды жаза беру үшін жіберген.

МҰСА МЕН ҚЫЗЫРДЫҢ ЖОҒАРЫ МӘРТЕБЕЛІ ДӘРЕЖЕСІНІҢ БАЯНЫ

Мұсаға пайғамбарлық пен «Тәурат» кітабы түгел берілген уақытта, Жаратушы Алла Мұсамен жүз мың сөз сөйлесті. Мұса қуанғанынан: «Тәңірім, маған берген мына кереметінді басқа кімге бердің?» – деді.

«Ей, Мұса, теңіздер аяғында менің бір құлым бар. Сенің ілімің оның ілімінің қасында бір тамшы судай ғана. Оның ілімі дариядай» деген (Алладан) жарлық келді.

Мұса: «Тәңірім, мені оның жамалымен қауыштыр (онымен кездестір)», – деді.

«Ей, Мұса, Рум теңізі мен Парсы теңізінің түйіскен жеріне бар, оны сол жерден табасың. Саған жол көрсетуші балық болады», – деді.

Мұса: «Тәңірім, ол кім, пайғамбар ма әлде елші ме?», – деді.

«Ол – елші, сен – пайғамбарсың» деген (Алладан) жарлық келді.

Мұса шәкірті Юшағқа: «Азықтан, сапарға шығамыз», – деді.

Юшағ бір ыдысқа нан және қуырылған екі екі балық салды. Екеуі жолға түсті. Мұса тез жүрді. Юшағ жүре алмады. Себебі бір пайғамбарда қырық ер адамның күш-қуаты болады. Мұса тау түбінде бір жол көрді. Жол басында бір бұлаққа кездесті. Ол судан дәрет алды, бірақ

ішпеді. Тұрып, жолға түсті. Содан кейін ол суға Юшағ келді. Ол мәңгілік суы болатын. Ол да дәрет алды, бірақ ішпеді. Бірақ азығын аларда қолынан бір тамшы су тамаққа тамды. Ол тамшы су балықтарға тиді. Кеме тышқаны ініне кіргендей, балықтар тірілді, секіріп теңізге түсті. «*Фәттәхәзә сәбиләһу фи әл-бәхри сарабән*» («Балық дарияда жол тауып кетіп қалыпты»).

Юшағ оны көріп қалып, Мұсаға айтуға асықты. Тамағын ұмытты. Мұсаға қуып жетті. Мұса: «Шаршадық, қарнымыз ашты. Тамақты алып кел, азықтанайық», – деді. «*Қалә лифәтәһу әтинә гадәнә ләқад ләқинә мин сәфәринә һәзә нәсәбән*» («(Мұса қызметшісіне): «Тамағымызды алып кел, біз бұл сапарымызда көп шаршадық», – деді»).

Юшағ: «Ей, Мұса, тамақты жол бойындағы сол тастың үстінде ұмытып қалдырғанымды көрмейсің бе?», – деді. «*Қалә әрағитә из әуәйнә илә әс-сәхрати фә инни нәсит әл-хутә*» («Қорықпайсыз ба..., тас үстінде демалғанымызда мен балықты ұмытып қалдырыппын»).

Мұса: «Мен де бірге қайтайын. Жолдан адасып қалып, бір-бірімізді таба алмай қаламыз ба деп қорқамын», – деді. Екеуі бірге қайтты. Баяғы жерге келді. Қызырды тапты, намаз оқып жатыр екен. «*Фә уәжәдә 'әбдән 'ибәдина*» («Ол екеуі Біздің пенделерімізден бір пендені кездестірді»). Мұса сәлем берді. «Йә, Нәбийуллаһ» («Ей, Алланың пайғамбары»), – деп Қызыр жауап қайтарды.

Мұса: «*Мән әнтә уә бимә 'әрафтәни*» («Сен кімсің, мені қайдан таныдың?»), (яғни) «Сен кімсің, мені қайдан білдің?» – деді.

Қызыр: «Мен Тәңірдің құлы Қызырмын. Тәңір маған сені білдірді. Сен неге келдің?» – деді.

Мұса: «Сенен ілім үйренгелі келдім», – деді.

Қызыр: «Ей, Мұса, саған Тәңір Алла Тәуратты берді, сенімен сөйлесті. Менен не үйренбекшісің?» – деді.

Мұса: «*Әмәрани рабби биһәзә*» («Мұны маған Жаратушым әмір етті»), (яғни) «Жаратушым маған осылай әмір етті», – деді.

Қызыр: «*Әйнә гизәкумә?*» («Тамақтарың қайда?»), (яғни) «Тамақтарың қайда тұр?» – деді.

(Мұса): «Осы жолда ұмыттық», – деді.

Қызыр: «Табындар!» – деді. Нанды тапты, (бірақ) балықты таба алмады.

Юшағ: «*Әйнә сәмәкәтунә әл-мәшуийәту*» («Қуырылған балығымыз қайда?»), (яғни) «Қуырылған балықтарымыз қайда?» – деді.

Қызыр күліп: «Балықтарыңыз Тәңірдің жарлығымен тірілді. Мына судың ішінде Жаратушыға тәспі айтып жатыр», – деді. Мұса аң-таң қалды. Алла Тағаланың жарлығымен ол екі балық судан шықты, қуырылған екен. Мұса мен Юшағ екеуі балықты жеді. Қызыр намаз оқыды. (Намазын) аяқтаған соң (Қызыр) Мұсаға: «Қандай сұрағың бар? Сұра, жауабын есіт, (содан соң) қайтыңдар. Мені Жаратушы Алланың құлшылығынан тоспа. Сен пайғамбарсың, сенің халқың көп. Жалғыз қалмасын», – деді.

Мұса: «Мен сенімен бірге тұрайын, ілім үйренейін деп келдім», – деді. «*Қалу ләһу Мусә һәл әттәби'укә 'әлә ән ту'әллимәни миммә 'уллимтә рушдән*» («Мұса оған: «Саған тәлім берілген нәрседен маған да үйретуің үшін саған ерейін», – деді»).

Қызыр: «Сен менімен (жүрсең) шыдай алмайсың», – деді. «*Иннәкә лән тәстәти'ә мә'иа сабран*» («Сен менімен бірге сабыр ете алмайсың»).

Мұса: «Сабыр сақтаймын», – деді. «*Сәтәжидуни ин шаллаһу сабиран уә лә ә'си ләкә әмран*» («Алла қаласа, мені сабырлылардан табасың және ешбір әміріңе қарсы шықпаймын»).

Қызыр: «Маған жолдас болсаң, не істесем де (себебін) сұрамайсың. Мен саған (кейін) айтамын», – деді. Екеуі жолға түсті. Екі иғаш жер жүрді. Мұса: «Мен ашықтым, жүре алмаймын. Тамақ керек», – деп, отырды. Жаратушы Алла оларға екі табақ жіберді. Бірінде – қуырылған балық пен нан, екіншісінде – шикі ет пен ұн. Піскен тамақтар – Қызырға, шикілері Мұсаға деді. Мұса тұрып, отын жиып, ұн иледі. Еңбектене бастады. Көзінен жас ағып, жүзінен су ақты. Пісіріп, Қызырмен бірге жеп жатқанда Қызыр күлді.

Мұса: «Пайғамбарға күлсе болар ма?» – деді.

Қызыр: «Мен саған күліп тұрған жоқпын. Жаратушы Алланың құдіретіне таңданып тұрмын. Бір құл сабыр сақтар, еңбексіз тамақ береді. Бір құл сабыр сақтамас, оған бейнетпен тамақ береді», – деді.

Тамақ жеп болған соң бір ағаштың түбіне келіп отырды. Бір шымшықтың теңізге келгенін, су алып, ұшқанын көрді. Ағашқа келіп қонды.

Қызыр: «Ей, Мұса, мына құстың не айтып жатқанын білесің бе?» – деді.

Мұса: «Жоқ», – деді.

Қызыр: «Бұл құс Мұсаның ілімі Қызырдың ілімінің қасында тұмсығымдағы судай-ақ деп жатыр», – деді. «*Фәнтәләқа хәттә изә ракибә фис-сәфинәти хәрақәһә*» («*Ол екеуі жүріп, бір жерге барып кемеге мінгенде, ол (Қызыр) кемені тесіп қойды*»).

Екеуі жүрді, бір кемеге жетті. Екеуі мінді. Қызыр ол кемені бұза бастады. Кемедегілер шықты. Мұса ашуланып: «Кемедегілерді опат еткелі бұзып жатырсың ба?» – деді. «*Хәрақатәһә литугриқа әһләһә ләқад житә шәйән 'имран*» («*Кемедегілерді суға батыру үшін оны тесіп қойдың ба? Тіптен жаман іс қылдың*»).

Қызыр: «Менімен бірге жүрсең сабыр қыла алмайсың деп саған айтпадым ба?», – деді.

Мұса: «Ұмытыппын, мені кешір», – деді. «*Қалә лә түәхизни бимә нәситу уә турхиқни мин әмри 'усран*» («*(Мұса): 'Ұмытқаным үшін мені сөкпе және мені бұл істе қинама*», – деді»). Тағы жүрді. Бір баланың ойнап отырғанын көрді. Қызыр олардан бір баланы өлтірді.

Мұса: «Мына жазықсыз баланы өлтірдің. Жақсы іс қылмадың», – деді. «*Қалә ә қатәлтә нәфсән зәкийәтән биғайри нәфсин ләқад житә шәйән нукран*» («*(Мұса): 'Бір бейкүнә адамды себепсіз өлтірдің бе? Сен дұрыс жасамадың*», – деді»).

Қызыр: «Менімен жүрсең сабыр қыла алмайсың деп саған айтпадым ба?» – деді.

Мұса: «Бұдан кейін сөз сөйлесем, қасыңа жолатпа», – деді.

(Деректерде) ол баланың аты Хишур екендігі айтылады. Ол кәпір болатын. Әкесінің аты Зажми еді.

Тағы жүрді. Антакия атты бір кентке жетті. Тамақ сұрады, бермеді. Мұса ренжіді. Түнде сонда қонды. Таңертең жүрмекші болды. Төбесі құлағалы тұрған бір жайды көрді. «*Фәнтәләқа хәттә изә әтәйә қарийәтин истәт'әмә әһләһә фә әбәу ән йүзәйифуһумә фә уәжсәдә фиһә жидәран йуриду ән йәнқазә фә әқамәһу*» («*Екеуі жүріп кетті және бір қыстақ адамдарына келді. Сол қыстақ адамдарынан тамақ сұрады, олар болса бұларды қонақ етуден бас тартты. Содан кейін бұл екеуі кетіп бара жатып, сол қыстақтағы құлайын деп тұрған бір қабырғаны көрді және түзулеп тұрғызды*»). Қызыр ол шатырды жөнделді.

Мұса: «Бұлар бізге тамақ бермеді», – деді. Қызыр: «Берсін дейсің бе?» – деді де: «Енді айырылатын уақыт келді», – деді. «*Қалә ләу шитә ләттәхәзтә 'әләйһи әжран*» («*(Мұса): 'Егер қаласаң осы жұмыс үшін олардан ақы алар едің*», – деді»).

Мұса: «Бөлінейік, бірақ істеген істерді айтып бер», – деді.

Қызыр: «Айтайын. «*Сәунәббуқә битәуули мә ләм тәстәти' 'әләйһи сабран*» («*Мен сен сабыр сақтай алмаған нәрселердің мәнісін жылдам айтып беремін*»). Енді біл, ол кеме он ағайындікі болатын. Әкелерінен мирас болып қалып еді. Бесеуі кемеде істейтін еді, қалған бесеуі істемейтін. Істейтін бесеудің біреуі жизамдық еді. Біреуі – шала көзді, үшіншісі – ақсақ, төртіншісі – денесі ісік, бесіншісі керең болатын. Бәрінен кішкентайы сол болатын. Тағы істемейтіндер: біреуі – соқыр, екіншісі – сағыр, үшіншісі – жаман, төртіншісі арық болатын. Бұл кеме бара жатқан жақта Жуланд есімді бір залым патша бар. Кездескен кемені тартып алады. Мен ол залым алмасын, бұл бейшаралардың өзінде қалсын деп, кемені әдейі бұздым. Және ана өлтірген баланың әкесі мұсылман еді, анасын талақ еткен болатын. Анасы өзге елде тұратын. Бұл бала әкесіне барып-қайтқанда ұрлық жасайтын. Әкесі мен анасы баламыз ұрлық жасамайды деп, білместен ант-су ішетін. (Сол үшін) оны өлтірдім. Жаратушы Алла одан да жақсырақ бала береді, – дедім. «*Фә әраднә ән йубдиләһумә раббуһумә хайран минһу зәкәтән уә*

ақраба рухман» («Кейін біз олардың Жаратушысы өлген ұлдарының орнына пәк әрі мейірімді перзент берсін деп ойладық»). Және ана жығылайын деп тұрған үйдің ішінде жетім балалардың мал-дүниесі бар болатын. Біреуі – Азрам, біреуі Заррам есімді. Ата-аналары жақсы (адамдар) еді. *«Уә кәнә әбуһумә салихән» («Ол екі жетім баланың әкесі жақсы адам еді»).* Егер ол үй жығылса, ол мал-дүние көрініп қалып, басқалар алар деп, үйді жөндедім. Жетімдер өскен кезде ол мал-дүниені алады. Істеген істерімнің мәнісі осы. *«Заликә мә ләм тәсти' әләйһи сабран» («Сен сабыр сақтай алмаған нәрселердің мәнісі, міне, осы»).*

(Біреулер) сол кеніштің ішінде (ғибратты) жазу жазылған бір алтын тақта бар еді, дейді. (Ондағы) сөздер мынау еді: Адам ұл(дар)ы өлерін білсе де, өлмеймін деп ойлайды; Екіншісі: Тамұқтан қорықса да, жауыздық қылады; Үшіншісі: Не істесе, есеп қайтаруды біледі; Төртінші: Алла Тағаладан қорықса да, күнә жасайды; Бесінші: Бұ дүниенің өтерін білсе де, жақсы көреді. *«Лә иләһә иллаллаһу Мухәммәдун расулуллаһи» («Алладан басқа Жаратушы жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі»).*

Бір кездерде Мұса (ғ.с.) Бәни Исраилдықтарға үгіт-насихат айтатын. Көңіліне «Мен секілді біреу бар ма екен?» деген ой келді. «Ей, Мұса, менің құлдарымның ішінде бір құлым бар. Сенен білімді. Оған пайғамбарлық бердім. Және менің жарлығымды жеткіз деп, бір патшаға жібердім. Ол патша залым болатын. (Оның) қолын, мұрнын, құлағын, аяғын кесті. Мен оны түзедім. Және ол патшаға жібергенімде: «Құдайым, сен маған үкім бергенінде мен жаныммен қабылдадым, разымын», – деді. Сен Ферғауын жаққа жібергенде бірден *«Инни әхафу ән йукәззибун» («Олар мені жалғаншыға шығара ма деп қорқамын»)*, – дедің, ол (олай) демеді» деген (Алладан) дауыс келді.

Содан кейін Мұсаның Қызырдан бөлінетін уақыты келді.

Мұса: «Маған бір өсиет айт», – деді.

Қызыр: *«Кун бәшиәшән уә лә тәкун газзәбән» («Ашық жүзді бол, ашушаң болма»)*, (яғни) «Ашық жүзді бол, тұйық болма. *«Уә тәр'ә нәфсәкә әл-жидәлә уә тәмши фи әл-әрзи биғайри хәжәтин» («Өз нәпсіңді жанжалдан сақта, қажетсіз бірер жерге барма»).* Өжеттікті таста, қажетсіз жерге барма», – деді.

(Кейбіреулер) Мұсаны Қызырмен он сегіз күн сұхбаттас болған дейді. Күніне он сөз үйренді. Бәрі жүз сексен сөз. Сол жолы қайтып Бәни Исраилға келді. Үш жыл жеті айдан кейін дүниеден өтті. Мұсадан кейін қауымы жетпіс түрлі болды, йаһудилікке кірді. Алла Тағала жүз қырық пайғамбарды оларға жіберді. Бұлардан кейін Дәуіт пайғамбарды жіберді. Мұсадан Дәуітке дейін жүз қырық жыл өтті. Тағы біреулер жетпіс жыл дейді.

ДӘУІТ (Ғ.С.) НЫҢ ҚИССАСЫ

Ол – *«Иннә һәзә ләһу тис'ун уә тис'унә нә'жәтән» («Расында, мына адам менің бауырым болады. Оның тоқсан тоғыз саулығы бар»)* науқасына ұшыраған, *«Хәрра раки'ән уә әнәб сәждәсин» («Ол сәжде жасап құлады және Алла жақа қайтты»)* сұраған, *«Фә гәфәрнә» («Кейін Біз оны кешірдік»)* дауысын естіген, *«Йә Дәууду иннә жә'әлнәкә халифәтән фи әл-әрзи» («Ей, Дәуіт, Біз сені жер бетіне патша қылдық»)* шапанын киген, *«Фәхкум бәйнә ән-нәси би әл-хәққи» («Енді сен адамдар арасында әділдікпен биле»)* әмірін ұстаған, *«Уә уәхәбнә ли Дәуудә Суләймән» («Біз Дәуітке Сүлейменді бердік»)* сүйіншісі берілген, *«Уә қатәлә Дәууду Жәлутә» («Дәуіт Жалутты өлтірді»)* күресімен көрінген – ДӘУІТ ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.).

Өлең:

Кел, қандай еді, біл, Дәуіт пайғамбар істері,
Бір ұланға мадақ айтарда кімдер еді істері,
Өзі атты, орны тәтті, ер жүректі алпауыт,
Әрбірiнiң қайда еді отырып-тұрған істері.

Тәспі айтса қосылып, үнге қосылып еңіреді,
Жердегі киіктері һәм көкте ұшқан құстары.
Хақ кітабы тигенінде жылады еңкілдеп,
Ақты, арықтай толды құлдар көз жасы.

Дәуіт пайғамбар Бәни Исраилдан еді. Он ағайынды болатын. Әкесінің аты Ишағ еді. Дәуіт бәрінің кішісі. Құлшылық етіп, күндіз-түні жылайтын.

(Біреулер) Бәни Исраилдықтар он екі қауым еді дейді. (Араларында) пайғамбарлар, патшалар бар еді. Пайғамбарлық пен патшалық осы он екі қауымның арасында көшіп жүретін. Бір қауымнан пайғамбар шықса, бір қауымнан патша болатын. Бәни Исраилдықтар ешқашан да пайғамбарсыз, патшасыз қалған емес. Бұларға Хақ Тағала дұшпандық үстінен көмек беретін. Сондай көмектің белгісі бір табыт еді.

ТАБЫТТЫҢ СИПАТЫ

Мұса пайғамбар Бәни Исраилмен жалғыз қалғанда Алла Тағала Мұсаға мысық суретті бір тас берген еді. Одан он екі арық шығатын. Бәни Исраилдықтармен Мысырға келгенде ол тас Мұсаның жанында болатын. Және Тур тауынан келгенде сынған тақталардың бөлшектері де бар еді. Мұсаның өмірі соңына жеткен уақытта мінажат етіп: «Тәңірім, Бәни Исраилға керемет нәрсе нәсіп ет. Менен кейін дұшпанға қарсы көмектесетін айғақ болсын», – деді.

Алла Тағала: «Ей, Мұса, айт, бір табыт жасасын. Жаңағы тасты, тақта бөлшектерін және сенің аса таяғыңды, сондай-ақ Харунның сәлдесін соның ішіне салып қойсын», – деді. Бәни Исраилдықтар алтын, күміс жиып, бір табыт жасатты. Тас, тақта, аса, сәлдені соның ішіне қойды. Оларға бір қайғы-мұң түскен уақытта немесе дұшпан келсе табытты шығарып, алдына қойып, дұға жасаса, ол мұң мен жаудан құтылатын еді. Ол табыт бірер патшаның қолында болатын. Дәуіт пайғамбар ғалымдарының қолында еді. Бәни Исраилдықтар Жаратушыдан қайтқан уақытта Алла Тағала ол көмек бақытын олардан алғанша тұрды. Жалут келіп, Бәни Исраил халқынан ол табытты алды. Сындырайын деп отқа салды, жанбады. Лас жерге тастады. Жаратушы Алла оларға емі жоқ жара ауруын берді. Бәрі сол аурумен ауырды. «Мына табыт Бәни Исраилдықтардың Тәңірі болар, оларға қайтарып берейік немесе бәріміз опат боламыз», – деді. Табытты Бәни Исраилға алып барды. Бәни Исраилдықтар қуанып, Жаратушыға шүкіршілік етті. Сол күн мейрамдары еді.

Тағы бір деректе Талуттың патша екендігі айтылады. Бір күні далаға шығып, ізгі істер жасады. Тәңірге жалынып, табытты сұрады. Сол сәтте бұлт пайда болып, бұлардың алдына табытты қойды.

Және бір деректе табытты Жалуттың алып бергені айтылады.

ЖАЛУТ (ОҒАН ЛАҒЫНЕТ БОЛСЫН) ҚИССАСЫ

Бұл Жалут адилар ұрпағы еді. Амалиқаның жақыны. Өте алпауыт кәпір еді. Бәни Исраилдықтарға жау болатын. Ол кезде оларға Ишмуил пайғамбар еді. Бәни Исраилдықтар: «Дұға жаса, Жаратушы Алла бізге бір патша берсін», – деді. Дұға жасап еді, қабыл болды. Жаратушы Алла жұмақтан қамшы жіберіп: «Мына қамшы кімнің бойына тең келсе, сол кім болса да, сендерге патша болсын» деген жарлық түсірді. Ишмуил пайғамбар сол қамшыны өлшеп, әрбір адамның қолына бір ағаш берді де: «Кімде-кім осы ағашпен бірдей бойлы адам тапса, алып келіндер», – деді. Бұл Талут сиыршы еді. Сиыр бағып жүргенде Ишмуилге жолықты. Ұзын бойлы екенін көрді. «Не қалайсың?» – деп сұрады. «Сиыр қалаймын», – деді.

«Бізге патша осы болады», – деп үйіне алып келді. Шаршаған еді, жатып демалды. Ишмуил камшыны алып келіп Жалутқа өлшеп еді, дұрыс келді. (Талут) оянғанда Ишмуил: «Сүйінші, сиыр бағудан құтылды. Тәңір Тағала сені патша етті», – деді. Ертесіне Бәни Исраилдықтарға: «Айтылған адамды таптым», – деп, үйден шығарды. Көрді.

(Олар): «Бұл біздің сиыршымыз. Мал-дүниесі жоқ. Бізге қалайша патша болады?» – деді. *«Уә қалә ләһум нәбийһум инналлаһә қад бә'әсә ләкум Талутә мәликән» («Олардың пайғамбары оларға: «Расында Алла сендерге Талутты пайғамбар етіп жіберді», – деді»).*

Ишмуил: «Оны Алла Тағала сендерге жіберді. Және ілімі де сендерден артық. *«Инналлаһа әстафәһу 'әләйкум уә зәдәһу бәстәтән фи әл-'илми уә әл-жисми» («Расында Алла Тағала оны сендерден жақсы көрді және оны ілім мен денеден артық етті»).* Патша Алла Тағаланікі, не қаласа, соны жасайды», – деді. *«Уаллаһу йу'ти мулкәһу мән йәшәу» («Және Алла қалаған адамына патшалық береді»).*

Олар Талутты жиіркенішпен қабылдап: «Патшалыққа жарарын біліңдер. Бізге белгісі бар мұның жолынан берсін», – деді. Ишмуил дұға жасады. «Жалут апарған табыт оның жолымен сендерге келеді» деген (Алланың) жарлығы келді. *«Уә қалә ләһум нәбийһум иннә әйтә мулкиһи ән йәтийәкум әт-табуту» («Әрине, Талуттың патша болуының белгісі мен дәлелі – сендерге Мұса мен Харуннан қалған сандық келеді»).* Талутты патшалыққа қабылдады. Оған сансыз әскер жиналды. Жалутпен соғыспақшы болып, әскерін дайындады. Жарамайтындарын қайтарды. Сол пайғамбарға «Мен сендерді Палестина арығының суына ұшыратамын. Үш күн сусыз қаласыңдар. Менің жарлығымды ұстамайды, соғысудан жауды көрмейін» деген жарлық келді.

(Ол): «Тәңірім, қандай жарлық?» – деп дұға жасады.

«Әр адам ол судан қалағанынша ішсе, опат етемін. Бір жұтым су ішіп, қанағат етсе, кешіремін» деген жарлық келді. *«Фә мән шәрибә минһу фә ләйсә минни уә мән йәт'әмуһу фә иннәһу минни иллә мән игтәрафә гурфәтән бийәдиһи...» («Кімде-кім сол дариядан ішсе, ол Бізден емес; және кімде-кім одан татпаса, сол Бізден; Егер қолымен бір уыс алып ішсе, онда зияны жоқ»).*

Суға жеткен уақытта Талут: «Бір жұтым судан артық ішпеңдер», – деді.

Олар: «Сен патша болдың, енді су ішуге де қожайындық етесің бе?» – деп, көпшілігі, қара мал секілді, еңкейіп су іше бастады. Қарындары айналып, жүздері сарғайды. Суға қанбады, өлді. Жарлыққа мойынсұнып, бір жұтымнан артық су ішпей, аман қалғандар қырық мың еді.

(Кейбіреулер) су ішкендер өлмеді, алайда іштері ісіп кетті дейді. Талут: «Сендер Жаратушы жарлығына мойынсұнып орындамадыңдар, соғысқа қалай қарсы тұрасыңдар», – деп қайтарды. Өзі жүз жетпіс әскермен Жалутқа барайық, соғысайық деді. Жаратушы Алла олардың көңілін қуанышқа бөледі. Жарылқады. Аз әскер көптің орнын басты. *«Кәм мин фиәтин қалиләтин галәбәт фиәтән кәсиратән биизнилләһи уаллаһу мә'ә әс-сабирин» («Өткен тарихта азгантай адамдар Алланың демеуімен көпшіліктің үстінен жеңіске жеткен. Және Алла сабыр етушілермен бірге»).*

Ишмуил мен Талут үш жүз адаммен барды. Дәуіт (ғ.с.) он бауырымен еді. Әкелерінің аты Ишағ еді. Дәуіт бәрінен кішкентай болатын. Ол күні бойы қой бағатын. Көруге көріксіз еді. Кейбіреулер өте сұлу еді, дейді. Өзге бауырлары әскер қатарына қосылды. Дәуіт: «Мен де барайын», – деді. (Ағалары): «Кішкентайсың, әлі жарамайсың», – деді. Олар кетіп қалған соң, қойларды біреуге тапсырып, бауырларының соңынан жолға түсті. Бара жатқанда Алла Тағаланың жарлығымен үш тасқа тіл бітіп: «Ей, Дәуіт, Жалуттың өлімі сенің қолыңда менімен іске асады. Мені ал», – деді. Дәуіт оларды алды.

Тағы бір риуаятта (келеді): «Жалуттың өлімі Ишағ ұлдары тарапынан болады» деп, Ишмуил Талутқа хабар берген еді. (Тағы) бір сауыт пен дулыға берген болатын. Қай ұлыңа жарасса, басқа дулыға шақ келсе, соған бер деп, Талут Ишақты шақыртты. Ұлдарын жиып, жаңағы сауыт пен дулығаны кигізіп еді, жараспады. Ол кезде Дәуіт жоқ болатын.

Талут Ишағтан: «Басқа балаң бар ма?» – деді.

(Ишағ): «Бұл іске жарамайтын тағы бір балам бар», – деді.

Талут: «Соны шақыр, мүмкін, соған жарасар», – деді. Ишағ Дәуітті шақыртты, дулығаны кигізді. Ұзын келіп еді, Дәуіт бір сілкінгенде сауыт бойына шақ келді. Дулығаны басына киген уақытта дәл келді, қуанды. Сол кезде Жалут үш батпан келетін сауыт киген еді. «Соғысайық», – деді. Бәрі қорықты.

Ол кезде Дәуітті ешкім де білмейтін еді дейді. Талут: «Кімде-кім бүгін Жалутпен соғысса, соған жарты патшалығым мен қызымды берейін», – деді. Дәуіт: «Мен ұрысамын», – деді. Дәуіттің айтқанын Талут есітпеді. Екінші рет сұрағанда, Дәуіттің жауабын тағы есітпеді. Үшінші рет сұрады, Дәуіт тағы айтып еді, және есітпеді. Төртінші рет сұрағанда, Дәуіт қаттырақ айтып еді, есітті.

Талут: «Төрт рет сұрадым. Бірінші неге жауап бермедің?» – деді.

Дәуіт: «Жауап бердім, сен естімедің», – деді де: «Алғашында жауап бермеген себебім – барша әскер анық білсін дедім», – деді.

Талут: «Бұдан бұрын өзіңді сынап көрдің бе?» – деді.

(Дәуіт): «Бір кездері қойыма бөрі тиді. Бөріні ұстап, мойнын жұлып алдым», – деді.

«Одан басқа сынап көрдің бе?» – деді.

Дәуіт: «Тағы бір арыстан келді, ұстап аяқтарын сындырдым», – деді.

Талут: «Бар, шық», – деді.

(Дәуіт): «Мына сауытпен соғыса алмаймын», – деді. Сауытты алды. Тас көтеріп, сапқан алды. Алға шықты. Жалут та ілгері шығып: «Немен шайқасасың?» – деді.

(Дәуіт): «Мына таспен», – деді.

Жалут: «Таспен итті ұрады», – деді.

Дәуіт: «Сен де бір итсің», – деді.

Жалут: «Мен сені аяп тұрмын, әйтпесе сені аузымдағы түкірікпен-ақ қағып түсіремін», – деді.

Дәуіт: «Бұл сөз саған пайда бермейді. Сен бастайсың ба әлде мен бастайын ба?» – деді.

Жалут: «Сен баста», – деді. Дәуіт бір тасты шығарып, сапқанға қойды. Майданға кірді. Алла Тағалаға сәна айтты. Қылышы да, садақ оғы да жоқ еді. Қарсы жүрді. Жалут қарап тұр еді. Сапқан шығарып тас атты. Жалутқа жетпестен бұрын Алла Тағала Жалуттың басындағы дулығаны түсірді. (Оның) маңдайы ашық қалды. Тас маңдайына тиді. Тесіп өте шықты. (Кейбіреулер) ол тасты Дәуіт пайғамбардың етегіне Жаратушы Алланың құдіретімен жасырған дейді. Тағы біреуін алды. Атқан уақытта ол тас ауада үшке бөлініп, біреуі – Жалуттың маңдайына, біреуі – оң жағындағы әскерге, біреуі сол жағындағы әскерге тиді. Бір тас Жалутты опат етті, екі тас екі жанындағы әскерді жер жастандырды. Мұсылмандар бір рет тәкпір айтып, қуанды. Кәпірлерге бас салды. Бірнешеуін өлтірді, қалғанын тұтқындады. *«Фә хәзәмуһум бизнилләһи уә қатәлә Дәуудә Жәлутә уә 'әтауллаһу әл-мулкә» («Және Дәуіттің әскерлері Алланың қолдауымен дұшпанды жеңді, Дәуіт Жалутты өлтірді. Алла оған патшалық берді»).*

Бәрі Дәуітке рахмет айтып, шапан кигізді. «Біздің үлкен жауымызды жеңді», – деді. (Кейбіреулер) Талут Дәуітке іштарлық жасады, айтқан мал-дүниесін бермеді, алайда халықтың сөзінен қорқып қызын берді дейді. Содан кейін Дәуітті өлтірмекші болды. Қызы: «Әкем Талут сені өлтірмекші болып жүр. Мұның (рас-өтірігін) білгің келсе, жатарда бір қап алып кір. Оны көрсін. Және көрместен шығып кет. Қапты жүзім шырынына толтыр. Киіміңмен үстін жап», – деді. Солай жасады. Адам көрместен сарайдан шығып кетті. Талут сақшылар қойған болатын. Түнде жасырынып кірді. Қылышпен шапты, киім жыртылды, қап тілінді. Жүзім шырындары ақты. Талут: «Ей, Дәуіт, Алла Тағаланың мейірімі саған болып еді. Тірі кезінде таза едің, өлгенде де тазасың», – деді. Түн қараңғы болатын. Дәуітті өлтірдім деп ойлады. Не істегенін білмеді, көңілі тынышталды. Сақшыларды үйлеріне жіберді, өзі үйінде ұйықтады. Дәуіт

Талуттың ұйықтағанын көргеннен кейін, тұрып екі оқ алды. Талуттың сарайына келді. Бір оқты Талуттың басына қойды. Бір оқты аяқ жағына қалдырды. Талут ұйқыдан ояңған уақытта екі оқты көріп: «Дәуіт маған жақсылық жасады. Ұйықтап жатқанымды көріп өлтірмеді», – деді. Дәуіт ол уақытта таудағы заһидтарға барған еді. Бір заһидтың шіркеуіне кірді. Талут Дәуітті іздеп тауға шықты. «Дәуітті көрдіңдер ме?» – деп діндарлардан сұрады. «Мына шіркеуде», – деді. Талут кірді, ешкімді таппады. «Менің үстімнен күліп тұрсындар ма?» – деп барлық заһидтарды өлтірді. Бір заһид қалды. Ашуы басылған уақытта тірі қалған заһидқа қарап: «Мен тәубе жасасам, қабыл бола ма?» – деді.

Діндар: «Мен білмеймін. Пәлен жерде бір әйел бар, Бәни Исраилдық. Ол маған қарағанда ғалым. Пайғамбарлар оны көріп тұрады», – деді. «Соған барайық», – деп жүріп кетті. Діндар есік қақты.

Әйел: «Кімсің?» – деді.

«Пәлен деген діндармын», – (деді).

«Ол залымнан қалай құтылды?» – деді.

Діндар: «Ақырын сөйле. Талут есікте тұр», – деді.

Әйел: «Жолдастарымды өлтірді. Енді мені өлтіргелі келді ме?» – деді.

Діндар: «Жоқ, тәубе еткелі келіп тұр», – деді. Әйел есікті ашты. Екеуі кірді. Түн болатын. Талут түнде: «Түннің қанша бөлігі өтті?» – деді. Әйел: «Түнді ояу өткізетіндерді өлтірдің. Енді кім білсін?» – деді. Бұл сөзден Талуттың қайғысы асты. (Әйел): «Ишмуил пайғамбардың топырағының басына бар. Намаз оқы. Сенің тәубе жасағаның үшін дауыс келеді, есітесің», – деді және. Ишмуил топырағына барып, дұға жасады. «Не іс жасадың?» деген дауыс естіді.

Талут: «Жауыздық істедім», – деді.

«Дәуітті Жаратушы Алланың мүлкінен қаққан сенбісің?» деген тағы бір дауыс келді.

«Ия», – деді.

«Ей, Талут, ұлдарыңмен бірге қорғанға бар. Ел алсаң, тәубең қабыл болғаны, егер онда өлсең де қабыл», – деді.

Талут ұлдарына келіп: «Ей, ұлдар, мені жанып тұрған оттың ішінде көрсеңдер, маған көмектесесіңдер ме әлде жоқ па?» – деді.

(Олар): «Көмектесеміз», – деді.

«Енді пәлен қамалды алуға маған көмектесіңдер немесе мәңгі тамұқта қаламын», – деді. Ұлдары Талутпен қамалға барды, соғысты. Ұлдары өлді, кейін Талут та өлді. Патшалық Дәуітке қалды.

(Деректерде) Бәни Исраилдықтардың Дәуіт пайғамбардың қарамағына топтасқанындай ешбір патшаға топтаспағандығы айтылады. Сол себепті де Алла Тағала былай деді: «*Уә атәйнәһум мулкән 'әзимән*» («Біз оларға үлкен патшалық бердік»).

(Деректерде) түн сайын Дәуіт пайғамбар сарайының есігін үш мың пайғамбар ұлдары күзететіндігі айтылады. (Кейбіреулер) Дәуіт пайғамбар түнде белгісіз киім киіп, өткіншілерден: «Сендердің патшаларың сендермен қалай мәміле жасайды?» – деп сұрайтын еді дейді. (Олар): «Өте әділ», – дейтін. Бір түні солай сұрап жүрген уақытта Жаратушы Алла бір періштені бір кемпір бейнесінде жіберді.

Одан: «Патшаңыз қалай?» – деп сұрады.

Кемпір: «Өте әділ, кемшілігі адамдардың малын жейді», – деді.

Дәуіт дұға жасап: «Тәңірім, маған бір кәсіп үйрет, сонымен жан бағайын. Халық маған тіл тигізбесін», – деді. Жаратушы Алла (оған) бір тағашылық өнерін үйретті. «*Уә 'әләмнәһу сән'әтә ләбусин ләкум*» («Және Біз оған киім тігу өнерін үйреттік»).

(Деректерде) темір Дәуіттің қолында басқалардың қолындағы қамырдай жұмсарып иленетіндігі айтылады. «*Уә әләнә ләһу әл-хәдидә*» («Біз оған (Дәуітке) темірді илейтін өнерді бердік»). (Кейбіреулер) Дәуіт күнә жасаған күнәһарларды қарғайтын еді дейді. Хақ Тағала сол себепті пәле берді. Себебі бір күні дұға жасап: «Тәңірім, не үшін халық сені айтарда

Ибрахимнің Тәңірі дейді, Дәуіттің Тәңірі демейді», – деді. «Оларға пәле жібердім, пәлеге сабыр қылды» деген дауыс келді. Дәуіт: «Маған да пәле жібер, сабыр етейін. Мені де дұғаларына қоссын», – деді.

Дәуіт береке-бақыт дұғасын жасаса болар еді, (алайда) пәле (ауыртпашылық) дұғасын жасады дейді. «Ей, Дәуіт, оларға пәле бердім, алайда қашан берерімді айтпадым. Бірақ саған пәле беремін» деген (Алладан) жарлық келді.

Тағы бір риуаятта (келеді): «Пәлен жылы, пәлен айда, пәлен күні, пәлен сағатта жіберемін» деген жарлық келді. Дәуіт сол күнді жаттап алды. Сол күн жеткен уақытта күзетшілерге: «Есікті жабыңдар, ешкімді де кіргізбеңдер», – деді де, өзі жетінші қабат үйге кірді. Зәбүрді оқи бастады. Ібіліс бір құс бейнесінде кіріп келді. Басы інжуден, көздері қызыл жақұт, аяқтары жасыл зәбәржәд, қанаттары алтыннан (екен). Дәуіттің қасына қонды. Дәуіт оның әдемілігіне қызығып, пәле келетінін ұмытты. Құсты ұстамақшы болды. Құс ұшып барып, әрірек қонды. Ұстамақшы болып барды. Тағы ұшып әрірек қонды. Дәуіттің үмітін үзбейін деп кетпеді. Дәуіт соңынан барды. Құс ұшып түңлікке қонды. Дәуіт тұрмақшы болды. Құс ұшып тасқа шықты. Дәуіттің көзі сыртқа түскен уақытта, жалаңбас бір қызды көрді. «Бұл не?» деп тұр еді. Дәуіттің көлеңкесі сол қызға түсті. Көлеңкені көрген уақытта ашуланды. Басын қозғалтып, шашы мен барша денесін қимылдатты. Дәуіт шашын, көркін көріп, көңілі кетті. Ол қыз Жүсіп (пайғамбар) ұрпағынан еді. Бәни Исраил ішінде белгілі еді. Есімі Битшаниғ болатын. Дәуіт (ғ.с.) сол қызды алып келуге адам жіберді. Пайғамбардың сөзі қайтарылмайтын. Битшаниғ келісіп: «Дәуітке барамын, алайда бір шартым бар, түнде менімен қонсын. Менен ұл туса, патшалықты соған берсін», – деді. Дәуіт қабылдады. Битшаниғты некелеп алды. Оны жақсы көрді. Пәле келерін білмеді.

(Деректерде) бір күні намаз оқыды дейді. Михрабта отырған кезде (белгісіз) екеу кіріп келді. «*Из тәсәуәру әл-михрабә*» («Ол екеуі михраб қарсысынан шығып келді»). Дәуіт оларды көріп шошып кетті. «*Из дәхәлу 'әлә Дәуудә фә фәзи'ә минһум*» («Ол екеуі Дәуіттің үстіне кіріп келгенде, шошып кетті»). (Ол екеуі): «Қорықпа, біз екеуіміз жаумыз. Саған келдік, (не) істейсің», – деді.

САУАЛ: Дәуіт не үшін қорықты?

ЖАУАП: Кімде-кім Дәуітке келер болса, рұқсат сұрап келетін еді. Бұл екеуі рұқсат сұрамастан кірді. Есіктен кірмеді, михраб шатырынан кірді. Сол үшін де қорықты. Біреуі Дәуіттен сұрады, (ол): «Бұл менің бауырым, тоқсан тоғыз саулық қойы бар. Және менің бір саулық қойым бар. Бұл бір саулықты алайын деп тұр», – деді. «*Инна һәзә әхи ләһу тис'унә нә'жәтән уә ли нә'жәтун уәхидәтун*» («Расында, мына адам менің бауырым болады. Оның тоқсан тоғыз саулығы бар, ал менің жалғыз саулық қойым бар»).

Дәуіт орынсыз сөз есітіп, шыдап тұра алмастан: «Мынаның тоқсан тоғыз саулық қойы бар екен, сенің бір саулық қойыңды алайын десе, саған зұлымдық қылар», – деді. Біреуі қасындағысына қарап: «Мынау аяғын кетпенмен шауып жатыр», – деді. (Кейбіреулер) Дәуіттің сөзіне біреуі күлді дейді. Дәуіт: «Халифа алдында неге күлесің?» – деді. Тағы біреу: «Мына Дәуіт пен еліне балға соғу керек», – деді. Енді біреуі: «Дәуітті балғамен ұруға сен лайықсың», – деді. Екеуі көрінбей кетті.

САУАЛ: Періштелер әйелді аман-саулыққа теңеді, хикметі не еді?

ЖАУАП: Барша жануардың ұятты жері жабық болады. Оны «нә'жә» дейді. Жаратушы Алладан қаһар болғанын Дәуіт білді. Ол қаһарға бірнеше себеп бар еді. Сол себептердің бірі – Битшаниғты Урия алған еді. Дәуіт Битшаниғты алу үшін Урияны әскерге жіберді. Кейбіреулер бұдан да жаман сөздерді Дәуітке теңейді. Бәрі де қате. «Тәпсірде» (кітаптары) де, «Усмәт әл әулиеде» (кітап) де, Дәуіт шарифаты бойынша, бір қызды аламын десе, басқа біреудің ол қызды алуы қате саналатындығы жазылған. Урия Битшаниғқа үйлену үшін адам жіберген болатын. Дәуіт оны білместен, ешкім жібермейді деп, жіберді. «*Әфзалу ә'мали әнбия*»

(«Пайғамбарлардың амалы артық») болғаны үшін Дәуіт қаһар келгенін пайымдамады. Сауалдың жауабы, міне осы.

Бұл қаһар болған кезде (Дәуіт) дұға мен мінажатқа кірісті. Құзыретке бұрылып, намазға тұрды. «*Уә зәннә Дәууду әннәмә фәтәннәһу фәстәннәһу фәстәғфәра раббәһу уә хәрра раки'ән уә әнәбә*» («Біз оны сынап жатқанымызды Дәуіт білді және дереу Жаратушыға жалбарына бастады, жерге сәжде жасап иілді және істеген күнәсінен қайтты»).

(Кейбіреулер Дәуіт пайғамбар) жайлауға шығып қырық күн-түн сәжде қылды дейді. Сәждеде пайғамбардың жылағаны соншалық, жайнамазы көз жасынан су болды. Шөп шықты. Дәуіттің бойы ол шөптен көрінбейтін болды. Дәуіттің жылағаны мен әлем халқының жылағанын салыстырса, Дәуіттің жылағаны артық түседі. Және Дәуіттің жылағаны мен Адам атаның жылағанын салыстырса, Адам атаның жылағаны көп. Дәуіт Алла Тағаладан саған тәспі айту үшін маған жолдас керек деді. Бәни Исраилдық төрт жүз адам Дәуітпен бірге жылады. «*Йә жибәлу әууиби мә'әһу*» («Ей, таулар, онымен бірге тәспі айтыңдар»). Ұшып жүрген құстарға да жарлық келді. Олар да Дәуітке қосылып жылады. Дәуіт тауға шыққан уақытта тоқсан тоғыз әйелімен бірге барша жануар жылайтын еді деген деректер бар. Бір күні басын тасқа соқты.

«Ей, Дәуіт, не қалайсың?» деген дауыс естіді.

Дәуіт: «*Иләһи әнсит әл-хәләиқа сә'әтән әнни әрфә'у хәжәти*» («Ей, Алла, мына адамдарды бірер сағат ұстай тұр, мен қажетімді айтып алайын»), (яғни) «Тәңірім, он сегіз мың әлем халқын тоқтат, ешкім сенен тілек сұрамасын, мен сұрайын», – деді.

«*Йә Дәууду әмә 'әлимтә әннә кәсратә әл-әсуәти лә йәшиғалуни әнис-сәм'и*» («Ей, Дәуіт, дауыстың көптігі Менің есітуіме бөгет бола алмайтынын білмедің бе?»), (яғни) «Ей, Дәуіт, дауыстың (тілектің) көптігі менің есітуіме бөгет болмайтынын білмедің бе?» деген (Алладан) жарлық келді.

Дәуіт: «*Бәлә йә рабби әнсит әл-хәләиқа сә'әтән*» («Ия, ей, Жаратушым, бір сағат адамдарды тоқтат»), (яғни) «(Әрине), солай, алайда бір сағат тоқтат. Бәрін істе», – деді.

Уәхб ибн Мунәббих: «Одан бұрын және кейін халықты ешкім тыйған жоқ еді», – деді.

Сол сәтте Дәуіт: «Мән 'әзәбилләһи», – деп дауыстады. Үш рет сәждеге барды, қырық күн-түн бас көтермеді, еш нәрсе жемеді. Содан кейін періште келіп: «Ей, Дәуіт, Алла Тағала: «Аш болсаң, ас бермейін, шөлдесең, су берейін, жалаңаш қалсаң, киім берейін», – деп жатыр», – деді. Дәуіт жарлық келгенімен, қорлық зікірінің жоқ екенін көрді. Қайғырды. Және бір рет «ah» деді. Аузынан от шықты. Айналасындағылар күйді. Жебірейіл жетіп келіп: «Ей, Дәуіт, Алла Тағала сені жарылқады. Және (мәртебеңді) биік етті, орның жұмақтан болды», – деді. «*Фә гәмәрнә ләһу зәликә уә иннә ләһу 'индәнә ләзулфә уә хуснә мәәб*» («Кейін Біз ол үшін сол нәрседен өттік. Расында оның Бізге жақындығы және жақсы салдары бар»).

Үш күн-түн құлшылықта тұрды. «Ей, Дәуіт, не қалайсың?» деген (Алладан) жарлық келді.

(Дәуіт): «Тәңірім, мені жарылқадың. Ақыретте Урия жауым болса, не істейін?», – деді.

«Ол күні Урияға сені тапсырамын. Және одан маған беруін сұраймын. Оны сенен риза етемін» деген (Алланың) жарлығы келді.

Дәуіт: «Енді көңілім орнына түсті», – деді. Ел ішіне келіп билік құра бастады.

Хабарда былайша келеді: Күндердің бір күні екі адам Дәуітке келді. Біреуі: «Мына адамның қойлары менің астығымды жеп жатыр», – деді.

Дәуіт: «Сен барып оның қойларын ал», – деді. Ол екеудің біреуі қуанып, екіншісі көңілсіз болып шықты. Сүлеймен тас есіктен олардың қайғылы жүзін көріп сұрады. (Олар) Дәуіттің (шығарған) үкімін айтып берді. Сүлеймен: «Әкеме барып айтыңдар, мына үкім жарамайды», – деді. Келіп айтып еді, Дәуіт Сүлейменді шақырып: «Мына үкім туралы не дейсің?» – деді. Сүлеймен: «Астықты қойдың иесіне беріңіз. Баптаса, астық шығады. Қойды астық иесіне беріңіз. Астық піскенше, сүтін ішсін. Астық өскен соң, астық иесі – астықты, қой иесі қойын алады», – деді. Дәуітке бұл шешім ұнады. Екі тарап та риза болды. «*Уә Дәуудә уә Суләймәнә из*

йәхкүмәни фи әл-хәрси мә нәфәшәт фиһи гәнәмә әл-қауми уә куннә ли хукмиһи шәһидинә фә фәххәмнәһә Суләймәнә» («Біз Дәуит пен Сүлейменнің бір егін даласы туралы үкім шығарып отырғанын ойға түсірдік. Ол даланы бір қауымның қойлары басып аяқ асты қылған еді және Біз олардың қылған үкімдерінен хабардар еттік. Кейін Біз қандай үкім шығару керектігін Сүлейменге тапсырдық»).

Хикаяда келеді: Дәуиттің он екі ұлы бар еді. Бәрі ғалым, факиһ, ақылды болатын. Бұлардың қайсысы менің орныма отыруға лайық екен деп (Дәуит) ойланатын. Өмірі соңына жақындағанда Жебірейіл бір мөрленген хат алып келіп: «Ей, Дәуит, қай ұлың мына хатты ашпастан оқыса, орнына соны отырғыз», – деді. Дәуит ұлдарына берді, оқи алмады.

Жебірейіл: «Басқа балаң бар ма?» – деді.

Дәуит: «Және бір ұлым бар. Әлі кішкентай», – деді.

Жебірейіл: «Шақыр», – деді. Сүлейменді шақырып, хатты қолына беріп еді, ол оқыды. Ашып қараса, Сүлеймен оқығаннан бір сөзі артық не кем келмеді. Дәуит оны көрген кезде ғалымдар мен ақсақалдарды шақырып: «Сүлейменді сынаңдар», – деді. Келіп сынады. (Олар): «Терең ғалым, жомарт және кемел (адам) таптық», – деді. Содан кейін Дәуит Сүлейменді өз орнына отырғызды.

Хабарда келеді: Бір күні Дәуит (ғ.с.) Зәбүрді оқып отырып, әйелдердің дауысын естіді. Жүкті әйелдердің бәрі бала тастады, жүз қыз пәктігін жоғалтты. (Кейбіреулер) Адам атадан Дәуитке дейін ешкім де сауыт-сайман жасамайтын еді, бұл өнер Дәуиттен мирас болып қалды дейді.

ХИКАЯ: Бір күні Лұқпан хакім Дәуит пайғамбарға келді. Темірді қамырдай илеп жатқанын көрді. Таң қалып тұрды, сұрақ қоймады. Дәуит сауыт-сайманды бітірген кезде атып тұрып: «Ұрысқа жарайтын бар ма?» – деді. Лұқпан оның сауыт екенін білді. «*Әс-сумту хикмәтун уә қалилун фә'илуһу*» («*Тыныштық сақтау хикмет, алайда оған амал етушілер аз*»), (яғни) «Сұрамастан тыныш тұру – хикмет, алайда істеткен аз», – деді. Дәуиттің өмірі соңына жеткен кезде палас шапан киіп, михрабта жалаңбас отырып, жылайтын еді.

(Кейбіреулер) бір күні Әзірейіл Дәуиттің сарайына адам кейпінде келді дейді. Дәуит үйде жоқ болатын. Әзірейілге Сүлейменнің анасы Битшаниғ: «Сен кет», – деді.

Әзірейіл: «Мен саған айтқалы келдім», – деді.

Битшаниғ: «Мені Дәуит пайғамбар алғалы бері бөтен ер адам көрген жоқпын. Бөгде адам да мені көрген жоқ, Дәуит келместен бұрын кет», – деді. Әзірейіл күлді. Дәуит кіріп келді. Әзірейілге қарап, таныды да: «Неге келдің?» – деді. Әзірейіл: «Сенің жаныңды алып, жұмаққа апарғалы келдім», – деді. Дәуит пен Әзірейілдің сөйлесіп тұрғанын Битшаниғ есітіп тұрды. Әзірейіл екенін білмеді. Дәуит орнына келіп, оң қырынан жатты. Әзірейіл жанын алды, өлместен бұрын патшалығын Сүлейменге тапсырған еді.

ДӘУИТТІҢ ҰЛЫ СҮЛЕЙМЕН (Ғ.С.) НІҢ ҚИССАСЫ

Ол – «*Уә хәб ли мулкән лә йәнбәғи ли әхәдин мин бә'ди*» («*Және маған бір патшалық бер, менен кейін ондай патшалық ешкімде болмасын*») деп, Жаратушыдан патшалық сұраған, «*Һәзә 'әтаунә фәмнун әу әмсиқ бигайри хисәб*» («*Бұл Біздің бергеніміз, қаласаң одан басқаларға сыйла, қаласаң өзіңде сақта, есебі жоқ*») жауабын естіген, «*Ғудуһә шәһрун уә рауәхуһә шәһрун*» («*Оның, яғни самалдың таң ертең жүруі бір айлық, кейін кеште жүруі де бір айлық қашықтық еттік*») сипатты көлік берілген, «*Фә фәххәмнәһә Суләймәнә уә куллән әтәйнә хукмән уә 'илмән кәрамәтин*» («*Оның үкім жолдарын Сүлейменге түсіндірдік және олардың әрбіріне ілім мен хикмет бердік*») болған – СҮЛЕЙМЕН (ғ.с.).

Өлең:

Дәуіт ұлы ол Сүлеймен – Тәңіріміздің елшісі,
Жел мінетін шаһ еді ол, һәм ұшатын құс елшісі.
Адамзат, ұшқан, жүгірген, дию, пері һәм жел, бұлт,
Улы болсын (мейлі) азулы барша оның қызметшісі.
Төмен төрт жүз араба еді күнде таңғы асына,
Барарында көр, арыстан, бөрі, қабылан қойшысы.
Шапқыр аттың тұқымы қалды одан дүниеде,
Тілде құжат, тәнде қызмет, қолда билік қамшысы.
Өз «Ни'мә әл-'әбду» аталды һәм пайғамбар, һәм патша,
Жолдан азғандарға еді өзі жұмақ жолшысы.

Сүлеймен Дәуіттің патшалығын мирас етіп алды.

Хабарда былай келеді: Дәуіт пайғамбар: «Тәңірім, маған көп жомарттық жасадың. Ұлым Сүлейменге де солай жаса», – деп дұға жасады. «Ей, Дәуіт, Сүлейменге айт, менің құзыретімде сен жасағандай жасасын. (Сонда) оған саған берген жомарттығымды берейін» деген жарлық келді.

Жаратушы Алла оған көп патшалықты сыйға берді. Біріншісі – Сүлейменнің патшалығында жақсы, жаманнан хабар берген ұшатын құстар болды. (Кейбіреулер) (Сүлеймен) жетпіс түн ұйықтамастан дұға жасап: «Тәңірім, мені жарылқа. Маған ешкімге берілмеген патшалықты бер. Бәрін кешірген Сенсің» деп жалынды, – дейді. *«Раббигфир ли уә хәб ли мулкән лә йәнбәғи лиәхәдин мин бә'ди иннәкә әнтә әл-уәххәб»* («Ей, Жаратушым, мені кешір, және маған бір патшалық бер, менен кейін ондай патшалық ешкімде болмасын. Сен шынайы сыйлаушысың»).

«Йә Суләймәну инни қабизу әруәхи әл-мулуки хәттә лә йәнбәғи мәликун гәйрукә фи әд-дуния» («Ей, Сүлеймен, Мен дүниеде барлық патшалардың жанын аламын, дүниеде сенен басқа патша қалмасын») деген (Алланың) жарлығы келді. «Барлық патшалардың жанын алдым, дүниеде сенен басқа патша болмайды» деп жарылқады. Жаратушы Алла сол уәдені орындады. Барлық патшаларды өлтірді. Сүлейменнің жалғыз өзі барша әлемге патша болды. Және жетпіс түн ұйықтамастан: «Тәңірім, тағы да бер», – деді. «Перілерді саған бағындырдым» деген (Алланың) жарлығы келді. Ертесіне перілердің үлкендерін жиды. Аймақтарды соларға тапсырды. Әрбірін бір іске жүктеді. Және жетпіс түн ұйықтамастан: «Тәңірім, тағы да бер», – деді. Жаратушы Алла оған ұшқан құстар мен жүгірген аңдарды бағындырды. Және жетпіс түн ұйықтамастан сұрады. Жаратушы Алла оған жел мен суды бағындырды. Жер мен көктің арасына не нәрсе болса, барлығын оған бағынышты қылды. Бәрі мойынсұнды.

(Деректерде) Сүлеймен таудан өтер болса, сол таудағы алтын, күміс (секілді асыл тастың) бәрі тілге келіп: «Мен мұндамын, керек болса, ал», – дейтін. Теңіз де солай жасайтын. Керек болған диюларға таудан ғибадатхана қаздыратын. Перілер мен адамдарға ғимарат тұрғызатын.

Кағб әл-Ахбардың (Алла одан разы болсын) айтуынша, он екі мың иғаш жерге сарай салдыртқан. Төрт жүз иғаш жерге қызыл алтыннан бір тақ жасатқан. Төрт жүз ғалым отыратын. Үкім шығару үшін келіп таққа отырғанда алдында арыстан отыратын. Төрт мың адамның алдында төрт мың дию мен төрт мың періште қанатымен желпіп тұратын. Сүлеймен шам намазына дейін үкім шығаратын еді. Содан кейін үйіне баратын. Таң атқанша құлшылық жасайтын. Содан кейін ертесіне халыққа тамақ беретін.

Хабарда келеді: Таңғы асына төрт жүз араба (тағы бір деректе жеті жүз араба) ұн жұмсалатын. Және біреулер (Сүлеймен) тал ағаш жиып, себет тоқып, кілем жасап, себет сататын еді дейді. Жарты пайдасын садақаға беріп, жарты пайдасына арпа нанын алып жейтін. Және: «Бұл патшалық Тәңірдікі. Халыққа беріп жатырмын, мен өз еңбегімді (адал еңбегіммен тапқан несібемді) жеп жатырмын», – дейтін. Төрт жүз тылсым қылдырды, жеті жүз тауды орнынан алып, басқа жерге қойғызды.

Уахбтың айтуынша, ол сарай төрт иғаштың ішінде, төрт иғаштық жер екен. Тақ бір иғаш жерге орналасқан. Адамдар, диюлар карамағында тұратын. Әр түрлі құстар сап түзеп, бұл тақтың көлеміндей көлеңке түсіретін. Жел келіп ол тақты сонша халықпен бірге көтеріп, алып баратын. Осылайша бір айлық жерге алып барып, қайта алып келетін. *«Ғудууһә шәһрун уә рауәһуһә шәһрун»* («Оның, яғни самалдың таңертең жүруі бір айлық, кейін кеште жүруі де бір айлық қашықтық еттік»).

(Біреулер) осы екі айлық жерді жел көтеріп жүргенін білмейтін еді дейді. *«Фә сәххәрнә ләхур-рихә тәжри биәмриһи рухәән хәйсу әсәб»* («Біз оған самалды бағындырдық, оның пәрменімен қалаған жағына ақырын есіп тұратын»). «Руха» – араб тілінде жұмсақ жел дегенді білдіреді. Және: *«Уә әсәлнә ләһу 'әйнә әл-қитри»* («Біз ол үшін мыс бұлақтарды ағызып қойдық»), – деп жарылқады (Алла). Мағынасы мынау: «Біз Сүлеймен үшін «қитр» желін естірдік». «Қитрдің» мағынасы туралы ғұламалар арасында бірнеше пікір бар. Бір пікірде Сүлейменнен бұрын «қитр» (желі) жоқ еді дейді. Парсы аймағының тауларында болатын «мумия» болатын дейді. Халықтың ішіндегі ауру, ақсақ, кемістерінің бәрі жазылатын. (Кейбіреулер) «қитр» – ағатын мыс дейді. (Енді біреулер) «қитр» – қайнаған мыс деді. Хисарлар шатырын сонымен жабады. Ол шатыр құламайтын болады. Сондықтан да (Ескендір) Зұлқарнайын тұсында білдірді. *«Әтуни уффриг 'әләһи қитран»* («Маған қайнатылған мысты алып келіңдер, мен оның үстіне құяйын»).

(Деректерде) адамдарды қоқыс тасушы, аспаздық, шабарман, суретші етіп әр іске жекті (әр кәсіпке бөлді) делінеді. Диюлар дүниеде жеті түрлі істің негізін қалады деген де сөз бар. (Бұл істер) Сүлеймен пайғамбардың тұсында пайда болды, одан бұрын жоқ еді. (Олар): монша, су диірмені, әк, бояу, сурет салу, тасты мына таудан ана тауға алып бару. Кейбіреулер өте күшті болатын. Сүлейменге бағынбайтын. Оларды тауда шынжырлап ұстайтын. Бәрі Сүлейменге бағынғанда Жаратушы Алла ілім-хикмет пен пайғамбарлықты, бәрін Сүлейменге сыйлады.

Қалбидің айтуынша, Сүлейменнің патшалығы күшейген уақытта ол: «Тәңірім, барша халықты бір күні қонаққа шақырсам деген ойым бар», – деп дұға жасаған.

«Менің халқымды менен басқа кім қонақ қылады?» деген (Алладан) жарлық келді.

Сүлеймен: «Маған шексіз нығмет бердің, (енді) рұқсат бер», – деді. Жаратушы Алла уахи жіберіп, барша ұшқан (құс) пен жүгіргендерге (аңдарға) пәлен күні Сүлейменге қонаққа барындар, – деді. Содан кейін бір үлкен теңіз жағасында сегіз айлық кең жазық дала бар еді. Сол жерге шақырды. Дию, пері – барлық жануарларға әмір берді. Батыстан шығысқа дейінгі азықтың бәрін жиғызды. Бір иғаш жерге жиды. «Қазан жасаңдар» деп диюларға әмір берді. Әрбір қазанның үлкендігі жетпіс қари еді. Осындай жеті жүз мың қазан дайындатты. Іші қырық қари, ішінде қырық шанақ жасатты. *«Уә жифәнин кә әл-жәуәби уә қудурин расийәтин»* («Әуіздей келетін легендер мен қимылдамайтын қазандар»). Жаңағы сегіз айлық жерді аспен толтырды. Сүлейменнің тағын сол теңіздің жағасына орналастырды. Бір күрсі ұрып, Сүлеймен сол таққа отырды.

Сол теңізге қарап еді, теңізден бір балық бас көтеріп, Сүлейменге: «Бізге жарлық келді, саған қонаққа келдік. Бәрі жиналғанша менің сабырым жоқ. Маған тамақ бер», – деді.

Сүлеймен күліп: «Ей, балық, осыншама тамақты халық үшін жидым. Не керек болса, же», – деді. Балық басын көтеріп, сол тамақтардың бәрін бір-ақ қылғытып: «Ей, Сүлеймен, әти'мин», яғни маған тамақ бер», – деді.

Сүлеймен аң-таң қалып: «Мына тамақтарды батыстан шығысқа дейін халық үшін жиғыздым. Сен бәрін бір-ақ жұттың, басқа тамақ жоқ», – деді.

Балық: *«Зәйиә'әкаллаһу кәмә зәйиә'тәни»* («Мені қорлағаныңдай Алла да сені қорласын»). Жаратушы Алла маған әр күні қырық жұтым тамақ береді. Бір жұтымы (сенің осы) барлық тамағына тең келеді. Бүгін мен аш қалдым. Тамағың жоқ екен, неге халықты қонаққа шақырдың?» – деді. Сүлеймен естен танып қалды. Есін жиып: «Құдайым, тәубе жасадым. Несібе беруші Сенсің, Біз кедейміз», – деді.

(Біреулер) сол күні барлық жануарлар аш қалды дейді. (Енді біреулер) сол балық жерді көтеріп тұрған балық еді дейді. Жаратушы Алла сол кезде жерді балық арқасынан көтеріп, өз құдіретімен сақтады. Барлық халық Жаратушының құдіретін білсін, өздерінің әлсіз екендіктерін түсінсін, ғибрат алсын деп, сол балықты Сүлейменге (қонаққа) жіберді. (Кейбіреулер) ол балық емес еді, Сүлеймен ғибрат алсын деп, Жаратушы Алла өз құдіретін көрсетті дейді.

СҮЛЕЙМЕННІҢ ШЫМАЛМЕН СӨЙЛЕСКЕНІ

«Иза әтә 'әлә уәдин нәмли қаләт нәмләтун йә әйшухән нәмлу удхулу мәсәкинәкум лә йәхтимәннәкум Суләймәну уә жунудуһу уә һум лә йәш'әрун» («Ол (Сүлеймен) шымалдар мекеніне келген уақытта бір шымал: «Ей, шымалдар, үйлеріңе кіріңдер және Сүлеймен әскерімен білмей сендерді басып кетпесін», – деді»).

Сүлеймен бір күні тақта отыр еді, жел тағын көтерді. Әскері тақтың астында жүретін. Бір үлкен тартылған өзенге жетті. Сол тартылған өзеннің іші шымалға тола еді. Шымалдардың үлкені ақсақ болатын. Аты Миндир еді. (Миндир шымал): «Ей, шымалдар, қашындар, үйлеріңе кіріңдер. Сүлеймен әскерімен сендерді басып, опат етпесін», – деп айқайлады. Сүлеймен ол сөзді есітті. Күліп: «Тәңірім, маған ынсап бер. Маған берген және әкеме берген нығметке шүкіршілік етейін. Және ынсап бер. Сені риза ететіндей ізгі істер жасайын», – деді. *«Фә тәбәсмә захикән мин қаулиһә уә қалә рабби әузи'ни ән әшкура ни'мәтәкәл ләти ән'әмтә 'әләйиә уә 'әлә уәлидәйиә уә ән ә'мәлә салихән тәрзаһу» («Оның сөзіне (Сүлеймен) жымып күліп: «Ей, Жаратушым, маған және ата-анама берген нығметтеріңе шүкіршілік етуді нәсіп қыл, және Сен разы болатын ізгі амалдарды орындап баруыма қол жеткіз», – деді»).* Сүлеймен тақтан түсіп, шымалды шақырып: «Ей, шымал, шымалдарды қалай қашырдың?» – деді.

Шымал: «Сен патшасың, мен де патшамын. Жаратушы Алла маған қырық табақ жер, патшалық берді. Әр табақ жерде әскербасыларым бар. Әрбір әскербасының қарамағында қырық мың сарбаз бар. Жаратушы Алланың жарлығы болса, жер бетінде бірде-бір жауды қалдырмаймын», – деді.

Сүлеймен: «Соншама әскеріңді неге қашырдың?» – деді.

(Шымал): «Сенің әскерің кетіп бара жатып білместен басып кетеді. Олар опат болады деп қашырдым», – деді.

Сүлеймен: «Сен неге қашпадың?» – деді.

(Шымал): «Мен бұлардың үлкенімін. Үлкен істерге лайық болу керек. Пәле келгенде өзін соған қарсы ұстау керек», – деді.

Сүлеймен: «Бұл білімді қайдан үйрендің?» – деді.

Шымал: «Барлық әлемнің білімі менде деп ойлайсың ба? Алла Тағала білімді ешкімге бермеді. Енді рұқсат берсең, бірнеше сұрақ қояйын», – деді.

Сүлеймен: «Сұра», – деді.

Шымал: «Жаратушыдан не сұрадың?» – деді.

Сүлеймен: «Менен басқа ешкімде болмаған патшалық сұрадым», – деді.

(Шымал): «Маған болсын, өзгелерге болмасын деген мына сөзден іштарлықтың иісі шығып тұр. Басқа не сұрадың?» – деді.

Сүлеймен: «Желді сұрап едім, маған бағынышты қылды, мініп жүрмін. Астхардан Шамға, Шамнан Астхарға дейін бір айлық жер. Оған күнде барып келемін», – деді.

Шымал: «Мағынасы мынау: Сенің қолыңдағы биліктің бәрі жел. Оған мінгенше мағрифат көлігіне мінсең жақсы болатын еді. Көзді ашып-жұмғанша Арсыға барып келетін едің. Және не сұрадың?» – деді.

(Сүлеймен): «Піл сүйегінен тақ берді», – деді.

Шымал: «Жаратушы Алла: *«Уә әл-әрза фәрашнәһә фә ни'мә әл-мәхидун»* («Және Біз жерді төседік, Біз қандай жақсы төсеушілерміз») дейді. Мына кең жер жетпеді ме?» – деді де, «Және не сұрадың?» – деді.

(Сүлеймен): «Ұшатын құстарға жарлық берді, басыма көлеңке жасайды», – деді.

Шымал: «Биік аспан көлеңкесі саған жетпеді ме?! Тағы не берді?» – деді.

(Сүлеймен): «Бір жүзік берді. Барлық жаратылыс соған бағынады», – деді.

Шымал: «Жерден көкке дейін Жаратушы Алла саған көрсетіпті, Батыстан шығысқа дейін саған беріпті. Оның құны бір кесек тас. Оның құны жоқ екенін барша білсін. (Шынайы) патшалық – жұмақ патшалығы. Ешкім де оның құнын білмес», – деді де Шымал және: «Тағы не берді?» – деді.

(Сүлеймен): «Дио-періні маған бағындырды», – деді.

Шымал: «Бұл жеңіл патшалық. Сабыр сақтағаныңда, періштелерді саған бағындыратын еді. Себебі ақыр заманда Мұхаммед есімді пайғамбар шығады. Жаратушы Алладан еш нәрсе сұрамайды. Барлық періштелер оған бағынышты болады», – деді.

Сүлеймен: «Бұл білімді кімнен үйрендің?» – деді.

(Шымал): «*Әлләмәни рабби*» («Жаратушыым үйретті»), (яғни) «Тәңірім үйретті», – деді.

ӘКУЗ ПАТШАМЕН СӨЙЛЕСКЕНІ

Бір күні Сүлеймен кетіп бара жатып Кауан атты дарияның құйылатын жеріне жетті. Жайылып жүрген қара малды көрді. Сүлейменді көріп аспанға ұшып кетті. Сүлеймен оны көріп аң-таң қалды. Ешкім көрмеген (хайуан) еді. Сүлеймен ол аттарға қызықты. Үйіне келді. Қауыш атты дио бар еді. Соған: «Қанатты мың ат көрдім. Кауан деген дарияның құйылысында жүр. Соны маған алып кел», – деді.

Қауыш: «Мен ол істі атқара алмаймын. Алайда оны алып келе алатынды білемін. Сол барып алып келеді», – деді.

Сүлеймен: «Ол кім?» – деді.

(Қауыш): «Сол дарияның құйылатын жерінде Самдун атты бір дио бар. Бұл істі сол істей алады», – деді.

Сүлеймен: «Мен де Самдунды іздеп таба алмаймын», – деді.

Бұл Самдун өте күшті, айбатты бір дио болатын. Сүлейменге бағынбайтын. Оны ұстап алып келуге жіберсе, бұлттардың ішіне қашып кіріп кететін. Бұлтқа кірсе, қашып теңізге кіретін.

(Сүлеймен): «Не амал жасайсың?» – (деді).

Қауыш: «Ол ешкімнің сөзін тыңдамайды. Жалғыз менің сөзіме сенеді. Маған жүз дио бер. Олар бір жерде жасырынып тұрсын, мен оған жалғыз барайын. Сен өзіңді аурумын деп жат. Бірнеше күннен кейін Сүлеймен өлді десін. Халық арасына жайылсын. Хабар бізге де жетсін. Самдун бізден келіп сұраса, біз де солай «өлді» деп айтайық. Содан кейін оны алдап, диолар жасырынып тұрған жерге алып келейін», – деді.

Сүлеймен жүз диоды Қауышқа берді. Өзі ауру болып жатты. Бірнеше күннен кейін Сүлеймен өлді деген сөз тарады. Қауыш Самдунға келді.

Самдун: «Бұл не хабар?» – деп сұарды.

Қауыш: «Сүлейменнен құтылды», – деді. Самдун қуанды.

Қауыш: «Сүлеймен өлсе, барлық дию, перілер құтылды. Сарайлардың есігі бос қалды. Барып тамашалайық», – деп алдап, Самдунды айтылған жерге алып келді. Жүз дию шыға келіп Самдунды ұстады. Сүлейменге алып келді.

Сүлеймен: «Енді өзіңді қалай көресің?» – деді.

Самдун: «Сен – Тәңір пайғамбары еріктісің. Сен азаптасаң, азаптауға лайықпын. Кешірсең – кеңпейілсің», – деді.

Сүлеймен: «Сені бір шартпен кешірейін. Шартым сол, Кауан атты дарияның құйылатын жерінде мың қанаты бар ат көрдім. Ұшып аспанға көтеріліп кетті. Оларды маған ұстап алып келесің», – деді.

Самдун: «Маған мың дию және мың батпан жүн, тағы мың көзе суға лайық шағыр (арақ) бер. Оларды ұстап келейін», – деді.

Сүлеймен: «Диюларды не істейсің?» – деді.

(Самдун): «Диюларға айтып, сол дарияның құйылатын жерінің суын шығарамын, қойдың жүнімен бұлақтардың көзін бекітеді. Шағырларды сол дарияның тартылған жеріне құяды. Аттар су ішуге келгенде, су орнына шағыр ішіп, масайып, ұша алмайды. Әр диюға бір аттан ұстап беремін, саған алып келеді», – деді.

Сүлеймен мың дию, мың батпан жүн және мың көзе шағыр берді. Самдун барып суларын тазартты. Бұлақтардың көзін жауып, су тартылған жерді шағырмен толтырды. Жүз мың диюмен жасырынып тұрды. Жаңағы аттар су ішкелі келді. Шағыр иісін сезіп, ішпеді. Қайтып кетті. Басқа су таба алмады. Қайта келіп шағырды ішті. Масайып ұша алмады. Самдун жаңағы мың диюмен келіп, бәрін ұстап, Сүлейменге алып келді. Шам намазының уақыты болатын. Сүлеймен намаз оқып отыр еді. «Аттарды маған алып кел» деп Асаф ибн Бархаяны шақырды. *«Из уриза 'әләйһи би әл-әшиһ әс-сафинәт әл-жәһәду»* (*«Шам уақытында оған (Сүлейменге) затты арғымақ аттар көрсетілгенде...»*). Кешке жақын Сүлейменге үш аяғымен тұрып, төртінші аяғының тобығымен тұрған әдемі аттарды көрсетіп, қалған жүз атты көрсеткен кезде күн ұясына кірді. Күн батты. Екінті намазының уақыты өтті. Сүлеймен ашулы болатын. «Намаз өтті» демеді. (Кейбіреулер) күн батуға айналды, мустахаб уақыты қалмады дейді. (Енді біреулер) намаз қаза болмады, алайда оқитын уақыты бар еді. Ол өтті. Сүлеймен оны (намаз уақытының өткенін) білген уақытта: «Мен мына аттардың әдемілігін тамашалаймын деп, Алла Тағаланың зікірін ұмытыппын», – деді. *«Инни әхбәбту хуббә әл-хәйри ән зикри рабби хәттә тәуарәт бил-хәжжәб»* (*«Өкінішті, мен арғымақтар махаббатын Жаратушымның зікірінен артық көріппін, тіпті күн де перде артына жасырынып батыпты»*). Ол намазды қаза етті. Және оқыды. Содан кейін: «Ол аттарды маған қайтарып алып келіндер!» – деді. Алып келді. «Осылардың кесірінен менің намазым кешікті (намазымның уақыты өтіп кетті)» деп, тоғыз жүз аттың аяқтары мен бастарын қылышпен шапты. *«Руддүһә 'әләйһә фә тәфиқа мәсхән бис-суқи уә әл-ә'нәқ»* («Оларды маған қайтарындар», – деді. Кейін олардың аяқтары мен сандарын сипай бастады»). Мағынасы мынау: Сүлеймен қолымен аттардың аяғын, мойындарын сипады, аскеттік үшін тоқтады.

(Біреулер) екінті намазы қаза болған уақытта дұға мен мінажатқа кірісті дейді. Батқан күнді шығарып беріндер, деп періштелерден сұрады. *«Руддүһә 'әләйһә»* (*«Маған қайтарындар»*). Күн қайтты, екінті намазы келді. Екінті намазын уақытымен өтеді. (Кейбіреулер) жаңағы мың атты Сүлейменге тоғыз жүз деп айтып, аттар қалмады деп айтты дейді. Қалған жүз атты Сүлейменнің хас уәзірі әрі нағашы әпкесінің ұлы Хинукум ұлы Бархая ұлы Асаф тығып қойып еді, ол (жүз) ат (аман) қалды. Бүгінгі шапқыр аттар солардан тарады.

(Кейбіреулер) Мұстафа (с.ғ.с.) Сүлеймен үшін күннің қайтқанын естіген уақытта қайраттанды. «Мен үшін және үмметтерім үшін күн қайтса, намаздарымыз қаза болмаса, қандай (жақсы) болатын еді» деп қуанды, – дейді. (Сонда) «Ей, менің сүйіктім Мұхаммед, бұл қандай керемет болсын! Сүлеймен үшін күн қайта шығып, намазын уақытында өтесе, сенің кереметің құрметі үмметің қаза намазын өтеу қияметке дейін орындалатын еттім. Бір күнде жүз ракағат намаздың қазасын өтесе, уақытында өтелгендей қабылдаймын» деген (Алланың) жарлығы келді.

СҮЛЕЙМЕН КҮРСІСІНІҢ СИПАТЫ

Бір күні Сүлеймен барша адам, дию, періні жинап: «Осындай сипатты күрсі керек. Мұндай күрсіні кім істей алады?» – деді.

Ифриттік Сахр атты бір пері бар еді. Сол: «Істейін, аспаптарын беріңіз», – деді.

Сүлеймен: «Не керек?» – деді. Жын, алтын, күміс, жауһар сұрады. Сүлеймен берді. Төрт аяқты бір күрсі жасады. Бір бұрышына қызыл алтыннан төрт арыстан жасады. Ескерткіш айналатын еді. Ауыздарынан от шашатын. Сүлеймен сол бөлмеге кірер болса, жұпар, әнбәр хош иістерін шашатын. Бөтен біреу кірсе, ауыздарынан от ататын. Екінші бұрышына арыстан жасады. Өте үлкен. Үшінші бұрышына екі каркас жасады. Көздері жақұттан, қанаттары інжуден. Сүлеймен бөлмеге кірсе, қанатын жазып иіссу бүркітін, аузын ашып, жұпар, әнбәрді Исраил ғалымдарына қарай шашатын.

(Деректерде) Сүлейменнің оң қолында жетпіс алтын күрсі, сол қолында да сонша еді делінеді. (Онда) ғалымдар мен қазылар отыратын. Күрсінің үстіне алтыннан бір төсек салынды, диірмен секілді айналатын. Сол тауыстар да бірге айналатын. Асаф ибн Бархая сол орында отыратын. Содан кейін үкім шығаратын.

(Кейбіреулер) Сүлеймен сол күрсіде он үш жыл отырды дейді. Сүлеймен дүниеден өтерде сол күрсіні Бәйт әл-Мұқаддасқа алып барып, бір тастың түбіне жасырды. Бухтнасыр келіп Бәйт ул-Мұқаддасты (жаулап) алғанда сол күрсіні шығарды. Көріп таңданды. Отырмақшы болып еді, ұрды. Бір аяғы сынды. Кімде-кім аяқ қоятын жерді білмесе, солай болатын. Алайда Сүлеймен (қалай отыру керектігін) білетін. Бухтнасырдың ашуы шығып, күрсінің быт-шытын шығарды. Теңізге тастатты....

Сүлейменнің таңғы асына екі мың қой, төрт жүз сиыр баратын еді. (Біреулер) (Сүлейменнің) төрт жүз қой сиятын қазаны бар еді дейді.

Риуаятта келеді: Сүлеймен Самдун есімді диюға: «Көрген ғажайыптарыңды айт», – деді.

Самдун: «Ей, Расуллулла, сенен қашып жүргенде бір дарияның құйылатын жеріне жеттім. Кеңдігі қырық иғаш жер болатын. Ағаш көп. Өзімді адам бейнесіне салып, сонда кірдім. Бір адам көріп (одан): «Мына таудың егесі кім?» – деп сұрадым. (Ол): «Әкуз патша», – деді. Ұшып, сол тауға шықтым. Ортасынан шаһар көрдім. Ені мен ұзындығы он екі иғаш келетін. Ол шаһардың барша шатырлары тастан, биіктігі сексен қари, ені жиырма қари болатын. Әр бұрышы он екі қари, әр бұрышта бір қораз, тауық. Ол шаһардың ортасынан мәрмәр тастан (жасалған) бір мұнара көрдім. Ұзындығы жүз қари, ені отыз қари. Ол мұнараның төбесінде күмістен (жасалған) бір күрсі (бар). Сол күрсінің үстінде мыстан (жасалған) бір қораз. Тұмсығы, қанаттары, көздері қызыл жақұттан. Бұл қораздың сол жағында бір еркек арыстан (отыр) мыстан (жасалған). Және өзімді адам кейпіне салып бір адамнан: «Мына шаһардың аты не?» – деп сұрадым.

(Ол): «Сундурна», – деді.

Және: «Мына халық кімге табынады?» – дедім.

(Ол): «Мына мұнараның үстіндегі қоразға», – деді. Күн шыққанда сол қораз шақырады. Соның дауысын есітіп екі мың қораз қайталайды, сонда мына халық оған сәжде жасайды. Әр күні екі рет осы сөзді естігенімде ұшып қораздың, арыстанның қасына қондым. Жеті мың жеті жүз сиқыршылық көрдім. Олардың он бесін үйрендім. Сенің қолыңа түспестің қамын ойлайтын едім. Кімде-кім сол қораздан рұқсатсыз өтер болса, жаңағы арыстан атылады. Қылышпен шауып өлтіреді. Ескерткіштен сиқыршылықпен өттім. Патшаның сарайына бардым. Кеңдігі төрт иғаш келетін үлкен бөлме көрдім. Оның патшалығындай, оның әскеріндей әскер көрген жоқпын. Алтын тақта отыр. Басы тар, жүзі тартымды, мұрны кең, көзі кара. Алдында бір қыз отыр. Адамзат пен перінің ішінде ондай сұлуды көрген жоқпын. Және өзімді адам бейнесіне салып біреуден: «Мына патшаның аты кім?» – дедім.

«Әкуз», – деді (ол).

«Мын қыз кім?» – дедім.

(Ол): «Патшаның Куна есімді қызы», – деді.

«Мына әр қораздың алдында қандай дауылпаз адамдар бар?» – деп сұрадым.

«Патшаға бір нәрсе керек болса, сол қораздар шақырады. Кім болса да қорықпастан, ана дауылпаздар дауыс шығарады. Әр қораздың алдында он екі мың адам жиылады», – деді.

«Мына патшаның осы дарияның құйылатын жерінен басқа патшалығы, әскері бар ма?» – деп сұрадым.

«Ол және осындай қырық дарияның құйылатын жеріне патша», – деді.

Самдун: «Ей, Расулулла, Жаратушы Алла маған екі мың жүз жиырма жыл өмір берді. Екі мың жүз (жыл) осы дүниені кездім. Ондай ғажаптарды көрмедім», – деді.

Сүлеймен: «Ей, Самдун, айтқан сөзің рас па?» – деді.

Самдун: «Ей, Расулулла, *«Ләйсә әл-хәбару кәл-му'әйәнә» («Хабар ешқашан да көзбен көргендей болмайды»)*. Есіту көргенмен тең емес. Егер қаласаң, бар, көр», – деді.

Сүлеймен әмір берді. Төрт иғаштық нышаны бар еді, көтерді. Он мың алтын күрсі оңында, он мың күміс күрсі солында. Алдында, артында басқа перілер мен қолбасылар. Жүз мың адамзат алдында, жүз мың пері солында. Асаф ибн Бархая он екі адаммен оңында. Мирбат ибн Сахра он екі адаммен солында. Буғат ибн Зубиға ибн Ібіліс артында.

Сүлеймен: «Неше айлық жол?» – деді.

Самдун: «Жеті айлық жер», – деді.

Сүлеймен желге: «Бізді жеткіз!» – деді.

Жел үш жарым күнде жеткізді. *«Уә ли Суләймәнар-риһә гудууһә шәһрун уә рауәһуһә шәһрун» («Біз Сүлейменге желді бағындырып бердік, оның танертең жүруі бір айлық қашықтық пен кешке жүруі бір айлық қашықтық»)*. Сүлеймен Асафқа: «Әскерді тұрғыз!» – деді. Асаф оң қолына жүз мың диюмен Буғат Зубиғаны қойды. Сол жағына Мирбат ибн Сахраны жүз мың диюмен орналастырды. Адамзаттан жасақталған әскермен Асаф ортада тұрды. Әкуз патша ибн Марихқа хабар жетті. Әскер шығарып соғысты. Сүлейменнің әскері жеңіліске ұшырады. Самдун көмек сұрап келді. Сүлеймен жүз мың арыстан, жүз мың барыс, жүз мың қабылан, жүз мың бөрі, жүз мың шағалды көмекке жіберді. Біраз уақыттан соң жетіп келіп: «Ей, Расулулла, көмек керек», – деді. Әр түрлі құстарды жібере тұрып: «Сендер барып, қанаттарыңмен көздерін тосындар, тұмсықтарыңмен шұқындар», – деді. Солай жасап еді, жеңе алмады. Содан кейін желді жіберді. (Жел) келіп бет-жүздеріне құм суырды. Дию, перілер соғысты. Әкуздың әскері жеңілді. Сүлеймен өз қамшысын Асафқа берді. Қамшы бойындай келетінді тірі қалдырмады. Әкуз өзі атып шықты. Бір арыстан қарсы шығып, атылғанда мойыны қайырылып, өлді. Басын кесіп, Сүлейменге алып келді. Ағашқа асты. Асаф ибн Бархая Сундурна шаһарына кірді. Бұрыштарын бұзды. Сол қораз, арыстан, ескерткіштердің бәрін отқа лақтырды. Мал-дүниесін, қара малын Сүлейменге алып келді. Содан кейін Самдунға: «Айтқан қызың қайда? Маған алып кел. Алайда ешбір дию, перінің қолы тимесін», – деді. Самдун сол сөзге күліп: «Қол тигізбей қалай алып келуге болады?» – деді. Сүлеймен: «Бір жолын табындар», – деді. Ешкім жауап бермеді. Самдун: «Бұлтқа айт, теңіздер түбінен інжулер алсын. Кунаның сарай есігіне жаңбырдай жауғызсын. Қыз оны көріп (сыртқа) шығады. Бұлт қызды көтеріп саған алып келсін. Осылай жасаса, ол сарайға ешкім кірмейді», – деді.

(Кейбіреулер) диюлар әр күні адам беліндей жияр еді дейді. *«Уә әш-шәйәтинә куллә бәннәин уә гаууәсин» («Біз және оған әрқайсысы құрушы және суга сұңғуші диюларды бағындырып бердік»)*. Бұлт барып, інжулер алып келді. Куна сарайының есігіне жия бастады. Сарай мәрмәр тасынан (жасалған) еді. Інжулер тасқа тиіп, дауыс шығарғанда күндері жүгіріп шықты. Көріп, бірнешеуін теріп, қызға алып барып: «Бұлттан мынадай тастар жауып жатыр», – деді. Қыз оны көргелі шыққанда бұлт қызды көтеріп алды. Жел мен бұлт қызды Сүлейменге алып келді. Сүлейменнің әйелі бар еді. Кунаны көріп (некелеп) алды. Бәрінен артық сүйетін болды. Және сахараға келді.

(Біреулер) Куна исламды қабылдады дейді. Сүлеймен сүйгенінен исламсыз алған еді дейді. Бұл сөздер дұрыс емес. Алайда халықтың арасында жүретін сөз еді. Шайтанның айтқанымен жүру керек емес. Қатесі көп күпір сөздер де бар. Қаншама қатесі, күпірі болса да, мұнда айтып өтейік. Қатені сауаптан айыра білсін. *«Уәллаһул-һәди 'әләр-рашәд» («Тура жолға бастайтын Алла»).*

Хикаялар мынау: Сүлеймен Кунаны Исламсыз алған уақытта, бір күні Ібіліс (Оған лағынет болсын) Кунаның үйіне әкесінің бейнесінде кірді.

Куна көрген соң: «Әкем Әкуз әлі қалайша тірі?» – деді.

(Ібіліс): «Әкеңді күйеуің өлтірді. Елін талқандады», – деді. Куна зар-еңіреп жылады. Әкесін сағынды.

Ібіліс: «Күйеуіңе айт, әкеңе ұқсайтын бір сурет жасасын. Соны көріп көңіл жұбатарсың», – деді. Ібіліс кетті. Сүлеймен кіріп келді. Куна Сүлейменге қарамастан, жылады.

Сүлеймен: «Не болды?», – деді.

Куна: «Сен әкемді өлтіріпсің, соған жылап жатырмын. Әкемді сағындым. Айт, әкеме ұқсайтын бір сурет салсын, көріп көңілім тыншысын», – деді. Сүлеймен оны сүйгені үшін қабылдады. Рубиға есімді диюға әмір берді.

Кипарис ағашынан бір сурет жасады. (Біреулер) Адам атадан қияметке дейін ешбір пайғамбардың үйінде сурет жоқ еді, тек Сүлейменнің үйінде еді дейді. Біразы күмістен, біразы ағаштан, біразы мәрмәрдан. *«Йә'мәлуна ләһу мә йәшәу мин махәрибә уә тәмәсилә уә жиғәннин» («Олар оған (Сүлейменге) қалаған нәрсесін жасап беретін еді: биік ғимараттар, ескерткіштер және легендер»).*

(Біреулер) бұрынғы заманда ізгі-жақсылар өлген соң суретін жасап, оған қарау дұрыс болатын еді дейді. Бұл Куна әкесінің суретін алдына қойып, күндіз-түні оған табынатын. Сүлеймен оны білмейтін. Қырық күн-түн аяқталған соң, құрбан мейрамы болды. Ібіліс және өзін кемпір бейнесіне салып Кунаға келді де: «Бүгін күйеуіңнің мейрамы. Өз Тәңірі үшін құрбандық шалып жатыр. Сен де әкеңнің суретіне бір нәрсе құрбандық шал, әкең сенен риза болсын», – деді. Мейрамға шығардан бұрын Кунаға келді. Сөйлесе, жауап бермеді, қарамады да.

Сүлеймен: «Не болды?», – деді.

Куна: «Сен Тәңірің үшін құрбандық шалып жатырсың, маған бір нәрсе бер, әкемнің рухына арнап құрбандық шалайын», – деді.

Сүлеймен: «Алла Тағаладан басқа ешкімге құрбандық шалу дұрыс емес», – деді.

Куна: «Бір түйе бер», – деді. Сол кезде бір шегіртке кіріп келді.

Куна: «Мына шегірткені бер», – деді.

Сүлеймен күліп: «Ал», – деді. Куна шегірткені ұстап, аяқтарын байлап, пұттың алдында кесті. Сүлеймен шығып, айт намазын оқыды. Асаф ибн Бархая құтбашы еді. Мінберге шыққан уақытта, Жаратушыға сәна мен мадақ айтатын. Адамнан Сүлейменге дейінгі барша пайғамбарларды айтып өтетін. Бәрін айтты, алайда Сүлейменді атамады. Мінберден түсті.

Сүлеймен: «Ей, Асаф, бүгін неге мені атамадың?» – деді.

Асаф: «Үйінде пұтқа табынушы бар. Ондай адамды хұтбада қалай атап өтейін», – деді.

Сүлеймен: «Менің үйімде кім табынады?» – деді.

Асаф: «Куна табынады», – деді.

Сүлейменнің реңі өзгеріп кетті. Үйіне келіп, шегірткені өлтіріп, пұттың алдына қойғанын көрді. Өзі тізе бүгіп, пұтқа қарап отыр екен. Сүлеймен соны көрді. Кунаны жақсы көргендіктен, еш нәрсе демеді. Бірақ пұтты сындырып, отқа тастады. Ертесіне тұрды. Дәрет алатын жерге барды. Сүлеймен дәрет алмақшы болса, іш киімі мен жүзігін Әмина есімді күңіне беретін еді. Бүгін дәрет алғалы кірді. Шықпастан бұрын Алла Тағала Сүлеймен пайғамбарға ұқсайтын Хақиқ есімді диюға берді. Сүлейменнен бұрын Әминаға келіп, іш киім мен жүзікті алды. Саусағына салды. Дию, пері оған бағынышты болды. Келіп, Сүлейменнің

тағына мініп отырды. Сүлеймен дәрет алып шықты. Әминаны таппады. Хақиқты көрді. Тақтың үстінде отыр екен. Мені өлтіреді деп, қорқып қашты. Алла Тағала халықтың көзінен сақтады. Сахар дарбазасына дейін бір көйлек, бір сәлдемен жүгірді. Ақшам болғанша аяқтары талды. Отырды. Жаратушы Алладан жерге жарлық болды. Тыным берме деді. Қозғала бастады. Ол түнімен таң атқанша жүгірді. Табаны ісіп, жарылды. Шаршап-шалдығып бір кентке кірді. Бір есіктен бір әйел шықты.

Сүлеймен: «Тамаққа мұқтажбын», – деді.

Әйел: «Күйеуім үйде жоқ. Ер адам жоқ кезде тамақ бермеймін. Ана бақшаға кіріп отыр, жеміс же. Күйеуім келсе, сені қонақ етеді», – деді. Сүлеймен бақшаға кірді. Әуіз жағасында отырды. «Сүлейменге тыным бер» деген жерге жарлық келді. Сүлеймен сол күні ұйықтады. Тутарус атты жыландардың үлкені Сүлейменнің иісін білді. Шыбындарға әмір берді. Жиналды. Сүлейменнің мазасын ала бастады. Бір жылан Сүлейменнің иісін сезді. Келіп көрді. Шыбындар Сүлейменді мазалап жатқанын көріп Тутарусқа: «Бұл кім екенін білесің бе?» – деді.

(Тутарус): «Сүлеймен, бірақ Тәңірге күнәһар», – деді.

Жылан шыбындарды қуып, бір ағаштың бұтағымен желпи бастады. Біраз уақыттан кейін үй иесі келді. Әйелі: «Бір қонақ келіп, тамақ сұрады, бермедім. Бақта жатыр, барып көр. Тамақ сұраса, бер», – деді. Келіп, шыбындардың мазалап жатқанын, жыланның қорып жатқанын көріп таң қалды.

Әйелінен келіп: «Бұл кім, аты кім?» – деп сұрады.

Әйелі: «Сұрамадым», – деді.

Күйеуі: «Бір ғажап іс көрдім, сен де келіп көр», – деп, әйелімен келіп көрді. Жылан оларды көріп кетіп қалды. Әйелі: «Бұл бір таза адам болар, оятып тамақ бер», – деді. Күйеуі сол ағаш бұтағын суға салып желпіді. Тамшы бетіне тамып Сүлеймен оянды. Ал әйел дастарқан жайды. Сүлеймен жеті күн ораза ұстап еді, азғантай тамақ жеді. Тұрды. Дәрет алып, намаз оқыды. Үш күн қонақ болды. Сол үйдің иелерінің бір сұлу қызы бар еді. Неше адам сұраса да, бермеп еді. Әйелі күйеуімен ақылдасып: «Мына адам бізге лайық күйеу болады, қызымызды осыған берейік», – деді. Сүлейменге айтты. «Мен қашып, қорқып жүрген адаммын. Мал-дүнием жоқ. Сендерге бай күйеу табылып қалар», – деді. Көп өтінген соң, қабылдады. Қызды Сүлейменге берді. Сол түні Сүлеймен таң атқанша намаз оқыды. Қызға қарамады. Ертесіне қыз ата-анасына айтты. Бір кемпір көршілері бар еді. Күйеуді көрейін деп, Сүлейменді көрді. Іш киімін, сәлдесінен бір кесек жыртып алып, аяғына байлапты.

Кемпір: «Ей, жігіт, сен жалқау адамға ұқсайсың. Барып біреудің жұмысын жаса. Киім, тамақ тап», – деді.

Сүлеймен: «Ей, кемпір, мен еш нәрсе білмеймін», – деді.

Кемпір: «Мына теңіздің жағасында балықшылар бар. Сонда барып, жүк тасы», – деп зембіл әкеліп берді.

Сүлеймен зембілді алып теңіз жағасына барды. Кешке дейін отырды. Ешкім жұмыс бермеді. Түнде келді, еш нәрсе алып келмеді. Ертесіне кемпір және келіп: «Күйеу не әкелді?» – деді. «Еш нәрсе әкелмеді», – деді. Сүлейменге қатты сөйледі. «Барып, жұмыс істе», – деді. Сүлеймен өз патшалығын сағынды. Қайғырып жылады. Зембіл көтеріп теңіз жағасына барды. Бір диқан атпен келіп, құлымен балық сатып алды. Құлы бір жағын, Сүлеймен зембілмен балықтың бір жағын көтерді. Диқанның үйіне барды.

Диқан: «Алла Тағаланың құрметі және Сүлейменнің құрметі, мына адам жүк тасушы емес», – деді. Сүлейменнен сұрады.

(Сүлеймен): «Ешқашан жүк тасыған емеспін. Қажеттілікпен бұл жерге түстім», – деді.

Диқан: «Қалай түстің?» – деді.

(Сүлеймен): «Мен ғаріппін. Есікке келдім. Мені баққа кіргізді. Қонақ етті, күштеп қызын берді», – деді.

Диқан: «Сені қонақ қылып күткен ол ер мен әйел – діндар. Жетпіс қабат елде де осы қыздан өткен сұлу жоқ. Анау кемпір өте жаман адам», – деді де құлына: «Ана балықты пісіріп, басқа тамақпен бірге дастарқанға жайып, мына кісінің алдына алып кел», – деді. Алып келді. Сүлеймен ораза еді, жемеді. Диқан бес батпан нан, бес батпан ет, бес батпан ұн, бес күміс ақша, бір киімдік бөзді Сүлейменге бергізді. Диқан: «Ей, жігіт, күнде маған кел. Осылай беріп тұрайын. Әр жылы алпыс киімдік бөз бен бір қабат шапан әйеліңе берейін. Мен тұрғанда қайғырма», – деді. Сүлеймен келіп, алып келгендерін әйелінің алдына қойды. Өзі намаз оқуға кірісті. Таң атқанша намаз оқыды. Ертесіне кемпір келіп: «Күйеуің не алып келді?» – деді. Алып келгенін көрсетті. Кемпір: «Мыналарды басқа жерде пісіріп қойған екен», – деді. Сүлеймен жиырма күнде сол төңірекке аты шықты. Ауруды оқып дем салса, шипа тапты. Жындыны оқып, жазды. Осылайша құрметке бөленген Сүлеймен; «Мені тауып алмасын» деп ойлап, олардан кетіп қалды. Бір тауға келді. Ол таудан еркек-ұрғашы (бір жұп) екі арыстанға кез болды. Ұрғашысы еркегіне: «Кел, мына адам баласын жейік», – деді. Еркек арыстан келіп Сүлейменді көріп, таныды. Екеуі иіліп Сүлейменге сәлем беріп, аяқтарын сүйді. Сүлеймен патшалығынан айрылғалы отыз жеті күн өткен болатын. Біреу Сүлейменнің тағында отырған Хақиқ атты диюға келіп: «Сүлеймен кәпір болыпты», – деді. (Бұл сөз) ел ішіне тарады. *«Уәттәбә'у мә тәтлу әш-шәйәтину 'әлә мулки Суләймәна»* («Сүлеймен пайғамбардың патшалық кезінде шайтандар оқитын нәрсеге қол жеткізді»). Айқай-шу көтерілді. Асаф ибн Бархаяға келді.

Асаф: «Отыз жеті күн болды, мынаның сипаты (іс-әрекеті) өзгеше. Мұны көремін» деп сарайларға барды. (Сүлейменнің) әйелдері: «Ей, Асаф, отыз жеті күн болды, Сүлейменнен хабар жоқ», – деп айқайлады. Асаф жылай бастады. Шықты да: «Не қылсаңдар да өздерің білесіндер», – деді. Адамдар, перілер мен аң-құстардың бәрі кетті. Ғалымдар мен діндарлар Сүлейменнің тағында отырған Хақиқ диюға бас салды. Дию қашып, теңізге келді. Қолындағы жүзігін алып, суға салды. Жаратушы Алла Архам атты балыққа аян берді.

Ол жүзікті алып жұтты да: «Құдайым, бұл менің құтым ба?» – деді.

«Ол сенің құтың емес. Менен саған жарлық болғанша сақта», деген жарлық келді.

Балық: «Құдайым, оны сақтағаным үшін не бересің?» – деді.

«Балықтарға патша бол» деген жарлық келді.

Архам қуанды. Содан кейін Сүлеймен баяғы кентке келді. (Балықшылар) Сүлейменді құрметтеп, «Бізге жұмыс істеме. Бүгін қанша балық ұстасақ, (бәрін) саған берейік», – деді. Ау тастады, еш нәрсе түспеді. Үлкендері: «Бүгін оны құрметтендер. Оның атына ау салыңдар», – деді. Он бір ау салды. Кешке дейін еш нәрсе ілінбеді. Үшінші күні де еш нәрсе ілінбеді. Төртінші күні Сүлейменнің тағынан айырылғанына қырық күн толып еді, Сүлейменге: «Сен ау таста», – деді. Сүлеймен тік тұрды. Он адам ау тастады. Теңізді билейтін Фирқайыл атты періштеге жарлық келді. (Фирқайыл) балықтарды алып торларға ілдірді. Әрбір торға жүз мың балық түсті. Содан кейін: «Сүлеймен, сен тор таста», – деді. Сүлеймен тастаған уақытта Архам келіп түсті. Архамның нұрынан әлем жарқырады. Жаратушы Алла Архамға тіл берді. Сүлейменге: «Қолыңды аузыма сұқ», – деді. Сүлеймен қолын сұққан уақытта қолына жүзік ілінді. Саусағына салды. Барша дию, пері, ұшқан құстардың бәрі Сүлейменнің айналасына жиналды.

Балықшылар: «Сен кімсің?» – деді.

(Сүлеймен): «Сүлеймен пайғамбармын», – деді.

(Олар): «Ей, Расулулла, бұл не жағдай?» – деді.

(Сүлеймен): «Мен Жаратушы Аллаға күнәлі болдым, мені жазалады», – деді.

Сол сәтте Жебірейіл Жаратушы Алланың сәлемін жеткізді. Және: «Төрт қате іс жасадың, сені кешірдім. Бірінші, Қунаны Исламға кіргізбестен алдың; екінші, кәпір әйелді (өзіне) некеледің; үшінші, сол үшін пұт жасаттың; төртінші, шегірткені құрбандыққа бердің» деген жарлық келді. Бәрін білген уақытта Сүлеймен сәжедеге бас қойды. Алла Тағала және

мемлекетке қайтарды. Желге жарлық болып еді, бір мұнара алып келді. Әйелін салып көтерді. Және шөл далаға алып келді. Сүлеймен табыт жасатты. Кунаны соған салып, теңізге тастады. Және Хақиқ диюді ұстады. Мың батпан темірді мойнына асып, қол-аяғын байлап, теңізге салып опат етті. (Осылайша) өз орнына отырды.

Ей, бауырым, Сүлеймен қиссасында көп қателер бар екенін біл. Соның біреуі Куна есімді қыз хикаясы еді, соны айттық. Бұның бәрі жалған сөздер.

Бірінші қате – ол үлкен күнә болады. Бұдан кейін кімде-кім пайғамбар үйінде пұтқа табынса, (пайғамбар) оны білмесе, сен әйеліңнің етеккірі келгенін білмесең, пасық боларсың. *«Субханаллаһ» («Алла пәк»)*. Сүлеймен пайғамбар үйінде пұтқа табынды, білмеді дерсің.

Екінші қате – Сүлейменнің әйелі пұтқа табынса, кәпір болатын еді. Сүлеймен кәпірді некелеп алмайтын еді. Егер (әйелінің) кәпір екенінен білмесе, Жаратушы Алла хабар беретін еді.

Үшінші қате – шайтан Сүлейменнің бейнесіне кіріп, жүзік алды дейді. Олай болса, Жаратушы Алла және бір адамды сенің бейнеңе айналдыруға құдіреті жоқ па?

Төртінші қате – Сүлейменнің бейнесі өзгерді дейді. Бейнесі өзгерсе, өзгеріс болады. Кімде-кім мұны дұрыс деп қабылдаса, шайтанды пайғамбарлыққа лайық көрген болады.

Бесінші қате – дию Сүлейменнің әйелдерімен жалғыз қалды дейді. Олай болса қай қыз күйеуіне қыз (болып) келеді. Жаратушы Алланың үкімі мынау: мұсылмандардың малы мен арында шайтанның билігі жоқ. Бұл сөздердің бәрі жалған. Ақымақтардан, кәпірлерден, діннен безгендерден мұсылмандардың аузына түсіп, білмегендіктен айтты.

Алтыншы қате – пайғамбарлардың әйелдерінің басқалармен некелесуі харам.

Жетінші қате – шайтан Сүлейменнің тағына отырды дейді, аяттан дәлел келтіреді, бұл да қате (пікір). Себебі бұл іштарлық кездесу Сүлейменге тақ пен үлкен патшалық берілмеген, дию да бағынбаған кезде еді. Тақ пен үлкен патшалық болмаса, дию да бағындырылмаса, жүзікті кім алады? Сүлейменге бұл патшалық берілмейтін еді. Келесі айғақ мынау – Сүлеймен бұл сөзден кейін мына дұғаны жасады: *«Рабби-ғфирли уә хәб ли мулкән лә йәнбәғи ли әхәдин мин бә'ди иннәкә әнтә әл-уәһһәб» («Ей, Жаратушым, мені кешір, Маған бір патшалық сыйла, менен кейін ондай патшалық ешкімде болмасын. Сен шынайы сыйлаушысың»)*.

Енді сауап (болсын), дұрыс тәпсірді баяндайық. *«Иншаллаһу тә'әлә» («Алла Тағала қаласа»)*.

РИУАЯТ: Имам Жақып Суфиян өзінің тәпсірінде және Каффал Шаши (Алланың оған мейірімі болсын) Әбу Хурайрадан (Алла одан разы болсын), ал ол Мұхаммед Мұстафадан баяндайды: «Сүлеймен фитнасы бар еді. Бұл таққа жасалған іштарлық кім еді?» – деді. Расул (ғ.с.): «Жаратушы Алла Сүлейменге кәпірлермен соғысуды бұйырды. Ол уақытта Сүлейменнің жетпіс әйелі бар еді. Тағы бір деректе тоқсан әйелі бар еді делінеді. Сүлейменнің әскер бастар ешкімі (қолбасшысы) жоқ болатын. Бүгін осы тоқсан әйеліммен жақындасайын деген көңіліне ой келді. Жаратушы Алла әрқайсысынан бір ұлдан берсе, әскер бастар бектерімен төрт тараппен соғысатын едім. (Алайда) *«Иншаллаһ» («Алла қаласа»)* деуді ұмытты. Сол түні барлық әйеліне барды. Сексен тоғызы көтерместен, біреуі жүкті болды. Шала қолды, шала аяқты, шала көзді, шала құлақты бір ұл туылды. Солай болса да, Сүлеймен оны жақсы көретін. Тақтың үстіне қойды», – деді. Расул (ғ.с.): «Ол Жаратушымен ант етемін, мені ақиқатпен халыққа (елші етіп) жіберді. Егер Сүлеймен *«Иншаллаһ» («Алла қаласа»)* дегенде, әр әйелінен бір ұлдан сүйетін еді. Бәрі әскер бастайтын еді. Сүлеймен оның неден болғанын білмеді. Дұға мен мінажатқа кірісіп: *«Рабби-ғфир ли уә хәб ли мулкән лә йәнбәғи ли әхәдин мин бә'ди иннәкә әнтә әл-уәһһәб» («Ей, Жаратушым, мені кешір, Маған бір патшалық сыйла, менен кейін ондай патшалық ешкімде болмасын. Сен шынайы сыйлаушысың»)*, – деді.

«Уә ләқад фәтәннә Суләймәнә уә әлқайнә 'әлә курсиһи жәсәдән суммә әнәб» («Расында Біз Сүлейменді сынадық және оның тағының үстіне өлік денені тастадық, содан соң ол тәубе жасап Біз жақа қайтты»). Мағынасы мынау: Сүлейменге ауыр бейнет бердік. Сүлейменнің

денесін тақ үстіне қойдық. Ол шала туылған нәресте сол күні Сүлейменмен үлкен патшалық жоқ екен (Сүлейменмен бірге патшалық ету нәсіп болмаған екен). Дәуіт пайғамбардың тағын мұра етіп алған еді. *«Уә уәрисә Суләймәну Дәуудә» («Және Сүлеймен Дәуіттен мирас алды»)*. Сүлеймен Жаратушыға: *«Рабби-ғфир ли нисиянә зикрик» («Ей, Жаратушым, Сенің атыңды айтуды ұмытқаным үшін мені кешір»)*, – деді. Қаншалықты одан бұл қорлық болмаса да, пайғамбар оны өзіне үлкен ауыртпашылық білді. Сол себепті Жүсіп киссасында: *«Узкурни 'индә раббикә фә әнсәһуш-шәйтану зикра раббихи» («Иеңнің қасында мені есіңе ал, алайда шайтан иесінің қасында есіне салуды ұмыттырып қойды»)* деп жарылқады. Және *«Уә хәб ли мулкән лә йәнбәғи ли әхәдин мин бә'ди» («Маған бір патшалық бер, менен кейін ешкімде ондай патшалық болмасын»)*, (яғни) *«Құдайым, мені жарылқа, маған патшалық бер. Ондай патшалық ешкімге нәсіп болмасын»*, – деді. Жаратушы Алла ол дұғаны қабылдады. *«Фә сәххәрнә ләһу әр-рихә» («Біз оған желді бағындырып бердік»)*, яғни *«Желді Сүлейменге бағындырдық»*. Шығыстан батысқа дейін біреу Сүлейменге қарсы сөз айтса, жел оны Сүлейменге жеткізетін.

Кейбіреулер өзгелер оған шүкіршілік ете алмайды, мен шүкіршілік етейін, халыққа шапағат болсын деп, сол дұғаны жасады дейді. Алайда бұл әлсіз дерек. Олай болса әлемде одан асқан шүкіршілік етуші пенде жоқ деген мағына шығады. Мұстафа (ғ.с.) ның олардан абзал болатындығы барша пайғамбарларға белгілі еді. Кейбіреулер *«Мин бә'ди әй мә'и» («Менен кейін дегені, яғни менімен бірге дегені»)* деген болар, – деді. Бұл деректі кате дейді. Себебі Расул: *«Мен намаз оқып жатқанымда намазымды бұзғалы бір дию кірді. Ұстап, байлап тастадым. Бауырым Сүлейменнің «Мин бә'ди» («Менен кейін») дұғасы ойыма түсіп, байлағанымда, бүгін сендер көретін едіңдер»*, – деді.

«Фә сәххәрнә ләһу әр-рихә» («Біз оған желді бағындырып бердік»). Желді көлік етіп бердік және диюларды оған бағындырдық. Тас ғимараттар тұрғызды. Бірнешеуі теңізден інжу, гауһар шығарды. Басқа күшті атақтыларын теңіз түбінде, бақшада, кісенде ұстады. *«Уә әш-шәйтаниә куллә бәннәин уә гәууәсин уә әхәринә муқаранинә фи әл-әсфәд» («Сондай-ақ Біз Сүлейменге және диюлардан болған құрылысшыларды және сұңғушілерді және шынжырларда байланып тұрған бірнеше диюларды бағындырып бердік»)*.

Хабарда келеді: Ақыр заман жақындаған уақытта халықты азғыру үшін бәрі де босатылады. (Алла) және: *«Һәзә 'әтаунә» («Бұл Біздің саған сыйлаған нәрсеміз»)*, – деді. Ей, Сүлеймен, мына біздің саған деген сыйымыз. Қаласаң, басқаларға бер. *«Фәмнун» («Бер одан»)*. Қаласаң, өзінде ұста. Қиямет күні сенімен жұмысымыз жоқ, саған бейнет жоқ. *«Әу әмсиқ би гайри хисәб» («Немесе өзің қолыңда ұста, есебі жоқ»)*. Және: *«Мына Сүлейменнің Біздің құзыретімізге жақындығы бар»*, – деп жарылқады. *«Уә иннә ләһу 'индәнә ләзулә уә хуснә мәәб» («Ол үшін Біздің қасымызда жақындық және жақсы салдар бар»)*.

ХҰТХҰТ ТУРАЛЫ

(Деректерде) көктегі құстар Сүлейменге көлеңке жасайтын еді деген сөз бар. Әр түрлі құстар бір құстық жерді ұстайтын. Имам Қалбидың айтуынша, қырық құстық жерді ұстайтын. Бір құстың кеткенін Сүлеймен көрді. Сүлейменнің тағына ай көлеміндей күн түсті. Жоғары карап еді, хұтхұт құсты көрмеді. *«Бұған не болды, хұтхұт құс көрінбейді, ол жоғалды ма екен?»* – деді. *«Уә тәфәққадәт тайра уә қалә мә ли әра әл-хухудә әм кәнә мин әл-гайибин» («Ол (Сүлеймен) құстарды көзбен шолып шығып: «Не болған, хұтхұт көрінбейді немесе ол жоқ па?»*, – деді»). Және: *«Егер жақсы хабар алып келмесе, қалай да оны қатты жазалаймын немесе бауыздаймын»*, – деді. *«Ләу 'әззибәннәһу 'әзәбән шәдидән әу лә'әзбәхәннәһу әу*

лэйәтиәнни бисултанин мубинин» («Мен оны қатты азаптаймын немесе, сөз жоқ, соямын, немесе ол маған ғайып болған нәрсені күшті айғақпен дәлелдейді»).

Ибн Аббас (Алла одан разы болсын) айтуынша, хұтхұт құс судың қайда барын білетін. Сүлеймен сапарда кезінде суға мұқтаж болды. Хұтхұт су іздеп, көкке көтерілді. (Кейбіреулер) хұтхұт тастың ішіндегі суды көреді дейді. Биік көкке көтерілгені соншалық, жиырма иғаштық жер көрінді. Артына қарап еді, Сүлейменнің әскерін көрмеді. Алдына қарап еді, бір тауды көрді. Сол тауға барып қонды. Бір ғаріп хұтхұт құсты көрді. «Атың кім?» – деп сұрады.

Ол: «Атым Ақба», – деді.

Сүлеймен хұтхұтынан: «Сенің атың кім?» – деп сұрады.

«Атым Жақып. Парсы аймағынан келе жатырмын. Сүлеймен есімді патшам бар. Ол барша адамның, диюлар мен перілердің, құстар мен құмырсқалардың патшасы», – деді.

Ақба: «Біздің де бегіміз бар. Патшалығын айтып жеткізсе болмас», – деді.

Жақып: «Оның патшалығын көрсет», – деді.

Ол хұтхұт Сүлейменнің хұтхұтын Билқис аймағына алып барды. Ол аймақты Саба дейтін. (Біреулер) берік қамалы бар он үш қала еді дейді. Билқис та Мареб деген қалада еді. Сонда Сүлейменнің хұтхұты кіріп, Билқистың сарайын көрді. Өте әдемі екен. Жер бетінде теңдесі жоқ бір қыз тақ үстінде отыр. Ол тақтың ұзындығы қырық қари, ені он екі қари. Қызыл алтыннан (жасалған), төрт аяғына мәрмәр орнатылған. Әр аяғында қызыл алтыннан (жасалған), әрбір арыстанның үстінде күмістен (жасалған) бір тапшан, әрбір тапшанның үстінде күмістен (жасалған) бір араба, әр тарапында күмістен (жасалған) бір піл, әрбір пілдің үстінде алтыннан (жасалған) бір арыстан, әрбір арыстанның үстінде қызыл алтыннан (жасалған) бір құс, әрбір құстың үстінде қызыл жақұттан бір тауыс, әрбір тауыстың үстінде таза жақұттан бір қаршыға, қанаттары інжуден, әрбір қаршығаның басының үстінде бір аққу еді. Басында таза жақұттан бір гүл, тұмсықтары қызыл жақұттан, тұмсығында жұмыртқадан үлкен бір түйір інжу ілулі. Ол тақтың ортасында он аршын бір мұнара, жасыл матамен, гауһармен безендірілген төрт есікті тақ еді. Бір есігі хрустальдан, бірі ақықтан, бірі жақұттан, бірі жұмыртқаның ішкі қабындай ақ күмістен. Ішінде сыртынан көрінетін бес перде бар еді. Ол мұнараның алпыс түңлігі бар еді. Ол түңліктерден күн түссе, ол гауһарлар жарқырайтын. Сол түңліктен түскен күнге Билқис сәжде жасайтын.

(Деректерде) Сүлеймен хұтхұтын жоғалтып алған соң, түс кезінде күннің ыстығынан күн түсті дейді. Шөлдеді. Су таппай бара жатып, бір шымалды көрді. Түсіп қарап еді, шөлдеп: «Тәңірім, мені Сен жараттың, Сенің пендеңмін, шөлдедім, су бер. Егер ажалым жетсе, өлім бер, құтылайын», – деп жатыр екен. Оның дұғасын есітіп: «Әмин», – деді. Жаратушы Алла шымалдың дұғасын қабылдады. Бұлт келіп, жаңбыр жауды. Тау, дала суға толды. Содан кейін Сүлеймен хұтхұтты тауып келіңдер деп, тырнаны, бүркітті, самұрықты жіберді. Іздеп шықты, хұтхұтты жолда көрді. Шаршап-шалдығып, аузын ашып келе жатыр екен.

(Құстар): «Сүлеймен саған ашуланып жатыр. Қатты жазалаймын деп жатыр», – деді.

Хұтхұт: «Иншалла деді ме?» – деді.

(Олар): «Жоқ», – деді.

Сүлейменнің қатты азаптағаны былай болатын. Құстардың қанатын жұлып, күнге тастайтын. Шымалдар келіп оны тістейтін. Қырық күннен кейін түгі өсіп, құтылатын.

Хұтхұт қайтып келді. Сүлейменнің иығына отырды.

Сүлеймен: «Осыған дейін бізге айып жасадың, есік мақамынан ғайып болдың, қызметті тастадың. Енді келіп тағыма сүйеніп отырасың ба?» – деді.

Хұтхұт: «Барғанымда көрмеген жерлерді көрдім. Сен көрмеген нәрсе туралы хабар алып келдім», – деді. «*Фә қалә әхәтту бимә ләм тухит биһи уә житукә мин сәбәин бинәбәин йәқинин*» («*Дереу ол (Хұтхұт): «Саған белгілі болмаған бір нәрсенің хабарын айтайын. Саба мемлекетінен саған анық бір хабар келтірдім», – деді»).*

Сүлеймен: «Қандай хабар әкелдің?» – деді.

(Хұтхұт): «Сабадан келдім, ашық хабар жеткіздім», – деді.

Сүлеймен: «Ол қандай хабар екен?» – деді.

Хұтхұт: «Бір әйел көрдім, патшалық етеді. Оған барлық нәрсе беріліпті, өте үлкен тағы бар», – деді. «*Инни уәжәдтум раәтән тәмликуһум уә утийәт мин кулли шәйин уә ләһә 'әриун 'әзимун*» («*Мен бір әйелді көрдім, ол сол мемлекетке патшалық етеді. Оған әрқилы байлықтан берілген және оның үлкен бір тағы бар*»). «Ол әйелдің өз қауымымен бірге Жаратушыдан басқа күнге табынатынын көрдім», – деді және. «*Уәжәдтуһә уә қаумәһә йәсжудулә ли әш-шәмси мин дунилләһи*» («*Ол әйел мен оның қауымының Алланы қойып, күнге табынатынын көрдім*»).

Сүлеймен: «Рас не өтірік сөйлеп тұрғаныңды көрейік», – деді. «*Сәнәнзуру ә садәқтә әм кунтә мин әл-кәзибин*» («*Тура сөйлеп тұрсың ба әлде өтірікшілерденсің бе, көрейік*»). Сүлеймен үш хат жазды. Сол хат мынау: «*Ән лә тә'лу 'әләйиә уә'туни муслимин*» («*Сендер маған үлкендік жасамаңдар, маған мұсылман болып келіңдер*»). Мағынасы: «Мына хат Сүлейменнен. Жаратқан, жеткізген, кешірген Тәңірдің атымен (бастаймын). Менімен қасарыспа. Келіп мұсылман болыңдар. Бұл хат жазылды». Мөр басып, хұтхұтқа беріп тұрып: «Мынаны алып Билқисқа бер», – деді. Хұтхұт хатты тұмсығымен тістеп, ыстық күнде Билқисқа келді. Билқис сарайлардың есігін құлыптап, күзетшілеріне күзетіп, өзі ішке кіріп, так үстінде ақ жібек жамылып жатыр еді.

(Деректерде) Билқис жатқан сарайдың бір бөлмесі ақықтан, бір бөлмесі жезден, бір бөлмесі хрустальдан, бір бөлмесі мәрмәрдан еді. Ені қырық сегіз қари, ұзындығы алпыс қари, биіктігі отыз қари. Бір түңлігі күн шығар жақта, бір түңлігі күн батар жақта. Сарайға күн түссе, сәжде жасайтын. Билқис сол сарайда ұйықтап жатқанда хұтхұт түңліктен кіріп, хатты алдына қойды. Оянбады. Хұтхұт алдына қонып, екі көкірегінің ортасын тұмсығымен шұқыды. Соның ауруын сезіп оянды. Хұтхұт ұшып түңлікке қонды. Билқис тұрып отырды, ешкімді көрмеді. Алдына он жасар ұл баладан, он үш жасар қыз балалардан басқа ешкім кірмейтін. Сақшыларды жинады. «Мына хатты кім әкелді?» – деп сұрады. Ешкім білмеді. Сонда хұтхұт түңліктен дауыс шығарды. Билқис хұтхұтқа: «Мына хатты сен әкелдің бе?» – деді. «Ия», – деді. Билқис ол хатты Тәңірден деп ойлады. Ақ жібекке орады. Басына қадап, таққа жантайып отырды. Дағин есімді уәзіріне айтты. Барлық бектерін әскерімен шақыртты. Хатты қолына алып: «Ей, халық ақсүйектері, мына құс маған хат әкелді. Алла Тағаланың жарлығы деп білемін», – деді. «*Йә әйуһәл мәләу инни улкийә иләйиә китәбун кәримун*» («*Ей, ел ақсүйектері, маған құрметті жерден бір хат алып келді*»).

Бектер: «Ей, ханшайым, хатты оқы, не екенін көрейік», – деді.

Билқис: «*Иннәһу мин Суләймәнә уә иннәһу бисмилләһир рахмәһир рахим ән лә тә'лу 'әләйиә уә'туни муслимин*» («*Әрине, бұл хат Сүлейменнен. Әрине, ол рахымды һәм мейірімді болған Алланың атымен бастайды және сендер маған үлкендік жасамаңдар, маған мұсылман болып келіңдер дейді*»). Билқис қорқып, жүзі сарғайып (бозарып) кетті.

«Ей, ханшайым, қаншама патшалар саған хат жазды. Қорықпайтын едің, енді не болды?» – деді (олар).

Билқис: «Басқа патшалар көтермеген мәселені мына адам көтеріп жатыр. Басқалар патшалық қалады. Мына адам пайғамбарлықты айтып жатыр. Сендер ұлықтар жауап беріңдер, сендер болмайынша мына іске қол ұрмаймын, яғни сендерсіз басқа іс істемеймін», – деді. «*Қаләт йә әйуһәл мәләу әфтуни фи әмри мә кунту қати'әтән әмран хәттә тәшхәдуни*» («(Ол (Билқис): «*Ей, мемлекет ақсүйектері, бұл істе маған бір кеңес беріңдер. Сендер менің құзырыма жиылып келмейінше, мен бірер шешім шығармай тұрамын*», – деді»).

Олар: «Бізге қарағанда күшті, еркі өзінде патша сенсің. Қарап іс қыларсың, біз соны жасаймыз», – деді.

Билқис бұлардың сөзін есітіп қуанып: «Мына адаммен соғысу керек емес. Оның қолы бізден ұзын келсе, елді бізден алып қоюы мүмкін», – деді.

(Деректерде) Билкістың мұсылман болу ойында бар еді деген сөздер бар. Әскер мені тыңдай ма, тыңдамай ма деп ойлайтын. Жаңа патшалар елге кірсе, ақсүйектерді жазалайды деп, оларды қорқытты. «Қаләт иннә әл-мулукә изә дәхәлә қариәтән әфсәдуһә уә жә'әлу ә'иззәтә әһлиһә 'әзилләтән» («Ол (Билкіс): «Егер патшалар бір шаһарға кірсе, оны ойрандайды және үлкендерін қорлайды», – деді»). Осы сөздерді Билкіс айтты. Одан Жаратушы Алла жарылқады. Солай істеді.

Билкіс: «Мен оған мал-дүние жіберейін. Егер мал-дүниені алса, біздің қолымыз мықты келгені, егер алмаса, Тәңірлік адам болғаны, онда мойынсұнамыз», – деді. «Уә инни мурсиләтун иләһим биһәдиәтин фә нәзиратун бимә йәржи'у әл-мурсалун» («Мен оларға бір сыйлық жіберіп қараймын, елшілеріміз немен қайтады екен»). Әмір берді, ақ піл әкелді. Әрқайсысы мың батпан болатын екі алтын кірпіш жасатып, пілге артты. Хрусталь екі тостаған, бірі – отты, бірі – отсыз, екі інжу әкелді. Күміспен безендірілген бес жүз алтын табақ, алтынмен безендірілген бес жүз күміс табақ. Гауһармен көмкеріліп, қызыл алтынмен жасалған бір тәж (салды). Жібек, әтілес, жүз зиманы және еуропаның жібек матасынан (тігілген) мың шапан. Жезден, ақықтан, хрустальдан (жасалған) мың жібек ыдыс, табақ, қазан. Қызға ұқсаған он бес жігіт, ер жігітке ұқсаған он бес қыз жіберді. Бәрі бірдей киінген. Елу байтал, бір айғыр. (Оның) оны құла, оны қара, оны боз, оны ала, бірі шұбар. Зуяғ есімді қазысын, Рафиғ есімді уәзірін, Дағин есімді күзетшісін осыншама мал-дүниемен Сүлейменге жіберді. Және сәлем айтыңдар, – деді. Және: «Егер сен пайғамбар болсаң, мына тесігі бар інжуге ешкім қол тигізбестен жіпке тізсін және тесігі жоқ інжуге адам не перінің қолы тиместен тесілсін, және мына жастардың қайсысы ұл, қайсысы қыз екенін айырсын, және қол тигізбестен мына тостағандарды сумен толтырсын, ол су көктен жауған немесе жерден шыққан су болмасын және байталдардың тұлы қалай тұрарын білсін», – деп сәлем жолдады.

(Олар) жолға түскен уақытта диюлар келіп, Сүлейменге хабар жеткізді. Сүлеймен диюларға айтып, бір алаң жасатты. Жерден сарай есігіне дейін төрт іғаштық еді. Және әмір беріп, таулардан ясси тастар алдыртты. Алаңға төсетті. Бір алтын, бір күміс кірпіштен тағы бір арнайы алаң жасатты. Және әмір беріп, алтыннан төрт мың кірпіш құйдыртты, әрбірі екі жүз батпан. Әрбір бұрышында бір гауһар тас орнатылған. Төрт кірпіштің орнын бос қалдырды. Төрт мың аттың аяғына алтыннан таға қақтырып, бәріне алтын ер жапты. Төрт мың сиырдың мүйізіне алтын тақты. Төрт мың құлға патшаныкіндей шапан кигізіп, қолдарына желдеткіш берді. Он мың алтын күрсі оңында, он мың күміс күрсі солында еді. Өзі таққа мінді. Адамнан болған қолбасылары оңынан, перілер солынан, диюлар алдынан, батырлар артынан, ұшатын құстар ауада қанатын қанатына жалғап көлеңке етіп тұрды. Бұлтқа әмір беріп, жұпар иіссудан әкеліп Сүлейменнің айналасына септі. Және айналасындағы ағаштардың тамыры күмістен, жапырақтары алтыннан, бұтақтары жасыл зәбәржәдтан, жемістері жақұт, інжуден еді. Сүлеймен биіктігі алпыс қари бір мұнара ішінде отырды.

Билкіс елшілері келіп, рұқсатпен кірді. Мұндай салтанат пен кереметті көріп аң-таң қалды. Бұлт келіп, үстеріне інжу, жақұт құятын. Елшілер Сүлейменге: «Ханшайымымыз сізге сәлем және тарту-таралғы жіберді», – деді де: «Сен пайғамбар болсаң, тесік інжуге қол тигізбестен жіпке тіз. Және тесігі жоқ інжуге адам мен перінің қолын тигізбестен тесіп, жіпке өткіз. Еркек ұлдардан қыздарды қол тигізбестен айыр. Тостағандарды көк, жер суынан басқа сумен толтыр. Байталдардың тұлын анықта», – деді.

Сүлеймен (ғ.с.): «Мына інжулерді адам, дию, пері емес тілсе, кім болады», – деді. Ағашты жеген күйе келіп інжуді тесті, балшықта жатқан қызыл құрт келіп жіп өткізді. Қайсысы ұл, қайсысы қыз екенін білу үшін қолдарына су құйды. Суды аз құйғандарын ұл деді де, суды көп құйғандарды қыз деді. Солай аттарын жүгіртті. Аттың терімен тостағандарды толтырды, байталдардың тұлын Жебірейіл (ғ.с.) келіп айтып берді. Інжу тескен құрт: «Ей, Сүлеймен, жаратушыдан сұра, маған жерден несібе берсін», – деді. Сүлеймен дұға жасады, ағашты жеу

оған нәсіп болды. Және інжуге жіп өткізген құрт та жерден несібе сұрады. Сүлеймен дұға жасап, балшықтан несібе берді.

Билқистың елшілері: «Сенің Тәңіріңе иман келтірдік», – деді. Және алып келген тарту-таралғыларын Сүлейменге сыйлады. Сүлеймен оған ашуланып: «Мені мал-дүниемен айнытасыңдар ма? Жаратушы Алланың маған бергені сендердің әкелгендеріңнен артық. Ол мал-дүниемен сендер қуанасыңдар», – деді. «*Ә тумиддунәни бимәлин фә мә 'әтинийаллаһу хайрун миммә 'әтәкум бәл әнтум биһәдийәтикум тәфрахун*» («Әлде маған малмен көмектеспекшісіңдер ме? Маған Алла Тағала сендер бергеннен де жақсырағын берген. Сендер болсаңдар маған сыйлықтарыңмен риза болып жатырсыңдар»). Және: «Қайтыңдар! Оларға айтыңдар, Сүлейменге мойынсұнсын. Немесе көп әскермен барып, бәрін шығарамын. Біреуді өлтіріп, біреуді азаптаймын», – деді (Сүлеймен). «*Иржи' иләйһим фә ләнә'тиәннәһум бижунудин лә қибәлә ләһум биһә уә ләнухрижәннәһум минһә уә һум сағирун*» («Олардың алдына қайтып бар. Және біз сондай әскермен жетіп барамыз, олар оған қарсы тұра алмайды. Және біз оларды сол жерден азаптап шығарамыз»).

Елшілер мал (дүниесін) алып, қайтып келді. Сүлейменнің сөзін жеткізді. Иемен патшаларын жиып, хабар сұрады. Билқис: «Сүлеймен шынайы пайғамбар екен, оған бармаса болмайды», – деп, төрт жүз күнін алтын, інжумен безеді. Төрт жүз түйеге алтын, күміс, ғажайып заттар артты. Төрт мың адам аттандырып, әндетіп Саба елінен шықты.

(Деректерде) Билқистың өте сұлу екендігі, Сүлейменге көңілі ауып қарсы жүргендігі, айтылады. (Біреулер) қазынаның есіктерін құлыптады және тастан бір үй жасатып, төбесін темірмен жауып, қорғасынмен бекітіп, Билқистың тағын сонда қойды дейді. Күнде мың қарулы күзет қойды.

(Кейбіреулер) он екі мың қолбасшы, он екі мың құл, он екі мың күң, он екі мың қызметші пілдер мен түйелерге мініп, Сабадан шығып, жолға түсті дейді. Хұтхұт құс бұрын келіп хабар жеткізді. Перілер қорықты, себебі Билқис перілердің ұрпағынан еді. (Олар): «Егер Сүлеймен келіп, неге Билқис туралы айтпағаныңдар десе, не деп жауап береміз?» (деп ақылдасты). (Олар ақылдаса келе): «Айтпаған себебіміз, Билқистың аяғы есектің аяғы секілді деп жауап берейік. Солай демесек, Сүлеймен Билқисты алып, біздің (хәліміз) нашарлайды», – деп мұны Сүлейменге айтты. Сүлеймен аң-таң қалып: «Оны қалай көремін», – деді. Асаф ибн Бархаямен ақылдасты. Асаф Мирбат ибн Сахарға айтып, бір үй тұрғыздырды. Жүз аршын ішінде екі мұнара, әр мұнараға шыныдан бір үй салды. Сол үйдің ішіне бір һәуіз жасатып, сумен толдырды. Ішіне су жануарларынан салды. Сүлеймен әмір беріп, қызыл шыныдан сол судың бетіне жапқыш, он сегіз күндік жерге алуан түсті қытай матасын, әтілес төсетті. Он сегіз күндік жер алуан түсті қытай матасымен, әтілеспен жүрді. Бұлтқа әмір беріп, бір күндік жерге дейін бастарына күміс, шекер жауғызды. Сүлеймен хұтхұттан: «Тағын әкелдің ба?», – деді. Сүлеймен ол таққа көңілі кетті. Асафпен ақылдасты және шайтандарға: «Билқис маған келместен бұрын қайсыларың оның тағын алып келесіңдер?» – деді.

Бір үлкен дию: «Сен үкім шығарғанша мен осында жеткіземін. Бұл іске шебермін», – деді. «*Қалә әл-ләзи 'индәһу мин әл-жинни әнә әтикә биһи қаблә ән тәқумә мин мәқамик*» («Жындардан болған бір дию: «Сен орныңнан тұрғанша, мен оны алып келемін», – деді»).

Сүлеймен: «Одан да жылдам керек», – деді. Сүлейменнің қас уәзірі болған Асаф ибн Бархая: «Сен көзді ашып-жұмғанша әкелейін», – деді. «*Қалә әл-ләзи 'индәһу 'илмун мин әл-китәби әнә әтикә биһи қаблә ән иртәддә иләйкә тәрфукә*» («Алланың кітабы туралы хабары болған ол: «Мен көзді ашып-жұмғанша алып келемін», – деді»). Сүлеймен көзін жұмды. Асаф: «Ей, Хәйиу, ей, Қайиум», – деді. Алла Тағала жарлық жеткізді. Микәил Билқистың тағын көтеріп Асафтың қолына берді. Сүлеймен көзін ашты. Тақты алдында көрді. Әмір беріп, алтын орнына күміс орнатты, күміс орнына алтын орнатты. Жақұтты інжудің орнына, інжуді жақұттың орнына қойды. «Көрейін (Билқис тағын) таныр ма, танымас па екен», – деді. «*Нәккиру ләһә 'әриһә*» («Оның тағын өзгертіп қойыңдар»).

Ертесіне Билқис шаһарға кірді. Жаяу еді. Билқис соны есітіп, періштелерге әмір беріп, аттандырды. Бұлтқа айтып, Билқистың үстінен інжу, жақұт, шекер, әнбәр жаудырды. Билқис бұл кереметтермен Сүлейменнің қасына келді. Салтанат тағының үстінде отырғанын көрді. Адам, дию, пері, көктегі құс, жел, бұлт – бәрі (оның) қызметінде екен. Билқис оны көріп жылап, патшалығын ұмытты. Асаф келіп, Билқисты тақ үстіне отырғызды. Сүлеймен: «Ей, Билқис, бетіңді аш!» – деді. Перде ашылып, Сүлеймен (Билқистың) жүзін көрді. Ондай (сұлу) жүзді көрген жоқ еді.

(Сүлеймен): «Ей, Билқис, оның (Алланың) пендесі бола тұра, соншама нығмет берсе де, күнге табынады екенсің, ұялмайсың ба?» – деді.

Билқис: «Ей, патша, кінәлі пенденің Тәңір емес, сен де емессің», – деді. Сүлеймен өкінді. Билқис жылап: «Өзіме зұлымдық жасадым. Енді Тәңірге қайттым. Сенің дініңді қабылдадым», – деп Сүлеймен тағының аяғын сүйді. Жебірейіл келіп: «Ей, Сүлеймен, істегендерін кешірдім, тәубесін қабылдадым» деген (Алланың) жарлығын жеткізді. Сүлеймен сүйінші сұрады, Билқис қуанды. Көзі өзінің тағына түсті. Сүлеймен: «Мына сенің тағың ба?» – деді. «*Кәәннәһу һузә*» («Сол секілді»).

(Кейбіреулер) Сүлеймен Билқистың зеректігіне таң қалды дейді. Алыстан мұны кім алып келді, менікі демеді. Барлық өрнектерін көріп, менікі емес деді. «Менікі секілді екен», – деді. Сүлеймен асығып, аяғын көрейін деді. «Перілер айтқандай екен», – деді. (Сүлеймен): «Ана шыныдан жасалған үй сенікі, кір», – деді. Ішінде жануарлар бар су көрді. Шыны барын білмеді. Балтырын көтерді. Сүлеймен мені мына суда өлтіреді екен деп ойлады. «Мені өлтірме, саған мал-дүние берейін... Мені суда өлтірме», – деді. Сүлеймен: «Кір», – деді. Билқис аяқ киімін шығарып, балтырын жалаңаштап, су деп басты. Екінші аяғын қойғанда су емес екенін білді. Сүлейменнің мақсаты қалай екенін көру еді. «*Фәләммә раәтһу нәсібәтһу лужжәтән уә кәшәфәт ән сәқайһә қалә иннәһу сархун мумаррадун мин қауәрира*» («(Билқис) оны көрген уақытта һәуіз деп ойлап, етегін көтеріп аяқтарының балтырын ашты, сонда Сүлеймен: «Бұл шынылардан әшекейленіп жасалған сарай», – деді»). Билқис қолбасыларымен сол үйге кірді.

Сүлеймен: «Қаласаң, сені бектеріңе берейін, қаласаң, менің бектеріме берейін», – деді.

Билқис: «Менің бектерім менімен еді, сенің бектерің де керек емес. Мен оған мұқтаж емеспін. Сен мені алатын болсаң, келісемін», – деді.

Сүлеймен Билқисты алды.

(Кейіреулер) Билқис туралы екі сөз айтты дейді. Біріншісі (есектің) аяғына ұқсайды. Екіншісі сүйегіне түк шыққан деді. Балтырын шығарып, суға кіргенде аяғын көрді, олар айтқандай емес екен.

САУАЛ: Ақ етпен қара айып болмайды. Араб та ақтың үстіне қараны жақсы көреді. Сүлеймен қаламады, хикметі не еді?

ЖАУАП: Араб ақтың үстіне қараны сүйеді. Мұхаммед Расулұлла араб болғаны үшін оны сүйді. Алайда Сүлеймен сурияни болатын, олар ақтың үстіне сарыны сүйеді. Сол үшін қаламады.

Бір күні Билқис Сүлейменнен: «Сенен кейін пайғамбарлықта сенен артық бар ма?» – деді.

Сүлеймен: «Менен алдыңғы ешбір пайғамбарға менің кереметім болмады, алайда менен кейін Мұхаммед есімді пайғамбар болады. Менен де барша жер-көк халқынан да артық болады», – деді.

Билқис: «Мен оны көремін ба?» – деді.

Сүлейменге ол сөз жақпады. Ұл хақын шақырды. Сол сөзге (бола) Билқисты өз еліне қайтарды. (Деректерде) Сүлейменнің Билқистан он екі ұлы болғандығы айтылады. Бәрі кішкентай кезінде қайтыс болды. (Деректерде) Билқис мұсылмандықты қабылдап, өз патшалығында жүз жыл өмір сүргені берілген.

БӘЙТ УЛ-МҰҚАДДАСТЫҢ СИПАТЫ

Қағб әл-Ахбардың айтуынша, Жаратушы Алла Сүлейменге: «Бәйт ул-Мұқаддасты» тұрғыз», – деп уахи берген.

(Сүлеймен) диюларға әмір беріп, таулардан тас кесіп, тасытқызды. Мәрмәр тастан тіреулер тұрғызды. Теңізден інжу, гауһар алып келіп орнатса, тұрмады. Сүлеймен қайғырды. Асафпен кеңесті. (Асаф): «Мыстан мұнаралар қылсын, сумен толтырып, қақпақпен аузын жапсын, (сен) жүзікпен мөрле! Мүмкін, болып қалар», – деді. Сүлеймен солай жасады. Үй бітті. Гауһарлармен безеді. Барлық халықты шақырып, құрбандық шалды. Сүлеймен тұрып: «Құдайым, күш-қуат бердің, мына үйді тұрғыздым. Енді бес өтінішім бар, орында. Қандай күнәһар адам бұл үйге тәубе жасағалы келсе, тәубесін қабылдап, оны кешір. Екінші, қандай ауру келсе де, шипа бер. Үшінші, қандай мұқтажбен келсе, сұрағанын бер. Қандай жауға қарса көмек сұраса, жеңіс сыйла. Бұл дұғамның қабыл болған белгісі ретінде, құрбандығымды безесін», – деп мінажат жасады. Сол сәтте аспаннан от келіп, құрбандықты өртеді. Сүлейменнің дұғасы қабыл болғандығы белгілі болды.

(Деректерде) Сүлейменнің патшалығы аяқталған уақытта оның жиырма жеті ұлы, қырық үш қызы болғандығы айтылады. Соның ішінде үш қыз, бір ұл Билқистан туылған еді дейді. Өмірі соңына жеткен уақытта бір күні михрабта құлшылық жасап жатып диюларға: «Мына теңізді топырақпен жабындар», – деді. Сол себепті бір күн кім болса да, шөгетін. Алайда Сүлеймен Парсы аймағынан Керман аймағына келді. Диюларға әмір беріп, таулардан тас тасытқызып, жиырма иғашқа дейін теңізді жапты дейді. Сүлеймен қайтып келді. Содан төрт ай жеті күн ауырды. Бір күн тұрды. Жататын жеріне бара жатқанда ауруы маздап, таяғына жабысты. Өзірейіл келіп сол қалпында жанын алды.

(Деректерде) Бәйт ул-Мұқаддасты салып жатқан уақытта ағашқа сүйенген қалпы Өзірейіл жанын алды делінеді. Жаратушы Алла Сүлейменнің жағдайы (дүниеден өткені) туралы ешкімге білдірмеді. Егер Сүлейменнің дүниеден өткенін диюлар біліп қалса, бәрі кетіп қалып, Бәйт ул-Мұқаддас бітпей қалған болар еді. Алайда Асаф білетін. (Ол) адамзат, пері, диюді істететін. Халыққа Сүлеймен құлшылықпен айналысып жатыр, бір жылға дейін үйден шықпайды дейтін. Ешкім де Сүлейменнің аябатынан қасына жолай алмайтын. Бір жыл ағашқа сүйеніп тұрды. Дүниеден өткенін ешкім білмеді. Мұны диюлар сезіп, ағаш жейтін құртқа: «Бар, Сүлейменнің таяғын же!» – деді.

Құрт: «Мен ағашты жегенде сусыз шыдай алмаймын», – деді.

Перілер: «Біз саған су әкелейік», – деді. Ол құрт ағашты жеп бола бергенде Сүлеймен жығылды. *«Фә ләмма қазайнә 'әләһә әл-маутә мә дәлләһум 'әлә мәутиһи иллә дәббәт әл-әрзи тәқулу минсә'әтә»* («Біз оған өлім үкімін жібергенімізде оның өлгендігі туралы диюларға хабарды Сүлейменнің асасын ішінен жеп қойған бір құрттан басқа ешкім бермеді»). Мағынасы мынау: Жаратушы Алла: «Сүлейменге өлім үкімін бергенімізде оның дүниеден өткенін ешкім де сезбеді. Тек құрт (сүйеніп тұрған) ағашын жеді», – деді. Сүлеймен жығылған уақытта перілердің ғайыпты білмейтіндігі барша әлемге белгілі болды. Егер ғайыпты білгенде еді, бір жыл бойына азапқа түспейтін. *«Фә ләмма хәрра тәбәйиәнәт әл-жинну ән ләу кәнү йә'ләмунә әл-ғайбә мә ләбису фи әл-әрзи 'әзәб әл-муһин»* («Сүлейменнің денесі жерге құлағанда, диюлар анық білді, егер олар ғайыпты білгенде еді, мұндай азапта осыныша уақыт қалмаған болар еді»). Ғайыпты Тәңірден басқа ешкім де білмейтінін біл.

Содан кейін Сүлейменді сол үйге жерледі. Есігін қақпақпен жапты.

(Деректерде) оның отыз екі жыл патшалық құрғандығы айтылады. Жалпы алпыс бір жыл өмір сүрді.

ЖҮНІС ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.) НЫҢ ҚИССАСЫ

Ол – «Уә иннә Йһунсә ләмин әл-мурсәлин» («Әрине, Жүніс жіберілген пайғамбарлардан») дәрежесіне жеткен, «Из захәбә мәғазибән» («Ол ашуланып кеткен кезде...») кінәсіне жолыққан, «Фәнәдә фи әз-зулумәти» («Ол зұлмат ішінде айқайлады») шапанын киген, «Лә иләһә иллә әнтә субхәнәкә» («Сенен басқа тәңір жоқ, Сен пәксің») тәспісін айтқан, «Фә ләу лә әннәһу кәнә мин әл-мусәббихин» («Егер ол тәспі айтушылардан болмаған кезде...») қошеметіне қол жеткізген, «Ләнубизә би әл-әрәи уә һуә мәзмум» («Жаман бір жағдайда шөл далаға тасталатын еді...») кереметімен құрметтелген, қырық күн-түн балық ішінде қалған – ЖҮНИС ПАЙҒАМБАР (ғ.с.).

Өлең:

Нинуаға Хақ пайғамбар Жүніс еді жалғыз,
Жүз мың үйлік ел жаққа жарлық жеткізген жалғыз.
Соншама көп халық ішінде бірі жолға түспеді,
Хақтан тайып, жолдан азып, жүрді олар жолсыз.
Шықты елден ашуланып, қарсы шықты бір теңіз,
Жетті суға барып, балық ішіне түсті жүзі.
Екі ұлы бірге еді, бөрі жеді біреуін,
Бірін балық апарды, көрді оны өзі өз көзі.
Іші қараңғылықта балық қарнын михраб етіп,
Хаққа қайтып қылды құлшылық, тәспі айтты ұзақ түн.
Халықтан безіп, шықты, кірді балық ішіне,
Түні-күн онда еңіреп қалды бірнеше күн.
Жаратушы Ие құтқарды одан қауымы иман келтіріп,
Келді жүз мың адам бәрі бесін, онын, отызын.

(Деректерде) Баршам есімді патша бар еді делінеді. Оған жүз жетпіс патша бағынатын. Бұл Баршам патша теңіз жағасындағы Матлау атты қалада тұрып, пұтқа табынатын. Пұттың аты Балас еді. Ұзындығы жиырма үш қари, ені жүз қари келетін. Басы күмістен, тістері алтыннан, көздері інжу, жақұттан болатын. Қолдары, аяқтары қызыл алтыннан. Тәжі қызыл жақұт, көк, сары, жасыл зәбәржәдпен безендірілген. Тақта отыратын. Үш жүз (қызметші) күн алтын, күмістен (жасалған) бір ыдысқа жұпар, зағпыран (салып) иістететін. Бұл Баршам жүз мың адаммен атқа қонып, Мусил қаласына келіп жайғасты. Ол жерде пайғамбар ұрпағы көп еді. Бәрі діндар, тақуа болатын. Ол Бәйт ул-Мұқаддасқа келді. Жиырма мың діндар, тақуа жиналды. Сол уақытта Бәйт ул-Мұқаддаста Махахарқия есімді бір пайғамбар бар еді. Жебірейіл келіп: «Ей, Махахарқия, Алла Тағала сәлем жолдады және мына жиырма мың діндар, тақуаның маған жарайтын біреуін жібер дейді», – деді.

Махахарқия: «Құдайым, саған жарайтынын қайдан білейін?» – деді.

Жебірейіл бір қамыс алып келіп: «Тәңір айтып жатыр, мына қамысты менің қолдарыма теңестір. Кімнің бойына тең келсе, (соған) пайғамбарлық бердім. Оған айт барып, Алла жалғыз, мен Оның пайғамбарымын десін», – деді. Махахарқия сол қамысты алып діндарлар мен тақуаларға өлшеп көрді. Ешкімнің бойы тең келмеді. (Ол): «Құдайым, «Сәми'ун» («Есітуші») ғалымсың», – деді.

(Деректерде) Бәйт ул-Мұқаддаста Мана есімді бір діндар бар еді делінеді. Күн сайын төрт жүз ракағат намаз оқитын. Хұтхұт есімді әйелі бар еді, күнде оған көктен бір періште тамақ әкелетін. Оның бір ұлы болды. Жүніс деп (ат) қойды. Жүністің қарны тоятындай анасының сүті жоқ болатын. Әкесі Мана Жүністі тауға алып барды. Сол тауда қойшылар бар еді. Оларға: «Мына сәбиге қой сүтін беріңдер», – деді. Сүтті қойлар сүтін берместен, сүтсіз қойлар сүтін берді. Мана сол қойдың емшегін Жүністің аузына алып барып: «*Бисмилләһир рахмәнир рахим*» («Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен»), – деді. Тәңірдің құдіретімен сүт аға бастады. Жүніс сол сүтті емгенде (әкесі): «*Әлхәмду лилләһи рабби әл-әләмин*» («Барша әлемнің билеушісі Аллаға мадақ»), – деді.

Қойшылар: «Мына шүкіршілікті кімге істеп жатырсың?» – деді.

Мана: «Құдайға», – деді.

Қойшылар жетпіс адам еді. Баршасы иман келтірді. Жүніс ержетіп, құлшылыққа кірісті. Барша діндарлардан артық еді. Жүністің бір аты Заннун болатын. Біраз уақыттан кейін Жебірейіл келіп: «Ей, Махахарқия, Алла Тағала саған сәлем жіберді, сәлеммен бірге мақтау жолдады. Және Хира тауына бар. Сонда Біздің бір құлымыз бар. Баяғы қамшыны соның бойына өлше», – деді. Махахарқия келіп, қамшыны Жүністің бойына өлшегенде, тең келіп еді: «Ей, Жүніс, сүйінші, саған пайғамбарлық берді», – деді. Сол сәтте Жебірейіл келіп: «Ей, Жүніс, Жаратушы Тәңір саған сәлем жолдады», – деді.

Жүніс: «Сен кімсің?» – деді.

(Жебірейіл): «Мен Жебірейілмін. Алла Тағала: «(Сені) Мусил еліне барып, құлым Баршамға айтсын, пұтқа табынбасын. (Баршам) «Мен бір Алламын, сен Менің пайғамбарым» екендігін айтсын деп жатыр», – деді.

(Кейбіреулер) Жүністің көңілі жұмсақ еді дейді.

(Ол): «Тәңірім, оларды иманға қалай шақырайын?» – деді.

Жебірейіл келіп: «Қай жерде халық көп шоғырланса, сол жерге барып, «Үш нәрсені қабылдайтын кім бар», – деп айт. Егер «Ол қандай үш нәрсе?» – деп сұраса, «Бір Алланы мойындаңдар. *«Лә иләһә иллаллаһу Йунусу расулуллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, Жүніс Алланың елшісі»). Екінші, сендерге әсте құрғақшылық болмайды. Үшінші, сендерге зұлымдық болмайды» деп айт», – деді.

Жүніс: «Тәңірім, оларды қашанға дейін шақырайын?» – деді.

«Бір жылға дейін» деген (Алладан) жарлық келді.

(Жүніс): «Қабылдамаса, не істейін?» – деді.

«Пәле жіберемін» деген жарлық келді.

(Жүніс): «Қандай пәле жібересің?» – деді.

«Біздің қазынамызда азап пен қинау аз емес» деген жарлық келді.

(Жүніс): «Құдайым, қашан жібересің?» – деді.

«Мен қалаған сейсенбі күні» деген жарлық келді.

Жүніс Сафан бинт Сафун есімді әйеліне келіп: «Е, Сафан, мені Жаратушы Алла бәрінен жауыз халыққа жіберді», – деді.

Сафан: «Қайсы халыққа?» – деді.

«Мусил халқына», – деді.

Әйелі: «Мен саған мойынсұндым, Сен де Алла Тағалаға мойынсұн», – деді.

Екі ұлы бар еді. Біреуі – жетіде, екіншісі бес жаста болатын. Жүніс үлкенін, әйелі кішісін көтеріп жолға шықты. Кешке дейін жүрді. Түнде ұйықтаған уақытта, Жаратушы Алла бір періштені жіберіп, Жүністі, әйелі мен балаларымен көтеріп, он игаштық жерге дейін алып барып, Мусил қаласының қасына жеткізді. Ертесіне оянды. Өздерінің Мусил шаһарына (келіп қалғандарын) көрді. Жүніс ағаш алып келіп, балаларына көлеңке жасады. Әйеліне: «Мен Мусил шаһарына барып, Тәңірдің жарлығын жеткізейін. Аман қалсам келермін, келмесем өзіңше тірлік істе», – деді. Сол жерден Мусилға (дейін) бір игаштық жер болатын. Елге кірді, топырлаған халықты көріп: «Біреуді беріп, үшеуді алатын кім бар?» – деп айқайлады.

(Олар): «Ей, тентек, ол бір деген не?» – деді.

(Жүніс): «*«Лә иләһә иллаллаһу Йунусу расулуллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, Жүніс Алланың елшісі»), – деді.

(Олар): «Ей, тентек, мына бір үлкен іс. Ана үш дегенің не?» – деді.

(Жүніс): «Біріншісі – сендерге оба келмейді, екіншісі – құрғақшылық болмайды, үшіншісі – зұлымдық жетпейді», – деді.

(Олар): «Ей, тентек, біз ешқашан да оба, құрғақшылық және зұлымдық көрген емеспіз», – деп, тас, топырақпен ұрды. Және өз патшаларына айтты.

Патша: «Не қылған айқай-шу?» – деді.
(Олар): «Бір адам келді, өзі сұлу, алайда өзі тентек екен», – деді.
Патша Жүністі алдыртып көрді де, қорқып: «Кімсің?» – деді.
Жүніс: «Сендей адаммын», – деді.
«Атың кім?» – деп сұрады.
«Жүніс», – деді.
«Басқа атың бар ма?» – деді.
«Тағы бар атым Заннун», – деді.
Патша саусағын тістеді. Кітап оқитын ақылды еді.
«Кімнен келдің?» – деді.
«Алладан келдім», – деді.
«Қай Алладан?» – деді.
«Сені, мені және барша әлемді жаратқан Алладан», – деді.
«Неге келдің?» – деді.
«Бәрің де *«Лә иләһә иллаллаһу уә иннә Йунусә расулуллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, әлбетте Жүніс Алланың елшісі») деп айтыңдар», – деді. Патша басын төмен қаратты.
Жүніс: «Ей, Баршам, бір рет айтып, үш нәрсені ал», – деді.
«Қандай үш нәрсе?» – деді.
Жүніс: «Оба, құрғақшылық және зұлымдыққа ұшырамайсың», – деді.
Патша: «Жынды болғансың ба?» – деді.
Жүніс: «Неге мені жынды дейсің?» – деді.
Патша: «Менен өткен әскері көп, қандай залым патша бар. Менің осыншалықты көп нығметім бола тұра, неге құрғақшылық келеді? Біз ешқашан да оба көрген жоқпыз. Ол үш нәрсе сөз емес», – деді.
Жүніс: «Алла жалғыз, мен Оның елшісімін. Және пұтқа табынбаңдар», – деді.
Патша: «Бұл сөзге дәлелің бар ма?» – деді.
Сарай ортасында сиыр бейнесіндегі бір ақ тас бар еді. Патша соның үстіне шығып суға жуынатын.
Жүніс: «*Әйиәтуһә әс-сәрату тәқаддәми*» («Ей, қара тас, бері кел!»). Мына тас айғақ болады», – деді.
(Патша): «Тас қалай айғақ болады?» – деді.
Жүніс: «Айғақ боласың ба?» – деді.
Тас: «*Лә иләһә иллаллаһу Йунусә расулуллаһи*» («Алладан басқа тәңір жоқ, Жүніс Алланың елшісі»), – деді.
Патша таң қалып: «Ей, Жүніс, және кім куәлік береді?» – деді. Үйде ұстаған киіктің лағы бар еді.
Жүніс: «Мына лақ куәлік береді», – деді.
Патша: «Айт, куәлік берсін», – деді.
Жүніс: «*Йә әйиуһәл гәзалу тәқаддәм*» («Ей, киік, бері кел!»), – деді. Лақ Жүністің қасына келді.
Жүніс: «Куәлік бересің бе?» – деді.
(Лақ): «Куәмін. Алла жалғыз, Жүніс оның пайғамбары», – деді.
Патша оң-солына қарап: «Сендер не дейсіңдер?» – деді.
(Олар): «Сиқыршы», – деді.
Патша: «Ей, Жүніс, мен сен секілді үлкен сиқыршы көрген жоқпын, менен алыс кет», – деді.
Жүніс шығып, ақшам уақытына дейін халықты Жаратушыға шақырды. Түнде балаларына келді. Күнде (шығып) бір (рет) осылай жасайтын. Жүністі тас, топырақпен ұратын. Жиырма күннен кейін және келді.

Патша: «Ей, Жүніс, білікті ер жігітке ұқсайсың, алайда іс-әрекетің тентектен аумайды. Кел, бұл сөздерді қой. Патшалығыма сені уәзір етейін», – деді.

Жүніс: «Маған сенің патшалығың керек емес. *«Лә иләһә иллаллаһу уә иннә Йунусә расулуллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, Жүніс Алланың елшісі») деп айт», – деді.

(Патша): «Ей, Жүніс, менің тәңірімді көрдің бе?» – деді.

Жүніс: «Көрмедім», – деді.

(Патша): «Барып, тәңірімді көр. Менің тәңірім көрікті ме әлде сенің Тәңірің көрікті ме?» – деді.

Жүніс: «Ей, кәпір, менің Тәңірім алтын, күмістен емес, бәрін жарылқаған ерікті», – деді.

Патша: «Ей, Жүніс, менің саған жаным ашып тұр. Өзіңді өлімге қиып тұрсың», – деді.

Жүніс: «Менің қайғымды жемей-ақ қой. Мені Тәңірім барлық жауыздықтан сақтайды», – деп патшаның қасынан шығып кетті.

Патша: «Кімде-кім Жүністі ұрса, азаптаса, мен оны өлтіремін», – деп жаршы шақыртты. Жүніс қырық күнге дейін халықты иманға шақыра бастады. Қырық бірінші күні патшаға келіп: «Ей, патша, Жаратушының жарлығы маған қырық күн еді. Шақырдым, біреуі де иманға келмеді. Енді Алла Тағаланың пәлесіне дайын тұрындар», – деді.

Патша: «Пәленің белгісі не?», – деді.

(Жүніс): «Таңертең тұрсаңдар жүздерің қызарады, екінші күні сарғаяды, үшінші күні қараяды. Оныншы күні пәле келеді», – деп патшаның қасынан шықты. Кешке дейін халықты иманға шақырды. Түнде орнына келіп, намазға тұрды. Басқа елге бармады. Олар ертесіне тұрды. Жүздері қызарды, екінші күні сарғайды, үшінші күні қарайды. Патшаға: «Жүністің сөзі шын келді», – деді. Патша: «Ертең не болатынын көрейік», – деді. Оныншы күні Жебірейіл келіп, тамұқты басқарушы патшаға: «Тәңір айтты, Жүніс қауымына елу мың жыл бұрынғы азапты оларға жіберсін. Менің құдіретімді көрсін деп жатыр», – деді. (Тамұқты басқарушы) патша сары, қызыл, қара үш азап шығарды. Үш бұлттың үстіне қойды. Әрбір бұлтқа жетпіс мың періште жауапты еді. Сол бұлттарды шақырды. Мусилдың үстіне қойды. Жебірейіл бір рет дауыс шығарды. Барлық құстар мен қара малдар Мусил аймағынан шықты. Пәле оларды қоршап алды. Патша: «Жүністі іздеңдер», – деді. Іздеп таба алмады. Патша: «Жүніс жоқ болғанымен, Тәңірі бар», – деді. «Құдайым, Сенің бірлігіңе, Жүністің пайғамбарлығына сендік», – деді. Өзінің пұттарын сындырды. Отқа жақты. Патшаның өзі бір киім киіп, мойнына шынжыр байлап, аяқтарына тұсау салды. Бір зеңгі құлға қарап: «Мына жіпті мойныма байла, мені төмен ұста да: «Кімде-кім өз тәңірінен бет бұрса, соның жазасы осы» деп айт», – деді. Содан кейін патша ер адамдарды әйелдерінен, жас балаларды аналарынан айырды. Бәрі далаға шықты. Жаратушы Аллаға жалынды. Ол пәле бастарының үстінде тұрды. Аспан қарайып, бір-бірін көрмейтіндей болды. Он күн өтті. Ер – әйелге, әйел ерге жоламады. Тамақ, су ішуді ойламады. Жас балалар аналарын ембеді. Бәрі бастарын жерге қойып, Жаратушыға жалбарынды. Патшаны солай мойны байлаулы қалпы сүйрейтін. Патша айқайлап: *«Лә иләһә иллаллаһ»* («Алладан басқа тәңір жоқ») дейтін. Үш күннен кейін періштелер мінажат етіп: *«Иләһәнә уә сәйидәнә әрхәмәр рахимин»* («Ей, Құдайымыз, ей, қожамыз, және ей, мейірімділердің мейірімдісі») Сенсің. Мынаның бәрі сенің құлдарың», – деді. «Ей, періштелер, мына құлдарымның тілдері көңілдерімен (жүректерімен) бір емес» деген (Алладан) жарлық келді. Ол халық Жүністі қырық күн бойына әуреге салғаны үшін қырық күн бойына осындай пәледе қалды. Қырық күннен кейін Жебірейіл келіп, «Құлдарымның тілі мен жүрегі түзелді. Олардан азапты ал» деген (Алланың) жарлығын жеткізді. Қырық бірінші күні қайтарды. Патша мұсылман және бәрі мұсылман болды. Исламды қабылдады.

(Деректерде) Алла Тағала Жүніс қауымынан басқа ешбір қауымнан пәлені қайтармаған делінеді. *«Иллә қаумә Йунусә ләммә әмәну кәшәфнә 'әнһум 'әзәбә әл-хизий»* («Жүністің қауымы... олар иман келтіргенде олардан жазалаушы азапты көтердік (жойдық)»). Жүністің бұл істерден хабары жоқ еді. Патша мұсылман болған соң: «Кімде-кім Жүністі маған алып келсе

немесе қайда екені туралы хабар жеткізсе, соған жарты патшалығымды беремін», – деп жаршы шақыртты. Сонда Ібіліс бір кәрі адамның бейнесіне еніп, Жүністің қасына келді.

Жүніс: «Қайдан келдің?» – деді.

Ібіліс: «Өтірікші Жүніс сенсің бе? Пәле келмеді. Патша дар құрып, (сені) аспақшы болып жатыр. Басқалар да солай сөйлемесін деп, сені іздеп жатыр», – деді.

Жүніс Ібілістің сөзіне ашуланып, әйелі мен балаларын алып жайлауға шықты. *«Уә зән нуни из захәбә муғазибән фә зәннә лән нәқдира 'әләйһи» («Ол ашуланып кеткен кезде Біз оны ұстай алмаймыз деп ойлады»).*

(Кейбіреулер) ашуы Жебірейілге еді дейді. Жебірейіл келіп: «Тәңір айтып жатыр, Нинуаға бар, жарлықты жеткіз, иман келтірсін», – деді. Ол күні Жүніс палас шапан, киіз бөрік киген еді. Аяғында иленбеген есек терісінен (жасалған) аяқ киімі бар еді.

Жүніс: «Ей, Жебірейіл, біраз уақыт бер. Жаратушы пайғамбарының бұлай баруы лайық емес», – деді.

Жебірейіл: «Жаратушы жарлығында уақыт сұрау деген жоқ», – деді. Ашуланып шықты.

(Кейбіреулер) қауымы иман келтірмегенде, қауымына ашуланып шықты дейді. (Енді біреулер) ол уақытта пайғамбар көп еді дейді. (Сол себепті) «Патшаға пайғамбарлардың бірін жіберсін. Нинуаға барып жарлықты жеткізсін», – деген бір пайғамбарға жарлық болды дейді. Ол пайғамбар патшаға айтты. Патша Жүніс пайғамбарды жіберді.

Жүніс: «Мені барсын деген жарлық бар ма?» – деді.

Патша: «Сені барсын деген жарлық жоқ. Алайда мен кімді жіберсем, сол барады», – деді.

Жүніс: «Мені барсын деген кесімді жарлық жоқ екен. Ол халық өте жауыз. Мені жібергенше, басқа біреуді жібер», – деді.

Патша қайтпады. Жүніс патшаға өкпелеп елден шықты. Әйелі мен балаларын алып Лукам тауына барды. Ол тауда бөрі, қабылан, арыстаннан басқа жануар болмайтын. Сол уақытта жетпіс бес діндар бізді ешкім көрмесін деп, Лукам тауына барып құлшылық етіп жатыр еді. Жүніс олардан қашып еді, таудың бір шеті теңіз екен. Алла Тағала жерге жауапты Сәрсәбил деген періштеге жарлық жіберді. Жүніс онда бармасын деп, Мұқаддасаға баратын жолды жапты. Жүніс Мұқаддаса жолын қойып, тау жолына түсті. Сәрсәбил Алла Тағаланың жарлығымен келіп, Жүніске сәлем берді. Жүніс сәлемін алды. «Қайда барасың?» – деп сұрады.

Жүніс: «Қайда баратынымды білмеймін. Алла Тағала мені бәрінен жаман халыққа жіберді. Оларға пәле жіберемін деп уәде берген едім, жібермеді. Мені өтірікші деді. Дар құрып, мені аспақшы болып жатыр дейді. Сол үшін қашып жүрмін», – деді.

Сәрсәбил: *«Ләу кәнә қалбукә қалбә әл-хәифинә уә сабрукә сабра әс-сабиринә мә хәрабтәмин рабби әл-әләминә» («Егер сенің жүрегің қорқушылардың жүрегінен болғанда, сенің сабырың сабыр етушілерден болғанда, барша әлемнің Жаратушысы болған Алла Тағаладан қашпайтын едің»),* (яғни) «Көңілің қорқақтар көңілі болмағанда, сабырлылар сабыры болғанында, әлемді жаратқан Тәңірден қашпайтын едің», – деді. Жүніс одан қашып, бір діндарға келді. Намаз оқып жатқанын көрді. Намазын аяқтаған соң сәлем берді. Діндар сәлемін алды.

Жүніс: «Атың кім?» – деді.

Діндар: «Атым Хаммам», – деді.

Жүніс: «Ей, Хаммам, мен үшін қасыңнан орын табыла ма?» – деді.

Хаммам: «Сен Тәңірден қашқанға ұқсайсың. Кет, мені тоспа», – деді. Жүніс тағы бір діндарға келді. Оған да сәлем берді. Діндар жауап берді.

«Атың кім?» – деп сұрады.

Діндар: «Атым Хаммид», – деді.

Жүніс: «Мұнда тұрғаныңа неше жыл болды?» – деді.

Діндар: «Үш жүз жыл болды», – деді.

Жүніс: «Қасыңнан маған орын табыла ма?» – деді.

Діндар: «Тәңірден қашыпсың. Кет, маған кедергі келтірме», – деді. Және бір діндарға барды.

«Атың кім?», – деді.

«Атым Салих», – деді.

«Неше жылдан бері мұндасың?» – деді.

Діндар: «Төрт жүз жыл», – деді.

Жүніс: «Маған орын бар ма?» – деді. Жаңағылардай жауап берді. Және бір діндарға келді. Руқұғда ұйықтап жатыр екен. Оның да атын сұрады.

«Атым Әбдірахман. Бес жүз жылдан бері осындамын», – деді.

Жүніс: «Қарным ашып тұр», – деді. Қасында ақ тас бар еді, қолымен сипалады. Ыстық нан пайда болды. Жүніске берді. Бір үзім жеп, қалғанын балаларына берді. Одан да орын сұрады.

(Ол): «Бес жүз жылдан бері Жаратушыға күнәм жоқ. Білмеймін, орным жұмақта ма, тамұқта ма?» – деді.

Және бір діндарға келіп: «Атың кім?» – деп сұрады.

Діндар: «Атым Мунис. Алты жүз жылдан бері осындамын. Бұл жерден кет, мені өз қайғыммен қалдыр», – деді.

Жүніс: «Қандай қайғың бар?» – деді.

(Ол): «Екі жүз қырық жылдан бері бір тілек сұрап жатырмын. Өлместен бұрын сол тілегімді орында деп жатырмын. Бүгін есітім, ажалың жетті, өлесің деді. Жаратушым менен разы ма, разы емес пе, білмедім», – деді.

Жүніс: «Тілегің орындалатын болады», – деді.

Діндар: «Сені кімсің?» – деді.

«Мен Жүніспін, тағы бір атым Заннун», – деді.

«Жүніс пайғамбар сенбісің?» – деп Мунис Жүністің аяғына жығылып: «Ей, Жүніс, бір сағат сабыр сақта, қашан уәде орындалса, мені топыраққа көмесің», – деді.

Жүніс намазға тұрды. Мунис басын сәждеге қойды. Сәжде ішінде жан тапсырды. Жүніс Мунисті жуып, жерге көмді. Содан кейін бір діндарды көрді, қозғалмастан, тік тұр екен. Жүніс оған сәлем берді. Жебірейіл келіп: «Ей, Жүніс, онымен сөйлеспе», – деді.

Жүніс: «Бұл кім?» – деді.

Жебірейіл: «Микәйіл есімді діндар», – деді.

«Неше жылдан бері бұлай тұр?» – деді.

Жебірейіл: «Тоғыз жүз жетпіс жыл болды. Жаратушы Аллаға құлшылық етіп жатыр», – деді.

Жүніс: «Жеп-ішкені не нәрсе?» – деді.

Жебірейіл: «Тәспі мен тәһлил. Және Жаратушы Алла әр жылы жұмақтан бір шынайы шапан жібереді. Мен келіп, ескісін алып, жаңасына ауыстырамын. Бұл бос емес», – деді.

Содан кейін тағы бір діндарға келді. Оның жүзінен күн секілді нұр шашырап тұр. Жүніс сәлем берді.

Жебірейіл: «Ей, Жүніс, бұған да сөйлеме», – деді.

Жүніс: «Бұл кім?» – деді.

Жебірейіл: «Бұл перілердің үлкені. Аты Жахма. Адам сафи тұсында мұсылман болды. Төрт мың жылдан бері мұнда құлшылық етіп жатыр, қозғалмайды. Ақыр заман болғанда Мұхаммед Расулұллаға барып, кәпірлермен соғысады», – деді.

Жүніс: «Жеп-ішкені не нәрсе?» – деді.

«Тәспі мен тәһлил», – деді.

Біздің құзыретімізде сенен артықтар да барын біл деп, Алла Тағала неше түрлі діндарларды көрсетті. Содан кейін тау аяқталды. Бір теңізге қарсы шықты. Алыстан кеме көрінді. Әйелі мен балаларын жағаға қалдырып, кеме иесімен сөйлескелі барды. Ол барғанда кіші ұлы теңіз жағасына келді. Жаратушы Алланың жарлығымен теңізден бір балық басын шығарып, баланы жұтты. Анасы артынан жүгіріп еді, оны да жұтты. Бөрі келіп, үлкен баласын алып кетті. Анасы жылай бастады. Сол уақытта керуен келді. Бөрі жөйттер еді. Жүніс әйелін, балаларын алғалы келді. Таба алмады. Жылап кемеге келді. Бір балық басын судан шығарып: «Ей, Жүніс, неге

жылап жатырсың? Тәңір берді, алды», – деді. Жүніс кемеге мінді. Теңіздің ортасына келген кезде суды басқаратын періштеге жарлық болды. Аким, сәрсәр, оңтүстік, солтүстік төрт қарсы желді көтерді. Төрт жақтан кемені ойната бастады. Халық қорқып кетті. Кемеді бір қарт кісі бар еді. Сол: «Ей, мұсылмандар, кемеге бір күнәһар адам отырса, кеме осылай болады. Сол күнәһарды суға лақтырмайынша, кеме осылай бола береді», – деді.

(Кемедегілер): «Қандай күнә болса, су шайқалады?» – деді.

«Иесінен қашқан және ата-анасын қинаған болса», – деді.

(Кемедегілер): «Тәңірдің құрметі үшін, Жүніс пайғамбардың құрметі үшін, кімде-кім күнә жасаған болса, кемеден түссін», – деді. Ешкім жауап бермеді.

Жүніс (ғ.с.) атып тұрып: «Мұсылмандар, Иесінен қашқан құл менмін. Суға мені атыңдар», – деді.

(Кемедегілер): «Ей, жігіт, сен кімсің?», – деді.

«Мен Жүніс пайғамбармын», – деді.

Кемедегілердің бәрі Жүністің аяғына жығылып: «Ей, Расулулла, біз бүгін құтылсақ, сенің берекеңнің арқасында құтыламыз», – деді.

Судың толқыны үдере түсті. Жүніс тұрып, өзін суға атпақшы болды. Олар қаламады. Жүніс: «Жеребе тастаңдар, кімнің атына шықса, күнәһар сол болғаны», – деді. Бәрі бір-бір тасқа аттарын жазып, суға салды. Бәрінің тасы суға батты, Жүністің тасы батпады.

Жүніс: «Көрдіндер ме, күнәһар менмін», – деді.

«Жеребе қате шыққан болар, қайта тастайық», – деді.

(Деректерде) үш рет тастады, үшеуінде де Жүніске шықты дейді. Жүніс тұрып, шапанын кебін қылды. Кеменің бұрышына өзін тастағалы келді. Залужа атты балыққа Жүніс деген пайғамбарымызды ұста деген аян болды. Залужа Жүністі ұстамақшы болған уақытта, Жүніс қорқып басқа жаққа кетті. Балық сол жаққа барды. Жүніс мына жаққа келді. Төрт жаққа бұрылатын. Балық: «Ей, Жүніс, қашанға дейін қашасың?» – деді. Жүніс мұның Тәңірдің жазмышы екенін білді. Екі қолымен көзін жауып: «*Бисмилләһир рахмәһир рахим*» («*Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен*») деп, балықтың аузына (өзін) атты. «*Уә иннә Йунусә ләмин әл-мурсалінә из әбәқа илә әл-фулки әл-мәшһуни фә сәһәмә фә кәнә мин әл-мудһазинә фәлтәқамәһу әл-хуту уә һуә мулим*» («*Және, әрине, Жүніс Біздің жіберген пайғамбарларымыздан. Бізден қашқан уақытта дайын тұрған кемеге барып мінді және (кеме тоқтап қалғанда) кемедегілер жеребе тастады. Жеребе Жүніске шықты. Оны суға лақтырды және оны үлкен балық жұтып жіберді. Осылайша Жүніс жазғырылды*»).

Залужаға: «Сенің қарныңды Жүніске зындан қылдым. Оны жеуге тыйым салдым, оны азаптама» деген (Алланың) жарлығы келді.

Мұнда бірнеше сауал бар.

САУАЛ: Заннун деп қалай аталды, «нун» – балық па?

ЖАУАП: Алла Тағала халыққа көрсетті. Жүніс біздің құлшылық пен қызметтегі кезінде оны пайғамбар әрі елші атадық. Бір сағат бізден ғапыл болғанда балық атадық.

Тағы бір ЖАУАП: Әрқашан сәждеде болатын. Балық та сәждедегілерге ұқсайды. Бұл есім оған лайық еді. «*Уә зән нуни из захәбә муғазибән уә зәннә әл лән нәқдира 'әләһи*» («*Жүністі де есіңе ал, ол ашуланып кеткен кезде Біз оны ұстауға шамамыз келмейді деп ойлады*»), – деп Жаратушы жарылқады. Яғни Жүніс ашулы барды. Біз оған құдіретті емеспіз деп ойлады.

САУАЛ: Жаратушы пайғамбарына бұлай ойлау дұрыс па?

ЖАУАП: Жаратушы оны жол үстінде айтып өтті. Сені ұстауға құдіретіміз жоқ деп ойладың ба? – деді. Қанша ұстауға да құдіреті жетеді екен. (Мұндай) тіркес Құранның бірнеше жерінде бар.

Тағы ЖАУАП: «*Ән лән нәқдира 'әләһи ән лән нузәйиқа 'әләһи*» («*Біз оны ұстауға қадырлік танытпаймыз, яғни Біз оған қиыншылық жасамаймыз*»). Мағынасы мынау: Біздің жарлығымыздан тыс кетуі үшін қоямыз, мәңгі қылмаймыз.

Тағы ЖАУАП: Мағрифат иелерінің айтуынша, тағдыр мағынасы дегеніміз кәпірлерге азапта ұстауды оған тағдыр етпедік пе деп ойлайды. Жаратушы Алла: *«Фә нәдә фи әз-зулмәти әл лә иләһә иллә әнтә субхәнәкә инним кунту мин әз-залимин»* («Сол уақытта зұлмат ішінде тұрып: «Ей, Алла, Сенен басқа тәңір жоқ, Сен барша айыптардан пәксің, менің өзім залымдардан болдым», – деді»), – деді. Мағынасы мынау: Жүніс бар дауысымен Бірді (Алланы) еске алып: «Тәңірім, сенен өзге Тәңір жоқ, Сен пәксің. Мен өзіме зұлымдық жасадым, залымдардан болдым», – деді.

(Деректерде) төрт қараңғылық еді дейді. Біріншісі – қорлық қараңғылығы; екіншісі – түн қараңғылығы; үшіншісі – су қараңғылығы; төртіншісі – балық қараңғылығы. Осы сөз дәлел болады. Осы қараңғылықтардан құтылған кезде төрт ракағат намаз оқыды. Екінті намазы еді. Одан Жаратушы Алла қабылдады. Бізге парыз болды.

(Деректерде) тұтылмасын деп, ол (балық) аузын жаппады дейді. Жебірейіл келіп, ол балықтың мұрнына мұрындық тықты. Ол теңіз төңірегінде айналатын еді. Балықтың қарнын әйнектей жасады. Сыртынан іші, ішінен сырты көрінетін болды. Күрсісінде отырған бір періштені көрді. «Мынау кім?» – деп сұрады.

Жебірейіл: «Бұл теңізді басқаратын періште. Барлық дария халқын, су тамшыларын біледі», – деді. Одан кейін тағы біреуді көрді. Ол от күрсінің үстінде отыр. Оң, солынан екеу бұған нәжіс, түкірік тастап: «Тәңірмін дегеніңе өкінбейсің бе?» – деп жатыр.

Жүніс: «Бұл кім?» – деді.

Жебірейіл: «Бұл Ферғауын, оң жағындағы Хаман, сол жағындағы Қарун», – деді. Күрсі үстінде отырған және біреуді көрді. Алдында жолдастары бар. Бірде қуанып, бірде қайғырып отыр.

«Бұл кім?» – деп сұрады.

Жебірейіл: «Бұл Ібіліс», – деді.

Біреу тәубе жасаса – қайғырады, біреу күнә істесе – қуанады», – деді. Содан кейін бір дауыс есітті.

«Бұл не дауыс?» – деді.

Жебірейіл: «Бұл дария халықтары Тәңірге тәспі, тәһлил айтып жатыр», – деді.

Жүніс: *«Йә рабби мин әл-жибәли хәббәттәни уә мин әл-бәрри әхражтәни уә фи әл-бәхри әғрақтәни уә фи бәтни әл-хути әсжәнтәни фә уаллаһи лә'будәннә ләкә 'ибәдәтән фи мәузи'ин лә йә'буду фиһә әхәдун мин әл-'әләмин»* («Ей, Жаратушым, мені таудан түсірдің, даладан шығардың, дарияға батырдың, үлкен балықтың ішіне тұтқындадың. Енді, Алла хақы, Сен үшін бір құлшылық етейін, ондай құлшылықты әлемде ешкім жасамаған»). Мағынасы мынау: «Мені таулардан түсірдің, жайлаулардан шығардың, дарияға батырдың, балықтың қарнына салдың. Сендей Алла құрметі әлемдерде біреу саған құлшылық қылмап еді, құлшылық қылайын деп тәспіге кірісті».

(Жүністің) дауысын періштелер есітіп: «Тәңірім, естілмес жақтан дауыс шығып жатыр. Кімнің дауысы?» – деді.

«Балық қарнындағы Жүніс пайғамбар» деген жарлық келді.

(Періштелер): «Тәңірім, Жүніс пайғамбар әрқашан ізгілікте Сені есіне алатын. Бүгін оған қуаныш сыйла. Айыбын кешіріп, балық қарнынан құтқар», – деп шапағат сұрады.

Алла Тағала олардың шапағатын қабылдады. Егер Жүніс балық ішінде тәспі айтушылардан, намаз оқушылардан болмағанда, қияметке дейін балық ішінде қалатын еді. Қырық күн балық ішінде болған еді. Содан кейін Жебірейілге «Залужаға айт, Жүсіпті шығарсын» деген жарлық болды.

Залужа: «Ей, Жебірейіл, Алла Тағала Жүністі басқа зынданға салмақшы болса, менде тұра берсін. Мен оған мейірімдімін», – деді.

Жебірейіл: «Алла Тағала оны зынданға салмайды, жібер», – деді. Залужа солай жасады. Теңіздің жағасына әкеліп қойды. Қанаты қырқылған құстай әлсіз. *«Фә нәбәзнәһу бил-әраи уә һуә*

сақим» («Кейін Біз оны есінен танған қалпы жазаға шығарып тастадық»). Жаратушы Алла Жүніске қабак ағашын шығарды. «*Уә әнбәтнә 'әләйһи шәжәратән мин йәқтин*» («Және оның үстіне сая болсын деп қабак ағашын өсіріп қойдық»).

САУАЛ: Жүніске басқа ағаш көлеңкесін бермеді, (тек) қабак ағашы көлеңкесін берді. Хикмет не еді?

ЖАУАП: Қабак ағашына шыбын-шіркей аз қонады. Жүніс тағы әлсірейтін еді. Шыбын-шіркей мазаламасын деп, қабак ағашын көгертті.

Және Жебірейіл қанатын жерге сипап еді, тәтті ағатын су шықты. Бір ұрғашы киікке аян болды, ол күнде келіп сүт беретін. Күш-қуатын жиып, бойына қан тарағанда әжетке барып еді, келгенше киік те, су да жоқ, ағаш та құрғап қалыпты. Оны көріп қайғырып: «Тәңірім, дүние нығметінен маған сонша беріп едің және алыпсың», – деді. «Ей, Жүніс, өсірмеген ағашқа, шығармаған суға қайғырасың. Қаншама халықтың опат болуына жаман дұға жасағанда неге қайғырмадың? Енді Нинауа жақа бар, оларды Алланың бірлігіне шақыр» деген жарлық келді. Ол жерден кетіп, Нинауаға жақындағанда бір қойшыны көрді. Одан сүт сұрады. Қойшы: «Ей, Жүніс, сен біздің арамыздан кеткелі көктен жауын жаумай, жерден шөп шықпай қойларымыздың сүті тартылды», – деді. Жүніс бір саулық қойды шақырды. Келгенінде Жүніс қолымен емшегін сипап еді, емшектеріне сүт толды. Қойшыдан ыдыс алып, сүтті сауып ішті. Ыдысын тастың үстіне қойды. Қойшыға: «Елге барып, мені келді деп хабар бер», – деді.

Қойшы: «Мен қорқамын», – деді.

Жүніс: «Неге қорқасың?» – деді.

Қойшы: «Көп адам мен Жүністі көрдім деп келді. Бірақ сөздеріне дәлел келтірмеді. Патша оларды өтірік айтып тұрсың деп өлтірді», – деді.

Жүніс: «Қорықпа, бар. Мына саулықты, мына ыдысты, мына тасты алып бар, куәлік етеді», – деді. Қойшы үшеуін алып барды. Елге хабар берді. Қойшыны патшаға алып барды. Жүністің хабарын айтып берді.

Патша: «Көргеніне куә бар ма?» – деді. Қой, ыдыс, тасты шығарып: «Мыналар менің айғағым», – деп алдына қойды.

Қой: «Мені сауды», – деді.

Ыдыс: «Сүтті маған сауды», – деді.

Тас: «Сүтті ішіп, ыдысты менің үстіме қойды», – деді.

Патша барлық әскерімен атқа қонып, Жүністің алдынан шықты. Жүніс намаз оқып жатыр еді. Намазын оқып болған соң Жүніске «Тахият» сәждесін жасады. Аяқтарын сүйіп, кешірім сұрады. Құрметтеп алтын арабаға мінгізді. Арабаға мінген уақытта көктен: «*Йә Йунусу ә мә йәкфикә мәктәсәбтә мин әз-зунуби суммә тәжлिसә 'әлә мәркәбә әл-мудук*» («Ей, Жүніс, сонша жасаған күнәларыңмен патшалар мақамына отырғаның жетпеді ме?»), (яғни) «Ей, Жүніс, мына патшаның көлігіне мінетіндей біздің құзыретімізде күнәң жетпеді ме», – деген дауыс естілді. Мұны есітіп, арабадан түсті. Жалаң аяқ үйге кірді. Ол қауымның бәрі Жүніс келместен бұрын мұсылман болған еді. Патша ол патшалықты қойшыға берді. Жүніс пайғамбармен құлшылыққа кірісті. Жаратушы Алла Жүністің әйелі мен екі ұлын тірілтіп, Жүніспен қауыштырды. Жүніс кеткен кезде қауымы иман келтірді. Алла Тағаланың атын аяттарға жазды. Қолын көтеріп жалынып, олардан азап қайтты.

Ей, Жалғыз Аллаға сенген мұсылман, иман келтірген сенен сүйінші болсын. Алла Тағала құдірет қаламымен көңіліне «*Уләикә кәтәбә фи қулубиһим әл-имәнә*» («Олар сондай адамдар, олардың жүрегіне Алла Тағала иман нұрын жазып қойған») деп жазған.

ІЛИЯС ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Әрмәлә бинту Афлатун мин Ғуш (Оған лағынет болсын) ол, «*Уә иннә Илийәсә ләмин әл-мурсәлин*» («*Және, әрине, Илияс Біздің жіберген пайғамбарларымыздан*») шапанын киген ол, Қызырмен жолдас болып тау, теңізді кезген ол, Жаратушыға құлшылық етуді қалап ұзақ (өмір) болған, дұғасы қабыл болып қияметке дейін тірі қалған – ИЛИЯС ПАЙҒАМБАР (ғ.с.).

Өлең:

Тыңдағын Илияс пайғамбар сөздерін, ей, бауырым,
Айтайын мен, сен тыңда немесе есітейін мен, сен оқы.
Халыққа өте мейірімді еді белгілі нәби,
Жаратушыға артық берілген діндар еді тақуалы.
Халыққа иман келтіріндер (деп), көп насихат айтты ойла,
Ол насихатты алмастан қинады көрген тісі азулы.
Әзірейіл жанын аларда жылады құлшылық үшін,
Хақ бағыштады, оған жан болды жас ұзындығы.
Елші еді Жаратушыға ол мәңгі жасап жүрер,
Тау, теңізде серуендер, тірі тұрар ол да тағы.

(Деректерде) Бәни Исраилда бір патша болды. Оның аты Ажаб ибн Амр еді дейді. Шам аймағында Бағлабакка атты қалада бұл Ажабтың Армала бинт Афлатун ибн Ғуш есімді әйелі бар еді. Ажаб берілген еді. Патшалықты Армалаға берген болатын. Бұл Армала пұтқа табынатын. Ол пұттың аты Бағл еді. Осы Армала үш жүз жетпіс пайғамбарды өлтірді. Жетпісі пайғамбар, үш жүзі елші еді. Аймақта екі мұсылман қалды – біреуінің есімі Илияс, екіншісі әл-Ясағ. Бұл патшаның тірі кезінде бір діндар бар болатын. Аты Мардаки. Армала оны өлтірген еді. Күйеуі Ажаб: «Мына адамды азаптама. Оны өлтірмесең, аман қаласың», – деді. Бір күні Мардаки Армалаға кіріп: «Ей, пасық қатын, «*Лә иләһә иллаллаһ*» («*Алладан басқа тәңір жоқ*») деп айт», – деді. Армала әмір беріп, оны өлтіртті. Бұл хабар (күйеуі) ибн Амраға жетті. (Ол): «Ей, Армала, оны өлтіріпсің, енді пәлеге дайын тұр», – деді. Алла Тағала Илияс есімді адамға уахи жіберіп, пайғамбарлық берді. Оның екінші аты Юшан еді. Жебірейіл келіп: «Ей, Юшан, Жаратушы саған сәлем жіберді және құлым Ажаб пен күнім Армалаға барып айтсын, «*Лә иләһә иллаллаһу Илийәсу расулуллаһи*» («*Алладан басқа тәңір жоқ, Илияс Алланың елшісі*») десін деп жатыр», – деді.

Илияс: «Тәңірім, мені кімге жіберіп тұрсың, одан өткен жауыз жоқ», – деді.

Жебірейіл келіп: «Хақ Тағала: «Мен оны жараттым. Сен маған мойынсұн» деп жатыр», – деді.

Илияс: «Тәңірім, (ол) үш жүз жетпіс пайғамбарды өлтірді. Менен әлсіз ешкім жоқ», – деді.

«Ей, Илияс, менің іліміммен салыстырып тұрсың ба? Салыстыруды жаратқан менмін» деген жарлық келді.

Илияс: «Тәңірім, менің ажалым жетпіс болса да айтайын, бұл кәпірден өте қорқамын», – деді.

«Ей, Юшан, халық пәлесі менің құдіретімде» деген жарлық келді.

Илияс: «Маған әскер бер», – деді.

«Жер бетіндегі арыстандардың бәрін саған бағындырдым» деген жарлық келді.

«Тәңірім, арыстандар қалай тыңдайды?» – деді.

«Саған керек болған кезде оларды шақыр, бәрі келеді» деген жарлық келді.

Илияс: «Тәңірім, тағы бер», – деді.

«Жеті теңізді саған бағындырдым» деген жарлық келді.

Илияс таудан түсті. Бұдан бұрын таудан түсіп, мойын сүйегі және оң қолы сынған болатын. (Сондықтан) қара малға мінбейтін. (Ол): «Тәңірім, «*Сәббили шәйттан әркәбуһу*», (яғни) «Маған мінетін көлік бер», – деді. Алла Тағала құлан жіберді. Илияс оған мініп, патша сарайына келді. Қақпашы Илиясты көріп, оны қайыршы деп ойлады. Сарайға кіріп, бір нан мен бір ақша

шығарды. Илиясқа берді. Илияс алып сарайға кірмекші болды. Бір құл шығып, Илиястың қолынан ұстап, алысқа апарып тастады. Ол құл кеткен кезде, Илияс қайта келді. Қақпашы ашуланды. Қанша қуса да, кетпеді. Жаңағы құл неге кетпейсің деп қалағанынша ұрды. Айқай-шу көтерілді.

Ханшайым: «Бұл не қылған айқай-шу?» – деді.

«Ей, Ханшайым, бір қайыршы келіпті, сарайға кіремін деп жатыр», – деді. Күзетші шығып, Илиясты сарайға кіргізді. Ханшайым Илиясты көрген кезде, түсі сарғайып, қорқып кетіп: «Ей, күзетші, қандай жаман адам алып келдің? Кімсің?» – дегенде

Илияс: «Адаммын», – деді.

«Қайдан келдің, не үшін келдің?» – дегенде,

Илияс: «Ата белінен, ана мейірімінен келдім», – деді.

Армала: «Өзің келдің бе әлде біреу жіберді ме?» – деді.

Илияс: «Ей, пасық қатын, сен үшін менен өткен дұшпан жоқ. Жүзіңді көруге төзімім жоқ, алайда мені Жаратушы жіберді, (сол үшін) келдім», – деді.

«Жаратушың кім?» – деді.

«Алла», – деді.

Армала: «Қай Алланы айтып тұрсың?» – деді.

«Мені, сені және барша халықты жаратқан Алланы айтып тұрмын», – деді.

«Не деп жіберді?» – деді.

«Лә иләһә иллаллаһу уә иннә Илийәсу расулуллаһи» («Алладан басқа тәңір жоқ, және, әрине, Илияс Алланың елшісі») деп айт», – деді.

Армала: «Сен анау Жалил тауда тұрған Илияссың ба?» – деді.

«Ия», – деді.

Армала: «Мен сен айтқан сөздерді айтқаны үшін үш жүз жетпіс пайғамбарды өлтірдім. Бәрінің басы сенсің. Мен сені өлді деп есептеймін. Енді сен өз аяғыңмен өлімге келдің», – деді.

(Армаланың) Яхнун есімді уәзірі бар еді. Ол жасырын мұсылман болып еді. Соған қарап: «Мынаны шығарып, басын кесіп ал», – деді. Яхнун Илиястың қолын байлап, шаһардан шығарып: «Ей, Расулулла, бұл Армала үш жүз жетпіс пайғамбарды өлтірді. Маған ешқайсысын өлтір демеді. Бүгін сені өлтіруді әмір етті. Мен сені қинамаймын», – деп Илиястың аяғына жығылды да, «Бұл жерден кет. Мына малғұн сені өлтірмесін», – деді.

«Ей, Юшан, барып пендеме айт. Алла бір, сен Менің пайғамбарым» дегенді айтсын», – деді.

Илияс барып: «Ей, пасық қатын, *«Лә иләһә иллаллаһу уә иннә Илийәсу расулуллаһи» («Алладан басқа тәңір жоқ және, әрине, Илияс Алланың елшісі»)* деп айт», – деді.

Армала: «Сенің Тәңірің маған соншалықты қиыншылық жіберді, мен оған сыйынбаймын. Маған не қаласа, соны жасасын», – деді.

Илияс: «Ей, пасық қатын, *«Лә иләһә иллаллаһу уә иннә Илийәсу расулуллаһи» («Алладан басқа тәңір жоқ және, әрине, Илияс Алланың елшісі»)* деп айт», – деді.

Армала басқа жауап бермеді. Илияс оның қауымына: «Сендер Бағлға табынамын деп, *«Әхсән ул-халиқинді» («Жақсы Жаратушыны...»)* ұмыттыңдар. *«Ә тәд’унә бә’лән уә тәзәрунә әхсәнә әл-халиқин» («Жақсы Жаратушыны қойып, Бағл деген пұтқа табынасыңдар ма?»)*, – деді.

Олар: «Біз Бағлды білеміз, біздің одан басқа тәңіріміз жоқ», – деді.

Илияс: «Тәңірлерің Алла. Аталарыңның Тәңірі де Алла», – деді. *«Аллаһә раббә әбәикум әл-әууәлин» («Өткен ата-бабаларыңның Жаратушысы – Алла»)*.

Армала: «Ей, Илияс, өз Тәңіріңді мақтап, біздің тәңірімізді даттап жатырсың. Енді Тәңіріңе айт, соғысайық. Ол бізді жеңсе, құтылады», – деді.

Илияс: «Ей, Раббым, бұлардан бізді құтқар», – деді.

Жебірейіл келіп: «Ей, Илияс, Жаратушы Алла, Мен сабырлымын, ұйықтамаймын. Құлыма айт, қай күні соғысуды қалайды деп жатыр», – деді.

Армала: «Ертең қалаймын», – деді.

Ертесіне Армала жеті топ әскер шығарды. Әр тобында жүз мың адам. Үш иғаш жерге бір сап түзеді.

Жебірейіл: «Ей, Ілияс, құлшылық үйінен шық, Армаланың әскерін қара», – деді.

Ілияс: «Менің әскерім қайда?» – деді.

«Арыстандарды шақыр» деген жарлық келді. Желге жарлық болып, Ілиястың дауысы Шығыстан Батысқа дейін есітілді. Көзді ашып-жұмғанша күн шығыстан күн батысқа дейінгі арыстанның бәрі жиналып, Ілиястың оң қолына келіп тұрды.

Жебірейіл: «Және керек пе?» – деді.

Ілияс: «Ей, халайық, Алла Тағалаға иман келтіріндер», – деді.

(Олар): «Ей, Ілияс, бізді мына сөзден қорқады деп тұрсың ба?» – деді.

Ілияс: «Жаратушы біздің арамызда үкім шығарғанша шыдай тұрыңдар. (Ол) барлық төрешілерден артық», – деді. *«Уәсбир хәттә йәхқумаллаһу уә һуә хәйру әл-хәкәмин» («Алла бір үкім шығарғанша сабыр сақта. Алла Тағала үкім шығарушылардың ең жақсысы»).* Және: *«Тәңірім, мені мына залымдардан құтқар»,* – деді. *«Уә нәжжсини мин әл-қауми әз-залимин» («Және мені мына залым қауымнан құтқар»).*

Жебірейіл келіп: «Ей, Ілияс, өлім қалайсың ба?» – деді.

(Ілияс): «Қаламаймын», – деді.

Жаратушы Алла құдіретімен Ілиясты Батысқа алып барды. Содан кейін сап түзеді. Арыстандар атылды. Әрбір адамға он арыстан жабылды. Көзді ашып-жұмғанша жеті жүз мың әскерден бірде-бірі қалмады. Ілияс мінген арыстан Ажаб ибн Амрдың аяғын ұстады. Бір ұрғашы арыстан келіп, Армаланың киімінен тістеп, сүйрей бастады. Өліктер арасында бөлшектеп тастады. Кеш болған кезде Алла Тағала от жіберді. Ол шаһар халқын өртеді. (Тек) екі үй қалды: бірі – Яхнун үйі, екіншісі – әл-Ясағ үйі. Одан басқасының бәрі өртенді.

ҚЫЗЫР МЕН ІЛИЯС (Ғ.С.) ТУРАЛЫ

«Қызырдың» мағынасы жасыл деген сөз. Қызыр (ғ.с.) қай тасқа отырса, сол тас көгеретін. Сол себепті де Қызыр аталды. (Кейбіреулер) қай тасқа отырса, көгеретін еді дейді. Енді біреулер Қызыр пайғамбар, дейді. Келесі біреулер пайғамбар емес, ізгі, ізгілік жасаушы еді дейді.

(Қызыр) Бәни Исраилда ер жетті. Мәңгі суын ішіп, тірі қалды. Алайда Ілияс елші пайғамбар болатын. *«Уә иннә Илийәсә ләмин әл-мурсалин» («Және, әрине, Ілияс Біздің жіберілген пайғамбарларымыздан»).* (Деректерде) (оның) көптеген жылдар бойына құлшылық жасағаны айтылады.

Әзірейіл (Ілиястың) жанын алғалы келген кезде қатты өкіріп жылады. Әзірейіл: «Ей, Ілияс, Жаратушы құзыретіне баруға жылап жатырсың ба?» – деді.

Ілияс: «Құлшылықтан мақұрым қаламын, басқалар құлшылық ететін болды деп жылап жатырмын», – деді.

Жебірейіл келіп: «Ілияс шын сөйлеп тұр. Жаны үшін жылап тұрған жоқ, құлшылық үшін жылауда. Сен, Әзірейіл, қайт, Біз оған ұзақ өмір сыйладық» деген жарлық жеткізді. Сол себепті (мәңгі) тірі қалып еді.

(Деректерде) ілімі терең болғаны үшін, аты әл-Ясағ аталды делінеді. Кейбіреулер Қызырмен бірге мәңгі суын ішті, (енді) қияметке дейін өлмейді деді.

Қызыр дарияларда жүреді. (Ал) Ілияс шөл далаларда жолдан азғандарға (тура) жол сілтейді. Жұмысы мынау: Түн болса, Йәжүж-Мәжүж жеріне барады. Жеп-ішері «жағди» деген көк шөп. Оларды Жаратушы Алла пұтқа табынған қауымға жіберіп, Исламға шақырыңдар деді. Қызыр, Ілияс екеуі пұтқа табынғандарға келіп: «Пұтқа табынбаңдар, шарап ішпендер», – деді. Сол халық бұл екеуін патшаларына алып барды.

Патша: «Мұғжизаларың бар ма?» – деді.

(Олар): «Сен қандай мұғжиза сұрап тұрсың?» – деді.

Патша: «Менің қызымның өлгеніне бірнеше жыл болды. Соны тірілтсеңдер, иман келтірейін», – деді.

Тәңірдің жарлығымен қызы тірілді. Сұрап еді, қызы: «Рас айтып тұр. Пұтқа табынбандар, Жалғыз Аллаға сыйыныңдар. Сені Тәңір жаратты, саған патшалық берді. Қауымыңа айт, иман келтірсін», – деді.

Патша: «Асықпа, ойланайын», – деді.

Қызы: «Ей, малғұн, не деп ойланасың? Бірнеше жыл бұрын өлген келіп ақыреттен хабар беріп тұр. Және қандай сөзің бар?» – деп әкесінен бет бұрды да: «Тәңірім, жанымды ал. Баяғы жағдайымды қалаймын», – деді. Жаратушы Алла қызының жанын алды. Әкесі иман келтірмеген кезде, Қызыр мен Ілияс пәлекет дұғасын жасады. «Орындалады» деген жарлық келді. Олар бұлтқа «Жаума!» – деді. Сегіз жыл жауын жаумады. Қажыды. Патша пайғамбармыз дегендерді шақырып: «Бізге неге жауын жаумай тұрғанын білесіңдер ме?» – деді.

(Олар): «Білеміз, пұттар алдында күнә жасадыңдар. Сендерге ашуланып, жауын бермеді», – деді.

Патша: «Не істейміз?» – деді.

(Олар): «Түйелерді құрбандыққа шалсаңдар, пұттар сендерге разы болады», – деді. Солай жасап еді, жауын жаумады.

(Олар): «Пұттарды жайлауға шығарыңдар, ақ киім киіндіріңдер, арақ ішіңдер, пұтқа сәжде жасандар, жалынып-жалбарыныңдар. Сонда разы болып, жауын береді», – деді. Одан бетер құрғақшылық болды. Тәңірге иман келтірмегені үшін жауын жаумады.

Қызыр мен Ілияс тауға шықты. Құлшылық жасады. Күнде жұмақтан тамақ келетін. Патша жүз қарт адамды Қызыр мен Ілиясқа жіберіп: «Кешірім сұрап, елге алып келіңдер», – деді. Олар барған кезде Қызыр мен Ілияс: «Шарасыздан бізге келіп тұрсыңдар», – деді. Пәлекет дұғасын сұрады. Жаратушы Алла бәрін опат етті. Патша және он әйелді жіберді. Тауға жақын барды. Біреуі: «Сендер мұнда тұрыңдар, мен жалғыз барайын. Кешірім сұрайын. Қабылдаса, алып келейін. Қабалдамаса, сендер де опат болмаңдар», – деді. Жалғыз барды. Қызыр мен Ілиястың дұғасымен ол да опат болды. Басқалары қайтып кетті. Және: «Келіңдер, Жаратушыға қайтайық», – деп Жаратушы Алланы мойындады. Жаратушы Алла жауын берді. Астық екті. Құрғақшылықтан құтылды. Қызыр мен Ілияс су ішетін арықтың суы тартылды. Жұмақтан тамақ келмейтін болды. Амал таба алмастан, елге қайта оралды. Бір кемпірдің үйіне барды. Тамақ сұрады. Кемпір: «Жеті күннен бері патша үйінде жейтін тамақ таба алмай отыр», – деп, азырақ тамақ алып шығып берді. Су тиіп, иістеніпті. Қызыр мен Ілияс қолдарына алып, үрледі. Ақ болды. Оны қамыр жасап, тандырға салды.

Кемпір: «Қорқамын», – деді.

(Ол екеуі): «Неден қорқасың?» – деді.

Кемпір: «Түтін шықса, ел жиылып, бәрін жейді», – деді.

(Ол екеуі): «Қорықпа», – деді.

Кемпір нан пісірді. Халық түгінді көріп келді. Патшаға хабар жеткізді. Патша адам жіберді. Есігін жауып, патша кемпірдің үйіне келді. Қызыр мен Ілиястың сөзін кемпірден есітті. Әскермен Қызыр мен Ілиясты іздеп барды. Намаз оқып жатқанын көрді. Аяқтарына жығылып, кешірім сұрап, иман келтірді. Құрметтеп елге кіргізді. «*Уаллаһу ә'ләм*» («Алла біледі»).

ЖИРЖИС ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Ол – дүние сөзін қойған, Жаратушы жарлығына мойынсұнған, саудамен халал мал жиған, ол малды пақырларға садақа қылған, Жаратушы разылығы үшін қиындық көрген, түрлі қиындықтармен жеті рет өліп, алты рет тірілген – ЖИРЖИС (ғ.с.).

Өлең:

Жиржис атты бір саудагер ізгі мұсылман еді ол,
Шам патшасын көргелі көп малмен келді ол.
Афгун атты пұтқа табынар кәпір еді пұтханадан,
Бермеді малын оған, кедей, кепшікке берді ол.
Жебірейіл еніп пайғамбарлық жеткізді Жаратушыдан,
Хаққа қайт деп тез патшаға кірді, барды ол.
Қинап өлтірді оны және келді тіріліп,
Еш пайғамбар көрмеген қатты азабын көрді ол.
Жеті рет жеті түрлі қиын азапта өліп,
Алты рет тіріліп, жетіншіде жол көрсетті ол.

Уахб ибн Мунаббих әл-Ямани риуаят етеді: Шам аймағында Дадбана кәпір патша бар еді. Пұтқа табынатын. Алтынмен апталған Артмиш атты пұты бар еді. Ақ тастан ойылып, гауһарлармен безендірілген тағы бір пұт жасады. Аты Афгун еді. Бұл барша пұттардың үлкені болатын. Дадбана пұттарды қатты жақсы көретін. Және Палестина аймағында Жиржис есімді діндар мұсылман бар еді. Күні-түн құлшылық жасап, саудамен айналысатын. Дадбана патшаның атын есітіп, онымен достасайын деп, көп тарту-таралғылар алып, Палестинадан Шамға жиырма күн дегенде келді. «Патшаның иман-сенімі қалай?» – деп сұрады. «Пұтқа табынатын кәпір», – деді. Осы сөзге налып, (еліне) қайтпақшы болды. Алып келген мал-дүниелерін дәруіштерге садақа етіп таратып, Палестинаға қайтып кетті. Патшаға: «Бір саудагер саған сыйлық алып келді. Бірнеше күн сені сұрады. Саған алып келген сыйлықтарын дәруіштерге садақа етіп таратып, кетіп қалды», – деді. Патша ашуланып, адам жіберіп, алып келдірді.

Патша: «Менің еліме кіріп, мені көрместен неге қайтып кеттің? Шыныңды айт, айтпасаң, қатты азаптап өлтіремін», – деді.

Жиржис: «Расымды айтсам, мен палестиналық саудагер құлмын. Сен де Тәңірге құлсың. Сенімен достасайын деп, сен үшін сыйлықтар алып келдім. Пұтқа табынатыныңды мұнда келіп есіттім. Малым кәпірлерге болмасын деп, кедей-кепшік мұсылмандарға бердім», – деді.

Патша: «Тәңірім Афгун хақы, сені қинап өлтірейін, барша әлем ғибрат алсын. Кел, Афгунға сәжде жаса, босатайын. Сенің Тәңірің бар болса, неге бүгінге дейін пайғамбар жібермеді?», – деді.

Жиржис: «Ей, кәпір, көптеген пайғамбарлар жіберді. Алла Тағаладан жарлық келді. Кім қабылдаса, қатты азаптан құтылды, кім қабылдамаса, пәлеге ұшырап, опат болды. Нұх, Ибрахим, Мұса пайғамбарлар көптеген пұттарды қиратты, Намрут, Шаддад, Ферғауын секілді сансыз кәпірлерді опат етті. Ей, кәпір, қорық. Тәңір құлдарына қарсы келме. Мұсылман бол, мына пұттарды сындыр. Бұлардан пайда жоқ, зияны бар», – деді.

Дадбана патша: «Мен Нұх, Ибрахим, Мұсаны білмеймін», – деді де, сақшыларын шақырды. Жиржисты ұстап, киімін шешті де, аяқ-қолын байлап, асып қойды. Алды-артынан соқты. «Бұл сөзден қайт, Афгунға сәжде жаса», – деді. Әр ұрған сайын: «*لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ مُحَمَّدٌ رَسُوْلُهُ*» («Алладан басқа тәңір жоқ, Ол жалғыз және оның серігі жоқ») дейтін еді. Таңертеңнен түске дейін екі адам ұрса, түстен кейін тағы екеуі келіп ұратын. «Өл», – деді. Өлмеді.

Дадбана ашуланып: «Ей, Жиржис, сөзіңнен қайт. Афгунға сәжде жаса», – деді.

Жиржис: «Ей, малғұн, Тәңірден қорық, мұсылман бол. Тамұқтан құтылып, жұмаққа кір, пұттарды сындыр», – деді.

Дадбана: «Жиырма темір қазық қағындар, темір соқа мен темір тарақпен етін сылындар», – деді. Қорғасын қайнатып, аузына құйып, бауыздап өлтірді. Ел арасына ұзын ағашқа асып тастады. Дадбана басқа патшаларды шақырып, «көңілім орнына түсті» деп арақ ішіп, ойын-сауыққа кірісіп кетті.

Жаратушының күдіретімен бір дауыс келді. Қорыққандарынан жұрттың бәрі естерінен танды. Зілзала болды. Ағашта (асулы тұрған) Жиржис тірілді. Сол сәтте Жиржис жетіп келіп: «Ей, малғұн, *«Лә иләһә иллаллаһу Жиржисун расулуллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, Жиржис Алланың елшісі») деп айт», – деді. Патша аң-таң қалып: «Мен сені қинап өлтіріп едім, сен сиқыршылықпен қайта тіріліпсің», – деді. Және ұстап ұрды. Содан кейін зынданға тастап, бір үлкен таспен есігін жауып тастады. Жаратушы Алла Жебірейілге айтып, Жиржисқа пайғамбарлық берді де: «Жұмақта жақұт, зәбәржадтан сен үшін үй салғызды. Және жеті жыл осындай машақатқа сабыр ет. Одан кейін рахатқа кенелесің. Мына кәпірлер сені жеті рет өлтіреді. Әр өлтірген сайын, Жаратушы Алла қайта тірілтеді. Қиямет (Алла олардың) күні жазасын береді» (деген жарлық жіберді).

Ертесіне патша барша сиқыршыларды жиып, шапан кигізді. Үлкендеріне (қарап): «Палестиналық бір сиқыршыны ұстап өлтіріп едік, қайта өзін тірілтті. Сендер де солай өлікті тірілтсеңдер, жарты мал-дүниемді беремін», – деді. Сиқыршылар: «Ей, патша, саған одан да кереметін көрсетейік», – деп, бір сиырды әкелдірді. Ортасынан шаптырып, жартысын алып ішінен ұрып, екі сиыр шығарды. Тағы бір жартысына ұрып еді, ол да екі сиыр болды. Патша мұны көріп аң-таң қалды. (Сиқыршылар) патшаға: «Ей, патша, Жиржисты бізге алып кел, мен оны тамызық қылайын», – деді. Жиржисты зынданнан шығарып алып келді. Сиқыршылар Жиржисқа: «Сиқыршылықтан не білесің? Мен саған күшті сиқырлар көрсетейін», – деп сиқыршылардың үлкені екі мұрындық әкелдірді. Сол төрт сиырдың мойнына салды. Патшаның сарайына кіріп, ұрық шашты. Сол сәтте-ақ өсіп, пісті. Патша піскенінен жеді де, Жиржисқа (қарап): «Біздің сиқыршыларымыз осы. Енді сенің сиқыршылығыңды көрейік. Сен шеберсің бе әлде біз бе?» – деді.

Жиржис: «Мен сиқыршылықты білмеймін. Тәңірдің бір байғұс құлымын», – деді.

(Олар): «Қай Тәңірге?» – деді.

(Жиржис): «Барша әлемге несібе беріп, бәрін өлтіретін Тәңірге. Және қиямет күні бәрін тірілтеді. Ол – ауруға шипа берген, жер мен көкті жаратқан, құрметтеген, қорлаған», – деді.

Патша: «Сені және бір сынайын. Бір жұтым арақ берейін, ішіп, өлмесең, тәубе етіп, иман келтірейін», – деді.

Жиржис: «Әкел, ішейін», – деді.

Алып келді. Көп у салды. Афгун атын айтып оған берді. Жиржис: *«Бисмилләһир рахмәнир рахим»* («Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен») деп ішті де: *«Әлхәмду лилләһ»* («Аллаға шүкір»), шөлдеп тұр едім, қандым», – деді. Ана сиқыршылар көріп күліп: «Ей, патша, мына ыдыстағы арақты мына тұрған бәріне бергенінде, бірде-бірі тірі қалмайтын еді», – деді.

Патша: «Және бір ыдыс берейін. Ішіп, өлмесе, өте тамаша болады», – деді. Бір тостаған араққа у салып, Жиржисқа берді. (Ол) алып: *«Бисмилләһир рахмәнир рахим»* («Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен») деп ішті де «Шөлдеп тұр едім, қандым», – деді. Сиқыршылар: «Мына уды шамдықтарға берсең, бірде-бірі тірі қалмайтын еді. Мынау мақұлықтың ісі емес. Барлықты жаратқан Жалғыз Алланың ісі, бір бәріміз Жиржистың Тәңіріне иман келтірдік. Афгуннан бездік», – деді. Сиқыршылар мұсылман болды. Патша қайғырып, жүзі сарғайды. Жиржис патшаға келіп: «Ей, малғұн, *«Лә иләһә иллаллаһу Жиржисун расулуллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, Жиржис Алланың елшісі») деп айт», – деді. Көп халық жылап: «Бірнеше рет өлтіріп едік, тірілді. У ішіп өлмеді. Бұл Жаратушының ісі. Енді сендік. Алла бір, Жиржис Оның пайғамбары», – деп иман келтірді. Патша әмір беріп, бәрін өлтірді. Алла Тағалаға аттанды. Бір бек патшамен отыр еді (сол): «Ей, Жиржис, Сенің Тәңірің Хақ болса, бір айғақ көрсет. Айғағы сол болсын, осы шаһардағы кесілген құрғақ ағаштарды, отындарды жемісті ағашқа айналдырса,

біз иман келтірейік», – деді. Жиржис намазға тұрды. Екі ракағат намаз оқып: «Тәңірім, бәрінің сырын сен білесің», – деді. Дұғасын аяқтамай тұрып, қырқылған ағаштар жапырақтап, жеміс салды. Ол патша: «Ей, Жиржис, шебер сиқыршы екенсің. Бұл ретте және өлтірейін, қалай тірілетініңді көрейін», – деп өткір пышақ алдыртты. Жиржистың басынан аяғына дейін бөліп, қақ жарды. Қазанға салып, қайнатты. (Сол кезде) зілзала тұрды. Микәйілге жарлық болып, қазанды төңкертті. «Тіріл», – деді. Жаратушы Алланың жарлығымен Жиржис тірілді. Патша қайғырды. Уәзірі: «Мен тілек сұрайын. Жылдам әкелмесе, бір құтылайық», – деді де: «Ей, Жиржис, мына елдің шетінде бір қабір бар. Онда он жеті адам жерленген. Егер оларды тірілтсең, біз иман келтірейік», – деді.

Жиржис: «Қабірді маған көрсет», – деді. Патшаның жақын адамымен бірге қабір басына келді. Жиржис екі ракағат намаз оқыды да: «Тәңірім, сырлар кені Сенсің, бәріне күшің жетеді», – деп дұға жасады. Дұғасын бітірмей тұрып, қабірлер жарылып, он жеті адам атып тұрды. Бес ер адам, үш бала және тоғыз әйел. Патша сол бес ер адамның біреуінен: «Атың кім?» – деп сұрады.

(Ол): «Бурқайыл», – деді. (Және) аталарының атын да айтып берді.

Уәзір: «Сіз өлгелі неше жыл болды?» – деді.

(Ол): «Мың жыл», – деді.

Патша: «Ол кезде сендер не нәрсеге табынатын едіңдер?» – деді.

(Ол): «Пұтқа табынатын едік. Өлгенімізден кейін Жаратушы Алла біздерді тамұққа тастап, көп азаптады. Көп өкіндік, пайда таппадық. Сендер де солай жасамандар. Өкінесіңдер, пайда бермейді», – деді. Бәрі: «*Лә иләһә иллаллаһу*» («Алладан басқа тәңір жоқ») деп, сол күні өлді. Жиржистың берекесінің арқасында иманмен аттанды. Уәзір: «Ей, патша, елу жылғы өлікті тірілтті. Мұндай сиқыршы болмайды», – деді. Патша екі сақшыға әмір беріп, (оны) байлатып, үш күн-түн ұрғызды. Еттерінің порша-поршасы шықты. Қабірістанға алып барып, ағашқа асты. Төрт жағынан қоршады. Жиржис: «*Лә иләһә иллаллаһу уәхдәһә лә шәрикә ләһу*» («Алладан басқа тәңір жоқ, Ол жалғыз және оның серігі жоқ») дейтін еді.

Сол түні өлген соң, түсірді. Тау басына қойды. Еті, терісі, сүйегінің бәрі майдаланды. Олар кеткен кезде Алла Тағала (Жиржисты) қайта тірілтті. «Құлыма айт, Мені бір десін, сені пайғамбарым десін» деген (Алладан) жарлық келді. Жиржис (патшаға) келіп: «*Лә иләһә иллаллаһу Жиржисун расулуллаһи*» («Алладан басқа тәңір жоқ, Жиржис Алланың елшісі») деп айт», – деді. Сол қауым Жиржисты көріп, аң-таң қалып, дереу иман келтіріп, «Пұттан бизар бодық», – деп патшаға келді де: «Сен не десең, соны орындадық. Жиржисты неше рет өлтірдік. Қайта тірілді. Мұндай құдірет Жалғыз Тәңірден басқада жоқ. Жиржис Хақ пайғамбар», – деп ақ көңілмен «*Лә иләһә иллаллаһу Жиржисун расулуллаһи*» («Алладан басқа тәңір жоқ, Жиржис Алланың елшісі») деп мойындады. Патша бұл сөзді есітіп, бәрін өлтірді. Олардың бәрі жұмаққа аттанды. Патша: «Мынаны ұстандар!» – деді. Елу адам ұстап, елден шығарды. Өлтірмекші болған кезде Жиржис: «Ей, Зулжәләли уәлиқрам («*Айбынды һәм құрметті*»), өз кеңшілігіңмен маған мейірім жаса. Мына кәпірді өз азабыңмен опат ет. Мені қайта тірілтпе», – деді. Тәңірдің құдіретімен көктен от түсті. Қала отқа оранды. Жаңағы елу адам Жиржисты ұра-ұра өлтірді. Өздерін тамұққа лайық қылды. Олардан жүз мың ер адам, отыз мың әйел кісі мұсылман болды. Өзгелері кәпірлікпен опат болды. «*Уаллаһу әл-һәди илә сәбили әр-рашади*» («Алла турашылдардың жолына салушы»).

ЛҰҚПАН (ОҒАН АЛЛАНЫҢ МЕЙІРІМІ БОЛСЫН) ҚИССАСЫ

Лұқпан Дәуіт пайғамбардың заманында еді. Ұзын тісті бір хабаши құл болатын. Ол мың бес жүз жыл жасады. (Деректерде) (оның) бір ұстаның құлы екендігі айтылады. Иесі бостандық берді. (Кейбіреулер) өзі ұста еді дейді. Жаратушы Алла күн сәске уақытта оған екі періштені жіберді.

(Олар): «Ей, Лұқпан, қаласаң саған пайғамбарлық берейік, қаласаң хикмет берейік», – деді.

Лұқпан: «Маған хикмет керек. Хикметтің мағынасы тура, тиянақты іс деген сөз», – деді.

(Олар): «Пайғамбарлық неге қаламадың?» – деді.

(Лұқпан): «Ауыр міндет», – деді.

Жаратушы Алла хикметпен сондай хикмет баяндады, барлық пайғамбарлар оған мұқтаж болды.

(Деректерде) бір күні отырып халыққа үгіт-насихат айтып отыр еді делінеді. Бәни Исраилдан біреу көп халық көрді. Оларға барды. Лұқпанның үгіт-насихат айтып жатқанын көрді. Артынан келіп, мойнын созып: «Лұқпан сенбісің?» – деді.

(Лұқпан): «Ия», – деді.

(Ол): «Бұл мақамға қалай жеттің?» – деді.

Лұқпан: «Тура сөздермен аманатты ұстадым, Хаққа ұнамайтынды қойдым, содан осы мақамға қол жеткіздім», – деді.

Хикаяда келеді: Бір күні қожасы Лұқпанды егін егуге жіберді. Лұқпан барып арпа екті.

Қожасы: «Бидай ек деген едім, неге арпа ектің?» – деді.

Лұқпан: «Арпа ексе, бидай шықпай ма?» – деді.

Қожасы: «Шықпайды», – деді.

Лұқпан: «Олай болса, сен де жамандық егіп, жақсылық күтпе», – деді.

Тағы бір хикаяда келеді: Лұқпан таныссыз, қолхатсыз қарыз беретін еді. Біреу келіп, қайтармау ниетімен мың алтын алды. Бара жатып жарағына отырды. Алтынды қызыл шүберекпен орап қойды. Аспандағы құс көріп, ет деп ойлап, алып кетті. Лұқпан үйінің тұсына келген кезде, алтынды тұмсығынан түсіріп алды. Лұқпан алтынын танып, үйіне кіргізіп қойды. Жаңағы адам келіп, жаңағы ниетпен және мың алтын алды. Судан өтіп бара жатып, алтынды суға түсіріп алды. Ол су ағып Лұқпанның үйіне баратын еді. Лұқпан көріп, судан алтынын танып алды. Жаңағы адам үшінші рет келіп, баяғы ниетпен және мың алтын алды. Оны да жоғалтты. Бір себеппен Лұқпанның қолына (қайта) түсті. Төртінші рет келіп, сауда жасайын деген ниетпен және мың алтын алды. Жаратушы Алла пайда берсе, төрт мың етіп, алтынды Лұқпанға қайтарайын деді. Көп пайда тапты. Төрт мың алтынды алып келіп, Лұқпанның алдына қойды. Лұқпан мың алтынды алып, басқаларын алмады. Ақиқат маған жетті деді.

ХИКАЯ: Лұқпанға қожасы: «Барып, бір қойды сой да, етінің ең жақсы жерін маған алып кел», – деді. Қойды бауыздап, тілі мен жүрегін алып келді.

Қожасы: «Неге бұл жерін алып келдің?» – деді.

(Лұқпан): «Қойда тіл мен жүректен жақсы жер жоқ. Жауыздықта тіл мен жүректен өткен жауыз жоқ», – деді.

Хикаяда былай келеді: Лұқпан баласына өсиет айтты. – Біріншісі – әйеліне ешқашан сырынды айтпа, (екінші) – жаңа байығаннан қарыз алма, (үшінші) – жендетпен дос болма, – деді. Лұқпан дүниеден өткен соң, баласы осы үш өсиетті сынайын деп, базарға барды. Бір қой сатып алды да, бауыздап қапқа салып, аузын байлап үйіне келді.

Әйелі: «Мынаның ішінде не бар?» – деді.

(Ол): «Біреуді өлтіріп, осыған салып алып келдім. Ешкімге айтушы болма, құрымайын», – деді. Және барып, жаңа байығаннан қарыз алды. Тағы жендетпен дос болды. Содан кейін әйелімен ұрысты. Әйелін ұрған кезде, әйелі: «Ей, мұсылмандар, күйеуім адам өлтіріп үйреніп қалған. (Енді) мені өлтірейін деп жүр», – деп жар салды. Сол сәтте бұл сөзді патшаға жеткізді.

Патша: «Ол адамды қашып кетпестен бұрын ұстап алып келіңдер», – деді.

(Сондағылар): «Кім алып келеді?» – деді.

Жендет досы: «Мен үйін білемін, барып алып келейін», – деді. Барып, ұстап келді. Келе жатып: «Ей, досым, мені жібер, қашып кетейін», – деді. Жібермеді. Және жаңа байыған адам келіп: «Ақымды бер, сен өлесің, ақым күйіп кетеді», – деді. Біреуден алып ақысын берді.

Жендет досы патшаға алып келді. Патшаның көзі Лұқпанға түсіп: «*Субханаллаһи*» («*Алла пәк*»), ей, хәкімнің ұлы, бұл іс саған лайық емес еді», – деді.

Лұқпанның ұлы: «Ей, патша, тыңда, жасың ұзақ болсын. Біреу барып мен өлтіргенді алып келсін», – деді. Барды. Аузы байлаулы қапты алып келді. Патшаның алдында аузын ашты. Сойылған бір қой шықты. Патша: «Бұл не жағдай, маған айтып бер», – деді. Ол болған оқиғаны айтып берді де: «Әкем маған үш насихат айтып еді. Соны сынайын деп осы істі істедім. Әкемнің сөзі дұрыс шықты», – деді.

ХИКАЯ: Лұқпанның тұсындағы сұлтан ашуланып, Лұқпанды ұлымен бірге құдыққа тастады. Халық қайда екенін білмесін деп, үстіне астық ектірді. Лұқпан ол құдыққа түсерде (өзімен бірге) қырық батпан кепкен жүзім (мейіз) алып кірген еді. Бірнеше жылдар сонда қалды. Ол сұлтан өлген соң, орнына басқа сұлтан отырды. Бірнеше жылдар сұлтандық етті. Бір қарт кісі сұлтанға (келіп): «Сенен бұрынғы сұлтан Лұқпан хәкімді ұлымен бірге жерге тірідей көмген болатын. Олай қиналып өлсе, ессіздік емес пе?!» – деді. Сұлтан: «Ол хәкім болатын, бір шарасын тауып, тірі жатқан болар», – деп, барлық халықпен бірге іздеп, баяғы құдықтың аузын ашты. Шырақпен ұзын арқан байлап біреуді түсірді. Ол іздеді, таба алмады. Және ақыл тоқтатқан біреуді түсірді. Ол біраз жерге барып, «Мені тартыңдар», – деді. Оны шығарды. (Ол): «Құдықтың жарты жерінде бір терең үңгір бар. Соның ішінде бір ер адам жалаңаш жатыр», – деді. Бірнеше хәкім, даналар кіріп, үңгірдің аузы тұсына ағаштар қойды. Адам тұратындай жер жасады. Содан кейін жарық түсіріп еді, қол тисе жұлынып кететіндей болып, ет, терісі жабысқан Лұқпанды көрді. Амалдап жоғары шығармақшы болып, ағаштардың үстіне орын дайындады. Ол орынға жаңа мақта төсеп, жұмсақ жай жасады. Үңгірдің аузын ұстап, астын қазып, Лұқпанға жақын келгенде жаңағы мақталы орынды Лұқпанның астына қоя бастады. Қол тигізбестен, ақырындап дайындаған орынға салғандай болды. «Сыртқа шығарсақ, күннің ыстығынан өліп кетер» деп, құдық ішінде үш күн ұстады. Үш күннен кейін жоғары шығарды. Және үш күн ұстады, демі аузынан шыға бастады. Бесінші күні сары майды домалақ етіп аузына азғантай салды. Күніне (осылай) үш рет жасады. Үш күннен кейін терісі түзелді. Көзін ашты. Содан кейін шығарып сарайға алып келді. Және үш күннен кейін сөйледі. Сұрап еді, (ол): «Екі жас қызды алып келіңдер. Менің оным мен сол жағымды құшақтап жатсын», – деді. Солай жасады. Бір айдан кейін тұрып отырды.

Сұлтан: «Сен тірілдің бе? Мына қыздар сені құшақтап жатқаныңда не пайда болды?» – деді.

Лұқпан: «Оның бәрін айтып отыруға күш-қуатым жоқ. Егер білу керек болса, бір жас қызды сұраған қарияны алып келіңдер. Және бір күшті кемпірді сұраған жігітті алып келіңдер. Екеуін де өлтіріп, сүйектерін сындырып, қолдарына қараңдар, түсінесіңдер», – деді.

Солай жасап еді, кемпірді сұраған жігіттің қолы судай болыпты да, жас қызды сұраған жігіттің (қарияның) сүйегі толық май екенін көрді. Соны көріп, кемпір мен қыздың айырмашылығын білді.

ҒҰЗАЙЫР ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

(Деректерде) Қызыр, Зұлқарнайын және Зулкәфіл секілді Ғұзайырдың пайғамбарлығында да талас бар делінеді.

Ғұзайыр Шархаяның ұлы еді. (Кейбіреулер) Хасур атты жерде Бәни Исраилдықтар он үш пайғамбарды өлтірді дейді. Жаратушы Алла оларға жеңіс берді. Бәрін найза, қылышпен түйреді. Жас нәрестелерді бесіктен шығарып, ортасынан шапты. Әйелдерін тұтқын етіп, малдарын алып кетті. Ғұзайыр солардың арасында болатын. Тәуратты оқитын. Бухтнасыр Бәни Исраилдан бір қыз алды.

Ол қыз: «Сенен бір тілегім бар», – деді.

(Ол): «Бәни Исраилдан ешкімді де өлтірме, босатып жібер», – деді. Елге қайтты, Ғұзайыр сол елден шықты. Ол ел оны Шабирабад дейтін. Басқа елге баратын болды. Осы екі кенттің арасында Уатр Хауқал жетпіс ер адамды өлтірткен еді. Ешкім жоқ еді. Сол кентке түсті. Есекті ағашқа байлады. Тағы (біреулер) Бәйт ул-Мұқаддас еді дейді. «*Әу кәлләзи мәрра 'әлә қарйәтин уә һиә хауийәтун 'әлә 'урушиһә*» («Немесе сол затқа ұқсайды, ол қабырғалары құлап жатқан қыстақ алдынан өтіп бары жатып...»). Ғұзайырдың қасында азғантай жүзім суы бар еді. Сол күнде Ғұзайыр қырық жастағы қара сақалды болатын. Намаз оқыды. Бұрынғы елдің өліктерін көріп: «Тәңір бұларды өлгеннен кейін қалай тірілтеді екен», – деді. «*Әннә йухи һәзиһилләһу бә'дә мәутиһә*» («Бұлар өлгеннен кейін Алла қалайша тірілтеді екен?»). Жаратушы Алла тірілту құдіретін Ғұзайырға көрсету үшін оның (Ғұзайырдың) жанын алды. Жүз жыл өткен соң, қайта тірілтті. «*Фә әмәтәһуллаһу миәтә әмин суммә бә'әсәһу*» («Сол кезде Алла оның жанын алып, жүз жыл жансыз қалдырды, содан кейін тірілтті»).

(Кейбіреулер) ол өлім оған ажал өлімі емес, ауру өлімі еді дейді. Ажал өлімі болғанда еді, ақыреттен хабар білетін еді. Еш хабар болмады. «Ей, Ғұзайыр, мұнда жатқаныңа қанша (уақыт) болды?» – деді. «*Қалә кәм ләбистә*» («Алла): «Қанша уақыт жаттың?» – деді»).

(Ғұзайыр): «Бір күн болды», – деді. «*Ләбисту йәумән*» («Мен бір күн жаттым»). Сол үшін ұйқы өлшемі бір күн. Және күнге қарады, көлеңке қайтқан екен. «Бірнеше уақыттан бері жатырмын», – деді. «*Әу бә'зә йәумин*» («Немесе күннің жарты бөлімінде»).

«Жүз жылдан бері жатырсың. Жейтін азығыңа қара» деген (Алланың) дауысы келді. «*Қалә бәл ләбистә миәтә әмин*» («Алла): «Жүз жыл жатқан боларсың», – деді»). Азығы әнжір мен жүзімнің шырыны еді. Аз күнде әнжір мен жүзімнің суы бұзылады. Сенің азығың бұзылмады. «*Фәнзур илә тә'әмикә уә шәрабикә ләм йәтәсәннә*» («Тамағың мен суыңа қара, ол еш өзгерменгі»). «Есекке қара», – деп жарылқады. «*Уәнзур илә химәрикә*» («Есегіңе де қара»). Есекке қарады. Өліп қалыпты. Сүйектері ағарып кетіпті. Жаратушы Алла: «Сені баршаларға белгі қылды», – деді. «*Уә линәж'әләкә әйәтән лин-нәси*» («...біз сені адамдарға үлгі һәм гибрат етіп көрсетейік»).

Хасан Басри (Оған Алланың мейірімі болсын) дың айтуынша, бұл сүйек Ғұзайырдың сүйектері еді. Әуелі көзін жаратты, содан кейін (басқа) мүшелерін. Себебі тірілткенін өз көзімен көрсін деді.

Абдулла ибн Аббастың айтуынша, есектің сүйегі еді. Жаратушы Алла желге айтты. Әлемді кезді. Ет-терісі мен сүйегі қайда болса, жиып, теріп алып келді. Баршасын орнына қойды. Бір түгі ауыспады. Есек тұрып, бір ақырды. Ғұзайыр оны көріп, Алла Тағалаға сәжде жасады. Ғұзайыр жаратушы Алланың барлық нәрсеге күші жететінін білді. «*Ә'ләму әнналлаһа 'әлә кулли шәйин қадирун*» («Мен Алланың барлық іске күші жететінін білемін»). Содан кейін Ғұзайыр есекке мініп, үйіне келді. Есік қақты. Ақ сақалды (болған) ұлы шықты.

Ғұзайыр: «Ассалаумағалайкум, ей, ұлым», – деді.

Ұлы: «Мені мазақтап тұрмысың. Мен кәрімін, сен жігіт бола тұрып, мені ұлым дейсің», – деді. Ұлы сол кезде жүз жиырма жаста еді. Ғұзайырдың қырық жасында бұл оқиға (болып) еді. Оқиғадан бұрын баласы жиырмада еді. Жүз жыл Ғұзайыр өліп жатты. Ендеше, ұлы жүз жиырмада болады да, Ғұзайыр қырықта. Мұндай ғажапты дүниеде ешкім көрген емес.

Ғұзайыр: «Мен Ғұзайырмын», – деді. Қариялар жиылды. Ғұзайырдың сөзін қабылдамастан, (олар): «Ғұзайыр Тәураттың сөздерін жатқа білетін. Сен оқы, біз сенейік», – деді. Оқыды, жазды, бәрібір көңілдері орнына түспеді. Біреу: «Пәлен жерде Тәурат іздеп жүрмін», – деп Тәуратты алып келді. Салыстырып көріп еді, бір әріп артық не кем шықпады. Оны көрген уақытта: «Алла Тағала Тәуратты біздің арамыздан көтерген еді. Ешкімнің көңілінде жоқ болатын (ешкім жатқа білмейтін). Бүгін Ғұзайырдың көңілінде пайда болды. Жаратушыға Ғұзайыр бізге қарағанда дос (артық). Ғұзайыр Жаратушының ұлы», – деді. «*Қаләти әл-йәһуду 'Узәйру ибнуллаһи*» («Йәһудилер Ғұзайыр Алланың ұлы деді»). (Деректерде) мұны айтқанның бәрі адасушылардан еді дейді.

ХИКАЯ: Ғұзайыр: «Тәңірім, құлдың күнә жасарын Сен тағдыр еттің, Сенің тағдырың өзгермейді. Онда неге азаптайсың?» – деп дұға жасады.

«Ей, Ғұзайыр, *«Һәзә мин унсури 'илми»* («Бұл менің ілімімнің негізі»). Бұл Менің ілімімнің негізі. Бұл дұғаны қой (таста)» деген (Алладан) жарлық келді. «Бұдан кейін бұл дұғаны екінші рет жасасаң, атыңды пайғамбарлар тізімінен шығарамын», – деп үш рет айтты. Ғұзайыр және жасады. Жаратушы Алла Ғұзайырдың атын пайғамбарлар тізімінен шығарып, сыддықтар (турашылдар) тізіміне жазды. (Кейбіреулер) сол себепті оның пайғамбарлығында талас болды дейді.

ЗӘКӘРИЯ, ЯХИЯ, МӘРИЯМ ЖӘНЕ ИСА (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Ол – *«Нәдә раббәһу нидә'ән хәфийә»* («Өз Жаратушысына жасырын дауыспен сөйледі») шапанын киген, *«Рабби инни уәхәнә әл-'әзму минни»* («Ей, Жаратушым, менің сүйектерім әлсіреді») деп Құзыретке мұңын шаққан, *«Уә ләм әкун биду'әнкә рабби шәкийән»* («Ей, Жаратушым, Сенен дұға сұрағанымда әсте үмітсіз қалмағамын») шүкірлігін жасаған, *«Фә хәб ли мин ләдункә уә лийән»* («Енді маған қасыңнан бір мирасқорды нәсіп ет») деп Жаратушыдан ұл сұраған, *«Йә Зәкәрийә иннә нубәшиширукә биғуләмин исмуһу Йәхийә»* («Ей, Зәкәрия, Біз сені Яхия деген баламен сүйіншілейміз») сүйіншіленген – ЗӘКӘРИЯ (з.с).

«Из қаләт имраәту 'имранә» («Сол кезде Имранның әйелі айтты...»). Жаратушы Алла: «Имранның әйелі еді», – деп жарылқады. Бұл Имран Мұсаның әкесі Имран емес. Абдулла ибн Аббас (Алла одан разы болсын) тың айтуынша, Мұсаның әкесі Имраннан мына Имранға дейін мың сегіз жүз жыл өткен. Бұл Имран өте шыншыл діндар адам еді. Әйелінің аты Ханна. Бұл Ханна бір күні әйелдеріне жем беріп жатқан бір қарғаны көрді. Жаратушы Алла маған әйел берсе, оны мухаррар қыламын деп нәзір қылды. «Мухаррар» – азат ету деген сөз. Олардың әдеті бойынша әйелге еркіндік беріп, Бәйт ул-Мұқаддасқа қызмет ету үшін сыйлайтын. Нәресте туылғаннан кейін сүт берместен анасынан айырып, жаялыққа орап, Бәйт ул-Мұқаддасқа апарып қоятын еді. Ондағы қызметшілер асырайтын. Он екі жастан мешіт сыпырып, шырақ жағатын. Ержеткен соң, өз еркі өзінде болатын. Ханнаның ішіне бала біткен уақытта күйеуіне: «Әйел білдірді, мухаррар қыламын. Нәзір етіп едім», – деді.

Имран: «Сабыр сақта, ұл ма, қыз ба – білейік. Қыз туса, мешіт қызметіне жарамайды», – деді.

Ханна: «Менен келгенін жасадым, қалғанын Жаратушы Алла береді», – деді де: «Тәңірім, мына нәзірді менен қабыл ал. Есітуші, білушісің», – деді. *«Фә тәқаббал минни иннәкә әнтә әс-сәми'у әл-'әлим»* («Енді менен қабыл ал. Сен өте жақсы естуші һәм білушісің»). Ай, күні жетіп, Ханна қыз босанды. Мінажат етіп: «Тәңірім, ұл тусам нәзір етемін деп едім. Қыз туылды, сөзден таймаймын», – деді. *«Фә ләммә уәзә'әтһә қаләт рабби инни уәзә'туһә унсә»* («Ол әйел босанған кезде: «Ей, Жаратушым, мен қыз босандым», – деді»). «Ұл қыздай болмас». *«Уә ләйсә әз-зәкәру кәл-унсә»* («Ұл бала қыз баладай емес»). Және: «Мен бұл сәбиге Мәриям деп ат қойдым», – деді. Ибри тілінде Мәриям – қызметші деген мағына береді. Және: «Тәңірім, Мәриямды және (оның) ұрпағын шайтанның шәрінен сақта, саған сиынамын», – деді. *«Уә инни у'изуһә бикә уә зурийәтәһә мин әш-шәйтәнур ражим»* («Және мен, әрине, оны мен оның ұрпақтарын қуғынға ұшыраған шайтанның шәрінен Саған тапсырдым»). Жаратушы Алла Ханнаның дұғасын қабылдады. Анасы Мәриямды Бәйт ул-Мұқаддасқа апарып тастады. Бәрі Мәриямды сақтауға ықпалсыз ауды. Зәкәрия: «Мәриямды сақтауға мен лайықтымын. Себебі нағашы әпкесі менің некемде (менің әйелім)», – деді. *«Уә кәффәләһә Зәкәрийә»* («Алла оның тәрбиесіне Зүлкәфилді жауапты етті»).

«Қайсысы абзал (лайық) болса, соған нәсіп болатын. Жеребе салындар, кімнің атына шықса, сол алады», – деді. (Деректерде) жеребелері темірден еді делінеді. Аттарын жазып, суға тастады.

Бәрінің жеребесі суға батып, Зәкәрияның жеребесі батпады. Зәкәрия Мәриямды үйіне алып кетті. Биік жерге қойды. Нан, тамақ берді. Мәриям бойжеткенде күйеуге берейік деді, қаламады.

САУАЛ: Мәриям неге қаламады?

ЖАУАП: Әйелге күйеу үш нәрсе үшін керек. Бірінші – жеп-ішу (үшін); екінші – ұл-қыз (үшін); үшінші – төсек рахаты үшін. Жаратушы Алла Мәриямға ғибадатхана ішінде машақатсаз, тілексіз несібе берді. «*Кулләма дахлә 'әләйһә Зәкәрийәл михрабә уәжәдә 'индәһә ризқан*» («*Әрқашан Зәкәрия оған ғибадатханаға кірсе, оның алдында тұрған тамақты көретін*»). Ұл-қыз күйеуден болады десең, Мәриямға Исадай ұлды әкесіз сыйлады. Төсек рахаты десең, Жаратушы Алла ғибадат, құлшылық ішінде Мәриямға рахат берді, төсек рахаты оның қасында түкке тұрғысыз еді.

Мәриям күндіз-түні михрабта намаз оқитын. Зәкәрия кірген сайын, алдынан нығмет (азық-ауқат) көретін.

(Зәкәрия): «Ей, Мәриям, мына несібелер қайдан келеді?» – деді. «*Йә Мәрийәму әннә ләки һәзә*» («*Ей, Мәриям, мыналар қай жақтан...*»).

(Мәриям): «Бұл нығметтер (азық-ауқаттар) маған Жаратушы құзыретінен келеді. «*Қаләт һуә мин 'индилләһи*» («*Мәриям): «Бұл ризық Алланың алдынан», – деді*»). Кімге қаласа, Жаратушы есепсіз несібе береді», – деді. «*Иннилләһә йәрзуқу мән йәшәу бигәйри хисәб*» («*Расында Алла қалаған адамына есепсіз несібе береді*»). Соны көрісімен: «Тәңірім, Мәриямға қыс күнінде жаз нығметін бересің. Маған қартайғанда пәк сәби бер», – деп дұға жасады. «*Хунәликә дә'ә Зәкәрийә раббәһу қалә рабби хәб ли мин ләдүнкә зуррийәтән тәшйбәтән иннәкә сәми'у әд-дү'ә*» («*Сонда Зәкәрия Жаратушысына дұға жасап: «Ей, Жаратушым, маған өз қасыңнан бір жақсы ұрпақ нәсіп ет. Сен, әрине, дұғаларды есітушісің», – деді*»).

Зәкәрия үш жүз жаста болатын. (Ол): «Тәңірім, сүйегім сықырлап, шашым ағарды. Құзыретіңнен не сұрасақ, бердің. Енді қойнымдағы ұл-қыз тумаған кемпірден бір ұл бер, ол бала маған жолдас болсын», – деп жалынды. «*Уә хәб ли мин лүдәнкә уәлийән йәрисуни уә йәрису мин әли Йә'қубә уәж'әлһу рабби разийән*» («*Және маған өз қасыңнан бір мирасқор нәсіп ет, ол менен және Жақып әулетінен қалған нәрселерге ие болсын. Ей, Жаратушым, оны жақсы адамдардан ет*»).

Хикаяда айтылады: Біреу Тәңірден ұл сұрап еді, оған қосжынысты ұл берді. (Ол): «Тәңірім, ұл сұрап едім, қос жынысты бердің», – деді. «Біз ұл бердік, сен сұрай алмадың. Ей, мұсылман, ұл сұрасаң шексіз ұл сұрама. Ұл жақсы да, жаман да болады. Зәкәрияның шексіз ұл сұрамағанын көрмейсің бе? Ол: «Тәңірім маған әрі дос, әрі сырлас ұл бер», – деді. Жаратушы Алла (оған) Яхиядай керемет ұл берді», – деген дауыс келді. «*Йә Зәкәрийә иннә нубәшиширукә бигүләмин исмуһу Йәхийә*» («*Ей, Зәкәрия, Біз сені Яхия деген бір ұлмен сүйіншілейміз*»).

Күндіз-түні жылап, құлшылық жасайтын. Зәкәрия: «Тәңірім, ұл сұрасам, бердің», – деді. «Ей, Зәкәрия, сен ұл сұрадың, біздің дос құлдарымыз сондай болады» деген жарлық келді. Зәкәрия ұл дұғасын жасап болған соң михрабта намазға тұрды. Сол сәтте Жебірейіл келіп: «*Фә нәдәтху әл-мәләикәту уә һуә қаимун йусәлли фи әл-михраби*» («*Ол михрабта тік тұрып құлшылық етіп жатқан кезде періштелер дауыстады...*»), – деп дауыстады. «Зәкәрия михрабта намаз оқып жатыр» деп, Жаратушы Алла жарылқады. Базардан сұра демеді. Бұдан тілек сұраған уақытта намаздан кейін михрабта сұрау керек екендігі және михрабқа қарап тұру қажеттігі белгілі болды. Жебірейіл: «Ей, Зәкәрия, Алла Тағала саған Яхия есімді баланы сүйіншілейді. Ол бала Иса пайғамбарды тура ұстап, таза болар. Күш-қуаты бола тұра үйленуге пейілі жоқ. Елші, ізгі болады», – деді. «*Әнналләһә йубәшиширукә би Йәхийә мусәддиқан бикәлимәтин миналлаһи уә сәйидин уә хәсуран уә нәбийән мин әс-салихин*. («*Расыныда, Алла саған Яхия деген (баламен) сүйіншілейді. Ол Алланың сөзі болған Исаның шынайы пайғамбар екендігін растайды. Ол сәйідтерден, әйелдерге қарамайды және шынайы пенделерден болған пайғамбар*»)). Тағы бір аятта: «*Иннә нубәшиширукә бигүләмин исмуһу Йәхийә ләм нәж'әл ләһу*

мин қаблу сәмийән» («Әрине, Біз саған бір ұл перзентпен сүйіншілейміз, оның аты Яхия. Және бұған дейін ешкімге мұндай есім берген жоқпыз»), – деп (Алла) жарылқады. Бұған дейін ешкімге Яхия есімін бермедік.

(Деректерде) Яхияның әсте күнә жасамағаны, (тіпті) күнә жасауды көңіліне де алмағаны айтылады. (Тағы бір деректе) Яхияның анасы Исаның анасымен ағайынды (туысқан) еді делінеді. Біреуі Яхияға, екіншісі Исаға жүкті болды. Бір күні екеуі отыр еді. Яхияның анасы Исаның анасына (қарап): «Сүйінші, сенің ішіндегі сәби менің ішімдегі сәбиден артық. Өйткені мендегі (менің ішімдегі) сәби сендегі (сенің ішіндегі) сәбиге сәжде жасағанын білдім», – деді. Олардың шарифаты бойынша тәхийәт сәждесін жасау қажет болатын.

Зәкәрия: «Тәңірім, мен қартайдым. Әйелім де ұл-қыз тумады. Біз екеуімізден қандай бала болсын. Қайтадан жасаруымыз қажет немесе мұндай қарттар туа ма?» – деді. «*Рабби әннә йәкуну ли гуләмун уә қад бәләғани әл-кибәру 'уәмрати әқир» («Ей, Жаратушым, мен қартайып, әйелім де қартайып, тумайтын болып қалған болса, менде қалайша бала болсын»).*

Жебірейіл: «Алла не қаласа, сол болады», – деді. «*Қалә кәзәликаллаһу йәф'әлу мә йәшәу» («(Ол): «Міне, осылай Алла қалаған ісін жасайды»).*

Зәкәрия: «Тәңірім, әйелімде ұл болғанынан маған белгі бер», – деді. «*Раббиж'әл ли әйиәтин» («Ей, Жаратушым, маған белгі бер»).*

«Белгісі сол болады, үш күн тілің күрмеліп, ешкімге сөйлей алмайсың. Алайда менің зікірім мен тәспімді ертелі-кеш айтасың» деген (Алладан) жарлық келді. «*Қалә әйиәтукә ән лә тукәллимән нәсә сәләсәтә әйиәмин иллә рамзән уәзкур раббәкә кәсиран уә сәббих би әл-әшиһ уә әл-ибкәр» («(Алла): «Сенің белгің (мынау), үш күнге дейін адамдармен сөйлесе алмайсың, егер қажет болса, ишарамен ымдасасың. Және Жаратушыңды көп есіңе ал, оған күндіз-түні тәспі айт», – деді»).*

(Кейбіреулер) Яхия өте діндар адам еді дейді. Кішкентайынан құлшылыққа бейім болды. Балаларға қосылмастан, тауларға шығып, күндіз-түні құлшылық жасайтын. Зәкәрия мен анасы екеуі жалынып жүріп, елге кіргізетін. Зәкәрия көпшілікке уағыз айтып, мәжіліс өткізетін. Тілінен тамұқ сөзі шыққан уақытта Яхия соны есітіп, «аһ» деп естен танып жығылды да, қайта тұрып кетті. Ата-анасы екеуі барып ұстады. Қатты жылағаны соншалық, жас көздерінен бұлақтай ағып жатыр еді. Жас ағып жатқан жері жара болып, сол жерден қан ағатын. Анасы ақ киізді алып, көзінің айналасындағы арықтарға орнататын. Осындай қорқынышпен Жаратушы Аллаға құлшылық ететін.

(Кейбіреулер) сол кездегі патша бір тұл әйелді некелеп алды дейді. Бұрынғы күйеуінен бір қызы бар болатын. Ол қызы бойжетсе, анасы дүние үшін оны патшаға некелеп бермекші болды. Қызға таза киім кигізіп, жұпар иіс жағып, патшаға жіберді. Патшаның оған ойы кетті, қыз да оған көңіл қойды. Неке болсын деп күтті. Неке қиюға лайықты адам таппады. Қыздың шешесі патшаға: «Яхияны алдырт», – деді. Патша Яхияға ашуланып, қызға қастық қылды. Қыз: «Ей, патша, Зәкәрия мен Яхияны өлтірмейінше, саған мойынсұнбаймын», – деді. Патша Яхияны өлтірмекші болып: «Яхияның қаны жерге тамса, қияметке дейін шөп шықпайды», – деді. Патша әмір беріп, Яхияны ыдысқа бауыздады. Қаны тоқтамады. Ыдыс толып, жерге аға бастады. Сарай толып, ел ішіне ақты. Ел қанның астында қалды. Қорқып зәресі ұшты. Хәкімдер: «Ана қызды өлтірмейінше, мына қан тоқтамайды», – деді. Неше айла-шарғы жасаса да, қан тоқтамады. Басқа шарасы болмаған соң, патша қызды алып келіп ыдысқа бауыздатты. Содан кейін Яхияның қаны тоқтады. Кесілген бас ыдыстың ішінен: «Анасын алғанға қызы тимейді», – деп айтты. Сол уақытта Зәкәрия қашты. Қашып бара жатқанда бір жас ағашқа кезікті. Зәкәрия сол ағаштан жасырынуға орын сұрады. Жаратушының жарлығымен ол ағаш екіге бөлінді. Зәкәрия кіріп еді, ағаш бірікті. Артынан іздеп келді. Ібіліс (Оған лағынет болсын) кездесті. (Одан) «Зәкәрияны көрдің бе?» – деді.

Ібіліс: «Мына ағашқа кірді», – деді де, сәлдесінің бір ұшы сыртта қалып қойып еді, соны көрсетті.

(Олар): «Ағаштың түбін кессек, басынан шығады, басын кессек, түбінен шығады», – деп ара алып келіп, ағаштың төбесінен екіге бөлді. Зәкәрияның басына ара тиген уақытта, айқайламақшы болып еді, Жебірейіл келіп: «Ей, Зәкәрия, Жаратушы айтып жатыр, сабыр сақта. Айқайласаң, даусыңнан жеті қабат жер жарылады. Жер жермен соғысып, быт-шыты шығады», – деді. Зәкәрия сабыр сақтады. Зәкәрияны ағашпен бірге бөлді.

Хабарда былай келеді: Қашан пайғамбарларды өлтірсе, фитна болатын еді. Жетпіс мың ер адам өлмейінше фитна кетпейтін. Фитна туып, Зәкәрия үшін жетпіс мың ер адам өлді. Және жетпіс мың адам Яхия үшін өлді. Содан кейін фитна кетті.

(Кейбіреулер) мұсылмандар әмірі Оспан үшін де жетпіс мың адам өлді дейді.

ИСА ПАЙҒАМБАРДЫҢ ТУЫЛҒАН СӨЗДЕРІ

«Уәзкур фи әл-китәби Мәрийәмә изинтәбәзәт мин әһлиһә мәкәнән шәрқийән» («Осы кітаптағы Мәриям қиссасын, оның өз жұртынан Шығыс жаққа қарап кеткен уақытын есіңе ал»). «Ей, Мұхаммед, Құрандағы Мәриямның оңынан күні туатынын есіңе ал», – деп Тәңір айтты.

(Деректерде) Мәриямның бір етеккір көріп, басқа көрмегені, айтылады. Басын жумақ болып күн шығысқа (қарай) жүрді. Адамның көзі түспесін деп перде тұтты. *«Фәттәхәзәт мин дунһим хижәбән» («Олардан басқа перде жауып жасырынып алды»).* Жаратушы Алла Жебірейілді бір жігіт бейнесінде жіберді. Оны көрген кезде: «Саған рахмет. Тәңірге сиынамын, шынайы діндар болсаң...», – деді. Себебі таза жарандарын рахмет Тәңірден қорқытады. Жебірейіл: «Қорықпа, мен адам баласы емеспін. Тәңір жіберген періштемін. Саған пәк ұл сыйлайын деп келдім», – деді. *«Иннәмә әнә расулу раббикү лиәхәбә ләки гүләмән зәкийән» («Мәселе мынада..., мен Жаратушының елшісімін, саған бір пәк перзент сыйлағалы келдім»).*

САУАЛ: Жебірейілдің ұл сыйлаймын дегені қалай? Бәрін сыйлайтын Алла ғой?!

ЖАУАП: Мұнда жасырын (астарлы) мән бар. *«Лиәқүлә ләки мә қалә раббуки гүләмән зәкийән» («Яғни Жаратушының саған пәк бір ұл сыйлаймын деген сөзін жеткізгелі келдім»)*, яғни «Мен Жаратушы Алланың: «Саған пәк ұл сыйлаймын» дегенін айту үшін келдім» дегені еді.

Мәриям: «Маған ешбір адам жақындаған жоқ, ұл қайдан болсын», – деді. *«Қаләт әннә йәкуну ли гүләмун уә ләм йәмсәсни бәшәрун уә ләм әку бәгийән» («(Мәриям): «Менде қалайша перзент болсын, себебі маған бірде-бір еркек жуымаған болса, мен жаман әйел де емеспін», – деді»).*

Жебірейіл: «Солай. Жаратушы Алла не қаласа, сол болады», – деп (Жебірейіл) Мәриямның жағасын ұстап тұрды. Мәриям Исаға жүкті болды. *«Фә нәфәхнә миһи мин руһинә» («Сонда Біз оның мейіріміне рухымыздан үрледік»).*

(Кейбіреулер) сол сәтте Иса туылды дейді. Біреулер алты айдан кейін туылды дейді. (Деректерде) сәби алты айдан кейін туылса, аман қалады, (ал) сегіз айдан кейін туылса, өледі дейді. Иса алты айлық болып, аман қалды. Ол оған мұғжиза еді. (Кейбіреулер) Яхия мен Иса аналарының ішінде жатып (бір-бірімен) сөйлесетін дейді. Мәриямның ай, күні жақындаған уақытта толғақ ауруы білінді. Тұрып, құрма ағашының түбіне барды. Ол құраған ағаш еді. Исаның берекесінің арқасында көгеріп, құрма салды. (Кейбіреулер) Мәриям Исаны аузымен туды дейді. (Енді біреулер) кіндігімен туды дейді.

Мәриям: «Мұны тумастан бұрын өлгенімде ғой», – деді. *«Қаләт йә ләйтәни митту қаблә һәзә» («(Мәриям): «Бұдан бұрын өлгенімде ғой», – деді»).* Иса Мәриямнан айырылған уақытта, астынан «Ей, Мәриям, қайғырма» деген дауыс келді. *«Фә нәдәһә мин тәхтиһә ән лә тәхзәни» («Төмен жақтан «Ренжіме» деген дауыс келді»).* (Біреулер) *«Мин тәхтиһә» («Төмен жақтан»)* деп оқиды. Және: «Жаратушы

саған жуыну үшін үлкен де емес, кішкентай да емес, орташа бір арық су берді», – деді. «Қад жә'әлә раббуки тәхтәки сәрийән» («Жаратушың сенің астыңа ағынды су пайда қылды»). Орташа арық деген сөз.

САУАЛ: Орташа арық берудегі хикмет не еді?

ЖАУАП: Арық үлкен болса, Мәриям түсіп жуынуға қорқатын еді. Кіші болса да, жуынуға жетпейтін. Қорықпасын деп, орташа арық берді.

«Ей, Мәриям, мына қураған ағашты қозға, саған құрма берсін», – деді. «Уә хуззи иләйки бижиз'ин нәхләти тусәқит 'әләйки рутәбән жәнийән» («Құрма ағашын өзіңе тартып қимылдат, саған жаңа піскен құрма жемістері түседі»).

Жебірейіл: «Ей, Мәриям, мына құрмадан же, мына арықтан су іш, Исадай ұлмен көзіңді аш», – деді. «Фә кулли уәшраби уә қарри 'әйнән» («Енді одан жеп-іш және демал»). Және: «Кімде-кім мына әкесіз баланы қайдан алып келдің десе, мен Тәңірге нәзір етіп тұрмын, ораза ұстаймын, ешкіммен сөлеспеймін деп айт», – деді. «Инни нәзарту лирахмәни сәумән фә лән уәллимә әл-йәумә инсийән» («Мен Алла үшін ораза ниет еткенмін, бүгін мен ешкіммен сөйлеспеймін»).

(Деректерде) нифасынан тазарғанша, қырық күн отырды делінеді. Содан кейін Исаны көтеріп қауымына келді. «Фә әтәт биһи қаумәһә тәхмиллуһу» («Оны көтеріп, өз қауымына келді»). (Кейбіреулер) Мәриям Исаны көтеріп келе жатып, әкесіз ұлды қайдан таптың демесін деп, жөйттерден жасырынып келді дейді. Жолда бұзақылар жолықты. Олардан жол сұрады, (олар) тікенді жолды көрсетті. Мәриям сол жолда қиналды. (Енді біреулер) аяғын жалаңаштаса, етін, денесін көрейік деп, (әдейі) терең арығы бар жолды көрсетті дейді. Мәриям олардан жапа шегіп: «Аллаһуммәр фә'әл бәракәтә ән хифәтиһим» («Ей, Алла, бұлардың өнерлерінен берекесін ал») деп, оларға қарғыс дұғасын жасады.

(Деректерде) Мәриямның келген қауымы жақсы еді дейді. Мәриямның нәресте құшақтап келгенін көріп: «Ей, Мәриям, өте ыңғайсыз іс қылдың, сенен бұрынғылар мұндай іс қылмап еді. Әке-шешен жаман емес еді. Сен мына нәрестені қайдан алдың?» – деді. Иса сүт еметін. Мәриям Исаға ишара жасады, яғни хабар сұраса, мынадан сұрандар, жырақтан келген мынау, мен осындамын дегендей болды. (Олар): «Бесіктегі баламен қалай сөйлесеміз?» – деді. «Мән кәнә фи әл-мәдхи сәбийән» («Бесіктегі баламен...»). Иса олардың сөзін естіген уақытта емуін қойып, жүзін оларға бұрып: «Мен Жаратушы Алланың құлымын», – деді. «Қалә инни 'әбуллаһ» («(Сәби): «Мен Алланың құлымын», – деді»). Ол өзінің құл екендігін мойындап: «Тәңірдің пендесімін, бірлігіне кітап», – деді де: «Маған кітап береді, яғни Інжіл мен пайғамбарлықты береді», – деді. «Әтәнийә әл-китәбә уә жә'әләни нәбийән уә жә'әләни мубәракән әйнәмә кунту» («Маған Алла кітап береді және мені пайғамбар етті. Қайда болсам да, мені берекелі етті»). Яғни құтты Жаратушысы қайда болса және маған намаз әмір етті. Тірі кезімде малым болса, зекет беруді айтты. «Уә әусани би әс-саләти уә әз-зәкәти мә думту хәйиән» («Және маған, тірі жүргенімде, намаз бен зекетті беріп тұруымды өсиет етті»). Иса бұл сөзді айтты да, балалар сөйлейтін уақытқа (жасқа) дейін қайта сөйлемеді. Бұл сөзді айтқан Мәриям ұлы Иса болатын деп, және жарылқады. Христиандар айтқандай, «Фә йәхтәлифун» («Түрлі көзқарас...»). (Деректерде) таластың мәнісі – (Исаны) кейбіреулер «Ибнуллаһ» («Алланың баласы») десе, келесі біреулер «Иләһ» («Тәңір») деуінде жатыр. Иса көкке көтерілген уақытта Бәни Исраил ғалымдары (пікір жағынан) төртке бөлінді. «Иса туралы не айтасың?» – деп сұрағанда, бірінші (топтағылар): «Иса Тәңір, жерге түсіп, қайта көкке көтерілген», – дейді. Екінші (топтағылар): «Иса Тәңірдің ұлы», – деді. Үшінші (топтағылар): «Иса Тәңір, анасы Тәңір. Алла Тағала үшіншісі», – деді. Төртінші (топтағылар) мұсылман еді, (олар): «Иса – Тәңірдің құлы, пайғамбар және рухуллаһ («Алланың рухы»)», – деді. Әрбірі жамағат жасап, (бір-бірімен) соғысты. Ол мұсылман ғалымның жамағаты. «Фәхтәләфә әл-әхзәбу мин бәйниһим» («Кейін олар ағым-ағым болып бөлініп кетті»).

(Деректерде) христиандар үш түрлі болады дейді. Біріншісі – хари якубилер. Екіншісі – мәлікәнилер. Үшіншісі – таштурилер. Хари якубилер Исаны Тәңір дейді, мәлікәнилер Тәңірдің ұлы дейді, таштурилер үштік дейді. *«Һәзә әл-әһумуллаһу Тә'әлә»* («Алла оларды қор қылсын»).

Иса ержеткен уақытта бір күні анасына (барып): «Жаратушы Алла бізді не үшін жаратты?» – деді.

Анасы: «Қызмет (ғибадат), құлшылық үшін жаратты», – деді.

Иса: «Тұр, мына халықтың ішінен шығайық. Мен бұлардың арасында құлшылық істемеймін», – деп, анасының қолынан ұстап тауға шықты. Ғибадатханаға келіп, құлшылыққа кірісті. Күндіз ораза ұстады. Ауыз ашатын уақыт болғанда, жағди деген шөп әкеліп, аузын ашты. Бір күні Иса бір нәрсе сұрап (іздеп) шығып кетті. Әзірейіл жетіп келді.

Мәриям: «Кімсің? Ұлым жоқ, мен зағиппын», – деді.

Әзірейіл: «Мен «Мәләк әл-мәутпін» («өлім періштесімін»), – деді.

Мәриям: «Не үшін келдің?» – деді.

(Әзірейіл): «Сенің жаныңды алғалы келдім», – деді.

Мәриям: «Жаратушы Алланың жарлығын орында», – деді. Мәриямның жанын алды. Иса жетіп келді. Анасының жатқанын көрді. Ұйықтап жатыр деп, оятпады. Күн батар уақытта Иса: «Ей, ана, тұр. Намаз уақыты өтіп кетпесін», – деді. Жауап қатпады. «Анаң өлді» деген көктен дауыс естілді. Өлікті шақырып жатырмын деп, Иса зар еңіреп жылады. «Анам еш нәрсе жемеді, дүниеден өтті» деп, өзі де жемеді. Сол түні анасының қасында ұйықтады. Түс көрді. Анасы жұмақ ішінде жәннат киімін киіп, тақтың үстінде отыр екен. Айналасында хорлар қызметте жүр екен. Анасы: «Ей, Иса, мені ауыз ашпады деп қайғырма. Жаратушы Алла маған несібе берді, ауыз ашты», – деді. Ертесіне тұрып, кентке барды. Әйелдер алып келді. Мәриямды жуып, жерге көмді. Содан кейін Иса елдің ішіне кіріп, халықты иманға шақырды. Пайғамбарлықты әшкере етті. (Олар): «Пайғамбар болсаң, мұғжиза көрсет», – деді. (Иса): «Мұғжизам: өлікті тірілтемін, ауруды жазамын, алапесті түзеп, соқырға жанар сыйлаймын», – деді.

(Деректерде) Жаратушы Алла барша пайғамбарларға мұндай кереметті бермеп еді, (Иса пайғамбарға беру себебі) оның (Исаның) қауымы оташы (емші) еді делінеді. Себебі Ибраһим пайғамбар уақытында (қауымы) сиқыршылыққа сенетін. Жаратушы Алла Мұсаға аса (таяқ) берді. Және Исаның уақытында (қауымы) оташылықпен айналысатын. Жаратушы Алла Исаға мұғжиза беріп еді, барлық оташылар (емшілер) шарасыз қалып, өлікті тірілте алмады. *«Уә убәрриу әл-әкмәһә уә әл-әбрасә уәухи әл-мәутә биизнилләһи»* («Және мен тума соқырларды, алапестерді емдеймін. Және Алланың қалауымен өлікті тірілтемін»). Олар: «Бізге (мынадай) мұғжиза көрсет. Балықтан құс шығар, жүнсіз еті, қанаты болсын. Аузыңмен дем сал, біздің көзімізше ұшсын. Біз көрейік», – деді. Иса балықтан құс шығарды. Аузымен дем салып еді, көкке ұшты. (Кейбіреулер) ол құсты жарғанат еді дейді.

САУАЛ: Басқа құсты сұрамастан, жарғанатты сұрады. Хикметі не еді?

ЖАУАП: Себебі құстардың ішіндегі ерекше құс – жарғанат. Ерекшелігі: жүні жоқ. Ет, қанатпен ұшады. Екінші: басқа құстар баласы жұмыртқадан шықса, жарғанат қара мал секілді туады. Үшінші: жарғанат адам секілді күледі. Төртінші: әйелдер секілді ай сайын таза болмайды. Бесінші: күндіз көзі көрмейді, (сол себепті) ұшпайды. Алтыншы: әйел секілді емшекпен сүт береді. Жетінші: бір емшегінен сүт емеді, екінші емшегінен су ішеді. Сегізінші: батқаннан күн шыққанша қараңғы болғанша бір сағат көзі көретін үшін ұшады. Тоғызыншы: тістері бар. Осы ерекшеліктер болғаны үшін Исадан оны мұғжиза ретінде сұрады.

САУАЛ: Өлікті тірілту мұғжизасы болады. Алайда көр мен алапесті оташылар (емшілер) дәрімен жазады. Исаның дұғасындағы бұл қандай мұғжиза еді?

ЖАУАП: Тума соқырды Иса дұғамен жазатын. Және алапес екі түрлі болады. Біріншісіне ем қонады, екіншісіне – қонбайды. Ем қонатын алапеске ине қадаса, қан шығады. Ем қонбайтын алапеске ине қадаса, қан шықпайды. Иса (ғ.с.) осындай алапесті жазатын еді. Және сегіз адамды дұғамен (аяққа) тұрғызды. Ашыр қызы мен кемпірдің ұлы.

Бір кемпір Исаға жылап келіп: «Ұлым өліп, балалары (жетім) қалды. Оларды бағуға күш-қуатым жоқ», – деді. Иса дұға жасап, тірілтіп, топырақтан шығарды. (Бірнеше) жылдар тірі жүрді, ұлдары болды. Сол қауымдағылар: «Сен кешегі өлікті тірілттің, қазір тірі жүр. (Енді) бір бұрынғы өлікті (ертеде өлгенді) тірілт», – деді.

Иса: «Кімді қаласандар, (соны) тірілтейін», – деді.

(Олар): «Нұх ұлы Самды тірілт», – деді.

Иса: «Оның топырағы қайда?» – деді. Көрсетті. Иса екі ракағат намаз оқып: «*Йә Сәму қум бишзилләһи Тә'әлә*» («Ей, Сам, Алланың қалауымен орныңнан тұр!»), – деді.

Сам: «*Ләббәйкә, йә, расулуллаһи*» («Не дейсіз, ей, Алланың елшісі»), – деп атып тұрды. Шашы мен сақалының ағарып кеткенін көрді.

(Олар): «Жастай өліп едің, енді неге сақалың ағарып кеткен?» – деді.

Сам: «Тұр деген дауыс естігенімде, қиямет (күні) болып, Исрафилдің дауысы екен деп, қорыққаннан шашым мен сақалым ағарып кетті», – деді.

Иса: «Енді тіршілікті қалайсың ба әлде өлімде ме?» – деді.

Сам: «Ей, расулулла, тіршілікті қаласам, соңғы өлім бар ма?» – деді.

(Иса): «Бар», – деді.

(Сам): «Олай болса, жан ащылығы менен кетпейді», – деп қайта өліп, мәңгі қалды. Сам өлгелі бер төрт мың жылдан артық уақыт өтіп еді.

ХИКАЯ: Иса бір құмырадан су ішті. «Дәмсіз нәрсе болар ма?» – деп суды төгіп, және арықтан толтырды. Ішті, тәтті шықты. Аң-таң қалып: «Мына арықтың суы тәтті, мына құмыраның суы ащы. Хикметі неде?» – деді. «Ей, Иса, мына құмырадан сұра» деген жарлық келді. Сұрады. Жаратушы Алла құмыраға тіл беріп, (құмыра): «Мен адам едім, өлдім. Бірнеше жылдар өтті. Етім, денім, сүйегім шіріп, топырақ болды. Сол топырақтан құмыра жасады. Судың ащылығы жанның ащылығынан», – деді.

(Кейбіреулер) Исаға бір жерде тұру дұрыс емес еді дейді. Оның жүргенінің ауруларға пайдасы бар еді. Әрекет жасаса, халық қиналатын.

ХИКАЯ: Иса пайғамбардың жолдастары бар еді, оларды хауарилер деп атайтын. «Хауари» – хас істі деген мағына береді. (Кейбіреулер) газурлар еді дейді. Халық (олардың) киімі ақ болған үшін хауари деп атады дейді. Ақ нанды «Хубз ул-хауари» деп атайды. «Хур» – ақ деген сөз. Жұмақтың хорлары ақ болғаны үшін хур (хор) аталды.

(Деректерде) ол екі шапан (киім) жуушы еді делінеді. Анасы Исаны мектепке жіберді. Ұстаз айтпастан, бұрын айтатын. Ұстаз Исаны анасына алып келіп: «Мынау менен жақсы біледі», – деді. Содан кейін бояушылыққа берді. Ұстаз үйден шығып кеткен кезде, Иса барлық киімдерді құмыраға салды. Ұстаз кіріп, дүкенде (сөреде) киім көрмеді. «Киімдер қайда?» – дегенде, Иса: «Ніл құмырасында», – деді.

Ұстаз: «Әр киімге әр түрлі түр беру керек еді», – деді.

Иса: «Әр адамға қандай түс керек екенін айт, мен сол түсті киім шығарамын», – деді. Ұстаз әрбірінің түсін мынадай деп айтып отырды, Иса сондай түсті құмырадан шығарып тұрды. Ұстаз мұны көріп: «Мынау сиқыршы», – деп, киімдерін суға салып, тасқа ұрған кезде киімдерінің бояуы қанығырақ, жақсырақ болды. (Ұстаз): «Бұл сиқыршы емес, Хақ пайғамбар», – деді. Бәрі иман келтірді. Хауарин деген (міне) осылар. Содан кейін көптеген адамдар хауарилерге келіп: «Ей, Иса, Тәңірің көктен бізге берекелі дастарқан жіберсін», – деді.

Иса: «Жаратушыдан қорқындар, мұсылман болсаңдар іріткі тастамаңдар», – деді. «*Фәттәқуллаһә ин кунтум мүминин*» («Егер мұсылман болсаңдар, Алладан қорқыңдар»).

(Олар): «Біз іріткі салмаймыз, көктен түскен берекелі дастарқаннан (тамақ) жегенді қалаймыз», – деді.

Сонда Иса дұға жасап: «Ей, Тәңірім, көктен бізге берекелі дастарқан жібер, алдыңғыларымыз бен кейінгілерімізге осы күн мейрам болсын», – деді. Жаратушы Алладан: «Ей, Иса, мен саған берекелі дастарқан жіберемін. Сол берекелі дастарқанды көрген соң, кім

иман келтірмесе, мен оған бір азап жіберемін. Ол азап барлық халыққа болмайды» деген дауыс келді. *«Инни мунәззилуһә 'әләйкум фә мән йәкфур бә'ду минкум фә инни у'әззибуһу 'әзәбән лә у'әззибуһу әхәдән»* («Мен дастарқанды сендерге жіберемін, алайда содан кейін де кімде-кім сенбесе, оны сондай азаптаймын, әлі күнге дейін олай ешкімді азаптаған емеспін»).

Аяқтары аспанда бір дастарқан жіберді. Ішінде ақ нан, піскен балықтар және халық жейтін көк шөптер бар. Барлық халық көрді. Түскен уақытта дастарқан айналды. Беті жоғары, аяқтары төмен қарап, Исаның алдына тұрды. (Кейбіреулер) одан жемеген ешкім қалмады дейді. (Енді біреулер) оны тоғыз жүз ер, әйел жеді дейді. Бәрі тойды. Сақаулар, соқырлар, ақсақтар, сағырлар, аурулар бұл берекелі дастарқаннан жеді. Бәрі түзелді. (Бірақ) ешкім иман келтірмеді. (Деректерде) сол берекелі дастарқан үш күнге дейін тұрды делінеді. Және көкке көтерілді. Бұл тоғыз жүз ер, әйел жеді, мойынсұнбады. Ешкім иман келтірмеді. Үш күннен кейін басқа бейнеге ауыстырды. Доңыз болды. Жейтін еді. Ғибрат үшін үш күнге дейін сол бейнемен тіршілік етті. Содан кейін өліп, жоқ болды.

ХИКАЯ: Бір күні Иса жайлауға шықты. Інінен шыққан бір түлкі көрді. Иса: «Түлкінің үйі бар да, Исаның үйі жоқ», – деді. Халық есігіп: «Біз саған үй салып берейік», – деді.

(Иса): «Мал-дүнием жоқ», – деді. Мал жиды. (Олар): «Қайдан салайық?» – деді. Иса теңіз жағасына барып: «Бір құмның үстіне салайық», – деді.

(Олар): «Мұнда үй тұра ма?» – деді.

Иса: «Ақылды адам (бұ) дүниеде үй сала ма?» – деді.

ХИКАЯ: Исаның уақытында бір діндар әйел бар еді. Қолындағы баласын алып, нан пісіру үшін тандырдың қасына келді. Намаз уақыты болды. Баласын қоя салып, намазға тұрды. Бала еңбектеп барып, тандырға түсті. Анасы намазын бұзбады. Күйеуі келіп, әйелінің намаз оқып жатқанын көрді. Бала тандырдың ішінде ойнап отыр еді. Әкесі оны көріп, Исаға айтты. Иса: «Әйеліңнен сұра, қандай амалдар жасайтын еді?» – деді. Келіп сұрап еді, әйелі: «Төрт амал істейтін едім. Бірінші: Жаратушының нығметіне шүкіршілік ететінмін. Екінші: пәлеге сабыр сақтайтынмын. Үшінші: қазасына разы болдым. Төртінші: дүние ісін ақырет ісіне ауыстырдым», – деді. Күйеуі келіп Исаға айтып еді, Иса: «Егер әйелің ер кісі болғанда, пайғамбар болатын еді», – деді.

ХИКАЯ: Иса бір күні қабірстаннан өтіп бара жатыр еді. Бір қабірден нұр шығып тұрғанын көріп: «Тәңірім, мына өлікке тіл бер, сөйлесейін», – деді. Дереу көр жарылды. Басында табақтай нұр бар бір адам шықты.

Иса: «Бұ не?» – деп сұрады.

(Ол): «Менде ешқандай жақсы амал жоқ еді. Жалғыз балам бар болатын. Ертелі-кеш соның (жасаған) дұғасымен осы нұрға қол жткіздім», – деді.

Иса: «Тірілердің дұғасы өліге тиеді ме?» – деді.

Ол: «Ей, Иса, сіз пайғамбарлыққа қалай қуансаңыз, біз де ұл-қызға солай қуанамыз», – деді. Исаны анасы кішкентай кезінде мұғалімге беріп: «Ұлыма көп үйретіп, аз ұр», – деді.

Мұғалім: «Әбжәд деп айт», – деді.

Иса: «Әбжәдтің мағынасы не?» – деді.

Мұғалім: «Әуелі үйрен, содан кейін сұра», – деді.

Иса: «Білмейтін нәрсені үйренбеймін», – деді.

Мұғалім: «Айт», – деп ұрды. Иса айтпады. Түнде үйіне барарда (Иса): «Ей, ұстаз, анамның өсиетін орындамадың. Көп үйрет, аз ұр деген еді. Сен мені көп ұрып, аз үйреттін», – деді де: «Сен маған әбжәд мағынасын айтпадың. Мен саған айтайын», – деді.

Мұғалім: «Айт», – деді.

Иса: «Әлеф» – «ол осы» (жақсылығы) Жаратушының, «бе» – бақасы (мәңгілігі), «жим» – жамалы, «дәл» – мүлкінің жалғасы», – деді. Тағы бір риуаятта: «Әбжәд (дегеніміз), «әлеф» – ибарат (тұрады) Адамнан, «бе» – ибасы (ұяты) құлшылықтан, «жим» мен «дәл» – жидди мәсияттан (тура күнәһарлықтан)», – деді.

«Һәууәз» – «Әй 'әмилә биһәуән нәфсиһи» («Әркім өз қу нәпсісінің қалауымен іс жасады»), «хутти» – «Әй хуттә әнни зунуби» («Менің күнәларымды кешір»), «кәләмән» – «Әй кәләмуллаһи мән тәкәлләмә биһи фә гафәра ләһу» («Яғни Алланың сөзі, оны кім оқыса, соны кешіріпті»), «сә'фәс» – «Әй са'ун биса'ин әй кәмә түдину түдәнү» («Бір қадаққа бір қадақ, яғни кімге қандай мәміле жасасаң, саған да солай мәміле қылады»).

Кеш болған кезде Мәриямға келді. Мұғалім анасына келіп: «Мына ұл бізден үйренетіндерден емес, (қайта) біз одан үйренушілерміз», – деді.

(Деректерде) Иса бір күні жолдан кетіп бара жатқанда біреу: «Жаман аналы сиқыршы келді», – деді. Иса оны есітіп қайғырып: «Тәңірім, анамның қыз екенін Сен білесің. Мына адамды опат қыл», – деді. (Жаңағы адам) сол сәтте өлді.

ЗҰЛҚАРНАЙЫН ҚИССАСЫ

«Уә йәсалунәкә 'әни зил-қарнәйн» («Олар сенен Зұлқарнайын туралы сұрайды»). Искандария атты елден еді, сол сол себепті Искандария (Ескендір) аталды. Алай Зұлқарнайын аталуы – жердің екі полисіне, яғни Шығыстан Батысқа жетті, сондықтан (солай) аталды. «Қарн» – араб тілінде мүйіз дегенді білдіреді. (Яғни) екі мүйізді деген сөз. Зұлқарнайынның басында екі мүйізі бар болатын. Жаратушы Алла оны пайғамбарлыққа жіберді. Ұрды, мүйіздері сынды.

(Кейбіреулер) Зұлқарнайын аталу себебі – ол екі қарн (ғасыр) жасағандықтан деді, (алайда бұл мәселеде) талас-тартыс көп. Кейбіреулер (оны) пайғамбар десе, енді біреулер патша деді. Мына (төмендегі) аятты айғаққа келтерді. «Кулнә йә зәл-қарнайн» («Біз): «Ей, Зұлқарнайын», – дедік»). Жаратушы Алла оған Қаптан Қапқа дейін үлкен патшалық берді. «Иннә мәккәннә ләһу фи әл-әрзи уә әтәйнәһу мин кулли шәйин сәбәбән фә әтбә'ә сәбәбән» («Расында, Біз оған жер бетінде үлкен күш-қуат беріп қойдық және әр нәрсенің себебін үйреттік. Сол себептердің біріне қол жеткізіп жолға шықты»). Жолдарды білу кереметін берді. Дүниені шарлап, шаһарларды қопарды. Көптеген кәпірлердің шаһарларын алды. Ешкім оған қарсы тұра алмады.

Хабарда келеді: Мекке халқы Мұстафа (ғ.с.) ға қарсы болды. (Болмаған соң) (олар) «Мына Мұхаммед пайғамбармын деп жатыр, рас-өтірігін білмейміз», – деп Хижазға адам жіберді. Жөйттерде Тәурат бар еді. Ғалымдары бар болатын. (Соларға Мекке мүшіріктері): «Бізге дәлел-айғақ келтіріңдер де, жауабын бізге айтып қойыңдар. Біз сөйлесіп көрейік, пайғамбарлығын талқылайық», – деп Әбу Жәһіл (Оған лағынет болсын) жіберді. Олар Тәуратты ашып, оқып, үш мәселені тауып, қалады. (Жөйттер): «Біріншісі, рух не деп сұраңдар. Тәуратта рух туралы айтылмайды, сипатталмаған. Егер рухты сипаттаса, өтірікші болғаны, егер сипаттамаса – Хақ пайғамбар. Және Зұлқарнайын мен Асхаби Кәһф туралы сұраңдар», – деді. Араб мүшіріктері (Мұхаммед (ғ.с.) ға) келіп: «Ей, Мұхаммед, сенде Мұсаның кітабындай кітап болса, Тәураттағы сұрақтарға жауап беретін болсаң, саған иман келтірейік», – деді. Сол уақытта Жаратушы Алла Мұстафа (ғ.с.) ға бұл қиссалар туралы әлі хабар жібермеген болатын. Кәпірлер келіп сұраған уақытта, Расул (ғ.с.): «Жаратушы Алла маған хабар берсе, мен де сендерге айтайын», – деді. (Бірақ) «Иншалла» («Алла қаласа») сөзін айтпады. Абдулла ибн Аббастың айтуынша, Жебірейіл он күнге дейін келмеген. Кәпірлер күнде келіп, «Жауабын айт», – деп қыспақтайтын. «Мұхаммедті Тәңірі ұмытты», – деді олар және. Расул оны есітіп, қайғырды. Жұма күні сәске уақытында Жебірейіл жетіп келіп: «Жаратушы айтып жатыр, мына мүшіріктер айтқандай емес. Сені ұмытпадым, дұшпан етпедім деп жатыр. Ант ішіп жарылқады». «Уәззухә уә әл-ләйли изә сәжә мә уәд-дә'әкә раббукә уә мә қалә» («Сәске уақытқа және тым-тырыс түнге ант етемін, Жаратушың сені тастамады және сені жаман көрмеді») деген Тәңірдің сәлемін жеткізді де: «Ей, Мұхаммед, сенен рух туралы сұрайды.

(Оны) менің Алла Тағалам біледі деп айт. Ал Асхаби Кәһф (оқиғасын) айтып бер. Билқис хабарын да айт. Зұлқарнайынды мен саған айтып беремін», – деді.

«Кул сәәтлу 'әләһкум минһу зикран» («Ей, Мұхаммед, оларға: «Ол туралы мен айтып беремін» де»). Жаратушы Алла айтады, Біз оған жер патшалығын бердік. Әр жақтан жол көрсеттік дейді. «Уә әтәйнәһу мин кулли шәйин сәбәбән фә әтбә'ә сәбәбән» («Және Біз оған әрбір нәрсенің себебін үйреттік және ол сол себептердің бірін қолға түсіріп, жолға шықты»). Ол жолға түсіп, күнбатысқа дейін барды. «Хәттә изә бәләғә мәғриб әш-шәмси» («Жүріп отырып күнбатысқа жеткен уақытта»). Осылайша бір қараңғылық жолға жетті. «Уәждәһә тәғрубу фи 'әйнин хәми'әтин» («Күн бір балшықты бұлақ үстінен батып бара жатқанын көрді») деп қирағат оқиды. Қирағаттың мағынасы ауыр жолға бату деген сөз. Екі қирағаттың айырмашылығы: екі жол да қинайды (азаптайды) деген (мағына шығады).

САУАЛ: Шығыстан Батысқа дейін бес жүз жылдық жол дейтін. Зұлқарнайын күнбатысқа қалай барды?

ЖАУАБЫ мынау: Адамзаттың аяғы Батысқа тимейді. Алайда Зұлқарнайынның алыс барғаны соншалық, күн көзіне бір арыққа бататындай көрінді. Және сол жерден бір шаһар көрді. Тас, темір, мыстан (жасалған). Есігі жоқ. Одан ары қарай жол жоқ. Амалдап, арқан салды. Біреуі шатыр төбесіне шықты. «Одан арғы жағын көрсең, бізге хабар бер», – деді. Ол шатырдың төбесіне шыққан кезде, көргенін айтпастан, өзі арғы бетке өтіп кетті. Және біреумен келісіп, оны да шығарды. Ол да шықты да, еш нәрсе деместен, арғы бетке өтіп кетті. Үшіншіні жіберді. Онымен де «Егер арғы беттен жұмақты көрсең, бізге айт», – деп келісті. Шатырға шығып еді, ол да солай жасады (арғы бетке өтіп кетті). Зұлқарнайын сол жерден қайтып, Шығыс жаққа барды. Кемесіз өтіп болмайтын бір теңіздің құйылатын жеріне барды. Ол жерде барша хәкімдер (бар) еді. Зұлқарнайынның келерін біліп, кемені салды. Зұлқарнайын теңіз жағасына бір мұнара тұрғызды. Сиришғадан айналасына памұқ шам жақты. Отын жиып еді, күн нұрына тиді. Отын тұтанып, памұқ шамы жағылды. Оның шоғы шаһарға тиді. Сарайлар мен үйлер өртенді. Опат болмақшы болған уақытта, шаһарды Зұлқарнайынға берді. Шаһарға кірген кезде өліктерді көрді. Сасымай, бұзылмай жатыр екен. «Бұл не жағдай?» – деп сұрады. (Шаһарлықтар): «Жегеніміз хикмет», – деп Зұлқарнайынды қызықтырды. Қаряилар келіп, алдына отырды. Дастарқан жайып, күтті. Әрқайсысы хикмет айта бастады. Кезек Зұлқарнайынға жетті. «Айт», – деді.

Зұлқарнайын: «Жесе болмайды», – деді.

Олар: «Дәнге біткен астыққа бұл пайда етпейді екен. Бізден не қалайсың?» – деп айғақ келтірді. Ескендір жауап таба алмастан, кетіп қалды. Әскерімен шығып, Үндістанға жол алды. Ел шетіне жеткен уақытта: «Менің әскерім көп. Сенің елің арқа сулы, көп ағашты екен. Мен кірсем, елің опат болады. Маған елші жібер, сөйлесейін», – деп елші жіберді. Үндістан патшасы елші жіберді. Елші Зұлқарнайынға келген кезде, Зұлқарнайын басын көтеріп, елшіге қарап еді, елші төмен қарады. Елші бір саусағын мұрнына тығып сыртқа шықты. Зұлқарнайыннан: «Сен не дедің, ол не деді?» – деді. Зұлқарнайын: «Мен оған ұзын бойлы біреу пайдасыз болады дедім. Ол саусағын мұрнына тығып, онда не қайыр бар?» – деді. Зұлқарнайын: «Мына елші білімді ұқсайды, алып келіндер», – деді. Алып келіп, басқа сарайдан орын берді. Елшіге бір ағаштан жасалған шелекке толтырып май жіберді. Алдына қойды. Елші ағаштан жасалған шелекке көп ине салып, Зұлқарнайынға жіберді. Зұлқарнайын инелерді алдына бір айна қойып, елшіге жіберді. Елші айнаны жарқыратып, Зұлқарнайынға жіберді. «Ағаштан жасалған шелекте не (хикмет) бар?» – деді. Зұлқарнайын: «Мен шелекпен май жібердім. Білімі толық адам келді. Ол іліммен артығырақ болады деп, инелер салып жіберді. Мен инелердің алдына айна қойып, оған жібердім. Сіздің іліміңіз қара, еш нәрсеге жарамайды деген едім. Ол айнаны алып жарқыратты. Олай емес, жарық деді», – деді.

Елші қайтпақшы болып еді, «Білімді адамсың, менің қасымда бол», – деп Зұлқарнайын (оны) жібермеді. «Менің елшімді жіберсін», – деп Үндістан патшасы елші жіберді. Зұлқарнайын жібермеді.

Бір күні Зұлқарнайын бір жерге кіріп, бір сурет көрді. Қорқып, жүзі сарғайып, қайта шықты. Елші оны көріп: «Не болды?» – деп сұрады. Зұлқарнайын көргенін айтып берді. Елші: «Дәрі алып келіндер, мен амалын жасайын», – деді. Дәрі алып келді. Зұлқарнайынға жазылу керек болды. Үйге кіріп еді, баяғы суретті тағы көрді. Сурет: «Сенен кеттім, сені қойдым», – деді. Зұлқарнайын шықты, жағдай орнына келді. Елші сұрады, жағдайын айтты. Елші: «Ей, дарига, мен дәрі жасағанша күлгенінде ол сурет жоғалатын еді», – деді.

Одан кейін аттанып, тағы Шығысқа жол алды. Күн шығатын жерге барды. Ол жерден бәрі жалаңаш, киімі жоқ, ұятсыз, бір-бірінің қасында қосылатын, жол үстінде дәрет сындыратын, кара мал секілді бір халықты көрді. Күн шықса оларға қиын болып, ерте күн тұрғанша сәске уақытында және уайым болады екен. *«Хәттә изә балаға мәтлә'и әш-шәмси уәжсәдәһә тәтлу'у 'әлә қаумин ләм нәж'әл ләһум мин дунихә ситран кәзәлик» («Жүріп отырып тіпті күннің шығатын жеріне жетті. Күн бір қауымның үстінен шығып тұрғанын, олардың күннен қорғанатын әурет жапқыштары да жоқ екенін көрді. Міне, солай»)*, яғни былай дейді: Жол жүріп Батысқа барды. Шығысқа да солай жол жүріп барып, және одан әрі жүрді. Ортасы көр екі үлкен тауға жетті. Ол таудың аузында халық көрді, бәрі мұсылман (екен). Зұлқарнайын түсінбеді. Жаратушы Алла Зұлқарнайынға тәлім беріп, сөйлесті. Олардай ешкім жоқ еді. Зұлқарнайын әскерін көріп таң қалды және мойынсұнып қарсы шықты. Мұсылмандық әшкере қылды. Зұлқарнайын оларды құрметтеп, ізгі уәделер берді. *«Хәттә изә балаға бәйнә әс-сәддәһни уәжсәдә мин дунихимә қаумән лә йәкәдунә йәфқәһунә қаулән» («Жүріп отырып тіпті екі таудың арасына жетті және сол екі таудың алдында бір қауымды көрді, олар ешбір сөз түсіндіре алмайтын»)*. Олар: «Ей, Зұлқарнайын, мына таудың арасында Йәжүж-Мәжүж бар. Әр жылы бір рет шығып бізге келеді. Артық іс істемейді. Үлкендерімізді жеп, қалғанын алып кетеді. Біз шарасыз қаламыз», – деді. *«Қалу йә Зәл-қарнәһни иннә Йәжүжә уә Мәжүжә» («(Олар): «Ей, Зұлқарнайын, расында Йәжүж-Мәжүж...»)*.

(Деректерде) оларды екі ағайынды еді дейді. Бұлар екі бөлек, ол екеуі ұрпағының есеп-қисабы жоқ дейді. (Кейбіреулер) әрбірі өз алдында ұлдары мың әскерге жарайтындай ер адам көрмейінше өлмейді дейді. Олардың әйелдерін де солай деп айтады.

Хадиша (Алла одан разы болсын) риуаят етеді: «Пайғамбар (с.ғ.с.) нан: «Ей, Расулулла, Йәжүж-Мәжүж деген кім?» – деп сұрадым.

Расул (ғ.с.): «Йәжүж бір үммет. Мәжүж бір үммет. Және әрбірі төрт үммет. Әрқайсысы өз омыртқасынан туған мың қарулы көрмейінше өлмейді», – деді.

«Ей, Расулулла, олардың сипаты қандай?» – деп және сұрадым.

Расул (ғ.с.): «Олар үш түрлі. Біреуі азарға ұқсайды», – деді.

«Ей, Расулулла, азар деген не?» – дедім.

(Пайғамбар): «Шам аймағында бір ағаш бар, ұзындығы жүз жиырма аршын. Және бір түрлісі де жүз жиырма аршын. Ұзындығы мен ені бірдей. Оларға нұр түспейді. Және біреу шала құлағын тосады, шала құлағын жабады. Арыстан, бөрі, қабылан, доңыз кездесе, жейді. Өздерінен басқаны жейді. Олар шыққанда алды Шамда, арты Балхта болады. Шығыс теңіздері Тар дариясының бәрін ішеді», – деді.

Мұсылмандар әмірі Әли (Алла одан разы болсын) риуаят етуінше, кейбіреуі бір қарыс, енді біреуі өте ұзын. Тырнақтары өткір, ыстық-суықтан сақтайтындай бойлары аласа екен.

Олар Яфас ибн Нұх (ғ.с.) ның ұрпағы.

Имам Садидің риуаят етуінше, ақыр заманда шығады. Йәжүж кесапаты Зұлқарнайын қорған салғанда сыртында қалған екен.

Имам Қатаданың риуаят етуінше, Зұлқарнайын жиырма бір тайпаға қорған байлаған. Бір тайпа сыртта қалды. Олар бұ шығайлар.

Алайда Имам Кағбтың (Алла одан разы болсын) айтуынша, олар Адам ұрпағынан өзгеше. Адам Сафи ұйықтап жатып, түс көрді. Ұрығы жерге тамды. Жаратушы Алла сол ұрықтан

Йәжуж-Мәжужді жаратқан. Бізге атамыз жағынан қосылғанымен де, анамыз Хауамен туыспайды.

Абдулла ибн Аббас (Алла одан разы болсын) тың айтуынша, олар он ұлыс. Және Адам Сафидың ұрпағының бәрі бір ұлыс екен.

(Деректерде) олар имихарт есімді делінеді. Және бір риуаятта – харгут. Білмейді, еш нәрсе демейді. (Кейбіреулер) олар бір жылда көктен бір жылан түседі, соны бәрі жейді дейді. Егер екі жылан түссе – кеңшілік, бір жылан түссе таршылық болады.

Сондағы мұсылмандар Зұлқарнайынға: «Біз бен олардың арасына бір қорған салсаң болмай ма?! (Сонда) келе алмайтын еді. Біз де олардан құтылсақ, саған жылдар бойына салық берейік», – деді. «*Фә һал нәж'алу ләкә хәржән 'әлә ән тәж'әлә бәйнәнә сәддән*» («Біз саған олар мен біздің арамызда бір қорған құрып беруің үшін жұмсалатын қаржы жиып берейік пе?»). Екі қирағат бар. Зұлқарнайын: «Жаратушы Алланың маған берген нығметі Шығыстан Батысқа дейін сендер берген салықтан артық. Ол мал-дүниеге мұқтаждығым жоқ. Алайда сендер маған жолдас болыңдар, араларыңа қорған салайын. Олар сендерге келмесін», – деді. «*Қалә мә мәккәнни фиһи рабби хәйрун уә ә'инуни биқуәтин әж'әл бәйнәкум уә бәйнәһум радмән*» («(Ол): «Алланың маған берген мүмкіндігі жақсы. Енді сендер маған күшпен көмектесіңдер, мен сендердің араларыңа берік бір қамал жасап берейін», – деді»). Олар қабылдады. «Барып, кірпіш алып келіңдер», – деді. Қирағат бар. «*Әтуни зубәра әл-хәдид*» («Маған темір тақтайларды алып келіңдер»). Алып келді, екі таудың арасына кірпіш секілді. «*Хәттә изи сәуә бәйнә әс-сәдәф 'әйни*» («Екі таудың арасын толтырып, бірдей жасады»). Содан кейін астына қойып, көмір секілді өртеді. «Бәрі от болғанша үрлендер, – деді. «*Қалә әнфуһу хәттә изә жә'ләһу нәран*» («(Ол): «Жанып қып-қызыл шоқ болғанша үрлендер», – деді»). Содан кейін: «Смола алып келіңдер», – деді. Смоланы еритсе мыс болады. Себебі Сүлеймен (ғ.с.) қиссасында «*Уә әсалнә ләһу 'әйнә әл-қитр*» («Біз оған мыс бұлағын ағызып қойдық») деп айтылды.

(Кейбіреулер) ағатын (балқыған) мыстан сел жаратты дейді. Сол мысты темір арасына қойып, қатты соқты. Темірдің арасында балқыды. Темір тау болды. Бір қорған темірден, екінші қорған қызыл мыстан (болды). Үстінен ел өте алмайды және ол отта өте алмайтын болды. «*Қалә 'әтуни уффриг 'әләйһ қитран уә мәс та'у ән йәзхәруһу уә мәс тәта'у ләһу нәқбән*» («(Ол): «Маған ерітілген мысты алып келіңдер, оның үстіне құяйын. (Кейін олар (Йәжуж-Мәжуж) оның үстіне шығуға және оны тесуге күштері жетпейді», – деді»).

(Кейбіреулер) екі таудың арасы жүз иғаштық жер еді дейді. Суға дейін жерді қаздырып, елу иғаш бір тамның ені болды. Темір және мыспен бетін жапты. Біткен уақытта Зұлқарнайын: «Мына менің күш-қуатымнан емес. Алла Тағаланың мейірімінің арқасында», – деді. «*Һәзә рахмәтун мин рабби*» («Бұл менің Жаратушымының мейірімі»).

Мәуләнә Мәжиддин Андигани (Оған Алланың мейірімі болсын) (өз) тәпсірінде былай дейді (деп жазады): «Халифалардың біреуі Әбу Жақып Тарижиманиға елу адам мен бес қашыр жүгіндей алтын берді. Барып, Зұлқарнайынның қорғанын көріп келіңдер деді. Олар Бағдаттан шығып, Шығысқа барды. Зұлқарнайынның қорғанына жетті. Ұзындығы мен енін көрді. Мыс балқытып, тас қазғанын көрді. Қорғанға Зұлқарнайынның шығып-түсуі үшін екі ағаштық есік жасатқан екен. Сол есікті өлшеді, ұзындығы отыз аршын шықты. Және сол есікті құлыптап, кілтін бір жерге қойған екен. Сол кілттің он сегіз тісі бар еді. Бәрі темірден. Оларды көріп, екі жарым жыл дегенде Бағдатқа келді. Халифаға: «Және қайтарда Самузкентке сегіз иғаштық жерден өтіп келдік», – деді.

(Кейбір деректерде) олар (йәжуж-мәжуждіктер) төрт түрлі. (Олар): бірі – Йәжуж, бірі – Мәжуж, бірі – Масмағ, бірі Кимит делінеді. Күнде қорғанға келеді. Күннің көзі көрінгенше ашуланып қорғанды қазады екен. Сонда кеш (қараңғы) болады. «Шаршадық, қалғанын таңертең келіп жалғастырамыз», – деп кетеді. Таңертеңгісін келсе, Тәңірдің жарлығымен (қайта) көміліп қалады. Күндегі ісі осы. «*Иниалла*» («Алла қаласа») демейді. Олардың шығатын уақыты болған уақытта Жаратушы Алла олардың біреуіне иман нәсіп етіп, ол мұсылман болады. Кеш болғанда

(олар): «Ертең келіп қалғанын істейміз» десе, жаңағы мұсылман болғаны «*Иншиалла*» («*Алла қаласа*»), – дейді. Ертесіне келсе, баяғы қазған жерін (сол қалпында) көреді. «*Фә изә жәә уә'ду рабби жә'әләһу дәкқә'әуә кәнә уә'ду рабби хәққан*» («*Жаратушымның уәде еткен күні келсе, мұның быт-шытын шығарады. Және Жаратушымның уәдесі хақ*»). Содан кейін жер бетіне тарайды. «*Хәттә изә футихәт Йәжужу уә Мәжужу уә һум мин кулли хәдәбин йәнсилун*» («*Йәжуж-Мәжуждің қорғандары ашылған уақытта олар әрбір биіктен шығып келе береді*»). Кездескенді жейді, дария суын тауысып ішеді. Сол уақытта Иса пайғамбар көктен түседі. Дажжалды өлтіреді. Халық құтылып, үйлеріне қайтқанда Йәжуж бен Мәжуж кездеседі. Әрбірі таудан асып түседі. Иса (ғ.с.) дұға жасап, бәрі көр болып өледі, сасиды. Иса және дұға жасайды. Жаратушы Алла су жібереді. Сол өліктерді мұхитқа ағызады. Және таулар құрғап, жерді кептіреді.

(Деректерде) Расул (ғ.с.) мүшіріктерге осы қиссаны айтып берді делінеді. Асхаб ул-Кәһфті (де) айтып берді. Тәуратпен салыстырып еді, бір әріпі артық шықпады. Әбу Жәһіл (Оған лағынет болсын): «*Сәхирани һәзә уә Мусә сәзахәра уә иннә бикуллин кәфирун*» («*Екі сиқыршы шықты, біреуі – мынау, екіншісі – Мұса. Біз бәрін теріске шығарамыз*»), яғни «Тағы бір сиқыршы сенсің, біреуі – Мұса. Сол себепті сөздерің бір жерден шығып жатыр. Біз сендерге кәпірміз», – деді.

Зұлқарнайын және сол жерден жүріп кетті. Шығыс жаққа адам жіберді. Ғалымдар мен патшаларды жиып: «Сендер кітап ішінен ұзақ жасаудың амалын таптыңдар ма? Айтыңдар, амалын жасайық, Жаратушыға мойынсұнайық», – деп сауал тастады. Бір жігіт атып тұрып: «Адам Сафи өсиет еткен кітапты көрдім. Жаратушы Алламен бірге жетпіс бір жол бар. Кәпірдің арғы жағында бір бұлақ бар. Суы сүттен ақ, балдан тәтті, сары майдан жұмсақ. Кімде-кім одан бір жұтым (су) ішсе, қияметке дейін өлмейді», – деді де ғалымдарға қарап: «Менімен жүріңдер, сол суды іздеп табайық», – деді.

Ғұламалар: «Бізді алып барма. Барсақ, қайта алмаспыз. Кенет сол жерде бір ғалым қалып койса, барлық әлем қарайып, опат болып жүрер», – деді. Оларды тастады (ол сұрақты қойды).

(Зұлқарнайын): «Қара малдың ішінде ең зерегі қайсы?» – деді. (Олар): «Бәрінен тетік, өткір көзді құлындамаған жас байтал», – деді. Зұлқарнайын алты мың (тағы бір деректе жиырма мың) байтал дайындады. Қызырды екі мың адаммен жіберді. Қызыр: «Қараңғыда әскерден айырылсам, не істейін?» – деді. Зұлқарнайын қазынадан бір гауһар шамшырақ шығарып, Қызырға берді де: «Қашан әскерден айырылсаң, мына гауһарды шығар. Осының жарығымен әскерді табасың», – деді. Қызыр кетті. Содан кейін Зұлқарнайын төрт мың адаммен аттанды. Ұлын өз орнына қалдырды. Он екі жылдық азық көтеріп (қалдырып), (сонда) қалғандарға: «Мен он жылда келмесем, сендер өз қамдарыңды жасаңдар», – деді.

Қызыр барып, қараңғыда жүріп, жолдан адасып, әскерінен айырылды. Баяғы гауһарды шығарып, жоғары көтерді. Соның жарығымен әскерін тауып, қайтып келді. Қараңғыда жүргенде күн жарығын көрді. Ескендір әскерге: «Сендер мұнда тұра тұрыңдар. Мен барып не ғажап екенін көрейін», – деді. Біраз жүрді. Бір үлкен сарай көрді. Сарайға кіргенде қарлығаш секілді бір құс көрді. Ол құс Ескендірге: «Мұнда не үшін кірдің? Жарық жаһан патшалығыңа қанағаттанбадың ба?» – деді.

Зұлқарнайын: «Мәңгі суын іздеп келдім», – деді.

Ол құс: «Жақсы киім киюді, биік ғимараттар салуды халық үйренді ме?» – деді.

Зұлқарнайын: «Үйретті», – деді. Құс бір сілкініп еді, сарайдың үштен бірі толды.

(Ол құс): «Арақ ішуді үйренді ме?» – деді және.

(Зұлқарнайын): «Үйретті», – деді. Құс және сілкініп еді, сарайдың үштен екісі құсқа толды.

(Ол құс): «Чанг, тамбур (домбыра), кобыз шалуды үйренді ме?» – деді.

(Зұлқарнайын): «Үйретті», – деді. Құс және бір рет сілкініп еді, сарайдың іші толды.

Зұлқарнайын қорқып кетті.

Құс: «Қорықпа, мен Ібіліспін», – деді де: «Халық кәлімәи шаһадатты («Иман куәлік сөзін») қойды ма?», – деді.

(Зұлқарнайын): «Қоймады», – деді. Құстың үштен бірі қарайды.

(Ол құс): «Жүніптіктен кейін ғұсыл қылуды қойды ма?» – деді.

(Зұлқарнайын): «Қоймады», – деді. Бәрі қарайып, бұрынғы хәліне қайта келді.

(Ол құс): «Мына сарайдың үстіне шық», – деді. Шығып еді, бір аяғы алдында, бір аяғы артында болған біреуді көрді. Сүрін аузына салып, жоғары көкке қарап, үргелі тұр. Ол Исрафил еді.

(Біреу) Зұлқарнайынға (қарап): «Жарық дүниені қойып, қараңғылыққа неге келдің?» – деді.

Зұлқарнайын: «Мәңгі суын іздеп келдім. Ұзақ жасап, Жаратушыға құлшылық қылайын дедім», – деді.

Сол біреу Зұлқарнайынға: «Мысықтың басындай бір тас бар. Одан көп ілім табасың», – деді. Қайтып әскеріне келіп, жүрмекші болған кезде аяғына тастар тиді. «Бұл не екен?» – деген уақытта: «Бұны алған да, алмаған да өкініште болады» деген дауыс келді. Біреуін алып қараңғыдан шыққан уақытта бәрі зүмүрред, жасыл зәбәржәд екенін көрді. Біреу беріп жіберген тасты алып, ғалымдарға көрсетіп: «Мына таста қандай хикмет бар?» – деп сұрады.

(Олар): «Таразыға тарт, бір жағына мынаны (сол тасты) қой, екінші жағына басқа нәрсені (қой)», – деді. Солай істеп, бір жағына неше тас, темір салып еді, ана жағы ауыр келді. Ғұламалар таң қалды. Қызыр бір мақамда отырып күлетін. «Бұл қандай хикмет?» – деп сұрады.

Қызыр: «Мына тастардың бәрін алып, тастың орнына бір уыс топырақ салындар», – деді. Тастарды алып, орнына бір уыс топырақ салып еді, тең келді. «Бұл қандай хикмет?» – деп еді, Қызыр: «Мұның хикметі – Жаратушы Алла барлық дүниенің патшалығын берді. Сонда да тоймайсың. Лахадқа (көрге) кірсең, бір уыс топырақпен тоясың», – деді. Зұлқарнайын бұл сөздерді насихат (ретінде) алды. Дүниені тастап, заһид (діндар) болды. Әскерге рұқсат берді.

(Деректерде) (Зұлқарнайын) дүние патшалығына қол жеткізген уақытта оған анасы хат жіберді. Хатта мынау (жазылып) еді: *«Йә мәлику мәләкәт әл-биләдә билфурсәни фәжстәһид ән тәмликә әл-кулубә бил-ихсәни»* («Ей, патша, шаһарларды батырлардың көмегімен қолға алдың, (енді) жақсылықпен жүректерді жаула»). Мағынасы мынау: «Ей, патша, елдерді әскермен (алуды) енді тоқтат. Көңілдерді жақсылықпен аларсың».

Содан кейін Зарғат әл-Жандалға барды. Сонда Жаратушы Аллаға құлшылық жасады. Сол жерде дүниеден өтті. Алтын сандықтың ішіне қойып анасы Искандарияға жіберді.

(Кейбіреулер) Зұлқарнайын дүниені абаттандырып, ғимараттар салды. Қустантинияда бір камал тұрғызды. Жеті рет айналмайынша, оған кіру мүмкін емес. Ол қамалдың суреті мынау. Қустантиния қабырғасы мынау:

АСХАБ УЛ-КӘҒФ ҚИССАСЫ МЫНАУ

(Деректерде) Румда Дақиянус есімді өте құдіретті бір патша болғандығы айтылады. Оның уәзірі бар еді. Әскері есепсіз болатын. Тағы бір патшамен жағаласып, соғысты. Ол патша жеңіліс тауып, өлтірді. Сол патшаның алты ұлы бар еді, тұтқындап алып келді. Өзін Тәңірмін деп (аузына топырақ толсын) өзіне сәжде жасататын. Бір күні дұшпан келеді деген хабар келді. Дақиянус оны есітіп, қорқып, дірілдеп кетті. (Кейбіреулер) сарайда тақ үстінде отырғанда сарай түндігінен екі мысық төбелесіп, мырылдап түсті дейді. Дақиянус патша мысықтардың даусынан шошып, естен танып қалды. Мұны көрген алты ағайынды: «Бұл Тәңір бола тұра мысықтан неге қорқады?! Біз бұдан кетейік, шынайы Тәңірді табайық», – деп, қашпақшы болып ақылдасты. Тамлиха: «Шоқпармен дабыл соғарда, сарай жақа келе жатқанда ақырын соғындар. Далаға бара жатқанда қатты соғайық. Сол қашатын уақытымыз болсын», – деді. Сол уақытта Дақиянус айнала төңіректі тамашалайтын. Кімде-кім жақсы соқса, шапан кигізетін. Бір күні осы себеппен

екі иғаш жерден дабыл соға барды. Онда таза киімдерді салды. Қастарына киім жасырып келіп еді, соларды киді. Жалаң аяқ бара жатқан уақытта бір қойшы жолығып: «Қайда барасыңдар?» – деп сұрады.

(Олар): «Тәңірді іздеп барамыз», – деді.

Қойшы: «Мен де сендермен барамын. Сабыр етіндер, қойды иесіне тапсырайын», – деді. Күтті, қойды иесіне тапсырды. Қойшының бір иті бар еді. Аты Қазқазин еді. Сол ит те оларға ерді.

(Деректерде) олардың аттары – Тамлиха, Игсиг, Мина, Марталус, Сарриниус, Зуанас, қойшының аты – Кафиттинус, итінің аты Қитмир екендігі айтылады.

(Олар) қойшыға: «Итіңді қу, кетсін. Бізге ермесін. Біз жасырынған уақытта ит үрсе, біреу есітіп қалады», – деді. Қуды. Ит кетпеді. Тас, кесекпен ұрып еді, (бәрібір) кетпеді. Жаратушы Алла сол итке тіл бітіріп, «Мені не үшін қайтарасыңдар, сендер барған Тәңірге мен де барамын», – деді. Сол сөзді естіген уақытта, итті ұстап, мойындарына көтерді. Үңгірге кіріп, жатып ұйықтады. Ит екі аяғын есікке қойып ұйықтады. Дақиянус оларды іздеп таба алмады. Бір күні ауға шықты, алыстан үңгір көрді. Олар ұйықтап жатыр еді. «*Фә зәрабнә 'әлә әзәниһум фи әл-кәхфи сининә 'әдәдән*» («*Кейін Біз үңгір ішінде бірнеше жылдар бойына олардың құлағына перде тығып қойдық*»). Барып сол үңгірге кірді. Олардың аяқтары жарылып, беттері шаңға көміліп жатқанын көрді. Қатты ойлады. Дақиянус: «Барлық халық жиылса, бұларға мына іс жасалмайтын еді. Бұлар өздеріне өздері жасады», – деп қайтты. Жаратушының жарлығымен үш жүз жыл тоғыз ай үңгірдің ішінде қалды. «*Уәләбису фи кәхфиһум сәләсә миәтин сининә уәздәду тис 'ән*» («*Және олар үңгірде үш жүз жыл ұйықтап қалды және тоғыз жылды қосыпты*»).

(Біреулер) тоғыз ай еді дейді. (Енді біреулер) тоғыз күн деді. Осы күндер өткен уақытта (олар) оянып: «Мұнда жатқанымызға қанша болды?» – деді. Тамлиха: «Бір күн болды», – деді. Және күнге қарады. Жататын кезде күн мына жақта еді, енді қайтып, әрі барыпты. «*Қалу қаилун минһум кәм ләбистум қалу ләбиснә әйумән әу бә 'зә әйумин*» («*Олардың біреуі: «Қанша уақыт жаттық екен?»* – деді. «*Бір күн немесе одан да азырақ жатқан болармыз»,* – деді»). Және: «Қанша болғанын Алла Тағала жақсырақ біледі», – деді. «*Қалу раббукум ә'ләму бимә ләбистум*» («*(Олар): «Қанша жатқанымызды Жаратушыларың жақсы біледі»,* – деді»). Және: «Біреуді ақшамен елге жіберіңдер», – деді. «*Фәб 'әсу әхәдәкум биуәриқикум һәзиһи илә әл-мәдинәти*» («*Енді біреуіңізді мына пұлмен қалаға жіберіңдер*»). «Қандай тамақ артық екенін барған адам көрсін. Соны алып келсін. Олармен өз тілінде сөйлессін. Кім екенін білмесін», – деді (олар). «*Фәл йәнзур әйуһә әзкә тә 'әмән фә әл-йәтикум биризқин мин һуә әл-йәтәләттәф*» («*Ол қандай тамақ жақсырақ екенін жақсылап қарасын және сендерге сол жерден бірер ризық алып келсін. Өте сақтықпен қимылдасын*»).

(Деректерде) қарилар Құранның барлық әріпін санап, екіге бөледі, «*Уә әл-йәтәләттәфтің*» екінші «ләмінде» Құранның жартысы болады, делінеді.

(Олар): «Барған адамды біліп қойса, таспен ұрады немесе өз діндеріне кіргізеді. Содан кейін құтыла алмайсың», – деді. «*Иннәһум ин йәзхәру 'әләйқум йәржумуқум әу йу'дикум фи милләтиһум уә лән туфлиһу изән әбәдән*» («*Егер олар біліп қалса, сендерді тасборан етеді немесе өз діндеріне қайтарады. Әне, онда сендер әсте көмек таба алмайсыңдар*»).

Тамлиха ақша алып, (жолға) шықты. (Арада) көптеген жылдар өткендіктен, жолдар өзгеріп кетіп еді. Базардың жолын білмеді. Өзінше: «Мен әлі ұйықтап жүрген болармын», – деп ойлады. Базарға кірді, наубайға бар ақшасын берді. Таразыға тартты, алты батпан келді. Наубайшы Тамлихаға қарап: «Сен қазына тауып алған шығарсың. Мені де серік қыл, немесе патшаға айтамын», – деді.

Тамлиха: «Бұл не деген сөз? Біз өткен күні тауға шықтық. Қарнымыз ашып, тамақ алғалы келдім. Ақшаны алып, нан бер», – деді. Наубайшы көнбеді. Тамлихананы патшаға алып барды.

Патша Ястағад есімді мұсылман еді. Халқы да мұсылман болатын. Тамлиха бұл патшаны Дақиянус деп ойлады.

Патша: «Кімсің?» – деп сұрады. Тамлиха өз жағдайын айтып берді. Таң қалды. Патша ғалымдарды жиып: «Кітаптарда бұл сөз бар ма?» – деп сұрады.

Бір жігіт: «Мен кітаптан таптым. Дақиянус тұсында алты жігіт қашып, тауғы кіріп, ақырет күні хабарларын білдіреді, үңгір ішінде қалған екен», – деді.

Ястағад патша: «Аттанып, барып көрейік», – деп, үңгірге жақын келген кезде, Тамлиха: «Сіздер ақырын келе беріңіздер, мен барып Дақиянус емес екеніңізді барып айтайын, қорықпасын», – деп үңгірге кіріп: «Патша келді», – деді. Дақиянус екен деп, бәрі естен танды. Тағы бір риуаятта бәрі кірді, сұрап сөйлесті, жауап берді, әуелгі қалпына барды делінеді.

(Деректерде) сол елде халық екі топқа бөлінетін еді дейді. Біріншісі Тәңір жанды тірілтіп, тәнді тірілтпейді дейтін. Екінші топтағылар тәнді де жанды да тірілтеді дейтін. Бұларды көрген уақытта тәнді де тірілтетінін білді. Бәрі иман келтірді. Бұрынғы мұсылмандар: «Ол үңгірдің үстіне рабат (кесене) салындар», – деді. Кейінгі мұсылмандар: «Мешіт салындар», – деді. Мешіт тұрғызды. «*Қала әл-ләзинә галәбу 'әлә әмриһим ләнәттәхизәннә 'әләйһим мәсжидин*» («Өз істерінде жеңіске жеткен адамдар: «Бұлардың жанына бір мешіт құрамыз», – деді»).

Яғфунилар: «Олар үшеу, төртіншісі ит», – деді. Ястурилар: «Бесеу, алтыншылары ит», – деді. «*Сәйәқулунә сәләсәтун раби 'уһум кәлбуһум уә йәқулунә хәмсәтун сәдисуһум кәлбуһум*» («Олар үшеу еді, төртіншісі ит болатын деді, енді біреулер олар бесеу, алтыншысы ит болатын деді»). Ол сөздері жорамал, анық емес. Мұсылман тегі. Сегізіншілері ит. «*Ражмән би әл-ғайб*» («Ғайып түрде күмән етіп»). «*Уә йәқулунә сәб'әтун уә сәминуһум кәлбуһум*» («Кейбіреулер: «Олар жетеу еді, сегізіншілері ит болатын», – деді»). Айт, ей, Мұхаммед, Тәңіріміз біледі. Санын білмейді, тек аз ғана (топ) біледі. «*Қул рабби ә'ләму би 'иддәтиһим мә йә'ләмуһум иллә қалил*» («(Ей, Мұхаммед,) олардың санын Жаратушым жақсырақ біледі, оларды аз адамдар ғана біледі» де»).

Абдулла ибн Аббас (Алла одан разы болсын): «Мен сол азғантайдың ішіндемін. Мен олардың жетеу екенін білемін. Сегізіншілері – ит», – деді.

(Деректерде) (оардың) жетеу екеніне дәлел мынау: Жаратушы Алла: «*Қала қашлун минһум кәм ләбистум*» («(Олардың біреуі): «Қанша уақыт жаттық екен?» – деді) деген. Деп сұраған біреу. «*Қалу ләбиснә йәумән*» («Бір күн жаттық», – деді») деген үшеу. «Қалу» – «олар айтады» көпше түрде (тұр). Және: «*Қалу раббукум ә'ләму бимә ләбистум*» («(Кейбіреулер): «Қанша уақыт жатқанымызды Жаратушымыз жақсырақ біледі», – деді»). Мұны айтқандар да үшеу. Мұнда да «Қалу» дейді. Егер қоссақ (бәрі) жетеу болады.

(Деректерде) Жебірейіл жамбастары шірімесін деп, жылына екі рет келіп оларды оңынан солына аударып кететін делінеді. (Деректерде) үңгірдің аузы солтүстікке қараған еді, күн тиместен олар көлеңкеде болатын дейді. Жаратушы Алла сол тауда қорқынышты айбат жаратты. (Кейбіреулер) Жаратушы Алла оларға қызметшілер дайындады. (Олардың) қызметтерін қылып, тырнақтарын алып, шаштарын қысқартатын еді дейді. (Енді біреулер) Муауия оларды көрмекші болып барды. Жақын келген кезде таспен атты. Ешкімді көрместен қайтты дейді.

АСХАБ УЛ-ФИЛ ҚИССАСЫ

(Деректерде) Меккеден Шам аймағына керуен барып, сауда жасап қайтты. Қайтатын кезде бірнеше әделсіз жігіттер олардың Саржан атты пұттарын отқа өртепті делінеді. (Кейбіреулер) әдейі өртемеді, алайда өз құрал-жарақтарына от тигенде байқаусыз түсіп кетті дейді. Ол пұттың іші ағаш, тас және алтын еді. Патшаларының аты Асмаха еді, лақап аты Яқшум болатын. Оған хабар жеткен кезде қайғырды.

(Деректерде) Иемен әскерінің үлкендері келіп: «Ей, патша, қайғырма. Өз мал-дүниемізден саған тарту етіп берейік. Бұрынғыдан жақсырақ болсын. Және Меккеге барып, бізге не істесе, біз де олардың Қағба деген үйін қиратайық, мал-дүниесін алайық, ұл-қыздарын тұтқын етіп алып келейік», – деді дейді.

Патша көп әскер жиды. Сол әскерге Әбраһа ибн Асрам мен Әбраха Сабахты қолбасшы етті. Соғысқа жарасын деп пілдер берді. Осы Әбраха әскер бастап келді. Меккеге бір күндік жер қалған кезде аялдады. Әбді Мүтәліптің түйелері сонда (жайылып жүр) еді. Олар (оның иесінің кім екенін) білетін еді, барлық түйелерді алды. Түйеші қашып, Меккеге келді де: «Ей, Мекке тұрғындары, Меккені бұзғалы, ұл-қызды тұтқындағалы есебі жоқ әскер келе жатыр», – деді. Әбді Мүтәліп атқа қонып, сол әскерге келді. Әбді Мүтәліптің сол әскердің ішінде бірнеше достары бар еді. Соларға: «Әуелі менен бастадыңдар, түйелерді маған беріңдер (қайтарыңдар)», – деді.

(Олар): «Бүгін берсек, ертең және аламыз. Қағбаны бұзғалы, ұл-қызды тұтқындағалы келдік. Сен түйелерді сұрағанша, Қағбаны сұрамайсың ба?» – деді.

Әбді Мүтәліп: «Түйелерді өзім үшін сұрап тұрмын. (Ал) Қағбаның өз иесі бар, (сол) сақтайды», – деді. Түйелерді берді, алып Меккеге қайтты. Әбді Мүтәліптің белінен нұр шығып Қағба жаққа түсті. (Әбді Мүтәліп): «Ей қауымым, сүйінші! Жаратушы Алла Қағба халқына көмектеседі», – деді.

(Қауымы): «Қайдан білдің?» , – деді.

(Әбді Мүтәліп): «Мына нұр кімде болса, Жаратушы Алла соған көмектеседі», – деді. Содан кейін құрайыштың үлкендері Әбді Мүтәліптің қасына жиналып: «(Оны) бек сайлайық», – деп кеңесті. Әрқайсысы бір сөз айтты. Әбді Мүтәліп: «Менің сөзім – әрқайсымыз бір түйе шығарайық. Қағба үшін бір әскерге жіберейік. Олар түйелерді бауыздап жейді. Жаратушы Алла жеткізеді», – деді. Басқалар да бұл ұсынысты сауап деп тауып, әрқайсысы бір түйеден шығарып, әскер жаққа жіберді. Хабашилар жабылып, түйелерді өлтірді. Бауыздамастан бұрын қылышпен ұрып, бөлшектеп тастады. Сол күні сонымен айналысқан уақытта Мекке халқының бәрі елден қашып кетті. Ертесіне Меккеде Әбді Мүтәліп пен бір соқырдан басқа ешкім қалмады. Бәрі тау үңгірлеріне барып жасырынды. Әбді Мүтәліп жаңағы соқырдың қолынан ұстап, Хира тауына шықты. Бір түн аялдады. Әскер де аттанып, Қағбаны ойран еткелі қозғалды. Сол кезде аспанда есебі жоқ құстар көрінді. Бәрі аппақ. Аяғы мен тұмсықтары қызыл. Әрқайсысының тұмсығында топырақтан пісірілген бір-бір тас. Көлемі лобия секілді ұшып келді. Қағбаны бір айналды да, аспанда топтасты. Әбді Мүтәліп: «Мұндай құстарды көрген жоқпын. Не үшін келді екен?» – деді. Соқыр кісі: «Меккеге көмектескелі келген болар», – деді. Бәрі топтасқаннан кейін әскер жақа лап қойды. Сол уақытта күн жоғары көтеріліп қалып еді. Әбді Мүтәліп: «Әскер кешікті. Опат болды ма екен?» – деп, Меккеге кірді. Біреу-міреу кездесіп қалмасын деп қорықты. Ешкім жолықпады. Әскер тұрған жерге барып көрді. Барлық әскер қырылыпты. Тірі қалған ешкім жоқ, бәрі қураған жапырақтай болып қалыпты. *«Фә жә'әләһум кә'әсфин мәқул» («Кейін олар жайылған сабан етіп тасталды»)*. (Кейбіреулер) Жаратушы Алла олардың бәрін опат етті, қара малы да қалмады дейді.

Абдулла ибн Аббас (Алла одан разы болсын) риуаят етеді: «Уммаханның үйіне кірдім. Сол тастың бірнешеуін көрдім. Үлкендігі лобиядай, ортаншысы ноқаттай, кішкентайы жасымықтай.

(Деректерде) сол тасқа сары жазумен бір есім жазылған еді делінеді. Әр адамға арналған тас әр құстың тұмсығында болатын дейді. Сол құс тасты атқан уақытта, аты жазылған адамның басына тиетін. Одан өтіп, атынан да өтіп, екеуін де өлтіретін. Ол құс аты жазылғаннан басқаны ұрмайтын. Аты жазылған әскер ішінен ғайып болса, жаңағы құс оны іздеп барып, тұрған жерінде таспен ұрып, екеуін де өлтіретін.

(Кейбіреулер) Әбді Мүтәліп солай болғанын көргеннен кейін, киімдері мен қару-жарақтарын, алтын-күмістерін жиып, екіге бөлді дейді. Бір бөлігін соқырға беріп, екінші бөлігін өзі алды

дейді. Ор қазып көмді. Содан кейін Меккеге келіп: «Жаратушы Алла дұшпандарыңды қалай опат еткенін келіп көріңдер», – деп жаршы шақыртты. Мекке халқының бәрі келді. Олардың мал-дүниесін алды. (Кейбіреулер) қырық жылға дейін жиятын еді дейді. (Енді біреулер) қырық жылға дейін шатыр ағаштарын өртеді дейді. (Тағы біреулер) Асхаб ул-Филда қалған қалдықтар Әбді Мүтәліптің өмірінің соңына дейін таусылмады дейді. Мұхаммед Расулулла өміріне дейін таусылмады. Әбу Бәкір Сыддық уақытында да таусылмады. Мұсылмандар әмірі Омар (Алла одан разы болсын) уақытында таусылды дейді. «*Әләм тәра кәйфә фә’әлә раббукә биәсхәби әл-фил*» («*Жаратушының піл иелеріне не істегенін көрмедің бе?*»).

(Кейбіреулер) сол піл Әбді Мүтәліпке сәжде жасады дейді. Бәрі аң-таң қалды, себебі патшалардан басқаға сәжде жасамайтын еді. Алайда ғұламалар сәжде Әбді Мүтәліпке емес, қолындағы нұрға еді дейді. Сол нұр Мұхаммед Расулулланың нұры болатын.

(Деректерде) бұл оқиға Мұхаммед Расулулланың туылуынан жиырма үш жыл бұрын (болған) еді делінеді.

МҰХАММЕД РАСУЛУЛЛА (С.Ф.С.) НЫҢ ТУЫЛУ ҚИССАСЫ

Ол – «*Ләәмрукә*» («*Сенің өміріңмен ант ішемін*») тәжді, «*Ләу ләкә ләмә хәләқту әл-әфләк*» («*Егер сен болмағаныңды, әлемді жаратпаған болар едім*») оңтайлы, «*Жәһиди әл-куффәра уә әл-мунафиқин*» («*Ей, Мұхаммед) кәпірлер мен мұнафықтарға қарсы жиһад жаса*») жиһадты, «*Уә ләсәуфә йу’тикә раббукә фә тарза*» («*Сенің Жаратушың тез саған барлық нәрсені береді және сені риза етеді*») мұратты, «*Мухәллиқинә руусәкум*» («*Шаштарыңды алдырған қалпы*») басты, «*Кунту нәбийән уә Әдәму бәйнә әл-мәәи уә әт-тини*» («*Адам атамыз лай мен судың арасында жатқан кезде, мен пайғамбар едім*») жасты, «*Уә әз-зухә*» («*Сәске уақытына*») белді, «*Уә әл-ләйли изә сәжә*» («*Тым-тырыс түнге серт*») шашты, «*Уә йәқулунә һуә ‘узунун*» («*Олар): «Ол (Мұхаммед) біздің сөздерімізді есітіп алушы құлақ», – деді*») құлақты, «*Фә рауһун уә райхәнун*» («*Онда хош иіс заттар мен райхандар бар*») мұрынды, «*Қад нәра тәқаллубә уәжһәкә*» («*Расында, жүзіңді аспан жаққа көбірек қарап тұруыңды біз көріп тұрмыз*») жүзді, «*Уә лә тә’ду ‘әйнәкә*» («*Көздеріңіз шектен асып кетпесін*») көзді, «*Уә мә йәнтиқу ‘әни әл-һәуә*» («*Ол өзінің қу нәпсісі туралы айтпайды*») сөзді, «*Әләм нәшрах ләкә садрак*» («*Сенің көкірегіңді ашпадық па?*») жүректі, «*Әнқазә захрак*» («*Сенің беліңді қайыстырған*») арқалы, «*Таһә мә әнзәллә ‘әләйкә әл-Қурәнә литәшиқә*» («*Ей, Таһә, Біз Құранды саған ауырлық болсын деп түсірмедік*») қадамды, «*Уә лә тәж’әл йәдәкә мәғлуләтун илә унуқикә*» («*Қолыңды мойныңа байлаулы етіп қойма*») қолды, «*Лә уқсиму биһәзә әл-бәләди*» («*Мына шаһардың атымен ант ішемін*») елді, «*Билисәнин ‘әрабийн мубинин*» («*Таза араб тілінде*») тілді, «*Уә әннәһу ләммә қамә ‘әбдуллаһи*» («*Және Алланың пендесі құлшылыққа тұрған уақытта*») бойлы, биік аспанды басына «*Жиуаж уә әс-сәмәә бәнәйнәһә биәйдин уә иннә ләмуси’ун*» («*Біз аспанды құдірет қолымызбен тұрғыздық және, әрине, біздің күшіміз жетеді*») қылды. Қара жерді аяғының астына төсеніш қылды, «*Уә әл-әрза фәрашнәһә фә ни’мә әл-мәһидун*» («*Және Біз жерді төседік. Біз қандай жақсы төсеушілерміз*»). Күнәлі жанның емшісі, Жаратқан Алланың сүйіктісі – МҰХАММЕД РАСУЛУЛЛАҢИ ‘ӘЛӘЙҢИ ӘС-САЛӘТУ УӘ ӘТ-ТӘХИЙӘТ («*Оған салауат пен тәхият болсын*»).

Алды дереу берген кезде Хақ пайғамбарлық шапанын,
Аттанып кезді түнде екі әлем патшалығын.
Төрт тарапта алты жақтан сегіз жұмақ болғанша,
Жеті ықылымда тұрады күнде күтер кезегін.
Көктегі барша періште күндіз-түні жәннатын,
Жүгіріп ай мен күн қылады күндіз-түні қызметін.

Бір ишарамен жарды айды жерді тербетіп,
Сөздері шын деп куәлік берді Құран үмметін.
Қаба қаусейнде пырақы болғанда сырласып,
Ағайын-туыс көбейтіп, сұрады күнәһар үмметін.
Аңсайтын еді жамалын әмбие, мүрсәл бәрі,
Өзіндей басқа пайғамбар болмады Хақ жақыны.
Бүгін «Аллаһуммә салли» дегін есітіп (оның) атын,
Ертең онда ішер болсаң кәусарының шәрбәтін.

Нә'ту әхирун нәби 'әләйһи әс-сәләм («Ақырғы пайғамбар (ғ.с.) ның нағты»):

Тәңірімізге шын болыссақ адамзаттың белгісі,
Шын пайғамбар ұлығы һәм елшілердің таңбасы.
Әмбие, мүрсәл бәрінің оңы мен солы үшін,
Ілгеріден көргеніндей көрді оның арқасы.
Бет бұрып Жаратушысынан қайтқан уақытта барша араб,
Тіл ашып берді белгілі інгені мен бурасы.
Істерімен ұнаса Мекке іші жиылып,
Өзі толған айдай жұлдыз еді төңірегі.
Тура білімді аш жүрген құрсағына тас байлап,
Болмады бидай асы һәм жоқ еді арпасы.
Өзі кілемде, аты ғарышта, беделі одан биік,
Жүзі күннен көп жарық, меңі айдың қалы.
Сұрағаны махшар күнінде үмметінің күнәсі,
Мінгені миғраж түнінде еді жұмақ жорғасы.
«Рахмәту әл-'әләмин» («Әлемнің мейірімдісі») деп айтты
Рахман мейірімін,
Әркім де қайдан білсін және Расулдың құрметін.
Мақтады «Мә зәғал бәсар» («Көз қиянат қылмады») деп өз
кітабында Хақ,
Әмбие, мүрсәл бәрінен оның биік беделі(н).
Ұйықтағанда Мұстафаны апарушымын дейтін,
Сидрадан өтерде аң-таң қалды, білді құрметін.
Келді кеңістікті кезіп, тапты ыстық орнын,
Таңырқап қалды халық Қадір Алланың құдіретін.
Мен Мұхаммед үмметімін деп жалған сөйлеме,
Не Жаратушы әмірін қылмайсың, не Расулдың сүннетін.
«Фәғислу» («Ғұсыл ал») оның әмірін ұста, «хафизу»
(«сақта») үкімін кезер,
Содан оның үмметі бол, тап сахаба сұхбатын.
Тұрма азат күнде «Саллу хәмсэнким» («бес уақыт
намазын»), ісін бітір,
Көрме дүние машақатын сен де қиямет айбатын.
Осы мұнды күнәһарларға ол қалай жабыспасын,
Бес намазын орындайды һәм бұйырған сүннетін.
Ей, Тәңірім, Ахмет есімді Мұстафаның құрметі,
Ол болар кезде айырма бізден иман дәулетін.
Көрмедік әдемі жамалын аңсаған дүниеде һәм,
Нәсіп ет, ей, Алла, көрейік ертең оның жәннатын.

Кім бүгін жанымен десе «Аллаһумма саллиди»,
Ертең жұмақ ішінде жесін неше алуан нығметін.
Саусақ ишарасымен ай жүзін жарушы (бөлуші),
Өтпеді Шын-Машында өзіндей шын жарытушы.
Ол думандай көп түмен тау тұрғызып жүз мың араб,
Келгенінде бір уыс топырақ атып тұрушы.
Ол қатты ішінде тас секілді дұшпан көңілді,
Жақсылықпен он үш жыл Мекке ішінде тұрушы.
Ол көріп мың мұғжизаны бет бұрған дұшпанын,
Кенеттен қызыл қанымен топырағын қорушы.

Мұхаммед ибн Абдулла ибн Әбді Мүтәліп ибн Хашим ибн Әбді Мәннәф ибн Құсай ибн Килаб ибн Мурра ибн Кағб ибн Лууай ибн Адий ибн Ғалиб ибн Фихр ибн Мәлік ибн Нәзір ибн Хузайма ибн Мудрикә. Уә умму Зубайр Сәфия ибн Әбді Мүтәліп. Уә умму Әли ибн Әбу Тәліп Фатима әл-Кубра бин Асад ибн Хашим. Уә умму Сағид Фатима бинт Нағжа ибн Умая әл-Хизағия ибн Сәхәратун нәси. Уә умму нәби Әминә бинт Уахб ибн Әбді Мәннәф ибн Заһра ибн Құсай ибн Килаб. Уә умму Әбдірахман ибн Ауф ибн Харис Уммунниса бинт Ауф ибн Харис ибн Мурра. Уә әләжәһу ибн Абдилләһ ибн Оспан ибн Химр ибн Кағб ибн Сағд ибн Тәйим ибн Мурра. Уә умму Хирбах ибн Абдулла ибн Қирт ибн Разах ибн Адий ибн Кағб. Салиха Сағба ибн Абдилләһ ибн Ад ибн Мәлік ибн Жаррах ибн Нәдим. Уә умму Омар Хумайра бинт Хашим әл-Муғира ибн Абдулла ибн Махзум ибн Ғалиб. Уә Әбу Убайда ибн Мурра ибн Амир ибн Абдилләһ Жаррах ибн Хилал ибн Нәзір.

Хабарда былай келеді: Бір күні Мұстафа (ғ.с.) Жебірейілден: «Ей, бауырым Жебірейіл, сенің жасың үлкен бе, менің бе?» – деп сұрады. Жебірейіл: «Ей, Расулулла, мен өз жасымды санаған жоқпын, алайда Нашрдамұқ деген бір жұлдыз бар. Отыз мың жылда бір рет туады. Оның отыз мыңыншы рет туғанын көріппін», – деді. Расул: «Менің жасым сенен үлкен екен, себебі бәрінен бұрын Жаратушы Алла менің нұрымды жаратты», – деді. *«Қалә 'әләйһи әс-сәләм: Әууәлә мә халәқа ... («Мұхаммед (ғ.с.): Әуелі жаратылған...»).*

Мұхаммедтің нұры Адам қиссасында айтылды. Ол нұр әуелі Адамның белінде еді. Адам белінен Хауа мейіріміне түсті. Және Шистың беліне келді. Осылайша аталар белінен аналар мейіріміне, аналар мейірімінен балалар беліне өтіп отырды. Кезекпен Абдуллаға жетті. Ол нұрды бәрі көретін, Мұхаммед Расулулла екенін бәрі білетін. Жұлдызшылар, балгерлер осындай уақытта шығады деп айтатын. Барлық ер, әйел сол нұрды қалайтын еді.

ХИКАЯ: Шам аймағы патшасының бір Фатима есімді қызы бар еді. Күйеуден жесір қалып еді. Ол құлдары мен қызметшілерімен бірге көп мал-дүние алып, Меккеге келді. Ел шетінде шатыр тігіп отырды. Абдулла аңға шығып, қайтып келе жатқанда сол шатырды көрді. «Мынау не екен, көрейін», – деп шатырға келді. Шамдық Фатима Абдулланың беліндегі нұрды көрді. Көңілі кетіп, қарсы жүрді. Абдулланы шатырға түсірді. Бір түйе сойды. Тамақ жеген соң кешірім сұрап, өзін алуын өтініп: «Шам аймағынан сен деп келдім. Сөзімді қабылдап, мені некелеп ал», – деді. Абдулла: «Мен қазір жайлаудан келе жатырмын. Үйге барайын, Әминаны көрейін. (Екінші) неке сұрап, сені алайын», – деп жолға түсті. Фатима бұл сөзге риза болып, неке қамына кірісе бастады. Абдулла үйіне келіп, Әминамен табысты. Сол сұхбатта нұр Әминаның мейіріміне өтті. Содан кейін Абдулла Фатима туралы әкесі Әбді Мүтәліпке айтты. Әбді Мүтәліп: «(Некелеп) ал», – деді. Абдулла аттанып, Фатимаға келді. Фатима Абдулланың белінен баяғы нұрды көрмеген соң: «Ей, Абдулла, Шам патшалары менің қолымды сұрады. Мал-дүние ұсынды. Мен оларды қабылдамадым. Мен сен үшін емес, беліндегі нұр үшін келіп едім. Енді сол нұрдан мақұрым қалыппын», – деп, «аһылап» өкініп, жолына кетті. Сол уақытта Әмина Мұхаммед Расулуллаға жүкті болатын. Алты ай өткен кезде әкесі Абдулла дүниеден өтіп, Әмина жалғыз қалды. Басын жерге соғып: «Мына ішімдегі сәбиімді не істейін, туғаннан

кейін қалай асыраймын? Ұлым деп қолымнан кім алады? Есейгенде кімді әкем дейді?» – деп зар еңіреп жылады. Әбді Мүтәліп күнде Әминаның қасына келіп отырып: «Ей, қымбатты келінім, көп қайғырма. Біздің бәріміздің қуаныш-сүйенішіміз сенің ішіндегі сәби. Әкесі Абдулла дүниеден өтсе, мен атамын. Күнде Қағбаға барып, Алла Тағалаға сиынып, бұл сәбиді бізге аман-есен тапсыр деп сұраймын», – деп айтатын. Тоғыз ай, күн дегенде дүйсенбі түні Әбді Мүтәліп Әминаның үйіне келді. Қайғырып, жалғыз отырғанын көрді. Әбді Мүтәліп: «Неге қайғылысың?» – деді.

Әмина: «Неге қайғырмайын?! Мен үйде жалғыз отырғанымда біреу келіп: «Ей, Әмина, бүгін сол соңғы түндегі құрметті (сәби) келетін түн. Тұрып, басыңды, мойныңды жу. Ешкімді қасыңа жолатпа», – деп айтты», – деді. Әбді Мүтәліп соны есітіп, көздерінен жас төгіп: «Ей, қызым, не десе, солай жаса. Мен Қағбаға барып, Қағбаның тұтқасын ұстап, есікке басымды қойып, Қағбаның Тәңірінен сұрайын. Бұл аманатты бізге тапсырсын. Қызым Атикаға айтайын, келіп сенің қасыңда отырсын», – деп шығып кетті. Әмина басын жуып, таза киім киді. Жылап отырды. Түн ортасында ешбір сыбдырсыз (үй) шатыры көкке көтерілді. Әлем көрінді. Барша жаратылыстың аспанда жиылып тұрғанын көрді. Олардың бәрі Абдулла ибн Әбді Мүтәліптің қызына ұқсайтын. Әмина: «Мен олардың жамалын көріп, аң-таң болып, есімнен танып қалдым. Біреуі: «Бізге неге қарайсың, біз бәріміз қызметшілерміз. Адн жәннатынан қызмет еткелі келдік. Бізді қой, әлем мақтанышына (сәбиге) қара. Біз бәріміз сол үшін келіп тұрмыз. Онымен көзің ашылсын», – деді. Қарасам, ұл босанған екенмін. Менің көзім түспесін деп, сол қолымен ұятты жерін жауып алыпты. Дереву сәждеге басын қойып, сөйлей бастады. Құлағымды түріп едім, «үмметім, үмметім» деп жатыр екен. Қолымды созып жумақшы болғанымда, үй ішінен: «Ей, Әмина, қолыңда тарт, ол таза, пәк», – деген дауыс келді. Жоғарыға қарасам, үйдің шатыры ашылған екен. Бір шөкім ақ бұлт келіп, сәбиді алып көкке ұшып шығып, көрінбей кетті», – дейтін.

(Деректерде) сол бұлтты Расулдың қас мұғжизасы делінетін. Тәурат, Інжіл және Зәбүрде Расулдың сипаты жазылған еді. Сол бұлт басынан соңына дейін Расулмен бірге еді. Расул дәрет сындырмақшы болса, жаңағы бұлт қорған болатын. Сол бұлт келіп, жұмақ мамығына орап, хош иісті иіссу жағып, көздеріне сүрме жағып, шаштарын тарап, анасының алдына қоя берді.

(Деректерде) ешбір адам баласы Расулдың кішкентай кезінде дәретін (нәжісін) көрмеді делінеді. Ер жеткен уақытта жер жұтатын. Күн ысыса жаңағы бұлт келіп көлеңке болатын. Шөлдесе, су беретін. Жалғыз қалған уақытта жаңағы бұлт сәлде секілді басында тұрып сөйлесетін. Бұл барлық христиандар мен жөйттердің Расулдың шығатынын күткен белгісі еді. Сол уақытта Расулдың әпкесі келіп, сыртта күтіп отыр еді: «Халің қалай?» – деп сұрады.

Әмина: «Ей, Атика, сүйінші. Ұлым болды, (ішке) кір. Саған айтып берейін, ғажайыптарды көр (тыңда)», – деді. Атика үйге кірді. Әмина көргендерін, хор қыздарының келгенін, үй шатырының ашылғанын, бұлт көтеріп алып кеткенінің бәрін айтып берді.

Атика: «Нәресте қайда?» – деді.

Әмина: «Ең қызығы, менің қол тигізуіме рұқсат бермеді. Бір ақ бұлт келіп, баламды қайда алып кеткенін білмеймін», – деп жылады. Осы сөзі айтып бола бергенде бұлт қайтып келді. Сәбиді Кәусар суына жуып, көзіне сүрме жағып, жұмақ хош иісінен сеуіп, жібекке орап алып келіп, Әминаның алдына қойды. Атика: «Қуанғаннан атып тұрып, сәбиді алып, қойныма салдым. Сондай тәтті иіс көрдім, ондай хош иісті бұл дүниеден көрген жоқпын. Сол түндей (керемет) түн дүниеде болған жоқ. Сол түні кисралар тауынан құлады. Шам патшаларының сарайлары құлады. Қайсарлардың қамалдары бұзылды. Барлық от өшті, жер бетіндегі пұттың бәрі бетін жапты. Барлық шайтандар жер бетінен әлем төңірегіне қашып кетті. Зілзала болды. Қорыққанын Қаф тауына сиынды. Таза еместер Ібіліске келіп: «Мынау не жағдай?» – деп сұрады.

Ібіліс: «Бұл түні құзыреттің (Алланың) жақындары Тахама жаққа енгенін көрдім, Мұхаммед дүниеге келген болуы мүмкін. Барып, хабар алып келіңдер», – деді.

Шайтандар Тахама жақа барды. Періштелердің қанаттарын бір-біріне жалғап тұрғанын көрді. (Тіпті) ине шанштын ашық жер жоқ. Алға барып, түсіндіріңдер десе, періштелер отты қарумен ұрып қуды. Шайтандар келіп көргендерін Ібіліске айтты.

Ол малғұн: «Мұхаммед (с.ғ.с.) ның дүниеге келгенінің белгісі», – деді.

(Шайтандар): «Одан қорқатындай Мұхаммед (с.ғ.с.) кім болыпты?» – деді.

Ол қарғыс атқар: «Мен үшін бүгінгі түннен жаман түн жоқ. Бұл адам мың жеті жүз жылдық менмендікті жояды. Бұл пайғамбардың арқасында барша пайғамбарлардың шарифатының күші жойылады. Осы адамның арқасында Жаратушы Алла құлдарының біреуі мың жыл немесе он жыл кәпірлік қылса, бір сағат оның жолына кірсе, барлық кәпірлігі жойылады. Бұл сондай адам, оның үмметінің біреуі бізге мойынсұнса және өмірін адасушылықпен өткізсе, бір рет өкініп, Мұхаммедке бір рет салауат айтса, Алла Тағала (жаңағы пенденің) барлық күнәсін кешіріп, жарылқайды. Бұл сондай адам, қияметтің күнінде «*Әмәннә биһи уә сатдақнә*» («*Оған сендік және берілдік*») түмен мың күнәһар оның шапағатымен кешіріледі», – деді.

Баяғы сөзімізге қайтайық.... Мұхаммедті бұлт алып келген кезде, Әмина сәбиге көкірегің тосып еді, ембеді. Атика: «Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар болғаннан кейін: «Ей, Расулулла, сол түні неге анаңның сүтін ембедің?» – деп сұрадым. (Пайғамбар): «Анамнан айырылатынымды білетін едім, сүтін ембедім, жүзін көрмейін дедім деп айтты», – деді.

(Кейбіреулер) жеті күн өтсе де сүт ембеді дейді. Және (біреулер) жиырма бес күн өтсе де ембеді дейді. Әбді Мүтәліп аң-таң қалды. Әмина сол қайғыдан ауырып дүниеден өтті. Расул әкесіз еді, (енді) анасыз қалды. Жарық дүние Әбді Мүтәліп үшін қарайды. «Ұлым дүниеден өтті, келінім де қайтыс болды. Ата-анасыз сәбиді мен қалай асыраймын», – деп жылады. Содан кейін сәбиді сүт-анасына берді.

РАСУЛ (Ғ.С.) НЫҢ ЕНЕСІНЕ БЕРГЕНІ ТУРАЛЫ

Арабта Бәни Сағд деген бір тайпа бар еді. Жылда олардан әйелдер келіп, меккеліктерден емізгелі сәби алып кететін. Бір жыл келіп сәби алды. Мұхаммедтің әке-шешесі жоқ деп, ешкім алмады. Әбді Мүтәліп шарасыз қалды. Бәни Сағд тайпасында әйелдері көп Харис деген адам бар еді. Өзі кедей тұратын. Бір қотыр түйесінен басқа ештеңесі жоқ болатын. Бәрі соның сүтімен жан бағатын. Соның (Харистың) Халима деген әйелі бар еді.

Әбді Мүтәліп: «Ей, Халима, мына ұлымды алып, сүт бер. Мен саған сондай шапағат жасайын, уақытың жақсы өтеді», – деді.

Халима: «Ей, бақытты араб, ұлыңды жаныма тұмар етейін. Егер бір нәрсе берсең де, бермесең де маған бәрібір. Үйіңе бар, артыңнан барайын», – деді. (Халиманың) мақсаты әке-шешесі бар нәрестені қалайтын. Тапсам алайын деп (іздеді), таба алмады.

Күйеуіне барып: «Ана жетімді алайын, бәрі (бір) тайпадан ғой», – деді.

Харис: «Ал», – деді.

Екеуі Әбді Мүтәліпке барды. Жиырма бес күндік сәбиді қолында ұстап отырғанын көрді. Әбді Мүтәліп: «Ей, Халима, уәдеге берік бол. Менің ұлыма сүт бер. Әке-шешесі жоқ деме. Мен әрі әке, әрі шешемін», – деді. Халиманың көзі сәбиге түсіп: «Жаным мына сәбидің жолында пида болсын, мұндай жылы жүзді сәби көрген жоқпын», – деді. Бұл Халиманың оң жақтағы көкірегі туылғалы бері құрғақ (сүтсіз) еді. Балаларына сол жақ көкірегінің сүтін беретін. Баланы алып, сол жақ көкірегіне алып барып еді, ембеді. Атика: «Ей, Халима, бұл бала туылғанына жиырма бес күн болса да, әлі сүт ішкен жоқ. (Тағы бір деректе, жиырма жеті күн дейді.) Аш. Бұл баладан ғажайып нәрселер көретін шығармыз», – деді. Халима оң емшегін беріп еді, емді. Солған емшектен Жаратушының құдіретімен сүт судай аға бастады.

САУАЛ: Баланың сол жақ емшекті ембеуінде қандай хикмет бар еді?

ЖАУАП: Сол емшегін емсем, балаларына қонақ болғандай боламын. Оң көкірегін емейін, қонақ та болмайын. Оң жақ сүт жеке менікі. Олар осыдан есеп, маған қонақ болсын.

Халима сол мұғжизаны көріп, күйеуіне келіп айтты. Содан кейін сәбиді алды. Өзінің қотыр түйелеріне отырғызды. Түйе тұрған кезде қотыры жазылды. Арық еді, семіріп, сүті аға бастады. Жолға түсіп, бұрын шыққан керуеннен үйлеріне ертерек жетті. Қай тайпа бұл түйені көрсе: «Мынау қотыр, сүті жоқ түйе емес пе еді?» – деп таңданды. Бұлар: «Ия, алайда мына нәрестенің берекесінің арқасында сүтті әрі әдемі болды», – дейтін. Жыл сайын баланы Меккеге алып келетін. Әбді Мүтәліп оларға тарту-таралғы беріп, қайтаратын. Осылайша төртке келді. Халима балаларын жайлауға қой-қозы бағуға жіберетін. Мұхаммедті жібермейтін. Бір күні Мұхаммед (с.ғ.с.): «Ей, ана, мына бауырларым күнде қайда барады?» – деді.

Халима: «Қой-қозы бағуға барады», – деді.

Мұхаммед: «Мені де жібер, бауырларыммен бірге барайын», – деді.

Халима: «Мен сені жайлауға жібермейтін едім, алайда сен барамын десең, жіберейін», – деп балаларымен қосып жібере тұрып: «Мұхаммедті шаршатпаңдар, аш қалдырмаңдар, жыласа маған бірден алып келіңдер», – деп тапсырды.

Екі иғаш жер жүрген кезде көктен екі ақ құс келіп, Мұхаммедті балалардың арасынан алып, көкке ұшып кетті. Биік жерге алып барып, Расулды шалқасынан жатқызып, көкірегін жарды. Жүрегін шығарып, бір алтын ыдыста жуып, қайта орнына салды. Алтын инемен жарасын тігіп, қанатымен сипады. Сол екеудің біреуі Жебірейіл, біреуі Микәйіл еді. Халиманың балалары оны көріп қорқып кетті. Аналарына жылап келіп: «Ей, ана, екеу келіп Мұхаммедті бізден алып кетті. Алып барып, қарнын жарып, өлтірді», – деді. Халима бетін тырнап, айқай салып, жалаң аяқ жүгіріп келді. Мұхаммедтің естен танып жатқанын көрді. Алдында су құйған жері, қарнында тілінген орны бар. Құрайыштар оны есітіп, жетіп келді. Ана Мұхаммед мынау деп жарылқады. *«Әләм нәшрах ләкә садрак» («(Мұхаммед), көкірегіңді ашадық па?»)*

Содан кейін Халима Мұхаммедті өзімен бірге қалдыруға қорқып, Әбді Мүтәліпке алып келіп берді. Әбді Мүтәліп Халимаға көп тарту-таралғы берді. Кешірім сұрап қайтарды. Расулды Әбді Мүтәліп құрметтейтін. Қағбада отырған уақытта Мұхаммедті (қасына) алып отыратын. Құрайыштардың диқандары Мұхаммедтің қасына келетін, зияны жоқ еді.

(Кейбіреулер) бір күні Әбді Мүтәліптің отыратын жерін анықтап тұрған уақытта Расул келді дейді. Құрайыш үлкендерінің бәрі отыр еді. Ешкімге ілтипат жасамастан, Әбді Мүтәліптің орнына отырды. Қызметшілерінің қайтарар зияны жоқ еді. Әбді Мүтәліп келген кезде, қызметшілер Мұхаммедті тұрғызбақшы болған уақытта, Әбді Мүтәліп: «Бұл орынға ол лайық», – деп тыйым салды.

Расул төртке келген кезде Әбді Мүтәліп ауырып жатып қалды. Өлім ауруы екенін білді. Дүниеден өтетін уақыт болды. Төрт ұлын шақырды. Біреуі – Әбу Ләхәб, екіншісі – Аббас, үшіншісі – Хамза, төртіншісі – Әбу Тәліп. Мұхаммедті өз жастығының үстіне отырғызды. Балаларына қарап: «Ей, перзенттерім, менің дүниеден өтетін уақытым болды. Еш өкінбеймін, тек Мұхаммедті уайымдаймын. Ұзақ өмір сүріп, мұның ізет-құрметін көргенімде қуанатын едім. Енді осы өкінішпен аттанып барамын. Мұхаммед жетімді тәрбиелеуге қайсыбірің мойындарыңа аласыңдар, сонымен уәде байласайын. Менің разылығым үшін уәдеге опа жасамайтын болар», – деді. Әбу Ләхәб тұрды. Бәрінен үлкен еді. Тізе бүгіп: «Ей, араб патшасы, Тәңір саған Мұхаммедтің ізетін көргенше ұзақ жас берсін. Егер Мұхаммедті маған берсеңіз, жаныммен қабылдайын», – деді.

Әбді Мүтәліп: «Ей, Әбу Ләхәб, сен бәрінен үлкенсің. Құрметің бар. Алайда көңілің қатты. Мейірімсізсің, жетімді асырауға жарамайсың», – деді. Содан кейін Хамза тұрып: «Мен қабылдайын», – деді.

Әбді Мүтәліп: «Сен маған бәрінен артық керексің. Алайда ұл-қызың жоқ. Ұл-қызы жоқ адам біреудің ұл-қызының қадірін білмейді. Және аңшысың, аңға кеткенінде қызметшілерің

Мұхаммедті ренжітеді», – деді. Содан кейін Аббас тұрып: «Мен Мұхаммедті қабылдаймын», – деді.

Әбді Мүтәліп: «Жарайсың, алайда бала-шағаң көп. Көп балалы адамның уақыты жетпейтін болар», – деді. Содан кейін Әбу Тәліп тұрып: «Ей, араб бақыты, әуелі Мұхаммедті мен қабылдайын демекші ойым болып еді. Алайда үлкен бауырларымның құрметін сақтап, бұрын сөйлемедім. Және малы жоқ кедеймін...», – деді.

Әбді Мүтәліп: «Мұхаммедті тәрбиелеуге сен лайықтысың. Себебі көңілің жұмсақ» – деді де: «Мұхаммед дана, оның білгенін мен білмеймін. Қандай іске мұңды болсам, маған жол көрсететін, сонымен ісім орындалатын. Енді Мұхаммедпен кеңесейін, кімді қаласа, соған тапсырайын», – деп әлем қожасына қарап: «Ұлым, мен дүниеден өтіп кетсем, әкеңнің бауырларының қайсысын таңдайсың?» – деді. Расул (ғ.с.) атып тұрып Әбу Тәліптің мойнынан құшақтап, алдына отырды. Әбді Мүтәліп: «*Әлхәмду лилләһ*» («*Аллаға шүкір*») менің қалауым орындалды», – деп Мұхаммедті Әбу Тәліпке тапсырды. Қағбаның Тәңіріне шүкіршілік етті де: «Сенімен келісейін, Мұхаммедке жақсылап қара. Мейрам күндері жаңа киімсіз қалдырма. Дастарқан басында отырғаныңда, оны өзіңмен бірге алып отыр. Ұлдарың оны басынбасын. Мұхаммедті еш нәрсеге мұқтаж қылма. Осы шарттарды қабылдадың ба?», – деді.

(Әбу Тәліп): «Қабылдадым», – деді. Әбді Мүтәліп дүниеден өтті. Әбу Тәліп Мұхаммедті үйіне алып барды. Ол барлық шарттарды орындады. Үйден шығып, қайтып келсе, барлық балалары қарсы алдынан шықса, әуелі Мұхаммедті құшақтайтын. Дастарқан басында Мұхаммедпен отыратын. Мейрам күндері қарыз алып, Мұхаммедке жаңа киім кигізетін. Мұхаммед балиғат жасына жеткен уақытта кішіпейілділік пен ақкөңілділіктен аты шықты. Барлық құрайыштықтар мен Әбді Мәннәф ұрпағы (оны) «Мухәммәд ул-Әмин» («Сенімді Мұхаммед») деп атады. Он сегізге жеткенде көркіне бойы сай болып өсті. Әлем халқы таңданды, ешкім оның жүзіне тіке қара алмайтын болды. Күн жүзді, ай нұрлы (болды).

РАСУЛ (Ғ.С.) НЫҢ ХАДИШАНЫ СҰРАҒАНЫ ТУРАЛЫ

Расул он сегізге келген уақытта әпкесі Атика Әбу Тәліпке келіп: «Ей, туысқан, біздің Мұхаммед ержетті. Қыз алатын уақыты болды. Қалай ойлайсың?» – деді. Әбу Тәліп көзін жасқа толтырып: «Менің де күні-түні ойлағаным осы. Теңімізді алуға күшіміз жетпейді. Теңіміз еместі біз ала алмаймыз, не істерімізді білмейміз?» – деді.

Атика: «Мен пікір айтайын, егер лайық деп тапсандар, соған тоқтайық», – деді.

Әбу Тәліп: «Айт», – деді.

Атика: «Хадишаның Шам аймағына сауда үшін керуен жіберетінін естідім. Мен барып Хадишамен Мұхаммеді жалға ал деп айтып көрейін. Ол көп дүние беретіні соншалық, қыздың қалың малына жарар», – деді.

Әбу Тәліп: «Ей, туысқан, біздің тайпамызда ешкім де жалданған емес. Қаншалықты қолымыз қысқа болса да, Мұхаммедті жалға беруге келіспейміз. Алайда ойланып, барып Хадишамен сөйлес. Не десе де, бізге хабарын айт», – деді.

(Кейбіреулер) Хадиша араб ханшайымы еді дейді. Сол уақытта Хадишадан бай ешкім жоқ еді. Төрт мың қызыл түйемен сауда жасайтын. Әр жеті түйеде бір құл жүретін. Шамға барып сауда жасап, астық алып келетін. Хадишаның түйелері қозғалса, барлық құрайыш оның керуенімен бірге баратын. Әр жылы қыс пен жазда екі маусымда сауда жасайтын. «*Лийләфи құрәйшин иләфиһим рихләтә әш-шитәи уә әс-сайф*» («*Құрайыштың бейбітшілігі үшін. Олардың қысы-жазы көшу бейбітшілігі*»).

Хадиша Тәурат оқитын. Өзі жалғыз еді. Күйеуі қайтыс болып, жесір қалып еді. Араб патшалары қалап еді, (оларға) шықпады. Бір күні (ол) ай көктен еніп, Хадишаның қойнына

кіргені туралы түс көрді. Қойнынан нұр шығып, барлық қауымға, сондай-ақ барша әлемге жайылды. Әлем жарқырады. Оянған уақытта Бахира деген діндарға барып: «Жорып бер», – деді.

Бахира: «Бұл түстің мәнісі, ай – ақырзаман пайғамбары Мұхаммед Мұстафа. Ол шықты немесе шықты. Ол сені алады. Сенің қойныңа кірген уақытта уахи келіп, пайғамбар болады. Әлем оның нұрымен нұрланады. Әйел затында сенен бұрын иман келтірген (жан) болмайды. Бұл оқиға Тәуратта жазылған. Ол пайғамбар Құрайыштық Хашимнан шығады», – деп жорып берді. Хадиша бұл сөздерге қуанып, Жаратушының үкімін күтті. Сол кезде Атика баяғы сөзді айтқалы кіріп келді. Хадиша тұрып, Атиканы құрметтеп, қасына отырғызды. Ешкім де бұлай құрметтемеген болатын. Себебі Атика Әбді Мүтәліптің қызы еді. Атика Мұхаммед (с.ғ.с.) туралы айтайын деп еді, бірақ жалға береміз деуге ұялатын еді. Хадиша Атиканың әңгімесі бар, бірақ айта алмай тұрғанын білді. Хадиша: «Ей, арабтардың сейіді, қандай тілегің бар, айт», – деді.

Атика: «Сөзім бар, алайда айтуға ұялып тұрмын», – деді.

Хадиша: «Айт, ұялма», – деді.

Атика: «Біздің Абдулладан бір ұл қалғанын естіген боларсың. Атамыз Әбді Мүтәліп ол туралы көп өсиеттер айтты. Енді сол жігіт болды. Қыз алатын ойымыз бар, алайда ағам Әбу Тәліптің қолында еш нәрсе жоқ, ұлдары көп. Сіздің керуеніңіз Шамға барады деп естідік. Мұхаммед (с.ғ.с.) сіздің түйелеріңізбен жалданып барса, қолына бір нәрсе ұстатсаңыз болады ма? Әбді Мәннәф ұрпағы сенің қызметінде болады (сенен разы болар еді)», – деді. Хадиша іштей «түсім орындалды» деп ойлады. Қуанғанынан жүзі сарғайып кетіп: «Ей, Атика, сен не десен, соны жасайын. Алайда керуенмен бару қиын. Бар, Мұхаммедті жібер, (жолға) жарай ма, көрейін», – деді.

Атика кеткен кезде Хадиша тұрып, жуынып, таранды. Тәуратты қолына алып, Мұхаммедтің нағты мен сипатын оқыды. Жолына көз тігіп отырды. Атика Мұхаммедті алып келді. Хадиша қызметшіге: «Мұхаммедке ізет-құрмет көрсетіп, киіндір. Төрге шығар», – деді. Солай жасады. Хадиша перденің ішінде отырып, біресе Мұхаммедтің жүзіне, біресе Тәуратқа қарайтын. Тәуратта көргеніндей шықты. Расул жамалынан қылдай да өзгешелік таппады. Шашының қаралығы..., көзі, қасы – бәрі-бәрінен нұр шашырап тұр. Бір жерге отырса немесе жүрсе, сол жерден қырық күнге дейін жұпар иіс шығып тұратын. Тәуратта көргенімен сәйкес келді. «Ей, Хадиша, түсің шынға айналды. Саған лайық жұп пайда болды, алайда жария ететін уақыт емес, арабтар сөз етеді. Қаншалықты Мұхаммед шаһ болып, Хадиша сүйікті болса, барлық мал-дүние соныкі болады. Бірнеше күн жалданып жүргендей болсын, халықтың өсегі тоқтасын», – деп ойлады.

Атика Расулға жұмысшы киімін кигізді. Атика мен Хадиша келісіп, тоқтамға келді. Әбу Тәліпке келіп айтты, келісті. Әбу Тәліп пен Атика Мұхаммедке: «Келісесің бе?» – деді.

Расул: «Сіздердің келіскендеріңізге мен разымын», – деді. Содан кейін Мұхаммедті Хадишаға алып барып: «Ақысын айт. Қанша бересің?» – деді.

Хадиша: «Басқалар жалға үш алтын алады. Мұхаммедтің ақысы елу алтын болсын», – деді. Көзі жасқа толған Мұхаммедті Хадишаның сарайының есігінде қалдырды. Хадиша сарай ішінде (тұрып) қуанды. Мұхаммед сарай есігінде еңіреді. Хадишаның Мубашшира деген құл бар еді, барлық мал-дүние соның қолында болатын. Керуенді сол бастап шығатын. Хадиша Мұхаммедті соған тапсырып тұрып: «Мына Мұхаммедтің асыл тегін білесің. Мұхаммед сенімен бірге барғанда көп қинамастан, аман-есен алып кел. Мені Хашим ұрпағының алдында ұятқа қалдырма», – деді.

ПАЙДА: Мұхаммедті жұмысшы деп, сапар машақатын тартқызып, және керуен басшысына мынаған жақсылап қара дегендегі мақсаты жұмысшылығы емес еді. Алайда бұл сөзде Зылиханың Жүсіпті зынданға тастатудағы сыры секілді (бір) сыр бар еді. (Зылиха) зынданшыны шақыртып алып: «Ешқашан да Жүсіпті ұрма, аяқ-қолын байлама» дегеніндей (мән бар) еді.

Мұнда біз үшін қуанышты хабар бар. Ол қуанышты хабар – қиямет күні «*Әмәннә биһи уә сәддақна*» («*Оған сендік және берілдік*») мұсылманды тамұққа кіргізеді. «Ей, періште, мұсылманның бетін күйдірме, (себебі) сол бетімен маған сәжде жасады; құлағын күйдірме, (себебі) сол құлағымен ілім мен хикмет сөзін есітті; көзін күйдірме, (себебі) сол көзімен Кәләмуллаға (Алланың сөзіне, яғни Құранға) қарады; тілін күйдірме, сол тілімен мені Бір деді; көңілін күйдірме, сол көңілмен мені таныды; қолын күйдірме, сол қолымен садақа берді; аяғын күйдірме, сол аяғымен жамағатқа, ілім жиналысына келді. Тамұққа жіберудегі мақсатымыз күйдіру үшін емес, кешіру үшін» деген жарлығы келеді.

Хадиша Мубашширге: «Таң атысымен дабыл қағып, керуен қозғалса, Мұхаммедті сарай есігінің алдына алып келіп, түйешілер киімін кигізіп, түйе мұрындығын беліне байла. Бір қолына таяқ бер. Осы кейіпте жолға шықсын. Меккеліктердің көзі алыс кеткен (көрінбей) кезде түйешілер киімін шешіп, «Даққи мисрий» деген киім кигіз, мінген түйесін сәнде. Мұхаммедті сұлтандай құрметтеп түйеге отырғыз. Сен құстай ұшып (түйенің) мұрындығын ұстап жүр. Қайда тартса – бар, не іс істегің келсе, онымен ақылдасып жаса. Оны аман-есен маған алып келсең, сені өз қызметімнен босатайын және бай етейін», – деді.

Біраз уақыттан кейін керуен қозғалды. Меккеліктер тамашалауға шықты. Әбу Тәліп туыстарымен Мұхаммедтің адамы жоқ деп, өздері шықты. Түйешілер киімін киіп, мұрындығын беліне байлап, қолына таяқ алған Мұхаммедті көрді. Өзінің немере ағалары көріп, жылады. Атика басына топырақ шашып: «Ей, Абдулла, басыңды лахад топырағынан құтқар. Мұхаммед жұмысшы болып жалданып, түйе жетектеп бара жатыр. Соны көр», – деді де, киімдерін жыртып, естен танып қалды. Мұстафаның руы айқайлап жылады. Барлық періштелер таңданып: «Тәңірім, мына Мұхаммед қияметтің көркі емес пе?! Иман кілті оның есімі емес пе?! Барша әлемге мейірім емес пе?! Пайғамбарлар тәжі емес пе?! Оған мұншалықты азаптану не үшін керек?» – деді. «Бұлайша қалмайды. Барша әлемді оған бағындырамын, Махмуд мақамын оған беремін, барша пайғамбарларға оны басшы етемін» деген жарлық келді.

Содан кейін Мұхаммед немере ағаларына қарап: «Мен кетіп барамын, сендер аман қалыңдар, мені ұмытпаңдар. Бір ғаріпті көрсеңдер, мен ғаріпті ойландар», – деді.

«Кетіп айырылған қайта табысады» деген сөз бар. Сол айтқандай, Мұхаммед ағайынынан айырылды және табысады. Жүсіп пайғамбар да әкесінен айырылып, қайта табысты. Мұхаммед Қағбадан айырылды және қияметтің күнінде табысады. Алайда бір айырылу бар да, қайта табысу жоқ. Ол қиямет күні екі жол басындағы айырылу. Жұмаққа бару мен тамұққа бару. «*Фәриқун фи әжәннәти уә фәриқун фи әс-сәғир*» («*Бір топ адам жәннатта, бір топ адам тамұқта*»). «*Уәлтәзу әл-йәумә әйуһә әл-мужримунә*» («*Ей, күнәһарлар, бүгін басқалардан ажыраңдар*») деп сол жағдайды баяндайды. «*Имтәзу фә иннә әл-муминини қад фәз әйуһә әл-мунәфиқун, имтәзу фи иннә әл-мухлисинә қад фәзу*» («*Себебі мұнафықтар, (Аллаға) ықылас қойғандар және мұсылмандар жеңісті қолға түсіріп, айырылысып кеткен*»).

«Ей, кәпірлер, мұсылмандардың құтылғанын анық біліңдер. Ей, мұнафықтар, (Аллаға) ықылас қойғандардың құтылғанын анық біліңдер».

Жаратушының мінажаты: Әлмисақ күнінде біз мұсылмандарды кәпірлерден айырып, жұмақтың жанында тұрғызып «*Һәуләи фи ән-нәри уә лә убәли*» («*Мыналар дозақтықтар, (оларға) назар салмаймын*») деп шақырдық. Бізде құлшылық пен ғибадат болмаса, өз кеңшілігің мен жомарттығыңның арқасында бізді олардан бөліп жарылқадың, қиямет күні жол басында кәпірлерге қоспастан, олардан айырып «*Фәриқун фи әл-жәннәти*» («*Бір топ адамдар жәннатта*») қатарында болуды Сен Алла нәсіп ете көр!

Мекке халқы Мұхаммедті бәрі жолға шығарып салған соң, көрінбей кеткен кезде Мубашшира түйе мұрындығын Мұхаммедтің белінен шешіп, түйешілер киімін шешіп, «Даққи мисрий» киімін Мұхаммедке кигізді және құрметтеп түйеге мінгізді. Өзі түйенің мұрындығынан ұстап, жолға шықты. Атаба мен Әбу Жәһіл және Шиба (Оларға лағынет болсын) үшеуі де

керуенде еді. Мубашшираға: «Бұл жетімді шаң киімдермен киіндір, таза киім бермей-ақ қой. Ауыр жұмысқа жұмса, үйренсін», – деді.

Мубашшира: «Хадиша маған түйеге отырғыз деп әмір берген», – деді. Мінгізген уақытта Жаратушы Алланың жарлығымен бір ақ бұлт келіп, Расул (ғ.с.) ның басына көлеңке жасады. Керуендегілердің бәрі ыстық күнде, Мұстафа көлеңкеде. Әбу Бәкір Сыддық (Алла одан разы болсын) сол керуенде еді. (Ол) Мубашшираға: «Мына Мұхаммедтің құрметін көрмейсің бе?! Бұл Мұхаммедтің дұшпандары бар. Сен түйеге мініп алдында жүр, мен артында жүрейін. Кенет дұшпан қастық жасаса, біз екеуміз көзін құртайық», – деді. Әбу Бәкір достық білдірді.

«Күн шығардан бұрын таң атады» деген сөз бар. Осылайша, Расул (ғ.с.) ның пайғамбарлығы белгілі болмастан бұрын, Сыддықтың таңы атты, сүйінші берді. Алла Тағала: «Әбу Бәкір Расулдың досы еді, пайғамбарлық келместен бұрын, достығын білдірді. Хадиша да Мұхаммедті пайғамбарлық келместен бұрын жақсы көрді. Мен де Хадишаны Мұхаммедтен айырмадым. Мұсылман пенделерім алпыс, жетпіс жыл мені жақсы көрді. Менің жомарт кеңшілігімнің арқасында, мейірімімнен айырсам да, мейіріміммен жарылқаймын», – деді. «*Разақаллаһу уә ийәкум*» («Алла сендер мен біздерге ризық берсін»).

Бірнеше күн жүріп, бір отты-сулы жерге жетті. Онда Бахира деген діндар бар болатын. Биік жерге шығып отыратын. Меккеден бір керуен келе жатқанын көрді. Бір ақ бұлт біреуге сая болып келе жатыр. Тәурат пен Інжілде ақырзаман пайғамбарының нағты мен сипаты жазылған болатын, соны көрген еді. Сол пайғамбар осында шығар деген оймен керуен халқын қонақ етейін деп, керуендегілерге: «Бұдан өтсеңдер шөп пен су таба алмайсыңдар», – деп керуеннен түсірді. Тағамдар дайындап, керуендегілерді үйіне шақырды. Әбу Жәһіл: «Бәріміз барсақ жүктеріміз қараусыз қалады», – деп Мұхаммедті қоста қалдырып кетті. Бахира діндар ғибадатханадан оларға қарсы шықты. Тәурат пен Інжілде көрген сипатын бұлардан кездестірмеді. Жаңағы ақ бұлт та бұларда жоқ. Бахира: «Сендерден біреу қалып қойды ма?» – деді.

Әбу Жәһіл: «Бір жігітті қоста қалдырдық», – деді.

Бахира: «Ол жігіт қай тайпадан еді?» – деді.

Әбу Жәһіл: «Құрайыш пен Хашимнан», – деді.

Діндар: «Негізі сол, сендердің бәрің бағыныштыларысыңдар. Менің мақсатым сендер емес, сол», – деді. Содан кейін Мұхаммедті шақырды. Діндар қарсы шығып, сәлем берді. Қолынан ұстап, төрден орын берді. Тамақ жеді. Діндар: «Ей, Мұхаммед (с.ғ.с.), менің бір тілегім бар», – деді.

Расул: «Айт», – деді.

Діндар: «Киімінді шеш», – деді. Шешкен уақытта екі жауырынының арасындағы мөрді көріп, сол сәтте сүйіп, көзіне сүртіп: «Ей, Мұхаммед, мен қартайдым. Саған уахи келгенше өмірім жете ме – білмедім. Бүгін Алла Бір, сен Оның елшісі боласың деп куәлік беремін. Содан кейін (Сен) мемлекет айнасы, үмметтің сардары, пайғамбарлық тәжі, елшілік шырағы (сың). Барлық бейнелер Оның атымен салынған, кеңістің ішінде барша жамал Онымен нұрға бөленген. Айбат пен ізет Оныкі, ерлік пен қуат Оныкі, кемелдік пен атақ оныкі, құбыла мен иман Оныкі, жалпы мен жалқы Оныкі, қанағат пен шүкіршілік Оныкі, хәмді мен зікір Оныкі, махмуд мақамы Оныкі, аманат пен имамдық Оныкі, мейірім мен шапағат Оныкі, есеп пен хисап Оныкі, құрметті асхаб пен киелі рухтар Оныкі, асхаби хулқ Оныкі, жоғары дәреже Оныкі, халал әйелдер, тура һәм шешен тіл Оныкі, күшті көңіл мен сабырлы тән Оныкі, қасиетті ел мен ізетті мешіт Оныкі, қажылық пен ихрам Оныкі, Зәмзәм мен мақам Оныкі, мағшар ул-харам Оныкі, зекет пен ораза Оныкі, Құран тіләуаты Оныкі, жұма мен жамағат Оныкі, әмри мағрұф пен нәһи мункәр Оныкі, тәһлил мен тақдис Оныкі, тәмжид пен тәспі Оныкі, жоғары салауат Оныкі», – деді.

Бахира мұны айтып болған кезде керуен қозғалды. Шамға жетті. Мубашшира: «Ей, Мұхаммед, мына малдың бәрі сенікі демекшімін», – деді.

Мұхаммед: «Ей, Мубашшира, бір үйге кіріп, арқан байла. Малды сол үйде сақта, асықпа», – деді. Солай жасады. «Меккеден керуен келіпті» деген хабар тарады. Шамдықтар мен меккеліктердің затын алды, басқа зат қалмады. Зат табылмады, қымбат бағаға сұрай бастады. Содан кейін Мұхаммед Мубашшираға рұқсат берді. Қымбат бағаға заттарын сатып, екі есе пайда жасады. Және аялдады. Басқалар зат алды. Расул Муббашираға зат алғызбады. Ел зат алып болғанның кейін, баға түсті. Мубашшираға: «Енді зат ал», – деді. Екі бағаға алатынын бір бағаға алып, (тағы) екі есе пайда қалды. Содан Шам жөйттерінің мейрамы келді. Әбу Бәкір Мубашширамен бірге Мұхаммедті жөйттер ғибадатханасына алып барды. Кәниса ішінде үш жүз шам асулы тұратын. Мұхаммед кіріп, құтты көздері шамдарға түскен кезде темір шынжырлар үзіліп, шамдар жерге құлады.

Ей, мұсылмандар, сендер үшін сүйінші бар мұнда. Ибрахим пайғамбар шапанын бір рет Намрұт отына салған уақытта Намрұт оты өшті. Мұхаммедтің құтты көзі жөйттердің шамына түскен кезде быт-шыты шықты. Жаратушы Алла күнде үш жүз алпыс мейірім көзімен қарайды. Егер бір мейірім назарымен қарап, тамұқ отын оларға бұрып, күнәларын жарылқап, тамұқ отынан құтқарса қандай ғажап болады!

Жөйттер оны көріп таң қалып, ғалымдары Тәуратқа қарады. «Ақырзаман пайғамбарының сипатының біреуі осы. Біздің дінімізді бұзған сол, біздің арамызда шығар. Оны іздеңдер, тауып өлтірейік», – деді. Әбу Бәкір мен Мубашшира осы сөзді есітіп, Расул (ғ.с.) ды жасырды. Зат жүктеп кететін кезде шығарды. Әбу Жәһіл (лағынет атсын) жөйттерге: «Сендер іздеп жүрген адам біздің керуенде. Сендер қарулы адамдарынды сайлап тұрындар. Жолда керуенді тоқтатындар. Мен сендерге көрсетіп берейін, сендер ұстап алындар», – деді. Үш жүз қарулы жөйт келді. Керуенді қоршады. Әбу Жәһіл (лағынет болсын) ишара жасап, Расулды көрсетті. Жөйттер түйесін алып, қылышпен шаппақшы болды. Сол кезде Жаратушы Алла Микәйілге әмір беріп, бір шөкім бұлтты бұ дүниеге жіберді. Қара бұлт келіп, әлемді қара түнек басты. Күн күркіреп, найзағай ойнап, қатты жел тұрды. Түйелер мұрындығын үзіп, арқын бұзды. Құтырған буралардай жөйттерге атылды. Жөйттер қашты. Түйелер қуып жетіп, үш жүз жөйттің басын жұлып, жерге тастады. Содан кейін жел тоқтап, дүние жарқырап, түйелер тынышталды. Керуендегілер түйелерді ұстап, мұрындығын салып, жолға түсті. Меккеге алты қашықтықта бір жер бар еді. Керуен сол жерге келген уақытта, сүйінші сұратып адам жіберетін. Мубашшира адам жібермекші болған кезде, Әбу Бәкір: «Мұхаммедті жібер, сүйінші шапаны оған тисін», – деді. Мубашшира солай жасамақшы болып, жақсы маяны жасап Мұхаммедті жіберді. Әбу Бәкір: «Ей, Мубашшира, қалай сәндедің?» – деді.

Мубашшира: «Хадишаның әдеті сүйінші сұрап келген адамға мініп келген маясын шылбырымен бере салады. Жақсы сәндедім, Мұхаммедке беретін болар», – деді. Жүрмекші болып тұрған кезде Әбу Жәһіл: «Мынау (жас) бала. Істі бітірмейді, жолда қалып қояды», – деді. Әбу Бәкір мен Мубашшира оның сөзін тыңдамады. Мұхаммедті жіберді. Мұхаммед біраз жүрген соң, күн ыстық еді, түйенің үстінде ұйықтап қалды. Түйе жолдан шығып, жайылды. Жаратушы Алладан Жебірейілге: «Мұхаммедтің түйесін дұрыс жолға сал» деген жарлық болды. Жебірейіл келіп, мұрындығын ұстап, түйені жолға салды. Сол аят мынау: «*Уә уәжәдәкә заллән фә һәдә*» («*Және адасқан сені тауып, кейін тура жолға салмады ма?*»).

Хабарда келеді: Расул (ғ.с.): «*Сәәлтуллаһә шәйән удидту ән ләм ә'сәл*» («*Мен Алладан бір нәрсе сұрадым, сұрамаған болсам еді деп армандадым*»). Жаратушы Алладан (бір) нәрсе сұрадым. Болмағанымда ғой деп сұрадым», – деді. «*Култу: «Кәлләммә Мусә тәклимән уә ә'таәтә Суләймәнә мулкән 'әзимән уә 'уш ә'тәйтәни бимә қабилһи*» («*Мен: «Ей, Алла, Мұсамен сөйлестің, Сүлейменге үлкен патшалық бердің, соларға бергендей маған не бердің?» – дедім*»). Яғни «*Құдайым, Мұсамен сөйлестің, Сүлейменге үлкен патшалық бердің. Оларға бергендей маған не бердің?» – дедім. «Ей, Мұхаммед, жетім қалғаныңда Әбді Мүтәліп пен Әбу Тәліптің қарамағыңда мен сақтамадым ба? «Әләм йәжидкә йәтимән фә әуә*» («*Жаратушың сені жетім қалтыңда тауып үйлі-жайлы қылмады ма?*»). Шамнан келе жатқанда адастың, мен

дұрыс жолға салмадым ба? *«Уә уәжәдәкә заллән фә һәдә»* («Сені адасқан қалпыңда тауып, тура жолға салмады ма?»). Түгі жоқ кедей едің, Хадишаның малымен байытпадым ба? *«Уә уәжәдәкә әйлән фә әһнә»* («Сені мұқтаж қалтыңда тауып, бай-дәулетті етпеді ме?»)» деген (Алладан) жарлық келді», – деді.

Расул кетіп бара жатқан уақытта жерде билейтін періштеге: «Жердің тамырларын тартыңдар» деген жарлық келді. Періштелер тартқан уақытта алты мензілдік жолды Расул жарты күнде жетіп барды. Мекке жақтағы Батхаға жеткен уақытта Хадиша Мұхаммедтің жамалын сағынып, қызметшілерін биік жерге шығарып, қарап тұрған кезде (алыстан) біреу көрінді. Түйенің үстінде ұйықтаған, үстінде бір ақ бұлт көлеңке жасап тұр. Қызметшілері: «Ей, арабтың сейіді, бізден несін жасырасың? Оның Мұхаммед екенін білесің, оны сүйетінің жүзіңнен көрініп тұр», – деді. Осы сөзді айтып бола бергенде Расул есікке жетті. Бір қызметші келіп: «Мұхаммед келді», – деп хабар берді. Расул келіп Хадишамен сәлемдесіп, хабарларын айтты. Мубашшираның хатын берді. Хатта мынау еді: «Ей, арабтың сейіді, ешқашан саудамыз мұншалық болмап еді, осы жолы Мұхаммедтің берекесінің арқасында болды». Хадиша қуанды. Мубашшираға жауап жазды. Расулға беріп, қайтарды. Жарты күнде алты мензілдік жолға барды һәм қайтып келді. Мұхаммедті алыстан көрді. Әбу Жәһіл: «Ей, Мубашшира, Мұхаммедті жіберме деп, мен саған айтпадым ба?! Міне жолдан адасып келе жатыр», – деді. Әбу Бәкір мен Мубашшира қайғырды. Әбу Жәһіл қуанды. Расул келіп, Хадишаның хатын Мубашшираға берді. Мубашшира: «Ей, Әбу Жәһіл, Мұхаммед жолдан адаспапты, алайда сен адасыпсың», – деді.

Әбу Жәһіл: «Бұл сөзге сенбеймін. Өз құлымды жіберейін, (сол) жауап алып келсін», – деп, хат жазып жіберді. Алты күн дегенде Хадишаға хатты алып келді. Хадиша пара-пара қылып жыртып: «Сенен алты күн бұрын Мұхаммед хат алып келді», – деді.

Содан кейін керуен Меккеге келді. Бір аптадан кейін Әбу Тәліп пен Атика Мұхаммедті «Барып ақыңды сұра. Саған қыз қалың малы болсын», – деп Хадишаға жіберді. Расул Хадишаның есігіне келді. Хадишаға хабар берген уақытта (ол): «Мұхаммедті құрметтеп кіргізіндер», – деді. Кіргізіп, төрге отырғызды. «Не үшін келдің?» – деді.

Мұхаммед ұялып: «Мені (қызмет) ақыңды алып кел. Қыздың қалыңмалы болсын деп жіберді. Сол үшін келдім», – деді.

(Хадиша): «Ей, Мұхаммед, немере әпкең мен немере ағаң сенің ісінді бітірмейді. Сен маған кел, мен бітіріп берейін», – деді де: «Ей, Мұхаммед, мен саған бір жұп тандап тұрмын. Арабтың барлық үлкендері (оның қолын) сұрап еді, (оларға) бармады. Мал-дүниесі көп. Бір айыбы қыз емес. (Егер) осы айыбымен қабылдасаң, ол сені дәруіштігіңмен қабылдайды», – деді.

Расул бұл сөзді есігіп, көзі жасқа толып, немере әпкесіне келді.

(Ол): «Не болды?» – деді.

Расул: «Хадиша мені мазақтап осылай деп айтты», – деді.

(Ол): «Ей, Мұхаммед, бұл сөзде сен үшін қуаныш бар», – деді.

МҰСЫЛМАНДАРҒА СҮЙІНШІ. Расул: «Қиямет күні болғанда *«Әмәннә биһи уә сәддақнә»* («Оған сендік және берілдік»), бір періште келіп, мұсылман құлдардың амал дәптерін қолдарына ұстатады. Мұсылман дәптердің құлшылық пен ғибадатқа толы екенін көреді. Қараса ешбір күнә жоқ. (Сонда) «Ей, періште, сен шатасып алып келдің, мынау менің дәптерім емес. Мен көп күнә жасадым, олардың бірде-бірі мұнда жоқ», – дейді.

Періште: «Ей, мұсылман, дәптер сенікі», – дейді.

Жаңағы мұсылман жылап: «Тәңірім, мына періште мені мазақтап тұр», – дейді (Расул (ғ.с.) ның «Хадиша мені мазақтап тұр» деп жылағанындай).

(Сонда) Хак Тағаладан «Ей, пендем, дәптер сенікі. Күнә жасадың және өкініп «аһ» дедің. Сол «аһ» дегенің үшін барлық күнәнді кешірдім. Және күнә істерінді құлшылыққа ауыстырдым. *«Фә уләйикә йубәдиллаһу сәйиәтиһим хәсәнәтин»* («Кейін Алла олардың жамандықтарын жақсы амалдарға ауыстырып жібереді»). Сенен келерін жасадың, менен келерін жасадым. *«Кул куллун йә мәлу әлә шәкиләтиһ»* («Әркім өз жолымен іс көреді»), – деді.

Әбу Тәліп қайғырып: «Мұхаммедтің мал-дүниесі жоқ болса, сымбаты мен көркі бар. Тек жағынан бізде кемшілік жоқ, тіпті тең келетін ешкім жоқ. Егер Хадиша осылай деген болса, оның қауымына не істейтінімді көрсіндер», – деді.

Атика: «Ей, туысқан, көңіліңді түсірме. Мен Хадишаға барайын, ақиқатын білейін», – деді. Атика келді. Хадиша ізет көрсетіп: «Қандай сұхбатқа келдіңіз?» – деді. Атика Мұхаммедтің сөзін айтып беріп: «Хадиша мені мазақтады деп жылады», – деді.

Хадиша: «Ей, Атика, бұл сөзді әсте айтушы болма. Мен қуанып жатырмын, оның айтқан сөзінің бәрі дұрыс. Мен Мұхаммедке өзімді ұсындым. Бүгінге дейін жасырып келіп едім, енді ашық айтамын. Егер Мұхаммед мені қабылдаса, жаным, тәнім, малым – бәрі соныкі», – деді.

Атика: «Ол сені қабылдайды. Алайда сен көнесің бе?» – деді.

Хадиша: «Ұлы тегім де жоқ, атақты аталарым да жоқ, көретін жамалым да жоқ. Мен оны не деп қаламайын?» – деді.

Атика: «Онда бәрі бар, алайда мал-дүниесі жоқ», – деді.

Хадиша: «Мұхаммедтің малы жоқ болса, менің малым бар», – деді.

БҰЛ СӨЗДЕ БІЗГЕ СҮЙІНІШ БАР. Осылайша қиямет күні «*Әмәннә биһи уә сәддақнә*» («*Оған сендік және берілдік*»), Мұстафа (ғ.с.) Ғарыш үстінде үмметіне шапағат етеді.

(Ол): «Тәңірім, күнәһар үмметімді кешір. Құзыретіңе қабылда», – дейді.

«Ей, Мұхаммед, неге қабылдамайын. Тілінде шаһадат, көңілінде иман жоқ па?» деген жарлық келеді.

(Мұхаммед): «Тәңірім, бұлар бар, алайда құлшылығы жоқ», – дейді.

(Алладан): «Ей, Мұхаммед, егер оларда құлшылық жоқ болса, менде мейірім бар» деген дауыс келеді.

Хадишаның осы сөзін естіген уақытта арабтар: «Қаншама атақты патшалар сені қалады, бармадың. Мұхаммедті қаладың, мақсатың не?» – деді.

(Хадиша): «Менің мақсатым кейін белгілі болады. Мен көргенді сендер көрген жоқсыңдар. Мен естігенді сендер естіген жоқсыңдар», – деді.

Атика: «Сен өзің айтып отырсың, алайда немере туысың Уарақа ибн Науфал көнеді ме?» – деді.

Хадиша: «Бұл істің жолы бар. Әбу Тәліп Уарақаны шақырып қонақ етіп, шарап берсін. Қызған уақытта мені Мұхаммедке сұрасын. Қалғанын маған қоя бер», – деді. Атика бұл сөздерді Әбу Тәліпке айтты. Үлкендерін шақырып, қонақ етіп күтті. Уарақаны шақырып, шарап берді. Мас болған уақытта Әбу Тәліп Хадишаны Мұхаммедке сұрады. Уарақа: «Хадишадан сұраңдар», – деп, Хадишаның қасына келіп: «Әбу Тәліп сені Мұхаммед үшін сұрап жатыр, не дейсің?» – деді.

Хадиша: «Не дейтінімді сен білесің. Тегі бар, нәсілі бар, көркі бар, өнері бар, саудасы бар, аманаты бар, діндарлығы бар», – деді.

Уарақа: «Мұның бәрі бар, алайда мал-дүниесі жоқ», – деді.

Хадиша: «Оның мал-дүниесі болмаса, менің мал-дүнием бар», – деді. Уарақа ұялып, қолымен тізесін соқты да: «Араб пен ажамның патшалары сұрады, қаламадың, енді Әбу Тәліптің жетімін қалап тұрсың», – деді. Уарақа мас болатын. Хадиша қызметшілеріне: «Алтын ыдыстарға зағпыран езіп қойыңдар», – деп бұйрық берді. Сол уақыттың әдеті бойынша, қыз сұрайтын болса, өкіл разылығын берсе, өкілдің шапанына зағпыран суын шашатын еді. Уарақа ұялып шығып бара жатқанда, қызметшілері оның (Уарақаның) шапанына зағпыран суын шашты. Ертесіне мастығы тараған кезде табақ алып келді. Уарақа: «Бұл не?» – деді.

(Олар): «Хадишаны Мұхаммедке бердің», – деді.

Уарақа: «Мен бермедім», – деді.

(Олар): «Шапаныңдағы зағпыран не?» – деді. Қарап еді, шапанынан зағпыран көрді. Солай жасаса, шарасы қалмайтын. Басқа сөйлемеді.

(Кейбір деректерде) Хадиша Мұхаммедке: «Пәлен күні Уарақа ибн Науфалды қонаққа шақырып, шарап беремін. Сен пәленше деген үлкендерді қасына жібер. Уарақа мас болған кезде, кел», – деді делінеді. Мұхаммед келісті дейді. Уарақа шарап ішіп, көңілі көтерілген кезде Хадиша: «Ей, аға, осы жылы базаршыларымыз көп пайда алып келді. Мұхаммедтің арқасында көп мал-дүние пайда болды», – деп Расулды мақтай сөйледі. Осы сөзді айтып жатқан кезде Мұхаммед есік қақты. Хадиша: «Кір», – деді. Расул (ғ.с.) үлкендермен бірге кіріп келді. Уарақа ибн Науфалдың көзі Мұхаммедке түсіп: «Ей, Мұхаммед, Хадиша сенен жақсылық көргендей айтып жатыр, біз де сені жақсы көрейік. Бүгін не қаласаң да, берейік. Хадиша керек болса да, берейін», – деді. Хадиша перденің ар жағынан шығып: «Мұхаммед те сол үшін келіп тұр», – деді. Уарақа сол келген үлкендерге: «Қуә болыңдар, мен Хадишаны Мұхаммедке бердім», – деді де, Расулға (қарап): «Сен қабылдайсың ба?» – деді.

Расул: «Қабылдадым», – деді. Содан кейін Расулға: «Сен бір түйе сой, мен де бір түйе сойайын», – деді. Екеуі екі түйе бауыздады. Тойлап, сырнай тартты. Сол кездің салты солай болатын. Мырза емес, неке екенін білсін....

Уараканың мастығы тараған уақытта иығындағы екі қабат шапанды көрді. Сол уақытта қыз берген уақытта қыз бергенге екі қабат шапан кигізетін әдеті бар еді. Және сырнайдың дауысын есітті. «Мынау не?» – деп сұрады.

Хадиша: «Мені Мұхаммедке бердің», – деді.

Уарақа: «Сен разы болдың ба?» – деді.

(Хадиша): «Бердім», – деді.

Уарақа: «Араб пен ажамның ұлықтарын қаламастан, Әбу Тәліптің жетімін қаладың», – деді.

Хадиша: «Жетім болса, бола берсін. Күш-қуаты мен көркі бар, шешендігі, өнері мен тегі бар, мал-дүниесі болмаса, мен беремін», – деп қазынасын ашып, алтын, күміс шығарды. Қырман секілді жиған еді. (Хадиша): «Мына барлық мал-дүниені Мұхаммедке бердім, кімде-кімнің мұншалық дүниесі болса, кедей болмайды», – деді. Мынау сол аяттың мағынасы: «Уә уәждәкә 'әйлән фә әғнә» («Сені мұқтаж қалпы тауып, бай-дәулетті етпеді ме?»).

Расулдың немере ағалары түйе сойды. Арабтар жиылды. Үлкен той болды. Алтын, күміс шашты. Әбу Тәліп неке қиды. Мына құтбаны оқыды: «*Хутбәтун фи тәзуижи Хәдижәтә ли Мұхәммәдин 'әләйһи әс-сәләм: Әлхәмду лилләһи әл-ләзи жә'әлә әл-кә'бәтә му'әззәмән, уә әл-хәрәмә мухәррәмән, уә әз-зәмзәмән, уә мәқәмә Ибраһимә муләмләмән, уә әс-сәфә му'әлләмән, уә әл-мәруәтә муһтәмән, уә ән-никәхә мухкәмән, уә әл-хәллә фи ән-никәхи әмран мубрамән, уәб-нә әхи Әхмәди мушәррафән уә мукәррәмән, уә инни әқадту бәйнә Хәдижәтә бинти хуәйлидин биризаһә уә һйә сәйидәту әл-'әләмин уә бәйнәбни әхи Әхмәдә биризаһу уә һуә сәйиду әхи әл-әразин, бисадәқин му'әйийәнин, уә һуә мин әл-әләфи әрбә'ун, 'әлә фә шәфи'у әш-шәфи'ә фән киһу әл-хатибә, буриқә бихимә әл-мустәми'ун, уә йәржи'у сарринә гәйра заррин, уә бираббә әл-кә'бәти и'тиқадунә, уә әс-саләту уә әс-саләму 'әлә жәддинә Ибраһимә 'әләйһи әс-сәләму хәлилиһи уә әләбниһи Исмә'илә расидиһи уә сәфийһи уә сәллим тәслимән» («Хадишаның Мұхаммед (ғ.с.) ға күйеуге шыққандағы неке құтпасы: Барша мадақ сол Аллаға болсын, Қазбаны шексіз ұлық етіпті, Бәйтулланы харам істерден пәк етіпті, зәмзәмді шығарыпты, Ибрахим мақамын жиялатын жеп қылыпты, Сафа тауын белгілі қылыпты, Маруа тауын адамдар зиярат ететін жер қылыпты, некені отбасы байланысын бекітетін себеп қылыпты, некедегі адалдықты қажет шарттардан қылыпты. Менің бауырымның ұлы Ахметті қадірлеп, қастерлепті, және расында мен бүкіл дүние әйелдерінің сейіді болған Хуайлид қызы Хадишамен жер жүзі адамдарының сейіді, бауырымның ұлы Ахметтің арасында әрқайсысының разылықтарымен белгілі бір мейірмен неке қидым, ол да болса, мыңдардан қырқы. Ей, адамдар, жақсы ниеттеріңізді айтыңдар, бұл некені қастерлеңдер. Бұл некені есіткендерге де береке болсын, қуанышты болсын, зиян көрмесін. Қазбаның Жаратушысына сеніміміз бар, Алланың досы, біздің бабамыз Ибрахим (ғ.с.) ға Алланың*

салауаты мен сәлемі болсын, сондай-ақ оның ұлы Исмайыл мен қара қозыға да. Ей, Жаратушы Алла, оларға біздің ыстық сәлемімізді жеткіз!»).

Содан кейін Хадиша: «Расулды үйге шақыр», – деп адам жіберді. Әбу Тәліп ағайындарымен қайғырды. Мұхаммедтің киіп баруға жарайтын киімі жоқ еді. Олар осыны айтып тұрған кезде Әбу Бәкір кіріп келіп, Расулдың қайғырып отырғанын көріп: «Не болды? Егер іс менімен бітетін болса, бітірейін. Егер малмен бітетін болса, міне, мал. Егер тәнмен бітетін болса, міне, тән. Егер жанмен бітетін болса, міне, жан. Менің тәнім мен жаным саған пида болсын», – деді.

Расул (ғ.с.): «Менің қайғым, Хадишамен некелестім. Мені үйіне келсін деп адам жіберіпті. Енді киіп баруға шапаным жоқ. Және Хадишаға алып баратын затым жоқ», – деді.

Әбу Бәкір: «Қайғырма. Сенде жоқ болса, сенің менде малың бар. Үлкен атаң Әбді Мүтәліп де тірі кезінде қырық мың алтын берді. Әр түрлі заттардан берді. Мұхаммедке керек болғанда бересің, саған аманат деген болатын. Бүгін балаларыма берсем, әкеміздің малы еді деп, Мұхаммедке бермейді деп қойып еді. Міне, бүгін алып келіп берейін», – деді.

(Деректерде) оның бәрі Әбу Бәкірдікі еді делінеді. Егер менікі деп берсем, міндет еткендей боламын. Расул ұялмасын, қысылмасын деп, Әбді Мүтәліп берді деп айтты делінеді.

Содан кейін барып әрқайсысы бес жүз алтын тұратын ақ бөзден (тігілген) үш киім алып келді. Бір ыдыспен мың қызыл алтын алып келіп, Расулдың алдына қойды. Расул: «Ей, Әбу Бәкір, барлық уақытта сенің жақсылығың болды, сапарда қанша халықты бізге уәжіп қылдың. Қаншалықты ауыр болса да, осы кеште менімен бірге жүр. Мына хақты сол халықтарға үлестір», – деді.

Әбу Бәкір: «Жаныммен (қуана) барайын», – деді. Сол кезде Мубашшира бірнеше қызметшілермен кіріп келді. Бірнеше қымбат киімдер алып келді. Расул: «Әбу Бәкірдің шапаны тұрғанда, Хадишаның шапанын алмаймын», – деп Әбу Бәкірдің киімін киді. Әбу Бәкірмен Хадишаның сарайына барды. Жаңағы мың алтынды ыдысымен Хадишаның алдына қойды. Сарайын сәндеп, қызметшілерінің қолына табақ толы алтын ұстатып еді. Расул кіріп келген кезде мұбарак қадамына шашты. (Оларды) жақсылап күтті. Әбу Бәкір тамақ жеп болған соң, қайтпақшы болған кезде қымбат шапанын жауып, кешірім сұрады. Әбу Бәкір қайтып кетті. Расул Хадишамен қалды. Хадиша: «Ей, Мұхаммед, менің қарамағымда не болса, соның бәрін саған бердім. Мен сенің қызметінде болайын, сен менің қызметімде болма», – деді. Мал-дүниенің бәрі Расулдікі болды. Сондықтан да қияметке дейін имамдар михрабта, қарилар ортада, балалар медреселерде мынаны оқиды: «*Уә уәжәдәкә ‘әилән фә әгнә*» («*Сен мұқтаж қалпы тауып, бай-дәулетті етпеді ме?*»). Яғни Мұхаммед кедей болатын. Хадишаның малымен байыды.

(Деректерде) Расулға уахи келсе, Жебірейіл Айшаға өз сәлемін айтатын да, Хадишаға Тәңірдің сәлемін жеткізетін дейді. Расул Жебірейілге: «Ей, Жебірейіл бауырым, Айшаны мен бәрінен жақсы көремін. Сен Айшаға өз сәлеміңді айтасың да, Жаратушының сәлемін Хадишаға жеткізесің. Мұның хикметі не?» – деді.

Жебірейіл: «Айша сені құрметте, пайғамбарлық пен елшілікте қабылдады. Алайда Хадиша сені кедей әрі беделің жоқ кезде қабылдады. Мал-дүниесін саған беріп, саған арнады. Сол себептен Хадишаның жолы үлкен», – деді.

(Деректерде) Хадиша (Алла одан разы болсын) ның өмірі соңына таяған уақытта Расулға адам жіберіп: «Мен саған келген уақытта алтын, күміс, мал-дүние, құл-қызметшілерден және басқа жарақтардан бөлек қырық мың қаражат бердім», – деді. Расул мұны естіген кезде көңіліне ауыр қабылдап: «Хадишаға барып, маған малын өз еркіңмен бердің. Бүгін өкініп, міндетсініп отырсың ба деп айтыңдар», – деді. Бұл сөз Хадишаға жеткен уақытта Хадиша: «Расулға айтып барыңдар, мен ол сөзді міндетсініп айтып тұрған жоқпын. Алайда менің өз арманым бар. Арманым – алғаш пайғамбарлық келген кезде бүркеніп жатқан сырт киімін маған берсін, сол ақырет кебінім болсын. Тамұқ отына қалқан болсын», – деді. Расул сол сырт киімін жіберді. Хадишаға соны кебін жасады.

(Кейбіреулер) баланың жеті жасында тісі түседі, он бес жасында ержетеді. Жиырма бір жасына дейін бойы өседі, қырық жасқа келгенде ақылы толады дейді. Расул қырық жасқа келгенде Жебірейіл пайғамбарлық жеткізді.

МҰХАММЕД ӘЛ-МҰСТАФА (С.Ғ.С.) ҒА ПАЙҒАМБАРЛЫҚ КЕЛГЕНІ ТУРАЛЫ

Сол уақытта пайғамбарлық тоқтап еді. Әмір мәғруф пен нәһи мункәр, намаз бен құлшылық жоқ еді. Құлшылықтары ойлану еді. Расул (ғ.с.) Хира тауына барып, күні бойына ойланатын. Қырық жасқа жеткен уақытта Жебірейіл келіп, өзін Расулға көрсетіп: «Икра», яғни «Оқы», – деді. Расул қорқып, дірілдеп үйге келді. Ертесіне және көрді, және «Икра» («Оқы»), – деді. Расул қорқып, Хадишаның үйіне келіп жатты. Хадиша: «Не болды, ей, Расулулла?» – деді.

Расул: «Ей, Хадиша, екі күннен бері біреу келіп «Икра» («Оқы») деп жатыр. Кім екенін білмеймін», – деді.

Хадиша: «Енді келгенінде маған хабар бер», – деді. Келіп еді, хабар берді. Хадиша басын шығарып: «Бар ма?» – деді.

Расул: «Кетті», – деді.

Хадиша: «Сүйінші, ей, Мұхаммед, пайғамбар боласың», – деді.

Расул: «Қайдан білдің?» – деді.

Хадиша: «Келді дегенінде басымды ашып едім, «Кетті», – дедің. Періште екенін білдім. Себебі періште харамды көрмейді, егер шайтан болғанда кетпейтін еді. Егер келіп: «Икра» («Оқы») десе, не оқиын де», – деп Хадиша шықты. Уарақаның үйіне барды. Уарақа христиан болып еді. Інжілді араб тілінде білетін. Қартайған еді. Хадиша келіп: «Ей, аға, Мұхаммедке пайғамбарлық жолын білдірді. Біреу көрінеді», – деп (болған) оқиғаны айтып берді.

Уарақа: «Мұхаммедтің бұл сөзі шын болса, ол көрінген Намуси Әкбәр», – деді. Жебірейілдің Зәбүрдегі аты Намуси Әкбәр еді.

Уарақа: «Намуси Әкбәр Иса көкке ұшқалы бері ешкімге келген жоқ. Енді келсе, барша адамзаттың абзалы Мұхаммед Мұстафаға келеді. Бірақ оның белгілері бар. Барып, Мұхаммедке айт. Енді келсе, маған хабар берсін. Келді десе, сен басыңды аш, періште болса әуретке (әуретті жерге) қарамайды», – деді.

Хадиша үйге келді. Расулға: «Тағы келсе, маған айт», – деді. Біраз уақыт өткен соң, Хадишаға «келді», – деді. Расул мүбәрак басын Хадишаның тізесіне қойды. Хадиша басындағысын шешіп, жалаңбас отырды. «Енді көрінеді ме?» – деді.

Расул: «Көрінбейді», – деді. Хадиша басын жапты. Расул: «Енді көрінеді», – деді. Үш рет осылай жасағаннан кейін, Хадиша оның шайтан емес, періште екенін білді. Тұрып, Уарақаға барып, бұл жағдайды айтты.

Уарақа: «Ол Намуси Әкбәр. Менің өмірім ұзақ болғанда, сені Меккеден қуып шыққанда, саған көмектесетін едім», – деді де: «Ол Намуси Әкбәр оған келеді. Ешкім оны мазаламасын», – деді. Дәм-тұзы таусылып Уарақа қайтыс болды. Хадиша Расулға: «Енді келіп: «Икра», – десе, не оқиын деп айт», – деді. Сырт киімін бүркеніп жатқан кезде Жебірейіл тағы келіп: «Икра» («Оқы»), – деді.

Расул: «*Иш әкра уә әнә уммийун*» («Нені оқиын, мен анадан туылғалы бері жазу-сызуды білмеймін»), яғни «Мен сауатсызбын, не оқиын?» – деді.

Жебірейіл: «*Икра бисми раббикә әлләзи халәқ. Халәқә әл-инсәнә мин 'әләқин. Икра уә раббукә әл-әкрам әл-ләзи 'әлләмә бил-қалам. 'Әлләмә әл-инсәнә мә ләм йә'ләм*» («Барлық нәрсені жаратқан Жаратушының атымен оқы. Ол Жаратушы адамды бір кесек ұйыған қаннан жаратты. Оқы. Және Жаратушы бәрінен де мейірімді. Ол қаламмен үйретті. Және адамға білмеген нәрсені үйретті»).

(Деректерде) бір күні Расул (ғ.с.): «Ол келіп мені таудан қайтарды. Аяғын жерге теуіп, бұлақ шығарды. Өзі дәрет алды және маған дәрет алдыртты. Екі ракағат намаз оқыды, мен де онымен (бірге) намаз оқыдым. Содан кейін: «Ей, Мұхаммед, намаз (деген) осы», – деді. Жебірейілдің жасыл шапаны бар еді. Сол уақытта Хадиша иман келтірді. Үш күннен кейін бұл хабар Меккеге тарады. Әли келіп: «Ей, Мұхаммед, бұл не іс?» – деді.

Расул: «Бұл Бір Тәңірдің діні, бұл дінге кіресің бе?» – дедім.

Әли: «Аталарымыздың дініне қайшы келмейді ме? Біраз уақыт (ойланып) көрейін», – деді. Біраз уақыттан кейін келіп, иман келтірді. Мекке халқы: «Мұхаммед (с.ғ.с.) уаллаһи кедей болды», – деді. Сол сәтте бір аят түсті: «*Нун. Уә әл-қаләми уә мә йәстурун мән әнтә бини 'мәти раббикә бимәжнун*» («*Нун, қаламмен және қалам иелерінің жазған нәрселерімен ант ішемін, сен Жаратушының мейірімімен мәжнун емессің*»). Содан кейін Расул (ғ.с.) екі ракағат намаз оқыды. (Бұл) Меккеден Мединеге хижрет етуден екі жыл бұрын еді. Кейін Миғраж түнінде мына бес уақытты намаз (парыз) болды.

Мұхаммед Исхақ айтады: «Расул (ғ.с.) ға Жебірейіл көрінген күні (Жебірейіл): «Ей, Мұхаммед, сүйінші. Жаратушы Алла саған басқа пайғамбарларға бермеген он нәрсені сыйлады.

Бірінші, Тәңірдің аты аталса, сенің атың Оның атымен бірге аталады. Сондықтан да «*Уә рафә 'нә ләкә зикрак*» («*Және сенің зікіріңді жоғары қылдық*»), – деді. Екінші, үмметінді барша үмметтерден артық қылдым. «*Кунтум хәйра уммәтин ухрижәт лин-нәси*» («*Адамдарың тура жолы үшін жіберілген үмметтердің ең жақсыларысыңдар*»). Үшінші, жер бетін саған мешіт етті және таза қылды. «*Жә 'әлту фи әл-әрзи мәсжидин уә тәхуран*» («*Мен жер бетінің әр жерін намаз оқыса болатын пәк етіп жараттым*»). Төртінші, үмметің Құранды шын көңілмен оқиды. Бесінші, Жаратушы Алла барша періштелермен үмметіңе салауат жібереді. «*Һуәлләзи йусалли 'әләйкум уә мәликәтуһу*» («*Ол сондай, Өзі де, періштелері де сізге мейірім мен салауат жіберіп тұрады*»). Алтыншы, сенің дінің басқа діндерден биік болады. «*Ли йузхираһу 'әлә әд-дини куллиһи уә ләу кәриһә әл-муширикун*» («*...Исламның басқа діндер үстінен жеңіс табуы үшін, қаншалықты бұл мүшіріктерге жақпаса да*»). Жетінші, намаздардың қазасын өтеуге рұқсат берді. Сегізінші, олжаны саған халал қылды. Бұрынғы шарифаттарда халал емес еді. Тоғызыншы, құрбандық етін жеуді әмір етті. Бұрынғылардың құрбандығын от жейтін. Оныншы, көлеңкеді жерге түсірмеді. Алды, артыңнан бірдей көрінетін». Және Әбу Бәкірді көріп: «Мен Тәңірдің пайғамбарымын», – деді.

Әбу Бәкір: «Рас айтасың. Мен сені оған лайық көретін едім», – деді. Басқалар ойланып, содан кейін иман келтіретін. Алайда Әбу Бәкір ойланбастан, Расулды шын қабылдап, иман келтірді. Сондықтан да «Сыддық» деп аталды. Яғни өте шыншыл, тура сөзді деген сөз. Содан кейін Расул имандылық үгіт-насихатын айта бастады. Малы жоқ кедей болса, (бірден) иман келтірді. (Алайда) байлар мен беделді адамдар қудалай бастады. Араб кәпірлері дұшпан болды.

Хабарда келеді: Бір күні мұсылмандар әмірі Омар (Алла одан разы болсын) Әбу Бәкірмен сөйлескенде, ауыр сөйледі. Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) көңіліне алып, Расулға барды. Омар, (Әбу Бәкірдің) Расулға барып маған деген ренішін айтады. Кейін кешірім сұрап қайтарайын деді. Әбу Бәкір қайтпады, Расулға барып айтты. Расул (ғ.с.) ның ашуы келіп: «Омар қайда?» – дегенде, Омар кіріп келді. Расул: «Ей, Омар, мені мен жолдасымды неше күннен бері неге мазалай бересің?» – деді де: «*Қалуһу 'әләйһи әс-сәләм: «Мә 'әразту әл-исләмә 'әлә әхәдин иллә уә фин уәжһиһи кәбуәтун гәйру Әбу Бәкрин уә иннәһу ләм йәтәлә'сәм*» («*Пайғамбар (ғ.с.) ның сөзі: «Біреуге Исламды айтсам, ол әуелі түрін бір тыржитып алатын. Алайда Әбу Бәкір олай істемеді, ол ашық жүзбен ешбір ойланбастан мені қолдады*»»), – деді. Мағынасы мынау: «Мен біреуге Исламды айтқанымда бетін тыржитатын, тек Әбу Бәкір бетін тыржитпады. Басқалар өтірік айтып тұрсың деп, кәззәб деді. Алайда Әбу Бәкір «садақтә» деп, рас айтасың деді. Сол үшін Сыддық деп аталды.

(Деректерде) жарандардың ішінде алғаш иман келтірген Әбу Бәкір Сыддық (Алла одан разы болсын) еді делінеді. Әйелдерден алғаш иман келтірген Хадиша (Алла одан разы болсын) еді. Және балалардан алғаш иман келтірген Әли (Алла одан разы болсын) еді дейді.

(Кейбіреулер) Расулға иман келтіргендер отыз тоғыз болды дейді. Намазды әшкере оқымайтын. Расул (ғ.с.): *«Аллаһумма ә'иззи әл-исләмә биәхәди ражуләйни имма би 'Умара әу би Әби Жәһлин»* («Ей, Алла, Исламды Омар немесе Әбу Жәһил – міне, осы екі адамның бірімен қолда»). Мағынасы: Құдайым, мына екі адамның біреуімен, яғни Омар не Әбу Жәһілмен Исламға күш-қуат бер», – деп дұға жасады.

САУАЛ: Расул (ғ.с.) осы екеуінің біреуімен Исламды көтер деп дұға жасады. Омар туралы қабыл болды да, Әбу Жәһил туралы қабыл болмады. Хикмет не еді?

ЖАУАП: Расул (ғ.с.) тілімен бірінше Омардың атын айтты, сол үшін Исламға кірді. Әбу Жәһил кірмеді дейді.

ОМАР (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) НЫҢ ИСЛАМҒА КІРГЕНІ ТУРАЛЫ

Әбу Жәһил бастаған Құрайыш кәпірлері Расулға кәпірлік қыла бастады. Бір Әбу Жәһил мен кәпірлер Расулға орынсыз сөз айтатын. Омар келіп: «Мына азап еркектердің ісі емес, әйелдердің ісі», – деді.

Әбу Жәһил: «Сен ер болсаң, жүз дана алтын мен жүз түйе берейік, Мұхаммедті өлтір», – деді. Омардың бұл іске көңілі ауды. Бәрі бірігіп, пұттарға бармас бұрын, Омар шарап ішті. Олардың әдеті бойынша, біреу ант-су ішетін болса, пұттардың алдында тұрып ант-су ішетін де, сол келісімді бұзбайтын еді. Бәрі жиылып Лат, Ғұзза және Хублаға барды. Ол уақытта барлық пұттар Меккенің ішінде болатын. Жаратушы Алла Хублаға тіл беріп: *«Ражулун аминун йәд'укә илә әл-исләм уә әнтә туриду ән тәсфикә жәмәһу билләһи мә тәқдир»* («Бір шыншыл адам сені Исламға шақырып жатса, сен оның қанын төкпекші болсаң, Құдай ақы, қолыңнан келмейді»), яғни «Бір сенімді шыншыл адам сені мұсылманшылыққа шақырады. Сен оның қанын төгесің бе?» – деді. Омар оны есітіп, келісімді бұзбақшы болды. «Осыншама алтын мен түйеден құр қаласың ба? Жүз мың адам алтын үшін жан иманын берді», – деп шайтан көңілін бұзды. «Уә әл-әйиәзу билләһ». Омар және пұттарға кірді. Хақ Тағала Ғұззаға тіл беріп: *«Лә иләһә иллаллаһу Мұхаммәдун расулуллаһ»* («Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі»), – деді. Омар оны есітіп: «Мен мына пұтқа табынамын, менің құдайым Ахадтың бірлігі мен Ахметтің пайғамбарлығына куәлік беруде. Мен Ахметтің қанын төккелі бармақшымын, қалай болады екен?» – деді. Расулдың Омар туралы дұғасы қабыл болған еді.

САУАЛ: Алла Тағаланың мейірімі кеміп қалатын ба еді, Расул тек Омарға дұға жасап, екеуіне дұға жасамады. Хикмет не еді?

ЖАУАП: Жаратушы Алланың мейірімі азаймайтын. Алайда Жебірейіл осы екеуінің біреуі иман келтіреді деп хабар берген еді. Сол себепті біреуін бірінші сұрады. Тіліне Омардың аты келді. Сондықтан Омар туралы дұғасы қабыл болды.

СҮЙІНШІ: Мұхаммед Омарға бір рет дұға жасады. Омар тура жол тапты. Және (пайғабар) жиырма үш жыл бойына үмметіне дұға жасады. Жаратушы қабылдаса, қандай ғажап!

Омар пұттардың алдынан көңілсіз шықты. Жаман жолдастары қоймады. Және Мұхаммедті өлтіруге бел байлады.

ҮГІТ-НАСИХАТ: Ей, мұсылмандар, жаманмен жолдас болмандар. Ертең олармен тамұққа бармандар. Бүгінгі жаман жора-жолдастар ертең бәрі дұшпан болады. *«Әл-әхиллу йәумәзин бә'зуһум ли бә'зи 'әдууән иллә әл-муттәқин»* («Ол күні достар бір-біріне дұшпан болып кетеді, алайда Алладан қорыққан пенделер бұған кірмейді»). Қиямет күні жаман жора-жолдас бір-бірінен қашады. «Сенімен арамыз Шығыс пен Батыстың арақашықтығындай болғанда ғой.

Мұндай жолдас неткен жаман», – дейді. «*Йә ләйтә бәйни уә бәйнәкә бу'дә әл-мәшириқайн фә би'сәл қарин*» («Сені мен менің ортамдағы қашықтық Шығыс пен Батыс аралығындай болғанда ғой. Шайтан қандай жаман жолдас»).

Және Омар мен Әбу Жәһіл (Латқа) кірді. Хақ Тағаланың құдіретімен Латқа тіл бітіп: «*Тә'буду әл-әснәм уә қад хәражә хәйру әл-әнәм йә'дукә илә дәри әс-сәләм*» («Сен пұтқа сиынасың, адамзаттың абзалы шықты, сені жәннатқа шақырып жатыр»). Яғни «Қашанға дейін пұттарға табынасың? Халықтың жақсысы шықты, сені жұмаққа шақырып жатыр», – деді. Бұл сөзді Омар мен Әбу Жәһіл екеуі есітті. Әбу Жәһіл: «Ей, Омар, бұл сөзді ішінде сақта. Мекке халқы есітсе, бәрі оған иман келтіреді. Біз ізет-құрметсіз қаламыз», – деді.

Ғажап! Омар неше жыл кәпір болды, мал одан аянбады. Жүз түйе үшін Мұхаммедті өлтірмекке бел байлады. Әбу Жәһілдің сөзіне еріп, қылыш алып, жолға шықты. Лат, Ғұзаға ант ішіп, «Мұхаммедті өлтірмейінше қылышым қынына кірмейді», – деді. Сол кезде Рабб ул-'иззә: «Кеңшілігім мен жомарттығымның құрметі, көңіліңді күпірден тазартпайынша, өлікті түске жеткізбеймін», – деп жарылқауда еді.

Омар бара жатып, бір бұзауды қуып ұстай алмай жүрген бірнеше жігіттерді көрді. Бұзау Омардың қасына шауып келіп: «Ей, Омар, осынша адам жабылып мені ұстай алмай жүр. Сен жалғыз барып Мұхаммедтің басын қалай шабасың?» – деді. Омар ойланып жүре бастады.

ПАЙДА: Жаратушы Алланың мейірім әсері пайда болса, пенде Тәңірге сиынатын болады. Және кеңшілігінің әсерін шығарса, тасқа табынушы Омарды Тәңірге сиынушы қылады.

Жолда бара жатып Хубаб ибн әл-Арасқа жолықты. Бұл Хубаб Омардың қарындасын алған еді. Омардан қайда бара жатқанын сұрады. Омар: «Ол адамның басын алғалы бара жатырмын», – деді. Расулды сондай жау көретіні соншалық, оның атын атамайтын.

Хубаб: «Ей, Омар, оны қарындасың мен күйеуіңнен баста. Кейін Мұхаммедке бар. Күйеу балаң мен қарындасың Мұхаммедке иман келтірді», – деді. (Хубабтың) мақсаты, Мұхаммедті өлтірмесін деп, Омарды өздеріне шалғыту еді.

Омар: «Сондай болдындар ма?» – деді.

Хубаб: «Егер сенбесең, қарындасыңды қара. Бір тауықты өлтіріп бер. Өлікті жей ме, көресің», – деді.

Қарындасы байқұстарға тамақ беретін. Омар кірді. Бір тауықты өлтіріп, екіге бөліп, қарындасына: «Мынаның түгін жұлып, пісіріп бер», – деді. Жұлып, пісіріп, Омардың алдына қойды.

Омар: «Кел, (бірге) жейік», – деді.

Қарындасы: «Өлікті жемеймін», – деді. Омар қылышының ұшымен қарындасына кіргізді. Жемеді, дәм де татпады.

Омар: «Неге сөйлемейсің?» – деді.

Қарындасы: «Менің сөзім сол Бір Жаратушымен бірге. Кім досын сүйсе, баласын да сүйеді», – деді. Омар мас еді, ұйықтады. Ұйқыдан оянған уақытта екеуінің Құран оқып отырғанын көрді. Тұрып, Құранды сұрады. «Көрейін», – деді.

Қарындасы: «Жарамайсың, алма», – деді.

Омар: «Оқыңдар, есітейін», – деді.

Қарындасы бастады: «*Таһә мә әнәлнә 'әләйкә әл-Құрәнә литәшкә*» («*Таһә, Біз Құранды сені машақатқа салу үшін түсірген жоқпыз*»). «Т» – дәретке себеп болды, «Һ» – һидаятқа (тура жолға) бастады.

Омар: «Ей, қарындас, мына Құран хақы, және оқы», – деді. Тағы оқыды.

Омар: «Ей, қарындасым, күнәм көп болды. Тәубе қылсам, (Алла) қабылдай ма?», – деді.

Қарындасы: «Алла Тағала мейірімді, қабылдайды», – деді.

СҮЙІНШІ: Осы екі әріп Омардың Исламды қабылдауына себеп болды. Жетпіс жыл, сексен жылдан бері мұсылмандар (осы аятты) оқып жатыр. Жұмаққа кіруіне себеп болса, қандай ғажап!

Омар қарындасына: «Мені Мұхаммедке алып бар, көрейін», – деді. Тұрып, жолға шықты. Қарындасы алдында, Омар артында жүріп отырды.

Хақ Тағаланың мейірім болса, арыстанға түлкі басшы болады деген сөз бар. Омардың қарындасымен қол ұстасып келе жатқанын солай десе де болады. Алла Тағаланың қиямет күні адам аға-қарындасынан, ата-анасынан, ұл-қызынан, күйеу әйелінен қашады. *«Йәумә йәфирру әл-мәр’у мин әхиһи уә уммиһи уә әбиһи уә сахибәтиһи уә бәниһ»* («Сол күні әрбір адам аға-інісінен, ата-анасынан, әйел бала-шағасынан қашады»). Алайда Омар берекесінен ер жігіт қарындасынан қашпайды деп Жаратушы Құранда баяндады.

Жебірейіл келіп: «Ей, Расулулла, Жаратушы құзыретінде Омардың есімі кәпірлер тізімінен өшірілді. Омар саған келе жатыр. Армандап жеттің, алдынан шық», – деді. Расул (ғ.с.) қарсы алды. Омардың көзі Расулдың жүзіне түскен уақытта: «Оны өлтірейін деп келе жатқанымда мен үшін Мұхаммедтен артық дұшпан жоқ секілді еді, енді Мұхаммедтің түрін көргенімде Мұхаммедтен артық дос адам жоқ. Бас алуға келіп едім, енді басымды берейін», – деп топыраққа басын тигізіп, еңбектеп Расулдың аяғына келіп: «Не қалайсың, айт», – деді. Расул кәлиманы Омарға айтты. Омар шешен тілімен, шын көңілімен айтты. Біз де қуанышқа ортақтасып бір айталық: *«Лә иләһә иллаллаһу Мухәммәдун Расулуллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі»).

Расул Омарды құшақтап, қолынан ұстап бір сілкіді. Омар күпір итқауынымен ауырлаған бір қураған ағаш секілді еді. Мұхаммед Мұстафа сілкігенде, күпір итқауыны төгілді. Ислам құрмасы көктеп, Исламға күш болды. Муғизиддин деген лақап ат берілді. Исламға кіргендер отыз тоғыз еді. Омар (Алла одан разы болсын) мен қырық болды. Сол үшін де толық *«’индәту әл-әрбә’ин»* («Менімен қырық») дейді. Біраздан бері намаз болды. Мұсылмандар намазды үйде жасырынып оқитын еді. Омар: «Кәпірлер адасқан дінді әшкере етіп жатыр. Біздер не үшін Хақ дінді жасырып жүрміз. Тұрыңдар! Қағбаға барайық, жамағатпен намаз оқиық», – деді. Жебірейіл келіп мына аятты түсірді: *«Йә әйюһә ән-нәбийу хәстүкә Аллаһу уә мәни әт-тәбә’әкә мин әл-муминин»* («Ей, пайғамбар, саған Алла мен мұсылмандардан саған ергендер жеткілікті болады»). Мағынасы мынау: «Ей, Мұхаммед, саған көмекшімін және Омар көмекші». Кейбіреулер, (бұл аяттың) мағынасы, «Ей, Мұхаммед, саған және барша мұсылмандарға мен көмекшімін» (деген сөз дейді).

Содан кейін Расул (с.ғ.с.) Омар және барша мұсылмандармен бірге Қағбаға келді. Әбу Жәһіл және арабтың ақсүйек кәпірлері «Омар неге кешікті екен?» деп ойлап, екі көздері жолда еді. Алыстан бұларды көріп қуанды. «Оны өлтіріп, жарандарын осында алып келе жатыр», – деп ойлады. Жақындаған уақытта: «Бұлардың іс-әрекеті басқаша сияқты. Бұлардың арасында Мұхаммед бар екен», – деп бәрі атып тұрып таң қалды. Мұхаммед Расулулланы көрді. Омармен қол ұстасып жарандарымен келе жатыр. Омар қылышын алып, алға шықты да:

*Мә ли әракум кулләкум қийәмә,
Әш-шәйхә уә әш-шәбәбә уә әл-ғуләмә
Қад бә’әсәллаһу ләнә имәмә
Һәзә Мухәммәдун ‘әләйһи әс-сәләмә
Фә әзрибукум би әс-сәйфи нәқтулукум
Уә лә нәдә’ә әл-әхуәлә уә әл ә’мәмә.*

*(Не болды сендерге, бәрің аң-таң болып тұрыпсыңдар,
Үлкендер, кішілер және балалар.
Расында, Алла бізге бір имам жіберінті,
Ол – мынау Мұхаммед (ғ.с.).
Енді сендерді қылышпен салып өлтіреміз,*

Не нағашыларды қалдырамыз, не немере бауырларды.)

Не болды көрермін сендерді тұра,
Тоңыздай жиылып кара қаны
Қылышпен қырамын бәрін де бүгін
Тірі қалдырмайын бір іні-ағаны.
Басымыз жоқ еді Мұхаммедті Хақ,
Сыйлады мұндай таза ер (жігіт) қане?!

Әбу Жәһіл барша кәпірлермен қашты. Омар Қағбаның есігін ашып, кірді. Сол кезде Қағбаның ішінде үш жүз алпыс пұт бар еді. (Бәрі де) темір қазықтармен Қағбаның қабырғасына бекітілген болатын. Омар қолымен ишара етіп: *«Әйиәтуһә әл-әснәм һәзә Әхмәд ин кәнә хәққан мән йәқулу фәсжуду»* («Ей, пұттар, мынау Ахмет, егер оның айтқаны рас болса, сәжде жасаңдар»). Яғни «Пұттар, мынау Мұхаммед айтса, бәрін де Жаратушыға сәжде жасаңдар», – деді.

Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын): «Омар пұттарға ишара жасаған уақытта барша денемнің түктері тікелей, (денем тітіркеніп) кетті. Егер Омардың ишарасымен барша пұттар жүзін жаппағанда, Омар Исламда күмәнсіз қылышпен барша мұсылмандарды қыратын еді», – дейді (деп есіне алады).

Омар ишарасымен барша пұттың бетін жапқанын көрді. Омар тоқпақ алып, барша пұттарды қиратып, далаға шығарып тастады. Қағбаны тазалады. Кәпірлер Қағбада бір пұтты ешкімнің қолы жетпейтін бір биік жерге қойған болатын. Расул (ғ.с.): «Ей, Әли, менің иығыма шығып, ана пұтты сындыр», – деді.

Әли: «Ей, Расулулла, сіздің иығыңызға қалайша аяқ қояйын?» – деді.

Расул: «Ей, Әли, менің сөзімді аяқ асты еткенше, иығымды аяғыңның астына алсаң жақсы болатын еді», – деді. Әли Расулдың иығына аяғын қойып, пұтты алып жатқанда Расул: «Ей, Әли, қолың жетті ме?» – деді.

Әли: «Ей, Расулулла, мен аяқ қойған жерден қолымды созсам Ғарышқа жетеді», – деді. Әли пұтты сындырды.

САУАЛ: Расул (ғ.с.) Әлиден артық еді. Әлидің иығына неге шықпады. (Неге) Әли шықты?

ЖАУАП: Расул сапарда інген мініп тұранда Жебірейіл келіп уахи жеткізсе, Расул терлейтін еді. Інген уахидың салмағын көтере алмай шөгетін. Расул (ғ.с.) дың салмағы сондай болса, Әли қалай көтерсін? Алайда Әли де Расулдан басқасын ойланбай көтеретін ер жігіттерден еді. (Ел ішінде) *«'Әлә қадри жирми әл-фили тубнә әл-қауәим»* («Пілдің күшіне жараса жүк артылады»), яғни «Пілдің бойына жараса, жүк береді» деген сөз бар.

Мақсатымызға (өз сөзімізге) қайтайық.... Омар Қағбаны тазартты, пұттарды қиратты. Қасына ешкім жақындай алмады.

САУАЛ: Омар сондай айбатты бола тұра, қарындасының сөзіне қалай құлақ асты?

ЖАУАП: Рум аймағының (мынадай) әдеті бар еді. Түйелері асаулатып мұрындық салғызбаса, жаңа түскен келіндерді алып келіп, өлең айтқызатын. Түйелер олардың дауыстарына елтіп тұрғанда, қолға ілінетін (мұрындық салынатын). Омар да арабтардың арасында асау бурадай еді. Қарындасы Құранды мәнерімен оқығанда, иманға мойынсұнды.

МІНАЖАТ: Тәңірім, Омар Расулды өлтіргелі келген кезде иман бердің. Біз көптеген жылдан бері Мұхаммедтің пайғамбарлығын мойындап келеміз. Соңғы демімізде иманмен баруды және ақыретте дидар көруді нәсіп ет!

ПАЙҒАМБАР (С.Ғ.С.) ТУРАЛЫ

Расул (ғ.с.) аталарының есімдері қиссаның басында айтылып өтті. Көп пайғамбарлар Исхак ұрпағы. Исмайыл ұрпағынан жалғыз Мұхаммед Мұстафа.

Расул: «Алла Тағала Исмайыл ұрпағынан Кәнана қауымын жаратты. Және Кәнанадан Құрайыш тайпасын шығарды. Құрайыш тайпасынан Хашимды (руын) шығарды. Хашим руынан мені шығарды», – дейтін.

Расулдың анасы Әмина бинт Уаһаб еді. Әкесінің бауырлары Абдуладан басқа тоғыз еді. Солардың ішінде Аббас пен Хамза мұсылман болатын. Расул сегіз жасқа келгенде атасы Әбді Мүтәліп дүниеден өтті. Әбу Тәліп пен Әбу Ләһәб кәпір болатын. Расул (ғ.с.) Меккеде туылды. Анасының ішінде алты айлық кезінде әкесі Абдулла қайтыс болды. Анасынан жиырма бес күндік туылып қалды. Сегіз жасында Әбді Мүтәліп қайтыс болды. Әбу Тәліпке жүктелді (қарамағында болды). Қырық жасқа келгенде Жебірейіл пайғамбарлық жеткізді. Содан соң үш жыл Меккеде тұрды. Кейін Мединеге һижрет етіп келді. Он жыл Мединеде тұрды. Алпыс үш жыл өмір сүрді. Раббигул әууәл айының он үші, дүйсенбі күні дүниеден өтті. Алайда әйелдерінен тұл Хадиша болатын. Хадишадан үш ұлы болды: Қасым, Заһыр және Тайиб. Төрт қыз еді: Фатима, Зейнеп, Рұқия және Умми Кулсум. Ұлдары кішкентай кезінде шетінеді. Фатиманы Әли ибн Әбу Тәліпке берді. Зейнепті Әбул Ғасқа берді. Рұқияны Оспанға берді. Ол қайтыс болған кезде, Умму Кулсумді берді. Расул (ғ.с.) дүниеден өткен уақытта, тоғыз әйелі қалды. (Олар): Сауда бинт Заммға, Айша бинт Әбу Бәкір Сыддық, Хафса бинт Омар ибн әл-Хаттаб, Умми Салама бинт Әби Умайя, Зейнеп бинт Жаһш, Умми Хәбибә бинт Әби Суфиян, Мәймунә бинт әл-Харис, Сәфия бинт Хуайи ибн Ахтаб, Жарира бинт әл-Харис (Алла олардан разы болсын).

Алайда Ибрахим есімді ұлы Мәрия әл-Қантиядан еді. Төрт жасында қайтыс болды.

Расулда пайғамбарлықтың нышандары көп болғанын біл. Имамдар үлкен кітап жазып, «Дәләил ән-нубууә» («Пайғамбарлықтың дәлелдері») деп атады. Әрқайсысы өз алдына жеке кітап, ол туралы тоқталамыз. Осы мақсатпен айтып өтерміз. Расул (ғ.с.) ның жақсы қылықтары көп, санаса, шегі жоқ. Алайда бірнешеуін айтып өтейік. Расул (ғ.с.) әрдәйім ой үстінде болатын. Әрқашан тік және айбатты болатын. Ашық жүзді, жылы сөзді еді. Жомарт, дінді, жұмсақ көңілді. Шатақ шығармайтын, көп айыпты адамды сөкпеді, ғайбаттамады. Жақсы мінезді. Оның мәжілісі – ғылым мен аманат, ұят пен сабырдың мәжілісі болатын.

Жасы үлкендерді сыйлады, жасы кішілерді құрметтеді. Ғаріптер мен пақырларды өзінен жоғары ұстады. Пайғамбар (ғ.с.) ның қасиетті тісін сындырғандарға тура жол сұрады. «Аллаһумма һәди қауми фә иннәһум лә йә'ләмун» («Ей, Алла, менің қауымымды тура жолға сал, себебі олар еш нәрсені білмейді»), – деп дұшпандарға солай деді (Алладан кешіруін сұрады), достарға шапағат неге жасамасын?!

Егер Ибрахим пайғамбарды халыққа имам қылған болсам, «Инни жә'улукә линнәси имәмән» («Мен сені адамдарға жолбасшы қыламын») дегенімде Мұхаммед Мұстафаны Миғраж түнінде Бәйт ул-Мұқаддаста барша пайғамбарларға имам қылдым. Намрұт отын Ибрахимге суытқанымда, тамұқ отын Мұхаммед (ғ.с.) ның үмметіне суытамын. «Қаулуһу 'әләйһи әс-сәләм: Изә уәзә 'ә әл... мумину қадәмәһу 'әлә әс-сирати тәхмуду ән-нәри тәхтә қадәмәйһи кәмә йәхмуду» («(Мұхаммед) (ғ.с.): «Қашанда мұсылман сират көпіріне қадам қойса, оның аяғының астындағы от өшіп қалады екен, себебі...» – деді»).

Егер Сүлеймен пайғамбарға патшалық беріп, желді оған бағындырған болсам, Мұхаммед Расулулланың үмметіне соншалықты патшалық бердім. Ол патшалық – көңілі жарым, іші түзу байқұс мұсылман «аһ» деп суық дем тартса, шаһадат кәлимасын оның жолдасы қылса, көзді ашып-жұмғанша жаңағы суық желді кәлиманы Ғарышқа жеткіземін. Сол құлым кешіріледі.

Егер Мұса (ғ.с.) ның қауымын аяқтарын су қылмай Ніл дариясынан өткізген болсам, Мұстафа (ғ.с.) ның үмметтерін тамұқтан аяқтарын күйдірмей өткіземін, (тіпті) су етектері кеппейтін болады. «Тәмурру таифәтун мин уммәти 'әлә әс-сирати лә тәжиффу сәбуһу мин

ал-арақи» («Үмметтерімнің ішінен бір тобы сират көпірінен тез өтетіні соншалық, олардың терлеп су болған киімдері кеппейді де»).

Егер Иса (ғ.с.) ны төртінші қабатқа шығарған болсам, Мұхаммед Мұстафа сол мақамға жетті «*Фә кәнә қабә қаусәйни әу 'әднә*» («Кейін екі оқ қашықтығындай немесе одан да жақынырақ жерге тоқтады»).

Кімде-кім екі дүниенің құрметін сұраса, Мұхаммед Расулулланың берекесімен табатынын білсін.

Адам (ғ.с.) үш жүз жыл жылады. Жебірейіл келіп: «Ей, Адам, тәубең қабыл болсын десең, Мұхаммед Расулулланы шапағатшы ет», – деді. Адам шапағатшы етті, тәубесі қабыл болды. Ибрахимді отқа тастаған кезде, Жебірейіл келіп жұмақ шапанын алып келді. Нышаны ретінде «*Лә иләһә иллаллаһу Мухәммәдун Расулуллаһи*» («Аладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі») жазылғандықтан, от оны күйдірмеді.

Мұса дария жағасында тұрып (суға) түсуге қорыққан кезде, Жебірейіл (келіп): «Мұхаммедтен шапағат сұра», – деді. Сұрап еді, дарияның суы (екіге) жарылып, оған жол ашылды. «*Фән фәләкә фә кәнә кулли фирқин кәт тауди әл-'әзим*» («Дария екіге бөлінді және әрбір жартысы үлкен таудай еді»).

Дәуіт (ғ.с.) темірден сауыт жасайтын кезде Мұхаммед Расулулладан шапағат сұрады. Қатты темір жұмсарды. Мұхаммед (ғ.с.) шапағат жасамайынша, қияметтің күні Жаратушы Алламен ешкім сөйлеспейді. Мұхаммед Расулулла көрмейінше, ешкім дидар көре алмайды. Мұхаммед пен үмметі кірмейінше, жұмаққа ешкім кірмейді. «*Әууәлу мән йәқрау бәбә әл-жәннәти Биләлун*» («Жәннаттың есігін ең алғаш қағатын Біләл болады»).

ХИКАЯ: Бір күні Айша (Алла одан разы болсын): «*Йә Расулуллаһи әнтә әхсәнү әм Йусуфу*» («Ей, Расулулла, сен әдемісің бе әлде Жүсіп пе?»), – деп сұрады.

Расул: «*Кәнә Йусуфу әхсәнү минни уә әнә әмләһу минһу*» («Жүсіп менен әдемірек, алайда мен одан жұмсақпын»), яғни «Жүсіп менен әдемі, мен Жүсіптен жұмсақпын», – деді.

Айша: «Бұл не деген сөз?» – деп және сұрады.

Расул (ғ.с.): «*Ли әннәһу кәнә фитнәтән лил-'әләмин уә әнә рахмәтун лил-'әләмин*» («Себебі ол әлемге фитна еді, мен әлемге мейіріммін»). Жүсіп не көрсе, (соны) сүю харам болатын, кім мені көрсе, қайғы оған харам болады», – деді.

САУАЛ: Жаратушы Алла Ибрахим пайғамбарды бізге ата деді. «*Милләтә әбикум Ибрахим*» («Аталарыңыз Ибрахимның жолы сендерге таңдалды»). Және Мұхаммед Расулулланы (бізге) ата демеді. «*Ләқад жәәкум расулун мин әнфускум 'әзизун*» («Ей, адамдар, сендерге өздеріңнен шыққан пайғамбар келді»). Хикметі не еді?

ЖАУАП: Егер Мұхаммед Расулулланы сендерге ата десе, қиямет күні оның куәлігінен мақұрым қаламыз. Ей, Мұхаммед, сені үмметке Расул деді. Ертең сен куәлік бер, мен қабылдайын. Сен сұра, мен берейін. Шапағат ет, мен қабылдайын.

(Деректерде) күнәні жазған періште күнде келеді. Құлшылықты жазған періште күнде келмейді, Мұса өлгенше басқа періште келеді дейді.

ӘБУ БӘКІР. Мигражға шынайы сенген Әбу Бәкір. Исламға құл азат еткен Әбу Бәкір. Расул жанында орын тапқан Әбу Бәкір. Құрмет үшін қызын берген Әбу Бәкір. Алғаш мешіт тұрғызған Әбу Бәкір.

(Деректерде) Жаратушы Алла Әбу Бәкірді екі жерде Жүсіп пайғамбармен салыстырды делінеді. Біріншісі – Сыддық, екіншісі – жұмсақтықпен. Жүсіп туралы «*Әйиуһә әс-сиддиқу*» («Ей, тура сөзді»), – деді. Әбу Бәкір (туралы) «*Уә әл-ләзи жәә бис-сидқи уә сәддәқа биһи*» («...шындықты алып келген және рас деп қуаттаған адамдар»), – деді. Жүсіп туралы Жүсіптен хабар берді. Пайғамбар «*'Әлә һәзәини әл-әрзи*» («Мені мемлекет қазыналары үстінен») Әбу Бәкір туралы «*Лә йәстәхлифәннәһум фи әл-әрзи*» («Оларды, әрине, жер бетіне әкім етеді»), – деді. Және екі рет Яхия пайғамбармен салыстырды. Яхия туралы «*Уә хәнәнән мин ләдуннә уә зәкәтән уә кәнә тәқийән*» («Біз оған өз тарапымыздан сауықтық пен

тазалықты бердік, ол діндарлардан еді»), – деді. Әбу Бәкір туралы «Уәттәқа уә сәддәқа бил-хуснә» («Ол Алладан қорықты және жақсы сөзді рас деп қуаттады»), – деді. Және екі жерде Мұхаммед пайғамбармен салыстырды. Расул туралы «Уә йүнәссирукә лил-йусра» («Сені оңай жолға лайық қыламыз»), – деді. (Кейбіреулер) Әбу Бәкір туралы «Фә сәнийәссирукә лил-йусра» («Біз оны тез де оңай жолға лайық қыламыз»), – деді дейді. Әбу Бәкірдің сыртқы кереметтерінің бірі сол еді, дейді. Өмірінің соңында: «Дүниеден өтсем маған Расул раузасында жер қазындар. Есігін байлаңдар, мен алып барып есіктің алдына қойып: «Ей, Расулулла, ассалаумағалайкүм, Әбу Бәкір есікке келді», – деп рұқсат сұраңдар. Рұқсат болса, кіргізіндер», – деді. Алып барып, сәлем беріп еді, құлып түсіп, есік ашылып, раузадан: «Әдхилу әл-хәбибә илә әл-хәбиби фә иннәһу муштәқун иллә әл-хәбиби» («Досты достың қасына кіргізіндер, себебі ол досқа ынтық»), яғни «Досты досқа кіргізіндер, досқа ынтық» деген дауыс келді.

(Кейбіреулер) Әбу Бәкірде жетпіс екі ерекшелік бар еді дейді. Пайғамбарлардан басқа ешкімде ондай ерекшелік жоқ еді дейді.

ОМАР ИБН ӘЛ-ХАТТАБ (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) ТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Риуаят етеді: Жәбірейіл: «Көктегі барша періштелер Омар Исламды қабылдағанда қуанды», – дейді.

Расул (ғ.с.): «Омар менімен бірге, мен Омармен біргемін. Омар қайда болса, Хақ онымен бірге», – деген.

Расул (ғ.с.) Жәбірейілге: «Жаратушы Алла (ның алдында) сенің ашуың құрметті, сенің ризалығың үкім деп Омарға айт», – деді.

Расул: «Жұмақ ішіндегі барлық жапырақта «Кәнә әш-шәйтану йәфирру мин зилли ‘Умәра» («Шайтан Омардың көлеңкесінен қашады») деген жазу бар», – деді. Және Расул: «Сол күні маған бір хабар жетті. Омар Ислам дінін қабылдағанда бір мың тоғыз жүз мінбе құрылды. Және Омардың көлеңкесінен шайтан қорқатын еді», – деген еді.

Хикаяда келеді: Бір кемпір Расулға (келіп): «Азаптан аман-есен келсең, қуанғаннан сенің алдында дабыл соғамын деп нәзір етіп едім», – деді. Расул: «Сөзіңді орында», – деді. Кемпір тұрып, дайраны алып ойнай бастады. Сол кезде Омар кіріп келіп еді, кемпір дайраны киімінің ішіне жасыра қойды. Расул күліп: «Ей, Омар, шайтан сенің көлеңкеңнен қорқып қашады», – деді. Және: «Кімде-кім Омарды жақсы көрсе, Алланы жақсы көргені. Кімде-кім Омарды дұшпан тұтса, Алланы дұшпан тұтқаны», – деді.

Риуаятта келеді: Бір күні Хасан мен Хусейн (Алла олардан разы болсын) Омардың қасына барды. Омар оларды көрген кезде, орнынан тұрып, өз орнына отырғызып, аса құрметтеді. Оны (екеуі) келіп жігіттердің сұлтаны болған әкелері Әлиге айтты. Әли: «Ей, ет-бауырларым, сендерге айтарым, Расул: «Омар дүниедегі Ислам нұры, жұмақтағылардың шырағы» деген еді», – деді. Хасан мен Хусейн осы сөзді Омарға барып айтты. Омар өре түрегеліп: «Расында әкелеріңнен естідіңдер ме? Расулдан естігендей, сендер естідіңдер ме?» – деді.

(Ол екеуі): «Естідік», – деді. Содан кейін қағаз алып жазды. Хатта: «Жұмақ жігіттерінің екі сейіді болған біз (Хасан мен Хусейн) әкемізден естідік, әкеміз (Әли) атамыз Мұхаммед Мұстафадан: «Омар дүниеде Ислам нұры, жұмақтағылардың шырағы» дегенін есітіпті. Біз соған куәлік етеміз», – деп жазды. Содан кейін (Омар): «Мен дүниеден өткен кезде, осы қағазды менің кебінімнің ішіне орап қабірге қойыңдар», – деп өсиет етті. Солай жасады. Қағаз арасынан жазу шықты. Сол қағазда: «Хасан мен Хусейн рас айтады, әкелері Әли де рас айтты. Аталары Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) да рас айтты. Омар дүниеде Ислам нұры, жұмақтағылардың шырағы» деп жазылғанын көрді.

Хабарда келеді: Расул (ғ.с.): «Омар Ислам дінін қабылдаған уақытта шайтан оған әсте қуанбады», – деді.

(Расул) және: «Ей, үмметтерім, дастарқандарыңды көкөніспен көркейтіндер, мәжілістеріңді Омардың зікірімен көркейтіндер», – деген. *«Зәйину мәуәидәкум би әл-хузәри уә зәйину мәжлисәкум би зикри ‘Умәра» («Дастарқандарыңды көкөніспен безендіріңдер, мешіттеріңді Омардың зікірімен безендіріңдер»).*

ОСПАН ИБН АФФАН (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) НЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

«Қаулуһу тә’әлә рухәму бәйнәһум» («Алла Тағала: («Өзара тіптен мейірімді», – деді) соның арқасында түсті.

(Деректерде) Расулдың екі қызын алып, содан Зиннурейн аталды дейді. Құранды жиды. Бір түнде хатым етті дейді.

(Деректерде) Ислам әскері түгі жоқ кедей еді, қиямет күні болған кезде *«Әмәннә биһи уә сәддәқнә» («Оған сендік және бекіттік»)* Расул құлшылыққа куәлік береді дейді. Құлшылықты жазған періштелер Расулдың куәлігінің үстіне куәлік береді дейді. Алайда күнәні жазған періштелер жалғыз келіп, күнәға куәлік береді екен. Жаратушы Алладан жарлық келеді. Дүниеде зинаның куәсі төртеу. Сол зинаның куәлігі екеу еді, жалғыз куәнің сөзі тыңдалмайтын. Сен де жалғызсың, куәлігінді тыңдамаймын. Менің жомарт патша екенімді бәрі білсін.

Тағы айтады: Қиямет күнінің сипаты мынау, (сол күні) ағайын ағайыннан, әйел ата-анадан, күйеуі жұбайынан, әке ұлынан қашады. *«Йәумә йә’фирру әл-мә’ру мин әхиһи уә уммиһи уә әбиһи уә сахибәтиһи уә бәниһи» («Сол күні әрбір адам өзінің бауырынан, анасынан, әкесінен, әйелінен және балаларынан қашады»).* Егер Расулды сендерге әке десем, сендер одан, ол сендерден қашуы керек еді. Бір-бірлерінен қашпасын деп, әке демедім, сендердің нәпсілеріңнен дедім. Ешкім де өз нәпсісінен қашпайды. Сондықтан да үмметпен бірге қалады.

СҮЙІНШІ: Расул (ғ.с.) біздің нәпсімізден болса, ол бізге бас болып, біз аяқ боламыз.

Ей, мұсылмандар, бастың жұмақта болып, аяқтың тамұқта қалғанын ешбір естігендеріңіз бар ма? Мұстафа (ғ.с.) біздің басымыз, басшымыз болса, оның жұмақта болары анық. Біз – мойынсұнған қызметшілер бәріміз жұмақта боламыз. *«Иншаллаһу тә’әлә» («Алла Тағала қаласа»).*

Тағы бір қирағатта *«Мин әнфусикум хәсәбән уә нәсәбән» («Нәсіл және текте өздеріңнен болған...»)* деп оқиды. Кәпірлердің бәрі Расулға қарсы еді. *«Субханаллаһ» («Алла пәк!»),* бір тұтам ағашты алтынға ұстап Тәңір деді. Сондай құрметті басшыны қабылдамады. *«Әл-Хәмду лилләһи» («Аллаға мадақ болсын!»),* біз бірнеше жүз жылдан кейін мойынсұндық. Мұхаммед Расулулла дейміз. Тәңірім, Мұхаммед Расулулланың достығын дүниеде бізге лайық көрдің, қиямет күні оның шапағатына қол жеткізуді біз – әлсіздерге нәсіп ет! *«Уаллаһу ә’ләму бис-сәуаб» («Дұрысын Алла жақсы біледі»).*

ҚЫРЫҚ САХАБАНЫҢ (АЛЛА ОЛАРДЫҢ БӘРІНЕН РАЗЫ БОЛСЫН) СИПАТЫ

Барлық сахабалардың сипаты – олар Тәңір Алланың әмірін орындайтын. Істері Тәңір Алланың құлшылығын жасау еді. Жиһад етудегі анық мақсаты Жаратушы Алланың разылығы үшін, дұшпандықтары шайтанмен еді. Пәлеге сабыр, қазаға разы, барға шүкіршілік ететін. Адамдарды өздерінен жоғары қойды. Дүние малына деген қызығушылығы аз еді. Тіршілігі тура сөйлеумен, беретіні һәдия (сыйлық) еді. Әрқашан қорқынышта еді. Бір-біріне мейірімді болатын. Біреуді есіне алса, жақсылықпен жасайтын. Ғайбаттан, іштарлықтан, жаладан қорқып, сөздері хикмет, нәпсілері ғибрат, тұруы пікір еді. Ауыртпашылықта сабыр ету, қуанышта кешірім сұрау, өз қажеттерінен бұрын өзгенің қажетін өтеу, өздері кедей бола тұра, халыққа

жақсылық жасау (болатын). Күнәһарлардың кешірілуін сұрау, уәдеге берік болып, ақырет сауабынан үміттену. Күнәһарлардың күнәсін, айыбын жасырып, Ислам хұқын сақтады.

ХИКМЕТ: Лұқпан хәкім (Оған Алланың мейірімі болсын): «Абдалдардың белгісі үшеу. Біріншісі – жәуәнмәрдтік, екіншісі – көреалмаушылық, іштарлық сияқты жаман әдеттерден көңіл тазалығы, үшіншісі – ғұлама және данышпандармен достығы», – деді.

Әбу Бәкір Сыддық пен Омар әл-Хаттаб (Алла олардан разы болсын) Айша мен Хафса жағынан Расул (ғ.с.) ның қайын аталары екенін біл. Және Оспан мен Әли (Алла олардан разы болсын) (Расулдың) күйеу балалары еді. Оспан Рұқияны алды, ол дүниеден өткен кезде Умми Кулсумді берді. Сол үшін Зуннурейн аталды. Және Әли (Алла одан разы болсын) Фатима арқылы күйеу болатын.

ӘБУ БӘКІР СЫДДЫҚ (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) ТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Расул (ғ.с.) Жаратушы Алланың жарлығымен Әбу Бәкір Сыддықты құрметпен аятта он жерде айтып өтті. *«Инна әкрамакум 'индаллаһи әтқакум. Фә мә әкрама уә әтқа»* («Алла қасында ең құрметтілерің ең діндарларың. Қандай құрметті және қандай діндар»). Және *«Уләикә ә'зәму дәражәтән»* («Олар дәрежеде артық») деді. Және *«Уә мән әхсәну динән мин мән әсламә уәжһәһу»* («Өзін Алла Тағалаға тапсырып қойған адамның иманынан артық иман кімде бар») деді. Және Расул: *«Әрафу уммәти Әбу Бәкрин»* («Менің үмметімнің ішіндегі ең жұмсағы Әбу Бәкір»), – деді. Және Жебірейіл: *«Инна Әбу Бәкрин ә'рафу фи әс-сәмән минһу фи әл-әрзи»* («Әбу Бәкір жерге қарағанда көкте галымырақ»), – деп хабар берді. Және: *«Әсдәқукумә Әбу Бәкрин»* («Бәрінен бұрын менің сөзімді рас деп қуаттаған Әбу Бәкір»), – деді. Абу Дарда: *«Ә тәмшии әмәмә мән һуә хәйрун минкә уаллаһи мә тәлә'әти әш-шәмсу уә ғарабәт 'әлә әхәдин бә'дә ән-нәбийинә әфзал мин Әбу Бәкрин»* («Сен өзіңнен жақсы адамнан бұрын жүріп кетесің бе? Алланың атымен ант етемін, пайғамбарлардан кейін Әбу Бәкірден жақсырақ адам жоқ»), – деді. Және: *«Әсбәқукум илә әл-бирри Әбу Бәкрин»* («Жақсылық жасауда бәріңнен бұрын үлгеретін Әбу Бәкір»), – деді.

(Деректерде) періштелер (оны) Әбу Бәкір Сыддық, жұмақтағылар Әбулфазыл, Арсы періштелері Мұттафик (немесе Атик), бәрі Шайқы Уақур, Иемендіктер Абха, үмметтер халифа деп атайтын дейді. Бұлардың бәрі де (оған деген) мадақ пен құрмет.

(Деректерде) Әбу Бәкір иман келтірген соң, Расул жолына қырық мың алтын жұмсағаны, оның көмектескені айтылады. Оспан өз малынан мың адамның келісімін берді және Арума құдығын сатып алып, мұсылмандарға сыйлады. Расул ибн Аббасқа (қарап): «Мына құлдан бір жұмақтық адам шығар», – деді. Оспан шыққанын көрді.

(Деректерде) бір күні Расул (ғ.с.) жұмақты сипаттап жатыр еді дейді. Біреу: «Ей, Расулулла, жұмақ көркейеді ме?» – деді.

Расул: «Иә», – деді де: «Мені жаратқан Алланың атымен ант етейін, Оспан бір мекеннен екінші мекенге барса, жұмақ көркейеді», – деп айтты. Оспан: «Маған (қарсы) дау-жанжал шығарып, қастандық жасамақшы болған күні Алла Тағаланың құзыретінде маған берілген он нәрсе бар. Біріншісі – төрт адамның бірі менмін. Екінші – Расулдың екі қызын алып, күйеумін. Үшінші – ешқашан зина жасамадым. Төртінші – Исламда да, жәһилиет дәуірінде де шарап ішпедім. Бесінші – өтірік айтпадым. Алтыншы – Расулға ант бергеннен кейін, қолымды ұятты жеріме тигізбедім. Жетінші – Құранды топтастырған уақытта әр сүрені бастар алдында бір құлды азат етіп отырдым. Сегізінші – Құранды топтастырдым. Тоғызыншы – Исламды қабылдаған соң, әрқашан құл азат еттім. Оныншы – Құранды бір рақағат намазда хатым қылдым.

(Деректерде) Оспанның өте мейірімді екендігі айтылады. Оспанға қарсы дау-жанжал болған күні құлдары қарсы шығып соғысайық деп еді, (Оспан): «Ешкім де мен үшін қиналмасын», – деді. Кіріп Оспанды өлтірді.

Расул (ғ.с.): «Маған миғраж түні бір алма берді. Екіге бөлдім, біреуі құрғақ шықты. «Сен кімдікісің», – деп сұрадым. (Ол): «Мені Тәңір Алла Арсы нұрынан жаратты, сенің зұлымдыққа ұшыраған халифаң Оспандыкімін», – деді.

ӘЛИ ИБН ӘБУ ТӘЛІПТІҢ (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) ЕРЕКШЕЛІГІ

«Қаулуһу тә'лә тарһум руку'ән сужжәдән» («Сен оларды арқашан да рукуғда, сәждеде көресің»). Расул (ғ.с.): «Ей, Әли, сені сүйген – мұсылман, сені дұшпан тұтқан – мұнафық», – деді. Және (Расул): «Әлидің сүйгені отты оттың бітіргеніндей, күнәні бітіреді», – деген. (Сондай-ақ Расул): «(Кімде-кім) Әлиді (шын) көңілмен жақсы көрсе, менің үмметімнің үштен бірінің сауабы беріледі. Және Әлиді кімде-кім (шын) көңілмен және тілімен жақсы көрсе, үмметімнің үштен екісінің сауабы беріледі. Және Әлиді (шын) көңілі һәм жанымен жақсы көрсе, барша үмметімнің тәубесі беріледі», – деген.

Имам Әбу Ханифадан: «Әбу Ханифа, Әли туралы не айтасыз?» – деді.

(Әбу Ханифа): «Халықтың көбі қорыққанынан иман келтірді. Расул (ғ.с.): «Ілім үшін Адамды (атаны) көрейін, пайым үшін Нұхты көрейін, сабырлы болу үшін Ибрахимді, қуат үшін Мұсаны, діндарлық үшін Исаны, махаббат үшін Мұхаммедті, аманат үшін Жебірейілді, мейірім үшін Микәилді (көрейін). (Кімде-кім) жарық күнді, айды, жұлдыздарды көргісі келсе, мына жігітке, яғни Әлиге (Кәррамаллаһу уәжһәһу) қарасын» деген еді», – деді.

Әлиден риуаят етеді: Қиямет күні болған уақытта *«Әмәннә биһи уә сәддәқнә» («Оған сендік және берілдік»)* қолыма нұрдан екі тостаған беріледі. Кәусар бұлағының (басына) тұрып, халыққа су бер дейді. Су беремін. Бір топ келеді. Оларға су берейін десем, су тамшылап қалады. Ішпейміз дейді.

Әли: «Сендер екі халифа сахабаны дұшпан тұтқан жансыңдар ма?» – дейді.

(Олар): «Ия», – дейді.

Әли: «Сендер Кәусардан алыс кетіңдер», – дейді. Содан кейін арсының астынан «Мен және сен олардан бизармыз», – деген дауыс естіледі. Сол кезде артыма қарасам, (олар) доңыз болған екен», – деді.

Имам Ысқақ Мамшадтан (Алла одан разы болсын) риуаят етеді: Жұмақтықтар жұмаққа кіріп, берекелі дастарқанға отырса, періштелер қызметінде болады. Қызметшілер таза шарап ұстайды. Жұмақ құстары Туба ағашында әр түрлі ән шығарып, сайрайды. Сол кезде нұры білінеді. Жұмақтағылар аң-таң қалады, дидар (Алламен дидарласу) уақыты болады. Бұл тәжәлли нұры болады ма? – дейді. Тамақ жеуден қол тартады. Арсы астынан: «Ей, жұмақтағылар, сендер жұмыстарыңа қараңдар. Бұл тәжәлли нұры емес. Фәтима Зүһра Әли Мұртазаның жүзіне қарағандағы солардың нұры», – деген дауыс келеді.

Және Ысқақ Мамшад: «Жұмақта отырып тамақ жеп, таза шарап іше бастаса, жұмақтан тағы бір нұр көрінеді», – дейді. Тамақтан қол тартып, тәжәлли нұры деп қарайды. «Ей, Жаратушының достары, жұмыстарыңмен айналыса беріңдер, нығметтен алыңдар. (Бұл) тәжәлли нұры емес, бұл Әбу Бәкірдің аяқ киімінің нұры», – деген дауыс келеді. Мына дәрежеден ана дәрежеге оның аяқ киімінің нұры осындай болса, жұмақта оның махаббатының нұры мұсылмандар көңілінде қандай болады екен?!»

ХИКАЯ: Бір күні бір әйел мұсылмандар әмірі Омарға келіп, пәлен адам менімен зина жасады деді. Сол адамды тауып келіп сұрап еді, (ол): «Зина жасамадым», – деп мойындамады. Ол әйел іш киімін көрсетіп, мына шаһуат суы деді. Омарға хабар берді. Әли от алып келді. Сол шаһуат суын тегештің үстіне салып еді, пісті. Бұдан оның шаһуат суы емес, әйелдің айласы

екені белгілі болды. Жаңағы ер адам жаладан құтылды, әйелдің өтірікші екені білінді. «*Лау ла 'Әли ләһәләкә 'Умәру*» («Егер Әли болмағанда, Омар опат болатын еді»), яғни «Әли болмаса, Омар опат болатын еді», – деді.

(Кейбіреулер) Алла Тағаланың «*Уәлләзинә мә'әһу*» («Онымен бірге болғандар») (дегені) Әбу Бәкір, «*Әшиддә'у 'әлә әл-куффәру*» («Дұшпандарғы қарсы қатты мінезді») (дегені) Омар, «*Рухәмә'у бәйнәһум*» («Өзара тіптен мейірімді») (дегені) Оспан, «*Тәраһум руқкә'ән сужжәдән*» («Сен оларды әрқашан руққанда, сәждеде көресің») (дегені) Әли дейді. Осы сүре аяқталғанша төрт сахабаның мадақ сипаты (беріледі) дейді. Осы жиырма тоғыз әріп пен төрт сахабаны мақтады, яғни жетпіс екі тіл бар. Сол барлық тілдерде мына жиырма тоғыз әріптен тұрмайды. Мағынасы осылай болып, осы төрт сахабаны жетпіс екі тілде мақтайтын болады. Кімде-кім осы төрт сахабаны дұшпан етіп, жапа жеткізер болса, мына әріптерден басқа әріп алып келіп жапа жеткізсін. Бұл әріптерден басқа әріп алып келе алмаса, мына әріптермен жапа жеткізгені қате болады.

Және Расул: «*Әсхәби кән-нужуми фә биәйһим иқдәтәйтум ихтәдәйтум*» («Менің сахабаларым аспандағы жұлдыздар секілді, олардың қайбіріне ерсеңдер де, тура жол табасыңдар»), яғни «Менің жарандарым жұлдыздар секілді. Қай жұлдызды көріп, жолбасшы етіп жүрсеңіз, тура жолға бастайды», – деген.

ТӘҢІРДІҢ МІНАЖАТЫ: Біз әлсіздер жеті жүз кәпірліктен беземіз және жетпіс екі түрлі нәпсі мен бидғаттан қашамыз. Сенің Бірлігіңе, Мұхаммед Расулулланың пайғамбарлығына сенеміз. Мына төрт сахаба және жарандарының әйелдерін, ұлдарын жақсы көреміз (Олардың) достарымен доспыз, жауларымен жаумыз. Құдайым, мына сөзіміздің (шын) көңіл мен тілден шығып тұрғанын, рас екенін Сен білесің. Осы сеніміміздің арқасында қиямет күні махшарда бізді күнәһар етпестен, сүйіктіңнің шапағатымен сират көпірден аман-есен өткізіп, сегіз жұмаққа кіргізіп, өз дидарыңа нәсіп ет.

МҰХАММЕД РАСУЛУЛЛАНЫҢ АРАБ КӘПІРЛЕРІН ИМАНҒА ШАҚЫРҒАНЫ ТУРАЛЫ

Расул араб кәпірлеріне Жаратушының жарлығын жеткізді. «Жаратушыны Бір деңдер, пұтқа табынбыңдар, мені Хақ пайғамбары деп біліңдер, «*Лә иләһә иллаллаһу Мұхаммәдун Расулуллаһи*» («Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі») деңдер», – деді. Қабылдамады. Расул алғашында жетім, мал-мүлкі жоқ кедей еді. Қанша рет үгітесе де, бір жақсы жауап естімеді. Оның насихаттарын тындамады, Расул сөзін құлақтарына ілмеді. Үлкендері Расулды шақырып, ақыл айтты. (Олар): «Ей, жігіт, сенің аталарыңның бізде ақылары бар, біз олардың жолындамыз. Аталарыңның дінін жамандап, олардың діндерін қатеге шығаратындай саған не көрінді?! Егер тентек болсаң, айт, емдейік. Егер дию, перінің кесірі тиген болса, құрбан шалайық, садақа берейік, емдетейік. Егер кедейліктен болса, мал жиып берейік саған. Егер біреуге ғашық болсаң, соның амалын жасайық. Мақсатыңа жеткізейік. Егер сиқырлаған болса, жазайық. Егер ақсүйек болғың келсе, ақсүйек етейік. Егер біреуде өшің болса, алып берейік. Егер біреуден қорықсаң, көмектесейік. (Тек) мына сөздерді қой», – деді.

Расул: «Тентек емеспін. Дию, перінің қырсығы шалмады. Мал-дүниенің қайғысы жоқ. Ғашық емеспін, ешкімде өшім жоқ. Мына сөздеріңіздің бәрі әурешілік. Жаратушы Алла жалғыз, мен оның пайғамбарымын. Мені сендерге жіберді, менің құзыретіме оларды шақыр деді. Тамұқтан құтылайық, жұмаққа кірейік. Екі дүниенің жақсылығын табайық десендер, менің сөзіме құлақ асыңдар», – деді. Кәпірлер улы тілдерімен сөге бастады. Жолдан азған, Тәңірден танған іші қаралардың бәрі тіл және көңілде Расулды балағаттады. Күнде әр түрлі айла жасады. Оқ атты, қылыш тартты. Тәңірдің кеңшілігі мен көмегі болмағанда, жалғыз өзі соншама бетбақтармен қалай күресетін еді. Қаншама үгіт-насихат айтып, шақырды,

мойындамады. Омардың Исламды қабылдауымен мұсылмандар күшейді. Әскер жиылды. «Енді соғыс» деген жарлық келді. *«Фәқтулу әл-муширкина хәйсу уәжәдтуһум» («Мүшіріктерді қайдан тапсаңдар да, өлтіріңдер»)*. Әскер аттанды. Соғысты. Бірде жеңді, бірде жеңілді. Осылайша иманға шақырды. Расулға кәпірлер қарсы тұрды. Олар бес адам еді: Біреуі – Уалид ибн Муғира. Екіншісі – Асиб ибн Уаил. Үшіншісі – Асуад ибн Әбди Яғус. Төртіншісі – Ас ибн Уәбәк. Бесіншісі – Харис ибн Талатил. Хақ Тағала сол бесеуін бір күнде опат етті.

Олай былай болып еді. Жебірейіл келіп, Расулмен бірге отырды. Ол тәкәппарлар қағбаның төңірегінде тауаф ететін еді. Жебірейіл мен Расул атып тұрды. Әбу Замға (Оған лағынет болсын) Жебірейіл алдынан өтті. Жебірейіл бір жасыл жапырақты оның алдына салып еді, екі көзі көрмей қалды. Содан кейін Әбди Яғус өтті. Жебірейіл ишара жасады, қарны айналды. Сол сәтте тамұққа аттанды. Содан кейін Уалид ибн Муғира өтті. Тобығында жарасы бар еді. Жебірейілдің көзі жарасына түскен уақытта, жарылып опат болды. Содан кейін Ас ибн Уәбәк өтті. Жебірейіл аяғына қарады. Сол сәтте тікен қадалып, етіне кірді. Сол сәтте өлді. Содан кейін Харис ибн Талатил өтті. Төбесіне ишара жасады. Ірің жиналып, басы ауырып: *«Қатләни раббу Мұхаммадин» («Мұхаммедтің Жаратушысы мені өлтірді»)*, – деді. Айқайлап шығып, өлерде құлына: «Мынаны ұста», – деді. Құлы: «Нені ұстайын, еш нәрсе көрінбейді?» – деді. Осылайша опат болды.

Имам Мақатил (Алла одан разы болсын): «Сол аят мынау: *«Инна кәфәйнәкә әл-мустәхзи'ин» («Сені масқаралағандарды жоюда Біз өзіміз жетеміз»)*», – деді. Алайда тұрғылықтысы он екі еді. (Кейбіреулер) он алты еді дейді. Төрт жолдың басына отырып, біреу келіп Мұхаммедті сұраса, (олар) Әбу Жәһілдің сөзімен: «Мұхаммед сиқыршы, өтірікші, оны көрмегендерің абзал», – дейтін. Және Расул (ғ.с.) да солай (хабаршы) адам қойып еді. Кімдекім өтіп бара жатып Мұхаммедті сұраса, олар: «Көз ондай адамды көрген жоқ, құлақ ондай адам туралы естіген жоқ. Ағайын-бауырды құрметтендер, ата-ананы сыйлаңдар, Жаратушы Аллаға құлшылық етіңдер», – дейтін. Босқа айтылған сөзден мыналардың сөзі әлдеқайда артық деп, көпшілік мұсылман болды. Жаратушы Алла жаңағы он алтыны опат етті. Расул (ғ.с.) жұмсақ тілмен, таза киім киіп халықты иманға шақыратын. Жаратушының жарлығын жеткізетін. Уш Хазраж, Өнга Фарита және Батирмен соғысатын. Асбадан Мединеге кетті. Осы Уш Хазраж оларға: «Жақында Меккеден Мұхаммед ибн Абдулла деген бір ер адам шығады. Оның кітабы болады. Оған мойысұнбаймыз, оны жер бетінде қалдырмаймыз», – дейтін. Мұхаммедке айтқан уақытта үгіт-насихатын жария етті. Уш Хазраж Меккеге келіп, қажылықты өтеді. Сол уақытта кәпірлер қажылық өтейтін. Жөйттер Бәйт ул-Мұқаддасқа қажылық тіреуін (амалын) алып келетін. Алайда «Ләббәйкә» айтарда *«Ләббәйкә лә шәрикә ләкә илә шәрикун һуә ләкә тәмлику уә мәймәлтку» («Бұйыр, ей, өзің қалаған серіктен басқа серігің жоқ, Сен оған иесің, алайда ол Саған ие емес»)*, – дейтін. Мағынасы мынау: «Қабылдаймыз сені. Сенің серігің жоқ. Сен сол серікке басшысың, ол саған басшы емес». Яғни пұттар саған серік деген сөз. Уш Хазраж қажылық өтеп жүргенде Расулдың халықты иманға шақырып жатқанын көрді. Мадақ сипатын жөйттер айтып жатқандай екенін білді. Бірбіріне: «Олар бізге кешкі асты берместен бұрын, біз оларға таңғы асты берейік», – деді. Яғни олар бізге табынбай тұрғанда, біз оларға табынайық деп келді. Иман келтірді. Расулмен ант байласып, (олар): «Сенің ісің біздің ісіміз. Біз саған бағыныштымыз, не айтсаң, істейміз. Біз және ұлдарымыз саған жолдас болсын», – деді. Ібіліс (Оған лағынет болсын) соны көріп, білместен тауға шығып: «Ей, адамдар, Уш Хазраж мына жиіркеніштімен келісім орнатқанынан хабардар болыңдар. Бұлар мына жақтан шығатын болды, олар ана жақтан келетін болды. Қылышпен сендерді қырады», – деді айқайлап. Құрайыш кәпірлері бұл сөзді есітіп, оларға барды да: «Сендер мен біздің арамызда араздық керек емес. Біздің дінімізде сендер бізге көршісіңдер. Мына келісімде бар болсаңдар, оларға қарсы шығыңдар. Немесе біздің хабарымыз жоқ», – деп қайтты. Келді. Сол кезде құрайыштан күміс аяқ киім киген бір жігіт келді. Уш Хазраж: «Басшылық дәметіп жүргендеріңе біраз жыл болды. Қолдарыңа көтеріп

жүретін аяқ киімдерің жоқ еді», – деді. Жаңағы жігіт есітіп аяқ киімін оларға сыйлады. «Мен сендерді мазақтадым», – деді. Және бірі: «Алмаңдар. Аяқ киім ер жігіттің құрметі. Оны алсақ, дүние құрметін алған боламыз», – деді. Ұл-қыздарын алып келіп иманға кіргізді. Содан кейін көптеген халық келіп иманға кірді. Екінші жылы қажылыққа келерде (оларды) мұғалім қылды. Расул бір сахабаны оларға берді. Үшінші жылы келгенде (олар): «Рұқсат берсең, олармен соғысайық», – деді. Расул (ғ.с.): «Жаратушыдан олармен соғыс деген жарлық келген жоқ», – деді.

ХИКАЯ: Тайыфтың жігіттері түнде сөйлесіп отыр еді, көктен: «Ой, сендер ұялмайсыңдар ма?! Мына Мұхаммед сендерді Исламға шақырып жатыр, сендер (болсаңдар) оған мойынсұнбайсыңдар», – деген дауыс келді. Үш түн қатарынан осындай дауыс есітіп, қарттарға хабар берді. Бір құлды алып келді. Сегіз түйе жүгімен берді де: «Меккеге барып, Мұхаммедті көріп кел», – деді. Барып Меккеге кірді. Әуелі Әбу Жәһілді көріп, Мұхаммед туралы сұрады. Әбу Жәһіл: «Ары кет. Одан өткен сиқыршы жоқ, оған бармағаның, оны көрмегенің абзал», – деді. Жігіт өзінің соған (бола) келгенін айтып берді. Әбу Жәһіл: «Түйелерді жүгімен маған сат. Төрт мың алтынға (сатып) алайын. Алайда Меккеден шыққанша алтынды бермеймін. Мұнда берсем, Мұхаммедке беріп қоюың мүмкін», – деп бермеді. Жігіт зерек еді, елді аралады. Әлиге жолығып: «Ей, Әли, Мұхаммед туралы не білесің?» – деді.

Әли: «Көруді қалайсың ба?» – деді.

Жігіт: «Мен оны көру үшін келдім», – деді. Екеуі Расулды барып көрді. Расул: «Қандай жігітсің? Неге келгеніңді, кімге жолыққаныңды сен айтасың ба әлде мен айтып берейін бе?» – деді.

Жігіт: «Сіз айтып беріңіз», – деді.

Расул айтып берді. Жігіт: «Рұқсат берсеңіз, Әбу Жәһіл кәпірден малымды қайтып алайын», – деді. Рұқсат берді. Барды. Әбу Жәһіл мансартта отыр еді. Расул да барды. Әбу Жәһіл құлына есікті байлатты. Барып есік қағып: «Малды маған қайтарып бер», – деді. Әбу Жәһіл (қасында) Әбдулхәким (бар) еді. Сарай ортасында бір үлкен диірмен тасы бар еді. Құлына: «Мына тасты көтеріп басыма қой, биік жерге шығып Мұхаммедтің басына ұрайын. Осы іспен сені азат етейін», – деді. Тасты көтерді, басына қоймақшы болғанда шамасы келмеді. Тас айналып кетіп, қолын басты. Қолы езілді, ауырғанына шыдай алмай «Мына аурудан оңалсам, малды Мұхаммедке берейін», – деп Жаратушы Алламен нәзір етті. Жаратушы Алла шипа берді. Ол сормандай уәдесін бұзып, үйге кірді. Үйде бір хабашиді көрді. (Хабаши) қылышын суырып алып: «Малды Мұхаммедке бер немесе қақ бөлемін», – деді. Қорқып кетіп, малдың бәрін Расулға берді. Расул Әбу Жәһіл сарайынан шықты. Әбу Жәһіл тазарыпты, яғни Мұхаммедке мойын бұрыпты деген сөз ел арасына тарап кетті. Егер сен Мұхаммедке мойын бұрсаң, бәріміз қайтайық десті. Бірнешеуі: «Келіндер, Мұхаммедке барып, мұсылман болайық. Әбу Жәһіл бізге ұлылық сатып жатыр. Ол бірінші мұсылман болса, солай ұлылық сатады», – деп Расулға келді. Жолда Абдулла ибн әр-Рабғұзи жолықты. «Қайда барасыңдар?» – деді.

Олар: «Әбу Жәһілдің мұсылман болғанын естідің бе? Біз де мұсылман болғалы бара жатырмыз», – деді.

Ол: «Әбу Жәһілге барайық», – деді.

Әбу Жәһілге барып: «Мұхаммедтің дініне кіргеніңді естідік», – деді.

Әбу Жәһіл: «Тәңір сақтасын, мен аталарымның дініне қарсы шықпаймын. Мұхаммед аталарымыздың дініне қарсы шықты», – деді. Әбу Тәліпке барайық деді. Барып: «Бауырыңның мына ұлына айт, бұл сөзден қайтсын», – деді.

Әбу Тәліп: «Мұхаммед келсін, көрейік», – деді. Шақыртты. Келді. Оларды басып өтті, Әбу Тәліптің тағына (орнына) шығып отырды. (Олар): «Көрдің бе? Сені құрметтемейді, біз сенің тағыңа шықпаймыз, ол шығып отырды», – деді.

Әбу Тәліп: «Кімде-кім рас сөйлесе, мойныңызға шығады», – деді. Содан кейін олар айтқан сөзді Расулға айтып берді. Олар және: «Мұхаммедтің пайғамбарлығы рас болса, бізге бір белгі көрсетсін», – деді.

(Мұхаммед): «Қандай белгі қалайсындар?» – деді.

(Олар): «Сарайдың ортасында үлкен бір тас бар еді, сол тастан ағаш шығар, ұзын болып өссін. Бір бұтағы Шығыс жақа, бір бұтағы Батыс жақа барсын», – деді. Расул (ғ.с.) дұға жасады, олар қалағандай тастан ағаш өсіп шықты. (Олар) және: «Дұға жаса, алғашқы қалпына келсін», – деді. Дұға жасады, тағы алғашқы жағдайына келді.

(Олар): «Ей, Мұхаммед, үлкен сиқыршы екенсін», – деп тағы иман келтірмеді. (Олар): «*У'буд алихәтинә йәумән уә нәхну нә 'буду иләһәкә сәб'әтә әйиәмин*» («Біздің құдайымызға бір күн табын, біз сенің Аллаңа жеті күн құлшылық етейік»), яғни «Сен бір күн біздің тәңірімізге табын, біз жеті күн сенің Тәңіріңе сиынайық», – деді. «*Уә тә'буду иләһәнә сәб'әтә әйәмин хәттә нә'будә шәһран*» («Сен біздің құдайымызға жеті күн табын, біз сенің Аллаңа бір ай құлшылық етейік»). (Олар): «Жеті күн біздің тәңірімізге табын, біз бір ай сенің Тәңіріңе сиынайық», – деді. «*Тә'буду шәһран хәттә нә'будә сәб'ә*» («Сен біздің құдайымызға бір ай табынсаң, біз сенің Аллаңа жеті жыл құлшылық етейік»). «Сен бір ай табынсаң, біз бір жыл сиынайық», – деді. Олар мұны айтты. Расул дірілдей бастады. Жебірейіл келіп, мына сүрені оқыды: «*Кул йә әйиуһә әл-кәфирун лә ә'буду мә тә'будун*» («Ей, Мұхаммед, оларға айт: «Ей, кәпірлер, сендер табынған нәрсеге мен әсте табынбаймын»). «Ей, Мұхаммед, айт: «Ей, кәпірлер, сендер табынғанға мен табынбаймын». «*Уә лә әнтум 'әбидунә мә ә'буд*» («Және сендер мен құлшылық еткен затқа (Аллаға) құлшылық етпейсіңдер»). «Сендер де менің сиынғанымға сиынбайсындар». «*Уә лә әнә 'әбидун мә әбәдтум*» («Және мен сендер табынған нәрсеге табынбаймын»). «Мен сендердің табынғандарына табынбаймын». «*Уә лә әнтум 'әбидунә мә ә'буд*» («Және сендер мен құлшылық еткен затқа (Аллаға) құлшылық етпейсіңдер»). «Сендер менің сиынғанымға сиынбайсындар». «*Ләкум динукум уә лиәдин*» («Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме»). «Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме».

(Деректерде) бұл үкім Ислам әлсіз уақытта түсіп еді дейді. Ислам күшейген уақытта өз күшін жойды. «*Фәқтулу муширкинә*» («*Мүшіріктерді өлтіріңдер*») аятымен күші жойылды.

Әбу Тәліп: «*Иттәби 'у ибнә уә ин кәнә садиқән әу кәзибән йә'муру бимәкәрәими әл-әхләқ*» («*Бауырымның ұлына еріңдер, ол мейлі шын сөйлесін, мейлі жалған сөйлесін, өте көркем ахлақты болуға шақырады*»), яғни «Бауырымның сөзіне құлақ асындар. Рас не жалған сөйлесін, бәрібір Тәңірдің жақсылығынан басқаны сөйлемейді», – деді. Басқаларға солай дейтін. Өзіне айтса: «*Инни ләәкраһу йә'луни*» («*Менен жоғары болып кетулерін жек көремін*») дейтін еді. Яғни «Мен төмен болып, күнім жоғары болғанын қаламаймын», – дейтін.

Тәпсірде бар, бір күні құрайыш кәпірлері жиылып Мұхаммед Расулулла туралы кеңесті. Мына Мұхаммедтің пәлесінен қалай құтыламыз деді. Сол уақытта шайтан бір қарт адамның бейнесінде болып, олардың арасына келді. Біреуі: «Келіндер, бәріміз бірігіп Мұхаммедті елден қуып шығарайық», – деді.

Шайтан: «Бұл кеңес емес. Мұхаммед ақылды адам, барған жерінде тыныш жүрмейді. Және орын болады, ақыры сендерге келеді», – деді.

Тағы біреуі: «Жерді суға дейін қазайық, тас, темірмен үй салайық. Жер бетіне жеткен уақытта үйді үлкен көтерейік. Бір есік жасайық. Мұхаммедті сол үйге қамап, есігін құлыптайық. Солай аштықтан өлсін», – деді.

Шайтан: «Олай болмайды. Оған Жебірейіл келіп, көктен шығарады, бұл мәселе емес», – деді. Әрқайсысы бір-бір ұсыныс жасады. Бәрін Ібіліс қайтарып тастады. Біреу: «Болмаса, бәріміз жиылып найза қадап өлтірейік», – деді.

Ібіліс: «Міне, осы», – деді.

Ойласып, ертесіне Мұхаммеді өлтірмекші болды. Біреу бұл туралы Әбу Тәліпке хабар жеткізді. Әбу Тәліп Расулды шақырып: «Құрайыш кәпірлері сені өлтіруге ақылдасыпты. Мен аман-есен тұрғанымда саған ешкім қастандық жасай алмайды», – деп мына бәйітті оқыды:

Маған ұсыныс жасадың таза дінді сен,
Немере ағаң кірмейінше өліп дінге.
Айыптау, сөгу, ар егер болмаса,
Төзбе дерсің барша қиындыққа.
Турасын білесің, бересің насихат,
Өлетін мені ол үлкен жәннатқа.
Жоламайды, уаллаһи, саған мына араб,
Кірер едім еріксіз Тәңір дініне.

Хикаяда келеді: Расул (ғ.с.) Тайфқа барды. Оларға Исламды айтты, қабылдамады. Олардан қайтты. Харамға (Мешіт харамға, яғни Қағбаға) келгенінде намазға тұрды. Құран оқи бастады. Перілер Құран дауысын есітіп, тыңдады. Қуанып барып қауымдарына хабар беріп: «Мұхаммедке түскен Құран естідік. Біз оған келтіреміз, сендер де бәрің Жаратушы жарлығын орындандар», – деді. «*Қалу йә қаумәнә иннә сәми 'нә китәбән илә қаулиһи 'әжибу дә 'илләһи уә амину биһи*» («(Олар): «Ей, қауымымыз, біз бір кітап туралы естідік... Алланың шақырушысына жақсы деңдер және оған сеніңдер», – деді»).

Перілер жиылып Меккеге келді, Харам (Қағба) жанында тұрды. Құрмет көрсетіп, бастырып кірмеді. Жаратушы Алла бір құрма ағашына аян берді. Бәрі көктен топырлап түсіп, Расулға перілердің келгенінен хабар берді. Расул: «Кімде-кімнің көңілінде тарының көлеміндей кір болмаса, маған кірсін, перілерге барайық», – деді.

Абдулла ибн Масғұд: «Мен барайын», – деді. Бір ыдысқа су құйып алды. Бірнеше құрмамен түн ішінде перілерге келді. Расул (ғ.с.) жерде бір сызық сызды. Абдулла ибн Масғұдқа: «Осы сызықтың ішінде отыр, шықпа. Шықсаң қияметте мен сені, сен мені көрмейміз», – деді. Содан кейін Расул перілерге барып, жарлықты жеткізді. Қабылдады, иман келтірді. Дәрет, намаз үйретті, шариғат үкімдерінен тәлім берді.

Абдулла ибн Масғұд: «Мен сол сызықтың ішінде отыр едім. Перілердің тобы менің қасымнан өтті. Расул (ғ.с.) ға барып иман келтіретін, сөйлескендерін есітетінмін. Таң атқан уақытта Расул қайтып келді. Менің түрегеп тұрғанымды көріп, «Отырсаң не болады?» – деді. «Ей, Расулулла, мен қорықтым», – дедім.

Расул: «Сызықтан шыққаныңда көріспейтін едік», – деді де: «Қасыңда су бар ма?» – деді.

(Мен): «Құрманың ішінде езілген су бар», – дедім.

(Расул): «Құрма таза, суы да таза», – деп дәрет алып, намаз оқыды.

Перілер: «Ей, Расулулла, біз сіздің қасыңыздан кетпейтін едік, алайда жолымыз алыс. Азығымыз да, көлігіміз де жоқ», – деді. Расул (ғ.с.) рұқсат беріп: «Қара малдың тезектерін көліктеріңізге жем қылыңдар және сүйектер сендерге жем болсын», – деді. Сол үшін де тезек және сүйекпен истинжа жасауды шариғат тыйым салды. «*Уә лә йәстәнжи бираусин уә лә биәзмин*» («(Расул ғ.с.) ешқашан тезек және сүйекпен истинжа қылмады»). Жаратушы Алла: «*Уә мә йәнтиқу 'әни әл-һәуә*» («Ол өз нәпсісінен сөйлемейді»). Яғни Расулулла қалағанындай сөз сөйлемеді, батынды нәпсіден алыс ұстадық. Нәпсі қалағанындай сөз сөйлемеді, заһирды көлеңкеден алыс ұстадық. Көлеңкесі таза емес жерге түспесін. «*Лиәннә зиллә кулли шәйин мислуһу йукә уә лә йуһзә*» («Себебі әр нәрсенің саясы өзіндей болады, соған ұқсайды, алайда барша нығметтен үлессіз қалады»). Әр нәрсенің көлеңкесі соның сыңары. Алла Тағала: «Он сегіз мың әлем оның сыңары болмасын деп, Мен хәбибім Мұхаммедке көлеңке бермедім. Жүз жиырма төрт мың пайғамбар жібердім, барша әлемдегілерге Менің сыңарым жоқ екені туралы хабар берді. Өз кеңшілігім мен шарапатымның арқасында Мұхаммедке көлеңке бермедім. Барша халық жер бетінде хәбибімнің сыңары жоқ екенін білсін. Мұхаммедтің пайғамбарлығы

ішінде нәзірі жоқ. Адамды (ата) Хауамен жұмақтан шығарғанымда, Мұхаммед үмметін жүз жыл күнә істегеннен кейін бір тәубемен жұмаққа кіргіземін. Ыдырысқа жұлдыз ілімін берсем, Мұхаммед Расулулланы тамұқ жұлдыздарынан өте кешірдім. Жұлдыздың жүзуі оның үстінде болмасын дедім. Егер Нұх пайғамбарға кеме беріп, суда жүргізсем, Мұхаммедке пырақ беріп, көкте жүргіздім. Нұх (ғ.с.) өз қауымына: *«Рабби лә тәзар ‘әлә әл-әрзи мин әл-кәфирина дәйиәран»*, («Ей, Жаратушым, жер бетінде бірде-бір кәпірді қалдырма») деп азап тіледі. Алайда кәпірлер Мұхаммед (ғ.с.) ның тісін сындырды, мұрнын бұзды. (Сонда да Мұхаммед пайғамбар) оларға тура жол сұрады. *«Аллаһуммәһди қауми фә иннәһум йә’ләмун»* («Ей, Алла, менің қауымымды тура жолға сал, себебі олар еш нәрсені білмейді»), – деді. Дүниеде дұшпанға осылай кешірім сұрады. Қияметте дос үшін қалайша кешірім сұрамасын?! Егер Ибрахимді халыққа имам етсем, *«Инни жә’илукә лин-нәси имәмән»* («Мен сені адамдарға жолбасшы етемін»), – дедім. Мұхаммед Мұстафаны Миғраж түні барша пайғамбарларға имам еттім. Жеті қабат періштелеріне имам қылдым. Егер Намрұт отын Ибрахимге суытқан болсам, тамұқ отын Мұхаммед Мұстафаның үмметтеріне мысты темір үстінде иетіндей суытамын. *«Изә уәзә’ә әл-мүмину қадәмәһу ‘әлә әс-сирати тәхмуду ән-нәри тәхтә қадәмәйһи кәмә йәхмуду»* («Мұсылман сират көпірге қадам басса, оның қадамы астындағы от өшіп қалады екен, сол себепті...»).

Сүлеймен пайғамбарға патшалық беріп, желді оған бағындырсам, Мұхаммед Расулулланың үмметіне сонша патшалық бердім. Сол патшалығым мынау, көңілі жарым, іші мұңға толы байқұс мұсылман «аһ» деп ішінен суық демін шығарса, онымен бірге шаһадат кәлимасын жолдас қылса, көзді ашып-жұмғанша сол суық жел жаңағы кәлиманы арсыға жеткізеді. Егер Мұса қауымын етектерін суға тигізбей теңізден өткізсем, Мұхаммед Мұстафа (ғ.с.) ды тамұқтан солай өткіземін, етегінің ұшын да күйдірмейді. *«Тәмурру таифәтун мин уммәти ‘әлә әс-сирати лә йәжиффу сәубуһу мин әл-‘әрақи»* («Үмметтерімнің ішінде бір бөлігі сират көпірден сондай тез өтетіні соншалық, олардың терден су болған киімдері кеуіп үлгермейді де»). Егер Ферғауынды дарияға шөктірsem, опат етsem... Егер Иса пайғамбарларды төртінші қабат көкке шығарсам, Мұхаммед Мұстафа (ғ.с.) сол мақамға жетті. Сондықтан да Жаратушы Алла *«Фә кәнә қабә қаусәйни әу әндә»* («Кейін екі оқ қашықтығы немесе одан да жақынырақ жайда тоқтады») деді.

Мұхаммед Расулулланың берекесінің арқасында екі жаһан да құрметтелгенін біл. Ибрахимді отқа тастаған уақытта Жебірейіл (ғ.с.) үстінде *«Лә иләһә иллаллаһу Мухәммәдун Расулуллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі») жазуы бар жұмақ киімін алып келді. Киіп еді, от оны күйдірмегенін көрмейсің бе?!

Мұса (ғ.с.) теңіз жағасына келіп, кірмекші болған кезде Жебірейіл (ғ.с.) келіп: «Ей, Мұса, Мұхаммедті шапағатшы ет», – деді. Мұса: *«Бәхәққи Мухәммәд»* («Мұхаммедтің хақы үшін»), – деді. Теңіз суы (қақ) жарылып, жол ашылды. *«Фән фәләқа фә кәнә кулли фирқин кәт-тәуди әл-‘әзим»* («Дария екіге бөлінді және әрқайсысы үлкен тау секілді еді»). Мұса аман-есен өтті. Дәуіт (ғ.с.) темірден (қару) жарақ жасайтын болса, Мұхаммед атын айтса, темір жұмсақ болатын.

Қиямет күні Мұхаммед Мұстафа шапағат етпейінше, Жаратушы Алла ешкіммен де сөйлеспейді. Расул (ғ.с.) дидар көрмейінше, ешбір пайғамбар (дидар) көрмейді. Мұхаммед үмметтері жұмаққа кірмейінше, ешбір пайғамбар көрмейді және кірмейді. *«Әууәлу мән йәқрау бәб әл-жәннәти Биләлун»* («Жәннаттың есігін ең алғаш қағатын адам Біләл»).

САУАЛ: Мұхаммед үмметі бәрінен бұрын (кіреді) екен. Соңынан келуінде хикмет не еді?

ЖАУАП: Үлкендер келсе, әуелі кішілер келеді, содан кейін үлкендер келеді.

ТАҒЫ ЖАУАП: «Мұхаммед (с.ғ.с.) үмметтері бәрінен құрметтірек. Топырақта көп жатпасын деп, бәрінен кейін жаратты.

ЖАУАП: Өзге үмметтердің айыбын Мұхаммед үмметі білді, бұлардың айыбын өзге үммет білмесін деп, соңынан шығарды.

Хикаяда (келеді): Бір күні Айша (Алла одан, оның әкесі және күйеуінен Алла разы болсын): *«Йә расулуллаһи антә әхсану... минни уә әнә әмләһу минһу»* («Ей, Алланың елшісі, сен әдемісің бе әлде... менен әдемірек, алайда мен одан жұмсақпын»). Яғни «Жүсіп менен әдемірек, алайда мен Жүсіптен жұмсақпын», – деді.

Айша: «Бұл не деген сөз?» – деп және сұрады.

Расул: *«Лиәннәһу фитнәтун лил-’әләмин уә әнә рахмәтун лил-’әләмин»* («Себебі ол әлемге фитна, мен әлемге мейірім болсын деп жіберілгенбіз»). Жүсіп әлемдегілерге фитна еді, мен әлемдегілерге мейірімдімін. *«Уә мәр әрсәлнәкә иллә рахмәтән лил-’әләмин»* («Біз сені әлем халқы үшін тек қана мейірім болсын деп жібердік»). Кімде-кім Жүсіпті көрсе, (оны) сүю оның көңілінде харам болатын еді, сондықтан мені көрсе...

(САУАЛ): Жаратушы Алла Ибрахим пайғамбарды бізге ата деді. Оған себеп Жаратушы Алла: *«Милләтә әбикум Ибрахим»* («Аталарыңыз Ибрахимнің жолы сендерге таңдалды») деген. Және Мұхаммед Расулулланы ата демеді, Расул деді. Хикмет не еді?

ЖАУАП: *«Ләқад жәкум расулун мин әнфусикум ‘әзизун»* («Ей, адамдар, сендерге өздеріңнен болған бір пайғамбар келді»). Жауап мынау: Егер Мұхаммедті сендерге ата десем, қияметте оның куәлігі сендердің ақыларыңа жүрмейтін еді. Оның куәлігінен мақұрым қалатын едіңдер. Ей, Мұхаммед, Мен сені үмметке Расул дедім, Ертең сен куәлік бер, мен қабылдайын. Сен сұра, мен берейін. Сен шапағат ет, Мен кешірейін.

(Деректерде) күнәні жазатын періште күнде келеді, құлшылықты жазатын періште күнде келмес, мұсылман өлгенше басқа періште келеді дейді. Қиямет күні болған уақытта *«Әмәннә биһи уә сәддәқнә»* («Оған сендік және бекіттік») Расул (ғ.с.) куәлік береді. Алайда нығметті жазатын періште әрқашан келеді, күнәға куәлік береді. Жаратушы Алладан мынадай жарлық болады: Дүниеде зина куәсі төртеу, өзге куәсі екеу еді. Жалғыз куәнің сөзін тыңдамайтын еді. Сен де жалғызсың, куәлігіңді тыңдамаймын. Менің жомарт екенімді барша әлемдегілер білсін. Және Хақ Тағала: «Қиямет күнінің сипаты ағайын – ағайыннан, күйеу әйелінен қашады. *«Йәумә йәфирру әл-мәр’у мин әхиһи уә уммиһи уә әбиһи уә сахибәтиһи уә бәниһ»* («Сол күні әрбір адам бауырынан, анасынан, әкесінен, әйелінен және балаларынан қашады»).

Егер Расулды ата десем, ол да қашатын еді. Нәпсіңізден дедім. Расул теңіз дедім. Мұхаммед сендерден, сендер одан қашпасын дедім. *«Ләқад жәкум расулун мин әнфусикум ‘әзизун»* («Ей, адамдар, сендерге өздеріңнен болған бір пайғамбар келді»). Ешкім де өз нәпсісінен қашпайды. Сол себепті Расул (ғ.с.) үмметпен бірге қалады. Ишарасы сол, Расул (ғ.с.) үмметпен бірге қалады. Ишарасы – Расул (ғ.с.) біздің нәпсімізден болса да, ол бізге бас болады, біз аяқ боламыз.

Ей, мұсылмандар. Бас жұмақта болып, аяқ тамұқта болғанын естідіңіздер ме?! ...Расул (ғ.с.) біздің басшымыз. Әрқалай ол жұмақта болады, біз бағынышты қызметшілер бәріміз жұмақта боламыз. Қирағатта *«Мин әнфусикум хәсәбән уә нәсәбән»* («Нәсіл мен текте өздеріңнен болған») оқиды.

ПАЙДА: Кәпірлер Расулға қарсы еді. *«Субханаллаһи»* («Алла пәк»), біз бәріміз мұсылманбыз. Және кәпірлер пара ағашын жонып, тәңір деп табынды. Мұндай құрметті басшыны (Мұхаммедті) пайғамбарлықта қабылдамады. *«Әл-хәмду лилләһ»* («Аллаға шүкір»), біз бәріміз жеті жүз қырық жылдан бері *«Мухәммәдун расулуллаһи»* («Мұхаммед Алланың елшісі») деп мойындап келеміз. Тәңірім, Мұхаммед Расулулланың достығын бізге дүниеде нәсіп еттің, (енді) оның шапағатына бөленуді Сен Алла нәсіп ет. *«Әмин йә рабби әл-’әләмин»* («Ей, әлемдердің Жаратушысы, қабыл ал»).

РАСУЛ ИШАРАСЫМЕН АЙДЫҢ (ЕКІГЕ) БӨЛІНГЕНІ ТУРАЛЫ

«Иқтирабәти әс-сә'әту уән шәққа әл-қамәр» («Қиямет жақын келді және ай екіге бөлінді»). Мағынасы мынау: Жаратушы Алла: «Қиямет жақындады, ай бөлінді», – дейді.

(Деректерде) бұрынғы үмметтер өз пайғамбарларынан: «Қиямет қашан болады?» – деп сұрайтын еді делінеді. (Сонда) олар: «Ақырзаман пайғамбары шықса, (сонда) қиямет болады», – деп жауап беретін. Жаратушы Алла: «Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) шықты. Ай бөлінді, қиямет жақындады», – деді. *«Иқтирабәти әс-сә'әту уән шәққа әл-қамәр» («Қиямет жақын келді және ай екіге бөлінді»).* Бұл сүренің түсуіне мына себеп болып еді: Расул (ғ.с.) бір түні Меккеде жүр еді. Меккеліктердің түнде жүретін әдеті еді. Күндіз өте ыстық болатындықтан, барлық істерін түнде бітіретін. Сол себепті де Расул (ғ.с.) түнде жүретін. Әбу Жәһіл бір жөйтпен Расул (ғ.с.) ға жолығып қалып: *«Арили әйтән уә иллә әләуту расәкә» («Маған бір мұғжиза көрсет, әйтпесе басыңды аламын»).* Яғни маған бір бір мұғжиза көрсет. Немесе басыңды аламын, деді.

Расул (ғ.с.): «Не қалайсың?», – деді.

Әбу Жәһіл: «Айды бөл, көрейін», – деді. Себебі сиқыршылық жерде әсер етеді де, көкте әсер етпейді. Расул (ғ.с.) саусағымен ишара жасап еді, ай бөлінді. Жартысы өз орнында қалды да, қалған бөлігі әрі қарай ысырылып тұрды.

Абдулла ибн Масғұд: «Біз Расул (ғ.с.) мен бірге Минада едік, ай бөлініп, таудың артына барды. Тағы Абдулла ибн Омар, Абдулла ибн Аббас, Анас ибн Мәлік, Хадиқа және Сайр Мутғим және басқа да сахабалар (Алла олардан разы болсын) айдың бөлінгенін көрді», – дейді.

Әбу Жәһіл: «Ей, Мұхаммед, мына ай енді қосылсын», – деді. Мұхаммед айтып еді, қайта қосылды. Әбу Жәһіл: «Бүгінге дейін жер бетіндегі сиқыршы едің, енді сиқыршылығың көкке әсер етті», – деп иман келтірмеді.

(Жөйт): «Сендей сиқыршы жоқ», – деді. Алайда ол жөйт мұсылман болды. Және бір мұғжизасы Миғражға шығуы еді.

ПАЙҒАМБАР (С.Ғ.С.) НЫҢ МИҒРАЖ ОҚИҒАСЫ

«Субхәнә әл-ләзи әсра би 'әбдиһи ләйлән мин әл-мәсжиди әл-хәрами» («Пендесі Мұхаммедті түнде құрметті мешіттен алып барған сол зат (Алла) пәк»). Мағынасы мынау: істен және жолдастан таза, жұбы мен ұл-қызынан таза. Ол Алла Тағала құлын, яғни Мұхаммед Расулулланы бір түнде Меккеден Бәйт ул-Мұқаддасқа алып барды.

(Деректерде) Расул (с.ғ.с.) ның бір түні Уммаханидың үйінде жатыр еді дейді. Уммахани Әбді Мүтәліптің қызы еді.

Мәлік ибн Сағсағтың риуаят етуінше, Расул (ғ.с.) (бұл оқиғаны былайша баяндаған): «Жатыр едім. Келетін келді. Көкірегімді жарып, жүрегімді алды. Іші иман хикметіне толы алтын ыдыс алып келді. Жүрегімді соның ішіне жарып, қайта орнына қойды. Содан кейін бір ақ түсті, қашырдан кіші, есектен үлкендеу бір пырақ алып келді. «Ей, Расулулла, пырақ осы», – деді. Көзі жеткен жерге аяғын қоятын. Мені оған мінгізді. Жебірейіл менімен бірге еді. Алғашқы қабат көкке жеткенімізде, рұқсат сұрады. «Кімсің?» – деді.

Жебірейіл: «Менмін», – деді.

«Қасыңда кім бар?» – деп сұрады.

(Жебірейіл): «Мұхаммед Мұстафа бар», – деді.

«Сені оған жіберді ме?» – деп сұрады.

«Ия», – деді. Есік ашылды. Кірдік. Адам (ғ.с.) ды көрдім. «Бұл кім?» – деп сұрадым. Жебірейіл: «Адам атаң», – деді. Адамға сәлем бердім. «Жақсы ұлым, жақсы пайғамбар», – деді.

Екінші қабат көкке жеттік. «Есікті ашыңдар!» – дедік. Жаңағыдай есік ашылды. Кірдім. Иса мен Яхия (ғ.с.) ды көрдім. «Мыналар кімдер?» – дегенімде, Жебірейіл (ғ.с.): «Иса мен Яхия», – деді. Оларға сәлем бердім. (Ол екеуі): «Жақсы пайғамбарсың», – деп жауап берді.

Үшінші қабат көкке жеттім. Жебірейіл (ғ.с.) рұқсат сұрады. Жаңағыдай есік ашты. Кірдік. Жүсіп пайғамбарды көрдім. (Мен): «Ей, Жебірейіл, мынау кім?» – дедім.

(Жебірейіл): «Жүсіп (ғ.с.) бауырың», – деді. Оған сәлем бердім, жауап берді. «Қандай сұлу пайғамбарсың», – деді.

Төртінші қабат көкке жеттік. Жаңағыдай есік ашылды. Кірдік. Ыдырыс пайғамбарды көрдік. «Кім?» – деп сұрадым.

Жебірейіл: «Бауырың Ыдырыс пайғамбар», – деді. Оған сәлем бердім. (Ыдырыс): «Бауырым, қандай сұлу пайғамбар», – деді.

Бесінші қабат көкке жеттік. Есік ашты. Кірдік. Харун пайғамбарды көрдік. «Кім?» – дедім.

Жебірейіл: «Харун пайғамбар», – деді.

Алтыншы қабат көкке жеттік. Жаңағыдай есік ашты. Кірдік. Мұса пайғамбарды көрдім. Оған сәлем бердім. (Ол): «Қандай сұлу пайғамбарсың», – деді. Одан өткенімде Мұса пайғамбар жылады. «Неге жылайсың?» – деген дауыс есітілді. «Тәңірім, мына Мұхаммед жас. Менен кейін халыққа жібердің. Бұның үмметтері менің үмметтерімнен бұрынырақ жұмаққа кіреді», – деді.

Жетінші қабат көкке жеткенімізде жаңағыдай есік ашылды. Кірдік. Ибрахим пайғамбарды көрдік. «Мынау кім?» – деп сұрадым.

«Атаң Ибрахим пайғамбар», – деді. Және Сидратул мунтаһаны көрдім. *«Инна сәмәратәһә мислу қиләли хәжрин» («Оның жемістерінің үлкендігі Хәжр тайпасының құмыраларындай келетін»).*

Хәжр деген тайпа бар. «Қиллә» – «қилалдың» көпше түрі. «Қиллә» – алпыс батпан су сиятын бір ыдыс. Соны Хәжр тайпасына тенейді, яғни Сидратул мунтаһа ағаштарының жемістері сондай көлемде. Әр жапырағы пілдің құлағына тең келеді.

«Оның түбіндегі төрт арық не?» – деп сұрадым.

«Мына екі ішкі таза арық жұмаққа ағады, мына екі сырттағы арықтар – біреуі Ніл, екіншісі Ефрат», – деді. Содан кейін екі ыдыс алып келді. Біріншісі – арақ, екіншісінде – сүт. Маған ұсынды. Арақты алмастан, сүтті іштім. «Жақсы істедің», – деді.

САУАЛ: Расул (ғ.с.) ды мигражға шығармақта қандай хикмет бар еді?

ЖАУАП: Жаратушы Алла: «Біз Мұхаммедті Біздің аятымызды, құдіретімізді, жалғыздығымыздың белгілерін көрсету үшін шығардық», – деген.

Және ЖАУАП: Қаба қаусейн мақамына жеткенімде: «Төмен қара!» деген жарлық келді. Дүние әлеміндегілер бір титтей топырақ (болып) көрінді. Арсыны, кеңістікті, жұмақты, тамұқты өзінен төменде көрді. Және «Ей, Мұхаммед, барлық болмысты сен үшін жараттым, сен болмағаныңда әлем болмайтын еді», – деді. *«Ләу ләкә ләмә хәләқту әл-әфләк» («Егер сен болмағаныңда, болмысты жаратпаған болар едім»).* «Ей, Мұхаммед, жаратқан нәрселерімнің бәрі сенің аяғыңның астында топырақ екенін біл».

(Кейбіреулер) Жебірейіл (ғ.с.) өзінің жаратылған шынайы бейнесін екі рет көрсетті дейді. Басқа уақыттарда Уахият әл-Қалби бейнесінде болатын. Бұл Уахият Расулдың жолдасы еді. Жебірейіл Мұхаммедтен: «Мен саған келгенімде кімнің бейнесінде келейін?» – деп сұрады.

Расул: «Уахият бейнесінде кел», – деді. Алайда Жебірейілді періште бейнесінде екі рет көрді. Сол көктің етегі жерге түйіскен жерде күн туатындай. Қарсы алдында жұмақтың пырағын мініп... Пырақтың бір қолы мен бір аяғы Қаптың арғы жағында, бір қолы мен бір аяғы Қаптың (бергі жағында еді). Пырақтың көкірегі Жебірейіл көкірегімен бірге. Күн нұры түскенімен, тіптен күн түспейтін.

Расул (ғ.с.) Жебірейілге: *«Мә зәнәнту анналләһә тә'әлә хәләқа хәлқан мисләкә» («Алла Тағаланың саған ұқсайтын жаратқан мақұлығы бар екен деп ойламаған екенмін»).* (Яғни) «Жаратушы Алла жаратқан халықта сен секілді болмайды».

Жебірейіл: *«Кәйфә уә ләу рағитә Исрафилә уә қад рағиту уә фи уәжжиһи ухдудән мин әд-дәм'и ләу әжрайтә әс-суфунә фиһә ләнәжәутә» («Қалай? Егер сен Исрафилді көргеніңде еді...*

Мен оны көргенмін, оның бетінде көз жасының дария болып ағатыны соншалық, онда кеме жүзгізсең болады»). «Исрафилді көрсең керек еді. Мен барып көрдім. Көз жасының дария болып ағып жатқаны соншалық, ішінде кеме жүзсе болатындай.

(Мен): «Ей, Жебірейіл, не себептен бұлай жылап отыр?» – дедім.

(Жебірейіл): «Ібіліске сол жағдай түскелі бері көзіміздің жасы құрғаған емес», – деді.

«Уә ләқад раәһу бил-уфуқи әл-мубин» («Расында, (пайғамбар ғ.с.) оны аспанның раушан белдеуінде көрді»). Және екінші рет періште бейнесінде Сидрат ул-Мұнтаһада көрді. «Уә ләқад раәһу нәзләтән ухра 'индә сидрати әл-мәнтәһә» («Және расында оны және бір рет Сидрат ул-мұнтаһа қасында көрген еді»). Барлық қанаттарын жайған. (Деректерде) Жебірейілдің алты мың қанаты бар екендігі айтылады. Бәрі де зүмірредпен, інжу-гауһармен, қызыл жақұтпен безендірілген. Әлемде дәреже береді. Жебірейіл оған шапағатшы болады.

Микәилді көрді. Жебірейілден мың есе күштірек. Тәспісі мынау: «Субхәнә әл-мубдиу әл-халиқ, субхәнә әл-мун'иму әл-разиқ» («Әр нәрсені бастапжаратқан зат (Алла) пәк, нығмет беріп ризық беруші зат (Алла) пәк»).

Расул (ғ.с.) ды миғражға алып бару(дағы мақсат), періштелер мен пайғамбарларды көрсету еді. «Ли нурийәкә мин әйәтинә әл-кубра» («Үлкен мұғжизаларымызды саған көрсету үшін»).

Періштелерді көргенін естідік. Енді пайғамбарларды көргенін есітейік. Расул (ғ.с.) айтады: «Бәйт ул-Мұқаддасқа келгенімде пырақтан түстім. Ақса мешітіне кіріп, екі ракағат намаз оқып, сәлем бердім. «Қабләкә мин русулинә» («Сенен бұрын өткен пайғамбарларымыздың жолдарын...») деген жарлық келді. Қарадым, пайғамбарларды көрдім. Біреу тұрып: «Әлхәмду лилләһи әл-ләзи иттәхәзәни сәфийән уә жә'әләни хәлифәтән уә лил-мәләикәти мәсжудән уә жә'әлә Гаууә зәужәти салихәтән 'әфифән уә әбәһә ләнә әл-жәннәтә әһһәран уә қусуран уә нә'имән уә тәрадә 'әдууи шайтанән ражимән, фә 'әлимту әннәһу Әдәму 'әләйһи әс-сәләм» («Мені өзіне пенде етіп алған және жер бетіне халифа еткен және періштелерді маған сәжде жасаттырған, және әйелім Хауаны әдемі һәм ибалы әйел еткен, және біздерге жәннатты дарияларымен, сарай және нығметтерімен сыйлаған, және менің дұшпаным тасборан қылынған шайтанды жәннаттан қуып шыққан Аллаға мадақ болсын! Сонда мен оның Адам (ғ.с.) екенін білдім»), – деді. Тағы біреуі тұрып: «Әл-хәмду лилләһи әл-ләзи иттәхәзәни нәжсийән уә дә'әуту қауми әлфә сәнәтин иллә хәмсинә әмән ләйлән уә нәһәран фә ләм йәзидһум ду'әи иллә фираран фә қултус тағфиру раббақум фә ләм йу'мину иллә қалилән... уә йәлиду иллә фәжжирән кәффәран ... фә қулту рабби лә тәзәр 'әлә әл-әрзи мин әл-кәфиринә дәйиәран фә 'әжәбә ду'әи уә әһләкә қауми буран фә 'әлимту әннәһу Нухун 'әләйһи әс-сәләм» («Мені жол тапқан пендесі етіп алған Аллаға мадақ болсын! Және мен өз қауымымды елу жыл аз мың жыл бойына күндіз-түні иман жолына шақырдым және менің насихатымнан олар тек қашты. Мен оларға істеген күнәларыңызды кешіруді Жаратушыларыңнан сұраңдар дедім. Сонда да олардан азгантай гана иман келтірді... Олар имансыз һәм кәпірлерді туатын... Кейін мен: «Ей, Жаратушым, жер бетінде кәпірлердің бірде-бірін қалдырма», – дедім. Алла Тағала дұғамды қабыл алып, қауымымның бәрін опат етті. Сонда оның Нұх (ғ.с.) екенін білдім»), – деді.

Яғни «Мені сырлас дос етіп жаратқан Алла Тағалаға мақтау мен мадақтаулар болсын! Алғаш аз қауымды иманға шақырдым. Қашудан басқа жол таппадым. Діндерінді қойыңдар, күнәларыңның кешірілуін сұраңдар, Алла Тағала өте кешірімшіл дедім. Иман келтірмеді, қайта (одан бетер) азды. Лас, қажетсізден басқа тудырмайды. «Тәңірім, жер бетінде ешбір кәпір қалдырма», – дедім. Жаратушы Алла дұғамды қабылдады, қауымымды опат етті», – (деді). (Оның) Нұх пайғамбар (Алланың оған сәлемі мен салауаты болсын) екенін білдім.

Және біреуі тұрып: «Әл-хәмду лилләһи әл-ләзи иттәхәзәни хәләлин уә жә'әлә әр-ражулә фи дәқиқан уә жә'әлә нәра Нәмрудә 'әләйһә бәрдән уә сәләмән уә әсләһә зәужәти кәнәт әқимән уә бәшишәрани би Исма'илә уә Исхәқә нәбийән уә әһләкә 'әдууи Нәмрудән фә 'әлимту әннәһу Ибраһиму 'әләйһи әс-сәләм» («Мені өзіне дос етіп алған Аллаға мадақ болсын! Мені нәзік адам

етіп жаратыпты және Намрұт отын маған салқын һәм аман етіпті және менің әйелімді тумау пәлесінен құтқарыпты және маған Исмайыл мен Ысқақ пайғамбар ұлдармен сүйіншілепті және менің дұшпаным Намрұтты опат етіпті. Сонда мен оның Ибрахим (ғ.с.) екенін білдім»), – деді.

Яғни «Мені Халил деген Алла Тағалаға мадақ пен мақтаулар болсын! Қауымды мен үшін жарлыққа көндірді. Намрұт отын бостан қылды. Ұл-қыз тумас әйелімді көтертті. Исмайыл мен Ысқақ деген пайғамбарлар ұлдарынан қуаныш берді. Дұшпаным Намрұтты опат етті», – (деді). (Оның) Ибрахим пайғамбар (Алланың оған сәлемі мен салауаты болсын) екені білінді».

Және біреу тұрды. Ұзын бойлы, айбатты. Қолына асасын алып: «*Әл-хәмду лилләһи әл-әлләзи кәлләмәни тәклизмән уә ә'тани тис'ә әитин муфәссәләтин 'әжибән уә кәтәбә әл-әлуәһә муфәссәран муниран уә жәуәзә қауми мин әл-бәхри уә лә йәбтәллу қадәмуһу уә лә тинән фән фәжәрат мин әл-хәжәри иснәтә 'әшәра 'әйнән уә әнзәллә Фир'әунә уә қаумәһу уә мә һәдә, фә 'әлимту әннәһу Мусә 'әләйһи әс-сәләм*» («Менімен бөгетсіз сөйлескен Аллаға мадақ болсын! Маған анық гәжайып тоғыз мұғжиза беріпті және тақталарға раушан етіп түсіндіріп жазып қойыпты, және менің қауымым дариядан өтті, алайда аяқтары су, лай болған жоқ, және тастан он екі көз бұлақ атылып шықты, және оларға дәмді жемістер мен құс етін түсіріп тұрды, және менің дұшпаным Ферғауынды шөктірді, және оның қауымын теріс жолға салды, тура жол сілтемеді. Сонда мен оның Мұса (ғ.с.) екенін білдім»).

Яғни «Менімен сөйлескен Алла Тағалаға мақтау мен мадақтаулар болсын! Маған ғажайып мұғжиза берді, тақталар берді. Менің қауымымды дариядан аман-есен өткізді. Тастан он екі көз бұлақ шығарды. Және қауымыма жантақ шекері мен құс етін нәсіп етті. Дұшпаным Ферғауынды қауымымен суға шөктірді», – (деді). (Оның) Мұса пайғамбар (Алланың оған сәлемі мен салауаты болсын) екенін білдім».

Және біреуі тұрып: «*Әл-хәмду лилләһи әл-ләзи ә'тани әз-Зәбура уә 'әләннә лийәл-хәдидә уә сәххәра лийәл-жибәлә уә әт-тайра уә ә'тани сийәсәти әл-хукми уә әл-қазә уә әһләкә 'әлә йәди Жәлутә фә 'әлимту әннәһу Дәууду 'әләйһи әс-сәләм*» («Маған Зәбурді берген Аллаға мадақ! Маған темірді жұмсарту ілімін үйретті және таулар мен құстарды маған бағынышты етіп беріпті және маған басқару және үкім шығару саясатын беріпті және менің қолыммен Жалутты опат етіпті. Сонда оның Дәуіт (ғ.с.) екенін білдім»).

Яғни «Зәбур деген кітап берген Алла Тағалаға мақтау мен мадақтаулар болсын! Темірді қолымда жұмсақ қылды. Тауларды маған бағындырды. Үкім үшін билік керемет қылды. Жалутты қолымда опат етті», – (деді). (Оның) Дәуіт (ғ.с.) екенін білдім».

Және біреуі тұрып: «*Әл-хәмду лилләһи әл-ләзи сәххәра лийәл-жиннә уә әл-инсә уә әр-риһә уә әш-шәйтәнә уә 'әлләмәни мәнтиқә әт-тайри уә ә'тани мүлкән мин әл-мәшириқи илә әл-мәғриби фә 'әлимту әннәһу Суләймәну 'әләйһи әс-сәләм*» («Маған адам мен жынды бағындырған және жел мен диоларды маған мойынсұндырған, және маған құстар тілін үйреткен, және Шығыстан Батысқа дейінгі қашықтықтай маған патшалық берген Аллаға мадақ болсын! Сонда оның Сүлеймен (ғ.с.) екенін білдім»).

Және біреу тұрды. Ұзын емес, орта бойлы. Кең көзді, ыстық судан шыққандай... «*Әл-хәмду лилләһи әл-ләзи ләм йәхлуқни мин нутфәтин қазиратин уә әхражәни бил-хужжәти мин бәтни әз-заһидәти әл-'әбидәти уә биду'әи 'убри әл-әкмәһә уә әл-әбрәсә уә йухи әл-мәутә биизнилләһи фә 'әлимту әннәһу Исә 'әләйһи әс-сәләм*» («Мен ыпылас бір тамшы сұйықтықтан жаратпаған және мені айғақпен діндар һәм тақуа болған бір әйелдің қарнынан шығарған Аллаға мадақ! Және мен өзімнің дұғамның берекесінен тума соқыр мен алапесті емдеймін және Алланың қалауымен өлікті тірілтемін. Сонда оның Иса (ғ.с.) екенін білдім»).

Бұл пайғамбарлар осы сөздерді айтқан уақытта, қайратым толып, атып тұрып: «*Әл-хәмду лилләһи әл-ләзи қарәнәс ми мә'әс миһи һинә хәләқә әл-'әршә уә әл-курсийә уә әл... уә кәтәбәс ми 'әлә бибил-жәннәти уә 'әлә кулли уәрақатин уә хилләтин уә әл-хәмду лилләһи әл-ләзи рафә'әс мифи кулли йәумин хәмсә мәрратин мин әл-хутбәти уә әл-әзәни уә әл-иқамәти уә әл-хәмду*

лилләһи әл-ләзи сәммә уммәти хәйра әл-исми уә сәтара 'әләйһим уйубәһум уә ләм йәғуззәһум руусә әл-муслимин уә әл-хәмду лилләһи әл-ләзи жә'әлә әл-әрза мәсжидән уә таһурән әйнәмә әдракәтнийә әс-саләту тәйәммәмту уә салләйту уә әл-хәмду лилләһи әл-ләзи әһәллә әл-ғәнәимә уә жә'әлә әр-ризқә тәхтә румхи уә жә'әлә әз-зуллә уә әс-сағара 'әлә мән халәфәһи уә әл-хәмду лилләһи әл-ләзи рафә'ән нәра ән құрбәһи уммәти уә әл-хәмду лилләһи әл-ләзи ә'тани кәусәран уә мақамән махмудән уә мин әхәдин мин әл-әнбийә уә қад жә'әлә дә'уәтәһу фи әд-дунийә уә ән иттәхәрту дә'уәти шәфә'әтән ли уммәти» («Арсы мен күрсі...ні жаратқаннан бері менің атымды Өз атының жанына қойған және менің атымды жәннат есігінің үстін әрбір параққа және әрбір...не жазып қойған Аллаға мадақ!

Менің атымды әр күні бес рет құрметпен айтылып тұратын құтпада, намазда және қаматта жоғары мақамға көтерген Аллаға мадақ!

Менің үмметімді жақсы атпен атаған және олардың айыптарын жасырған және бастарын төмен салбыратпаған Аллаға мадақ!

Жер жүзін және бәрін намаз оқуға таза еткен, қай жерде намаз уақыты болса, (оқуға рұқсат берген) және дұшпаннан түскен олжаны халал қылған, және біздің ризығымызды найзаның ұшында қылған және қорлық пен азапты маған қарсы болғандарға берген Аллаға мадақ!

Менің үмметтерімнің құрбандықтарын отпен сынап көруді жойған Аллаға мадақ!

Маған Кәусар бұлағын берген және мақтауға лайық мақамды берген Аллаға мадақ!

Бұл дүниеде үмметтерін тура жолға шақырмаған бірде-бір пайғамбар жоқ. Алайда мен барша шапағатымды о дүниеде үмметтеріме сақтап қойдым»).

Мағынасы мынау: «Арсы-күрсіні, перделерді жаратарда Өзінің атымен қоса менің атымды да қоса жарылқаған Алла Тағалаға мақтау мен мадақтаулар болсын! Жұмақ есігіне менің атымды жазды. Жұмақ жапырақтары мен өсімдіктеріне менің атымды жазды.

Маған Құран жіберген Тәңірге мадақ пен мақтаулар болсын!

Менің өткен-кеткен күнәларымды кешірген Жаратушыға мақтау мен мадақтаулар болсын!

Үмметтерімді өзге үмметтерден сыйлы еткен Жаратушыға мақтау мен мадақтаулар болсын! Айыптарымды жарылқады, пайғамбарлар алдында маскараламады.

Жер бетін маған мешіт етіп берген Алла Тағалаға мақтау мен мадақтаулар болсын! Топырақты маған таза қылды, қайда намаз уақыты болса, сонда таяммум жасап, намаз оқимын.

Үмметтерімнің құрбандығын отқа лайық көрмеген (өртемеген) Тәңірге мақтау мен мадақтаулар болсын!

Кәусарды маған берген Тәңірге мақтау мен мадақтаулар болсын! Махмуд мақамын маған сыйға берді. Барша пайғамбарлар тілегін дүниеде сұрады, мен дүниеде сұрамадым. Ақыретте менің шапағатым үшін қалдырдым», – (деді).

Расул (ғ.с.) айтады: «Мен осы мұңымды айтып жатқан уақытта пайғамбарлар бастарын изеп: «Һәзә хәтму ән-нәбийн фәзултә 'әләйнә» («Бұл пайғамбарлардың соңы... Сен бізден артық болдың»), (яғни) «Ей, пайғамбарлардың мөрі, осындай кереметтермен бізден артық болдың», – деп айтып жатты. Және: «Сәәл лиуммәтикә әл-йусра» («Үмметтерің үшін жеңілдік сұра»), (яғни) «Үмметіңе істің оңайын, жүктің жеңілін сұра», – деді. Кейбір пайғамбарларды менімен бірге көкке шығарды. Кейбірі дүние көгінде, кейбірі екінші қабат көкте (қалды). «'Әлә һәзә» («Мұнда...») шықты. Мұса пайғамбар (ғ.с.) менімен бірге бесінші қабат көкке көтеріліп, сонда қалды.

(Деректерде) Жебірейілмен көкке көтеріліп бара жатқанда оның (Жебірейілдің) көңіліне осындай керемет Мұхаммедті көкке алып шығып жатырмын деген ой келіп, Мұхаммедке Жаратушы Алланың сағынғаны туралы хабар берді. Сидрат ул-Мунтаһаға жеткен уақытта Жебірейіл тұрды. Расул (ғ.с.) Жебірейілдің қолынан ұстап, ілгері тартты. Сондай айбатты, керемет Жебірейіл Жаратушы Алланың айбатынан жаз кіргендей тынышталып: «Ей,

Расуллулла, «Мә мәннә иллә ләһу мәқамун мә'лумун» («Біздің әрқайсымыздың белгілі орнымыз бар»). Яғни «Біздің мақамымыз белгілі, одан әрі өтсек, от келіп бізді күйдіреді», – деді.

Расул (ғ.с.): «Жебірейіл Мұхаммедті алып келуші, бұдан жоғарыға неге алып шықпайсың?» – деді де, Жебірейілді сонда қалдырып, өзі қуанып Арсыға шықты. Одан өте шықты. Жеті қабат періштелері оны көріп таң қалып: «Тәңірім, мынау кім? Мұндай жалғыз сақилықпен бара жатыр. Арсыны көзге ілмейді, күрсіге қарамайды, жұмақ, тамұқты тиынға алмайды. Бұл кім?» – деді.

Жаратқан Жаратушымыздан: «Ей, менің періштелерім, менің пәк атымды естісеңдер *«Лә иләһә илләллаһу Мұхаммәдун Расулүллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі») деп соңында аты аталатын жан», – деді. Перделерден өтіп, перделерді көрді. Жаратушы Алланың *«Фә кәнә қабә қаусәйни әу әднә»* («Ол екі жебе қашықтығындай немесе одан да жақынырақ») деп айтқан мақамына жетті. Яғни екі жебе арасындай жерде Жаратушының кеңшілігі мен құдіретіне табысты. Одан жоғары мақам жоқ. Ешбір сүйікті патша, пайғамбар, елші жетпеген жерге жетті. Алайда Жаратушы Аллаға затымен қауышты десек күпір болады. Кімде-кім Хақ Тағаланы жоғары, төмен, асты, үсті, ілгері, артқы деп айтса, кәпір болады. *«Нә'үзу билләһи мин зәлик»* («Ондайдан Алла сақтасын»).

САУАЛ: Жебемен салыстыруда қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Екеу дос болып, ант-су ішсе, екі жебе алып келетін арабтың әдеті бар. Әрбірінің басын – басымен, құлағын – құлағымен, мойнын – мойнымен, сыртын – сыртымен, ұшын ұшымен бірдей ұстайды. Осылайша екі жебенің басы, бауыры, ұстайтын жері, ұшы бірдей болып теңеседі. Біз бір-бірімізбен осылайша теңестік (сай келдік) дейді. Бір-бірімізге қайшы келмейміз, антты бұзбаймыз дейді. «Ей, Мұхаммед, Мен де сенімен бірге ант еттім. Сен Менің айтқан әмірлерімді орында, Мен де сенің сұраған тілектеріңді берейін. Сен дұға жаса, Мен қабылдайын. Сен сұра, Мен берейін. Сен шапағат ет, Мен кешірейін. Бүгін Мен сенен разымын. Ертеңгі күнәларыңды сенің шапағатыңмен кешірейін, сен де үмметтен разы бол». *«Уә лә сәүфә йу'тикә раббикә фә тәрзә»* («Сенің Жаратушың лезде саған сондай сыйлайды, сен разы боласың»). Содан кейін тілектері қабыл болды.

«Басқа қандай тілегің бар?» деген жарлық келді.

(Мұхаммед (ғ.с.): «Тәңірім, сұрарым – үммет», – деді.

(Алла Тағаладан): «Жетпіс мың күнәһарды саған бердім (кешірдім)», – деген жарлық келді.

Расул (ғ.с.) сәждеге барды.

(Алла Тағаладан): «Не қалайсың?» деген жарлық келді.

(Мұхаммед (ғ.с.): «Тәңірім, үмметті сұраймын», – деді.

(Алла Тағаладан): «Үштен екісін кешірдім» деген дауыс келді. Және сәждеге барды.

(Алла Тағаладан): «Не қалайсың?» деген жарлық келді.

(Мұхаммед (ғ.с.): «Тәңірім, үммет», – деді.

(Алла Тағаладан): «Алтының бесеуін кешірдім. Егер бәрін кешірсем ертеңгі махшар күні халық жиылғанда сенің шапағатың мен Менің мейірімім қайда қалады?! (Сондықтан) осы бір бөлігі қалсын. Ертең сен сұра, мен берейін. Дұға жаса, Мен қабылдайын. Шапағат ет, мен кешірейін. Барша әлемдегілер сенің шапағатыңды, менің мейірімімді көрсін» деген жарлық келді. *Уә лә сәүфә йу'тикә раббикә фә тәрзә»* («Сенің Жаратушың лезде саған сондай сыйлайды, сен разы боласың»).

(Деректерде) Мұхаммед Расул (с.ғ.с.) мақамға жеткен уақытта: *«Йә, Мухаммәд, әсни 'әләйһә»* («Ей, Мұхаммед, маған сәна айт»), (яғни) «Бізге сәна айт», – деген дауыс келді дейді. Пайғамбар (с.ғ.с.): *«Лә ухси сәнәән 'әләйкә әнтә кәмә әснәйтә 'әлә нәфсик»* («Саған сәнаны санап соңына жете алмаймын. Сен өзіңе айтқан сәнадай болсын»), (яғни) «Тәңірім, сенің сәнанды айта алмаймын, сен Өзің сәна айтасың», – деді.

(Алла): «Ей, Мұхаммед, *«Әнә әфсәһу әл-'әрәби уә әл-ә'жәм»* («Мен араб пен ажамның ең шешенімін») деген сен емессің бе?» – дейді.

«Тәңірім, ол сөзім араб пен ажам арасында еді. Бүгін араб пен ажамды жаратқан Жаратушының күзіретінде айтатын қандай сөзім бар», – деді.

«Ей, Мұхаммед, қандай болса да, шамаң келгенше сәна айт» деген жарлық келді.

Расул (ғ.с.): «*Әт-тәхийәту лилләһи уәс-салауәту уәт-тәйибәту*» («Аллаға сәлем, тәхият және жақсы сөздер болсын!»), – деп дауыстады.

«Ей, Мұхаммед, әуелі сәлем, сосын кәләм (сөз)» деген жарлық келді. Жаратушы Алла: «*Әс-сәләму ‘әләйкә әййүһә ән-нәбийү уә рахмәтуллаһи уә бәрәкәтуһу*» («Ей, пайғамбар, саған сәлем және Алланың мейірімі мен берекесі болсын!»), – деп жарылқады.

Расул (ғ.с.) Жаратушы Алланың сәлеміне: «*Әс-сәләму ‘әләйнә уә ‘әлә ‘ибәдилләһис-салихин*» («Бізге және Алланың ізгі құлдарына сәлем болсын!»), (яғни) «Сәлем бізге және Жаратушы Алланың ізгі құлдарына болсын», – деп жауап берді.

СҮЙІНШІ: Жаратушы Алла Расулға сәлем айтқан уақытта, Расул (ғ.с.) Жаратушы Алланың сәлеміне мен жалғыз (өзім) қалай жауап айтайын деп, барша жақсы құлдарды өзіне серік етті. «*Әс-сәләму ‘әләйнә уә ‘әлә ‘ибәдилләһис-салихин*» («Бізге және Алланың ізгі құлдарына сәлем болсын!»). Періштелер Жаратушы Алланың салауатын есітіп, Расул (ғ.с.) ның жауабын көріп, бәрі қуанып: «*Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһу уә әшһәду әннә Мухәммәдән ‘әбдуһу уә расулуһу*» («Аладан басқа тәңір жоқтығына куәлік етемін және Мұхаммед оның (Алланың) құлы мен елшісі екендігіне куәлік беремін»), – деді.

(Деректерде) сол түні Жаратушы Алладан үметтерінің күнәсін сұраған уақытта «*Раббәнә лә тузиғ қулубәнә бә’дә из һәдәйтәнә уә хәб ләнә*» («Ей, Жаратушымыз, біздің жүректерімізді тура жолға салғаннан кейін қайта аздырма және бізге сыйла...»), – деді. Және: «*Раббәнә лә туәхизнә ин нәсинә әу әхтәнә*» («Ей, Жаратушымыз, егер ұмытсақ немесе қателессек бізді қатты сұрақтың астына алма!»), – деді. Және: «Күнә төрт түрлі болады. Ұмытып істелген, қателікпен жасалған күнәні жарылқады. Қаласам азап етер едім, алайда кешірімек жақсы деді. Кейбіреулер, «Ей, Мұхаммед, сен не қаласаң берейін», – деген дауыс келді, дейді. Сол кезде сұраған тілектері осы аятта бар дейді. «Ей, Мұхаммед, біздің барлығымызды құлдарға жеткіздің. Не деді?» деген жарлық келді дейді. «*Йә рабб сәми’нә уә әтә’нә*» («Ей, Жаратушы, есіттік және мойынсұндық»), – деді. Яғни «Есіттік, мойынсұндық», – деді. (Аладан): «Ей, Мұхаммед, оларды мойынсұнғыш дедің. Алайда мен әзелде біразын күнәһар дедім, біразын зина жасаушы, біразын арақ ішуші білдім, біразын харам жеуші, біразын бейнамаз, біразын намазға селқос қарайтын деп білдім. Алайда сен бүгін мойынсұнушы дегеніңде, мен де мойынсұнушы деп қабылдадым. Олар таза болмаса, сен тазасың. Олар күнәһар болса, сен мойынсұнғышың. Олар тұрақсыз болса, сен берілгенсің. Құзыретімде сенің соншалықты теңдік құрметің бар. Олар қаншалықты жүз мыңдаған қателер жасаса да, сен оларды таза деп келсең, мен олардың барша қателері мен күнәларын жарылқап, тазаға шығарамын. Себебі дос досқа қарсы келмес болар. Сен Біздің жарлығымызға қарсы келмедің, Біз де сенің тілегіңе қарсы келмейміз» деген жарлық келді.

(Аладан): «Ей, Мұхаммед, сен үметіңе жарылқауды сұрап жатырсың, үметіңді бұған дейін-ақ жарылқап қойғанмын. Жарылқамасам, иман бермейтін едім, (онда) «*Лә иләһә иллаллаһу Мухәммәдун расулуллаһи*» («Аладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі») деуге қандай қажеттілік болатын еді?! Мұғтар, жөйттер, христиандар мен пұтқа табынушылар (бұл сөзді) айтпайтынын көрмейсің бе?! Үметіңнің тілін шаһадатқа Мен келтірдім, мағрифатты мағрифатқа айғақ қылдым. Қағба олардың жолы. Оларды жарылқамасам, құрбан айы, рамазан айы, жұма мен жамағат, қажылық пен ғұмра, айт пен арафа, зекет, садақа, барат түні, қадыр түнін, «*Қул һуә аллаһу әхәд*» («Ей, Мұхаммед) айт: «Ол Алла жалғыз») сүресін бермеген болар едім. Тамұқтан құтқармайтын едім. Сегіз жұмақ, хорлар мен (жұмақтағы) сарайлар, қызметшілер, өзендер мен ағаштар, бостандар мен райхандар, қуырылған құстар мен таза шарапты уәде етпеген болар едім. Ей, Мұхаммед, Менің құдіретім сені шарапатқа жеткізді.

Сенің шарапатың Бізді мағрифатқа келтірмеді. Ей, Мұхаммед, үмметің не сұрайды?» деген жарлық келді.

(Мұхаммед (ғ.с.): «Тәңірім, ұмытып және қателікпен жасаған күнәларының кешірілуін сұрайды», – деді. «*Раббәнә лә туәхизнә ин нәсинә әу әхтанә*» («Ей, Жаратушымыз, егер ұмытып немесе қателессек, бізді қатты сұрақтың астына алма!»).

«Кешірдім, «*Руфи’ә ән уммәти әл-хәтәу уә ән-нисйәнә уә мәс тукриһу ‘әләйһи*» («Үмметтеріңе қателері үшін, ұмытқандары үшін және мәжбүр болған істері үшін күнә жазылмайды»). Адам бас иіп кешірім сұрады, кешірдім» деген жарлық келді.

(Мұхаммед (ғ.с.): «*Фә нәсийә уә ләш нәжид ләһу ‘әзмән*» («Ол ұмытты, әдейі жасаған жоқ»), (яғни) «Әдейі жасаған жоқ, ұмытып істеді», – деді.

«Үмметіңнің білмей жасағанын кешірдім», – деді. «*Иннәмә әт-тәубәту ‘әлә әл-ләзинә йә’мәдунә әс-су’ә бижәһәләтин*» («Білместен жаман іс істегендерге тәубе қажет болады»).

«Ей, Мұхаммед, үмметің және не қалайды?» деген жарлық келді.

(Мұхаммед (ғ.с.): «Тәңірім, бұрынғыларға жүктегеніңдей, бізге ауыр жүк жүктеме», – деді. «*Раббәнә уә лә тәхмил ‘әләйнә исран кәмә хәмәлтәһу ‘әлә әл-ләзинә мин қаблинә*» («Ей, Жаратушымыз, бізден алдыңғы өткен үмметтерге ауыр жүк жүктегеніңдей, бізге ауыр жүктеме»).

«*Нәзә’у ‘әнһум исраһум*» («Олардан ауыр жүктерді түсіреміз»). Ауыр жүкті олардан алдым» деген жарлық келді.

Бұрынғылардың тәубесі өлім еді, біздің тәубеміз өкініш. Бұрынғылар күнә жасаса, елдерінде, үйлерінде, есіктерінде тұратын. Намаздары өз мүліктері мен мешіттерінен тыс жерде болмайтын. Су жоқ кезде таяммум (алу) дұрыс емес еді. Әр әйелге талақ берсе, сол әйелі өлгенше, басқа әйел алу дұрыс емес болатын. Мұның бәрі Мұхаммед үмметінен алынды. «Ей, Мұхаммед, ауыр жүкті неге жүктейін?! Ораза ұстағанға оразасын ұмыттырдым, ішіп-жеп қарны тойған уақытта есіне түсірдім. (Сонда) оразасын бұзбадым, сауабын кемітпедім. Барлық істерін оңайлаттым. Сапарда жаман су кездессе, таза не таза емес екендігін білмесе, дәреті жарайды деді. Олардың білмейтіндігін білмей істеді деп үкім еттім (кешірдім). Кешірдім, жарылқадым, таза емес суды таза деп күнәларын кештім. Және бастары жастыққа тиген уақытта күш-қуаттары маған сөйлейді. Тәубе ететін шамасы қалмаса, көңілдерімен тәубе жасаса, кешірдім дейін. Сенен бір ишара болса, Менен жүз мың сүйінші болады. Сенен қажеттілік болса, Менен қабылдау болады» деген жарлық келді.

«Ей, Мұхаммед, сен сұрама. Дос достан сұрамайды, дос үкім етеді. Сен үкім ет, Мен берейін» деген жарлық келді.

(Мұхаммед (ғ.с.): «Тәңірім, үмметім көтере алмайтындай жүк жүктеме», – деді. «*Раббәнә уә тухәммилнә мә лә тақатә ләнә биһи*» («Ей, Жаратушымыз, біздің төзіміміз жетпейтін нәрсені бізге жүктеме»).

«Бұл да жүк пе?! Махаббаттан кейін фирақ барлық жүкті алдым, алайда фирақ жүгін ала алмаймыз» (деген жарлық келді). Фирақ дегеніміз не?

«Ей, құл, есепсіз құлшылық жасадың, алайда бізге керек емессің. Көп тырыстың, алайда құзыретімізге жарамайсың» (деген жарлық келді).

(Мұхаммед (ғ.с.): «Тәңірім, бәріне сабыр етеміз, алайда Қаттылыққа сабыр ете алмаймыз», – деді.

«Дұғанды қабылдадым. Қаттылықтан аман еттім, намаздарын екі ракағат қылдым. Сұрап келгеніңде елу уақыт беріп едім, бес уақыт еттім. Оны да сұрағаныңда сыйлайтын (қысқартатын) едім, келмедің» деген жарлық келді.

Хабарда келеді: Расул (ғ.с.) айтады: «Күнде елу ракағат намаз жүктеді. Мұса (ғ.с.) кездесіп: «Не жүктеді?», – деді. Айттым. Мұса (ғ.с.): «Мен сенен бұрын Бәни Исраил халқымен кездестім. Үмметіңнің біреуі де бұл жүкті көтере алмайды. Барып, жеңілдеу сұра», – деді. Қайтып бардым. Сұрадым. Бес намаз қысқартты. (Мұса (ғ.с.): «Ей, Мұхаммед, қайтып және

сұра», – деді. Бардым. Және сұрадым. Тағы бес намазын қысқартты. Қырық намаз қалды. Және келдім. Мұса пайғамбар жаңағыдай жауап берді. Және қайтарды. Елу намаз сұрады, бес намаз қалды. Баяғыдай және сұрады. «Қайта сұра», – деді. «Жаратушы Алладан қатты ұяламын», – дедім. Қайтып бармадым, бес намазды қабыл алдым», – деген болатын.

«Ей, Мұхаммед, саған елу намаз парыз етіп едім, қырық бес намазды үмметтеріңнен алдым. Менің үкімім өзгермейді. Үмметтіңе елу намаз үшін елу сауап беретін еді. Сен үшін қырық бесін кештім, жүктерін жеңілдеттім. Алайда сауаптарың кемітпедім. Әрбір намазына он сауап жаздым. Бес намаз – елу сауап болды» деген жарлық келді. «*Мән жәә бил-хәсәнәти фә ләһу 'әширу әмсалһә*» («*Кімде-кім бір жақсы іс істесе, оған он есе сауап болады*»).

«Ей, Мұхаммед, үмметтеріңе басқаларға жасамаған мәміле жасадым. Елу намазды беске түсірдім, сауабың азайтпадым. Басқа үмметтердің зекеті екі жүз күмісте қырық еді, үмметтеріңе бес әмір еттім, сауаптарың түгел бердім. Соның ішінде бір рет қажылық парыз қылдым. Барлық күнәлары үшін бір тәубе қабыл қылдым. Болған күнәларың кешірдім» деген және жарлық келді.

Содан кейін Мұхаммед Расулұллаһ қажеттіліктерін жиды, айтар тілектерін біріктірді, бөлек-бөлек сұрамастан бәрін жиды да, Иесіне қарап тұрып: «Тәңірім, мынаның бәрін маған сыйла. Саған зияны жоқ, оларға пайдасы бар», – деді. «*Уә 'фу 'әннә*» («*Бізді кешір*»). «*Уә йә 'фу 'әни әс-сәйиәт*» («*Ол жаманшылықтарды кешіреді*») деген дауыс келді. Және: «*Уәғфир ләнә*» («*Біздің күнәларымызды кешір*»), кешірсең, қайт. Ешкімге айтпа. Пердеміз жыртылмасын, сөз болмайық», – деді.

«Ей, Мұхаммед, мейірім етуші емеспін, ертеден ақ мейірім иесімін. «*Уә кәнә бил-мумининә рахимән*» («*Алла мұсылмандарға шексіз мейірімді*»). Сенің дұғаң Бізді мейірімге келтірмеді, қайта дәйім біздің мейіріміміз сені дұғаға итермеледі» деген жарлық келді.

(Мұхаммед (ғ.с.): «*Әнтә мәуләнә уә уәлийунә уә хәфизунә уә нәсирунә*») («*Сен біздің иемізсің, жақынымызсың, бізді Қорғаушысың және бізге жәрдем берушісің*»). «Иемізсің, елшімізсің, көмек берушімізсің», – деді.

«*Зәликә би әнналләһә мәулә әл-ләзинә әмәнү*» («*Алла Тағала мұсылмандардың ісін жеңілдететін иесі болғандықтан да бұл іс солай*») деген дауыс келді. Және: «*Фән сурнә 'әлә әл-қауми әл-кәфирин*» («*Енді бізге кәпірлердің үстінен жеңіске жетуге көмек бер*»), – деді.

Және: «*Уә кәнә хәққан 'әләйнә нәсру әл-мумининә*» («*Мұсылмандарға көмектесу Біздің мойнымыздағы міндет*»).

Осында бір көркем СҮЙІНІШІ бар: «Ей, Мұхаммед, біз үмметтеріңнің иманына куәлік бердің. «*Уә әл-мумининә куллун әмәнә билләһи*» («*Мұсылмандар да бәрі Аллаға иман келтірді*»). Олармен дос тұтындық, дос досты мақтар болса, оларды мақтадық. Дос айыптарын жаба білер, шүкір етер болса, иман келтіргеніңе шүкіршілік қылдық. Досқа мейірім етер болса, оларға мейірім жасадық.

ПАЙДА: Мұхаммед: «*Фәғфир ләнә*» («*Бізді кешір*»), (яғни) «Бізді кешір», – деді. Мұхаммедтің күнәсі жоқ екені белгілі. Дұға кезінде үмметін өзінен айырмады. Қайта оларға (үмметі үшін) кешірім сұрады.

(Мұхаммед (ғ.с.): «Егер айып пен опасыздық болмаса, сенің кеңшілігіңнің арқасында олармен біргемін», – деді.

«Ей, Мұхаммед, саған үммет болса, Маған құл емес пе? Сенің шапағатың Менің мейірімімнен артық емес, сенің шапағатың уақытша, Менің мейірімім мәңгілік. Сен уақытша шапағатпен бұларды жарылқамағаныңда «*Әмәнә әр-расулу*» («*Пайғамбарға... иман келтірді*») аятын жібермейтін едім. «*Лилләһи хәмду 'әлә мә ән'әмә уә әулә уә ләһу әл-хәмду уә әс-сәнү фи әл-әхирати уә әл-улә һәзиран әмран*» («*Бізге берген нығметтері үшін Аллаға мадақ болсын! Және оған о дүние мен бұ дүниеде мадақ болсын!*»). Мұхаммед сөйледі, Жаратушы есітті. Арада жақын патша (ортада жүрген адам) жоқ еді. «*Фә әухә илә 'әбдиһи мәәухә*» («*Алла пендесіне уахи етіп түсіретінін түсірді*»).

Сол түні жеті қабат көкті, жеті жерді, жұмақ пен тамұқты, дүниені, кәунәинді Мұхаммедке көрсетті. Көзінің ұшымен де қарамады. *«Мә зәғал бәсару уә мә таға» («Назар салмады да, шектен аспады»).*

(Деректерде) Мұхаммед Расулулла осындай ізет-құрмет, кереметпен қайтпақшы болған уақытта: «Ей, Мұхаммед, дос досқа қонақ болса, тарту-таралғы беретін ел ішінде дәстүр бар. Бүгін біздің құзыретімізде қонақ болдың, үмметіңе (бір сыйлық) ала кет» деген жарлық болды делінеді.

(Мұхаммед (ғ.с.): «Тәңірім, қандай сыйлық алып кетейін?»), – деді.

(Алла Тағала): *«Сен Біздің құзыретімізде «Әт-тәхийәту лилләһи уә әс-саләуәту уә әт-тайибәту» («Аллаға сәлем, тәхият, салауат және жақсы сөздер болсын!»), – деп сәна айттың. Сол кезде Мен саған: «Әс-саләму ‘әләйкә әйуһә ән-нәбийу уә рахмәтуллаһи уә бәрақәтуһу» («Ей, Пайғамбар) саған сәлем және Алланың мейірімі мен берекесі болсын!»), – деп сәлем айттым. Және Менің сәлеміме «Әс-саләму ‘әләйнә уә ‘әлә ‘ибәдилләһи әс-салихин» («Сәлем бізге және Алланың пенделеріне болсын»), – деп жауап бердің. Періштелер оны есітіп: «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһу уә әшһәду әннә Мухәммәдән ‘әбдуһу уә расулуһу» («Алладан басқа тәңір жоқ екеніне куәлік етемін және Мұхаммед оның (Алланың) құлы һәм елшісі екендігіне куәлік беремін»), – деді. Осы сөздерді жиып, үмметіңе алып бар. Екі ракағат намаз оқып бола бергенде, намаздың соңында осы сөздерді айтсын (оқысын). «Уә нәхну нусәббиху бихәмдикә уә нуқаддису ләк» («Біз Сені мақтап пәктейміз және қасиеттілікті Саған лайықты көреміз»).* Жеті қабат көктің періштелері құлшылық етіп сауап алатын болса, екі ракағат намаз оқып, соңында осы сөздерді оқығандарға сонша сауап беремін», – деп жарылқады.

Мұхаммед Расулулла қайтып Арсыға келген уақытта жоғарғы әлем періштелері: «Мына Мұхаммед Жаратушы Аллаға сүйікті құл. Қияметке дейін ешкім келмейтін бұл мақамға шықты. Біз қарсы алдынан шығып сәлем берейік, құтты дидарын көрейік, құтты сөзін есітейік. Қияметке дейін періштелер арасында бізге мақтаныш сезімі болсын», – деп, жолын тосып тұрды. Мұхаммед Расулулла қайтып келді. Қарсы алдынан шығып, сәлем беріп: «Ей, Расулулла, бізге үгіт-насихат бер, сенің кеңесіңмен басқа періштелердің алдында біздің беделіміз жоғары болсын», – деді. Расул (ғ.с.) басын төмен ұстап, ойланып тұрды да, қайта көтеріп: «Ешқашан мына құзыретте бұдан кейін *«Уә нәхну нусәббиху бихәмдикә уә нуқаддису ләк» («Біз Сені мақтап пәктейміз және қасиеттілікті Саған лайықты көреміз»)* деп өкінбеңдер», – деді. Періштелер басын көтеріп, ұялып қайтып кетті.

«Мұхаммед жұмаққа кірсін, достарының бостанын тамашаласын» деген жарлық болды дейді. Кірді. Сегіз жұмақты көрді. Мұсылман құлдардың орнын көрді. Ыдырыс пайғамбар қарсы шығып, Мұхаммед Расулуллаға сәлем берді. «Сәлем саған, ей, Ыдырыс», – деп сәлеміне жауап берді.

(Ыдырыс (ғ.с.): «Ей, Расулулла, мұнда бәрі бар, тек сенің үмметің болсам деген арманым бар», – деді.

Расул (ғ.с.): «Ей, Ыдырыс, осы мақамға жете отырып маған үммет болуды неге армандап отырсың?» – деді.

(Ыдырыс (ғ.с.): «Ей, Расулулла, жұмақ ішінде қандай көркем орынды көрсем, осы орын менікі болса екен деп армандаймын».

(Сонда): «Ей, Ыдырыс, бұл бостан Мұхаммед үмметінікі» деген жарлық келеді. Және мына көркем сарайлар менікі болса екен деп армандаймын.

Және: «Ей, Ыдырыс, бұл сарайлар Мұхаммедтікі» деген жарлық келеді. Және одан өтемін. Әдемі, сұлу (бұл сипаттағаннан да артық) хор қыздарын көремін. Мына хорлар менікі болса екен деп ойлаймын.

(Сонда): «Ей, Ыдырыс, бұл хорлар Мұхаммед үмметі үшін жаратылған» деген жарлық келеді.

«Тәңірім, бұл Мұхаммед үмметі мына құлшылықпен осындай сауаптарды табады», – деймін.

«Ей, Ыдырыс, Мұхаммед үмметтері «Ықылас» сүресін оқиды. Әр жеті күнде жұма намазын оқиды, осы дәрежеге лайық болады» деген дауыс келеді. Жұмақтан қайтып шықпақшы болғанымда бір бөлек хорлар сарайлар арасынан басын шығарып: «Ей, Расуллұла, мына мақамға құтты қадамың тиді. Қиямет болғанша қайта келмейсің. Бізді үмметтеріңнің біреуімен некелеп бар», – деді.

Расул (ғ.с.): «Сендерді менің азаншым Біләлмен некеледім», – деді.

(Олар): «Ей, Расуллұла, үмметтеріңнің арасында қаншама ақ нәсілділер бола тұра, (неге) бізді қара Біләлмен некеледің?» – деді. Расул басын төмен салбыратты да, және жоғары көтеріп: «Сендер осылай деп жатырсыңдар, мен барып Біләлға айтып көрейін, сендерді қалар ма екен?» – деді.

ПАЙДА: (Деректерде) Жаратушы Алла жұмақ хорларын жаратқалы бері (олар) өздерін әлі күнге сәндеп келеді дейді. Қиямет күні болғанда сәнденуі аяқталады дейді. Алайда (жүздерінде) меңдері болмаған үшін сұлулықтарына бір нәрсе жетпей тұрғандай болады дейді. Қиямет күні болғанда Біләл хабашидың қаралығын барша жұмақ хорларына нүкте-нүкте (қал ретінде) етіп үлестіріп береді. Әрбіріне бір меңнен тиеді. Сонымен сұлулықтары (шегіне) жетеді.

...Содан кейін Жебірейілге: «Мұхаммедті достар бостанына кіргіздік, достар орнын көрді. Енді дұшпандар зынданына кіргіз, оны да көрсін» деген жарлық болды. Келді. Періште бастады, тамұққа кірді. Әр тамұқтың кілтін періште алып келді, азаптарын көрді. Әр түрлі күнәні әрқилы қинайды екен. Бір есікке жетті, кілті жоқ еді.

(Мұхаммед (ғ.с.): «Ей, періште, мына есікті аш!» – деді.

Періште: «Бұл есіктің кілті менде жоқ», – деді.

Расул (ғ.с.): «Кілті қайда?» – деді.

(Періште): «Бұл есіктің кілті сенің құтты саусағың. Ишара жаса, ашылсын», – деді. Расул (ғ.с.) ишара жасап еді, есік ашылды. Бір ер адам мен бір әйелді қинап жатыр, (олардың) көздерінен жас сорғалауда.

(Мұхаммед (ғ.с.): «Сен кімсің, мұндай жағдайға қалай душар болдың?» – деді.

«Ей, Мұхаммед, мен сенің әкең Абдулламын», – деді.

(Мұхаммед (ғ.с.): «Сен кімсің?» – деп әйелден сұрады.

(Әйел): «Мен сені тоғыз ай ішімде көтерген Әминамын», – деді.

Екеуі жылап: «Бізге шапағат ет», – деп жалына бастады. Расул (ғ.с.) оларға жаны ашып, (кешірім) сұрамақшы болды. (Сол кезде): «Ей, Мұхаммед, ешқашан да тамұқтағылар үшін еш нәрсе сұрама» деген жарлық келді. «*Уә лә тус'әлу ән әсхәби әл-жәхим*» («Сен дозақтағыларға жауапты емессің»).

(Мұхаммед (ғ.с.): «Тәңірім, атам мен анам», – деді.

«Ата-ананы сұрамақшы болсаң, берейік, алайда үмметті сұраушы болма. Үмметіңді Біз білейік. Үмметті сұрасаң, ата-анаңды сұрама» деген жарлық келді.

(Мұхаммед (ғ.с.): «Тәңірім, бұл екеуі кәпір. Сені Бір деген жүз мың және одан да көп мұсылмандарды тамұқта қалай көрейін. Маған үммет керек, ата-анадан кештім», – деді.

(Деректерде) Расул (ғ.с.) былай деген еді делінеді: «Әкем Абдулла мен анам Әмина бізге шапағат етеді деп үміттенетін еді. Жүз бұрып, қайтқанымда: «Аһ, мына айырылмақ», – деп айтты. Расул (ғ.с.) қайғырды. «*Йә Мухаммәд ләу әнни хәкәмту 'әлә нәфси ән лә әғфира лимуширикун мәтә 'әлә куфриһи лә шәфә'тукә 'әлә әл-кафиринә уә ләәнжәйтүһум лиәжсликә уә ләкин ушәффи'укә фи уммәтикә хәттә тәрза*» («Ей, Мұхаммед, егер Мен өзіме кәпірлікте өлген мүшріктің күнәсін ешқашан кешпеймін деп сөз бермегенімде, сені кәпірлерге де шапағатшы етер едім және сен барша кәпірлерді тамұқтан құтқаратын едің. Алайда сені тек үмметіңе шапағатшы еттім, сені разы болсын дедім») деген дауыс келді.

Мағынасы мынау: Ей, Мұхаммед, мен кәпірлікпен барған мүшрікті жарылқамаймын деп үкім бекіттім. Немесе сені кәпірлерге шапағат етуші қылатын едім, баршаны сен үшін құтқаратын едім, алайда үмметіңе шапағат бердім. Сен разы болмайынша кешіремін.

Сол кезде Расул (ғ.с.): «Маған осы керек», – деді.

Расул (ғ.с.) айтады: Одан кейін қайттым. Батыс жақа Жабилқаға бардым. Ол он екі мың дарбазасы бар қала. Әрбір дарбазада он екі мың күзетші бар. Бір түн ішінде өлгенше оларға кезек тимейді. Бір дарбазадан екінші бір дарбазаға бір иғаштық жер. Оларды Исламға үгіттедім, мұсылман болды. Осылайша Шығыстағы Чабилсаға бардым. Йәжуж-Мәжужге жақын еді. Исламды айттым, мұсылман болмады. Және Шын аймағына Қытай қалаларына бардым. *«Уә мин қауми Мусә уммәтун йәһдунә бил-хәққи уә биһи йә’дилун»* («Мұса қауымынан бір тайпа бар еді, олар адамдарды Хақ жолға бастап, ақиқатпен үкім ететін еді»). Олар күшті еді. Мұсадан кейін ұятсыз істер шығарды. Халық сол себепті қайғылы еді. Жаратушы Алла оларға жер астынан жол берді, соған кірді. Олар тоғыз тайпа еді. Жерге кірді. Нұрдан жарық еді, соның жарығымен баратын. Ішіп-жейтіндері алдына қойылған, (содан) жейтін еді. Толық екі ай (кейбіреулер тоғыз ай дейді) жер астында жүрді. Содан кейін сол жерде жылан, шаян көп болды. Расул (ғ.с.) оларға жетті, Исламды айтты. «Біз сізден бұрын иман келтірдік, мұсылманбыз», – деді. Шарифат шарттарын оларға айтып берді. Онда көптеген ғажайыптар көрді. Балалары жылан, шаянмен ойнайтын. (Кейбіреулер) патшалары, сұлтандары жоқ еді дейді. Расул (ғ.с.) сұрап еді, (олар): «Біз бір-бірімізге күш қолданбаймыз, зұлымдық жасамаймыз. (Сондықтан да) бізге төреші керек емес», – деді. Үйлерінің үсті (шатыры) бір-бірінен үлкен емес, бәрі бірдей екенін көрді. Расул (ғ.с.) сұрап еді, (олар): «Жаз күндері шатырда жатамыз, түн самалы баршаға бірдей соқсын деп артық, кем жасамаймыз», – деді. Елінде таразы жоқ екенін көрді. Расул (ғ.с.) сұрап еді, (олар): «Бір бір-бірімізге ынсап етеміз, артық алмаймыз, кем бермейміз. Қанша сұраса, сонша береміз. Таразы керек емес», – деді. Және мешіттерінің үйлерінен алыс, қабірстанға жақын екенін көрді. Оны да сұрап еді, (олар): «Сауабы көп болсын деп мешіттерді алысқа салдық. Әр уақыт шыққанымызда өліктерді көріп ғибрат алайық деп қабірстанның жанына салдық», – деді. Және баршаның сарайында астық өнімдері сақталғанын көрді. Қой-қозылары тауда жайылып жүр. Қойшылары жоқ. Оны да сұрады, (олар): «Астық, егінді баршаның сарайына жиямыз. Керегінше алып жейміз. Ет, май керек болса, барып қой-қозыны алып келіп жейміз, бір-бірінен артық жасамаймыз, келісіп жейміз», – деді. Қызы бар адам ұлы бар адамға баратынын көрді. «Менің қызым бойжетті, ұлыңды бер», – дейді екен. Жаратушы Алла олардың айналасына ағар құмнан өзен күндіз-түні ағызады екен. Жылына бір рет тоқтайды екен. Кімнің көңілі қаласа, түсіп, кімнің көңілі қаласа, шығады. Содан кейін олар: «Ей, Расулулла, біз шарифаттың барша үкімдерін бітіріппіз. Алайда Қағба өте алыс. Қажылыққа барғанша ер қартаяды және қайтып келем дегенше өмірі жетпейді. Осы қажылық парызы мойнымызда қалатын болды, не істейміз?» – деді. Расул (ғ.с.) олар үшін дұға жасады. Жаратушы Алла қабылдады. Қажылық күндері болғанда жерді басқаратын періштеге жарлық болады. Жердің тамырын тартады, жолдары қысқарады. Сол өмірде келіп қажылық өтейді және қайтып кетеді.

Хикаяда келеді: Бір жылы қажылыққа бір керуен келді, бәрі қарт кісілер. «Сендердің жастарыңа да парыз емес пе, тек қарттар келіпсіңдер?» – деп сұрады.

(Олар): «Біз қаламыздан шыққанымызда бәріміз де жас едік. Қартайғанша жүрдік, енді жеттік. Үйімізге жетеміз бе, жетпейміз бе – білмейміз», – деді.

(Деректерде) Расул (ғ.с.) сол түні-ақ ол жерден қайтты. Әпкесі Уммаханидың үйіне келді. Миғраж хабарын айтып берді. Орны әлі ыстық еді. *«Субхәнә әл-ләзи әсра би’әбдиһи ләйлән мин әл-мәсжиди әл-хәрами»* («Түндердің бірінде өз пендесін қасиетті мешіттен алып барған Алла пәк»).

МӘСЕЛЕ: Кімде-кім Расул (ғ.с.) ның Миғражына, Меккеден Бәйт ул-Мұқаддасқа бір түнде барғанын мойындамаса, кәпір болады. Және Бәйт ул-Мұқаддастан қаб қаусәйнге барғанын мойындамаса, «мубтади'» (күпір) жолсыз, яғни ауадар болады.

Айша Сиддиқа (Алла одан разы болсын) риуаят етеді: Мұстафа (ғ.с.) Миғраждан қайтып келіп, Ақса мешітіне барғанын халыққа айтып бергенінде, біразы рас деп, біразы ол сөзге сенбеді. Фитна туды. Мүшіріктердің біразы Әбу Бәкірге барып: «Мына сенің жолдасың бір түнде Бәйт ул-Мұқаддасқа бардым және қайтып келдім деп жатыр», – деді.

Әбу Бәкір: «Солай деді ме?» – деді.

(Олар): «Ия», – деді.

Әбу Бәкір: «Шын айтып жатыр», – деді.

(Олар) және: «Бір түнде Бәйт ул-Мұқаддасқа бардым және қайтып келдім. Және Шам шаһарына таң атпастан бардым және қайтып келдім деген сөзге сенесіз бе?» – деді.

Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын): «Одан биік, алыс жеті қабат көктен дейді. Ол туралы хабар берді, сенемін», – деді.

Айша (Алла одан разы болсын): «Әкем Сыддық аталды (Алла одан разы болсын)», – деді.

ПАЙДА: Расул (ғ.с.) бір түнде Меккеден Ақса мешітіне барғаны рас. Барлық (әһлі) суннәт уә жамағат иелері қолдайды. Алайда бидғат иелері қабылдамайды. Миғраждың дұрыстығын сахаба үлкендерінің бәрі дұрыс баяндайды. Олардан әуелі Әбу Бәкір Сыддық, Омар Фарук, Оспан Зиннурейн, Әли әл-Мұртаза, Абдулла ибн Аббас, Абдулла ибн Масғұд, Анас ибн Мәлік, Әбу Хурайра, Әбу Сағид әл-Хидри, Мәлік ибн Сағсағ, Имран ибн Хусейн, Абдулла ибн Омар, Әбу Салама, Хадиқа әл-Ямани, Абдулла ибн әл-Зубайр, Әбу Айюб ибн Ансари, Жабир ибн Абдулла, Аббас ибн Әбді Мүтәліп, Абдулла ибн Ауфағ, Әбу Муслими Рағи, Умми Кулсум бинт Расулулла, Біләл Хабаши, Әбу Амама әл-Баһили, Усама ибн Зәйд, Ас ибн Әбдірахман, Айс ибн Әбу Дарда, Уммахани бинт Әбу Тәліп, Айша, Әбу Зар Ғаффари, Біләл ибн Сағд, Әбу Дажжанату әл-Ансари және Убай ибн Кағб (Алла олардың бәрінен разы болсын).

Бәрі Миғраж оқиғасын риуаят етті, дұрыс. Жаратушы Алланың құдіретіне түк те емес. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осы кереметтерге ие еді. Басқа пайғамбарларда жоқ болатын. Мұндай хабар пайда болса, оны қабылдау бізге уәжіп. Алайда ғұламалар (Алланың оларға мейірімі болсын) арасында Миғражға қалай барғаны туралы екі түрлі көзқарас бар. Біріншісі, Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) Миғражға тәнімен де, жанымен де барды дейді. Мұны айтқандар Әбу Салама, Әбу Хурайра, Хузайф ибн әл-Яман (Алла олардан разы болсын). (Олар): «Бәйт ул-Мұқаддасқа кірді, пайғамбарлармен намаз оқыды. Содан кейін көкке көтерілді. Және Қағбаға келді. Бамдат намазын Меккеде оқыды», – дейді. Алайда жалғыз Хадиша (Алла одан разы болсын): «Бәйт ул-Мұқаддасқа кірмеді, намазын оқымады. Пыраққа мінбеді, көкке шықты. Сол түні Меккеге келді», – дейді.

Екінші пікірдегілер жанымен (рухымен) шықты, алайда денесі көтерілмеді дейді. Бұл пікірді Айша (Алла одан разы болсын) ұсынады. Алайда Мекке мүшіріктері (Алланың оларға лағынеті болсын) өтірік дейді. Кейбір ғұламалар (Олардың бәріне Алланың мейірімі болсын) осы дұрыс айтылған екі риуаятты жинау абзал болады деді. Миғраж екі түрде болды. Біреуі ұйқыды, біреуі ояу кезінде.

Тағы бір риуаятта келеді: Расул (ғ.с.) ның сөзін жалғанға шығарды. «Нелер көрдің?» – деді. Расул (ғ.с.) бір-бірлеп айтып берді. «Бір үлкен табақ көрдім, іші толған су, аузы (қақпағы) жабулы. Соны алып, аузын ашып, судан іштім. Баяғыдай жауып қойдым», – деді. Және: «Шам жолында жүгі бар түйелер көрдім, пәлен күні жетіп келеді», – деді. Солай болды. Осы айтылған дәлелдерден Миғраждың жанымен де, тәнімен де болғандығы белгілі болады. Алайда бидғат пен хауадарлар Миғражды мойындамады және өз араларында пікір қайшылығы болды. Ғабланилар Миғраж тіптен болмаған деді. Кағбилар мен бухарилар ұйқыда еді деді. Бабилилар Бәйт ул-Мұқаддасқа дейін еді, одан арғысы жоқ еді дейді.

Хашауилар Миғраж болды, сол түні әлем халқы үш жүз жыл ұйықтап қалды. Сол түннің ұзақтығы сонша еді дейді. Ибахатилар Миғраж Мұхаммедтің көңілінде еді дейді.

Алайда шынайы мұсылмандар, (әһлі) сүннәт уәл-жамағат иелері Миғраж Хақ (рас) деді. Меккеден Бәйт ул-Мұқаддасқа, Бәйт ул-Мұқаддастан көкке, көктен жоғарғы уфукқа, жоғарғы уфуктан Сидрат ул-Мұнтаһаға, Сидрат ул-Мұнтаһадан қаб қаусәйнға (шейін). Қаб қаусәйн ояу кезінде жан сырымен түн ішінде және алып келді. Тағы (жатқан) орны суымаған болатын. Бұл істер (ді істеу) Алла Тағалаға түкте емес. Миғраждың растығы шындықтан бұрынырақ. Оның дәлелі мынау: Мұхаммед бір түнде Бәйт ул-Мұқаддасқа барды, және одан көкке шықты ма, шықпады ма деп екіұшты ойда қалсаң, (мұнда) кара. Жаратушы Алла: *«Субхәнә әл-ләзи әсра би'әбдиһи ләйлән мин әл-мәсжиди әл-хәрами»* («Түндердің бірінде өз пендесін қасиетті мешіттен алып барған Алла пәк») деген болатын. Дұрыс. Ол Алла Тағала өз құлы Мұхаммедті бір түнде алып барды. Жаратушы Алланың осы құдіреті бар ма, сұра. Жоқ десе, кәпір болады, құдіреті бар десе, сунни болады.

Екінші дәлелі мынау: Иблис истидраж жолымен бір сағатта Шығыстан Батысқа дейін баруы мүмкін. Керемет иесі Мұхаммед Расулулланың бір түнде жерден көкке шығуы қалай мүмкін болмасын.

Үшінші дәлелі мынау: Сүлеймен пайғамбарға (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) желге мініп, бір айлық жерге бір күнде барып және қайта келу дұрыс болды. Мұхаммед Мұстафаның истифа мініп, ижтиба Пырағымен аттанып, бір түнде қаб қаусәйн мақамына шығуы және қайта келуі қалайша дұрыс болмасын. Бұдан да таңданарлығы мынау: Сиқыршылардың бір түнде тұрған жерлерінен Дамауанд тауына және Харут пен Марутқа барып, сиқыршылық үйреніп келетіні барша ақыл иелерінің алдында (талас тудырмайтыны) белгілі. Барған сиқыршы мұны ит немесе құмыра, немесе мысық ілінген дию жолбасшысы Ібіліс бір түнде сонша иғаштық жерге барып, қайта келеді. Миғраж түні пырақ мінген Мұхаммед Мұстафа, жолбасшысы Жебірейіл, көмекшісі Микәйіл бір түнде барып келсе, қандай ғажап!

(Кейбіреулер) кімде-кім Мұхаммедтің көтерілгеніне қарсы болса, Жебірейілдің алып барғанына қарсы болғаны. Кімнің сенімі осы болса, (ол) кәпір дейді.

САУАЛ: Мұхаммедті Миғражға шығарудағы хикмет не еді? Түнде алып барды, күндіз алып бармады. Хикмет не?

ЖАУАП: Күндіз алып барғанда барша халық көретін еді. Лайықтыдан мұнафық, сыддықтан жалғаншы белгілі болсын деп, түнде алып барды. Және дос – доспен, ғашық – мағшұқпен, сүйікті сүйіктісімен түнде қауышады.

(Кейбіреулер) періштелер көк айды көп көретін еді, жер айын да көрсін деп, Мұхаммедті түнде алып барды дейді.

(Деректерде) Жебірейіл «Аят ул-курсиды» алып келгенде жетпіс мың періште келді деп айтылады. Жебірейіл: «Ей, Расулулла, сенің үмметтерің бір рет «Аят ул-күрсіні» оқыса, Жаратушы Алла оған күрсінің үлкендігіндей сауап береді», – деді. Расул (ғ.с.) осы күрсіні көрсем, «Аят ул-күрсінің» сауабын білсем деп сұрады. Миғражға шығарды. Бір кесек зүмірредтен үлкендігі сонша, оның қарсысында жеті қабат көк пен жер биябандағы халық секілді. Айналасында «Аят ул-күрсі» жазылған, оңында он мың күрсі, алдында он мың күрсі, артында он мың күрсі. Әрбір күрсіде он мың періште тұрып «Аят ул-күрсіні» оқып жатыр. Барлық сауабын Мұхаммедтің үмметіне бағыштап жатыр.

Тағы бір дерек мынадай: Хадиша (Алла одан разы болсын) дүниеден өткен уақытта араб кәпірлері Расул (ғ.с.) ға жауыздық жасай бастады. Әбу Тәліп тірі кезінде кәпірлерді өшіретін еді. Әбу Тәліп дүниеден өткеннен кейін Әбу Жәһіл, Атаба, Шайба және басқа да кәпірлер мазалай бастады. Қиналғаны соншалық, жақтас таба алмады. Жасырынатын жер таппады. Ақшам уақытында немере әпкесі Уммаханидың үйіне келіп, есік қақты. Уммахани қарсы шығып, құрметтеді. Үйге кіргізді, тамақ берді. Расул (ғ.с.): «Ей, немере әпке, тамақ жейтін

шамам жоқ. Кәпірлердің азабынан қиналып кеттім. Үйді босатып берсеңіз, осы түні барлық арманым мен мұңымды Патшаның құзыретіне (Аллаға) шағайын», – деді. Уммахани үйді босатты. Расул (ғ.с.) намазға тұрды. Уммахани: «Үйім бос, Мекке толған дұшпан. Мұхаммедке қастандық қылу керек емес. Осы түні жанымды пида етейін», – деп, өлердей қолына қылыш алып, үйдің айналасында Мұхаммедті күзете бастады. Ұйқыны билейтін періштеге: «Әлем халқын ұйықтат» деген жарлық болды. Баршаны ұйықтатты. Уммахани қылышын ұстаған қалпы түрегеп басын тамға сүйеп ұйқыға кетті. «Ей, Жебірейіл, осы түні Мұхаммедтің жақтасы қалмады, жалғыз. Барып, оны жақын мақамына алып кел. Құтты қадамы Арсыға тисін. Сырын тыңдайын, сұрағанын берейін, қажетін өтейін» деген жарлық келді. Жебірейіл жетпіс мың періштемен келді. Тәж бен пырақ алып келді. Мың құрметтеп көкке шығарды. Уммахани оянды. *«Лә хәулә уә лә қууәтә иллә билләһи әл-’әлийу әл-’әзим»* («Төзім мен күш-қуат тек қана ең ұлы, барлық нәрсені білуші Алланың жәрдемімен болады») сөзін айтып есікке келді. Тыңдады, дауыс естімеді. Расул (ғ.с.) ды іздеді, таппады. Сыртқа шығып айқайлап еді: «Ей, әйел, айқайлама, өзіңді әуреге салма, сен іздеп жүрген жан Сидрат ул-Мұнтаһадан өтті» деген дауыс естіді *«Субхәнә әл-ләзи әсра би’әбдиһи ләйлән мин әл-мәсжиди әл-хәрами»* («Түндердің бірінде өз пендесін қасиетті мешіттен алып барған Алла пәк»).

Мифраждың хикметі осы еді. Ертесіне дос-дұшпанға хабар жетті. (Деректерде) Расул (ғ.с.) Фатиманың бөлмесіне кірді делінеді. Мифраж оқиғасын айтып берді. Фатима (Алла одан разы болсын) қуанды. Расул (ғ.с.) бөлмеден шығатын кезде, Фатиманың Физза деген күні бар еді. Расулдың етегін ұстап: «Ей, Расуллулла, Мифраж оқиғасын Фатимаға айтып бердіңіз. Үмметтерге сүйіншіледіңіз, сауабын айтыңыз. Мендей әлсіз құлдың құлы, күннің күні болғандарға Құзыреттен қандай жағымды хабар алып келдің?» – деді.

Расул (ғ.с.): «Құлағыңды менде ұста», – деді. Физза құлағын тосты. (Мұхаммед (ғ.с.): «Жаратушы Алла: *«Утлубу әл-’илләтә кәй әғфира әз-зилләтә»* («Тыйымдарды кешіргенше әр нәрсенің себебін сұраңдар»)). Ей, Мұхаммед, құлдарымды жарылқауға ақы сұрамаймын, себеп сұраймын», – деген деді.

ЖАРАТУШЫНЫҢ МІНАЖАТЫ: Кім келді, қабылдамадың. Кім сұрады, бермедің. Кім жалынды, орындамадың. Келгенін қабылдадың, сұрағанын бердің, жалынғанды жарылқадың. Сол құдіретпен біз күнәлі, айыпты күнәһарларды Мұстафа берекесінің арқасында жарылқап, тамұқтан құтқарып, сегіз жұмаққа жеткізіп, өз дидарыңды көруді өз кеңшілік жомарттығыңмен нәсіп айла. *«Йә иләһә әл-’әләмин бихәққи Мухәммадин уә әлиһи әжмә’ин»* («Ей, әлемдердің Жаратушысы, Мұхаммедтің құрметі және оның әһлі бәйітінің құрметі»).

РАСУЛ (Ғ.С.) НЫҢ МЕККЕДЕН МЕДИНЕГЕ ЫЖРЕТ ЕТКЕНІ ТУРАЛЫ

Әбу Тәліп дүниеден өткеннен кейін Әбу Жәһіл ибн Хишам, Әбу ән-Нәжзи ибн Хишам және Әмр ибн Хишам (Оларға Алланың лағынеті болсын) халықтан жасырынып, бір сарайға жиналды. Мұхаммед (ғ.с.) ісі туралы сөйлесті. Ібіліс (Оған Алланың лағынеті болсын) олардың үстіне бір кемпір бейнесінде кіріп келді.

(Олар): «Бізден рұқсатсыз кіріп келетін мынау кім өзі?» – деді.

(Ібіліс): «Мен бір кемпірмін... Неждтен келдім. Сауап жұмыс керек болса, менде бар. Малым, адамдарым және көп ұлдарым бар», – деді. Бұл сөзге қуанып, кеңеске қатысты.

Әбу ән-Нәжзи: «Менің ақылым мынау: оны (Мұхаммед (ғ.с.) ды) ұстап алайық та, бұзық түйеге артып, айдалаға тастайық. Өзі-ақ өлсін», – деді.

Әбу Жәһіл: «Менің ұсынысым мынау: әр тайпадан бір ер адам шығып, бір түні барып, Мұхаммедті қылыштап өлтірейік. Біреу үшін бәрін өлтірмейді. Құнын сұраса, бәрін мен берейін. (Тіпті) екі, үш есе төлейін», – деді.

Ібіліс: «Ей, Әбулхәкәм, сенің ұсынысың бәрінен артық. Егер жүз есе құнын сұраса, тоқсан тоғызын мен төлейін. Бір құнын сендер төлейтін шығарсыңдар?» – деді.

Бұл сөзге (бәрі) тоқтады. Жаратушы Алла Жебірейілді Мұхаммед Мұстафаға жіберіп, олардың (жасырын) кеңесі туралы хабар берді. Расул (ғ.с.) тұрып, Әбу Бәкірдің сарайына (үйіне) барды. Күн сәске болатын. Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) осы жұмыс үшін түйелер дайындап еді, сөйлесіп қайтты. Кешке қарай Әбу Жәһіл жолдастары Ібіліспен бірге басқаларға қарап тұрды. Жаратушы Алла оларды ұйқыға батырды. Бәрі ұйықтады, Ібілісті де ұйқы басты. Расул (ғ.с.) әрқайсысының басына бір уыс топырақ шашты. Лағынет атқырдың (Ібілістің) басына да шашты. Кетіп бара жатып, Әлиді (Алла одан разы болсын) өз орнына жатқызып, өздері шығып кетті. Олар оянды. Ібіліс өзінің және басқалардың басындағы топырақты көріп: «Ойбай, Мұхаммед біздің басымызға топырақ шашып кетіпті», – деп атып тұрды. Расулға келіп еді, (орнында жатқан) Әлиді көрді. (Олар): «Мұхаммед қайда?» – деп сұрады.

(Әли): «Шығып кетті», – деді.

(Олар): «Қайда кетті?» – деді.

(Әли): «Білмеймін», – деді.

Содан шығып, Әбу Бәкірдің сарайына кірді. Айқайлап шақырып еді, қызы Әсма шықты. (Одан) «Әкең қайда?» – деп сұрады.

(Әсма): «Білмеймін», – деді.

Расул (ғ.с.) бір үңгірге келді. Әбу Бәкір: «Бірінші мен кірейін. Ішінде аң-құс, жылан-шаян болса, маған тисін, саған тимесін», – деп өзі кірді. Жылан-шаянның інін көрді. Шапаны мен сәлдесімен сол тесіктерді бекітті. Өзі жалаңаш қалды. Екі іннің аузы ашық қалды. Оны бекітетін нәрсе таппады. Екі аяқтың табанымен сол тесіктерді бекітті де: «Ей, Расулулла, кіре беріңіз», – деді. Кірді. Әбу Бәкірдің желең тұрғанын көріп: «Шапаның қайда?» – деді. Әбу Бәкір өз жағдайын айтып берді. Расул (ғ.с.): «*Аллаһумма әж'әл Әбу Бәкрин му'ини фи дәражәти*» («Ей, Алла, Әбу Бәкірді менің дәрежемде жәрдемші қыл»), – деп дұға жасады.

(Деректерде) жыландар шықпақшы болып еді, тесік таба алмады, делінеді. Жаңағы екі тесікке келіп еді, Әбу Бәкірдің табанын көріп, шақты дейді. Әбу Бәкір аяғын тартпады, сабыр сақтады. (Бір кезде) «Аһ», – деді.

(Расул): «Не болды?» – деді.

(Әбу Бәкір): «Мына інде жылан бар екен, маған тиді», – деді.

(Кейбіреулер) ол жылан Расулулланың қасиетті дидарын көру үшін Әбу Бәкірдің аяғын шағып еді дейді. Жол таба алмаған соң, (амалсыз) шағып еді.

Таң атқан кезде кәпірлер оларды іздеп келді. Тау, даланы іздеп, таба алмады. Жаратушы Алла екі кептерді үңгір ішіне жұмыртқа салдыртты. Өрмекшіге жарлық болып еді, ол жұмыртқаның айналасына тор құрды. Әбу Жәһіл серіктерімен үңгірдің аузына келіп, есік алдындағы жұмыртқа мен өрмекшінің торын көріп: «Мұнда кірмеген», – деп қайтып кетті. Бір кәпір үңгірдің аузына қарсы тұрып дәрет сындырды.

Әбу Бәкір: «Ей, Расулулла, бізді біреу көріп қойды», – деді.

Расул (ғ.с.): «Бізді көріп қойғанда бізге қарап дәрет сындырмайтын еді», – деді.

(Деректерде) жаңағы үңгірде үш күн қалды делінеді. Әсма келіп, Әбу Бәкірге (Алла одан разы болсын) тамақ алып келді. Түнде Әбу Бәкірдің қойшысы да қойдың сүтін алып келді. Үшінші күні үңгірден шығып, Медине жақа жол алды. Әбу Жәһілге (олар туралы) хабар жетті. Арттарынан Сурақаны жіберді. Бұл Сурақа палуан еді, оған жүз түйе уәде берді. Сурақа жолға түсті. Қолына қылыш, садақ және жай алды. Әбу Бәкір артына қарады. (Алыстан) шаң көрді. Расул (ғ.с.) ға айтып: «Сурақаға ұқсайды», – дейді. (Сурақа) жақын келген уақытта Расул (ғ.с.): «*Аллаһумма фә'шәрраһу әннә*» («Ей, Алла, оның жамандығын бізге жеткізбе»), – деп дұға жасады. Жаратушы Алла Сурақа атының аяғын топыраққа тықты. Ат (жерге) жабысып, жүре алмай қалды. Расул (ғ.с.) ға жалынып: «Мен саған қастандық жасамаймын. Дұға жаса, Жаратушы Алла босатсын», – деді. Дұға жасап еді, босады. Артына қайтты. «Расул (ғ.с.) келді»

деген хабар Мединеге (де) жетті. Медине халқы қарсы алуға шықты. Есік алдында қарап тұрмастан, қарсы алуға жүгірді.

Абдулла ибн Салам былай дейді: «Мен де қарсы алуға шықтым. Сол күні кезекші болып, бақылауға шығып едім. Әбу Бәкір екеуі үйдің көлеңкесінде отыр еді. Расул (ғ.с.) қайда екенін білмей, аялдадым. Күн сәскеге келгенде, күн қызады. Әбу Бәкір тұрып, Расулға көлеңке жасады. Расул (ғ.с.) ның сол кісі екенін білдім. Көргенімде оның өтірікші емес екеніне көзім жетті. Бәрі менің үйіме түс деп өтінетін еді. Расул (ғ.с.): «Түйемді қоя беріңдер, кімнің есігінің алдына шөксе, сонда түсемін», – деді. Түйе барып, Әбу Айюб Ансаридың үйінің алдына шөкті. Расул (ғ.с.) басқалардың көңілі қалмасын деп, сол жерге түсті».

(Деректерде) Әбу Айюб әл-Ансаридың тоқымашы екені, оның аманатқа адал, қиянатқа жол бермейтін жан екендігі айтылады. Біреуі – астында, екіншісі жоғарыда екі үйі бар еді. Біреуіне өзі кіріп, екіншісін Расул (ғ.с.) ға берді.

БӘДІР СОҒЫСЫНЫҢ ҚИССАСЫ

Расул (ғ.с.) Меккеден Мединеге нижре еткен кезде екі жыл бойына соғыс болмады. Үшінші жылы Бәдір соғысы, төртінші жылы Ұхұд ұрысы, бесінші жылы Бәдри суғра («Кіші Бәдір») соғысы, алтыншы жылы Ғам ул-Худайба соғысы, жетінші жылы Умрат ул-Қаза, сегізінші жылы Меккенің ашылуы, тоғызыншы жылы Әбу Бәкірді (Алла одан разы болсын) басшы етті, оныншы жылы Хәжжәт ул-уидағ («Қоштасу қажылығы») болды.

Бәдір соғысының болуына мынандай себеп болып еді: Жебірейіл Расул (ғ.с.) ға келіп: «Шамннан Меккеге қарай бидай, арпа, құрма, мейіз келе жатыр. Сахабаларға айт, оларға барсын», – деген хабар жеткізді. Расул (ғ.с.) айтты. Олар қолдарына ілінген қаруын алып шықты. Мұнафықтардан бір тыңшы меккеліктерге барып: «Мұхаммед жарандарымен сендердің керуендеріңді тонамақшы», – деп хабар жеткізді. Әбу Жәһіл: «Кімде-кімнің ағаш көтере алатындай шамасы келсе, (соғысқа) шықсын. Шықпаса, қатаң жазалаймыз», – деп жаршы шақыртты. Барлық халық жиналып, бір игаштық жерге барды. Әбу Жәһіл: «Тұрындар. Бәдір құдығына барып, суын алайық, арақ ішейік, нәй тартайық. Біз олардан қорықпайтынымызды дұшпандарымыз білсін», – деді.

Ажнас ибн Шәриф: «Біз мақсатымызға жеттік, керуенді алдық. (Енді) үйімізге қайтайық», – деп еді, Әбу Жәһіл көнбеді. (Қайта) оны балағаттап тастады. Үш жүз адаммен келді. Расулға Жебірейіл келіп: «Кәпірлермен соғысыңдар», – деген жарлық жеткізді. Расул (ғ.с.) сахабаларға айтты. Олар Расул (ғ.с.) мен айтысып: «Бізге неге айтпадың, қолға алатын қаруымыз жоқ... қалай соғысамыз?» – деді. *«Йужәдилунәкә фи әл-хәққи бә'дә мә тәбәййәнә кәннәмә йусәқунә илә әл-мәути уә һәм йәнзурун»* («Олар сенімен хақ іс туралы жанжалдасады, хақ белгілі болған кезде олар өлімге айдалып бара жатқандай болып, өздері қарап тұрады»).

Олар Мекке керуенін алғалы келіп еді, керуенді алу оңай болатын. Алғаннан кейін олжаны бөлісу еді және әскермен соғысудан өткен олжа да жоқ еді. Ислам әскері көлдің Медине жағында, кәпірлер көлдің Мекке жағында тұрды. *«Из әнтум бил-'удуәти әд-дунийә уә һум бил-'удуәти әл-қусуә»* («Сол уақытта сендер бергі жағада, олар арғы жағада еді»).

Кәпірлер дұшпандық (ты сұрап) алды. Мұсылмандардың сол түні бәрі ер жетті. Аңғарға түсті. Расул (ғ.с.) ға хабар болып, Расул (ғ.с.) таяммум алуды айтты. Таяммум алып, намаз оқыды. Ібіліс (Оған Алланың лағынеті болсын) (мұсылмандардың көңіліне): «Сендердің бәрің жүніпсіңдер, дәретсіз де намаз оқысыңдар ма? Бұдан олардың тура жолда, ал сендердің адасушы екендерің белгілі болды. Және оларда су да бар» деген арам ой салды. Мұсылмандар абыржи бастады. Хақ Тағала бұлт жіберді. Көп жаңбыр жауып, көл суға толды. Бәрі ғұсыл құйынды. Су алды. Қара малдары су ішті, күш-қуат жинады. Соғысуға дайындық қылды. Кәпірлерден аттылы біреу келіп, Ислам әскерін айналып, үш жүз, (одан) артық болмаса деп

санап қайтты. Сол күні Ислам әскері үш жүз он үш адам еді. Он үштен саптады. Сол уақытта періштелер көмекке келді. Бір періште мұсылман бейнесінде келіп: «Қорықпаңдар! (Қайта) кәпірлер сендерден қатты қорқып жатыр», – деді. Сол кезде біреуі Құрайзадан, біреуі Нәзирден екі адам келіп: «Барлау жасайық, қайсысына болатынын көрейік. Олардан нәрсе сұрайық», – деді.

Екі әскер бір-біріне қарсы тұрғанда аспанда бір бұлт пайда болды. Сол бұлттан от шықты. Шынжырдың дауысы есітілді. «Һазум, алға жылжы», – деген дауыс келді. Расул (ғ.с.) Жебірейілден: «Бұл не?» – деп сұрады. Жебірейіл: «Мына бұлт біздің әскеріміз. От әскер атын камшылаушы. Шынжырмен кәпірлердің мойнын байлаймын. Алайда Һазум бір белгілі аттың аты», – деді. Сол кезде кәпірлерден Атаба, Сайиба және Уалид деген үшеу шықты, мұсылмандардан (да) үшеу алғы шықты.

«Сендер кімсіңдер?» – деді.

«Біз Мединеден шыққан ансарлармыз», – деді.

«Сендер керек емессіңдер. Бізге тең келетін ерлер керек, ұрысамыз», – деп олар қайтты. Әли, Хамза және Убайда әл-Жаррах оларға қарап: «Сендер кімсіңдер?» – деді. Олар аттарын айтты. Кәпірлер: «Өлтірсек ел аламыз, соғыс сауабына кенелеміз. Өлсек шаһидтер қатарына қосыламыз», – деді. Олар: «Біз де сол үшін соғысамыз», – деді. Жаратушы Алла «*Ә фә нәж'әлу әл-муслиминә уәл-мужримин*» («Әлде Біз мұсылмандарды күнәһарлардай ететін бе едік?») аятын түсірді.

Үшеуін өлтірді. Олар меккеліктердің ұлықтары болатын. Расул (ғ.с.) Әлиден бір уыс топырақ алып, кәпірлердің бетіне шашты. Жаратушы Алла олардың көздеріне кіргізді. Көздерімен әуре болды. Ислам әскері қылыш алып, кіріп өлтіре бастады. Әбу Жәһіл (Оған лағынет болсын) әскерінің қашып бара жатқанын көріп: «Қорықпаңдар, саспаңдар! Ол үшеуі соғыса алмайтындықтан өлді. Енді сендер бірер арқан не жіпті қоныштарыңа салыңдар. Мұхаммедті жарандарымен бірге ұстап, мойындарын байлап, Меккеге алып қайтамыз», – деді. (Алайда) «*Иншалла*» («Алла қаласа») демеді. Олардың айтқаны өздерінің бастарына келді. Мұсылмандар кәпірлердің көбісін өлтірді. Жетпісін басшы қылып, жетпісін тұтқындады. Жаңағы жіптермен мойындарын байлап, Мединеге қарай сүйреді.

(Деректерде) Расул (ғ.с.) ның барлық соғысында періштелер келетін, алайда соғыспайтын еді делінеді. Жалғыз Бәдір соғысында ұрысты. Әбу Жәһіл атына қамшы басып, Микәйілге атылды. Микәйіл жерді ұрып еді, Әбу Жәһіл аттан құлады. Абдулла ибн Масғұд келіп, Әбу Жәһілдің түйедей болып жатқанын көрді. Үстіне шыққанда Әбу Жәһіл: «*Йә рай'у әл-гәнәми*» («Ей, шопан»). (Яғни) «Ей, менің шопаным, биік жерге шықтың, бұл сенің ісің емес. Менің найзам оған жетпеген, оның найзасы менің ұшымда болған біреудің жұмысы», – деді. Абдулла ибн Аббас қылышын шығарып, (оның) басын шаппақшы болған кезде Әбу Жәһіл: «Менің басымды шабар болсаң, менің қылышыммен түбінен шап. Мұхаммед ерлердің басының қандай үлкен болатынын көрсін», – деді де, «Дәулет кімге тиді (Кім жеңді)?» – деді.

Абдулла ибн Масғұд: «Расулға болды, кәпірдің әскері сынды», – деді. Қылышын шығарып еді, тарта алмады. Әбу Жәһіл: «Қылыштың сабын маған бер, қынын сен ұста. Екеуіміз тартайық», – деді. Абдулла ибн Масғұд қынын оған беріп, сабын өзі ұстады. Екеуі тартты. Қынын Әбу Жәһілге сала берді. Оның қылышымен басын кесіп, Расулдың алдына алып келді. Оны көріп барша мұсылмандар тәкбір айтты. Олжаларды алды. «Мұндай үлкен дұшпанды өлтірдік», – деп Алла Тағалаға шүкіршілік етті. Содан кейін олжаны көбейткелі Жебірейіл келді. Расул (ғ.с.) «Мыналарды не істейміз?» – деп сахабалармен ақылдасты. Омар (Алла одан разы болсын): «От жағып, бәрін өртейік. Бізден бұрынғы қауымдар мен пайғамбарлар мұндай іс істемеген. Сенде мұндай ізет-құрмет, мыналарда осындай қорлық бар екен, осы іс болды», – деді. Расул (ғ.с.) оны қаламады. Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын): «Бәрі сенің руың. Бастарын оларға сат, төлем берсін. Мал-дүниесін мұсылмандарға берейік», – деді. Расул (ғ.с.) бұл сөзге көңілі толып: «Ей, Әбу Бәкір, бұл сөзіңмен Нұх пайғамбарға ұқсайсың. Сондықтан да

Жаратушы Алла «*Уә қалә Нухун рабби лә тәзәр ‘әлә әл-әрзи мин әл-кәфиринә дәййәран*» («(Нұх з.с.): «Е, Жаратушым, жер бетінде кәпірлердің бірде-бірін қалдырма», – деді») деген болатын. Және бір періштелерге ұқсайсың. Алла Тағала: «*Фә мән тәби’әни фә иннәһу минни уә мән әсани фә иннәкә гафурун рахим*» («Кімде-кім маған мойынсұнса, әрине, ол менен есептеледі және кімде-кім маған күнәһар болса, онда Сен кешіруші мейірімдісің») деген. Және періштелерден Микәйілге ұқсайсың. Көңілің мейірімді», – деді.

Содан кейін Әбу Бәкірдің айтқанындай жасады. Әрбіріне қырық уқия күміс не алтын белгіледі. Әр уқияның салмағы қырық алтынға тең келетін. Аббасқа келген кезде сексен уқия белгіледі. Аббас: «Басқаларға қырық уқия, маған неге сексен уқия белгіледің?» – деді.

Расул (ғ.с.): «Сен менен ағайындықты үздің, көп зәбір жасадың. Сол себепті мен де сенен артық сұраймын», – деді.

Аббас: «Мына қырық уқияны есепте де, ана қонақ ретінде алғанды да есепте», – деді.

Расул (ғ.с.): «Ол олжа. (Сондықтан да) мына есепке кірмейді», – деді.

Аббас: «Ей, бауырымның ұлы, мен мына малды адамдардан сұрасам, сен мені қайтарма», – деді.

Расул (ғ.с.): «Ұландарға нәпақа бересің дедің, ол мал қайда?» – деді.

Аббас: «*Мән әнбә’әкә һәзә*» («Мұны саған кім білдірді?»). «Мұны саған кім айтып берді?» – деді.

Расул (ғ.с.): «*Қалә нәббә’әни әл-’әлиму әл-хәбир*» («(Пайғамбар з.с.): «Маған барлық нәрсені білуші, барша нәрседен хабардар Алла білдірді», – деді»). (Яғни) «Маған айтқан ғалым әрі хабардар болған Жаратушым», – деді.

Аббас: «Сенің Тәңірің ғайыпты да біледі ме?» – деді.

(Расулулла): «Біледі», – деді.

(Аббас): «Олай болса, (иман куәлігін) үйрет», – деді.

Иман куәлігін үйретті, Аббас мұсылман болды. Расул (ғ.с.) жаңағы сексен уқияны алды. Жаратушы Алла: «*Кул лимән фи әйдикум мин әл-әсра ин йә’ләмилләһу фи қулубикум хәйран йу’тикум хәйран миммә ухиза минкум*» («Егер сендердің жүректеріңді жақсылық барлығын Алла білсе, Ол сендерден алынған заттардан жақсырағын береді»), – деді.

Кейін Аббас: «Жаратушы Алла мені жарылқады. Үміттенемін, себебі «‘Әтан уә мәғрифәтән» деген аятта айтып өтілген. Мен алдырған малдан артық берді. Жиырма құлым еді, сатуға жүретін. Әр қаулымен жиырма мың алтын еді, саудаға жүретін. Жаратушы Алла: «*Ләу лә китәбун миналлаһи сәбәқә ләмәссәкум фимә әхәзтум ‘әзәбун ‘әзим*» («Егер Алла тарапынан алдын ала жазылып қойылған үкім болмағанда, осы алған нәрселеріңнің себебінен сендерге үлкен азап келген болар еді»). Яғни кәпірлерден алынған мал халал болмағанда, үлкен азапқа кенелетін едіңдер» деген аят жіберді. Расул (ғ.с.): «Егер азап келсе, Омардан басқа ешкім де құтылмайтын еді», – деді деп есіне алатын.

ҰХУД СОҒЫСЫНЫҢ ҚИССАСЫ

Төртінші жылы Ұхұд соғысы болды. Мекке кәпірлері Бәдір соғысынан қайтқан соң, Шамнан келген керуен малының бәріне қару-жарақ алды. Малды иелеріне бермеді. «Дұшпандармен соғысып алдық», – деді. Келер жылы белгілеп, үлкен әскер дайындады. Әйелдерін де шығарды. Жебірейіл Мұхаммедке келіп хабар берді. Ислам әскері жиылды. Ақылдасып: «Мединеден шығып, қарсы жүрейік. Сырттан салындар, ішке кірмесін», – деді. Расул (ғ.с.) түс көріп еді, сауыт іздеп тұрғанын айтты. Түстің мәнісі мынау: Мединеде тұрса жақсы еді. Мединені қорған етіп тұрсақ жақсы», – деді. Абдулла ибн Убай Расулдың сөзімен келісіп: «Осылай отыра берейік, (жау) келген кезде ер-әйел, бала-шаға болып соғысайық. Шатырдың үстінен тас лақтырсын», – деді. Басқа сахабалар Бәдір соғысында шығып қалғандықтан, (қаланың) сыртына

шығайық деді. Расул (ғ.с.) шыққан уақытта: «Ей, Расулулла, сенің көңілің не қаласа соны жаса, біздің сөзімізге қарама», – деді. Расул (ғ.с.): «Пайғамбарларға кешірілгеннен кейін соғыстан сауыт шығару дұрыс емес», – деді. Бәрі Ұхұдқа шықты. Ұхұд тауын арт жағында қалдырды.

(Деректерде) Ұхұд тауында бір сай жер бар еді делінеді. Абдулла ибн Хабирды жетпіс адаммен сол жерді қорғағалы жібере тұрып: «Соғыста бұл жер кімде болады... (жау) бұл жерден кірмесін, (жақсылап) қорғандар», – деді. Содан кейін зулфикарды (кылыштың аты) сахабаларға көрсетіп: «Мынаны кім алады?» – деді. Әбу Бәкір қолын созды, бармады. Және Омар қолын созды, бармады. Және Әли қолын созды, бармады. Тағы Хамза қолын созды, бармады. Әбу Дахана атып тұрып: «Ей, Расулулла, зулфикардың ақысын мен ұстайын», – деді. Соған бере тұрып: «Ақысын қалай ұстайсың?» – деді.

Әбу Дахана: «Қылышымның ұшы сынғанынша кәпірді ұрайын (өлтірейін)», – деді. Жұрттың бәрі аң-таң қалып: «Мұншама жақсыларға берместен, соған берді», – деп, көңілдеріне алды. Әбу Дахана қолын етігінің қонышына сұғып, қызыл шалма шығарды. Алға барып, екі әскердің арасына тұра қалды. Расул: «Бұлай тұруды Жаратушы Алла басқа жерде қаламас», – деді.

(Деректерде) зулфикардың жүзінде «*Нәсрун миналлаһи уә фәтхун қариб*» («Алладан болған көмек және жақында болатын жеңіс») деген жазу бар еді делінеді. Тағы екінші жүзінде «*Фи әл-жәрра әрун уә фи әл-иқбәли мәкрумәтун*» («Сүйретіліп жүруде қорлық және алдына қарап батылдықыпен жүруде мақтаныш бар») деп жазылған еді.

Сол күні Мекке кәпірлері Бәдір соғысының кегін аламыз деп, әйелдері мен бала-шағасын да алып шығып еді. Әрқайсысы күйеуіне барып, биік жерге шығып, дабыл қағып, өз ерлерін мақтап өлең айта бастады.

Бәйіт:

*Нәхну бәнәту тариқи
Тәмши 'әлә ән-нәмәриқи
Уә әл-миску фи әл-мәғарифи
Фирақу гайри уәмиқи.*

*(Біз дұшпанға атылушы баһадүрлер қызымыз,
Біз жұмсақ жастықтар үстінде жүреміз
Торсық өзінің сақталатын жерінде
Біз сүймегендер жырақ болсын.)*

Тәржіма:

Ай, Шолпан ауымыз,
Қырғыз, қытай тауарымыз.
Жүгірер киік жұпарымыз,
Инжу, гауһар жанарымыз
Соғысуды бек сүйеміз
Қолындағы қанжарымыз
Соғысуға дайынбыз
Мұрнындағы жүгеніміз.

Мұсылмандар атылып шыққан уақытта кәпірлер қаша жөнелді. (Осы соғысқа куә болған) біреу: «Суфянның әйелі Хиндуды көрдім, денесі жалаңаш, аяғындағы қымбат тағыншақтары төгіліп, ортадан жүгіріп кәпірлердің туы болды», – деген болатын. Ислам әскері соны көріп, Бәдір соғысындағыдай құр қалмайық, (одан да) олжаға барайық деп, солай қарай жүгіре бастады. Абдулла ибн Хабир: «Олай жасамаңдар, өздерінді ұстаңдар. Расул (ғ.с.) ның айтқанын ұмытпаңдар», – деді. Қабылдамады. Біразы кетіп, біразы қалды. Халид ибн Уалид сол кезде кәпір болатын, олардың (мұсылмандардың) аз қалғанын көрді. Қалғанының бәрін өлтірді.

Содан кейін Расул жаққа қарай атылып, оларды қуа бастады. Кәпірлерде Ғуфра деген бір әйел бар еді, сол келіп кәпірлердің туын көкке көтерді. Кәпірлер соны көрген кезде және қайтты. Расул (ғ.с.) ның оң тісін сындырды. Найзамен аяғына соқты. Сол кезде аттан жығылды. Ібіліс (Оған лағынет болсын): «*Элла инна Мұхаммәдән қад қутил*» («*Ей, адамдар, Мұхаммед расында өлтірілді*»), яғни «Мұхаммедті өлтірді», – деп айқайлай бастады. Ислам әскері үшке бөлінді: бір бөлігі өлді, бір бөлігі жараланды, бір бөлігі қашты. Оспан (Алла одан разы болсын) төрт иғаштық жерге дейін қашты. Сахабалардың біреуі: «Расулды көрдім, қасиетті аузынан қан алып, қолымен бетіне сүртетін. (Сонда): «Ей, Расулулла, неге олай жасап жатырсыз?» – дедім. (Ол): «Қорықпаңдар, бір тамшы қаным жерге түссе, қияметке дейін жер бетіне шөп шықпайды», – деді деп есіне алады.

Тағы бір сахаба Расул (ғ.с.) ның көздері жұлдыздардай жарқырап тұрғанын көріп: «Ей, мұсылмандар, Мұхаммед тірі», – деп айқайлады. Расул (ғ.с.) тыныш тұр деп ишара жасады. Жаңағы адам Әбу Бәкір мен Омарға келіп, олардың қайғырып отырғанын көрді. «Не болды?» – деп сұрап еді, (ол екеуі): «Мұхаммедті өлтірді, бізге одан кейін өмір керек емес», – деді. Ол: «Расул өлгеннен кейін біз де өлсек керек», – деді де, ақырын дауыспен: «Қайғырмандар, Мұхаммед тірі», – деді. Қуанғандарынан атып тұрды. Аттарының тізгінін тартты. Расул (ғ.с.) келді. Атына мінгізді. Мұхаммедтің өлмегенін кәпірлер көрді. Жиылып қатты ашуланды. Симак ибн Хузайфа Расул (ғ.с.) ға келді, қайтты. Кәпірлерге қылыш алып атылды. Кәпірлерді қуа жөнелді. Сол күні зулфикарды Расул оған бермегеніне өкінгендер: «Зулфикарды сол күні бізге бергенде мұндай іс біздің қолымыздан келмейтін ед», – деді. Салман Фарси Расул (ғ.с.) ның артында тұр еді. Әр оқ келген сайын өзін Расулға қалқан жасап: «Менің нәпсім құрбан болсын», – дейтін.

Әли (Алла одан разы болсын) кәпірлерге атылды. Аббас (Алла одан разы болсын) Расул (ғ.с.) тізгінен тартып тұр еді.

Жебірейіл (ғ.с.) келіп: «Ей, Расулулла, артыңдағы кім?» – деді.

(Расулулла): «Салман Фарси», – деді.

(Жебірейіл): «Жұмақ күнде Салманды қайта көрсет деп жатыр. Мына кәпірлерге атылған кім?» – деді.

(Расулулла): «Әли (Алла одан разы болсын)», – деді.

Жебірейіл: «Жаратушы Алла Әлиге сәлем жолдайды», – деді.

Содан кейін Расулмен тауға барды. Расул (ғ.с.) ның аты тауға шыға алмады. Әлидің иығын қойып, тауға шығып отырды. Сахабалар айналасына отырды. Өлген бауырлары мен қолдан кеткен олжа үшін қайғырып отырған уақытта тау төбесінен Халид ибн Уалид кәпірлермен көрінді. Расул оны көріп: «Ей, Жаратушым, жер бетінде Сені Бір деген ешкім қалмайды», – деді. Жаратушы Алла Халиддың көңіліне үрей салды. Қашты. Жетпіс адам тау түбіне келді. Халид: «Мұхаммед тірі ме?» – деді.

Омар: «Тірі», – деді.

Халид: «Мұхаммед өлді деген соң, сөзіңе көбірек сенемін», – деді де: «Тау биік болды», – деп айтты. Расул (ғ.с.) Омарға: «Алла Тағала биік хәм ұлы деп жауап бер», – деді.

Халид және: «Сол (Бәдір соғысы) күні сендерге болды, бүгін (жеңіс) бізге болды», – деді.

Расул (ғ.с.) Омарға: «Күніміз жоқ болса, сендер бізбен бірге емессіңдер. Біздің өлгендер жұмақта, сендерден өлгендер тамұқта деп жауап бер», – деді.

Халид: «Қалғанын Бәдір суғрада (Кіші Бәдірде) көрерміз», – деді.

Расул (ғ.с.): «Солай болсын», – деді.

Қайтты. Расул (ғ.с.): «Бұлар Мединеге бармасын деп тілейік. Егер Мединеге барса, біз де барып соғысамыз. Қарап тұрыңдар, түйеге мінсе, Меккеге баратын болғаны», – деді. Бәрі түйеге мініп Меккеге бара жатқанын көрді. Расул қолымен «Меккеге барыңдар», – деп ишара жасады. Содан кейін Расул (ғ.с.) төмен түсті. Өлгендерді көрді. Хамзаны өлтірген екен.

ХАМЗА (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) НЫҢ ШЕЙІТ БОЛҒАН ҚИССАСЫ

Мутғим ибн Адидің Уахши деген құлы бар еді. Әбу Суфиянның әйелі Хинду оны шақырып: «Ұхұд соғысына бар, дайындал. Үшеудің біреуін өлтір. Сені сатып алып азаттық беремін. Мойным мен құлағымдағы алтын, күміс, інжулерді саған сыйлаймын. Мен де сендік боламын. Мұхаммедті не Әлиді немесе Хамзаны өлтіріп, қанын ішіп кел», – деді.

Уахши: «Мұхаммедке кім қолын тигізе алсын, оның қорғаушысы Тәңір. *«Уаллаһу йә’симукә мин ән-нәс»* («Алла сені адамдардан өз қарамағында сақтайды»). Әлидің өзі арыстан, оған күшім жетпейді. Алайда Хамза қартайған», – деп соғыс күні жасырынып, аңдып жүрді. Хамза жетіп келді. Бас-аяғын туралап жатқан кезде тосаттан шығып қолтығынан найза қадады. Хамза аттан құлады. Суфиянның әйелі Хинду келіп, қарнын жарып, жүрегін алып шайнады. Тілін, құлағын, мұрнын кесті. Жіпке тізіп, мойнына моншақ жасады. Уахши да бір уыс қанын алып ішті. Расул (ғ.с.) сол жағдайды көрген кезде көп жылады. Сахабалар да жылады. Расул (ғ.с.) кебін сұрады, табылмады. Қабылан терісінен жасалған жапқышы бар еді, соған орап еді, жетпеді. Аяғы ашық қалып еді, жер тонын (шымын) алып келіп аяғына жапты. Расул оған (жаназ) намаз оқыды. Және біреуді алып келіп, Хамзаның қасына қойды. Хамзаға жетпіс намаз болды. Басқа мәйіттерді алып келіп, бәріне бір намаз оқыды. Содан кейін: «Үйде қыз ұясы Уәсфие көнбейді немесе Хамзаны көмбейтін едім. Аң-құс келіп жейтін еді. Қиямет күні олардың асқазанынан шығатын еді», – деді де, Әлиге (қарап): «Сен Мединеге бар, жаман хабар жеткен болар», – деді. Әли атқа қонып, Мединеге барды. Фатиманы (Алла одан разы болсын) көрді. Мединенің әйелдері Расул мен басқа сахабаларға аза тұтып отыр еді. Фатиманың (Алла одан разы болсын) көзі Әлиге түскен кезде: «Ей, Әли, көзімнің жарығы, көңілімнің жұбанышы тірі ме?» – деді.

Әли: «Тірі», – деді.

Фатима қуанғанын есінен танып, қайта есін жиды. Үш рет естен танды. Әр есін жиған сайын: «Әкем тірі ме?» – деп сұрайтын еді. Сол кезде бір әйел түйеге мініп келді. Айналасында әйелдер отырған бір мәйітті көріп: «Ары тұрыңдар, бұның кім екенін көрейін», – деді. Көрсетті, әкесі екен. (Ол әйел): «Әкемнен маған Расул жақсы», – деді. Және інісін көрді. «Расул маған бауырымнан жақсы», – деді. Және ұлының өлгенін көрді. Тағы да солай деді.

(Деректерде) барлауға шыққандардан жетпіс адам шейіт болды делінеді. (Кейбіреулер) бір әйел күйеуімен барлауға шығып еді дейді. Сахабалардың қалай соғысып өлгендерін көрген кезде екеуі қару алып соғысты. Шейіт болды, топырақтан там көтерді. Ол жерді «Қабр ул-’әрусәйн» («Ерлі-зайыптылар қабірі») деп атады дейді.

Расул (ғ.с.) Мединеге келген уақытта Медине әйелдерінің өлгендерге жылап жатқанын көрді. Хамзаға жылайтын ешкім жоқ. Расул (ғ.с.): «Хамзаның біреуі болғанда оған да жылайтын еді», – деді. Әйелдер ол сөзді есітіп, Хамзаға да жылады. Содан бүгінге дейін Мединеде осы әдет сақталып, әуелі Хамзаға жылап, содан кейін дүниеден өткен өз бауырларына жылайтын болды.

КІШ БӘДІР ҚИССАСЫ

Расул (ғ.с.) Ұхұд соғысынан қайтып келген кезде: «Тәңірім, Жүсіп пайғамбар қауымына берілген ашаршылық пен құрғақшылықты оларға бер», – деп, кәпірлерге қарсы аштық пен құрғақшылық дұғасын жасады. Ашаршылық болды. Өртенген сүйекті, итті, қанға боялған жүнді жеді. Жеу үшін бір-бірін өлтірді. Соғыс күндері кәпірлер: «Біздің арамызда алауыздық болса, шыға алмаймыз, (ондай) керек емес», – деп Нағим ибн Масғұд әс-Сақафиді он түйеге тұтып: «Бар, мұхаммедтіктерді қорқыт, жүректері ұшып, алауыз болсын», – деді.

(Ол) (Мединеге) келіп: «Арабта ер жігітке лайық ешкім қалмады. Бәрі шықты. Сендер олармен (ұрысқа) шыға алмайсыңдар. Өткен жылы олар келіп біздерді өлтірді. Осы жылы оларға барсаңдар, жағдайларың не болатынын білмеймін», – деді. Олар қорқып, жүректері шайлықты. Расул (ғ.с.): «Шығыңдар, аттаныңдар!» – деді. Шықпады. «*Фә қатил фи сәбиллһәһи лә тукәлләфу иллә нәфсәкә уә хәрризи әл-муминин ‘әсаллаһу ән йәкуффә бә’сә әл-ләзинә кәфәру*» («Енді сен (Ей, Мұхаммед), Алла жолында соғысқа кір, бұл істе сенің өзіңнен басқаның жауапкершілігі жоқ. Мұсылмандарды қызықтыр, мүмкін, Алла кәпірлердің қаттылығын сендерден құртар») деген жарлық келді. Расул (ғ.с.) үйге кіріп, екі сауыт, (басына) дулыға киді. Жалғыз аттанды. Жебірейіл келіп: «*Хәрризи әл-муминин*» («Мұсылмандарды қызықтыр»), – деді. «Мұсылмандарды рухтандыр» деген аятты түсірді. Расул (ғ.с.) тағы қайтып келіп, шаһид дәрежесін баяндап: «Қиямет күні шаһидтер көз алдымда тұрғандай. Қылыштары қолында, қаны ағып жатыр. Сол күні Ибрахим пайғамбар оларға қарсы келсе, жол береді. Жұмаққа кіреді», – деді. Жетпіс адам шықты. Латима базарына келді. Төрт тараптан сол базарға саудаға (адамдар) келетін. Малдарын алды. (Кейбіреулер) бір алтын тұратын малды жарты алтынға алды дейді. (Енді біреулер) екі алтынға алды дейді. Кәпірлер қорыққандарынан қарсы шықпады. Мұсылмандар соғыспастан аман-есен қайтты.

ХҰДАЙБИЯ КЕЛІСІМІ ЖӘНЕ МЕККЕНІҢ АШЫЛУ ҚИССАСЫ

Һижреттің алтыншы жылы болған уақытта Расул (ғ.с.) қажылық пен ғұмраға дайындалды. Жетпіс түйені құрбандыққа белгіледі. Сол күндері Мекке кәпірлері ешкімді жолатпайтын. «Мені де жолатпайды» деп ойлап, үш мың адаммен аттанды. Расул (ғ.с.) олардың азаптары мен дұшпандықтарын айтып берді. Шажара деген ағаштың түбіне байғат еткелі түсті. Сондықтан да Алла Тағала: «*Ләқад разийаллаһу ‘әһни әл-мумининә из йубә’инукә тәхтә әш-шәжәрати*» («Ағаш астында мұсылмандар саған байғат еткендерінде Алла олардан разы болған») деген жарлық жіберді. Арабтың үлкендерінен төрт жүз адам жиылды. Расул (ғ.с.) олармен ақылдасты. Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) тұрып: «Ей, Расулулла, біз бәріміз саған бағыныштымыз, тыйым салғаныңа жоламаймыз», – деді.

Расул (ғ.с.): «Тағы айтыңдар», – деді. Омар (Алла одан разы болсын) да солай деді. Сағд ибн Мағад (Алла одан разы болсын) Расулдың келісім сұрап тұрғанын білді. Ансарлардың (ішінен) атып тұрып: «Ей, Расул, бұдан Аданға баратын болсаң, саған бағыныштымыз», – деді. Расул (ғ.с.) ансарларға қарап: «*Әл-әнсару бәтһни уә ‘әһни уә ‘әсәби*» («Ансарлар менің ішім, екі көзім және жүйкем»), яғни «Мына ансарлықтар менің ішім, көзім және жүйкем», – деп мадақ айтты. Һижрет болмағанда, солардың біреуі мен едім. Сол жерден көшкен уақытта хабар келді. Мекке халқының бәрі шығып жол тосты.

Расул (ғ.с.): «Бізді Меккеге басқа жолмен кім алып барады?» – деді.

Біреу түйеден түсіп: «Мен бастап барамын», – деді.

Түйеден түсіп сөйлейін. Расул оны қаламады. «Бұдан басқа жол білетін бар ма?», – деді.

Және біреу түйе үстінен: «Мен бастап барамын», – деді.

Расул (ғ.с.): «Баста», – деді.

Айқыш-ұйқышы көп бір жолға түсті. Хұдайбияға жетті. Хұдайбияда Расул (ғ.с.) ның түйесі шөкті. Тұр деді, тұрмады. «Мұхаммед Хұдайбияға келіпті» деген хабар тарады. Көмек жиып келді. Мұсылмандар құрмет тұтып қару-жарақ алып келмеп еді, бәрін таспен шөкелеп Меккеге қайтарды. Кәпірлер ақылдасып: «Мұхаммед не үшін келгенін білейік», – деді. Масғұд Сақафиді елші етіп жіберді. Келіп: «Ей, Мұхаммед, неге келдің?» – деді.

(Расулулла): «Қажылық пен ғұмраға, бауырларымды көргелі, құрбандық шалғалы келдім», – деді. Масғұд Сақафи жетіп келіп: «Сендер Мұхаммедті қайтармандар, ол жақсы істермен (ниетпен) келіпті», – деді де: «Менің сөзімді тыңдамасаңдар, мен барып оған көмектесемін.

Меккеге кірер, не қаласа жасар», – деді. «Мұхаммедті қойындар, кірсін. Жақсылықпен шықсын. Біздерден ешкімді ертпесін», – деп Сұхайыл ибн Омарды Масғұд Сақафимен жіберді. Расул (ғ.с.) ның көзі Сұхайылға түскен уақытта: «Сұхайыл ибн Омар пасық адам. Жаратушы Алла ісімізді оңай қылсын», – деді. Содан кейін жиылып, сап түзеп тұрды. Сұхайыл келіп, екі сап жүрді. Расул (ғ.с.) ның мәртебесін көріп аң-таң қалды. Расулға жақын келіп: «Неге мына жұпыныларды жидың?» – деді. Содан кейін қолын Расул (ғ.с.) басына қойды. Мұғира ибн Шағба (Алла одан разы болсын) Расул (ғ.с.) ның алдында жалаң қылыш алып тұр еді, басын шауып алайын деп ұмтылды. Расул (ғ.с.) Мұғираны тоқтатты.

Сұхайыл: «Бұл кім?» – деді.

(Расулулла): «Әкеңнің бауыры Мұғира», – деді.

Сұхайыл Мұғираға (қарап): «Маған бүгін қылыш көтеретіндей үсті-басыңды жуып па едің?» – деді де: «Ей, Мұхаммед, неге келдің?» – деді.

Расул (ғ.с.): «Осындай істерге келдім», – деп айтып берді.

Сұхайыл: «Меккеде ашаршылық екенін сен білмейсің бе? Сен осындай жоспармен кірсең, Меккеде ешкім қалмайды, бәрі сені армандайды. Бұл жылы бар, келесі жылы келуіңе жол берейік. Үш күн тұр, не қаласаң, жаса», – деді.

Расул (ғ.с.): «Солай болсын», – деді.

Сұхайыл және: «Басқа бір сөз бар. Бізден кімде-кім саған мұсылман болып барса, бізге қайтар. Сенен кімде-кім біз жаққа өтсе, оны бізден алма», – деді.

Расул (ғ.с.): «Солай болсын», – деді.

Сұхайыл осы сөзге келісім сұрады. Расул (ғ.с.) Әлиге келісім жаз деді. Әли *«Бисмилләһир рахмәһир рахим» («Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен»)* деп келісім жазды.

Сұхайыл: «Рахман, Рахим деген кім, біз білмейміз?» – деді.

Расул (ғ.с.): «Рахман, Рахимді қой. Не жазсаң да сен жаз», – деді.

Сұхайыл қалам алып: *«Бисмикәллаһуммә» («Ей, Алла, сенің атыңмен»)* деп жазды. Және қағазды Әли алып: *«Һәзә мә саләһә Мұхәммәдун расулуллаһи ибни ‘Әбдилләһи мә’ә Сұхәйлин ибни Әмр кәзә-кәзә» («Мына құжат Алланың елшісі Мұхаммед ибн Абдулланың Сұхайыл ибн Әмірмен пәлен төлем туралы жазылған келісімі»)*. Яғни «Бұл келісім Сұхайыл ибн Әмірмен түзілді», – деп жазды.

Сұхайыл оны көріп: «Біз сені Расулулла дедік пе?! Сені Расул дейтін не болды бізге?!» – деді.

Расул (ғ.с.): «Расулулла дегенді өшір», – деді.

Әли (Алла одан разы болсын) Расулулла дегенді өшіргісі келмеді. Расул (ғ.с.) өз саусағын тілімен сулады да (сол) саусағын Әлиге көрсетіп: «Қайсы, көрсет», – деді. Әли Расулулланың саусағын ұстап *«Расулулла» («Алланың елшісі»)* сөзінің үстіне қойды. Расул (ғ.с.) оны өшіріп: «Мұхаммед ибн Абдулла деп жаз», – деді. Келісім жасалып, мөр басылды. Сол кезде Сұхайылдың ұлы Әбу Хандал меккеліктерден қашып Расулға келді. Сұхайыл атып тұрды да, Әбу Хандалдың жағасына жармасты. Меккеге алып кетпекші болған уақытта сахабар ара түспекші болып еді, Сұхайыл: «Қазір ғана келісім түздік. Кеппей жатып, келісімді бұзасындар ма?» – деді. Сұхайыл (оның) жағасын ұстап тартатын.

Әбу Хандал: «Мені кәпірлер алып бара жатыр, жібермеңдер», – деді шырылдап.

Расул (ғ.с.): «Ей, Әбу Хандал, сабыр ет. Жаратушы Алла саған және басқа әлсіздерге қуаныш пен бақыт сыйлайды. Біз ол қауыммен келісім жасадық. Келісімді бұзу бізге лайық емес», – деді.

Сахабалар оны көріп төзімдері таусылды. Омар (Алла одан разы болсын) ол сөзге шыдай алмастан Әбу Бәкір Сыддыққа келіп: «Ей, Әбу Бәкір, мынау Мұхаммед Расулулла емес пе? Олай болса, біздің мына көріп тұрғанымыз не деген қорлық?! Біз тартатын мынау қандай азап?! Мына келісімді, мына шартты неге қабылдадық?» – деді.

Әбу Бәкір: «Ей, Омар, есінді жи. Бұл Мұхаммед Тәңірдің пайғамбары. Алла Тағаланың жарлығынан тыс іс қылмайды», – деді.

(Омар): «Олардың мұсылман болып бізге қосылғанын қалай қайтарамыз?!» – деді және.

Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын): «Бізге келген шынайы мұсылман болса, олардың арасында тұрып мұсылманшылықты айтып берсін, жақсы болады», – деді.

Омар (Алла одан разы болсын): «Бізден оларға біреу барса, неге қайтармайды?» – деді.

Әбу Бәкір: «Кімде-кім бізден бет бұрып (оларға) кетсе, қайта келмегені жақсы», – деді.

Омар (Алла одан разы болсын): «Мұңайып айтатын. Сол күні Әбу Бәкірдің сөзі болмағанда, мұсылманшылық ісіне көңілім сенетіндей емес еді. Сол күні айтқан сөзім үшін қорқып, түні-күн ораза ұстап, садақа беріп, құл мен құн азат ететін едім», – деген болатын.

Содан кейін Расулулла Мединеге қарай қайтты. Мекке мен Мединенің арасында мына сүре түсті: *«Иннә фәтәхнә ләкә фәтхән мубинән лийәғфира ләкәллаһу мә тәқәддәмә мин зәнбикә уә мә тәәхәр»* («Расында, Біз саған бір раушан жеңіс сыйладық. Сондықтан Алла сенің алдыңғы және кейінгі күнәларыңды кешірсін»).

ҚАЗА ҒҰМРАСЫ

Жетінші жылы Меккеге келді. Мекке халқының бәрі қарсы алдынан шықты. Расул (ғ.с.) Меккеге кірді. Қағбаны зиярат етті. Тауаф пен ғұмра жасады, құрбандық шалды. Біреуді Расулға жауапты қылып: «Үш күн тұрсын, (одан кейін) бір сағатта қалдырма», – деді. Үш күннен кейін Расул (ғ.с.) қайтты. Сол күндері Расул үшін үш сүйінші келді. (Олар): «Жағфар Тайярдың келуі, екінші – Хайбардың ашылуы, үшінші – Румның парсыны жеңуі.

ХАЙБАРДЫҢ АШЫЛУ ҚИССАСЫ

Сегізінші жылы Расул (ғ.с.) әскермен Хайбарға аттанды. Олардың бәрі жөйттер болатын, қарсы шықты. Екі әскер түйісті, сап түзеді. Жөйттерден палуан шықты. Кәпір мұсылманды шаһид қылды. Және біреу шығып еді, оны да солай өлтірді. Және мұсылман дүниеден өтті, мұсылмандардың рухы сынды. Расул (ғ.с.): «Әли ибн Әбу Тәліп қайда?» – деді. Сол күндері Әлидің көзі ауырып еді. Расулдың алдына келді. Расул дұға жасап, аузының суын алып көзіне жағып еді, жазылды. Зулфиқарды алып, аттанды. Майданға кірді. Бір-біріне: «Сен баста», – деді. Өлеңдер оқыды. Жөйт Әлиге атылды, Әли аттан секіріп түсті. Атының қарнының астынан өтіп, арғы бетке шықты. Кәпірдің бір қолын шауып тастады. (Майданға) және бір жөйт кірді. Әли оған да жаңағыдай жасады. Жөйттің аяғын қоса шапты. Кәпір өз аяғын алып Әлиге лақтырды. Үшінші рет тағы бір жөйт кірді. Әли жөйтпен алысты. Әли жөйттің төбесінен ұрды. Басы дулығасымен екіге бөлінді. Жөйт байқамай қалды. Жөйт: «Жеңе алмадың», – деді. Әли: «Басыңды қимылдат», – деді. Басын қимылдатып еді, екі бөлініп түсті.

Жөйттер қаша жөнелді, мұсылмандар арттарынан қуып кетті. Жөйттер қамалға барып жасырынды. Әли келіп есігін жұлып алып, қырық аршын жерге лақтырып жіберді. Сол кезде Әли өз күшіне сүйсінді. Жебірейіл өзін көрсетіп: «Мен сенімен бірге едім», – деді де: «Есікті енді қимылдат», – деді. Қимылдата алмады. Жебірейіл елге кірді. Мал алды, тұтқын алды. Әли бір сарайға кіріп еді, бір сұлу әйелді көрді. Мынау Расулға лайық деп, алып келді. Расул (ғ.с.) оның жүзін ашып көріп еді, жүзі көгеріпті. (Деректерде) оның атын Сафия деп атайды. Жөйттердің ұлығы Хайи ибн Ахтабтың қызы еді, дейді. Түнде күйеуімен жатқан кезде айдың келіп қойнына кіргені туралы түс көрді. Оянып кетіп, түсін күйеуіне айтып берді. Күйеуі қызғанып: «Ай – Мұхаммед, соны армандап жатырсың ба?» – деп бір салып жіберді. Жүзіндегі көгерген содан болып еді. Содан кейін Расул (ғ.с.) Сафияға: «Жүзің неге көгерді? Сен айтасың ба әлде мен айтып берейін бе?» – деді.

Сафия: «Сен айт», – деді.

Расул (ғ.с.) сол түстің қиссасын айтып берді. Сафия мұсылман болды. Расул (ғ.с.) ның некесіне кіріп: «Ей, Расулулла, менің бір өтінішім бар», – деді.

(Расулулла): «Ол не?» – деді.

(Сафия): «Менің бауырларымнан жизияны алып таста», – деді.

Расул (ғ.с.) олардан жизияны алып тастап, келісім берді. Сол келісім хат бүгінгі жөйттерде бар. Мұсылмандар әмірі Әлидің (Алла одан разы болсын) жазуы үшін оны теберік тұтып мақтан етеді. «*Уаллаһу ә'ләму бис-сәуаб*» («Дұрысын Алла жақсы біледі»).

БӘНИ ҚАСИР ИЖЛӘ ҚИССАСЫ

Ижлә – елден шығару деген сөз. Бұл ижлә Бәни Құрайзаны өлтіргеннен кейін екі жылда (болып) еді. Расул (ғ.с.) Мединеге кірді. Бәни Құрайзамен нәзір етіп, келісім жасап: «Біз сенімен соғыспаймыз. Сен де бізге тиіспе. Сенің ісің туралы ақылдасайық», – деді. Олардың мақсаты мынау еді: Тәураттан ақыр заманда жеңіске жететін бір пайғамбар шығады дегенді көріп еді. Сол жеңіс Бәдір соғысы болатын. Алғашқы соғыс сол еді. Екінші жылы Ұхұд соғысы еді, тым-тырақай болды. Жөйттер: «Жеңістері қалмады», – деді. Оны қателесіп айтты. Қайғылы жеңіс болады деген Тәуратта жоқ еді. Тағы бір жауабы мынау: Мұсылмандарға қайғылы жеңіс болатын, алайда оны кәпірлер білмеді. Кәпірлермен соғыстың өзі жеңіс. Шаһадат болса, жеңіс, жұмақтық болады. Тәураттан Мұхаммедтің қанша сипатын көрсе де, иман келтірмеді. Сол уақытта Кағбпен бірге жетпіс ер адам Меккеге келді. Барлық құрайыштықтарды жиып: «Мен Мұхаммедтің келісімін бұздым. Сендер бұл жерден аттаныңдар, біз ол жақтан келейік. Мұхаммедті жолдастарымен өлтірейік», – деді. Олар Кағбтың кепілімен отыр еді, біреуі тұрып: «Біздің біраз ұл-қызымыз бұл жерді тастап Мединеге барды. Біразымыз осында қалдық. Өз шаруаларын істеп жатыр. Қайсысы жақсы?» – деді.

Кағб: «Олар сонда барып иман келтірді. Бұлар (яғни меккеліктер) артық», – деді. Жаратушы Алла: «*Уләйкә әл-ләзинә лә'әнәһумуллаһу*» («Олар Алла Тағала лағынеттеген адамдар»), – деп жауап берді.

Осы сөзді айтып қайтты. Жаратушы Алла Жебірейілді Мұхаммед Расулуллаға жіберіп: «Сахабадан біреуін жіберіп, өлтіртсін», – деп Кағбтың пейілінен хабар берді. Салкан ибн әл-Батыр деген бір палуан бар еді, соны жіберді. Ол: «Мен барып бұл істі бітірейін. Алайда Мұхаммед ибн Муслима оның қызын алған бауыры. Сол да барсын. Оны үйінен шығарып берсін», – деді.

(Мұхаммед ибн Муслима): «Ей, Расулулла, мен барып, оны үйінен шығарып берейін. Сөйлесіп тұрған уақытта сен туралы орынсыз сөз айтуға тура келсе, не істейін», – деді.

Расул (ғ.с.): «Айтсаң, зияны жоқ», – деді.

(Қасына) бірнеше адам алып барды. Мұхаммед ибн Муслима жолдастарын үйдің сыртында қалдырып, өзі келіп есік қақты.

Кағб: «Кімсің?» – деді.

Мұхаммед ибн Муслима: «Мен күйеу балаңмын, Мұхаммед ибн Муслимамын», – деді.

Кағб: «Не жұмыспен келдің?» – деді.

(Мұхаммед ибн Муслима): «Ей, Мұхаммед, бізден жизия сұрайсың, білмейміз. Сенен нәрсе сұрағалы келдім», – деді.

Кағб: «Маған кепілзат бермейінше бермеймін», – деді.

Мұхаммед ибн Муслима: «Кепілзат әкеліп тұрмын», – деді.

Кағб тұрып, үйден шықпақшы болған кезде әйелі етегінен тартып: «Мына дауыс біртүрлі шығып тұр. Мен бұдан қанның әсерін көріп тұрмын», – деді.

Бұл әйел палшы еді. Бұдан бұрын бір бұғы есікке келіп мүйізімен есікті қағып еді. Пал солай шығып еді.

Кағб: «Егер қараңғы түнде ізгі текті біреу келіп, мені өлтірмекші болып шақырса, барамын», – деп үйден шықты. Сәлемдесіп, құшақтасты.

Кағб: «Сенен жақсы иіс шығып тұр, мас емессің бе?» – деді.

(Мұхаммед ибн Муслима): «Солай», – деді.

Содан кейін шашынан ұстап, төмен тартты да, жолдастарын шақырды. (Олар) үй артынан жетіп келіп, қылыш сұқты. Алғашқы сұққан кезде бір айқайлады, әйелі үй ішінен бір айқайлады. Осылай ұрып, өлтірді. Әуелі қылышпен ұрған уақытта бір сахабаның аяғына қылыш тиді (жаралады). (Ол): «Мені мұнда қалдырып, сендер қашындар. Расул (ғ.с.) ға менен сәлем айтындар», – деді.

(Жолдастары): «Сені қалай қалдырамыз? Алып кетейік. Немесе сен үшін осында соғысамыз», – деді де, оны көтеріп алып қашты. Жөйттер тұрып, келіп өлікті көрді. Қаруларын алып іздеді, ешкімді таба алмады. Сол кезде Жебірейіл келіп: «Ей, Расулұлла, олар жиылмастан бұрын барындар. Қара малдары бос, иесіз қалған», – деді. Барды, қамалға кірді. Кездескенді өлтірді, таспен ұрып, сарайларды бұзды. Бау-бақшаларына кіріп, құрма ағаштарын кесті. Әрбір құрма ағашы бір құлдың бағасына тең келетін. (Олар): «Сендер жаман істерді жаман көреміз дейсіңдер және ағаштарды кесесіңдер. Жақтау қаралар көңілінде бұл дұрыс емес», – деді.

Алла Тағаланың: *«Мә қатә'тум мин линәтин әу тәрактумуһә қаймәтән 'әлә усулиһә фә биизнилләһи уә лийухзи әл-фәсиқин»* («Құрма ағашын кескендерің немесе орнында тік тұрған қалпы қалдырғандарың олардың бәрі Алланың қалауымен және Аллаға мойынсұнбағандарды масқаралау үшін болды») дегенін көрмейді.

Жөйттер шарасыз қалды, жалынды, амандық сұрады. Расул (ғ.с.) мына шартпен амандық берді: «Үш үй халқы үйіндегі заттарын бір түйеге жүктесін, (бірақ) жіп байламасын, түйеден түскені бізге, түспегені сендерге болады».

Әбу Сағид әл-Фарияби риуаят етеді: Түйелерге жіпсіз жүктеп, жүрген уақытта барлық ыдыстар, қаптар түсіп қалды. Қабаған иттер үргенде түйелер үркіп, секіріп, қашты. Арқасындағы жүктің бәрі түсті. Сахабалар бәрін жиып алды. Елін тазартты. *«Һуәл-ләзи әхражә әл-ләзинә кәфәру мин әһли әл-китәби мин дийәриһим ли әууәли әл-хәшр»* («Кітап иелерінен болған кәпірлерді бірінші жиналғанда-ақ өңірінен қуып шыққан Ол сондай (Алла)»). Яғни Араб түбегінен Азрға, Иртихаға және Шамға дейін қуып жіберді.

БӘНИ ҚҰРАЙЗАНЫ ӨЛТІРГЕНІ ТУРАЛЫ

Бәни Құрайза Расулдың қарамағында еді. Ғам әл-Ахзаб болған кезде жеті түрлі әскер келді. Он бес адам еді. Бәну Саламадан Әбу әл-Ағда әс-Салами келді. Әкрама ибн Әбу Жәһіл және Суфиян ибн Хармен Мединені қоршап алды. Расул сахабалармен ақылдасты.

Салман: «Мединенің айналасына ор қазайық», – деді.

Орды өз елінде көрген болатын. Ор қаза бастады. Ішінен тас шықты. Балға өтпеді. Расул (ғ.с.) ға хабар берді. Жаңағы тасқа су шашты. Балға алып: *«Бисмилләһи рахмәнир рахим»* («Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен»), – деді. Үш рет балға ұрды. Қатты тас құмдай үгітілді.

Салман: «Мен сол кезде ор ішінде едім. Әр балға ұрған кезде нұр шашырайтын еді. Сол нұрдың ішінен шаһарлар көрінетін. Расулға айтқанымда, Расул (ғ.с.): «Бұл менің үмметім үшін ашылатын шаһарлар. Парсы, Рум, Хорасан және басқа қалалар», – деді. Мұны есітіп тұрған Абдулла ибн Убай: «Ол елдегі халық Мұхаммедті елдеріне жолататындай емес қой. Бүгін мына ордан бір қарыс та шыға алмай жатырмыз, ол іс қашан болады?» – деді. Салман (Алла одан разы болсын) бұл сөзді Расулға айтты. Расул (ғ.с.) бұл сөзге қайғырған уақытта Жаратушы Алла: *«Қул илләһуммә мәликә әл-мулки ту'ти әл-мулкә мән тәшәу»* («Ей, Алла, ей, барша

патшалықтың иесі, Сен қалаған адамыңа патшалық бересің») деген аятты түсірді», – деп есіне алады.

Жабир: «Мен ор басында отыр едім. Расул көйлегінің етегін иығына дейін көтерді. Етегінің астынан ішіне тас байлап алғанын көрдім. Соны көрген кезде іші-сыртым бір түрлі болып кетті. Тұрып, үйіме бардым да, әйеліме: «Расулулланы осындай жағдайда көрдім. Жейтін бірер нәрсе бар ма?» – дедім.

Әйелім: «Бір тартар арпа мен бір ешкі бар. Мен нан ашытайын, сен ешкіні бауызда», – деді. Жабир ешкіні бауыздады, әйелі нан ашытты. Тандырға от жақты. Қазан көтерді.

(Жабир): Расул (ғ.с.) ға: «Бір тартар арпа мен бір ешкі бар. Еңбек етіп болған соң біздің тамақтан дәм татсаңыз болар еді?» – деді.

Расул (ғ.с.): «Сен бар, әйеліңе айт, тандырдың аузын ашпасын. Мен келгенше нанын алмасын», – деді.

Жабир келіп, әйеліне Расул (ғ.с.) ның сөзін жеткізді. Содан кейін Расул (ғ.с.) сахабаларға айқайлап: «*Қуму илә бәйти Жәбирин фә иннә Жәбиран иттәхәзә ләнә шәуийән*» («Тұрыңдар, Жабирдің үйіне барыңдар. Жабир бізге қуырылған ет дайындап қойыпты»), – деді. Расул (ғ.с.) парсы тілінде осы бір рет сөйледі. Үш жүз сахаба жиылды. (Кейбіреулер жеті жүз еді дейді). Жабирдың үйіне барды. Жабир алыстан осынша жұртты көрген уақытта (үйіне) кіріп әйеліне: «Расул (ғ.с.) көп адаммен келе жатыр», – деді.

Әйелі: «Біздің тамағымыздың шамасын Расул (ғ.с.) ға айтпадыңыз ба?» – деді.

Жабир: «Айттым», – деді.

Әйелі: «Айтсаң, қайғырма. Жаратушы Алла берекесін берсін», – деді.

Біраздан кейін Расул (ғ.с.) жарандарымен кіріп келді де, тандыр қасына тоқтады. Тандыр аузын ашып, қасиетті аузымен үрледі. Қазанның қақпағын ашып, оған да үрледі. «Дастарқан алып келіндер», – деді. Тандырдан нан шығара бастады. Қазаннан етті түсірді. Халықтың бәрі нан мен етке тойды. Сол тамақтар баяғы қалпы (артылып) қалды», – деп (есіне алды).

(Деректерде) Хайи ибн Ахтаб Бәни Нәзирді Меккеге барып, Мұхаммедпен соғысуға үгіттеді. Әбу Суфиянға (барып): «Мен барып бәни Құрайзаны Мұхаммедтен қайтарайын (айнытайын)», – деді. Түн ішінде барып есік қақты. «Кімсің?» – деп еді, «Хайи ибн Ахтабын, есікті аш», – деді.

(Олар): «Есік ашпаймыз, сен жаман ойлы бұзықсың. Бәну Нәзир сенің кесіріңнен опат болды, бізді де опат етерсің», – деді.

(Хайи ибн Ахтаб): «Ей, қауым, мен ашығып тұрмын, маған тамақ керек», – деді. Тамақ деген сөзді естіген уақытта есік ашпауды ар санап, есікті ашты. Тамақ алып келді, жей бастады. «Сендерге бір (айтар) ақылым бар. Мына әскер келді. Мұхаммедті өлтірмейінше, Мединені талқандамайынша (енді) қайтпайды. Сендерді қоймайды (тірі қалдырмайды). Себебі сендердің Мұхаммедпен тілдерің бір», – деді.

Олар: «Не істейміз?» – деді.

(Ол): «Мен үйретіп берейін. Мұхаммед сендерге адам жіберіп, «Маған болысыңдар», – десе, сендер: «Біз екеу едік, жалғыз қалдық. Бәну Нәзир секілді бір үлкен әскер алып келсең, сонда саған болысайық», – деді. Содан кейін шығып Әбу Суфияннан адам (көмек сұрап) келсе, соған болысыңдар», – деп кетті де, Әбу Суфиянға келіп: «Осылай деп айттым, олар Мұхаммедтен қайтты», – деді. Әбу Суфиян түн ішінде көмекшілері мен жандайшаптарын шақыртты. Өзі шатырда еді. Олар жиылып келді. (Әбу Суфиян): «Сендердің араларыңда бөгде біреу болса, қолын ұстандар (тұтқындаңдар)», – деді. Ол Хұзайфа ибн әл-Ямани Расулулланың тыңшысы болатын. Сол түні кәпірлер әскеріне кіріп, сөздерін тыңдап, іс-әрекеттерін аңдып еді. Халықтың Әбу Суфиянның шатырына кіріп бара жатқанын көріп, қосыла кіріп еді.

(Осы оқиға туралы Хұзайфа ибн әл-Ямани): «Бөгде адам болса ұстандар» деген сөзді естігенімде, қолымды басқа біреу ұстап қалмасын деп қорқып, асығып біреудің қолын ұстадым да: «Кімсің?» – деп сұрадым. «Мен пәленшемін», – деді. Қашан олардың қолын ұстаған

уақытта тыншыды. Әбу Суфиян: «(Мынаны) біліңдер, Хайи ибн Ахтаб Құрайзаға барып, осындай іс бітіріпті. (Оларды) Мұхаммедтен қайтарды, бізге болысатын болды», – деді. Оны есітіп, бәрі шатырдан шықты. Мен де олармен бірге шығып, бір шетте отырдым. Біреу келді. (Оны) қылышпен ұрайын дедім де, Расул (ғ.с.) ның «Мен сендерге келмейінше, (өздеріңше) бір істеп жүрмеңдер» деген өсиетін есіме алып, өзімді ұстадым, өлтірмедім. Содан кейін Расул (ғ.с.) ға келіп, көрген-білгенімді айтып бердім», – деп есіне алады.

Омар (Алла одан разы болсын): «Шын айтып тұрсың ба?» – деді.

Хұзайфа: «Сол күні жалған сөзді сенсің?» – деді.

Омар: «Ей, Расулулла, мені жалғаншы деп, сөгіп тұрғанын көрмейсің бе?!» – деді.

Расул (ғ.с.) Омарға: «Хұзайфа дұрыс айтып тұр. Сен бұрынғы уақытта пұттарды Жаратушы Алланың жолдасы деп көп айтатын едің. Хұзайфа соны айтып жатыр», – деді. Біраз уақыттан кейін Нағим ибн Масғұд әс-Сақафи: «Сен бұған қайғырма. Мен Исламды қабылдадым, (алайда оны) ұл-қызым білмейді. Мен барып, Бәну Құрайзаны біз жақа қайтарайын», – деп барды. Оларды (Бәну Құрайзаны) жиып: «Ей, міскіндер, Әбу Суфиянның Мұхаммедті жеңетініне сенесіңдер ме? Мұхаммедтің оны жеңуі әбден мүмкін. Олар кетеді, сендер қаласыңдар. Мұхаммед, Бәну Нәзирді қырғанындай, бәрінді де қырады», – деді.

(Олар): «Бізге не істе дейсің?» – деді.

(Ол): «Егер Әбу Суфияннан сендерге адам келсе, бізге қарияларды қалдыр, бізде тұра тұрсын. Сендердің әскерлерің жеңіліп қалуы мүмкін, олардың қол астында біз қаламыз. Егер сендерге жол болса (жеңіске жетсеңдер), (онда) оларды (қарияларды) құрметтеп, сендерге қайтарамыз. Көңіл Мұхаммедке болса, бізге сүйеніш болады деп айтыңдар», – деді.

Олар: «Мұны жақсы айттың», – деді.

(Ол) тұрып, Әбу Суфиянға барып: «Мен Бәну Құрайзада едім, олардың былай дегендерін естідім. Мұхаммедке жіберу үшін сенен он қарияны сұрайтын көрінеді. Егер мұның ақ-қарасын білгің келсе, келіңдер, соғысқа аттанайық деп адам жібер», – деді.

Ертесі күні Әбу Суфиян адам жіберіп едіп, Нағим үйреткен сөздерді айтып берді. Келіп, Әбу Суфиянға сол сөздерді жеткізді. Әбу Суфиян ашуланып оларды сөкті. Жөйттер: «Мына малғұн бізді алдады», – деді. Сол түні қатты жел тұрды. Шатырларын бұзып, жерден ұшырып, көкке көтерді де, қайта жерге соқты. Бәрін опат етті. Ертесі күні Расул (ғ.с.) ның сахабалары соғыспай-ақ олжаға батты. Расул (ғ.с.) еліне қайтты. Сақал-шашы шұңқыр топырағынан шаңға батып еді. Әйелдерінің біреуі сақал-шашын жумақшы болды. Жебірейіл келіп: «Еей, Мұхаммед, шашыңды жуғызбақшысың ба? Біз періштелер қанаттарымыздағы шаң-тозаңды сілкіп кетіреміз. Басыңа су құй. Бәну Құрайзаға аттан. Оларды тұтқын жаса», – деді. Расул (ғ.с.) тұрып, дабыл қақты. Әскер бастап Бәну Құрайзаға барды. Хисарға кіріп су алды. Шөлдеп еді, су ыдыстарын ауыздарына алып барып су ішпекші болып еді, су болмады. Жаратушы Алла қазасынан бір оқ келіп, Сағд ибн Мағаздың көзіне тиді, қатты ауырды. Алла Тағалаға жалынып: «Тәңірім, Бәну Құрайзадан өшімді алмайынша жанымды алма», – деді. Қатты шөлдеді, амандық сұрады. Расул (ғ.с.): «Амандық бермейміз алайда...», – деді. Сағдтың үкімімен Әбу Лабана, Бәни Әбдулмунзирді жіберді. Сұрап еді, екі қолымен тамағына ишара жасады. «Мұның үкіміне кірмеңдер, өлтіруді қалайды», – деді.

Әбу Лабана: «Тағы аяқ жалаңаштамадым. Алла мен Расулға қиянат жасағанын білдім. Мына аят түсті: *«Йә әййүһә әл-ләзинә әмәну лә тәхунуллаһа уә әр-расулә»* («Ей, иман келтіргендер, Алла мен пайғамбарына қиянат етпеңдер»). Шара болмады. Келіп Сағдтың аяғына құлады. Сағд: «Мені көтеріп, далаға алып шығыңдар», – деді. Шығарды.

Сағд: «Қашанға дейін наразылықты сақтайын. Ерлерді өлтіріңдер, әйелдерді тұтқынға алыңдар, балаларды ұстандар деп үкім бердім», – деді.

Расул (ғ.с.): «Мен де Алла Тағаланың үкімімен жасадым», – деп, өлтіре бастады. Біраздан кейін Хайи ибн Ахтабты алып келді. Өлтіретінін білді. Қолымен киімін жыртып, бөліп тастады.

Және біреудің Расул (ғ.с.) сахабаларынан досы бар еді. Расул (ғ.с.) соны жіберді. Расул (ғ.с.) соған сыйлады.

Досы: «Мен сені Расулдан сұрап алдым», – деді.

Ол: «Пәленше дұшпаны қайда?» – деді.

«Оларды өлтірді», – деді.

«Хайи ибн Ахтаб қайда?» – деді.

«Ол да өлді», – деді.

Бір адам атып тұрып: «Олардан кейін маған өмір сыйлау керек емес, мені де өлтіріңдер», – деді. Өлтірді. Расул (ғ.с.) сахабаларымен олардың әйелдері мен ұл-қыздарын тұтқын етіп алып келді.

РУМНЫҢ ПАРСЫЛАРДЫ ЖЕҢУІ

Расул (ғ.с.) төрт хат жазды. Біреуін Рум патшасы Қайсарға, екіншісін Хабаши патшасы Нажашига, үшіншісін Мысыр патшасы Мақауқишқа, төртіншісін Парсы патшасы Кисраға жіберді.

...Алайда (кейбіреулер) Қайсарды Исламды қабылдады дейді. Енді біреулер иман келтірмекші болды, алайда өз патшалығының күйреуінен қорықты дейді. Әскерін сынау үшін дабыл қақты. Барлық әскерін жиды. Есіктерді бекітіп, сарай үстіне шығып: «Ей, менің қауымым, Мұса пайғамбар: «Менен кейін Иса пайғамбар келеді», – деді. Иса пайғамбар: «Менен кейін Мұхаммед пайғамбар келеді», – деген болатын. Енді Мұхаммед шықты, соның дінінен сендерді кім тосар», – деді.

Олар: «Біразы бар. Сен әскер жиып аттануға әмір бердің немесе сенің де быт-шытыңды шығаратын едік», – деді. Содан кейін (патша): «Мен сендерді осы дінімізде ме әлде (дінімізде) емес пе деп сынап едім. «Әл-хәмду лиллә» («Аллаға шүкір»), діндеріңе берік екенсіңдер», – деді.

Алайда Мысыр патшасы Мақауқиш иман келтірмеді. Десе де Расул (ғ.с.) ға тарту-таралғысын жіберді. (Деректерде) Яффур деген бір мысырлық есек жіберді, лақабы Әбу Зияд еді дейді. Және біреу Шырын есімді құл бала жіберді, және біреу Марият әл-Қибтия деген күң жіберді, және біреу үлкен бір Дүлдүл жіберді, дейді.

Алайда Хабаши патшасы Нажаши иман келтірді. Хатқа жауап жазып: «Ей, Расуллулла, маған кел десең, келейін, келме десең, келмейін. Маған қандай мұсылман келсе де, құрметтейін», – деді. Расул (ғ.с.): «Маған келмей-ақ қой, үйіңде тұра бер», – деген жауап жазды.

Алайда Парсы патшасы Кисра Расул (ғ.с.) ның хатын жыртып тастады. Расул (ғ.с.) ды қорлап: «Елшіні өлтіру патшаға лайық іс емес, немесе сені өлтіретін едім», – деді. Елші келіп, Расул (ғ.с.) ға айтып берді. Расул (ғ.с.): «Менің хатымды жыртса, өзін жыртқаны. Менімен жарасқанда патшалығы аман қалатын еді», – деді де, «Кисра өлсе барлық қазынасы Алла Тағала жолына жұмсаймын», – деді. Кисра онымен де тыншымады. Иемен бастығы Базанға хат жазып: «Барып, Мұхаммедтің мойнын байлап маған алып кел», – деді. Базан екі тәжікті Расул (ғ.с.) ға жіберді. (Олар) келіп: «Тәңіріміз саған кел деп жатыр», – деді. Расул (ғ.с.) олардың сақалдары жұлынған (алынған), мұрты бар екенін көріп: «Неге бұлай жасадыңдар?» – деді.

(Олар): «Тәңіріміз Кисра осылай әмір еткен», – деді.

Расул (ғ.с.): «Бізге Тәңіріміз мұртты кес, сақалды жібер деп айтқан», – деді. Расул (ғ.с.) сондай жомарт еді, оларды күтіп, қонақ етті. Түн болған уақытта намазға тұрды. Таң атқан кезде Жебірейіл жетіп келіп: «Ей, Мұхаммед, Жаратушы Алла Кисра ұлы Шеруяны Кисраға (яғни әкесіне) араздастырды, өлтірді», – деді.

Біраз уақыттан кейін екі тәжік және қайтып келіп: «Ей, Мұхаммед, тұр, сені Тәңіріміз шақырып жатыр», – деді.

Расул (ғ.с.): «Барыңдар, менің Тәңірім сендердің Тәңірлеріңді өлтірді», – деді.

Тәжіктер: «Олай деме. Ол есітсе сені қатты азаптайды», – деді.

Расул (ғ.с.): «Барындар», – деді.

Барса, патшалары Расул (ғ.с.) айтқандай өлген екен....

Тәжіктер Румды жеңген уақытта мүшіріктер қуанды. (Мүшіріктер) ана тәжіктер кітап иелері болған румдықтарды жеңді, тура осылайша біз де сендердің үстеріңнен жеңіске жетеміз. Алайда сендер кітап иелері бола алмайсындар деді.

(Деректерде) бұл тартыс Әбу Бәкір Сыддықпен болғандығы айтылады. Әбу Бәкір – Убай ибн Халаф ибн әл-Жәмжиге: «Ол бізге тимек еді, оның бағасы жоқ. Ақыр соңында румдықтар тәжіктерді жеңеді», – деді.

Убай ибн Халаф ибн әл-Жәмжи: «Ешқашан да румдықтар тәжіктерді жеңе алмайды», – деді. Осы сөзге тартысты, егер бес жылда осы айтылғандай болмаса Әбу Бәкір бес түйе беретін болды. Және: «Расул (ғ.с.) нан сұрайын», – деді. Сұрап еді, Расул (ғ.с.): «Түйені көбейт, жылды ұзарт», – деді. Әбу Бәкір келіп: «Мынаны көбейт», – деді. Жылды жетіге ұзартып, түйені онға жеткізді. Расул (ғ.с.) нижрет етпекші болған кезде Убай ибн Халаф Әбу Бәкірге (Алла одан разы болсын) келіп: «Сен кетіп қалсаң, ана он түйені кім береді?» – деді. Ұлы Әбдірахманды кепілге берді. Бәдір соғысына Убай ибн Халаф шықпақшы болған кезде Әбдірахман келіп: «Мен де сенен кепіл сұраймын, сені өлтірсе, түйені маған кім береді?» – деді. Расул (ғ.с.) ды көрген уақытта: «Жер астында бір ат бағып жатырмын. Сол атқа мініп үнді қаруымен сені өлтіремін», – дейтін еді.

Расул (ғ.с.): «Ей, малғұн, мен сені өлтіремін», – дейтін. Бәдір соғысы күні жаңағы баққан атына мініп келді. Расул (ғ.с.) біреуге: «Маған найзаны бер», – деді. Беріп еді, найзаны алып атылды. Оның үстінде тұрып, найзаны тамағына қадады. Атын қайтарып қашты. «Мені Мұхаммед өлтірді», – дейтін еді. «Бұлай соғысып өлуге ұялмайсың ба?» – деді.

Ол: «Бүгін Мұхаммед аузымен үрлесе өлемін, себебі мен сені өлтіремін деген едім», – деді.

Содан кейін қашып, өлді. Әбдірахман ұлын ұстап, сөйлескен он түйені алды.

(Деректерде) Рум жұртының парсы тәжіктерінің үстінен жеңіске жетуіне мынау себеп болып еді делінеді: Кисраның Шаһбазад деген бір әскер бегі бар еді. Бай-дәулетті тұратын. Қай елге қадам басса, алатын (бағындыратын). Көрші Румға әскер алып аттанды. Менменсіп кетер деп қорқып, Кисра оған іштарлық жасады. Хат жазып, елшілерден жіберді. Бір етігің жоғалса, сыңарын іздемей маған кел. Осы хатты алып барғаннан кейін (қайтып) келмесе керек деп ойлап, артынша және бір хат жазып: «Сені жұмсаған ісіміз бітпесе игі», – деп жіберді. Кисраның қасында Шаһбазадтың тіл алушысы бар еді, (сол): «Әсте келуші болма, келсең сені өлтіреді» деген хабар жіберді. Бұрынғы хат жеткен кезде, хатты жыртты. Екінші хат жетті. Бірінші хатты алып келгенге: «Ана хатпен жетсе, мына хатты берме, жетпесе бересін», – деген болатын. Бұрынғы елшіге: «Мына сөзді ешкімге айтушы болма, жасырын ұста, саған осынша нәрсе беремін», – деді. Және қайтар кезде Рум патшасына «Мен сенің жолыңнан қайттым. Сен барып, Кисраны өлтір. Ол маған жауыздық ойлады. Күшті ерлер менде, қарулар да менде» деген хат жазды.

Содан кейін Шаһбазад басқа жерге шығып, көп әскерімен сонда отырды. Бұл әскер Кисраға тиді, қайғылы болды. Үйге кіріп өлтірді. Бір сұлу, ақылды қызы бар еді. Әкесіне: «Не болды?» – сұрады. Әкесі болған жайды айтып берді.

Қызы: «Саған бір нәрсе үйретейін. Біздің елімізде христиан біреу бар ма?» – деді. Бір христиан болды. «Не жақсылық қылдың, айламен оны Румнан шығардың. Сен одан кел, мен бұл жерден шығайын. Шаһбазадты ортадан шығарайық» деген хат жазылды. Және: «Әсте Қайсарға еш нәрсе айтушы болма», – деп, хатты жағасына (қойнына) жасырды. Және бір бөлігі Шаһбазадтың хатшысы хатымен Кисраға: «Мен айла жасадым, Қайсарды мен елден шығардым. Тезірек кел, өлтірейік», – деп бір мұғқа берді. Желмаяға мініп шапты. Христиан Қайсардың әскеріне жеткен уақытта: «Кисра маған хат бермеді, менің жағама жасырмады», – деді.

Олар: «Бұл не сөз?» – деді. Сөз тыңдады. Мұны білді. Жағасынан хатты алды. Біраз уақыттан кейін түйе мініп келді, оны да ұстады. Шаһбазад Кисраға хат болды. Қайсар оқыды. Пұтқа табынушыларға: «Мені өлтірмекші болыпты», – деп қашты. Румға кірді. Бұл хабар Шаһбазадқа жетті. «Кисра былай жасады», – деп Қайсарға хат жазды. «Бұл істер Кисраның хаты, менің хабарым жоқ», – деп ант-су ішті. Және: «Менің ешкімге болыспайтынымды біл», – деді. Әскер алды. Кисраға білдірместен ақырын бір иғаштық жерге келді. Қараңғы болған кезде елге кірді, қазынасын алды. Кисраны ыстық суда көрді, шығарды. Ұлы Шеруяның кісенін алып, әкесінің аяғына салды.

(Кейбіреулер) Кисра баласы Шеруяны сол үшін бауыздамақшы болып еді дейді. Кисраны қазына ішіне зынданға тастады. Түннің алғашында тұрғандар Кисраны атайтын еді, түннің ақырында Шеруя мемлекетке отырса, шаһуатымен әуре болар деп, бір қап ішіне у толтырып, мына күш беретін дәрі деп үстіне жазып қойды. Таң атқан кезде Шеруя бір адамға: «Кіріп Кисраның басын кес», – деп әмір берді. Сол адам кірген кезде Кисра: «Неге келдің?» – деді.

«Сені өлтіргелі келдім», – деді.

Кисра: «Мені өлтір, кімде-кім әкесін өлтіргенді біліп, өлтірмесе, арамзада болады», – деді. (Ол) шыққан кезде Шеруя: «Саған не айтты?» – деп сұрады. Осылай деп айтып берді. «Сен не дедің?» – деген уақытта, «Сені өлтірмесем арамзада боламын дедім, кейін өлтірдім», – деді.

(Деректерде) бір күні Шеруя қазынаға кірген кезде жазулы тұрған бір қапты көрді делінеді. Күш беретін дәрі деп алды. Біраз жеді. Сол сәтте-ақ өлді. Алайда дәрі мүшесіне құрт түсірді. Өлетінін білген кезде патшалығында өз орнына отырады-ау дегеннің бәрін өлтірді. Содан кейін өзі өлді. Өлгеннен кейін екеуін және өлтірді. Бұран деген қызы орнына отырды.

ХАУАЗИН ҚИССАСЫ

Хауазин аймағынан төрт мың адам аттанды. Расул (ғ.с.) ға (қарай) жол алды. Расул (ғ.с.) ға хабар жетті. Бас-аяғына дейін қаруланған он мың адам жолға шықты. Расул (ғ.с.) ға шексіз жақсылық келді. Біреу: «Ешкім де бізге қарсы тұра алмайды», – деді. Расул (ғ.с.) оны есітіп үндемеді. «Мына адам менің әскерімді желге берді» – деді де және: «Мына дүние пайғамбармен көп соғысты. Дәуіт және сүйіктісімен әуре болды. Және қанды күнінде әскер жиылғанына қуанып әуре болдым», – деді. Соғысқа тұрған уақытта Хауазин ұлы: «Сендерде төрт мың қылыш бар, қылыштарды қындарынсыз ұрып салыңдар. Содан кейін етектеріңді мықтап байлаңдар. Осылайша қара тауға атылсаңдар, түбінен қазасыңдар», – деді. Солай жасап еді, Ислам әскері жеңіліп, қашты. Періштелер келді. Бәрі ала аттыларды көрген кезде, қорқып кетті. «Мұхаммед әскері бізге тұзақ құрыпты», – деп қашты. Ислам әскері қуа жөнелді. Періштелер алдарынан шығып, біразын өлтірді. Ауф ибн Мәлік ән-Насри ұлдарын ұстап алып келді. «Ала аттылар қайда?» – деді.

Расул (ғ.с.): «Саған үш іс бар, қайсысын қалайсың? Сені кешірейік пе әлде өлтірейік пе, немесе Исламды қабылдайсың ба?» – деді.

«Өлтірсеңдер де, кешірсеңдер де болады, алайда Исламды қабылдамаймын», – деді. Расул (ғ.с.) оларды кешірді. Олар Расул (ғ.с.) ның кеңпейілдігін көріп, Исламды қабылдады.

ТӘБҮК СОҒЫСЫНЫҢ ҚИССАСЫ

САУАЛ: Тәбүктің мағынасы не?

ЖАУАП: Сөздікте есектің таза еместі іздеп иіскеп мұрнын жоғары көтеру деген сөз.

Бұл соғыста Ислам әскері қатты шөлдеді. Көздері қарайғанда қара жүкті алып, іздеп қуанғанда, жүздерін жоғары көтеріп, көкке қарайтын. Тәбүк соғысы деп сол үшін аталды.

(Деректерде) Ислам әскері аттанды делінеді. Шамға барды. Тамыз айы болатын, қатты тарықты. Күн ыстық, азықтары аз, суы жоқ. Түйені өлтіріп, ішін сығып, суын іше бастады. Түйе бітті. Жүктерін өздері көтерді. Еш уақытта бұлайша қиналмап еді. Мына Ислам хақ болса, бізді мұншалықты азапқа салмас еді деген ой келді. Алла Тағала: *«Ләқад тәбаллаһу ‘әлә әл-нәбий уә әл-муһәжиринә уә әл-әнсар»* («Алла пайғамбарға, мұһажирлерге және ансарларға мейірбандық жасады»), – деді..

Жағфар Тайяр туралы...

Расул (ғ.с.) хижрет қылмақшы болған уақытта төрт тараптағы елдерге адам жіберді. Жағфар Тайярды бір қызы және бірнеше жолдастарымен Хабаши патшасы Нажашига жіберді. Расул (ғ.с.) хижрет еткен соң ұрыстар болды. Әуелі Бәдір соғысы еді. Жетпіс кәпір өліп, жетпіс кәпір бастық болды. Меккенің ұлықтары мен қарттары жиылып: «Мына адаммен (Мұхаммедпен) не амал жасаймыз?» – деп ақылдасты. Әрқайсысы өз ойын ортаға салды. Ақыр соңында: «Нажашига көп мал жіберейік, адам жіберсін, шапағат етсін. Біздің халқымызды қайтарып берсін» деген мәмілеге келді. Олар: «Бүгінге дейін біз патшаға жақсылық ойладық, ендігі ойымыз мынау: Біздің арамыздан бір адам шығып, аталарымыздың дінін жоққа шығарды. Тәңірлерімізді сөгіп, аталарыңның бәрі тамұқтық деп жатыр. Арамызда алауыздық пайда болып, несібеміз былғанды. Біз де онымен соғыстық, ол да бізге әскер жіберді. Бірнешеуімізді өлтірді, бірнешеуімізді тұтқындады. Әкесінің бауырының ұлын саған жіберді. Бізді бөлгендей, сенің патшалығыңды да бөлмекші. Сұрамымыз: оларды бізге бер. Олардан өшімізді алайық», – деп хатты Омар ибн әл-Асқа берді. Омар теңізге түсіп үш айда Хабашқа барды, алайда Жағфар Тайяр үш жыл қалды. Омар Нажашига келіп, хатты берді. Хатты оқып, «Мұндай адам маған келген жоқ, келсе көрерміз», – деді. Біраз уақыттан кейін Жағфар жетіп келді. Омар өз жолдастарымен патшаның қасында отыр еді. Жағфар сарай есігін қағып: «Тәңір елшісі рұқсат сұрап жатыр», – деді. Омар ибн әл-Ас Жағфардың дауысын танып: «Ей, патша, мынау біз айтқан адамның дауысы. Өзін Тәңірдің елшісі деп жатыр. Саған кіргенде сәлем бермейді, барша әлемдегілер сәжде жасағандай, саған сәжде жасамайды. Басқалар жасағандай жасамайды», – деді. Нажаши есік сақшыларына: «Оған айтыңдар, және рұқсат сұрасын», – деді. Тәңір әскері дегені хош келгені үшін және рұқсат сұратты.

Жағфар және: «Тәңір Тағала әскеріне рұқсат па?» – деді.

Нажаши: «Кір», – деді. Тәңір Тағаланың иманымен кірді, сәлем берді, алайда сәжде жасамады.

Омар: «Ей, патша, басқалар жасайтындай бұлар саған сәжде жасамайды деп саған айтпадым ба?!» – деді.

Жағфар: «Ей, патша, Тәңір Тағала сондай бір пайғамбар жіберді, әлем ондай пайғамбарды әлі көрген жоқ, оның сипатын құлақ естіген жоқ. Барша пайғамбарлар (оған) тахият пен сәлем айтады. Туысқандарды араласуды, ата-анаға жақсылық жасауды айтады. Барша жанға жол көрсетеді. Садақа, мал зекетін беріңдер дейді. Кәпірлікті тастап, мұсылман болыңдар дейді. Алайда Тәңірден басқаға сәжде жасау дұрыс емес дейді», – деді де: «Сендей патшалардың алдында көп сөйлеу әдептен емес. Мыналарға айт, олардан біреу, бізден біреу тұрып сөйлесейік», – деді. Және: «Бұлардан сұра, біз құлмыз ба әлде азатпыз ба?» – деді.

Сұрап еді, «Азатпыз», – деді.

Және: «Бір нәрсе алғаны бар ма?» – деді.

Сұрап еді, «Жоқ», – деді.

Нажаши: «Бұлардан алатын затыңыз таудай болса да, өз қазынамнан берейін», – деді.

(Мұсылмандар): «Сұраңыз, біз құл емес болсақ, ешкімді өлтірмесек, затын алмасақ, онда бізден не қалайды?» – деді.

Омар ибн әл-Ас: «Ей, патша, аталарыңыздың дінін қаралайды. Арамызға жік салады және артық істер жасайды», – деді.

Біраздан кейін Нажаши Расулдың нағты сипаты, басқа пайғамбарлардың да сипаты бар бір хат шығарды да: «Сендер бұрын қай дінді ұстандыңдар?» – деп Жағфардан сұрады.

(Жағфар): «Шайтан дінінде едік. Енді Исламға – Тәңір дініне кірдік. Жер мен көкті жаратқан Тәңірге сиынамыз», – деді.

Нажаши: «Біреу Тәңір дініне кірсе, қайта шыға ма?» – деді.

(Жағфар): «Шықпайды», – деді.

Нажаши: «Исламның ерекшелігі осы, – деді де, – Әуелі бұл дінге кім кірді?», – деп сұрады.

(Жағфар): «Әуелі әлсіздер кірді», – деді.

(Нажаши) Омар ибн әл-Асқа (қарап): «Сендер маған пара бердіңдер, сыйлық бермедіңдер. Пара алмаймын, себебі маған Алла Тағала патшалық берді, параны харам қылды», – деп алып келгендерін қайтарып берді. Және Жағфарға (бұрылып): «Жаратушы Алла Мұхаммедке жіберген сөзден сенде біреу нәрсе бар ма, оқышы», – деді.

Жағфар: «*Субхәнал-ләзи әсра би'әбдиһи ләйлән мин әл-мәсжиди әл-хәрами*» («Түндердің бірінде өз пендесін қасиетті мешіттен алып барған Алла пәк») деп бастады.

(Нажаши): «Сенің Тәңірің атап келген атын оқысын», – деді.

Жағфардың жодастары: «Оны қалайша оқысын?» – деді.

(Нажаши): «Жебірейіл алып келгендей оқысын», – деді.

Жағфар: «*Ә'узу билләһи мин әш-шәйтани әр-ражими. Бисмилләһир раммәнир рахим. Кәф Һә Йә 'Әйн Сад. Зикру рахмәти раббикә 'әбдиһу Зәкәрийә илә қаулиһи уә мә лир-рахмәни ән йәттәхизә уәләдән*» («Қарғысқа ұшыраған шайтанның шәрінен Аллаға сиынамын. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен. Кәф Һә Йә 'Әйн Сад. Жаратушының өз пенжесі Зәкәрияға берген мейірімі туралы қиссадан бастап осы сүренің 92-ші аяты болған «Мейірбан болған Аллаға бірер адамды ұл етіп алу дұрыс емес» деген аятқа дейін»), – деп бастады.

Барлығы сыбырласа бастады. Жағфарды ұрмаққа ұмтылды. Нажаши: «Бүгіннен бастап кімде-кім бұған қол көтерсе, он мың қызыл алтын берсін деп үкім шығардым», – деді. Жағфар оқып жатқанда Нажаши дауыс шығарып жылап жатыр еді. Барша жылады. «*Уә изә сәми'у мә унзилә илә әр-расули тәра ә'йунәһум тәфизу мин әд-дәм'и миммә әрафу мин әл-хәққи*» («Егер олар пайғамбар (ғ.с.) түсірген аяттарды есітсе, олардың көздерінен жас ағатынын көресің. Себебі олар ақиқатты біледі»).

Содан кейін әмір беріп, Жағфарды жолдастарымен сарайға кіргізді. Тамақтандарды. Омар ибн әл-Асты жолдастарымен сарайдан шығарды. Алып келген сыйлықтарын қайтап берді.

(Кейбіреулер) Жағфар Тайяр олармен кездескен уақытта сөзден жаңылды, (сонда) Жаратушы Алланың жарлығымен Жебірейіл келіп хат беріп, Жағфарға үйрете бастады дейді.

(Кейбіреулер) Нажаши оларға жақсылық жасады, алайда кейбір зәңгілер Жағфар мен жолдастарына кедергі қылып жатып, көздері сол қызға түсті. (Содан) секіріп аяқтарымен (жерді) тебе бастады. Соны көрген сайын солай жасайтын еді дейді.

(Енді біреулер) Жаратушы Алла ойын-күлкіні он бөлікке бөлді, соның тоғызын зәңгілерге берді, бір бөлігін барша адамзат баласына берді дейді.

Расул (ғ.с.) ның сахабалары оларды уайымдап жатыр еді. Бір күні бір патша Нажашимен соғысқалы келе жатыр деген хабар келді. Барлық зәңгілер шығып соғысты, өлді. Омар ибн әл-Ас аң-таң болып қалды. Бір күні бір жолдасқа: «Сен көрікті, әдемісің, мыналардың бәрі қап-қара. Мына Нажашидың сарайының төңірегінде жүрсең, әйелінің көзі саған түсіп, сенімен сөйлеседі. Біздің сөзімізді Нажашиға жеткізеді, (сонымен) ісіміз бітеді», – деді. Солай жасап еді, есік саңылауынан әйелдің көзі оған түсті. Ол адамды өзіне шақырып, оған жабысты. Ол адамға көп сыйлықтар бере бастады. Омар ибн әл-Ас бір күні жаңағы жолдасқа (адамға): «Осынша малды менің үйретуіммен таптың, жартысын маған бер», – деді. Ол бермеді. Омар ибн әл-Ас бір иіс күйдіріп, мәжмәри әтірмен Нажашиға алып барып: «Мынаны танысың ба?» – деді.

Нажаши: «Бұл менің сандығымда еді», – деді.

Омар ибн әл-Ас оның сөзін, әйелдің сөзін айтып берді. Нажаши жаңағы адамды ұстауға әмір берді. Оң аяғына ұрды. Екіге бөлініп, өлді. Омар ибн әл-Ас қарабет болып келді. Алайда Жағфарды құрметтеп, көп мал-дүние беріп қайтарды. Нажаши өлген уақытта Жебірейіл келіп: «Ей, Мұхаммед, бауырың Нажаши өлді. Тұрып, жаназа намазын оқы», – деді. Содан кейін Жебірейіл қанатын жайды, арадағы үйлер, таулар, сарайлар, ағаштар бәрі ортадан кетті. Жазық болды. Расул (ғ.с.) Нажашидың жаназасын алыстан көрді, намазға тұрды. Жебірейіл ілгері шықты, Расул (ғ.с.) сахабалармен бірге ұйып, намаз оқыды. *«Уаллаһу ә'ләму бис-сәуаб»* («Дұрысын Алла жақсы біледі»).

АЙША (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) НЫҢ ИФК ОҚИҒАСЫ

Абдулла ибн Аббас (Алла одан разы болсын) Айшадан: «Ифк оқиғасы қалай болды?», – деп сұрадым, дейді. Айша (Алла одан разы болсын): «Расул (ғ.с.) ғазауатқа шықса, әйелдерінің бірін жеребе тастап немесе кезекпен алып кететін. Кезек маған келген кезде үш рет дабыл қағатын еді. Алғашқы ұрғанында қара малды (сапарға) дайындайтын еді. Екіншіде, жүк артатын. Үшіншіде, аттанатын еді. Алғашқы дабыл қаққанда далаға шығып, дәрет алып қайтып келдім. Күймеге кіріп, қолыммен мойнымды сипадым. Дәрет алған жерде мойнымдағымды ұмытып қалдырыппын. Қайта шығып, дәрет алған жерге бардым. Болып, қайтып жұртқа келдім. Жүк артқандар күймеге кіргенімді көргенімен, шыққанымды көрмеген еді. Мен жұртта қалып қойдым. Расул (ғ.с.) ның әдеті, әр түні күйме жанына келіп, бір не екі рет мені сұрайтын еді. Сол түні мені сұрамаса, қосынды түсір дейтін. Қосын арасында түсетін жер емес, түсетін уақыт емес деген сөз тарады. Түсті. Таң атқан уақытта Жаратушы Алла таяммум аятын жіберді. Расул (ғ.с.) ның қосынында Сафуан ибн Муғтал деген мықты бір адам бар еді. Желмая мініп жүретін. Қосын қонған жерден қозғалса, Сафуан күн көтерілгенше тұрып, жұртта қалатын. Бір нәрсе қалып кетсе, соны жиятын. Келіп мені көрді. Мені жылап отыр едім. «Расул (ғ.с.) ның әйелісің бе?» – деді.

«Ия», – дедім. Түйесін шөктіріп, өзі түсті де: «Мынаған мін», – деді. Міндім. Мұрындығын алып жүрді. Қосынға жеттік. Абдулла ибн Убай мұңды қосын жағасына түскен еді. Артық сөйлесе, жарандар есітпеу үшін менің жылап тұрғанымды көрді. Түйені Сафуан жетектеп жүр. Уаллаһи, мұны көрген жоқпын, бұл да Сафуанды көрген жоқ деді. Бұл сөз қосын ішіне тарады. Расул (ғ.с.) әйелдеріне бәрінен мейірімді еді. Мединеге келдік. Жол машақаты мені шаршатты. (Әдетте) мен ауырып қалсам, Расул мені сұрап келіп, шапағат ететін еді. Бұл жерде (жолы) келмеді, сұрамады. Мен оған таңдандым. «Ата-анамның үйіне барайын», – деп рұқсат сұрадым. Оным «неге барасың?» – деп сұрайтын шығар деген едім. (Сонда) «Сен мені сұрамас үшін», – деп айтатын едім.

Расул (ғ.с.) рұқсат берді. Бардым. Мені сұрамады, маған келмеді. Есіктен өтетін болса, біреуіңіз қалайсыз деп өтетін. Әркімнен мен туралы сұрайтын. Бір күні Зейнептен сұрапты. Зейнеп: «Айшамен менің арамда түсінбеушілік бар. Алайда оған жабылған жаланы мен айта алмаймын (яғни жалаға сенбеймін). Мен кішкентай кезінде де, есейген шағында да Айшадан оғаш қылық көрген жоқпын», – депті. Айшаның сіңлісі Хамиядан: «Не болды?» – деп сұраса, (ол): «Мен қайдан білейін», – депті. Әли (Алла одан разы болсын) ден сұраса, Әли: «Йә, Расулулла, көңіліңіз қаламаса, талақ беріңіз, тағы басқа біреуді алыңыз», – депті. (Кейбіреулер) Әли мен Айшаның арасына жік түсуіне осы себеп болып еді дейді. Қоңсылардан сұраса, (олар): «Одан оғаш қылықты іс көрген жоқпыз», – депті.

Айша айтады (жалғастырады): Бір түні Умми Мұстахпен шықтым. Умми Мұстах аяғы тайды. Мұстах опат болсын деп сөкті. «Неге сөгесің?» – дегенімде, «Сен туралы не айтып

жатқанын көрмейсің бе? Айша Сафуанмен бірге (көштің) соңында қалды. Себебі Расул (ғ.с.) нан бұрын Айшаны Сафуан қалайтын еді. Айша болатын еді», – деді.

Айша айтады: Бұл сөзді естігенімде қатты ашуландым. Ауыруым асқынып, үйге кірдім, бетімді бастым. Ата-анама: «Нге маған бұл туралы айтпадыңыздар. Расул (ғ.с.) нан барып кешірім сұрайтын едім», – дедім. Біраз уақыттан кейін Расул (ғ.с.) ға Айша бұл сөзді енді білді, бетін ұрып жылап жатыр деген хабар жетті. Расул (ғ.с.) келді. Үйге кірді, отырды. Әйелдер жылап отыр еді. Расул (ғ.с.): «Бір нәрсе болған болса маған айт, адамзат күнәсіз болмас», – деді.

Айша айтады: Қайғыдан Жақып пайғамбардың атын ұмытып, сөзім жоқ... Айтқан сөзім, Жүсіптің әкесі айтқан «*Фә сабрун жәмил*» («*Әдемі сабыр сақтау*») сөзі болды. Әбу Бәкірдің үй-іші қайғылы еді.

Тағы (Айша) айтады: Бір күні Расул (ғ.с.) келіп кірді. Уахи келетін белгілері жүзінен көрінді. Бір сағаттан кейін секіріп тұрды. «Сенен сүйінші», – деді.

Мен: «Сүйінші сенен бе әлде Алла Тағаладан ба?» – дедім.

Расул (ғ.с.): «Алла Тағаладан», – деді.

Мен: «*Әл-хәмду лилләһи лә йәхмәлук*» («*Аллаға мақтау-мадақ, саған ешкім мадақ айтпас*»), (яғни) «Алла Тағалаға шүкіршілік етемін, саған емес», – дедім. Үш рет айттым.

Тағы (Айша) айтады: Мені бұл қайғыдан құтқарады деп Тәңір Тағаладан үміттеніп едім, алайда мен үшін аят жібереді деп ойламап едім. Жаратушы Алла он сегіз аят Құран ішінде менің пәктігім туралы айғақ келтіреді. Жебірейілден жіберді. «*Иннә әл-ләзинә жәу би әл-ифки усбәтун минкум илә қаулиһи... бұһтәнун 'әзим*» («*Жала мен өсекті шығарған сол адамдар өздеріңнен болған бір топ адамдар... бұл үлкен бір жала*»). Осыны (осы аятты) барлық жерде барша қарилар, барша имамдар михрабта «*Субхәнәкә һәзә бұһтәнун 'әзим*» («*Ей, Алла, Сен пәксің. Бұл үлкен жала*») деп оқиды.

(Деректерде) бұл туралы сөйлеген (адамдар) үш түрлі еді, делінеді. Біріншісі – кәпірлер, жалған сөйлегендер. Екінші – хакилар, яғни естігенін сөйлегендер. Үшінші – ақтап сөйлегендер. Кәпірлерге жаза келді, дүре соғылды. Хакиларға есітсеңдер мүміндер күдіктенетіндей неге айттыңдар деген үндеу келді. Ақтап сөйлегендерге сауап дәрежесі берілді.

(Деректерде) бұл аяттың түсуіне Әбу Айюбтың әйелі Ханна себепкер болды делінеді. Әбу Айюб үйіне қайғылы болып келді.

Әйелі: «Неге қайғылысың?», – деді.

Әбу Айюб: «Неге қайғырмаймын, Айша (Алла одан разы болсын) ны осылай деп жатыр», – деді.

Әйелі: «Уаллаһи, өтірік», – деді.

Әбу Айюб: «Өтірік екенін білемін, бірақ айтып жатыр», – деді.

Әйелі: «Уаллаһи, өтірік. Алайда ант ішу көзімізден алыс», – деді.

Әйелі үшінші рет және (ант) ішіп, уаллаһи, жалған деді де: «Егер білгің келсе, сол күні Сафуанның орнында сен болсаң, Расул (ғ.с.) ның құрметіне осы ойды ойлайтын ба едің?» – деді.

(Әбу Айюб): «Жоқ», – деді.

(Әйелі): «Айшаның орнында мен болсам, мен туралы осылай десе сенетін бе едің?», – деді.

(Әбу Айюб): «Жоқ», – деді.

(Әйелі): «Уаллаһи, Сафуан сенен діндарырақ, Айша менен діндарырақ. Менен, сенен бұл іс келмесе, Айша мен Сафуаннан қалай келсін», – деді.

Хакиларға тыйым келді. «Бұл екеуі ер-әйел ойлағандай, қалай ойладыңдар», – деп Абдуллаға, Мұстаға, Ихсаға дүре соғылды. Бұл Мұстах Айшаның немере бауыры еді, Әбу Бәкірдің үйінде болатын. Үйінен шығарды. Ас, су берілді. Расул (ғ.с.) келіп, Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) ден кешірім сұрады. «*Уә лә йә 'тали улүл-фәзли минкум... илә қаулиһи... әллә тухиббунә ән йәғфираллаһу ләкум*» («*Сендерден болған жақсылар мен дүниесі барлар ант*

ішпесін... Әлде сендер Алланың кешіруін жақсы көрмейсіңдер ме?») деген осы аят түсті. Расул (ғ.с.) Әбу Бәкірді шақырып: «Саған Алла Тағаланың кешірімі керек пе?» – деді.

(Әбу Бәкір): «Керек», – деді.

(Пайғамбар): «Мұстахты кешір», – деді. Кешірді.

РАСУЛ (Ғ.С.) НЫҢ ДҮНИЕДЕН ӨТКЕНІ ТУРАЛЫ

Хабарда келеді: Күндердің бір күні Расул (ғ.с.) таң намазын оқып болған соң, мінберге көтеріліп, сахабаларға үгіт-насихат айта бастады. Содан кейін: «Ей, мұсылмандар, кімнің менде дауы мен ақысы бар?» – деді. Ешкім жауап бермеді. Екінші рет сұрап еді, ешкім жауап бермеді. Үшіншіде Ұкаша деген сахаба тұрып: «Ей, Расулулла, менің бір дауым бар», – деді.

(Расулулла): «Айт», – деді.

(Ол): «Бір күні сапардан келе жатып, түйенің үстінде түйені қамшымен ұрамын дегенде, қамшының ұшы менің арқама тиді. Қатты ауырып еді. Ей, Расулулла, үш рет сұрамағаныңызда мен айтпайтын едім», – деді. Расул (ғ.с.) бөлмеге адам жіберіп, қамшы алдырмақшы болды. Қамшы сұрады. Әйелдер: «Не болды, қандай жерге барады?» – деп қайғырды. «(Расулулла) ешқайда бармайды, алайда Ұкаша кегін алмақшы», – деді. Әйелдер жылады. Қамшыны алып келіп берді. Расул қолына алды. Ұкашаға беріп тұрып: «Мен қалай ұрсам, сен де солай ұр», – деді.

Ұкаша қамшыны алып тұрып: «Бұл кек алу дұрыс емес. Ол күні сіз түйеге мініп бара жатыр едіңіз, мен жерде едім. Үстінен ұрған мен төменнен ұрған бір болар ма?» – деді. Расул (ғ.с.) мінберден түсіп, Ұкашаны мінберге шығарды да: «Ұр», – деді. Сахабалар жылады.

Ұкаша: «Ей, Расулулла, сол күні менің жауырыным жалаңаш еді, қатты ауырды. Киімінді шеш, кек дұрыс алынсын», – деді. Сахабалар арасында қыбыр-сыбыр көбейді. Расул (ғ.с.) киімін шешіп, арқасын жалаңаштады. Сахабалар айқайлады.

Әбу Бәкір: «Ей, Ұкаша, сол қамшымен менің жүзіме, көзіме ұр. Расул (ғ.с.) ның қасиетті денесіне тимесін», – деді. Омар, Оспан және Әли (Алла олардан разы болсын) жылап: «Мені ұр», – деді.

Расул (ғ.с.): «Ей, жарандарым, сендер бәрінің жандарың ашып тұр. Алайда кек менде болса, сендерден өтелмейді», – деді. Содан кейін Ұкаша жауырынын жалаңаш көрген кезде: «Ей, Расулулла, менің мақсатым кек алу емес, жауырыныңыздағы пайғамбарлық мөрін көрсем деп едім. Енді рұқсат берсеңіз, сол мөрді сүйсем, сені кешірдім», – деді. Расул (ғ.с.) рұқсат берді. Ұкаша сүйді. Сахабалардың бәрі қуанып, Ұкашаға жарайсың деді.

(Деректерде) бірнеше күннен кейін қоштасу қажылығы болды делінеді. Түйеге мініп тұрған кезде Расул (ғ.с.) да уахи ауыртпашылығының әсері білінді. Мұһажирлар мен ансарлар айналасында тұрып, уахи тыңдап тұр еді. Расул (ғ.с.) мына аятты оқыды: *«Әл-йәумә әкмәлту ләкум динәкум уә әтмәмту 'әләйкум ни'мәти уә разийту ләкум әл-исләмә динән»* («Бүгін сендерге діндерді толықтырып бердім. Сендерге нығметімді және тура жол көрсететін дін болу үшін, Исламды сендерге лайық көрдім»).

Мұны есітіп кейбір сахабалар қуанды. Сыддық (Алла одан разы болсын) жылады.

«Ей, Әбу Бәкір, неге жылап тұрсың?» – деді.

Сыддық: «Сізге қуаныш күн. Менің білгенімді сендер білгендеріңде қуанбайтын едіңдер. Мұстафаның біздің арамыздан кететінін біліп қойыңдар. Бізді онымен айырылысу сәті күтіп тұр», – деді.

Абдулла ибн Масғұд: «Һижреттің соңғы жылында Расул (ғ.с.) ауырып қалды. Жамағат намазына бара алмады. Әбу Бәкірге: «Барып, сахабаларға имамдық қыл», – деп рұқсат берді. Біләл (Алла одан разы болсын) азан айтты, сахабалар жылады. Расул (ғ.с.) ның ауруы солай болды. Фазыл ибн Аббасқа: «Мені мешітке алып бар», – деді. Бір қолынан Фазыл, екінші қолынан Әли ұстап, мешітке алып барды. Сыддық (Алла одан разы болсын) Расулды көріп,

артқа шегінбекші болды. Расул: «Шықпа, имамдық қыл», – деді. Расул (ғ.с.) Әбу Бәкірге ұйып, намаз оқыды. Бөлмеге қайтты. Күн өтіп, ауруы асқына түсті. Қызыл жүзі сарғайды, гүлдей жүзі солды. Жебірейіл ие секілді үстінде тұрды. Өзірейіл бір бәдәуи араб секілді болып кіріп келді. Тізе бүгіп отырды. Бірте-бірте Расулға жақындап келіп, құлағына сөйледі. Және үйден шықты. Расул (ғ.с.) ның жағдайы ауырлады. Көп өкініп, жылады. Сахабалардың бәрі жылап: «Ей, Расулулла, мына араб кім, сізге не деді? Жағдайыңыз өзгерді», – деді.

(Расулулла): «Ей, жарандарым, құрметті достарым, ол келген Мәләку әл-мәут (өлім періштесі) бауырым Өзірейіл. Бауырым Жебірейіл де келіп тұр, маған: «Үмметіңе сәлем айт, пайда үшін иманды қолдан бермесін. Шайтанды, қу нәпсіні қусын, күдік пен шірікке бой алдырмасын. Пәк иманға берік болсын, өлімді ұмытпасын. Іштарлық пен көрсеқызарлықтан аулақ болсын, шарифат шарттарын толық орындасын. Дүниеге көңіл бермесін, Тәңір Тағаланың жарлығын құрметтесін. Ұл-қызға ас – нан атасы болмасын, дін Исламның атасы болсын. Жауыз іс пен (жаман) жолдастан аулақ болсын. Бес намазды толық орындасын. Құлдың көңіліне карап, дәруіштерге мейірімді болсын. Әлсіздерді аясын, қайғы-мұңдыларға көмектессін. Өлімге дайын болсын, қиямет ісін бітірсін», – деп жатыр деді.

Сахабалар қатты жылады. Расул (ғ.с.): «Ей, сахабалар, мен сендерге пайғамбар едім», – деді.

(Олар): «Ей, әлемдердің шырағы, сен бізге ата-анадан да жақын едің. Халықты шарифатқа шақырдың, үмметке парыз бен сүннетті үйреттің. Жетімдерге әке болдың, әлсіздерге болыстың. Мұһажир мен ансарларды тәрбиеледің. Адамзат пен періні құзыретке шақырдың. Жолсыздарға жол көрсеттің, адасқандарды тураладың. Шыншылдарға шарифат гауһарын бердің, шірік пен фитна туын жерге аттың. Әлемді іліммен жарыттың. Шайтанды әділдікпен қудың. Мұғжизалар көрсеттің: айды саусағыңмен бөлдің, қолыңдағыларды тілге келтірдің, қураған ағашты жасарттың, жеміссіз ағашқа дұғамен жеміс салдырттың, майда тасты тәспіге келтірдің, тамұққа бара жатқандарды қайтарып, жұмаққа кіргіздің», – деп еңіреп жылай бастады. Үш күннен кейін өлім періштесі (Өзірейіл) және келді. Расул (ғ.с.) Айшаның тізесіне басын қойып жатыр еді. Фатима, Хасан және Хусейн қасында отыр еді. Жан алушы (періште) есікке келіп, құрметпен: *«Әссәләму ‘әләйкум йә әһлә бәйтин нубууәти уә әр-рисаләти. Әссәләму ‘әләйкум йә әһлә бәйти әл-мәсәләти уә әл-жәләләти. Әссәләму ‘әләйкум йә әһлә бәйти әл-мурууәти уә әл-кәрамәти. Әссәләму ‘әләйкум йә әһлә бәйти әл-футууәти уә әс-сәләмәти. Әссәләму ‘әләйкум йә әһлә бәйти әл-‘иззәти уә әс-сәдәти. Әссәләму ‘әләйкум йә әһлә бәйти әл-мәрхәмәти уә әс-сә’дәти»* («Ей, пайғамбарлық және елшілік үйінің иелері, сендерге Алланың сәлемі болсын! Ей, адамдар мұқтаж болатын және ұлылық үйінің иелері, сендерге Алланың сәлемі болсын! Ей, адамзат және бақытты үйдің иелері, сендерге Алланың сәлемі болсын! Ей, ізгілік және сейіттік үйінің иелері, сендерге Алланың сәлемі болсын! Ей, мейірім мен бақыт үйінің иелері, сендерге Алланың сәлемі болсын!»), – деп, – Кіруге рұқсат па?» – деді.

Айша (Алла одан разы болсын): «Мына арабқа айтыңызшы, кіретін уақыт емес. Расул (ғ.с.) ауырып жатыр», – деді. Екінші рет ізет-құрметпен кіруге рұқсат сұрады. Расул (ғ.с.) Өзірейілдің дауысын танып: «Ей, Айша, сөзбен қайтатын адам емес, іс бітірместен қайтпайды. Араб емес, Өзірейіл, кірсін», – деді. Кіріп сәлем берді.

Расул (ғ.с.): «Неге келдің?» – деді.

Өзірейіл: «Құзыреттен Мұхаммедке бар, рұқсат берсе, жанын ал деді. Рұқсат бермесе, қайтып кел деді. Енді рұқсат берсең, жаныңды аламын, бермесең қайтамын», – деді.

Расул (ғ.с.): «Ей, Өзірейіл, жанды бүгін алмасаң, еш болмаса ақыретте аласың ба?» – деді.

(Өзірейіл): «Аламын», – деді.

(Расулулла): «Олай болса, іске кіріс», – деді.

Өзірейіл жан алуға кірісті. Расул (ғ.с.) оңнан-солға, солдан-оңға қозғала бастады. Қасиетті денесі әлсізденді. Құтты көңілі мұңайды. Жүзі сарғайып, балдай тілі сөзден қалды. Әдемі көздерінен тамшылап жас тама бастады. Әлсін-әлсін тілі қозғалып: *«Йә мән ләм йәнәм ‘әлә әл-*

уәсири уә ләм йәлбәси әл-хәрира уә ләм йәшбә' мин хубзи әш-шә'ир» («Ей, бір рет те жұмсақ орынға жатпаған, бір рет те жақсы киім кимеген және бір рет тойып арпа нанын жемеген адам»), – дейтін. «Тәңірім, мені дүниеден туралықпен шығар, топыраққа туралықпен кіргіз және қиямет күні топырақтан туралықпен тұрғыз», – дейтін. Бәрі айналасына жиылды, Хасан мен Хусейн (Алла олардан разы болсын) басын иіп жылады. Фатима (Алла одан разы болсын) жылап: «Ей, жұмсақ төсекте жатпаған, ей, бағалы киім кимеген, ей, арпа нанына тойып жемеген», – деп жылайтын. Үй ішінен: «Уә шәуқа 'әлә фирақи расулилләһи» («Расулуладан айырылуға қалайша шыдап болады!») деген дауыс келді. Расул (ғ.с.) әр сағат сайын қолын суға салып, көкірегіне қоятын. «Аллаһуммә хәууин 'әләйнә сәкәрати әл-мәут» («Ей, Алла, бізге жан шығар уақытты жеңілдет»). «Тәңірім, жан беруді Мұхаммедке оңайлат», – дейтін. Жан көкірегіне жеткен уақытта: «Ей, Әзірейіл, бір сағат тоқтай тұр, жан беруді оңайлат», – дейтін.

«Ей, Әзірейіл, бұл күннен қияметке дейін менің үмметтеріме жан ащылығы бар болса, сол ауыртпашылықтарды маған бер. Сол қиындықтар маған болсын, үмметтеріме болмасын».

Әзірейіл: «Ей, Расулулла, мен сенің жастығыңда отырғалы бері Алла Тағаладан жетпіс рет жарлық келді. Досым Мұхаммедке мейіріммен қара. Жанын ақырын ал, басқалардан алғандай алма деп жатыр», – деді.

Сол сәтте Айша Сыддық (Алла одан разы болсын) жылап Расул (ғ.с.) ға жабысып: «Олармен кашанғы сөйлесесің, менімен де сөйлес. Жеті жасымда саған қосылдым, енді жасым жиырмаға толмай жатып қасиетті жүзіңнен айырылғалы тұрмын. Ей, әзіз жаным, сенен айырылу ащылығы барша әлемге қаншалықты болса, жалғыз маған одан да артық. Басқалардың етегі күйеді, менің тәнім, жаным күйеді», – деді. Сол кезде Фатима (Алла одан разы болсын) Расул (ғ.с.) ның жүзіне қарап: «Ей, әлем қуанышы, ей, сүйіктілер махаббаты, ей, ынтықтар сүйеніші, ей, үмметтер сенімі, ей, күнәһарлар сүйеніші, ей, адамзаттың дәулеті, ей, әлемдегілер мейірімі, ей, Хақтың ғашығы, ей, халықтың шапағатшысы, мен сенсіз михраб пен мінберді қалай көремін», – деп жылап жатқанда, Әли (Алла одан разы болсын) жұбататын еді. Расул (ғ.с.): «Ей, Әли, Фатиманы жұбатпа, мендей әкенің сағынышымен жыласын. Қыздың жылауы әкелер үшін орны бар», – деді. Сол кезде барша сахабалардың жылаған дауыстары шықты. Расул (ғ.с.) ның жаны тамағына келген кезде көзін ашып: «Ей, Әзірейіл, біраз сабыр сақта, бауырым Жебірейіл келсін. Соңғы рет дидарын көріп қалайын», – деп тоқтап тұрғанда Жебірейіл келді. Жетпіс мың жақын періштелермен жылап кірді.

Расул (ғ.с.): «Қайдасың, ей, бауырым Жебірейіл, бауырлар бүгін керек болар», – деді.

Жебірейіл: «Ей, әлем мақтанышы, жеті қабат көктің періштелері саған аза тұтып тұр еді, солармен қалып қойдым», – деді.

Расул (ғ.с.): «Ей, Жебірейіл, бұл жолы не хабар алып келдің?» – деді.

Жебірейіл: «Көктер есігі, жұмақтар есігі ашылды. Хорлар биікке көтеріліп, беттеріндегі ниқапты ашып, қолдарында нұрдан табақтар алып, сенің қасиетті жаныңды көрейік деп күтіп тұр», – деді.

Расул (ғ.с.): «Ей, бауыр, мұны сұрап тұрған жоқпын. Менен кейін Жаратушы Алла менің әлсіз күнәһар құлдарыммен қандай мәміледе болатынын сұрап тұрмын», – деді.

Жебірейіл қайтып, бір сағаттан кейін қайта келді де: «Ей, барша патшалықтардың қожасы, Хақ Тағала: «Ей, менің досым, үмметіңді уайымдама, Мұсаның таяғы Ферғауын сахарасын қылғандай сенің үмметтеріңнің ерін қимылдатуымен сондай амал етемін. Бір аса таяқ атумен барша күпір, сиқыр және іріткі жоғалды. Бүгін сенің бір ерін қимылдатуыңмен барша күнәһар үмметтеріңнің дәптерлерін мейірім суымен жуып тазартамын. Сол күні Мұса анасына: «Әлқиһи фи әл-йәмми уә лә тәхәфи уә лә тәхәни иннә раддуһу иләйки уә жә'илуһу мин әл-мурсәлин» («Оны дарияға таста, қорықпа, ренжіме, Біз оны саған қайтарамыз және елші пайғамбарлардан етеміз») дегеніндей.... Яғни бүгін ұлыңды теңізге таста, қорықпа, қайғырма. «Сәллими иләйиә сәбийән усәллиму иләйки нәбийән» («Оны маған сәби уақытында тапсыр, Мен саған пайғамбар етіп қайтарамын»). Бүгін жас сәбиді бізге бер, жас пайғамбар етіп саған

(қайтарып) берейік дедік. Сен де бүгін үмметінді бізге бер, ертең бәрін жарылқап, тазалап саған берейік» деп жатыр», – деді.

Айша (Алла одан разы болсын): «Расул (ғ.с.) кейін сөйлемей қалды. Қарасам, тілі қозғалып тұр екен. Құлақ тосып тындасам: «*Әс-салату уә мә мәләкәт әймәнүкум*» («... намаз бен қол астыңдағы нәрселер»), (яғни) «Намазды тастамаңдар, құлға мейірімді болыңдар» деп жатыр екен», – деді.

Соңғы өсиеті сол болды. Дүниеден өтті. Қырық жасында уахи келді, алпыс үш жасында раббигул әууәл айының он үшінде дүйсенбі күні дүниеден өтті. Бейсенбі күні топыраққа кірді. «*Иннә лилләһи уә иннә иләһи ражи'ун*» («Әлбетте біз Алладанбыз және Оның қасына ораламыз»).

Мақсат мынау: Бұл дүниеден ер қалай өтсін... Жаратушы Алла әлемді, адамды соның достығы үшін жаратты «*Ләу ләкә ләмә хәләқту әл-әфләк*» («Егер сен болмағаныңда, болмысты жаратпаған болар едім»), әлемдегілердің мейірімі еді «*Уә мә әрсәлнәкә рахмәтән лил-әләмин*» («Біз сені әлем үшін тек мейірім болсын деп жібердік»). Жаратқан Алланың сүйіктісі, елдің емшісі, Арсы оның аяғының басы, Кәусар оның жолы, Ризуан оған қақпашы, періштеден Арсыға дейін бір адамдық, «Лә әмрукә» тәжді, «Ләу ләкә» жағалы. Адамнан Исаға дейін барша пайғамбарлардың келетінін сүйіншілеген, айдың бөлінуіне саусағымен ишара жасаған, сегіз жұмақтың иесі..., екі қайын атасы Әбу Бәкір мен Омар және екі күйеу баласы Оспан мен Хайдар (Әли). Бұл фәни дүние оған опа болмады, онымен жараспады, сенімен жараса ма? Көңілді үз, ақыретке байла. Өтер дүниені қой, жұмақ жаққа ұш, пәк хорларды көр. Кәусар шәрбатын іш, жұмақ пырағын мін.

Өлең:

Осы дүние ішінде көрдім бас-аяқ толған айқай(ы),
Тындап тұрдым бәрін, жас дауыс мұңды сондай.
Дүние екен бір өткінші, бағасы жоқ еш оның,
Пайдасы жоқ сол мал секілді, одан артық сасығы.
Бұл өлексе төңірегінде көргенімде сонша көп,
Иттер ұрысып таласады бір-біріне болып жау.
Ең соңғы иттер олар қалар арам сасық ет,
Бұдан артық емес екен осы дүние тәттісі.
Не екен топырақ астына кең жаһанға симаған,
Тар лахад ішінде жатады оранып әтілес, ағы.
Мұстафаға опа дүние қылмады, көргін опа,
Тиді ақыры тазаға бұ өлімнің ащысы.
Рабғұзи Насир тынба түнде-күндіз еңіреп,
Сайра, тәтті тіліңнен сөз шығар, сөздер сыйы (н).

ӘБУ БӘКІР СЫДДЫҚ (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) ТЫҢ ДҮНИЕДЕН ӨТКЕНІ

(Деректерде) Расул (ғ.с.) дүниеден өткен соң сахабалар халифалықты Әбу Бәкірге лайық көрді делінеді. Халифалыққа отырғаннан кейін күн сайын мұңая берді. Бір күні Айша: «Ей, әке, неге мұншалықты мұңайдың?» – деді.

(Әбу Бәкір): «Ей, Айша, Мұхаммед Расулулланы сағынғанымнан осындай болдым», – деді.

Екі жарым жыл халифа болды. Күнде Бәйт ул-малдан (қазынадан) екі ақша еңбекақасы еді. Оны жұмсамастан жиятын. Ауруы асқынған уақытта Айшаға беріп: «Менен кейін мынаны Омарға бер, ал», – деді. Әбу Бәкір: «Мынау мұсылмандардың ақысы, оларға жеткіз. Қаншалықты мұқтаж болсам да, жұмсамадым», – деді.

Әбу Бәкірден кейін сол ақшаларды Омарға алып келді. Омар жылап: «Ей, Сыддық, бердің, қияметке иман қорқынышы осылай бола тұра ауыр жүкті маған жүктедің», – деді.

Кейін Айшаға: «Исламды қабылдаған күні бір жамылғыштың ішінде едім. Өлсем, сол жамылғышты кебін қылыңдар. Жаратушы Алладан қорыққаннан жыладым, көз жасым сол жамылғышқа көп ақты. Ей, Айша, мен Мұхаммед Расулуллаға барамын, сөзің бар ма?» – деп өсиет айтты.

Айша жылап: «Ей, әке, менің сәлемімді Расулға жеткізіп: «Ей, Расулулла, сенсіз жалғыз қалдым, қашан қауышамын деп айт», – деді. Және: «Ей, Айша, қашан жаным шыққан уақытта, (оларға) айт, мені Расулдың жанына алып барсын. Біреу Расулдың раузасына (бақшасына, яғни жатқан жері) кіріп, сәлем берсін. «Ана үңгірдегі жолдасыңды алып келдік, кіре берсін бе?» – деп айтсын. Рауза ашылса, мені сонда қойсын. Ашылмаса, Бақиғ қабірстанына апарып, ғаріптердің қасына көмсін», – деді. Осы өсиеттерді айтты. Кәлима айтып, жан тапсырды. Сахабалар аза тұтып, намаз оқыды. Рауза есігі ашылып, раузадан «*Әдхилу әл-хәбибә илә әл-хәбиби фә иннә әл-хәбибә илә әл-хәбиби муштәқун*» («Досты досқа алып келіңдер. Себебі дос досты көруге ынтық») деген дауыс шықты. «*Мунфи 'укә бил-бәби, хәбибукә бил-бәби, сахибукә бил-бәби, сихрукә бил-бәби, хадимукә бил-бәби*» («Саған пайдасы тиетін адам есікке келіп тұр, сенің досың есікке келіп тұр, сенің жолдасың есікке келіп тұр, сенің қайын атаң есікке келіп тұр, сенің қызметкерің есікке келіп тұр»), – деп Расул (ғ.с.) ға сәлем берді. Расул (ғ.с.) ның тұсынан орын білдірді. Жағымды иіс шықты. Әбу Бәкірді қабірге қойған уақытта екі қол раузадан шығып, Әбу Бәкірді құшып алды. «*Иржи 'у фә қад уәсәләл-хәбибу илә әл-хәбиб*» («Ей, адамдар, қайтыңдар, расында дос доспен қауышты»). Яғни біліңдер, дос досқа қауышты деп. Кімде-кім солай тірілсе, өлімі де солай болады. Тәңірім, Әбу Бәкірдің турашылдығының құрметі, соңғы демде иман нәсіп ете көр! «*Әмин рабби әл-әләмин*» («Әлемдердің Жаратушысы, қабыл ете гөр»).

ОМАР (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) ДЫҢ ШАҒИД БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

Омар ибн әл-Хаттаб (Алла одан разы болсын) халифалыққа отырған уақытта Тәңір Тағала жолында біраз теңдік орнап, исламдықтар арасында жеті жүз мінбер тұрғызылды. Өзі тірі кезінде қойға бөрі шаппады. Омар (Алла одан разы болсын) дүниеден өткен күні бір отар қойға бөрі тиді. Қатты дауыстап: «*Иннә лилләһи уә иннә иләйһи ражи 'ун*» («Әлбетте біз Алладанбыз және Оның қасына ораламыз»), – деді.

«Не болды?» – деді.

«Омар (Алла одан разы болсын) дүниеден өтті», – деді.

«Қайдан білдің?» – деді.

«Бүгінге дейін қойға бөрі тимейтін еді, бүгін тиді. Омардың дүниеден өткенін білдім», – деді.

(Кейбіреулер) Омар (Алла одан разы болсын) базарда жүретін еді дейді. Муғира ибн Шұғбаның Әбу Луғлуғ деген христиан құлы бар еді, қарсы (алдынан) шығып: «Ей, Омар, мені Муғирадан құтқар, маған жылдық салық салады. Және күнде менен екі күміс алады», – деді.

Омар: «Қандай өнесә`ерің бар?» – деді.

(Ол): «Теміршімін, наққашпын, ағаш ұстасымын», – деді.

Омар: «Бұл өнермен екі күміс болмайды. Және мен жел диірменін құрады деп есіттім. Сен маған жел диірменін құрып бер», – деді.

Әбу Луғлуғ: «Мен тірі болсам, бір жел диірменін құрамын, күншығыстан күнбатысқа дейін таңданады», – деді.

Омар қайтып: «Бұл құл мені қорқыта сөйледі», – деді.

Ертесіне Кәғб әл-Әхбар келіп: «Ей, Омар, сенің өміріңе үш күн қалды», – деді. «Қайдан білдің?» – деп еді, Кәғб әл-Әхбар: «Тәураттан солай көрдім», – деді.

Омар: «Менің атым Тәуратта бар ма?» – деді.

(Ол): «Атың жоқ, алайда сипатың бар», – деді.

Екінші күні және келіп: «Екі күн қалды», – деді. Үшінші күні келіп: «Таң атқанша бір күн қалды», – деді. Үшінші күні келіп: «Бітті», – деді.

Омар (Алла одан разы болсын) ерте тұрып таң намазына барды. Мешітке кіргенде Әбу Луғлуғ кірді, қолында екі ұшты қанжары бар. Омардың кіндігінен төменірек сұқты. Омар құлады.

«Әбдірахман мұнда бар ма?» – деді.

«Бар», – деді.

«Имамдыққа өт», – деді.

Әбдірахман имамдық қылды. Содан кейін Омарды үйіне алып барды. Әбдірахманға: «Мені кім пышақтады, кара», – деді.

Әбдірахман: «Сені Әбу Луғлуғ пышақтады», – деді.

Омар: «*Әлхәмду лилләһи әл-ләзи ләм йәж'әл мәйтәти бийәди ражулин сәжәдә лилләһи сәжәдәтән уәхидәтән*» («Менің өлімімді бір рет те сәждеге басын қоймаған адамның қолынан жасаған Аллаға мадақ болсын!»), яғни «Менің өлімімді мұсылмандардың қолынан қылмаған Тәңірге шүкір», – деді. Содан кейін: «Менің ісім бітсе, мені Расул раузасына алып барып: «Ей, Расулулла, мына күнәһарды алып келдік, рұқсат па?» – дендер. Рұқсат болса, қойыңдар, болмаса, Бақиғ қабірстанына алып барып көміңдер», – деді. Біраздан кейін жағдайы нашарлаған уақытта: «Мен өтсем, жүзімді сүртіндер. Мені бір кебінге орандар, кебінім ішінде бос қылмаңдар. Егер Алла Тағала менен разы болса, сол кебінде қоймайды, жұмақ киімдерін кигізеді. Разы болмаса, сол кебінді менен шешіп, тон кигізеді», – деді де: «Лахадымды мен жатқанша қазыңдар. Егер Жаратушы Алла разы болса, лахадты кеңітіп жарылқайды. Егер менен разы болмаса, лахадымды тар етеді, аяқтарыма жабысады. Жаназамды көтергенде үйіме тез жеткізіңдер. Жақсылардан болсам, тезірек жеткізіңдер, жауыздардан болсам, тезірек құтылыңдар. Жаназамда әйелдер жыламасын. Мені мақтама-сын», – деп өтті.

ОСПАН (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) НЫҢ ШАҢИД БОЛУЫ

Оспан халифа болған уақытта Абдулла ибн Әби Шурайхты Мысырға әкім етіп жіберді. Екі жылдан кейін мысырлықтар одан шағымданып келді. Оспан (Алла одан разы болсын) қатты сөздер айтып жіберді. Абдулла ибн Шурайхаға ұнамады. Оспаннан келгендерді ұрды. Мысырдан жеті жүз ер адам аттанды. Келіп, мешітке кірді. Талха Оспанға кіріп, қатты сөздер айтты. Әли (Алла одан разы болсын) кіріп: «Бұлар басқа біреуді қалап жатыр», – деді де: «Мұхаммед ибн Әбу Бәкірді қалап жатыр», – деді. Оны әкім қылды. Бірнеше мұһажир мен ансарды жиып: «Мысырлықтар не деп жатқанын көріңдер», – деді. Мұхаммед ибн Әбу Бәкір үш күндік жерге барған уақытта түйеге мініп үйіне бара жатқан бір қарауылды көрді.

«Қайдан келдің, қайда барасың, кімнің құлысың?» – деп сұрады.

«Оспанның құлымын. Мысырдың үлкеніне (басшысына) бара жатырмын», – деді.

«Мысырдың үлкені бізбен бірге», – деді.

«Мен оған келген жоқпын», – деді.

Мұхаммед ибн Әбу Бәкірге хабар жеткізді. Адам жібертіп алдыртты.

«Кімнің құлысың?» – деп сұрады.

«Оспанның құлымын, – деді де, – Жоқ пәленшенің құлымын», – деді және.

«Кімге бара жатырсың?» – десе, «Мысыр бегіне бара жатырмын», – деді.

«Неге бара жатырсың?» – десе, «Сөзім бар», – деді.

«Хат бар ма?» – десе, «Жоқ», – деді.

Сұрады, хат болмады. Жасырулы су ыдысы бар еді, бос болатын. Соны алып шайқап көріп еді, еш нәрсе білінбеді. Пышақпен жарып көріп еді, (ішінен) Оспанның Абдулла ибн Әби Шурайхаға жазған хаты шықты. Мұхаммед ибн Әбу Бәкірге айтып еді, «Өлтір, хатты жырт», – деді. Мысырға сен, бізден хабар болмайынша, бізге шағым айтушыны жіберме. Осы хатты оқып, қорықты. Мединеге қайтты. Хатты Мединеге жіберді. Әли, Талха, Зубәйр және Сур жиылып, хат пен түйені алып барды. Оспаннан: «Мына құл сенікі ме? Түйе сенікі ме?» – деді.

(Оспан): «Ия», – деді.

«Хат сенікі ме?» – деді.

«Жоқ», – деді. «Мен жазған жоқпын, ешкімге хат жібермедім. Білмеймін. Құлды Мысырға жіберген жоқпын, алайда хатты Маруан жазды», – деп ант ішті.

(Олар): «Маруанды бізге берсін. Хат туралы сұрайық. Расул сахабасын жөнсіз өлтіру дұрыс болар ма? Оспаннан босатайық, Оспан тілінен болса, жарағын көреді», – деді.

Маруанды сұрады, өлтірмесін деп, Оспан бермеді. Оспанның сарайын қоршап алды, су бермеді.

Оспан: «Бұл жерде Әли бар ма?» – деді.

«Жоқ», – деді.

«Сағд бар ма?» – деді.

«Жоқ», – деді.

«Біреу Әлиге хабар берсін, бізге су берсін», – деді.

Әлиге хабар жеткен кезде үш ыдыс су жіберді, бермеді. Ортада көп адамдар бастық болды. Содан кейін Оспанға жалғасты. «Оспанға қастандық қылды» деген Әлиге хабар жетті. Хасан мен Хусейнге қылыш беріп: «Оспанның сарайын сақтаңдар, ешкім кірмесін», – деді. Зубәйр мен Талха және бірнеше сахабалар да ұлдарын жіберіп: «Маруанды берсін», – деді. Көп адам Оспанның сарайына қарай ағылды. Мұхаммед ибн Әбу Бәкір мен Мысыр халқы қорықты. Хасан мен Хусейн ортада болса, алауыздық өрши түсер деп оқ атты. Маруанға сұрады. Хусейн (Алла одан разы болсын) сарай қақпасында қанды болды (жараланды). Мысырлық қатты қорықты. Ақылдасты. «Көрмейтін жерден сарайды сұрап кірейік», – деді. Барша халық сарайға ағылды. Біреуі ансарлық еді, соның үйіне кіріп тамақ сұрады. Оспан сарайға кірді, Оспанды өлтірді. Сол кірген жерден және қашып шықты. Әйелі қатты айқайлады. Ешкім естімеді. Әйел үй үстімен барып, Оспанның жағдайын айтып барды. Хасан мен Хусейн және басқа сахабалар кірді. Оспан (Алла одан разы болсын) ның бауыздалып жатқанын көрді. Мұсхаф (Құран) алдында ашық жатыр. Бір тамшы қан *«Фә сәйәкфикәһумуллаһу уә һуә әс-сәми'у әл-'әлим»* («Олардың жамандығын сенен алыстатуда Алланың өзі жеткілікті. Ол әр нәрсені білуші һәм есітуші») деген аятқа тамыпты.

Риуаят етеді: Қалаба айтады: «Шам аймағында едім, *«Йә әууәһ ән-нәр»* («От азабынан...») деген дауыс естідім. Барып едім, екі қолы иығынан кесілген, екі аяғы түбінен шабылған, көзі соқыр біреуді көрдім. «Кімсің, мына не жағдай?» – деп сұрадым. (Ол): «Оспанды өлтіргелі кірдік. Мен Оспанды ұстамақшы болып едім, әйелі айқай салды. Мен оны бір қойдым. Оспанның көзінен жасы ағып маған қарап: «Неге бұлай жасап жатырсың? Тәңір Алла екі қолыңды, екі аяғыңды алсын және көзіңді соқыр етсін. Мәңгі тамұқта қал», – деп дұға жасады. Көңіліме қорқыныш түсіп, ол жерден қашып, мұнда келдім. Біреу келіп, қолым мен аяғымды осылай жасады. Оспанның дұғасы орындалды. Енді сол мәңгі тамұқта қалсын деген дұғасынан қорқып, мұнда ыңырсып жатырмын», – деді.

(Деректерде) Оспанды қырық күн-түн, тағы бір деректе он сегіз күн сарайда қоршап ұстады дейді.

Кәсир ибн Сәлда: «Сол кезде Оспанға кірдім. Маған: «Ей, Кәсир, мен өлемін», – деді.

Мен: «Қайдан білдің? Мүмкін, Алла Тағала көмектесер», – дедім.

(Оспан): «Мен Расул (ғ.с.) ды түсімде көрдім, Әбу Бәкір мен Омар маған, бір түні оразаны бізбен аш деді», – деді.

Оспан ораза еді, ақшам болғанда су бермеді, осылайша оразасын үзді. Найла деген әйелі түн ішінде біраз су тапты. Оспанды шақырып: «Су таптым, аузыңды аш», – деді.

Оспан: «Түсімде Расулды көрдім, маған жұмақ жағасынан су ішкізді. Маған дүние суы керек емес», – деді.

Ертесіне айқай-шу көтеріліп, Оспанның құлдары қылыш алып ұрыспақшы болғанда, Оспан (Алла одан разы болсын): «Сендерден кімде-кім қылышын қынына салса, менен азат», – деді. Бәрін қайтарды.

Әбу Хурайра (Алла одан разы болсын) айтады: «Мен, ей, мұсылмандар әмірі, өзіңді осындай өлімге қидың ба? – дедім.

(Оспан): «Ей, Әбу Хурайра, мен үшін басқалардың өлгенін қалайсың ба?» – деді.

Біраздан кейін кірді, сақалын ұстап бауыздады. Мұсхафты (Құранды) алдына қойып, оқып жатыр еді. Пышақ тамағына тиіп, шаһид болды. Сарайдың төрт бұрышынан: «*Әбишир йә ‘Усмәну бираббин гәйра исәйн*» («Сүйінші болсын, ей, Оспан, Жаратушыңа әсте күнә жасаманың») деген дауыс естілді. Екінші бұрышынан: «*Әбишир йә ‘Усмәну бирахәтин уә райхән*» («Сүйінші болсын, ей, Оспан, рахат және райханмен») деген дауыс келді. Үшінші бұрышынан: «*Әбишир йә ‘Усмәну бижәннәтин уә бустән*» («Сүйінші болсын, ей, Оспан, бақ-бостанмен») деген дауыс келді.

Хасан (Алла одан разы болсын) риуаят етеді: Расул (ғ.с.) ды түсімде көрдім, қолын Арсыға ұрып тұр екен. Әбу Бәкірді көрдім, қолын Расулға ұрып тұр екен. Омарды көрдім, қолын Әбу Бәкірге ұрып тұр екен. Олардың алдында қан көрдім. «Мына не қылған қан?» – деп сұрадым. «Оспанның қаны, зәрін сұрайды», – деді.

(Деректерде) Оспанның әйелі айқай салғанда, Хасан және Хусейн (Алла олардан разы болсын) мен бірге бірнеше сахабалар кіріп келді. Оспанның бауыздалып жатқанын көріп, жылады. Басқалар да көрді. Сондай-ақ Әли, Талха, Зубәйр, Сағд (Алла олардан разы болсын) және Медине халқы кіріп, көрді. «*Иннә лилләһи уә иннә иләйһи ражи’ун*» («Әлбетте біз Алладанбыз және Оның қасына ораламыз»), – деп шықты. Әли (Алла одан разы болсын) ұлдарына (қарап): «Сендер сарай есігінде болсаңдар, Оспанды қалай өлтірді?» – деп Хасанды бір қойды, Хусейннің көкірегін бір соқты. Жолсыз, айғақсыз Расулдың халифасын қалай өлтіретін еді.

Әли үйіне келді. Барша сахабалар Әлиге жиылып: «Ей, мұсылмандар әмірі, сен қолыңды бізге бер, байғат етейік», – деді.

Әли: «Бұл сөз бізге емес. Әһлі Бәдір кімді қаласа, халифа сол болады», – деді. Бәдірдің бәрі Әлиге келіп: «Сенен басқа ешкімге лайық емес», – деп байғат берді. Әли (Алла одан разы болсын) мешітке кіріп, мінберге көтерілді. Байғат біткен уақытта мінберден түсті. Халықты шақырды, қорқып қашты. Әли Оспанның әйеліне келіп: «Оспанды кім өлтірді?» – деп сұрады. Оспанның әйелі: «Кім екенін білмеймін, екеу кірді. Мұхаммед ибн Әбу Бәкір олармен бірге еді», – деді. Оны шақырды, келді. Сұрап еді, (ол): «Өтірік айтады, мен кірмедім, өлтірмедім», – деді. Әйелі: «Дұрыс айтасың, өзі кірмеді, оларды кіргізді», – деді.

(Деректерде) Оспан сол халде халыққа: «Мені не үшін өлтіресіңдер?» – деді дейді. Расул: «*Лә йәхиллу дамум ри’ин иллә мин сәләсин: ражулун қатәлә әмдән фә ‘әләйһи әл-қауәду, әу зәнә бә’дә ихсәниһи фә ‘әләйһи әр-ражму; әу иртәддә бә’дә исләмиһи фә ‘әләйһи әл-қатлу. Фә уаллаһи мә қатәлтү нәфсән фә әқудә уә мә зәнәйтү фи әл-жәһилийәти уә лә фи әл-исләми уә лә иртәдтү мунзу әсләмтү уә инни әшһәду ән лә иләһә иллаллаһу уә әшһәду әннә Мұхаммәдән ‘әбдуһу уә расулуһу*» («Біреудің қанын төгу тек үш жолмен ғана дұрыс болады. Бір адам біреуді әдейі қастандықпен өлтірсе, кейін оған қан (құн) қажет болады (яғни өлтіріледі). Бір адам пәк жүргеннен кейін зина (ойнастық) жасап қойса, оны тасборан ету қажет болады.

Егер бір адам Исламға кіргеннен кейін діннен қайтып, мұртад болса, онда оны өлтіру қажет болады. Құдайға шүкір, мен біреуге қан (ақысын) төлейтіндей ешкімді өлтірген жоқпын, жәһилиет заманында да, Ислам дәуірі кезінде де зина (ойнастық) жасаған жоқпын және иман келтіргелі бері діннен шыққан жоқпын. Мен Алладан басқа тәңір жоқтығына куәлік беремін және Мұхаммед Оның (Алланың) құлы һәм елшісі екендігіне куәлік беремін», – деп жарылқады.

МҰСЫЛМАНДАР ӘМІРІ ӘЛИ (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) ДІН ШАҒИД БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

Әли (Алла одан разы болсын) айтады: Бір күні Расул (ғ.с.): «*Ә тәдри мән шәрру әл-әууәлиһә қулту Аллаһу уә расулуһу ә'ләму, қалә әқирун нәқати, суммә қалә йә, 'Әли, ә тәдри мән шәрру әл-әхириһә қулту Аллаһу уә расулуһу ә'ләму қалә қатилукә*» («Алдыңғы өткен адамдардың ішінде ең жаманы кім екенін білесің бе? Мен: «Алла мен Оның елшісі жақсырақ біледі», – дедім. Ол: «Салих пайғамбардың түйесінің аяғын кескен адам», – деді. Және: «Ей, Әли, кейінгі үмметтің ішінде ең жаман кім болатынын білесің бе?» – деді. Мен: «Алла мен Оның елшісі жақсырақ біледі», – дедім. Сонда пайғамбар: «Сені өлтірген адам», – деді»). Яғни «Ей, бұрынғыларда ең жауыз кім екенін білесің бе?» – деді.

«Алла Тағала мен Расулы анық біледі», – дедім.

«Салих пайғамбардың інгенін өлтірген еді», – деді.

Және: «Соңындағы ең жауыз кім екенін білесің бе?» – деді.

«Алла Тағала мен Расулы біледі», – дедім.

«Сені өлтірген», – деді.

(Деректерде) інген өлтірген Мұрат тайпасынан Қазар ибн Салиф еді делінеді. Әлиді де өлтірген Мұрат тайпасынан болатын. Бұл туралы осында айтып өтілді.

(Деректерде) Әбдірахман ибн Мұрати, Омар ибн Бәкір әл-Ямани және Ибн Абдулла – үшеуі Меккеде ақылдасып, біз үш адамды өлтіруіміз керек деп шешті. Біреуі – Әли (Алла одан разы болсын), бірі – Мұғауия, бірі – Омар ибн әл-Ғас. Бұл Омар Мысырда халифа еді, Мұғауия – Шамда, Әли (Алла одан разы болсын) Куфада болатын.

Әбдірахман ибн Мулжим: «Мен Әлиді өлтірейін», – деді.

Ибн Абдулла: «Мен Мұғауияны өлтірейін», – деді.

Омар: «Мен Омар ибн әл-Ғасты өлтірейін», – деп қылыштарын алып, бел байлады.

Тарихқа қырық болғанда (нижри есебі бойынша қырықыншы жыл) рамазан айының он жетінші түні сөйлескен жерге барып, оларды өлтірмекші болды. Сол келісіммен Мулжим Әлиді өлтіргелі Куфаға келді. Қитам деген бір әйелді көрді. Оған қатты ғашық болды. Ол әйелдің әкесі мен бауырын Әли өлтіріп еді. Ибн Мулжим (оған) ғашық болып, көңіл білдіргелі адам жіберді. Барған адамға Қитам: «Менің көңілімдегі істі орындаса, барайын», – деді.

«Ол не?» – деп еді,

«Әлиді өлтіру», – деді.

Ибн Мулжим: «Менің өзім осы іске келіп тұрмын. Мен бұл істі бітірейін, қалыңдығым сол болсын, маған бір адам серік бер», – деді. Әйел бір Уардан деген адамды қосып берді. Ибн Мулжим да бір Шабиб деген адамды ертті. Бұл үшеуі келісті. Рамазан айының он жетінші күні Әли намазға кіріп бара жатқанда Шабиб қылыш сермегенде есікке тиіп, Әлиге тимеді. Шабиб пен Уардан қаша жөнелді. Бәни Умаядан біреу Уарданды өлтірді. Ибн Мулжим Әлиді қылышпен жаралады. Халық жүгіріп шығып, Мулжимді ұстап алды. Әли намаз оқып болып: «Оны маған алып келіңдер», – деді. Алып келді.

(Әли): «Ей, Тәңірдің дұшпаны, менде қандай өшің бар? Менің өлімім халықтың ең жауызының қолынан болсын деп, қырық күн бойы ерте тұрып таң сәріде сұрадым. Жаратушы

Аллаға шүкір, сәжде жасайтын біреудің қолынан болмады», – деді де: «Мен өлсем (оны) өлтіріңдер, тірі қалсам, өзім білемін», – деді. Содан кейін Мұсылмандар әмірі Хусейнге. «Мынаның қол-аяғын кесіп, сен өлтіресің», – деді. Бұл ұлдарына өсиет болды.

Хандаб ибн Абдулла: «Біз Хусейнмен байғат етейік пе?» – деді. Әли (Алла одан разы болсын): «*Лә әмрукум уә лә ‘әнһәкум әнтум әбсару биһи*» («Мен қылыңдар деп әмір емпеймін, оны қылмаңдар деп те қайтармаймын, оны сендер өздерің жақсы білесіңдер»), – деді. Мағынасы мынау: «Сендерге бұйырмаймын, сендерді де қаламаймын», – деді. «*Лә иләһә иллаллаһу Мұхәммәдун расулуллаһи*» («Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі»), – деп (дүниеден) өтіп, мейірімге бөленді. Хасан, Хусейн және Абдулла ибн Жағфар жуды. Үш кебін кигізді. Хасан (Алла одан разы болсын) намаз оқыды. Ибн Мулжимді өлтіргелі келді. (Ол): «Мен Әли мен Мұғауияны өлтіремін деп, Тәңірдің атымен ант-су ішіп едім. Әлиді өлтірдім. Мені босатыңдар. Мұғауияны өлтірейін. Кейін қайта келіп өзімді тапсырайын», – деді. Хасан ұнатпады. Өлтірді. Теріге орап, отқа жақты.

ХАСАН (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) НЫҢ ШАҺИД БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

(Деректерде) Арман шаһының қызы Мұсылмандар әмірі Хасанның жары еді делінеді. Өте сұлу, әдемі болатын. Язидтің оған көңілі кетіп, адам жіберіп: «Әли ұрпағының дәулеті кетті, бүгін бақ бізге қонды. Ойлан, Хасанды ортадан құрт, мен сені алайын», – деді. Әйелдің ол сөзге есі ауды. Мұсылмандар әмірі Хасан (Алла одан разы болсын) ораза еді, күн өте ыстық болатын. Кеш болған уақытта сусын құйып, (оған) у қосты. Ауызашарда Хасанға берді. (Хасан) ішіп еді, көңілі бұзылды. Бауыры іріп кетті. Неден болғанын білді. Айқай-шу көтерді. Хусейнді шақырды. Хусейн келіп, оның жағдайын көріп, жылап: «Ей, бауыр, барлық машақат бізге болды. Сен кетсең, мен не істеймін», – деді.

Хасан: «Ей, бауыр, менің күнім жақындады. Менен кейін жетімдеріме қара, – деді де, – Мен барамын, маған қызық», – деді.

Хусейн: «Ей, бауыр, сен де менен атамызға, әкемізге, анамызға сәлем айта бар. Ол көңілі жарым балаң айтып жатыр де, қиямет күні болғанда мені Арасат маңында Мәліктің (Алланың) қолында көрсе, маған шапағат етсін, – деді де, – Ей, бауыр, жағдайың ауырласа, маған хабар бер», – деді.

Хасан: «Сол сәтте саған айтуға шамам келмесе, саусағыммен ишара қылсам, құлағыңды менің аузыма тос, есіткенімді саған айтамын», – деді.

Біраз уақыттан кейін ишара жасады.

Хусейн айтады: «Құлағымды тоссам, «Менен қорықпа, Тәңір мен сенен ризамын», – деп дүниеден өтті.

Жылады, жоралғысын бітірді. Хусейн мен Мұхаммед Ханифа жаназасын көтерді. Расулдың раузасына алып барып еді, Мединенің үлкендері қаламады. Хусейн (Алла одан разы болсын) айқайлап: «*Һәту силәхи*» («Қару беріңдер»), яғни «Қаруымды алып келіңдер, олармен соғысайын», – деді. Абдулла ибн Масғұд алдынан шығып: «Ей, Расулдың немересі, қаруды қой, ұрыспа. Бір жағдай болып, және сенен айырылып қалмайық. Қайда қойсақ та, Жаратушының мейірімі оған жетеді», – деп Бақиғ қабірстанына алып барып қойды.

Әйелдің уақыты біткен соң, Язидқа адам жіберіп: «Уақытым бітті, келіп, некелеп ал», – деді. Язид: «Сен Расул (ғ.с.) ның ұрпағына адал болмадың, маған қалай адал болмақшысың?» – деп жауап берді. Ол тексіз әйел Хасанның отбасын ойрандап, тілегіне жетпеді. Сол күні Хасан (Алла одан разы болсын) ды топыраққа қойып жатқанда Расул (ғ.с.) дың әһлі бәйіті (үй-іші) Расулдың азасын бастан өткерді. Хасанның жетімдері бастарына топырақ шашып: «Тәңірім, атамыздың құрметі үшін бізге мейірім жаса», – дейтін.

ХУСЕЙН (АЛЛА ОДАН РАЗЫ БОЛСЫН) НИҢ ШАҒИД БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

(Деректерде) Хусейн (Алла одан разы болсын) мен Язид арасында екі дұшпандық бар еді делінеді. Бірі – тек жағынан, екіншісі – тармақ жағынан. Дұшпандықтың тек жағы Расул (ғ.с.) ның төртінші атасы Әбді Мәннафтың арқалары бір-біріне жабысып туған егіз ұлымен байланысты. «Мұны не істейміз?» – деп ақылдасты.

Біреу: «Біреуін өлтіріп, айырайық, екіншісі тірі қалсын», – деді.

(Енді біреу): «Біреуін жерге көмейік, сонда шіріп, айырылады, екіншісі тірі қалады», – деді. Әбді Мәннаф өткір қылыш алып, екеуінің арқасын қылышпен бөліп жіберді. Бір-бірінен ажырады. (Осылайша) екеуі де тірі қалды. Бірін – Хәшім, екіншісін Уммайя деп атады. Ер жетті. Хәшімнің Әбді Мүтәліп деген ұлы болды. Әбді Мүтәліптің ұлы Әбу Тәліп. Әбу Тәліптің ұлы Әли. Әлидің ұлы Хусейн.

Уммайяның Харс деген ұлы болды. Харстың ұлы Суфиян. Суфиянның ұлы Мұғауия. Мұғауияның ұлы Язид.

Әбді Мәннаф екі ұлдың арасына қылыш ұрған кезден (қылышпен ажыратқан кезден) бастап, Хәшім мен Уммайя әулетінің арасына қылыш түсті. Әбді Мүтәліп пен Харс арасы қылышпен (араздасып) өтті. Хусейн мен Язид арасына да қылыш түсті. Негізгі дау осы еді.

Алайда тармақ жағынан даудың шығуына себеп – бір күні Мұғауия ұлы Язидті шақырып алып: «Сен үшін көп еңбектендім, барлық тілегімді орындадым. Енді қандай тілегің бар, айт», – деді.

Язид: «Бір тілегім бар», – деді.

«Ол қандай (тілек)?» – деді.

«Абдулла Зубәйрдің Фатима деген әйелі бар, өте әдемі. Сол мендік болса деп жүрмін», – деді.

Мұғауия: «Оны ойланып көрейік», – деді.

Ертесіне Абдулла Зубәйрді шақырып: «Сен Расулдың әпкесінің ұлысың. Саған бір жақсылық жасасам деймін. Сенің әкең маған жақсылық жасады. Менің бір қызым бар, саған берейін. (Және) Мысыр аймағын саған тапсырайын», – деді. Абдулла Зубәйр ол сөзге өте риза болды. Екінші күні және шақырып алып: «Бұл сөзді қызыма айттым. Абдулла Зубәйрдің әдемі әйелі бар, менімен шығыса алмайды. Оны талақ етсе, мені бер. Немесе берме деп жатыр», – деді.

Абдулланың көңіліне Мысыр аймағының билігі түсіп, әйелін талақ етті. Ертесіне Абдулланы және шақырып: «Қызым айтып жатыр, мен әдемі емеспін. Абдулла сұлу әйелін Мысыр билігі үшін талақ қылды. Бір күні бізден билік кетсе, ол мені тастайды. Сені қаламаймын деп жатыр», – деді.

Абдулла қайғырды. Мұғауия: «Сен қайғырма. Мен әйелдерді жиямын, соны жолға көндірі», – деді.

Оның әйелінің уақыты біткен уақытта, Әбу Мұса әл-Ашғари (Алла одан разы болсын) шақырды. Оны ұлы Язидке сұрап еді. Әбу Мұса әл-Ашғари да ғалым әрі діндар еді. Тұрып, сол әйелге барды. Жолда Қасым ибн Аббас жолығып: «Қайда бара жатырсың?» – деп сұрады.

«Абдулла Зубәйр жіберген әйелін Язид үшін сұрағалы бара жатырмын», – деді.

Қасым: «Менің де көңілім бар, айта бар», – деді.

Бұл Қасым өте сымбатты болатын. Біраз жүргеннен кейін Мұсылмандар әмірі Хусейн ибн Әли жолықты. Ол да: «Қайда бара жатырсың?» – деді. Әбу Мұса әл-Ашғари Язид пен Қасымның сөзін айтқан кезде, Хусейн: «Менің де сөзімді жеткіз», – деді. Әбу Мұса барды.

Язид, Қасым және Мұсылмандар әмірі Хусейннің сөзін жеткізіп, «Мен де сені көріп көңілім кетті. Қайсымызды таңдауды өзің білесің», – деді.

Ол әйел: «Сенің жасың келген, сені қаламаймын. Енді мына үшеуінің қайсысына барайын», – деді.

Әбу Мұса: «Менен ақыл сұрасаң барын айтып берейін. Алтын, күміс, қызметші, дүние құрметі керек болса, Язидке бар. Сұлу, сымбат керек болса, Қасымға бар. Діндарлық пен ілім, таза ұрпақ, ақырет құрметі керек болса, Хусейнге бар. Мұстафа (ғ.с.) ның Хасан мен Хусейн (Алла олардан разы болсын) ді құшағына алып: «*Сәйиду шәбәби әһли жәннәти*» («Жәннаттағы жігіттердің сейіді»), – деп олардың бетінен сүйіп жатқанын көп көрдім», – деді.

Ол әйел: «Маған дүние құрметі, сұлу, сымбат керек емес. Рұқсат бердім, мені Хусейнмен некеле. Басқалардың үміті үзілсін», – деді. Әбу Мұса оны Хусейнмен некесін қиды. Бұл хабар Мұғауияға жеткен кезде: «Ей, Әбу Мұса, мен осыншалықты айла-шарғы қолданып едім, сен бәрін бұздың, іске асырмадың», – деді. Сол себептен Хусейн мен Мұғауия арасында араздық туды. Тармақ араздық осы еді.

«*Мә тәрәкту бә’ди фитнәтән әхәра ‘әлә әр-рижәли мин ән-нәси*» («Мен өзімнен кейін еркектер үшін әйелдерден басқа фитна қалдырған жоқпын»). Яғни менен кейін еркектерге әйелдерден (өткен) іріткі салушы қоймадым. Адамнан қияметке дейін әмбие мен діндарлардың көбісі әйелдер іріткісіне ілінді. Адам мен Науаның қиссасы белгілі. Нұх пайғамбар әйелі, Лұт пайғамбар әйелі туралы да белгілі. Ибрахим пайғамбар мен Сара және Хажар да солай. Жүсіп-Зылиха, Сүлеймен-Билқис қиссасы да белгілі. Мұстафаның Айшамен қиссасы да белгілі. Мұсылмандар әмірі Хусейн (Алла одан разы болсын) нің әйелімен (болған) оқиға да белгілі.

(Деректерде) Язид Хусейнге қолым жетсе, өлтіремін деп ант ішті делінеді. Ол сөзіне жетті (де). Алайда Жаратушы Алла оны азаптады. Расул (ғ.с.) ды, Әли мен Фатиманы өзіне қарсы қойды.

Мұғауияның басы жастыққа жеткен уақытта (ұлы) Язидке: «Хусейнді құрметте, саған келгенде өз орнында отыр. Мал көрсе – бер. Мұның бәрі оның ақысы. Жолсыз (жөнсіз) алыппын», – деп өсиет етті.

Язид: «Мен Хусейнге сен оның әкесіне қылған істі істеймін», – деді.

Мұғауия: «Ешқашан да мазасызданба, мен Расулдың: «*Иннә ли мәқамән йәумә әл-қийәмәти мә’ә қатили әл-Хусәйн уә уәйлун ли шуфә’әйһи уә хусәмәйһи*» («Қиямет күні мен Хусейнді өлтірген адаммен жекеше сөйлесемін. Өлтірген мен болысқандарға және Хусейнге дұшпандық жасағандарға өкініш болсын») дегенін естідім. Яғни «Ей, Язид, әсте балалық жасама, Хусейнді қинама. Расулдың ашуы өте қатты». Әкесі: «Әкесінің өсиетін орындаған адал перзент болады», – деп өсиет айтты.

Мұғауия дүниеден өткен уақытта Язид Уәлид Атабаға адам жіберді. Олар Мединеде болатын. «Кімде-кім менімен байғат етпесе, оның басын ал», – деп хат жіберді. Хат Уәлидқа жеткен уақытта Абдулланы және Абдулла Зубәйрді Хусейн (Алла одан разы болсын) шақырды. Құптан намазының уақыты еді. Бұл үшеуі Расул (ғ.с.) ның раузасында еді. Хусейн келгендерге: «Сен бар, біз барамыз», – деді. Ол барған уақытта Хусейн: «Бізді не үшін шақырғанын білесіңдер ме? Мұғауия өлді, орнына Язид отырды. Уәлидқа хат жазып, байғат сұрап жатыр», – деді. Қайдан білдің десе, «Мен түнде түс көрдім. Мұғауияның басы домалапты. Ол сол. Оның орнында отырған бір ит көрдім, ол – Язид», – деді.

Олар: «Байғатқа қалай қарайсың?» – деді.

(Хусейн): «Түнімен арақ ішіп, күнімен итпен ойнаса, мұсылмандар хұқығы қорғалмаса, ондай адамға қалайша байғат етейін. Сендер бармайтын болсаңдар, көрінбеңдер, мен жалғыз барайын», – деді.

Хусейн барды. Өз көмекшілерінен қаруланған жиырма жеті адамды алып барып: «Сендер есіктің алдында отырыңдар, менің даусымды есітсеңдер, кіріндер», – деп, Хусейннің өзі кірді. Уәлид Язидтің жазған сөзін (хатын) айтып берді. Хусейн: «Қазір түн болды, жалғыз

жауап берсе, болмайды. Ертең жиылып келейік, жауап айтайық», – деді. Тұрып қайтпақшы болған уақытта Уәлидтің уәзірі Маруан хәкім: «Хусейн қолға түсті, жіберме. Ертең мұнымен кім болатынын білмейміз, Язидтен қорықпаймыз ба?» – деді. Хусейннің етегіне жабысты.

(Хусейн): *«Усқут йә ‘әдууллаһи» («Тынышталыңдар, ей, Алланың дұшпандары!»)*, – деді. Көмекшілері кіріп келді. Маруан қашты. Хусейн сол жерден шығып, жасырынды. Меккеге қайтты. Язидке хабар жетті. Язид Уәлидке хат жазып: «Хусейннің басын бізге жібермесең, жаныңды біз аламыз», – деді. Уәлид қайғырды, себебі (иманы) шынайы сенімді еді. Хусейн қайда екенін білсе де, басқа жерден іздейтін. Хусейнге адам жіберіп: «Іс насырға шапты. Тұр, Меккеге бар, (онда) тыныштық», – деді. Хусейн жылады, жақсы дұғалар жасады. Хусейн ағайын-туысына хабар жіберіп, пәлен түні шығайық десті. Бірнешеу болып шықты. Біразы жарамсыз еді, қалды. Сол түні Хусейн (Алла одан разы болсын) Расул (ғ.с.) ның раузасына барып, Құран хатым етті. Таң сәрі кірген уақытта жүзін раузаға бұрып: *«Йә, Расулуллаһи, житукә шәкийән мин уммәтикә» («Ей, Алланың елшісі, мен сенің алдыңа үмметтеріңнен шағымданып келдім»)*. «Ей, Расулулла, сенің үметіңнен саған шағымданып келдім. Мені өлтірмекші болып жүр», – деді. Біраз ұйықтады. (Түс көрді.) Түсінде: Расул (ғ.с.) ның раузасы ашылыпты. Расул (ғ.с.) екі қолын раузадан шығарып, Хусейнді құшақтап: «Ей, жүрегімнің жартысы, біздің үйге кел. Әкең Әли, анаң Фатима, немере ағаң Жағфар, Тайяр (Алла олардан разы болсын) бәрі сені күтіп тұр», – деді.

Хусейн (Алла одан разы болсын): «Ей, Расулулла, бүгін мұнда қала тұрайын», – деді.

(Расулулла): «Ей, көзімнің жарығы, *«Иннә ләкә дәражәтән фи әл-жәннәти лә тәнәлуһә иллә биш-шәһәдәти» («Расында, жәннатта сен үшін бір дәреже бар, бірақ оған тек шаһидтікпен жете аласың»)*. Яғни саған жұмақ ішінде дәреже бар, шаһид болмайынша сол дәрежеге жете алмайсың. Әкең Әлидің басқа дәрежесі бар. Менің сарайым Ибраһим пайғамбар сарайымен тең. Екеуміздің арамызда Әлидің сарайы бар. Мына жағыңа қарасаң, мені көресің. Ана жағыңа қарасаң, Ибраһим пайғамбарды көресің», – деді.

Біраздан кейін (ұйқыдан) оянды. Бүкіл денесі терлеп кетіпті. Расул (ғ.с.) ның раузасымен қоштасып, жолға түсіп, мына аятты оқи бастады: *«Фә хәражә минһә хаифән йәтәраққабу» («Кейін (Мұса) ол қаладан өте сақтықпен шықты»)*.

Меккеге жақындаған уақытта мына аятты оқыды: *«Уә ләммә тәуәжжәһә тилқәә мәдиәнә» («(Мұса) Мәдийән қаласына қарай жол алған кезде...»)*.

Патшалардың бәрі қарсы алып, қуанды. Өзінен бұрын Абдулла ибн Әбу Бәкір, Абдулла ибн Омар және Абдулла ибн Зубәйр Меккеге келген еді. Абдулла ибн Зубәйрді құрметтеді. Хусейн келген уақытта имамдық етті. Барлық істе Хусейнге келді. Абдулла ибн Зубәйр қайғырды. *«Қалә ән-нәбийу ‘әләйһи әс-сәләм: «Әхиру мә йәхружу мин қулуби әс-сиддиқин хуббу әр-рисәти. Қалә расулуллаһи саллаллаһу ‘әләйһи уә сәлләм: «Куну әзнәбән уә лә тәкуну руусун изә сәфәртә мә йәнжу иллә әл-әзнәб уә тәһлику әр-руус» («Пайғамбар (ғ.с.): «Алланың шыншыл пенделерінің жүрегінен ең соңында шығатын нәрсе – мансапқорлық» деген. Және Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Бір қоғамның басы болмаңдар, оның ақырғы жағы болыңдар. Себебі сапарларда бірер пәлекет кездессе, әуелі басы кетеді», – деді. Хәкімдер: «Мансапқорлық дертінің емі жоқ», – деген»)*.

Және өз мақсатымызға (сөзімізге) келейік... Хусейн (Алла одан разы болсын) алты ай Меккеде тыныш тұрды (өмір сүрді). Куфалықтарға хабар жетті. Мұсылмандар әмірі Әлидің Куфада достары көп еді. (Олар): «Хусейн Мұстафаның ұрпағы. Әкесінің бізде ақысы көп (бізге көп еңбек сіңірді). Хусейн бола тұра, неге басқа біреуді имам етейік», – деп хат жазып, Хусейнді Куфаға шақыртпақшы болды. Хусейн Муслим ибн Ақилды Куфаға жіберіп: «Сен барып, көріп кел», – деді. Муслим келіп, бұларды көрді. Хусейнге хат жолдады. Жиырма екі мың ер адам байғат етті деді. Сол уақытта Язидтің шабармандары әлсіз еді. Осы хабарды естісімен Язидке хат жолдады. Язид қайғырды. Ақылдасып, «Шамнан Куфаға хат жолдап, Басра мен Куфаны саған бердім. Бұл істі өзің бітір», – деді. Абдулла Зиядтың әкесі туысқан еді.

Хат қолына тиісімен әскер жиып, Хусейннен бұрын Куфаға келді. Басына жамылғы жауып кірді. Бұл Хусейн деп ойлады. Көп әскерді көрген уақытта оның Хусейн емес екендігін біліп, қорықты. Көбісі байғаттан бас тартты. Муслим ибн Ақил бұл әскер келместен бұрын Хусейнге хат жазған еді. Куфа халқының бәрі байғат етті «Тез кел», – деді. Орын, ізет-құрмет менде қалсын деп, Абдулла ибн Зубәйр да Меккеде Хусейнге тезірек бар деп асықтырып еді. Хусейн жолға түсті. Абдулла Зияд келгенін білмеді. Абдулла Зияд Куфаға кірген уақытта Муслим ибн Ақилды өлтірді. Қылыш ұрған қолдары қатып қалды. «Абдулла ибн Зиядты білдің бе?» – деп сұрады.

«Қылыш көтеріп ұрғанымда аспанда Расул (ғ.с.) ды көрдім. Саусағын қасиетті аузына салып алыпты. Маған қатты айқайлады. Қорқып кеттім. Қолым қатып, жүзім сарғайды», – деді.

Хусейн бұл жағдайларды білмеді, білгенде келмейтін еді. Жолда келе жатып: «Бұл сапарды көңілім қалап тұрған жоқ, бар дейді. *«Уә ләкин әмруллаһи қадран мәқдуран» («Алайда Алланың бұйырғаны тағдырда бар екен»)*, – деді.

«Изә жәә әл-қазә ‘әмийә әл-бәсару» («Қазә келген уақытта көз көрмей қалады»), деген сөз бар. Хусейн Куфаға бес шақырым Талғат деген жерге келгенде Муслим ибн Ақилдың хабарын есітіп, қатты жылап: «Ол аталарға аттанды, біз де соңынан барармыз», – деді.

Сол уақытта Харр ибн Язид әр-Раяхидің екі мың адаммен Хусейнге жолығатынын білмеді. Абдулла Зиядтың әскерінен еді. Ақшам намазы уақыты болып еді, ол: «Ей, Хусейн, сенімен соғысу тамұқ отына кіру деген сөз, не істейін? Ей, Расулдың ұрпағы, куфалықтардың хатымен келдің, пәлеге жолықтың. Муслим ибн Ақилға не істегенін есіттің бе? Үлгі ал (қорытынды шығар), Меккеге қайт. Абдулла Зияд маған Хусейнді қайда болса да ұста деп тапсырма берген», – деді. Құптан намазының уақыты болып еді, Хусейн имамдық етті. Харр ибн Язид ұйыды. Намаз ішінде рукуғын, сәжделерін көріп, Мұстафа (ғ.с.) ның рукуғы мен сәжделеріне ұқсайды деп, көздерінен жас ағатын. Намаз оқып болған соң Хусейнге келіп: «Ей, Расулдың немересі, мен үлкен пәлеге жолықтым. Саған айтар ақылым, әскер жеткен уақытта бір жолбасшы сұра, сені Меккеге алып барсын», – деді. Хусейн жолдастарымен ақылдасты. Біреуі: «Мен білемін», – деді. Бастады. Мухаррам айының біріншісі еді, түн қараңғы болатын. Жолдан адасып, түн ұзақ жүрді. Ертесіне Кербалаға шығып, қызыл топырақ көрді. Хусейн (Алла одан разы болсын) жағдайдың қандай екенін біліп: *«Аллаһумма инни ә’узу бикә мин әл-қарби уә әл-бәләи» («Ей, Алла, мен Өзіңнен пәле-жаладан сиынамын»)*, – деді. Түйеден түсіп, қызыл топырақты көріп: *«Һәзә мәқаму букәинә уә мәқталу рижәлиә уә мәсфәқу димәинә» («Мынау біздің жиылатын жеріміз, жігіттеріміздің өлтірілетін жері және қанымыздың төгілетін жері»)*, – деп жылады. «Біз байғатқа кірдік. Келіндер деп едіңдер, және келісімді бұздыңдар», – деп куфалықтарға хат жазды. Абдулла Зиядқа бұл хабар жеткен уақытта Хусейн Кербалаға келген болатын. Сол уақытта Омар, Сағдты жиырма екі мың адаммен жіберді. (Олар) жетіп келді. Екі мың атты адамды Ефратқа (Ефрат өзеніне) жіберіп: «Суды сақта, оларға берме», – деді. Үш күн су бермеді. Расул (ғ.с.) ның әһлі бәйті үш күн тәяммуммен намаз оқыды. Хусейн (Алла одан разы болсын) туысы Аббас және бірнеше жолдастарымен Ефраттан азғантай су алайық деді. Барды. Оларға хабар жетіп, соғысты. Отыз еді, жиырма екісі қаза болды. Аббас жараланды. Сол түні Хусейннің қауымы аттарын түсте көріп: *«Әр-рахилу иләйнә қариб» («Бізге келіп қосылуларыңа аз уақыт қалды»)*, яғни «Бізге қосылуға жақындадыңыз», – дейтін. Омар мен Сағд екеуі ол машақатты көріп: *«Йәләйтәни мә кунту әмиран» («Әмір болмағанымда-ғой»)*, – дейтін. Харр ибн әл-Даж келіп, қолын Хусейннің басына қойып: «Тәубе еттім, ең алғаш келген мен едім, ең алғаш сен үшін жан пидә еткен мен болайын», – деді. Бір христиан бар еді, Хусейннің алдында мұсылман болған еді. Сол күні Хусейннің әскерінде болатын. Язидтің әскерімен көп шайқасты, көбісін өлтірді. Ақыр соңында шаһид болды. Басын кесіп, Хусейн әскеріне салды. Анасы ұлының басын алып: «Ей, балам, менсіз сенің өзің Расулдың отбасы үшін бас бердің», – деп, сол баспен Язидті ұрып, опат етті. Шатыр ағашын көтеріп кіріп, көбісін опат етті. Хусейн: «Ей, әйел, *«Әнти уә уәләдуки мә’ә*

расулилләһи фи әл-жәннәти («Сені мен балаң, ей, әйел, жәннатта Алланың елшісімен бірге боласыңдар»). Яғни «Сен ұлың екеуің жұмақта Расул (ғ.с.) мен біргесіңдер», – деді. Хусейн ор қаздырып, отпен толтырды. Бір жағынан кірсін. Мәлік ибн Жағфар оны көріп: «Ей, Хусейн, асықтың. Ақырет отына жетпестен бұрын дүние отын жақтың», – деді.

Хусейн: «*Кәжибтә йә ‘әдууалләһи инни қадимун илә раббин рахим*» («Ей, Алланың дұшпаны, сен өтірік айтасың, мен мейірімді болған Жаратушымының алдына қайтып жатырмын»), (яғни) «Өтірік айтасың, ей, Тәңірдің дұшпаны. Мен жарылқаған Иеме жол алып барамын, – деді де, – Бұл кім?» – деп сұрады.

«Мәлік ибн Жағфар», – деді.

(Хусейн): «*Аллаһуммә жәрраһу илә ән-нәри фәл-йәзуқ хәрраһә*» («Ей, Алла, оны отқа сүйреп кіргіз, оның ыстығын татып көрсін»), (яғни) «Тәңірім, Жағфарды дүние отына түсір, оның ыстығын көрсін», – деді. Хусейн бұл дұғаны жасады. Мәлік ибн Жағфардың аты үркіп құлады. Аяғы үзеңгіде қалып қойды. Сүйреп келіп отқа тастады, опат болды. Хусейн оны көріп, шүкіршілік сәждесін жасады. Хусейн: «Бүгін маған уақыт беріңдер, ертең жарасайық», – деді. Ешкім жауап бермеді.

Біреу: «*Субханалләһи*» («Алла пәк»), «бір кәпір уақыт сұраса да, береміз. Расул ұрпағы уақыт сұрап тұр, бір түн уақыт берсе не болады екен», – деді. Сол түні уақыт берді. Түн ішінде Шимр ибн Жауш халықпен Хусейннің әскеріне келді. Біреу: «*Нәхну уә рабби әл-кә’бәти мин әт-тайибинә уә әнтум әл-хәбисун*» («Қағбаның Жаратушысымен ант ішемін, біз жақсымыз, сендер шіріксіңдер»), – деді. Алла Тағаланың атын айтып ант ішіп: «Біз тазамыз, сендер таза емессіңдер», – деді. Язид ибн әл-Хаср намазда екен, мұны есітіп намазын бұзып: «Ей, пасық, сендейлер таза болып, Хусейн таза емес бола ма?» – деді. «*Ә мусликә мин әт-тайибинә уә әл-Хусәйну мин әл-хәбисин*» («Саған ұқсағандар жақсылардан болып, Хусейн жамандардан болсын ба?»).

Ертесіне екі әскер тұрды. Олар жиырма екі мың адам еді, бұлар сексен екі еді. Хусейн (Алла одан разы болсын) қолын сақалына қойып: «Тәңірім, сен көріп тұрсың, бізге біреу қол ұсынған жоқ па? Бұларды бізден кетірген жоқ па?» – деді. «*Әмә мин рахимин йәрхәмунә*» («Бізге мейірім ететін мейірімді ешкім болмағаны ма?»). Сол кезде Харр ибн әл-Раяхи олардан кіріп келді. Хусейннің алдында өзін топыраққа атып: «Ей, Хусейн, бірінші келген мен едім. Бүгін сен үшін жан пида еткен мен болайын. Ертең атаң Мұстафаның шапағатынан үлес алған мен болайын», – деп соғысқа кірісті. Мына өлеңдерді оқып соғысты

Өлең:

*Инни әнә әл-хурру уә мә зиз-зәйфи,
Әзрибу ә’нәқәкум бис-сәйфи
Мин гайри мәдхәли биләди әл-хәйфи
Әзрибукум фә мә әра мин хәйфи.*

*(Мен сол хор жігітімін, келген қонақ емеспін,
Мойындарыңды қылышпен шабамын.
Әділетсіз мемлекет дарбазасы жанында,
Үземін мойныңды, бұл әділетсіздік емес.)*

Тәржімасы:

Хор тұрмын етемін жан пида,
Хор екендігім енді жақын болды маған.
Лағынет ол малғұн Язидке болар,
Мұстафаның ұландарына бұл жапа.

Көп шайқасты. Жетпіс адамды өлтірді. Атының аяғын шапты, жаяу жүріп соғысып, көбісін тамұққа аттандырды. Ақыр соңында шаһид болды. Хусейн адам жіберді. Көтеріп алып келді. Басын тізесіне қойып, жүзін топырақтан тазартып айтатын:

Бәйіт:

*Йә хурру, ситү хурран фи әд-дәрәин.
(Ей, азат жігіт, мен екі дүниеде хор болдым.)*

Ғайыптан (былай деген) дауыс келді:

*Ләни 'мә әл-хурру, хурр – убнур-рийәхи
Ләни 'мә әл-хурру фи тә 'ни әр-римәхи.
(Қандай азат жігіт азат Рияхтың ұлы!
Қандай азат жігіт найза ұшының астында!)*

Содан соң Язид әл-Хифр кірді. Бәйіт айтып, соғысып, шаһид болды. Одан кейін Захр ибн әл-Қайс шығып соғысты. Кейін Абдулла Уаһһаб әл-Кәлби кірді. Жәйт мұсылман болып еді, карт әкесі бар еді. Ұлына: «Мен сені осы күн үшін жеткіздім. Менің риза болғанымды қаласаң, кіріп соғыс. Әйелдер қолдарын қынамен әшекейлейді. Ер дегеніміз сақалын бауыр қанымен немесе өз қолдарын дұшпанның қанымен безейді», – деді.

Соғысқа кірді. Қатты шайқасты, көбісін түсірді. Және қайтып келіп: «Ей, ана-ата, маған риза болдыңыз ба?» – деді.

Әкесі: «Хусейн (Алла одан разы болсын) алдында жан берсең, сонда риза боламын», – деді. Және кірді, қатты шайқасты. Көбісін құлатты. Соңында ұстап алып, Омар мен Сағдқа алып барды. Басын кесіп, Хусейн (Алла одан разы болсын) әскеріне жіберді. Әкесі атып кіріп, ұлының басын алып, біреуді ұрып өлтірді. Және шатырынан қару алып, жауға қарсы шығып, (мына жолдарды) айтты:

*Инни 'әжзун сәйиди зә 'ифәтун
Хәфийәтун әрийәтун нәхифәтун
Әзрибукум биз-зурбути әл-әнифәти
Дунә бәни Фәтимәти әш-шәрифәти.*

*Мен қартайған, әлсіз кемпірмін,
Жалаң аяқ, жалаң бас және арық.
Алайда сондай қатты қылыш тартайын,
Қаншалықты Фатимаи Заһраның ұлдарындай болмаса да.*

Хусейн (Алла одан разы болсын): «Ей, ата, ары бар. Барша батырларды отты еттің», – деді. Ол қайтты. Батырлар кірді. Омар ибн Халид еді, кірді. Көп шайқасып, шаһид болды. Содан кейін Омар ибн Абдулла әл-Мәдхәжи кірді. Және Яхия ибн Сәлим әл-Мазини кірді. Және Қуррат ибн Әби Зар әл-Ғаффари кірді. Және Мәлік ибн Анас кірді. Және Масруқ ибн әл-Хажжәж кірді. Және Анис ибн Мағқал әл-Ахза кірді. Және Сағид ибн Абдулла әл-Хәфифи кірді. Және Рахбар ибн кірді. Және Ғилал ибн Нафиг кірді. Және Жанада кірді. Осылардың бәрі шайқасып, шаһид болды. Мұсылмандар әмірі Хусейннің туысқандары мен Таминнің ұлдары қалды. Абдулла ибн Муслим мен Ақил ибн Әбу Тәліп бұрын кірді. Шайқасып, шаһид болды. Хусейн айқайлап: «Ей, менің әһлі бәйітім, сабыр сақтаңдар», – деді.

Әбу Бәкір ибн Әли: «Әуелі біз сенің алдында шаһид болайық», – деп, Хусейннің туысқандары кірді. Өлең айтып шайқасып, шаһид болды. Және Омар ибн Әли кірді. Көп шайқасып, шаһид болды. Және інісі Оспан ибн Әли кірді. Өгей бауыры еді, кірді. Және Жағфар ибн Әли кірді. Және Аббас ибн Әли кірді. Бұл туысқандары шаһид болды. Хусейн екі ұлы Әли

әл-Әкбәр және Әли әл-Асқармен қалды. Әли әл-Әкбәр он жаста, Әли әл-Асқар жеті жаста еді. Әли Әкбәр шайқасқа кірді. Хусейн сақалын сипап: «Тәңірім, сен куәсің. Мына жолсыздарға соғысқалы шыққан көрік һәм қылық ішінде Расулға ұқсайтын ешкім жоқ. Тәңірім, биік көк көз тамшысын, кара жер берекесін, мына жолсыздардан тый, жасыр», – деп жылады. Әли әл-Әкбәр қатты шайқасты. Шам әскерінің көбісін тамұққа аттандырды. Және әкесіне қайтып келді. Дене бітімі қылшпен бірігіп кетіпті. *«Йә әбәти әл-әтану қад қатәләни уә сиқлу әл-хәдиди қад әжхәдәни фә һәл илә шурбәти әл-мә’и мин сәбил»* («Ей, әке, шөлдеп кеттім, темір сауыттың ауырлығы мені шаршатты, бір жұтым су ішудің жолы табылар ма екен?»), яғни «Ей, әкем, мен шөлдедім. Темір сауыт ауырлық етті. Бір жұтым су табыла ма?» – деді. Хусейн оны есітіп сұңқылдап жылап: «Ей, көзімнің жарығы, жүрегімнің бөлшегі, аз қалды. Біраз шайқас, сабыр ет. Соңғы күнде атаң Мұстафаға қауышып, (оның) қолынан жұмақ шарабын ішесің», – деп және соғысқа кірді. (Мына жолдарды) айтты:

*Әнә ‘Әлийу ибну әл-Хусәйни ибни ‘Әлий
Нәхну уә бәйтмлләһи әулә бин нәби
Уаллаһи лә йәхкуму финә ибну мүддә ‘и
Нәхну би хукмлләһи хәққан әмнә ‘и
Әзрибукум бис-сәйфи дифә ‘ән ән әби
Зәрбә гуләмин хәшимийн ‘әраби.*

*(Мен Хусейннің ұлы, Әлидің немересі Әлимін,
Бәйтулламен ант ішемін, пайғамбар ісін қорғауға біз
міндеттіміз.*

*Алла атымен ант етемін, патшалықты даулайтынның
ұлы бізге әсте әкім болалмайды.*

Алланың үкімімен расында біз турашылмыз.

Әкемді қорғап мойныма қылыш аламын,

*Хәшими руынан болған араб жігітінің қылыш ұрғанын
көресіңдер.)*

Көп шайқасып, ақыры шаһид болды. (Деректерде) сол сәтте Хусейн аттан түсіп, өз жүзін оның жүзіне үйкей бастады дейді. Әли әл-Асқар жеті жаста еді. Қарсы жүріп келіп: «Ей, әке, шатырға кір. Шаһид болуың керек емес, Расул (ғ.с.) ның ұрпағы таусылып жүрмесін», – деді. Осы сөзді есітіп, перде ішінде отырғандар: *«Уә Мухәммәд, Уә Әбул Қасым, уә Фәтимәтәһ, уә Хасан»*, – деп жылай бастады. Хусейннің Әли деген тоғыз айлық баласы бар еді. Шатыр алдына келіп соны сұрап: «Бір көріп қалайын», – деді. Қолына берді, бетін бетіне қойып сүйетін. Бір оқ келіп, баланың көзіне тиіп, шетінеді. Хусейн (Алла одан разы болсын) аттан түсіп, қылыштың ұшымен жерді қазды. Намаз (жаназа) оқыды. Сол қанымен бірге топыраққа қойды. Содан кейін атқа мініп, ашуланған арыстандай ақырып атылды. Мына бәйіттерді оқи бастады:

*Кәфәра әл-қауму мә қаддәра гәйран
Ән сәуәбилләһи рабби әс-сәқаләйн
Қатәлу қад мәтә ‘Әлийән уәбнуһу
Хусәйнә әл-хәйра кәримә әл-әбәуәйн
Уәбну Сә’дин қад рамәни гурратән
Би жунудин кәнә фәуқа әл-хәтиләйн
Кәл ‘әси кәнә минни фә сәл зә
...тәжри би зийәи әл-уәқидәйн
Би ‘Әлийни әл-хәйри бә’дән нәби
Уә ән-нәби әл-қураиши әл-уәлидәйн*

*Хәйиәраһуллаһу фи әл-хәлқи әби
Суммә умми фә әнәбну әл-хәрамәйн
Мән ләһу жәддун кәжәдди фи әл-уәра
Әу кәшумми фә әнә мин әл-қамәрайн
Фәтимәту әз-зәһрау умми уә әби
Қасиму әл-куфри би бәдрин уә хунәйн.*

*(Менің қауымым қуфраны нығмет қылды және
басқаларды тағдырлады,
Екі әлемнің Жаратушысы болған Алланың сауабынан
бас тартты.*

*Әлиді өлтірді және оның ұлы да өлді –
Кереметті һәм бақытты ата-анасынан болған Хусейн.
Селден де көп болған әскермен
Сағдтың баласы маған қарсы айла-шарғы жасады.
Тіпті өкінетін, өзі бізден, енді сұра
...екі жарық шашушының сәулесімен жүреді.
Пайғамбардан кейін Әлимен
Және құрайыштық отбасыдан болған пайғамбармен.
Халық ішінде Алла Тағала әкемді құрметтеді,
Кейін анамды, демек, мен екі жақсының перзентімін.
Менің атамдай атасы бар адам бар ма жаһанда?
Және менің мақтанышымдай, демек, мен ай-күннен
болғамын.*

*Менің анам Фәтимә Зүһра және әкем болса
Хунәйн және Бәдір соғысында күпірді жеңген Әли).*

Содан кейін Хусейн (Алла одан разы болсын) қатты шайқасты. Тамұқтықтарды тамұққа аттандырды. Шөлдеді. Оларға атылды. Олар да Хусейнге қарсы шапты. Хусейн Ефратқа қанша әрекеттенсе де, жібермеді. Сол кезде Әбу әл-Ханук әл-Жағфар бір оқ атты. Хусейннің қолына тиді. Хусейн оқты тартып еді, қан аға бастады. Хусейн: «*Аллаһуммә қад тәра мә әнә фиһи мин 'ибәдикә һәуләи әл-усәту әл-утәту*» («*Ей, Алла, мен пенделеріңнің арасында қалай тұрғанымды өзің көріп тұрсың, (олар)...күнәһарлар, жауыздар және имансыздар*»), яғни «Тәңірім, мына күнәһар құлдарыңнан не тиетінін көресің», – деді.

Бәрі жабылып бірден атылды. Зарға ибн әл-Шәрик әл-Тәмими Хусейннің қолына шоқпармен соқты. Әмір ибн ән-Халифа әл-Жахфи иығына қылыш сұқты. Синан ибн Анас ән-Нахафи оқ атып, көкірегіне қадады. Салих ибн Уаһаб әл-Мари қолтығына қылыш қадады. Хусейн аттан жығылды. Көк аспан құлағандай болды. Қара жер халықты жоғалтқандай болды. Аттан құлай салып, оқты тартты. Аққан қанға екі уысын толтырды. Басын, бетін және сақалына жағып: «*Алланың құзыретіне осы қалпыммен барайын*», – деді. Омар Сағд: «*Түсіп, басын кесіңдер*», – деді. Нәсір ибн Харша әл-Зияни түсіп, аяғымен тепті. Арқан тастап, сақалын ұстап, (мына жолдарды) айтты:

*Ақтулукә әл-йәумә уә нәфси тә'ләму
'Илмән йәқинән ләйсә фиһи мин гами
Уә лә мухәлә фиһи уә лә нәктуму
Иннә әббәкә хәйру мән тукәллиму.*

*(Мен сені өлтіремін, анық
Білемін, оған еш өкінбеймін.*

*Бұл, әрине, болады, оны жасырмаймыз
Сенімен сөйлескен адамдардың жақсысы әкең болады.)*

Омар мен Сағд ашуланып, өлтіруге асықты. Хаула ибн Әзид әл-Азха түсті. Ол қасиетті басты кесті. Атының тұмсығы сол қанға боялып шатырға келді. Мініп көрді. Мінген (егесі) жоқ. Көрді, айғыр ат жоқ. Ат көрді, Хусейн жоқ. Содан кейін дауыс шығарды. Айқай-шу, ығы-жығы басталды. Біраздан кейін олар келіп, шатырға от тастады. Хусейн (Алла одан разы болсын) ның басын Абдулла Зиядқа жіберді. Бишр ибн Мәлік Хусейннің басын Абдулла Зиядтың алдына қойып, (мына жолдарды) айтты:

*Әмлә 'у рикәби зәһәбән уә физзәтән
Әнә қатәлту әл-мәликә әл-мухәжжәбә
Қатәлту хәйра ән-нәси уммән уә әбән
Уә хәйра мән саллә әл-қибләтәйни мәнсибән.*

*(Үзеңгіме дейін алтын, күміс қыламын,
Мен бүгін хижапталған патшаны өлтірдім,
Ата-анасы ең жақсы адамды өлтірдім,
Екі құбылаға қарап намаз оқығандардың ең жақсысын
өлтірдім).*

Мағынасы мынау: «Маған алтын, күмістен үзеңгі сыйла. Барша халықтың ішіндегі жақсысының ұлын өлтірдім».

Абдулла Зияд ашуланып: «Ондай емес тазаларды (пәк жанды) қалайша өлтірдің», – деп басын кесіп өлтірді.

«Ей, әзіздер, Расул отбасының азасын тұтпайсындар ма?»

Содан кейін ер-әйел, жас балаларды тұтқын секілді түйеге мінгізіп, Шамға алып барды. Язид оны көріп қуанды. Тамашаға қарық болды. Күні-түні арақ ішіп, ойын-күлкіге беріліп, сауық-сайран жасай бастады. Бұл қазаға қырық күн болғаннан кейін, сарай ішінде арақ ішіп, әжетханаға секіріп билеп кірді. Аяғы тайып кетіп, әжетханаға құлады. Көкірегіне дейін көмілді. Тартып шығарамыз дегенше арам жаны тамұққа аттанды. Осы (зұлымдық) істерді істеп, қырық күннен артық патша болмады.

(Деректерде) Хусейн (Алла одан разы болсын) ның басын Язидке алып барған уақытта ойланып: «Мұны жақсы істедім бе әлде жауыздық жасадым ба», – деп Мұсхафты (Құранды) алды делінеді. Пал ашып еді, мына айт шықты: «*Уә хәбә куллу жәббарин 'әнид*» («*Әрбір тәкәппар өжет адам мейірімнен үмітсіз болды*»). Мағынасы мынау: «*Әрбір әлімжеттік жасаған жан мейірімнен үмітсіз қалады*».

Көңіліне ұнамады, және ашып еді, сол аят тағы шықты. Үшінші рет ашып еді, ашуланып атып тұрып, Мұсхафты жерге лақтырып, аяқ астына тастады. Парақтарын жыртып-жыртып тастап, желге ұшырды да мына өлеңді айта бастады:

*Ә ту'идини би жәббарун 'әнидин
Фә һә әнә зәкә жәббарун 'әнидун
Изә ләқитә раббәкә йәумә хәшрин
Фә кул йә рабби мәззәқани Йәзиду.*

*(Сен мені «Жәббарун 'әнид» сипатты Затпен
қорқытпақшысың ба?
Міне, «Жәббарун 'әнид» мен боламын.
Егер қиямет күні Жаратушыңды кездестірсең,*

Мені Язид майдалап тастады деп айтқын).

Мығанасы мынау: «Сен мені «Жәббарун 'әнид» («Тәкәппар қырсық») деп қорқытасың. Сол «Жәббарун 'әнид» («Тәкәппар қырсық») менмін. Қиямет күні болған уақытта Тәңірді көрсен: «Тәңірім, Язид, мені осылай жасады, жыртты деп айт», – деді (Оған Алланың лағынеті болсын).

ЕСКЕРТУ ЖӘНЕ НАСИХАТ

Ей, мұсылмандар, Расул (ғ.с.) ұрпағына бұл залымдар (залымдық) жасады, (ақыретте) сұраусыз қалмақ емес. Осында соңына жетті, айып (қате) болмайды. Уақыт болады, бейғамдық жүрмейді. «Уә лә тәхсәбәнналлаһә зафилән әммә йә 'мәллу залимун» («Залымдар істеп жатқан істерді Алла білмейді деп әсте ойлама»). Алла Тағала: «Бізді залымдар зұлымдығынан ғапыл деп білмеңдер», – дейді. Тік тұр, қылмысқа жаза, амалға сыйлық (берер) күні келсін. Айбат алаңы жайылсын. Әуел, ақыр халқы жиылсын. «Йухиәру әз-залимунә йәумә әл-қийәмәти кә әмсәли әз-зәрр» («Қиямет күні залымдар шымалға ұқсас болған бейнеде жылайды»). Яғни ертең ұлы күнде күш көрсеткен, мал алған, ақы (әділдік) бермеген залымдар шымал секілді аяқтар астында жаншылады. Мейірімсіз бектерге жара салады. «Кулли ләхмин нәбәтә бил-хәрами фә ән-нәру әулә биһи» («Харам тамақпен біткен ет тозақ отында жанады»). Яғни араммен семірген ет, сүйектер тамұқ отына жағылады. «Иннәмә йәкулунә фи бутуниһим нәран уә сәйәсләунә сә'иран» («Олар қарындарына тек от жиды және тез тозаққа кіргізіледі»). Жетімдер малын жеген қарындардың көз-құлақтарынан, ауыз-мұрындарынан от жалыны шығады. Мұсылмандар әйелдеріне қиянат көзін салған, зина, ойнастық қылғандар азап және ақыретпен масқара болады. Әлсіздерді ұрғандар, Алла Тағалаға тіл тигізгендер, аяқ алған, сирақ тұтқан қолдарды сындырып, ұсақтап көкіректерінен шығарады. Бөгде әйелге қараған көздерді отпен толтырады. Ғайбат, жалған, ойнап сөйлеген тілдерді түбінен жұлып тастайды. Ойын-күлкі, күй, ғазал тыңдаған құлақтарға балқытылған қорғасын құяды. Шаһуат шарабымен мас болып жатқандарды азаппен тұрғызады. Абдулла Зияд (секілді) зұлымдық қылғандарды сұрайды. Хусейн (Алла одан разы болсын) ді өлтіргені үшін Язидті тамұқ жаққа алып барып, темір ілгіштермен іліп, бұзып, жырттып, тіліп, қағып қинайды. Бұл істердің бәрі болады. Болғанды болады деп ұста, келгенді келеді деп біл. «Кулли мә һуә әтин уә әл-хәмду лилләһи рабби әл-'әләмин. Мәуләнә әл-'әлиму әр-раббәни уә әл-хәбру әс-сәмәдәни кәшифу әл-мушкиләти мифтәху әл-'әжәйибәти имәму әл-әиммәти нәсиру әш-шари'әти мәржи'у әл-хасси уә әл-'әмми уә хәлли мушкиләти хәләлин уә хәрамин Насируддин Рабғузи» («Келешекте болатын әрбір нәрсе, сөз жоқ, болады және барша әлемдердің Жаратушысы болған Алла Тағалаға мадақ болсын! Қожамыз раббани ілімдердің ғалымы, дін ілімінің білгір ұстазы, мәселелерді шешуші, ғажайыптардың кілті, имамдардың имамы, шарияттың сүйеніші, хас пен тобырдың қарайтын қайнар бұлағы, халал мен харамды ажыратып беруші – Насируддин Рабғузи»).

РАБҒҰЗИ ҚИССАСЫНЫҢ СОҢЫ

Өлең:

Міне, біттім бұл кітапты, ей, жарандар, жер жүзі халқы,
Бір жыл ішінде өтті оның жазы-қыс, жаз-күзі.

Ұйқы бұздым, өзімді үздім, сөзім түздім түнде мен,
Ерте тұрдым, қалам ұрдым, еңбектендім түн-күндіз(і).

Бақ қопардым тал ағашты жас жапырақ ол шешек,
Жемісі хикмет, кемел аятты хабар жұлдызы.

Қан құрғаттым, жан шаршаттым, кен шығардым тас қазып,
Сап қызыл алтын тізбектеп безедім бұл жер жүзі(н).

Ой жемісін ектім перде ішінде түймедей,
Жасырдым әркімнен тимесін деп жат көзі.

Көркі артты күнде жетті, көз-құлаққа дейін асып,
Киіндім түрлі тауардан Рум, Қытай әтілес, чузы

Шебер жаран мейірі түсті, мейірін берген баршасы,
Мейірімімен қалды аман, жоқ бойында еш міні.

Барып істедім Насируддин Тоқбұғабек қызметіне,
Сұрай ма, сұрамай ма белгілі білсін өзі.

Аяты хабар әсілі оның, өзінің аты «Қисас» (Қиссалар),
Бая-аяғына түгел қарасаң барша пайғамбарлар сөздері.

Бұл безелген жауһар ішінде Мұстафа жалғыздай,
Қыздары төрт, екі немере (уғлан), әйел еді тоғызы.

Әуелі Адам атамыз, ақыры соңғы Расул,
Осы тәртіппен түзілді әмбие-мүрсәл сөзі.

Төртеуі атты сахаба, екі сиқыр, екі әйел,
Соңында өлім зікірімен толды қисса тоғызы.

Өзгелер көп әлем мойыншақ тізді ел кезіп,
Мен гауһар, дүр, інжу тіздім, кезбедім дала-жазы (н).

Жеті жүз он екі жылда жазылды бұл кітап,
Туған еді сол уақытта құт, бақыт жұлдызы.

Күн шығыстан күн батысқа, қане, жетсе сөздерім,
Есіткеннен дұға сұрадым міскін Насыр Рабғұзи.

«Тәммәт «Қиссәси әр-Рабғузи» фи йәуми әс-сәби'и уә әл-'ишринә уәқт әз-зухә фи әш-шәһри әл-мубәраки би тәуфиқи әл-мәлики әл-уәһһәб 'әлә йәди әз-зә'ифи ән-нәхифи әр-ражи илә рахмәтилләһи тә'әлә хәжи... мухәммәд хәжи уәзири гафәраллаһу тә'әлә зунубәһум уә нәууәра кубураһум. Аллаһуммәғфир ли кәтибиһи уә лимән сәми'ә минһу уә лимән нәзәра фиһи... әт-тәрих... («Ұлы Жаратушы патша әлемнің қолдауымен Рабғұзи қиссасы қасиетті айдың жиырма жетінші күні сәске уақытта Алланың мейірімінен үміт етуші әлсіз қажы... Мұхаммед Уәзиридің қолымен тамам болды. Алла Тағала олардың күнәларын кешірсін және қабірлерін нұрландырсын. Ей, Алла, бұл кітапты жазған, оны естіген және бұл кітапқа назар салғандардың күнәсін кешір!»).

Түсіндірме сөздік

А

Аббас ибн Әбді Мүтәліп – Мұхаммед пайғамбардың атасы Әбді Мүтәліптің он ұлының бірі.

Аббас ибн Әли – Хазірет Хусейннің Кербала шөліндегі жақтастарының бірі.

Абдулла – қ. Абдулла ибн Әбді Мүтәліп. Мұхаммед пайғамбардың үлкен атасы Әбді Мүтәліптің он ұлының бірі. Мұхаммед пайғамбардың әкесі.

Абдулла – Мұхаммед пайғамбардың кіші ұлы.

Абдулла Зияд – Хазірет Хусейнге қарсы шыққандардың бірі. Куфаның әкімі.

Абдулла Зубәйр – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Абдулла Уаһһаб әл-Кәлби – Хазірет Хусейннің Кербала шөліндегі жақтастарының бірі

Абдулла ибн Аббас – Мұхаммед пайғамбардың немере туысы. Хадис ілімінің білгірі.

Абдулла ибн Ауфағ – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Абдулла ибн Әбді Мүтәліп – Мұхаммед пайғамбардың үлкен атасы Әбді Мүтәліптің он ұлының бірі. Мұхаммед пайғамбардың әкесі.

Абдулла ибн Әби Шурайх – Хазірет Оспанның Мысырға тағайындаған әкімі.

Абдулла ибн әл-Зубайр – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы Айшаның жиені.

Абдулла ибн әр-Рабғұзи – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Абдулла ибн Жағфар – Хазірет Әлидің жиені.

Абдулла ибн Муслим – Хазірет Хусейннің Кербала шөліндегі жақтастарының бірі һәм туысқаны.

Абдулла ибн Омар – Хазірет Омардың үлкен ұлы.

Абдулла ибн Убай – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Абдулла ибн Хабир – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Абдулла ибн Салам – Пайғамбар заманында Исламды қабылдаға йаһуди.

Абдулла Харис Ибн Нәуфәл – Ислам әлеміне белгілі діндар.

Абира – қиссада Салих пайғамбардың заманында өмір сүрген мүшірік әйел ретінде беріледі.

Абха – Әбу Бәкір Сыддықтың лақабы.

Абхар – Салих пайғамбар тұсындағы пұттың аты.

Ағлия – Мұса пайғамбар қиссасында кездесетін кенттің аты.

Ад – Хұт пайғамбардың қауымы.

Адам Сафи – Адам ата.

Ади – Мұса пайғамбар тұсындағы алыптар қауымы.

Адын – сегіз жәннаттың бірі.

Ажам – арабтар өздерінен басқа мұсылман халықтарды осылай атаған.

Ажиба – жетінші қабат жердің аты.

Ажнас ибн Шәриф – Ислам дұшпаны Әбу Жәһілдің жақтасы.

Азар – Ибрахим пайғамбардың әкесі.

Азрам – Мұса пайғамбар мен Қызырдың кездестіретін екі жетім баланың бірі.

Айнулхитан – Жүсіп пайғамбар қиссасында кездесетін балық.

Айнуш-Шамс – Жүсіп пайғамбар қиссасында кездесетін кенттің аты.

Айс ибн Әбу Дарда – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Айса – Ферғауынның әйелі.

Айша бинт Әбу Бәкір Сыддық – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы. Хазірет Әбу Бәкірдің қызы.

Ақба – Сүлеймен пайғамбардың қиссасында баяндалатын құстың аты.

Ақил ибн Әбу Тәліп – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі
Ақим – Жүніс пайғамбар қиссасында кездесетін желдің аты.
Аммара – қиссада Исмайыл пайғамбардың алғашқы жары ретінде берілген.
Амалиқа – Дәуіт пайғамбар заманында өмір сүрген палуан.
Амил ибн Исраил – Мұса пайғамбар қиссасында Аржам мен Ағлия деген екі кенттің арасында қайтыс болған адам.

Амура – қиссада Лұт пайғамбар заманында Йордания жерінде орналасқан бес үлкен шаһардың бірі ретінде аталады.

Анас ибн Мәлік – Мұхаммед пайғамбардың қызметшісі. Хадис ілімінің білгірі.

Анжалус – Үндістандағы жердің аты.

Анис ибн Мағқал әл-Ахза – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі.

Антакия – Сирияның терістігінде орналасқан қала.

Арасат – қиямет қайымда барша адамзат баласының жиналатын алаңы.

Арафа күні – құрбан айттан бір күн бұрынғы күн. Осы күні қажылықтағылар Арафат тауына шығады.

Арафат – Араб түбегіндегі таудың аты. Бүгінгі Сауд Арабиясының жерінде.

Аржаб – Мұса пайғамбар қиссасында кездесетін кенттің аты.

Арзу – Меркурий планетасы.

Ариба – жетінші қабат көктің аты.

Арқа – үшінші қабат жердің аты.

Арсы – Алла Тағаланың ғарыш әлемі.

Артмиш – Жиржис пайғамбар заманындағы пұт.

Арума – Меккедегі құдық.

Архам – Сүлеймен пайғамбар қиссасында кездесетін балықтың аты.

Аршын – өлшем бірлігі. Шамамен 65,2 ден 112 см. ге тең келеді.

Асаф ибн Бархая ибн Хинуким – Сүлеймен пайғамбардың жақын уәзірі әрі жиені.

Ас ибн Әбдірахман – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Ас ибн Уәбәк – Ислам дұшпандарының бірі.

Асба – Араб түбегіндегі жердің аты.

Асиб ибн Уаил – Ислам дұшпандарының бірі.

Асмаха – Асхаб ул-фил оқиғасындағы суреттелетін патша.

Астхар – Сүлеймен пайғамбар қиссасында аталатын кенттің аты.

Асуад ибн Әбди Яғус – Ислам дұшпандарының бірі.

Асхаб ул-Кәһф – жауыз Дақиянус патша тұсында қашып шығып, үнгірді паналаған жеті мұсылман туралы хикая.

Асхаб ул-Фил – Хабаши патшасы Әбраһаның Қағбаны қирату мақсатымен келіп, опат болған қиссасы.

Атаба – Ислам дұшпандарының бірі.

Атика – Мұхаммед пайғамбардың немере әпкесі.

Ахад – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Жалғыз деген мағынада.

Ахмет – Мұхаммед пайғамбардың Инжіл мен Тәураттағы аты.

Ахнақ – Хұт пайғамбардың тұсындағы қауым.

Ахнух – Ыдырыс пайғамбардың алғашқы аты.

Ауж ибн Ұнұқ – Нұх пайғамбар заманында жасаған алып адам.

Ауф ибн Мәлік ән-Насри – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан.

Афгун – Жиржис пайғамбар заманындағы пұт.

Афзим – Мұса пайғамбар заманындағы тоғыз қауымның өкілінің бірі.

Афратим – Жүсіп пайғамбардың ұлы.

«Аят ул-курс» – Құранның «Бақара» сүресінің 255-ші аяты.

Ә

Әбдірахман – Хазірет Әбу Бәкірдің ұлы.

Әбдірахман – Жүніс пайғамбардың қиссасында кездесетін діндар.

Әбдірахман ибн Мұрати ибн Мулжим – Хазірет Әлиді өлтірген қанішер.

Әбді Мәннәф – Мұхаммед пайғамбардың үлкен атасы.

Әбді Мүтәліп – Мұхаммед пайғамбардың атасы.

Әбдулмуғис – Адам атаның алғашқы ұлдарының бірі.

Әбжәд – араб әріптерінің астына жасырынған сандар атауы.

Әбраха Сабах – Асхаб ул-Фил оқиғасындағы Меккені қиратуға келген әскери қолбасшының бірі.

Әбрахам – яғни, Ибрахим пайғамбар.

Әбраһа ибн Асрам – Асхаб ул-Фил оқиғасындағы Меккені қиратуға келген әскери қолбасшының бірі.

Әбу Айюб Ансари – Мұхаммед пайғамбар Меккеден Мединеге хижрет еткен уақытта осы сахабаның үйіне түскен.

Әбу Амама әл-Баһили – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Әбу әл-Ағда әс-Салами – Ислам әлеміне белгілі діндар.

Әбу әл-Хануқ әл-Жағфар – Хазірет Хусейнге қарсы шыққан әрі оны жаралағандардың бірі.

Әбу ән-Нәжзи ибн Хишам – Ислам дінінің дұшпаны. Мұхаммед пайғамбарға көп қастандық жасаған.

Әбу Бәкір ибн Әли – Хазірет Хусейннің туысы һәм жақтастарының бірі.

Әбу Бәкір Сиддық – Исламды алғаш қабылдаған сахабалардың бірі. Мұхаммед пайғамбардың жолдасы һәм алғашқы Ислам халифы.

Әбу Дажжанату әл-Ансари – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Әбу Дахана – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Әбу Жақып Тарижимани – Ескендір Зұлқарнайын қиссасын жеткізушердің (рауилардың) бірі.

Әбу Жәһіл ибн Хишам – Ислам дініне қарсы шыққан Мекке ақсүйектерінің бірі. Мұхаммед пайғамбарға көп қастандық жасаған.

Әбуда – Адам атаның Әбілмен бірге туылған сыңар қызы.

Әбу Зар Ғаффари – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Әбу Зияд – Мысыр патшасы Мақауқишқаның Мұхаммед пайғамбарға жіберген сыйы.

Әбу Зулама – Жүсіп пайғамбарды құл ретінде сатқан Зағыр патшаның лақабы.

Әбу Лабана – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Әбу Ләһәб – Мұхаммед пайғамбардың немере ағасы. Әкесі Абдулланың бауыры.

Әбу Луғлуғ – Хазірет Омарды өлтірген адам.

Әбу Мұса әл-Ашғари – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі. Ислам әлеміне белгілі ғалым.

Әбу Муслими Рағи – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Әбу Сағид әл-Хидри – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Әбу Сағид әл-Фарияби – Мұхаммед пайғамбардың соңғы сапары туралы риуаят еткен ғалым.

Әбу Салама – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Әбу Тәліп – Мұхаммед пайғамбардың үлкен атасы Әбді Мүтәліптің он ұлының бірі. Мұхаммед пайғамбар Әбу Тәліптің қолында ержеткен.

Әбу Уаһһаб – қиссада Салих пайғамбар заманында өмір сүрген Сақил атты мүшіріктің лақабы ретінде беріледі.

Әбу Һурайра – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі. Хадис ілімінің атақты білгірі.
Әбу Ысқақ Нишапури – Ислам әлеміне белгілі ғалым. Оның қаламынан «Пайғамбарлар тарихы» секілді бірнеше еңбек дүниеге келген.

Әбулфазыл – Әбу Бәкір Сыддықтың лақабы.

Әбіл – Адам атаның алғашқы ұлының бірі.

Әзасыл – яғни, Әзәзіл.

Әзіз – құрметті.

Әзірейіл – атақты төрт періштенің бірі. Жан алушы періште.

Әкрама ибн Әбу Жәһіл – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Әкуз – Сүлеймен пайғамбар қиссасында кездесетін Сундурна деген шаһардың патшасы.

«Әләм нәшрах» – қасиетті Құранның 94-ші сүресі.

«Әл-ән'әм» – қасиетті Құранның 6-шы сүресі.

«Әл-әнфәл» – қасиетті Құранның 8-ші сүресі.

«Әл-'әср» – қасиетті Құранның 103-ші сүресі.

«Әлеф» – араб әліппесінің бірінші әріпі.

«Әл-'имран» – қасиетті Құранның 3-ші сүресі.

«Әл-хәмду» – қасиетті Құранның 1-ші сүресі.

Әл-Ясағ – Ілияс пайғамбар заманындағы діндар.

Әли – Хазірет Хусейннің кенже ұлы.

Әли әл-Асқар – Хазірет Хусейннің кіші ұлы.

Әли әл-Әкбәр – Хазірет Хусейннің үлкен ұлы.

Әли ибн Әбу Тәліп – Ислам дінін алғаш қыбалдаған сахабалардың бірі. Мұхаммед пайғамбардың күеу баласы. Ислам әлеміндегі төртінші халиф.

Әмәт ул-Муғиса – Адам атаның қызы.

Әмин – Жебірейіл періштенің лақап аты. Кейде Мұхаммед пайғамбардың атына қоса айтылып «Мұхаммед әмин» яғни «Сенімді Мұхаммед» деп те айтылады.

Әмина – Сүлеймен пайғамбардың қызметші күні.

Әмина бинт Уаһаб – Мұхаммед пайғамбардың анасы.

Әмр ибн Хишам – Ислам дінінің дұшпандары.

Әмір ибн ән-Халифа әл-Жахфи – Хазірет Хусейнге қарсы шыққандардың бірі.

Әмір мағрұф – шариғатта халықты жақсылыққа, яғни Алланың Хақ дініне шақыруды айтады.

Әнбәр – амбра (хош иіс су).

Әнбие – пайғамбарлар.

Әнга Фарита – Араб тайпаларының бірі.

Әрмәлә бинту Афлатун мин Ғуш – Ілияс пайғамбар заманындағы Ажаб ибн Амр деген патшаның әйелі.

Б

Бағл – Ілияс пайғамбар заманындағы пұт.

Бағлабакка – Ілияс пайғамбар заманындағы шаһар.

Байғат ету – дауыс беру, қолдау.

Бақиғ – Меккедегі сахабалар жерленген қабірістан.

Бақта – Лұт пайғамбардың қызы.

Балас – Жүніс пайғамбар заманындағы пұт.

Балх – көне шаһарлардың бірі. Бүгінгі Ауғанстан жерінде.

Бамдат – таңғы намаз.

Бану Харим – қиссада Исмайыл пайғамбардың екінші жары Сайида бинти Массас әл-Хурхумидің үлкен атасы ретінде берілген.

Баршам – Жүніс пайғамбар заманындағы патша.

Батир – Араб тайпаларының бірі.

Батуил ибн Илияс – Ысқақ пайғамбардың қайын атасы.

Батха – Лұт пайғамбар заманында болған көне аймақ атауы.

Басра – көне шаһарлардың бірі. Бүгінгі Ирак жерінде.

Бахира – Мұхаммед пайғамбар заманындағы Тәурат ілімінің білгірі.

Бахмал – күн календары бойынша он бірінші ай (22 қаңтар – 21 ақпан арасы).

Бахсафи – Мұса пайғамбар заманындағы сиқыршы.

Бахыл – Лұт пайғамбар қиссасында алғаш жиіркенішті істі жасаған адам ретінде беріледі.

Башир – Жүсіп пайғамбарды құдықтан алып шыққан құл.

Башир – Жақып пайғамбардың күңі Мубашшараның ұлы.

Бәдір – 624-ші жылы дін үшін болған шайқас.

Бәдри суғра – кіші Бәдір (соғысы). 626-шы жылы дін үшін болған шайқас.

Бәйт ул-Мал – мемлекеттік қазына.

Бәйт ул-Мәғмур – Қағбаның үстінде төртінші қабат көкте ілініп тұрған үй.

Бәйт әл-Мұқаддас – қасиетті үй. Сүлеймен пайғамбар салдыртқан Ақса мешіті.

Бәни Исраил – Исраил ұрпақтары. Яғни, жөйттер қауымы.

Бәни Құрайза – жөйт тайпаларының бірі.

Бәни Сағд – көшпенді араб тайпаларының бірі.

Бәни Умая – Умая ұрпақтары. Хазірет Әлиден кейін билікке келген Умаядтар (Омаядтар) әулеті.

Бәну Жархам – Исмайыл заманындағы бір тайпаның аты. Қиссада бүгінгі Қағба жеріне алғаш көшіп келген тайпа ретінде берілген.

Бәну Лудия – Хұт пайғамбар қиссасында аты аталатын қауым.

Бәну Салама – араб тайпаларының бірі.

«Бе» – араб әліппесінің екінші әріпі.

Билқис – Сүлеймен пайғамбардың жұбайы.

Битшаниғ – Дәуіт пайғамбардың жұбайы. Сүлеймен пайғамбардың анасы.

Бишр ибн Мәлік – Хазірет Хусейнге қарсы шыққандардың бірі.

Буғат ибн Зубиға ибн Ібіліс – Сүлеймен пайғамбардың қолбасыларының бірі.

Бурж – жұлдыз календары.

Бушра – Жүсіп пайғамбарды құдықтан алып шыққан құл.

Бұрхан ұлы Насируддин – Рабат оғызының қазысы.

Біләл Хабаши – Мұхаммед пайғамбардың азаншысы. Ислам дінінде намазға ең алғаш азан айтқан сахаба.

Ғ

Ғабур – Мұса пайғамбар заманындағы сиқыршы.

Ғам ул-Худайба – дін жолында болған соғыс.

Ғаффар – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Кешіруші, арылқаушы деген мағынада.

Ғуфра – Ислам дұшпандарының бірі.

Ғұзайыр – пайғамбар не әулие екендігі белгісіз діндар.

Ғұзза – Мұхаммед пайғамбар заманына дейін араб тайпаларының табынатын негізгі үш пұтының бірі.

Ғұмра – кіші қажылық, зулхижжа айының 8, 9, 10 күндерінен басқа барлық күндері өтелетін қажылық.

Ғұсыл – бой дәрет алу.

Д

Дағин – Сүлеймен пайғамбардың қиссасында кездесетін Билқистың уәзірі.

Дадбана – Жиржис пайғамбар заманындағы мүшірік.

Дадума – қиссада Лұт пайғамбар заманында Йордания жерінде орналасқан бес үлкен шаһардың бірі ретінде аталады.

Дажжал – діни көзқарас бойынша қиямет қайым жақындағанда жер бетіне шығатын мақұлық.

Дақиянус – өзін Тәңірмін деп жариялаған патша.

Дамауанд – Батыс Азиядағы тау.

Дан – Жақып пайғамбардың он екі ұлының бірі.

Дарланд – Лұт пайғамбар заманында болған көне аймақ атауы.

Дахна – Мекке мен Тайфтың арасындағы жер.

Дәийән – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Әділ қазы деген мағынада.

Дәйләми – Иранның күншығысында IX-X ғғ. өмір сүрген тайпа.

«Дәл» – араб әліппесінің сегізінші әріпі.

Дәуіт – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі. Сүлеймен пайғамбардың әкесі.

Дина – Лұт пайғамбардың иті.

Дүлдүл – Мысыр патшасы Мақауқишқаның Мұхаммед пайғамбарға жіберген тұлпары.

Е

Ескендір Зұлқарнайын – Құранда аты аталатын әділ патша. Кейбір деректерде оның Александр Македонский екенін жазады.

Ефрат – бүгінгі Ирак жеріндегі өзен.

Ж

Жабил – Салих пайғамбар қиссасында аты аталатын Батыс жақтағы көне шаһар.

Жабилиса – Салих пайғамбар қиссасында аты аталатын Шығыс жақтағы көне шаһар.

Жабилқа – қиссада Батыс жақтағы бір елдің аты ретінде беріледі.

Жабир ибн Абдулла – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі. Дін үшін болған көптеген шайқастарған қатысқан ансарлық.

Жаблит – тамұқтағы арыстан бейнелі мақұлық.

Жағфар ибн Әли – Хазірет Хусейннің туысы.

Жағфар Тайяр – Мұхаммед пайғамбардың Хабашистан патшасы Нажашиға елші ретінде жіберген сахабасы.

Жада – Жақып пайғамбардың он екі ұлының бірі.

Жадди ибн Сури – Мұса пайғамбардың Ади қауымына жіберген тыңшысының бірі.

Жай ибн Қуқиш – Мұса пайғамбардың Ади қауымына жіберген тыңшысының бірі.

Жақып – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі. Ысқақ пайғамбардың кіші ұлы.

Жақып – Сүлеймен пайғамбардың хұтхұты (құс аты).

Жалут – Дәуіт пайғамбар заманында өмір сүрген патша.

Жан ибн әл-Жан – адамзат баласы жаратылмастан бұрын жаралған жын қауымы.

Жанада – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі.

Жанн – жындар тобы. Жынның көпше түрі.

Жарира бинт әл-Харис – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы.

Жасмық – бұршақ тұқымдас дән.

Жахд – Салих пайғамбар қиссасында Хижаз төңірегіндегі жердің аты ретінде беріледі.

Жахма – Жүніс пайғамбардың қиссасында кездесетін дию.

Жәлил – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Ұлы, құрметті деген мағынада.

Жәһилиет – арабтардың Исламнан бұрынғы дәуірі. Оны қараңғылық дәуірі деп атайды.

Жебірейіл – атақты төрт періштенің бірі. Пайғамбарларға Алланың уахиын жеткізуші.

Жиддә – Араб түбегіндегі таудың аты.

Жизия – мұсылман елінде тұратын өзге дін өкілдерінің төлейтін салығы.

«Жим» – араб әліппесінің бесінші әріпі.

Жиржис – Алла Тағала тарапынан пенделерге жіберілген пайғамбар.

Жуди – таудың аты. Ислами түсінік бойынша Нұх пайғамбардың кемесі осы тауға келіп тоқтаған.

Жулайын ибн Мәликие – Мұса пайғамбардың Ади қауымына жіберген тыңшысының бірі.

Жулза – екінші қабат жердің аты.

Жүніп болу – шарифат бойынша ер адамның бойынан қуат (ұрық) шығуын атайды. Мұндай жағдайда ер адамға қашан ғұсыл құйынбайынша, діни құлшылықтарды жасауға тиым салынады.

Жүніс – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі. Балық ішінде қырық күн құлшылық жасаған деп айтылады.

Жүсіп – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі. Адамзат баласының ішіндегі ең сұлуы ретінде айтылады.

«Жүсіп» – қасиетті Құранның он екінші сүресі.

3

Забатұқ – Жақып пайғамбардың он екі ұлының бірі.

Зағура – Жақып пайғамбардың жұбайы.

Зағыр – Жүсіп пайғамбарды құдықтан алып шығып, Мысырға алып барып сатқан патша.

Зажми – Мұса пайғамбар қиссасындағы Қызырдың белгілі бір себеппен өлтірген ұлдың әкесі.

Залужа – Жүніс пайғамбар қырық күн ішінде болатын балықтың аты.

Замз – қиссада Ибрахим пайғамбардың Футур деген әйелінен сүйген баласы ретінде аталады.

Заннун – Жүніс пайғамбардың екінші аты.

Зарға ибн әл-Шәрик әл-Тәмими – Хазірет Хусейнге қарсы шыққандардың бірі.

Зарғат әл-Жандал – Ескендір Зұлқарнайынның дүниеден өткен жері.

Заррам – Мұса пайғамбар мен Қызырдың кездестіретін екі жетім баланың бірі.

Заум – немесе Сахур. Салих пайғамбардың тұсындағы пұтқа қарайтын Қасур ибн Убайданың жұбайы.

Заха – алтыншы қабат көктің аты.

Захр ибн әл-Қайс – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі

Заххақ ибн Қайыс әл-Шайбани – Хауариждер тайпасының бастығы.

Заһид – діндар.

Заһыр – Мұхаммед пайғамбардың екінші ұлы.

Зәбәржад – кризолит (асыл тас).

Зәбих – құрбандық деген мағынада. Исмайыл пайғамбардың лақап аты.

Зәбихулла – Алланың құрбандығы деген сөз. Исмайыл пайғамбардың лақап аты.

Зәбүр – көктен түскен төрт кітаптың бірі. Дәуіт пайғамбарға берілген.

Зэйна – Жүсіп пайғамбардың қарындасы.
Зәкәрия – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі.
Зәмзәм – Меккедегі қасиетті су.
Зейнеп – Мұхаммед пайғамбардың қызы.
Зейнеп – Исламды алғаш қабылдаған әйелдердің бірі.
Зейнеп бинт Жаһш – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы.
Зеуал – Лұт пайғамбар қауымының табынатын ең үлкен пұты.
Зина – шаиғатты ойнастық жасауды айтады.
Зуанас – Асхаб ул-Кәһф оқиғасындағы залым Дақиянус патшадан қашып шығып, үңгірді барып паналаған жеті мұсылманның бірі.
Зубайр – Мұхаммед пайғамбардың үлкен атасы Әбді Мүтәліптің он ұлының бірі.
Зуғула – Лұт пайғамбардың қызы.
Зулкәфіл – пайғамбар не әулие екендігінде талас бар діндар.
Зулхижжа – қажылық айы.
Зулфиқар – Хазірет Әлидің қылышы.
Зурайта – қиссада Салих пайғамбар заманында өмір сүрген мүшірік ретінде берілген.
Зуһра – Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатиманың лақабы.
Зуюғ – Сүлеймен пайғамбардың қиссасында кездесетін Билқистың қазысы.
Зікір – Алланы еске алу.

И

Ибн – ұлы, баласы.
Ибн Абдулла – Ислам дұшпандарының бірі.
Ибн Ямин – Жақып пайғамбардың он екі ұлының бірі.
Ибраний – арамей тілі.
Ибрахим – Мұхаммед пайғамбардың Мәрия әл-Қантия деген әйелінен сүйген ұлы.
Ибрахим ән-Нәфәфи – Ислам әлеміне белгілі ғұламалардың бірі.
Ибри – арамей тілі.
Игсиг – Асхаб ул-Кәһф оқиғасындағы залым Дақиянус патшадан қашып шығып, үңгірді барып паналаған жеті мұсылманның бірі.
Иемен – араб мемлекеті.
Иқлима – Адам атаның Қабылмен бірге туылған сыңар қызы.
Имам Атия Ауфи – Ислам әлеміне белгілі ғалым.
Имам Әбу Ханифа – Ханафия мәсхабының негізін қалаушы. Имам Ағзам деген атпен танымал болған.
Имам Әбілхасан Шафиғи – Шафиғи мәсхабының негізін қалаушы. Имам Шафиғи деген атпен танымал болған.
Имам Жақып Суфиян – Ислам әлеміне белгілі ғалым.
Имам Қағб – Ислам әлеміне белгілі ғалым.
Имам Қалби – Куфада өмір сүрген ғалым.
Имам Қатада – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Имам Мақатил – Ислам әлеміне белгілі Құран тәпсірші ғалым.
Имам Мұхаммед ибн Хасан Шайбани – Ислам әлеміне белгілі тақуа имам.
Имам Сади – Ислам әлеміне белгілі ғалым.
Имам Шайқы Жуйбари – Ислам әлеміне белгілі ғұламалардың бірі.
Имам Ысқақ Мамшад – Ислам әлеміне белгілі ғалым.
Имихарт – Йәжүж-Мәжүж қауымының келесі бір аты.
Имлақ – жер бетіне жұмақ салмақшы болған Шаддат патшаның ұлы.
Имран – Иса пайғамбардың анасы Мәриямның әкесі.

Имран ибн Хусейн – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
 Ирак – араб мемлекеті.
 Ирсама – Лұт пайғамбардың қызы.
 Иса – Құранды аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі.
 Искандария – Александрия.
 Исмайыл – алғашқы қабат көктегі үлкен періштенің аты.
 Исмайыл – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі. Ибрахим пайғамбардың ұлы.
 Исраиулла – Жақып пайғамбардың лақабы.
 Исафил – атақты төрт періштенің бірі. Қияметте сұр үрлеуші.
 Истидраж – шайтандарға берілетін қасиет.
 Истинжа – шарифатта кіші һәм үлкен дәреттен кейінгі тазалықты айтады.
 Истихаза – шарифатта табиғи жағдаймен емес, аурудан жыныс мүшесі арқылы шыққан қанды айтады.
 Исфахан – көне шаһарлардың бірі. Бүгінгі Иран елінде.
 Ифрит – Сүлеймен пайғамбар қиссасында айтылатын жердің аты.
 Ихса – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
 Ихсән әл-бәйән – тәпсір кітап.
 Ишағ – Дәуіт пайғамбардың әкесі.
 Ишмуил – Дәуіт пайғамбар заманындағы пайғамбар.
 Ияз – Ысқақ пайғамбардың үлкен ұлы.

Й

Йалчық – ай (жағраф.)
 Йашық – күн (жағраф.)
 Йәжүж-Мәжүж – қиямет қайым жақындаған шығатын қауым.
 Йордан – яғни, бүгінгі Йордания.

К

Кағб әл-Ахбар – Химмас жерінде дүниеден өткен атақты тарихшы.
 Кайна – қиссада Салих пайғамбар заманындағы көлдің аты ретінде беріледі.
 Каркас – өлімтіктермен қоректенетін жыртқыш құс (күшіген).
 Карму – Лұт пайғамбар қиссасында патшаның уәзірі ретінде аталады.
 Кауан – Сүлеймен пайғамбар қиссасында кездесетін дарияның аты.
 Кафиттинус – Асхаб ул-Кәһф оқиғасындағы залым Дақиянус патшадан қашып шығып, үңгірді барып паналаған жеті мұсылманның бірі.
 Каффал Шаши – имам Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Әли ибн Исмайыл.
 Кәләм – сөз деген мағына береді. Алланың сөзі, яғни Құран.
 Кәлимәи шаһадат – иман куәлігі
 Кәләмән – әбжәд іліміндегі екінші қатардағы әріптердің атауы.
 Кәләмулла – Алланың сөзі. Яғни, Құран Кәрім.
 Кәниса – йаһудилердің құлшылық үйі.
 Кәсир ибн Сәлда – Хазірет Оспанның жақын жолдастарының бірі.
 Кәусар – жұмақтағы Мұхаммед пайғамбардың құрметіне берілген бұлақ.
 «КәфһәЙә'ӘинСад» – қасиетті Құрандағы «Мәриям» сүресінің алғашқы аяты.
 Келлу ибн Буфна – Мұса пайғамбар заманында Хақ дидарын көрмекші болып, кейін бас тартқан жан.

Кенан – Нұх пайғамбардың ұлы. Хақ дінді мойындамай, топан суға батқан.
Кенан – Палестинаның бұрынғы аты.
Кербала – көне шаһар. Хазірет Хусейннің шаһид болған жері. Бүгінгі Ирак жерінде.
Керман – бүгінгі Иранның провинциясы.
Кимит – Йәжүж-Мәжүж қауымының тағы бір түрі.
Кисра – Парсы патшасы.
Көния – көне шаһар. Бүгінгі Түркия жерінде.
Кукәбил – үшінші қабат көктегі періштелердің үлкені.
Куна – Сүлеймен пайғамбар қиссасында кездесетін Әкуз патшаның қызы.
Куния – лақап ат.
Куруд – Марс планетасы.
Куфа – көне шаһар. Бүгінгі Ирак жерінде.

Қ

Қаба қаусейн – Мұхаммед пайғамбар миғражға көтерілгенде Алла мен Мұхаммед пайғамбардың арасы «қаба қаусейн», яғни екі жай аралығындай жақын қашықтықта болуы.
Қабыл – Адам атаның алғашқы ұлының бірі.
Қағба – Меккедегі қасиетті тас. Яғни, Алланың үйі.
Қадыр – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Бәріне күші жетуші деген мағынада.
Қадыр түні – рамазан айының жиырма жетінші түні. Ең алғаш Құран аяты түскен түн.
Қазар ибн Салиф – Салих пайғамбардың інгенін өлтірген адам.
Қазур – Жақып пайғамбардың он екі ұлының бірі.
Қайдам – үшінші қабат көктің аты.
Қайиум – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Мызғымас, берік деген мағына береді.
Қайсар – Рум патшасы.
Қайыл ибн Омар – Хұт пайғамбардың тұсында өмір сүрген пенде.
Қалб – қиссада Ибраһим пайғамбардың досы ретінде беріледі.
Қалхан – Хұт пайғамбардың тұсында дінге қарсы шығып, опат болған мүшірік.
Қалхар – Лұт пайғамбар заманында болған көне аймақ.
Қамар – Жақып пайғамбардың жұбайы.
Қандил – шам.
Қарра – қиссада таудың аты ретінде беріледі.
Қари – шынтаққа дейінгі өлшем бірлігі.
Қарият ус-сәмәнинә – сексен ауылы. Нұх пайғамбардың кемесінің арқасында аман қалған сексен адамның құрғақ жерге түскен кезде салған ауылы.
Қарын – Мұса пайғамбардың заманындағы шық бермес шығай бай.
Қасур ибн Убайда – Салих пайғамбар заманындағы пұтқа қараушы адам.
Қасым – Мұхаммед пайғамбардың үлкен ұлы
Қасым ибн Аббас – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Қатғир – Жүсіп пайғамбар заманындағы Райян патшаның уәзірі.
Қауыш – Сүлеймен пайғамбар қиссасында кездесетін жынның аты.
Қаф тауы – аңыздарда кездесетін тау.
Қибти – копт. Яғни, көне мысырлық.
Қитам – Ислам дұшпандарының бірі.
Қитмир – Асхаб ул-Кәһф оқиғасындағы залым Дақиянус патшадан қашып шығып, үңгірді барып паналаған жеті мұсылманның қасындағы ит.

Қисас ул-әнбия – пайғамбарлар қиссасы. Адам атадан бастап Мұхаммед пайғамбарға дейінгі Құранда аты аталған пайғамбарлардың өмір-тарихын жинақтап, жазылған діни-тарихи еңбектердің атауы.

Қуб – Лұт пайғамбар қауымының сиынатын негізгі төрт пұтының бірі.

Қурмуз (Кармуз) – Лұт заманында өмір сүрген Садум ибн Мушдамның уәзірі.

Қуррат ибн Әби Зар әл-Ғаффари – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі.

Қут – Лұт пайғамбар қауымының сиынатын негізгі төрт пұтының бірі.

Қутрум – Имлақ патшаның салдыртқан үлкен шатыры.

Қустантиния – Константинополь.

Құзырет – Алла Тағаланың құзыры.

Құмри – құстың аты.

Құтпа – Имамның айтатын діни өсиеті.

Құрайыш – Мұхаммед пайғамбардың тайпасы.

Қызыр – пайғамбар не әулие екендігі белгісіз Алланың сүйген құлы.

Л

Ламкан – Ибрахим пайғамдардың заманында өмір сүрген жауыз патша Намрұттың қызметшісі.

Лат – Ислам діні келгенге дейінгі арабтар табынған негізгі үш пұттың бірі.

Латима – Мұхаммед пайғамбар заманындағы базар..

Лауий – Жақып пайғамбардың он екі ұлының бірі.

Ләухул-Махфуз – адам тағдыры жазылған көктегі кітап.

Лубид – Хұт пайғамбар қиссасындағы шымалдың аты.

Лубнан – тау.

Лукам – Жүніс пайғамбардың қиссасында кездесетін таудың аты.

Лұқпан – аңыздарда жиі кездесетін Лұқпан хәкім.

Лұқпан ибн Ад – қиссада Хұт пайғамбардың тұсында өмір сүрген адам ретінде беріледі.

Лұт – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі.

М

Мағриб – яғни, Марокко.

Мағрифат – сопылық дүниетанымдағы екінші мақам.

Мағун – төртінші қабат көктің аты.

Мағшұқ – сүйікті.

Мадян – Ибрахим пайғамбардың Футур деген әйелінен сүйген баласы.

Мазид ибн Сағд – Хұт пайғамбардың тұсында өмір сүрген пенде.

Мақауқишқа – Мысыр патшасы.

Малса – бесінші қабат жердің аты.

Малса – Жүсіп пайғамбармен бірге зынданға түскен аспаз.

Мамун халифа – 813-833 жылдары билік еткен Аббасидтер әулетінен шыққан халиф.

Мана – Жүніс пайғамбардың әкесі.

Марерб – Сүлеймен пайғамбардың жары Билқистың шаһары.

Мардаки – Илияс пайғамбар заманындағы діндар.

Марият әл-Қибтия – Мысыр патшасы Мақауқишқаның Мұхаммед пайғамбарға жіберген күні.

Марталус – Асхаб ул-Кәһф оқиғасындағы залым Дақиянус патшадан қашып шығып, үңгірді барып паналаған жеті мұсылманның бірі.

Маруа – Араб түбегіндегі төбенің аты. Бүгінгі Сауд Арабия елінде. Қажылыққа барған осы Сафа мен Маруа тауларының арасына жүгіріп, негізгі құлшылықтарының бірін өтейді.

Маруан – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Маряб – Мұса пайғамбар заманындағы тоғыз қауым өкілінің бірі.

Масғұд Сақафи – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Масмағ – Йәжүж-Мәжүж қауымының тағы бір түрі.

Масруқ ибн әл-Хажжж – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі

Мастах ибн Дахр – Салих пайғамбардың інгенін өлтірген тоқымашы.

Масхур – Лұт пайғамбар қауымының сиынатын негізгі төрт пұтының бірі.

Матлау – Жүніс пайғамбар заманындағы Баршам патшаның шаһары.

Махахарқия – Жүніс пайғамбар заманындағы тағы бір Алланың елшісі.

Махшар ул-харам – қиямет қайымда барша адамзат баласы жиылатын алаң.

Мәжмәри – жағымды иіссуар салынатын ыдыс.

Мәймун – Адам атаның жұмақта мінген аты.

Мәймунә бинт әл-Харис – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы.

Мәликәни – христиан дінінің бір ағымы.

Мәликул мулук – патшалардың патшасы. Яғни, Алла Тағала.

Мәлік ибн Анас – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі

Мәлік ибн Жағфар – Хазірет Хусейнге қарсы шыққандардың бірі.

Мәлік ибн Сағсағ – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Мәлік ибн Сүлеймен әл-Хирауий – Ислам әлеміне белгілі ғұламалардың бірі.

Мәриям – Иса пайғамбардың анасы.

Мәрут – жер бетіне сынақ үшін жіберілген періште.

Мәжид ул-Харам – Меккедегі қасиетті мешіт.

Мәсхап – ағым, жол.

Мәуләнә Мәжиддин Андигани – Ислам әлеміне белгілі ғұламалардың бірі.

Мәһір – шарифатта ер азаматтың өз қалыңдығына үйленер алдында беретін сыйлығын атайды.

Медине – Мұсылмандар үшін қасиетті қала. Бүгінгі Сауд Арабиясының жерінде.

Мекке – Мұсылмандар үшін қасиетті қала. Бүгінгі Сауд Арабиясының жерінде.

Миғраж – Мұхаммед пайғамбардың Миғражға көтерілуі, яғни Алланың құзырына шығуы.

Миз – Хұт пайғамбар қиссасында аты аталатын кемпірдің аты.

Микәйіл – атақты төрт періштенің бірі.

Микәйіл – Жүніс пайғамбардың қиссасында кездесетін діндар.

Мина – Асхаб ул-Кәһф оқиғасындағы залым Дақиянус патшадан қашып шығып, үңгірді барып паналаған жеті мұсылманның бірі.

Миндир – Сүлеймен пайғамбармен сөйлескен шымал.

Мирбат ибн Сахра – Сүлеймен пайғамбардың әскер қолбасыларының бірі.

Мисақ күні – әлмисақ. Мұны жаннан алынған уәде дейді. Алла Тағала рухтардан «Мен сендердің раббыларыңмын ба?» деп сұрағанында, олар: «Әрине, куәміз» деп жауап берген. Сол күнді әлмисақ күні деп атайды.

Мисрағ ибн Харам – қиссада Салих пайғамбар заманында өмір сүрген мүшірік ретінде берілген.

Михраб – мешіттегі имамның тұрып құтпа айтатын орны.

Мишан – қиссада тауыстың түскен жері ретінде аталады.

Муауия – Хұт пайғамбардың тұсында өмір сүрген пенде.

Муауия ибн Бәкір – Салих пайғамбар тұсындағы патша.

Мубашшара – Жақып пайғамбардың күні.

Мубашшира – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы Хадишаның қызметшісі.

Мубиғ Исрайыл – Жүсіп пайғамбардың арғы тегі.
 Мудун – Ибрахим пайғамбардың Футур деген әйелінен сүйген ұлы.
 Муғизиддин – Хазірет Омардың лақабы.
 Муғтазили – орта ғасырлардағы ағым.
 Мунис – Жүніс пайғамбардың қиссасында кездесетін діндар.
 Мусдиғ – Салих пайғамбар заманында өмір сүрген мүшірік.
 Муслим ибн Ақил – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі.
 Муфассир – тәпсірші. Қасиетті Құран аяттарының мағынасын ашып түсіндіретін ғалым.
 Мухаррам – мұсылманша ай календарының бірінші айы.
 Мұғ – зороастр дінінің рухани жетекшісі.
 Мұғауия – Шам әкімі.
 Мұғжиза – Пайғамбарларға берілген ерекше керемет.
 Мұғира ибн Шұғба – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
 Мұғтафиқат – қиссада Лұт пайғамбар заманында болған бір шаһардың аты ретінде беріледі.
 Мұқаддам – Мұхаммед пайғамбардың үлкен атасы Әбді Мүтәліптің он ұлының бірі.
 Мұқаддаса – қасиетті, киелі.
 Мұртаза – Хазірет Әлидің лақабы.
 Мұса – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі.
 Мұстафа – Мұхаммед пайғамбардың лақабы.
 Мұстах – Хазірет айшаның немере бауыры.
 Мұсхаф – Құран.
 Мұтафиқ – Әбу Бәкір Сыддықтың лақабы.
 Мұхаммед ибн Әбу Бәкір – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
 Мұхаммед ибн Муслима – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
 Мұхаммед пайғамбар – Алла Тағаланың адамзат баласына жіберген соңғы пайғамбары.
 Мұхаммед Ысқақ – Хазірет Мұхаммед пайғамбардың ең алғаш жазған ғұламалардың бірі.
 Мүңкір-Нәңкір – дүниеден өткен пендені қабірде сұрақ-жауап алатын екі періште.
 Ислами ақида бойынша қабір әлеміне келген пендені алғаш сұраққа алып, одан жаратушысы, діні, құбыласы секілді негізгі имани мәселелерді сұрайды.
 Мүрсәл – Алланың елшісі, яғни пайғамбар.
 Мысыр – яғни, бүгінгі Египет.
 Мысыр Әзізі – Зылиханың күйеуі.
 Мінәжат – Аллаға жалыну, жалбарыну.

Н

Нағим ибн Масғұд әс-Сақафи – Ислам дұшпандарының бірі.
 Нағт – Мұхаммед пайғамбарға айтылатын мадақ.
 Нажаши – Хабаши патшасы.
 Намрұт – Ибрахим пайғамбар заманында өмір сүрген патша. Өзін тәңірмін дауласқан.
 Намуси Әкбәр – Жебірейіл періштенің Зәбүрдегі аты.
 Насируддин Токбұғабек – Рабат оғызының қазысы Бұрхан ұлы Насируддиннің ұлы.
 Нашрдамұқ – жұлдыздың аты.
 Нәзир – йаһуди тайпаларының бірі.
 Нәзир ету – Шариғатта Алла Тағаланың атымен ант етіп, өзіне белгілі бір құлшылықты міндет етіп алуды айтады.
 Нәпіл – шариғатта бекітілмеген құлшылықтарды айтады.
 «Нәс» – қасиетті Құранның 114-ші сүресі.

Нәсір ибн Харша әл-Зияни – Хазірет Хусейнге қарсы шыққандардың бірі.
Нәһи мункәр – шарифатты халықтан жамандықтан қайтаруды айтады.
Нежд – Сауд Арабиясындағы аймақ.
Нинуа – Жүніс пайғамбар жіберілген қауым.
Нифас – әйелдердің босанғаннан кейін қырық күн ішінде келетін қан.
Нубяйыл – төртінші қабат көктегі періштелердің үлкені.
Нурбайыл – жетінші қабат көктегі періштелердің үлкені.
Нұх – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі.
Ніл – өзен. Бүгінгі Мысыр жерінде.

О

Омар ибн Абдулла әл-Мәдхәни – Хазірет Хусейн әскеріндегі баһадүр.
Омар ибн әл-Ас – Ислам дұшпандарының бірі.
Омар ибн әл-Ғас – Мұхаммед пайғамбардың атынан Хабашистан патшасы Нажашиға елші ретінде барған. Кейінірек Мысыр әкімі болған.
Омар ибн әл-Хаттаб – Исламды алғаш қабылдаған сахабалардан. Екінші Ислам халифы.
Омар ибн Әли – Хазірет Хусейннің туысы.
Омар ибн Бәкір әл-Ямани – Ислам дұшпандарының бірі.
Омар ибн Сағд ибн Әбу Уакқас – 680 жылы Кербалада Хазірет Хусейнге қарсы шыққан Абдулла Зиядтың әскери қолбасшысы.
Омар ибн Халид – Хазірет Хусейннің әскери қолбасшысы.
Оспан ибн Аффан Зиннурейн – Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы. Үшінші Ислам халифы.
Оспан ибн Әли – Хазірет Хусейннің жолдасы.

П

Палестина – Таяу Шығыста орналасқан араб мемлекеті.
Парсы теңізі – Парсы шығанағы.
Пырақ – Мұхаммед пайғамбардың Миғражқа ұшып барған көлігі.

Р

Рабат – Насируддин Тоқбұғабектің туылған жері.
Раббиғұл әууәл – мұсылман жыл санауының үшінші айы.
Рағбайыл – алтыншы қабат көктегі періштелердің үлкені.
Рағда – Лұт пайғамбардың түйесінің аты.
Райян – Жүсіп пайғамбар заманындағы патша.
Рақабил – екінші қабат көктегі періштелердің үлкені.
Рамазан – мұсылман жыл санауының тоғызыншы айы.
Рамка – алғашқы қабат жердің аты.
Расулулла – Алланың елшісі.
Ратқа – бесінші қабат көктің аты.
Ратл – салмақ өлшемі, шамамен 82 мысқалға тең.
Рауза – Мұхаммед пайғамбардың жатқан жері.
Рауза – Мұса пайғамбардың Тур тауына барып, Алланы көрмекші болған уақытта, таудың шыдай алмай үгітіліп ұшқан бір бөлшегі.
Рафиғ – Сүлеймен пайғамбардың жұбайы Билқистың уәзірі.
Рафиқ – алғашқы қабат көктің аты.
Рахил – Жақып пайғамбардың жұбайы. Жүсіп пайғамбардың анасы.
Рахила – Лұт пайғамбардың екінші әйелі.

Рахим – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. О дүниеде тек мұсылмандарға ғана мейірімді деген мағынада.

Рахман – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Бұл дүниеде барша адамзат баласына мейірімді деген мағынада.

Режеп – мұсылман жыл санауының жетінші айы.

Риуаят (ету) – деректі не хабарды жеткізу.

Ризуан – жұмақты күзететін періште.

Рубиға – Сүлеймен пайғамбар қиссасында кездесетін диюдың бірі.

Рубил – Жакып пайғамбардың он екі ұлының бірі.

Рукға – екінші қабат көктің аты.

Рукға – Ысқақ пайғамбардың жұбайы.

Рум – Рим.

Рүкия – Мұхаммед пайғамбардың қызы.

С

Саба – Сүлеймен пайғамбардың жұбайы Билқистың жұрты.

Сабир – Мұса пайғамбардың Тур тауына барып, Алланы көрмекші болған уақтта, таудың шыдай алмай үгітіліп ұшқан бір бөлшегі.

Сабит ибн Жазғин – Мұса пайғамбардың Ади қауымына жіберген тыңшысының бірі.

Сабур – Ферғауын сарайындағы сиқыршы.

Сағд ибн Мағаз – Ислам дұшпандарының бірі.

Сағд ибн Мағад – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Сағид ибн Абдулла әл-Хәфифи – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі

Садум – Лұт пайғамбар заманында Йордания жерінде орналасқан бес үлкен шаһардың бірі.

Садум ибн Мушдам – Лұт заманында өмір сүрген патша.

Садық ұлы Зуларш әл-Хамирий – Ибрахим пайғамбар заманында өмір сүрген патша.

Сайиба – Ислам дұшпандарының бірі.

Сайида бинти Массас әл-Хурхуми – Исмайыл пайғамбардың екінші жары.

Сақит – Шолпан планетасы.

Салих – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі.

Салих – Жүніс пайғамбардың қиссасында кездесетін діндар.

Салих ибн Уаһаб әл-Мари – Хазірет Хусейнге қарсы шыққандардың бірі.

Салкан ибн әл-Батыр – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Салман Фарси – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Салул ибн Мәлік – Мұса пайғамбардың Ади қауымына жіберген тыңшысының бірі.

Сам – Нұх пайғамбардың негізгі үш ұлының бірі.

Самат – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Алла ешкімге мұқтаж емес, қайта барша мақұлық Оған мұқтаж деген мағынада.

Самдун – Сүлеймен пайғамбар заманындағы дию.

Самири – Мұса пайғамбардың нағашы әпкесі.

Самири – Мұса пайғамбардың нағашысының ұлы.

Самут – Салих пайғамбардың қауымы.

Сануа – Жүсіп пайғамбармен бірге зынданға түскен аспаз.

Сара – Ибрахим пайғамбардың жұбайы. Атақты Ысқақ пайғамбардың анасы.

Сарандиб – Үндістандағы таудың аты.

Саржан – Асхаб ул-фил оқиғасындағы пұттың аты.

Сарриниус – Асхаб ул-Кәһф оқиғасындағы залым Дақиянус патшадан қашып шығып, үңгірді барып паналаған жеті мұсылманның бірі.

Сауда бинт Заммға – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы.
Сахр – Сүлеймен пайғамбар қиссасында кездесетін перінің аты.
Сахра – Лұт пайғамбар заманында болған көне аймақ.
Сафа – Араб түбегіндегі төбенің аты. Бүгінгі Сауд Арабия елінде. Қажылыққа барған осы Сафа мен Маруа тауларының арасына жүгіріп, негізгі құлшылықтарының бірін өтейді.
Сафан бинт Сафун – Жүніс пайғамбардың жұбайы.
Сафия – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы.
Сафуан ибн Муғтал – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Сәкәндір – Сатурн планетасы.
Сәна – Тек Алланың аты мен затына айтылатын мадақ.
Сәрсәбил – Жүніс пайғамбардың қиссасында кездесетін жерге жауапты періште.
Сәрсәр – Жүніс пайғамбар қиссасында кездесетін жел.
Сә'фәс - әбжәд ілімінің үшінші әріптер тармағы.
Сәфия бинт Хуайи ибн Ахтаб – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы.
Сидрат әл-Мұнтаһа - жеті қат көкте өсетін ағаш.
Сижжин – алтыншы қабат жердің аты.
Симак ибн Хузайфа – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Синан ибн Анас ән-Нахафи – Хазірет Хусейнге қарсы шыққандардың бірі.
Сифтбайыл – бесінші қабат көктегі періштелердің үлкені.
Сеуам – Лұт пайғамбар заманында Йордания жерінде орналасқан бес үлкен шаһардың бірі.
Судук – Салих пайғамбар заманында өмір сүрген мүшірік.
Суғар – Лұт пайғамбар заманында Йордания жерінде орналасқан бес үлкен шаһардың бірі.
Сундурна – Сүлеймен пайғамбар қиссасында кездесетін шаһар.
Сурақа – Мұхаммед пайғамбарды өлтіруге бел байлаған палуан.
Сурах – Қағбаның көне аттарының бірі.
Суфиян ибн Хар – Ислам дұшпандарының бірі.
Сұхайыл ибн Омар – Ислам дұшпандарының бірі.
Сүлеймен – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі.
Сүнбіле – Жақып пайғамбардың жұбайы.
Сүр үрлеу – қиямет қайым болғанда Исрафил періштенің тартатын сырнайы.

Т

Таблит – тамұқтағы бөрі бейнелі мақұлық.
Тайиб – Мұхаммед пайғамбардың үшінші ұлы.
Тайыф – Араб түбегіндегі Меккеге жақын кент.
Талут – Дәуіт пайғамбар заманындағы патшаның аты.
Талхам – Зылиханың күңі.
Тамбур – ұзын мойынды ішекті аспап.
Тамлиха – Асхаб ул-Кәһф оқиғасындағы залым Дақиянус патшадан қашып шығып, үңгірді барып паналаған жеті мұсылманның бірі.
Тарикат – сопылық ілімнің шарифаттан кейінгі екінші басқышы.
Тарих – Ибрахим пайғамбардың әкесі Азардың шын аты.
Тауаф – құлшылықтың бір түрі. Меккеде Қағбаны айналып тауаф етеді.
Таштури – христиан дінінің бір ағымы.
Таяммум – шарифатта су жоқ кезде таза топырақтан дәрет алу.
Тәбүк – Мединеден Шамға бара жатқан жердегі шаһар. Осы жерде үлкен шайқас болған.
Тәжәлли – – сопылық дүниетанымдағы Алла Тағаланың зати һәм суббути сипаттарының осы әлемдегі көрінісі.

Тәпсір – түсіндіру. Негізінен Құранға тәпсір жасалады.
Тәспі – тәспі тартып, Алланы еске алу.
Тә'уил – сөздің астарлы мағынасын түсіндіру.
Тәурат – көктен түскен төрт қасиетті кітаптың бірі. Мұса пайғамбарға берілген.
Тәһлил – зікірде, негізінен, «Лә иләһә илалла» сөзін айту.
Темір Махзум – Мұхаммед пайғамбардың әкесі Абдулланың нағашысы.
Туар – Мұса пайғамбардың Тур тауына барып, Алланы көрмекші болған уақытта, таудың шыдай алмай үгітіліп ұшқан бір бөлшегі.
Туба – жұмақтағы ағаш.
Тур Сина – Синаи тауы.
Тутарус – Сүлеймен пайғамбар заманындағы жын.

У

Уалид ибн Муғира – Ислам дұшпандарының бірі.
Уаллаһи – Алланың атымен ант ішу.
Уарақа ибн Науфал – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы Хадишаның немере ағасы.
Уардан – Ислам дұшпандарының бірі.
Уарқа – Мұса пайғамбардың Тур тауына барып, Алланы көрмекші болған уақытта, таудың шыдай алмай үгітіліп ұшқан бір бөлшегі.
Уахи – Алла Тағаланың пайғамбарларға жіберетін аяны.
Уахила – Лұт пайғамбардың жұбайы.
Уахият әл-Қалби – Жебірейіл періштенің Мұхаммед пайғамбарға уахи алып келгендегі бейнесі.
Уахши – Хазірет Хамзаны өлтірген мүшірік. Кейіннен Хақ дінді қабылдап, иманға келген.
Уаһаб ибн әл-Яманий – Ислам әлеміне белгілі ғұламалардың бірі.
Уашиқ – Ибрахим пайғамбардың Футур деген әйелінен сүйген ұлы.
Убай ибн Кағб – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Убай ибн Халаф ибн әл-Жәмжи – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Убайда әл-Жаррах – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Узая – жерге адам бейнесінде жіберілген үш періштенің бірі.
Узза – жерге адам бейнесінде жіберілген үш періштенің бірі.
Уқия – өлшем бірлігі.
Уммахани – Мұхаммед пайғамбардың әпкесі.
Уммахани бинт Әбу Тәліп – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Умми Кулсум – Мұхаммед пайғамбардың қызы.
Умми Мұстах – Хазірет Айшаның немере бауырының анасы.
Умми Салама бинт Әби Умайя – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы.
Умми Хәбибә бинт Әби Суфиян – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы.
Унгәй – Юпитер планетасы.
Урия – Дәуіт пайғамбардың жұбайы Битшаниғты Дәутіке дейін айттырған адам.
Усама ибн Зәйд – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Уфуқ – горизонт.
Ухуд – Мұса пайғамбардың Тур тауына барып, Алланы көрмекші болған уақытта, таудың шыдай алмай үгітіліп, ұшып шыққан бір бөлшегі.
Ушуан – Жүсіп пайғамбар қиссасында кездесетін жер аты.

Ұ

Ұхұд – хижреттің төртінші жылы дін үшін болған шайқас.
Ұшыр – егінді жерге шыққан өнімнің оннан бірі ретінде алынатын салық.

Ү

Үкаша – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Үммет – мұсылман жамағаты.
Үндістан – Үндістан.

Ф

Фазыл ибн Аббас – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Факих – шариғат іліміне жетік ғалым.
Фалтама ибн Дәфрин – Мұса пайғамбардың Ади қауымына жіберген тыңшысының бірі.
Фатима – Мұхаммед пайғамбардың әкесі Абдуллаға Шамнан ынтық болып келген әйел.
Фатима – Мұхаммед пайғамбардың қызы. Хазірет Әлидің жұбайы.
Фатима – Абдулла Зубәйрдің жұбайы.
«Фәләк» – қасиетті Құранның 113-ші сүресі.
Фәни – өткінші, алдамшы. Яғни, осы дүние.
Ферғауын – Мұса пайғамбар тұсында өмір сүрген мүшірік патша.
Физза – Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатиманың қызметшісі.
Фирқайыл – Сүлеймен пайғамбар қиссасында кездесетін теңіз періштесі.
Фитна – іріткі, алауыздық.

Х

Хабаша – эфиопиялық.
Хабашистан – Эфиопия.
Хабиба – Жақып пайғамбардың жұбайы.
Хадиқа әл-Ямани – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Хадиша – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы.
Хажар – Ибрахим пайғамбардың екінші әйелі. Атақты Ысмайыл пайғамбардың анасы.
Хажр – араб тайпаларының бірі.
Хазар – Ибрахим пайғамбардың немере ағасы.
Хаззан – Ибрахим пайғамбар заманындағы патша.
Хазраж – Араб тайпаларының бірі.
Хайи ибн Ахтаб – Ислам дұшпандарының бірі.
Хайи ибн Ахтаб – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы Сафияның әкесі.
Хайбар – Медине мен Сирия арасындағы жердің аты.
Хайдар – Хазірет Әлидің лақабы. Арыстан деген мағынада.
Хайыз – әйелдерге ай сайын келетін етеккірі.
Хақиқ – Сүлеймен пайғамбар қиссасында кездесетін диюдың бірі.
Хақиқат – сопылық дүниетанымдағы ең соңғы мақам.
Халид ибн Уалид – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.
Халима – Мұхаммед пайғамбардың сүт анасы.
Хам – Нұх пайғамбардың негізгі үш ұлының бірі.
Хамал – күн календары бойынша алғашқы айдың аты (наурыз).
Хаман – Мұса пайғамбар заманындағы Ферғауынның уәзірі.
Хамза – Мұхаммед пайғамбардың үлкен атасы Әбді Мүтәліптің он ұлының бірі.

Хамия – Мұхаммед пайғамбардың жары Айшаның сіңлісі.
 Хаммам – Жүніс пайғамбар заманындағы діндар.
 Хаммид – Жүніс пайғамбар заманындағы діндар.
 Ханда ибн Омар – Салих пайғамбар тұсындағы патша.
 Ханифа ибн Суманда әл-Хухумий – Исмайыл пайғамбардың заманында өмір сүрген.
 Бүгінгі Қағба жеріне алғаш көшіп келген тайпаның патшасы.
 Ханна – Иса пайғамбардың анасы Мәриямның шешесі.
 Ханна – Исламды алғаш қабылдаған әйелдердің бірі.
 Харам – Қағба.
 Харр ибн әл-Даж – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі.
 Хари якуби – христиан дінінің бір ағымы.
 Харис – Мұхаммед пайғамбардың сүт анасы Халиманың жолдасы.
 Харис – Таблит пен Жаблиттен пайда болған ұл. Өзәзілдің алғашқы аты.
 Харис – Мұхаммед пайғамбардың үлкен атасы Әбді Мүтәліптің он ұлының бірі.
 Харис ибн Талатил – Ислам дұшпандарының бірі.
 Харлабил ибн Хамал – Мұса пайғамбардың Ади қауымына жіберген тыңшысының бірі.
 Харна – төртінші қабат жердің аты.
 Харр ибн Язид әр-Раяхи – Язидтің әскер қолбасшысы.
 Хартут – Йәжүж-Мәжүж қауымының келесі бір аты.
 Харун әр-Рашид – Бағдат халифы.
 Харут – жер бетіне сынақ үшін жіберілген періште.
 Хас – білімді, көзі ашық.
 Хасан Басри – Ислам әлеміне белгілі ғалым.
 Хасан ибн Әли – Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан туылған жиені. Хазірет
 Әлидің үлкен ұлы.
 Хасур – Ғұзайыр қиссасында аты аталатын жер.
 Хатхат – Мұса пайғамбар заманындағы сиқыршы.
 Хауа – Хауа ана.
 Хауари – Иса пайғамбардың қасына ерген жарандары.
 Хаула ибн Әзид әл-Азха – Хазірет Хусейнді өлтіргендердің бірі.
 Хафса бинт Омар ибн әл-Хаттаб – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы.
 Хашим – Мұхаммед пайғамбардың руы.
 «Хашыр» сүресі – қасиетті Құранның 59-шы сүресі.
 Хәбиб – сүйікті. Яғни, Мұхаммед пайғамбар.
 Хәжжәт ул-уидағ – Мұхаммед пайғамбардың соңғы қажылықта айтқан қоштасу сөздері.
 Хәйи – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Мәңгі тірі деген мағынада.
 Хәлил – дос деген мағынада. Ибрахим пайғамбардың лақабы.
 Хәмді – мақтау, мадақтау.
 Хижаз – Араб түбегіндегі Мекке мен Мединенің орналасқан жалпы атауы.
 Хизар – Мұхаммед пайғамбардың үлкен атасы Әбді Мүтәліптің он ұлының бірі.
 Хикмет – даналық сөз.
 Хинду – Әбу Суфиянның жұбайы.
 Хира – Араб түбегіндегі Хира үңгірі. Осы жерде Мұхаммед пайғамбарға алғаш рет уахи
 келген.
 Хира – Мұса пайғамбардың Тур тауына барып, Алланы көрмекші болған уақытта, таудың
 шыдай алмай үгітіліп ұшқан бір бөлшегі.
 Хирзан – Лұт пайғамбар заманында болған көне аймақ атауы.
 Хисар – Араб түбегіндегі жердің аты.
 Хишур – Мұса пайғамбар қиссасындағы Қызырдың белгілі бір себеппен өлтірген ұлы.

Хор – жәннатта қызмет етуші хор қыздары.

Хуайлид – Мұхаммед пайғамбардың жұбайы Хадишаның әкесі.

Хубаб ибн әл-Арас – Хазірет Омардың күйеу баласы.

Хунаса – қос жынысты.

Хурри ибн Ашуш – Мұса пайғамбардың Ади қауымына жіберген тыңшысының бірі.

Хусейн ибн Әли – – Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан туылған жиені. Хазірет Әлидің ұлы.

Хутти – әбжәд ілімдегі сөздер топтамасының үшінші бөлігі.

Хұдайбия – һижреттің алтыншы жылы мүшіріктермен жасалған келісім.

Хұзайфа ибн әл-Ямани – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан бірі.

Хұт – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі.

Хұтхұт – Сүлеймен пайғамбардың қиссасында баяндалатын құс.

Һ

Һәууәз – әбжәд ілімдегі сөздер топтамасының екінші бөлігі.

Һижрет – мұсылмандардың Меккеден Мединеге қоныс аударуы.

Һилал ибн Нафиғ – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі

Ч

Чанг – пернесі бар музыкалық аспап.

Чуз – түрлі-түсті қытай матасы.

Ш

Шабиб – Ислам дұшпандарының бірі.

Шабирабад – Ғұзайырдың лақап аты.

Шаддат – жер бетіне жұмақ салмақшы болған патша.

Шажара – ағаш.

Шайқы Зуннун Мысри – Ислам әлеміне белгілі ғұламалардың бірі.

Шайқы Уакур – Әбу Бәкір Сыддықтың лақабы.

Шайқы Шибли – Ислам әлеміне белгілі сопы.

Шайқы Шақиқ – Ислам әлеміне белгілі діндарлардың бірі.

Шам – яғни, бүгінгі Сирия.

Шамғун – Жақып пайғамбардың он екі ұлының бірі.

Шамғун – Мұса пайғамбар заманындағы атақты төрт сиқыршының бірі.

Шамил ибн Заказ – Мұса пайғамбардың Ади қауымына жіберген тыңшысы.

Шамит – Мұса пайғамбар заманындағы жеңіл жүрісті әйел.

Шамха бинт Анурш – Нұх пайғамбардың анасының аты-жөні.

Шархая – пайғамбар не әулие екендігінде талас бар Ғұзайырдың әкесі.

Шауша – Жақып пайғамбардың жұбайы.

Шахтут – Мұса пайғамбар қиссасында кездесетін ағаш.

Шаһадат саусағы – сұқ саусақ.

Шаһадат кәлимасы – Алланың барлығы мен бірлігін, Мұхаммедтің оның елшісі екендігін растайтын күәлік сөз.

Шаһбазад – Парсы патшасы Кисраның әскер басшысы.

Шеруя – Парсы патшасы Кисраның ұлы.

Шибә – Ислам жауларының бірі.

Шимр ибн Жауш – Хазірет Хусейнге қарсы шыққандардың бірі.
Шис – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі. Адам атаның ұлы.
Шух –Ибрахим пайғамбардың Футур деген әйелінен сүйген ұлы.
Шырын – Мысыр патшасы Мақауқишқаның Мұхаммед пайғамбарға жіберген құлы.

Ы

Ыдырыс – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі.
«Ықылас» – қасиетті Құранның 112-ші сүресі.
Ысқақ – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі. Ибрахим пайғамбардың ұлы.

І

Ібіліс – барша шайтандардың үлкені.
Ілияс – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі.
Інген – Алла Тағаланың Салих пайғамбарға берген мұғжизасы.
Інжіл – көктен түскен төрт кітаптың бірі. Иса пайғамбарға берілген.

Я

Ябд – Лұт пайғамбар қауымының сиынатын негізгі төрт пұтының бірі.
Яғсар – Жақып пайғамбардың он екі ұлының бірі.
Язид – Мұғауияның ұлы. Умаядтық халиф.
Язид әл-Хифр – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі
Язид ибн әл-Хаср – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі.
Якшум – Асхаб ул-фил оқиғасындағы суреттелетін Асмаха патшаның лақабы.
Ястағад – Асхаб ул-Кәһф оқиғасындағы залым Дақиянустан кейін таққа отырған иманды патша.
Ястахир – Жақып пайғамбардың он екі ұлының бірі.
Яушан –Ибрахим пайғамбардың Футур деген әйелінен сүйген ұлы.
Яфес – Нұх пайғамбардың үш ұлының бірі.
Яффур – Мысыр патшасы Мақауқишқаның Мұхаммед пайғамбарға жіберген сыйы.
Яхия – Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі.
Яхия ибн Мааз әл-Рази – қиссада аты аталатын рауилардың бірі.
Яхия ибн Сәлим әл-Мазини – Хазірет Хусейннің жақтастарының бірі.
Яхнун – Ілияс пайғамбар заманындағы Армаланың уәзірі.
Яхуда – Жақып пайғамбардың он екі ұлының бірі.
Яшкир – Нұх пайғамбардың алғашқы аты.

Ю

Юфтуранның қызы Футур – Ибрахим пайғамбардың жұбайы.
Юханна – Мұса пайғамбар заманындағы сиқыршылардың ұстазы.
Юшағ – Мұса пайғамбардың шәкірті.
Юшағ ибн Нұн – Мұса пайғамбардың Ади қауымына жіберген тыңшысының бірі.
Юшан – Ілияс пайғамбардың аты.

МАЗМҰНЫ

Редакциялық бас алқадан.....
 Бисмилләһир Рахмәһир Рахим
 Аспандардың сипаты
 Жерлердің сипаты.....
 Адам Сафи (ғ.с.) қиссасы.....
 Қабыл мен Әбіл қиссасы.....
 Шис (ғ.с.) қиссасы.....
 Мынау Ыдырыс (ғ.с.) қиссасы.....
 Нұх пайғамбар (ғ.с.) қиссасы.....
 Ауж ибн Ұнұқ қиссасы.....
 Хұт (ғ.с.) қиссасы.....
 Салих пайғамбар (ғ.с.) қиссасы.....
 Ибраһим (ғ.с.) мен Намрұт (оған лағынет болсын) қиссасы.....
 Намрұттың көкке шыққаны.....
 Ибраһим (ғ.с.) мен Зуларш патшаның қиссасы
 Исмайыл (ғ.с.) қиссасы.....
 Исмайыл (ғ.с.) ды құрбандыққа шалған қиссасы.....
 Қағбаның тұрғызылу қиссасы.....
 Ысқақ (ғ.с.) ның дүниеге келу қиссасы.....
 Ибраһимның қолында тірілген құстар туралы.....
 Ибраһим мен Сара (оларға алланың мейірімі болсын) ның дүниеден өту қиссасы.....
 Лұт пайғамбар (ғ.с.) ның қиссасы.....
 Жақып (ғ.с.) ның қиссасы.....
 Шыншыл жүсіп (ғ.с.) ның қиссасы.....
 Адамның нәпісі жасаған істі жетпіс шайтан жасамайды
 Жүсіп пайғамбар (ғ.с.) ның зылихаға қауышқаны туралы.....
 Мұса пайғамбар (ғ.с.) ның қиссасы.....
 Сикыршылардың жалғандығы туралы.....
 Айсаның қиссасы.....
 Шегерткі қиссасы.....
 Мұса (ғ.с.) ның шамға барған қиссасы.....
 Адилықтардың сипаты.....
 Айдалада қалған қиссасы.....
 Тәураттың қиссасы.....
 Мұса пайғамбарды азаптаған қиссасы.....
 Мұса пайғамбардың дидар тілеген қиссасы.....
 Қарын (оған лағынет болсын) қиссасы.....
 Самири қиссасы.....
 Бәни Исраилдіктер тәубесінің сипаты.....
 Сиыр бауыздаушалыр қиссасы.....
 Мұса мен Қызырдың жоғары мәртебелі дәрежесінің баяны.....
 Дәуіт (ғ.с.) ның қиссасы.....
 Табыттың сипаты.....
 Жалут (оған лағынет болсын) қиссасы.....
 Дәуіттің ұлы сүлеймен (ғ.с.) нің қиссасы.....
 Сүлейменнің шымалмен сөйлескені.....
 Әкуз патшамен сөйлескені.....
 Сүлеймен күрсісінің сипаты.....

Хұтхұт туралы.....
Бәйт ул-Мұқадастың сипаты.....
Жүніс пайғамбар (ғ.с.) ның қиссасы.....
Ілияс пайғамбар (ғ.с.) қиссасы.....
Қызыр мен ілияс (ғ.с.) туралы.....
Жиржис пайғамбар (ғ.с.) қиссасы.....
Лұқпан (оған алланың мейірімі болсын) қиссасы.....
Ғұзайыр пайғамбар (ғ.с.) қиссасы.....
Зәкәрия, Яхия, Мәриям және Иса (ғ.с.) қиссасы.....
Иса пайғамбардың туылған туралы.....
Зұлқарнайын қиссасы.....
Асхаб ул-Кәһф қиссасы мынау.....
Асхаб ул-Фил қиссасы.....
Мұхаммед Расулулла (с.ғ.с.) ның туылу қиссасы.....
Расул (ғ.с.) ның енесіне бергені туралы.....
Расул (ғ.с.) ның Хадишаны сұрағаны туралы.....
Мұхаммед әл-Мұстафа (с.ғ.с.) ға пайғамбарлық келгені туралы.....
Омар (алла одан разы болсын) ның исламға кіргені туралы.....
Пайғамбар (с.ғ.с.) туралы.....
Омар ибн әл-Хаттаб (алла одан разы болсын) тың ерекшелігі.....
Оспан ибн Аффан (алла одан разы болсын) ның ерекшелігі.....
Қырық сахабаның (алла олардың бәрінен разы болсын) сипаты
Әбу Бәкір Сыддық (алла одан разы болсын) тың ерекшелігі
Әли ибн Әбу Тәліп (алла одан разы болсын) тің ерекшелігі.....
Мұхаммед Расулуланың араб кәпірлерін иманға шақырғаны туралы.
Расул ишарасымен айдың (екіге) бөлінгені туралы.....
Пайғамбар (с.ғ.с.) ның миғраж оқиғасы.....
Расул (ғ.с.) ның меккеден мединеге һижрет еткені туралы.....
Бәдір соғысының қиссасы.....
Ұхұд соғысының қиссасы.....
Хамзаның (алла одан разы болсын) шейіт болған қиссасы.....
Кіші Бәдір қиссасы.....
Хұдайбия келісімі және Меккенің ашылу қиссасы
Қаза ғұмрасы.....
Хайбардың ашылу қиссасы.....
Бәни Қасир ижлә қиссасы.....
Бәни Құрайзаны өлтіргені туралы.....
Румның парсыларды жеңуі.....
Хауазин қиссасы.....
Тәбүк соғысының қиссасы.....
Айша (алла одан разы болсын) ның ифк оқиғасы.....
Расул (ғ.с.) ның дүниеден өткені туралы.....
Әбу Бәкір Сыддық (алла одан разы болсын) тың дүниеден өткені.....
Омар (алла одан разы болсын) дың шаһид болғаны туралы.....
Оспан (алла одан разы болсын) ның шаһид болуы.....
Мұсылмандар әмірі Әли (алла одан разы болсын) дің шаһид болғаны туралы.....
Хасан (алла одан разы болсын) ның шаһид болғаны туралы.....
Хусейн (алла одан разы болсын) нің шаһид болғаны туралы.....

Ескерту және насихат.....
Рабғұзи қиссасының соңы.....
Түсініктер.....
Резюме.....
Summary.....